АЙҚЫН НҰРҚАТОВ

шығармалары

5



АЙҚЫН НҰРҚАТОВ

АЛМАТЫ
"АНА ТІЛІ"
БАСПАСЫ
2013

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)
Н 86

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды.

Құрастырған және алғы сөзін жазған
филология ғылымдарының докторы,
профессор Серік Негимов

Нұрқатов А.
Н 86 **Шығармалары:** Айқын Нұрқатов. – Алматы: "Ана тілі" баспасы ЖШС, 2013.
Т. 5 – 384 бет.

ISBN 978-601-251-098-0

Сыншы Айқын Нұрқатов аударма өнерімен де айналысқан. Автордың 5-ші томына ол тәржімалаған Ш.Айтматовтың «Сыпайышы», Венгер жазушылары Шандор Гергель, Иштван Корцаг, Петер Вереш, Лайот Мештархази, Имре Варга, Иштван Надь, Дьердь Дери, Ференц Каринти, Пал Сабо әңгімелері және Н.Венгров пен М.Эфростың «Дмитрий Фурманов» атты романы енгізілді. Шығармалар көркем тілмен аударылған. Аудармалар жеңіл әрі қызғылықты оқылады.

Кітап көпшілік оқырманға арналады.

47669

ISBN 978-601-251-098-0
ISBN 978-601-251-084-3

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)

© Нұрқатов А., 2013
© "Ана тілі" баспасы ЖШС, 2013

АУДАРМАЛАР

Шыңғыс Айтматов

СЫПАЙШЫ
(әңгіме)

Талас алқабын жайлаған қырғыздар арасында бір аңыз бар. Шілденің сарша тамыз ыстық кезі. Бір жігіт Талас өзенін кешіп өтпек болады. Өзеннің арғы бетінде сарғая күтіп қалыңдығы отыр. Жігіт соны түн жамылып алып қашпақ. Кешқұрым жігіт өзен жағасына кеп, айран-асыр қалады. Кемерінен аса шалқып өзен жатыр! Өткелдің із-түзі де жоқ. Сұлу қалыңдықтан айырылып қалам-ау деп қапаланған жігіт жағаны бойлап, жан ұшыра әрлі-берлі жүгіреді. Ақыры атым алып шығар деген тәуекелмен өзенге қойып кетеді. Сол сәт ат сүрініп кетіп, қалпақтай ұшады да, асау ағын іліп ала жөнеледі. Ат суға кетеді, ал жігіт тал қармап жүріп, әрең дегенде құтылады. Сүйретіліп судан шығады. Зәре-құты қалмаған. Тісі тісіне тимей сақ-сақ етеді. Сұлу қалыңдық жайына қалады. Бетін күнбатысқа беріп тізерлеп отыра кетеді де, алақанын жайып жіберіп жалбарына бастайды.

–Уа, жасаған! Рахым ойладың. Бір ақ сары бас құрбандық айтам тағы да! Шүкір, тірі қалдым, әйтеуір!

Біраз күн өткесін байғұс неме өзенге тағы келіп, аң-таң болады. Суы тартылып, өзен қайраңдап қалған. Сол маңнан жағаға шығып қалған атының өлімтігін тауып алады. Ер-тоқымын босатып, иығына салып ап, кейін қайтпақ болады. Сөйтсе, анада өзі суға кетіп қала жаздаған жерде есек мінген өлмелі бір шал келеді. Ойында тұқ жоқ.

– Әй, ку шұнақ! – деп ашуға булыға айғайлап жібереді жігіт. – Тап сенен, мынау есегіңнен жаман болғаным ба менің? – Соны айтады да ағыл-тегіл еңіреп, жер құшып құлай кетеді. Уәделі түнде бара алмағасын мұның қалыңдығын басқа бір жігіт алып қашқан екен.

Бекназар сыпайшы осы бір хикаяны аузынан тастамайды.

– Біздің бұл өзенмен ойнама, шырақ! – деп мұртын ширатып қойып, ақыл айта бастайды. – Бүгін суы тізеден кеп, жылап ағып жатса да ертең астан-кестен боп долданып, көпірге дейін тас-талқан ғып алып кетеді. Жанды су ғой, сырын білмей бола ма...

Алқап үсті жап-жарық. Ал шатқалдың бойы әлі қара көлеңке, біртүрлі ызғарлы. Үстін мұқ басқан жықпыл-жықпыл тастар бусанып жатыр. Өзен үстінен көтерілген көкшіл тұман қуыс-қуыска тығылып, құз-жартастарды бойлап, жоғары өрлейді. Одан әрі көз жетер емес. Аспанда маңып жүрген бұлтқа ұласып жатқандай.

Шатқал іші толассыз астан-кестен бір айқас. Қия тастардың арасынан қысылып шыққан Талас жазыла аққысы кеп бұлқынады, алай-түлей күшпен жартастардың жиегіне соғылып, жоғары шапшиды. Ештеңе өндіре алмайды бірақ! Зіл боп қатқан жартастар міз бақпай, мелшиеді де тұрады. Ашу қысып, амалы құрыған өзен көпіршік атып, шалқалап кеп құлайды да, оқ жыландай кейін шапшиды. Оның ышқына гүрілдей шыққан сарыны біресе үрейіңді алып қорқытқандай, ал енді бір сәт жалынып, жалбарынғандай болады. Міне, күшін жиып ап өзен шатқалдың құж-құж тасына тағы да соғылады. Сөйткенше болмай, ыңырана күрсініп тағы да кейін шегінеді. Толастау дегенді білмейді. Шатқалдың құшағынан шығып алғасын Талас момақан тартып жуасығандай болады. Бірақ бұл оның ашуы басылғаны емес. Оң жақ жағалауда ағысты қырындай салынған, ұзыннан-ұзақ созылған сыпай. Со жақтағы үш бірдей колхоз осы тұстан су алады. Өзен тоғаннан асып төгіліп, алас ұрады. Судың біраз бөлігі бас арықты бойлап барып, ен далаға тарайды.

Күн сайын таң қылаң бере Бекназар осы жерге салып ұрып жетіп келеді. Шатқал жақтан өзеннің тұншыға шыққан гүрілі естіледі, дымқыл жел еседі. Су шайып, жел қаққан Бекназардың жүзі теңізшінің өңіндей боп тотығып, қалыңдап кеткен. Қызарған кішкене көздері түксиген қабақтың астынан қадала қарайды.

Атын тұсай сап, Бекназар өзінің үйреншікті жеріне қарай беттейді. Ол бір суға құлай төнген үлкен жайпақ тас. Бекназар аяғын сәл орай басып, асықпай-саспай аяңдайды. Үстінде жеңіл шапан. Насыбай шақшасын салып қоятын төс

қалтасы бар. Көйлегінің қаусыра түймеленген жағасы жуан мойнын қыса түскен. Мәсісінің қонышынан қамшысының тобылғы сабы шығып тұр. Жүрелеп отырған күйінде Бекназар шатқалдың апандай аузынан гүрілдей шыққан сарынға құлақ тігіп, тулап аққан толқынға көзін сүзе, ұзақ уақыт бойы қадала қарайды. Оның жіті көзі ештеңені қалт жібермейді. Өзен сырын хаттай таниды ол. Су бетінде ағып бара жатқан нәрсенің ешқайсысы да оның көзінен таса болған емес.

Тастың астында шөп-шөп етіп шолпылдаған су майда құм-қиыршықтарды шайып әкетеді де, әлгіндей болмай қайта ысырып шығарады.

Бекназар түп-тегінен сыпайшы. Ол сыпайшылықты қаршадай кезінде атасынан үйренген. Содан бергі бар өмірі осымен өтіп келеді. Әкесі Бөлек осы Таласта су тасыған кезде алысып жүріп опат болды. Өзі де талай рет ажалдан қалды. Талас суына сүңгіп жүріп таска соғылып, маңдайында үнірейген тыртық қалды. Әйелі де осыны қойсаншы деп айта-айта әбден шаршады. Біздің тұқым тек сыпайшы болуы керек дегенге Бекназар ойы айнымастай болып дауалаған. Оның ойынша нағыз дикан, еркектің еркегі – сол сыпайшы. Бекназар ата-бабаларының аруағын сыйлаудай-ақ сыйлайды. Олардың өсиетін тәрк еткен жері жоқ. Ол – ол ма, тіпті, қазір ол алтыға келіп қалған ұлы Әлімбек туғаннан бергі есіл-дерті оны да сыпайшы ғып шығару. Әйелінің бақырып-шақырғанын құлағына да ілмейді. Ең абзал арманы – осы. Мұнсыз өмірім зая деп біледі ол. Өзің өлгенде артыңда мынау деген сыпайшы қалса – өмірің боска өтпегені, жұрт сүйсінер бірдеңе істегенің ғой. Баласының болашақта сыпайшы боларын сезіп Бекназар іштей мәз болып жүруші еді. Тіпті мектептен қолы босап кетсе-ақ, қаршадай Әлімбекті ертіп ап Бекназар өзен қайдасың деп тартып отырады, «судың сырын» білуге үйретеді.

Бекназардың баласын жақсы көргені өзгеше. Қатал. Айтқанын екі етпеуді қалайды. Әйтпесе, құр сенделіп, бала бұзылып кетеді деп ойлайды.

Әлімбек еті тірі бала боп өсті. Әкесі сияқты тығыншықтай, мықты. Ал шаралы сұлу көздері шешесіне тарткан. Байыпты, ұңғыық жүзі оны ересек адам тәрізді етіп көрсетеді. Тек дүрдиген ернінің үстіндегі жаңадан тебіндеген мұртына

қарап қана әлі жас екендігін анғаруға боларлықтай. Әлімбектің бұрын-соңды әкесіне қарсы шыққан жері жоқ еді. Бірақ, жуырда бір күні мектептен қайтқан бетінде Әлімбектің кенеттен:

– Біздің сыпайларға шлюз орнатса, қандай жақсы болар еді, ата, ә. Білесіз бе, дәл бас арықтың алдындағы ойпаңнан,– деп салмасы бар ма.

– Шлюз деймісің? – Бекназар қайталап сұрады. – Шлюз дегеннің не екенін білемісің өзің?

– Білмегенде ше! Физика мұғалімі бізге түсіндіріп айтқан. Қазір болмаса да, соғыс біткен соң сыпай атаулыда шлюз болады дейді ол.

– Иә, әңгіме сонда ғой балам. Қазір шлюзге қарайтын кез бе? Соғыс болса мынау. Шлюзсіз де бір жөні болар.

– Ағаштан жасауға болады ғой. Үш колхоз біріксе, жасамайтын несі бар? – деп Әлімбек те қоймады.

Бекназар баласының сынайын ұнатпады.

– Ақылдымсы берме, Әлімбек! Сенен басқа да ойлайтын адамдар бар. Мектепке баруды біл. Одан соң көзі тірісінде әкеңнің өнерін үйрен. Жетіжылдық мектепті бітірген соң– өз қолыңа аласың. Су шаруашылығында мұрап боласың. Балам, біздің жұмыста тапқырлық, ұқыптылық керек, жітілік керек. Құдайға шүкір, ата-бабаларың осы Таласта шлюзсіз-ақ тіршілік кешкен.

Әлімбек ләм деместен, әкесіне таңыркай қарады.

Таңертең Бекназар сыпайға қарай бет алғанда көршілері әзілдеп:

– Біздің Бекназар Таластың «тамырын ұстауға» кетті, – деп қоюшы еді.

Расында да, Бекназар үйреншікті тасына шығып ап, таудан аққан өзеннің тынысын кәнігі болған емшідей тыңдайды. Талас бір арнамен ақпайды. Тасқын кезінде ол арнасын талай рет өзгертеді. Біресе бір қырындап ағып, тас пен құмды, лайды жағаға шығарып тастаса, енді бірде аунап түсіп, басқа арнамен тартады. Алғашқы арнаға келсең, күн қақтап кеуіп қалғанын көресің. Бас арна қай жермен өтерін тауып көр содан соң. Кейде, байқамай, қапы қаласың. Су сыпай орнаткан жеріне жоламай, басқа жақпен кетеді. Судың орнын сипап қалған соң – тоған салған еңбегін де еш

болғаны. Немесе кейде су аз кезінде сыпайды биік қып жасайсың. Сөйткенше болмай су көтеріліп, аңдап келіп қалады да, арықтарға құйылып, жым-жылас қып кетеді. Мұндайда таскынға төтеп бере алмай, сыпайдың ағып кеткені өзі жақсы. Әйтпесе азап шегіп әрі ұзақ уақыт бойына жасаған тоғанды өз қолыңмен бұзуға тура келеді.

Сол жақ жағалауда тұратын көршілер Бекназарды әрдайым болысуға шақыратын еді. Оның да көңіл қайтарған жері жоқ. Тек бар жұмыс өзі айтқандай боп істелуін талап етеді.

Күн көтерілгелі қашан. Бірақ шатқалдың қуыс-қуысына күн сәулесі енді-енді ғана түсе бастап еді. Жоғары жақтан кекіліктің безілдеген үні естіледі. Сірә, балапандарынан көз жазып қалса керек.

«Кек-лік, кек-лік!» дегені жаңылтпаш тәрізді болып шығады.

Бекназардың жүзінде үрей бар. Бүгін өзен лайланып ағып жатыр. Бекназар алақанымен су іліп алды. Кішкентай құм түйіршіктері шыр көбелек айналды да, алақанға лай шөгіп қалды. Түп-тамырымен қоса жұлынған бұталар толқында теңселіп барады. Бұл – су молая бастағанның белгісі. Көп кешікпей өзен тасуға тиіс. Бекназардың құлағы тоғанға салынған мосы тіреудің сықырлай бастағанын шалып қалды. Су тіпті молая түсті. Шалдың дегбірін қашырып бара жатқан да осы. Өзеннің ағыны бірте-бірте оң жағаға қарай бұрылып бара жатқанын байқап қалды ол. Өзен әбден тасығанда не болмақ? «Құдай сақтасын! – деп ойлады Бекназар. – Сыпайды ағызып алып кетсе, қайта жасай алармысың. Ер-азамат жоқ. Қатын-қалаштың қолынан не келер деп ең».

Темекі плантациясының үсті кою мұнар. Құж-құж қайнаған шіркей. Бұлыңғыр аспаннан күн көзі де жөнді көрінбейді. Қапырық ыстық. Суға түсіп қана бой сақтайсың. Бірақ судың көзі де – күннің қызуы ғой: Алатаудың шыңдарындағы мұздар ағыл-тегіл ериді де Таластың арнасын су басып кетеді.

Арық толы су, тек суғарып үлгер жеріңді. Бірақ оған көңілі жайланып жүрген Бекназар жоқ. Таласта су қанша мол болса да, даланың сусыз қурап қалуы әбден ықтимал.

Бекназар боска қауіптенбеген екен. Түнде күн күркіреп, нажағай ойнады.

– Тұр. Әлімбек, тұр! – деген шешесінің үрейлі даусынан оянып кетті баласы. – Күн жарқылдап тұр. Әкең атын ерттеп жатыр. Сыпайға барасыңдар. Түн ғой. Абай бола көріңдер. Құдай сақтасын, суға түсем деп жүрмесін әкең!

Терезелердің қақпағы жабылып, шам жағылды. Шамның сарғыш сәулесі дір-дір етеді. Әкесі атқа қонып, баласын мінгестіріп алды. Құлап қалмайын деп Әлімбек әкесін қатты қысып жабыса түсті. Бекназар алды-артына қарамай төпеп келеді. Атына қамшыны да аямай басады. Кей қамшысы Әлімбектің аяғына да тиіп кетеді. Әлімбек үн шығармай келеді. Оған қарап жатуға мұрша бар ма, тәйірі. Киялай жауған жаңбыр бетке ұрады. Ағаштарды майыстырып, ұйпа-тұйпа ғып, ішін тартып ышқына жел соғады. Күркіреуден аспан қақ айырылып, жерге түскендей. Біртүрлі қонырсыған иіс бар. Бүкіл колхозды аяғынан тік тұрғызса да, ештеңе өнбесін Бекназар біліп келеді. Бірақ осындай қысылшаң шақта үйден шықпай отыра бере алар ма! Күні ертең колхоз сусыз қалады-ау деген ой тыным бермей, жеті түнде сыпай қайдасың деп тартып келеді. Әлімбекті де өзімен бірге боска ертіп келе жатқанын біледі. Бірақ ол жанынан артық көрген баласы осындай қиын-қыстау кезде өзімен бірге ұйқы бөліп, қайғы алсын, долданып жатқан өзенді өз көзімен көрсін, мандай терін төккен еңбек, бақытсыздық деген не екенін білер болсын деп ойлады. Әлімбек жігерлі, жүректі жігіт боп шығуы керек. Сондай батыл, қайсар жандар ғана сыпайшы бола алмақ. Бекназардың өзі сөйтіп өскен. Әлімбектің де сондай боп шықпағы ләзім.

Олар жағаға кеп аттан түсті. Қараңғыда өзеннің неғып жатқанын біліп болар емес. Судың саркыраған гүрілінен құлақ тұнады. Әлдекандай долы күш дөңбекшіп алас ұрып, тастарды қанбақтай ұшырып, бұлкынып кеп жағаға соғады. Нөсерлеп құйған жауын күркіреген аспан мен өзеннің арасын астастырып жібергендей. Бекназар жүрелей отырып, қадала қарап ап:

– Әлгі ағызып кете қойған жоқ-ау деймін. Байқаймысың анау үйдей толқынды. Сыпай құламай тұр екен, – деді.

Шатқал үстінде тағы да нажағай оты жарқылдап, күн күркіреп қоя берді. Тау іші жаңғырығып кетті. Шатқалдың аузынан ақ топан боп қайнап шыға келген толқынды көріп

Әлімбек селк ете түсті. Жаңа ғана Бекназар көрсеткен толқын тулап көтеріліп барып, басыла қалды.

– Ата-а! – деп даусы қарлыға айқайлап жіберді Әлімбек. Өзі әкесінің қолынан тартып жабысып қалған.

– Құрыды деген осы, – Бекназардың қалжырай шыққан үні біртүрлі жат естілді.

Нажағай оттары аспанды тағы да оскылап өтті. Күн жарқ еткенде қараңғыда өзен жағасында үнсіз отырған екі адамның бейнесі де көрініп қалады.

– Бір жөні болар, балам. – Бекназар баласын құшақтады. Баласы әкесінің баурына тығыла түседі. Оның тулай соққан жүрегінің дүрсіліне дейін есітіп тұр. – Таласқа есемізді жіберре қоймаспыз. Әйтпесе несіне жер басып, адам боп жүрміз. Суық хабар бүкіл ауданға тарап кетті. Оң жақ жағалаудағы колхоздар сусыз қалды. Таңертең колхоздардың бастықтары мен Бекназар аудандық атқару комитетіне келіп те жеткен еді. Аялдауға болмайтыны әркімге-ақ аян.

Сыпайды неше күнде қалпына келтіруге болады деп сұрады олар Бекназардан.

– Адам күші мен керек-жарақ табылса, екі күн жетеді! – деді ол сенімді түрде.

Бекназар мұны ойланбай айта салған жоқ еді. Түнде су сол жақ жағалауға қарай ойысыпты да, бұрын сыпай тұрған жер қайраңдап қалыпты. Бұл жағдай халді біраз жеңілдеткендей. Адамдардың қауіп-қатер ойламай-ақ алаңсыз жұмыс істеуіне болады.

Кешке таман жағада жұрт құж-құж қайнады.

Бекназар әдетінше тастың үстіне шығып ап, ернін тістеген күйі Таластың лайланған көк-сұр толқынынан көз алмай отыр.

– Әлімбек, сен барып бригадирден білші, – деп бұйырды.– МТС-тен темір арқандар жіберулері керек еді...

Әлімбек кете бергенде әкесі тағы дауыстады:

– Тоқтай тұр! – баласының қасына кеп, өзінің зіп-зілдей қолын оның иығына салды. – Онай жұмыс емес. Ертең басқаларға үлгі бол...Бұл сенің үйренген нәрсең, ал олар, бәлкім, бірінші рет келіп тұрған шығар... Менің баламсың ғой сен... сыпайшының баласысың ғой...

Жағада лаулап оттар жанды. Будақ-будақ түтін шалқиды,

ұшқын жарқ-жұрқ етіп атылып барып, сөне қалады. Таластың толқынына ұласа, өзен үстінде Тоқтағұл әні қалықтайды:

Қияда қыран самғайды,
Қанаты бір талмайды...

Түн. Жұрт жым-жырт. Сонау биіктен өзен үстіне төнген жұлдыздар біртүрлі суық көрінеді. Шатқалдың тұсынан ай туып келеді. Таластың өкіріп жатқан гүріліне о да құлақ тосып қалғандай. Әлімбек жарқабақтың үстіндегі қараңдаған кісілерге қарай беттеп келеді. Аудандық аткару комитетінің председателі мен Бекназар екеуі әлдене жайында күбір-күбір сөйлесіп тұр. Бір жұлдыз аспанға атылып шыға келді де, иіліп барып шатқал жаққа сіңіп кетті. Әлдекандай бір құс у-шусыз, көлеңке құсап ұшып өтті.

Таң ата Таластың бойын карш-карш тиген балта үні, дабыр-дүбыр дауыстар кернеп кетті. Жағада жақтаулары даяр болып қалған сыпайлар тұр. Бұл – мықты бөренелерден қосылып байланған кәдімгі мосылар.

– Жоғарғы жағын шандып таста! Темір арқанды қысың-қырап тарт! – деген Бекназардың дауысы әр тұстан бір естіліп қалады. – Не көріп тұрсың? Аркалықты төменірек байла! Әй, тасты бермен қарай домалат!

Шыға келген күн көзі мынау қызыққа таңыркай карап, жымың-жымың етеді.

– Тарт! – деп бұйырды Бекназар.

– Тарт! – деп қосыла жамыраған жұрт алғашқы мосыны суға әкелді. Әлімбек бар күшін сап иығымен аркалықты көтеріп келеді. Жағадағы малта тастар табанды қытықтайды.

Алғашқы сыпай арықтың өзенмен жағаласқан жеріне қойылды. Кейінгілері жағадан алыстай берді. Араларының қашықтығы бірдей. Мосылардың арасында тоған байлаудың басы-қасында Бекназардың өзі болды. Буылған бау-бау сабан мен бұтактарды атка теңдеп әкеліп жатыр. Тас қолдан-қолға тимейді. Бөрене сүйретіп жүргендер де бар. Сөйте-сөйте тоған да байланып келеді. Бақырып-шақырып жүргенмен, іштей Бекназар да мәз. Қайнаған жұмысқа көзі тоймай құныға карайды.

Түс ауа су арықтың деңгейіне дейін көтерілді. Кешке қа-

рай арықтың бойын су қуалай бастады. Бірақ жұмыстың ең ауыры, ең қиыны әлі алда еді: сыпайды өзеннің орта тұсына дейін созу керек. Әйтпесе арыққа су толмайды.

Келесі күні жұмыс онша өнбеді. Ағысы күшейген су шеткі қос сыпайды әкете берді.

– Ештеңе етпейді! Жасыңдар. Тағы бір байқап көрелік.– деп Бекназар жұрттың еңсесін көтеріп қояды.

– Жігіттер айтып жүрген майданда бір шабуылдан түк өнбесе, шабуылға қайта-қайта шығады деп...

Өзеннің тереңдеу тұсында үлкен-үлкен тастар дөңбекшіп аунап жатыр. Бір жігіт соған аяғын соғып алды. Әлімбек пен Бекназар оны көтеріп жағаға шығарды. Жігіттің аяғы долырып көгеріп кеткен екен.

Арыққа су толды, жұрт жүрегін қуаныш кернеді. Далаға қайтадан су барды. Бірақ жұмысты тоқтатар Бекназар жоқ. Оның әмірімен енді ағыстың жоғарғы тұсынан орағыта иіп тоған байлап жатты.

– Қапы қалмау керек, – деп қояды Бекназар. – Су сол жағалауға қарай ауысты, ал бұл жақта су әлі аз. Таскыннан соң өзен тартылады. Сонда су жетпей жүрер. Бастаған екенміз, әбден аяқтап шығайық. Екінші рет тағы да бейнеттеніп жүреміз бе?

Ешкім қарсы болған жоқ. Сыпай салуға келгенде Бекназардың сөзін ешкім екі қылған емес. Әкесін сақтандырған тек Әлімбек қана болды:

– Ата, осы да жетпес пе екен енді? Су арықтың аузымұрнынан шығып тұр ғой. Таскын күшейсе, киын боп жүрмесін. Осы сөз Бекназардың есіне баласының анада шлюз жайында айтқанын сап ете түсірді. Бұрынғы Әлімбек емес. Баласының бойында бір өзгеріс бардай. Бірақ не екенін әкесі тап басып біле алған жоқ.

– Мұның не дегенің, балам? Өскенде осылай жасы үлкенді сыйламас болар ма! Біресе шлюз, біресе тағы бірдеңе... Әкесінің өкпелеп қалғанын Әлімбек оның даусынан анық байқады. Шалды ренжітіп алдым-ау деген өкініш пен ұят ортеп жібергендей болды. Бірақ әкесі шлюзді айтқанда қайтадан есін жиып алды.

– Шлюзсіз түк шықпайды, ата-еке! Арықты да, сыпайды да аман сақтау үшін қайтсе де шлюз керек.

– Жоғал, – деді Бекназар дауысы қалтырап. – Мен жауап берем бұл жұмысқа.

Бекназар сазайын тартпай қалмады. Күн бата, жұмыстан жұрт улап-шулап қайтуға айналғанда Таластың суы көтеріле бастады. Құм мен лай араласқан асау толқын шаткал жақтан аласұрып шыға келді. Сол жақ жағалауға соғып, енді өзеннің орта тұсына қарай лап қойды. Жұрт жаркабакка шығып ап, өзенге үрейлене қарап тұр. Көз алдында ағыстың арнасы оң жақ жағалауға қарай аунап барады.

Жұрттың бәрі үнсіз. Не істеу керек екенін біліп тұрған ешкім жоқ. Әлгіндей болмай тоғанды су басып кетті. Тек мосылардың төбесі ғана қылтияды. Арықтағы су кемерінен аса бастады. Ең болмаса арықты аман сақтап қалу керек. Ол үшін сыпайды бұзбай болмайды. Бекназардың оған тәуекелі бармады. Жұртты көріне көзге ажалға қайтіп айдап салмақ. Арықтың жаркабақты орап өтіп, Таластан оңға қарай бұрылған жерінің тас-талқаны шықты. Арықтың жиегі опырылып, су өзенге қарай лап қойды. Талас су татырмады, соңғы тамшысына дейін алып кетті. Жай кетпеді – арықтың жағалауын бұзып-жарып, төмен құлады. Осының бәрі көзді ашып-жұмғанша болып өтті. Тіпті жұрт есін жия алмай да қалды.

Көптің дәл ортасында Бекназар тұр. Меңіреу боп, тілі байланып қалғандай. Ғаламат бірдеңе күткендей жұрт үнтүнсіз Бекназарға қарайды – қанша айтқанмен, кәнігі сыпайшы емес пе. Бірақ Бекназарда үн жоқ. Жұрт та оған ештеңе демеді. Оны кінәлауға ешкімнің де батылы бармады. Осынау сұмдық оқиға оп-оңай бола салғандай еді.

Ал Әлімбекке ешкім назар аударған жоқ. Оған қарауға мұрша бар ма! Оның ашу қысқан танауы делдиіп кеткен. Өңінде қан-сөл жоқ. Жұрттың бәрі әлі де үміт артып, жаутаңдап қарап отырған әкесіне, оның да, өзінің де дәрменсіздігіне зығырданы қайнайды. Екі күн бойы азапқа түсіп ауыздықтаған су Таласты қайтадан тапты. Сонша су өзенге құйып, егістік пен бақ, темекі атаулы сусыз қурап жатса, ыза болмай қайтерсің. Әлімбектің ойы шарқ ұрып осынау бақытсыздықтың себебін іздейді. Егер шлюз болса, артық суды ағызып жібермес пе еді? Сонда арықты да аман сақтап қалуға болмас па еді? Осыны әкесі неге ойламайды, басқалар неге ойламайды?

Үнжырғасы түсіп кеткен Бекназар айнала беріп, естілер-естілмес қып:

– Жасағанның жазуына не шара! – деп қалды.

Жұрт ауыр күрсінді.

– Жоқ! – деді әлдекім санқ етіп.

Мұндайды күтпеген жұрт селк ете қалды. Қасқайған қалпында Әлімбек әкесінің қасына келді.

– Жоқ! – деді Әлімбек тағы да катты дауыстап. – Сіз кінәлісіз, әке! Жұрт аузын ашып, аңырап қалды.

– Шлюз салмайынша, сыпайдан құтылмайынша көрген күніміз осы!

Әлімбектің сөзі Бекназардың жетесіне сонда барып қана жетті. Қаны басына шапшып, желкесіне, маңдайындағы тыртығына дейін күреңітіп кетті. Тынысы тарылып барады.

– Немене? – Бекназар тұра ұмтылып, кетпенін көтерген бойы төне түсті. Әлімбек міз бақпады. Кетпен көтерілген бойы қатып қалды. – Жоғал, иттің баласы! Әкесіне қарсы... Дүйім жұрттың көзінше!.. Жоқтауынды асыра қояйын!..

Арашаға түскен жұрт Бекназардың қалжыраған қолындағы кетпенді жұлып алды.

...Таластың карауытқан жағасы құлазып жатыр. Тастың астында шөп-шөп етіп шолпылдаған су мап-майда құмкиыршықты ысырып әкеледі де, қайтадан шайып әкетеді.

«Немене, Бекназар! Маскара болдың ба? – деп шұлайды Талас. – Сақал-шашың аппақ құдай болғанда өз баланнан көрдің-ау көресіні. Мазақ қып кетті-ау. Жаман атқа қалғаның ғой бұл... Маған әлің келмеді сенің, ал балаң болса өзінше ауыздықтамақ мені! Бірақ оған да бола қоймаспын!» Тентек Талас табалап жатыр.

Ойға баткан Бекназар еңкейген үстіне еңкейе түсті. Ал Таластың қояр түрі жоқ. «Әй, сыпайшы! Алкымыннан талай рет алып ем-еу. Әлі тірі жүрсің – шүкірлік ет құдайға! Қоймаймын деймісің? Боска әуре боп қайтесің. Бас ие қоймаспын мен. Көзі жетті де, кетіп қалды анау балаң. Ал сен болсаң оны осында қалдырып, өзіңе мұрагер, өзің сиякты сыпайшы етпек ең. Ол болса кетіп қалды, тіпті киян алыска кетті. Түрің мынау. Қолың дірілдеп қалт-құлт еткен шалсың...»

Тас астында су шөп-шөп етіп шалпылдап қояды.

Төрт жыл өтті. Талас та талайды бастан кешірді. Бекназардың өмірінде де көп өзгеріс болды. Жүдеп, біртүрлі тұйық боп кетті. Үйде отырады да қояды. Колхозда бұрынғы жұмысыңды істей бер дегендер болып еді. Бірақ Бекназар аттонын ала қашты.

– Ана жолғы өзендегі оқиғадан соң кәрі сыпайшының күйі онша болмай жүр, – деп мүсіркейді жұрт.

Әлімбек каникул сайын келеді, әкесімен ұзақ-ұзақ әңгімелеседі, құшақтап бетінен сүйеді. Бірақ өкпесін кешер, жібір Бекназар жоқ.

Көктем. Су шаруашылығының гидротехнигі Әлімбек Бекназаров әкеме жетсем деп асығып келеді. Кім біледі, осынау бір айдай ашық күні әке қабағы да ашылып, мейірімі түспес пе екен. Бәлкім, шал бұрынғы жұмысына қайта оралар.

– Жұмысты колға ала бастадық, ата! Бізбен бірге жүрсең нетті, маған ақылыңызды айтарсыз, – деді Әлімбек. – Бәлкім, бұрынғы жұмысыңызға барарсыз?

– Жоқ, балам, – деді Бекназар қабағын түйіп, – менсіз де бір амалын табарсыңдар. Бұрынғыдай емес, білімің бар қазір. Мен не бітірмекпін онда?

Әлімбек ренжіп кетті. Өрік ағашының көленкесінде түксиіп Бекназар отыр. Жүк тиелген машиналар шатқал жаққа ағылып жатыр. Со жаққа қарай әндетіп өтіп жатқан бір халық. Бекназардың екі көзі соларда.

Көппен бірге оның да сол жаққа барғысы келмеді ғой деймісің? Бірақ жұртпен бірге болуды аңсағанын, жұмысты да сағынғанын Бекназардың тіпті іштей болса да мойындар түрі жоқ. Құнға тұратын, үлкен бір қимылды колы да сағынып қалғандай. Огород ішінде осылай түртініп жүре бермек пе? Жоқ, жетер. Тегеурін тілейтін жұмысты ансайды ол. Көзім тірі тұрғанда тентек Таласпен ең болмаса бір рет ұстасып көрсем дейді. Өзімшілдігі, менмендігі жіберер емес бірақ.

Бір күні ертеңгісін Бекназар катты гүрсілден оянып кетті. Гүрсіл шатқал жақтан келіп тұр. Шал асығып-үсігіп шатырға шығып, калт-құлт еткен колымен маңдайын көлегейлеп, дүмпу болып жатқан жаққа қадала қарады. Ауық-ауық аспанға қара-қошқыл топырақ атылады. О жақта бұл түсінбейтін керемет бірдене болып жатыр.

– Бұ не болды екен? – деп өзінен-өзі дауыстайды Бекназар.

– Олар не істеп жатыр онда?

Жүрегі қысылып кетті. Төніректе не боп жатқанын түсінбейтін дәрменсіз біреу боп қалғаны есіне түскенде өзін-өзі аяды. Таластың жағасында жұрт керемет бірдене жасап жатыр. Бірақ солардың ішінде Бекназар жоқ, бәрі де Бекназарсыз жасалып жатыр.

– Қой, не екенін білейін! Өз көзіммен көрейін! – деді де, шал тез-тез басып, сатымен төмен түсті.

Жұбайы жұмыста еді. Бекназар таяғын тауып ап, ұрлана басып сыртқа шықты. Огородтың арасымен шатқалға қарай тартты. Жаркабаққа жете бере тоқтап қалды. Көзге түсіп, төте жүріп баруға батылы жетпеді.

«Мазақ қып күліп жүрер... Несіне келді дер. Жалынғанда аяғына да отырғызбап еді ғой демей ме?..»

Бекназар ұрлана басып жаркабаққа шықты да, тас-тастың арасынан жасырынып көз салды. Өзі бұрыннан білетін өңірді танымай қалды. Жағаның бойы у-шу. Тас, құм, балшық тиеп ап, әрлі-берлі ағылып жатқан машина.

« Е, экскаватор дегені әнебіреу шығар! Босқа аңыз ғып жүр деймісің... Уа, сайтан, машина болмай кеткір. Қалай-қалай қопарады», – деген оймен Бекназар қатып қалыпты.

Анадағы бұрылысқа дейін арықты бетондап тастапты. Арықтың ең басына және ойпаң жағына қызыл қыш түстес шлюздер қойылған.

– Мына керемет қара! – деп таңырқайды Бекназар.

– Қалай ойлап тапқан! Талас бас имегенде қайтсін енді.

Бекназардың жақындап барып бәрін де өз көзімен көргісі, өз қолымен ұстағысы кеп кетті. Бірақ, неге екені белгісіз, ол күнге күйіп, маңдай терін сыпырып жүрген осынау жандардан біртүрлі ұялып, жасқана беретін сияқты. Көзге түспей кетіп қалуға ыңғайлана берген Бекназар Әлімбектің даусын құлағы шалып қалды. Баласы басқаларға жөн сілтеп, әлденені түсіндіріп қойып, тасқа сүйенген бойы қойын дәптерін алып жаза бастады.

Бекназар көре сала тұра ұмтылды. Жүгіре басып келеді. Аяқ астындағы малта тастар судырлап төмен қарай сырғиды. Ол Әлімбектің қасына жетіп-ақ келді.

47669

– Сен бір игілікті іс бастаған екенсің, Әлімбек, – деп күбірледі Бекназар, тершіген жүзін сүртіп жатып. – Біздің тұқым шетінен сыпайшы еді, бірақ дәл мұндай жоқ болатын... Сыпайшының сыпайшысы сен боп шықтың!..



Н.Венгров пен М.Эфрос

Дмитрий Фурманов

Бірінші бөлім

Бірінші тарау

СЕРЕДА

Село тастай қараңғы. Күзгі қою қараңғылықта тек трактирдің[1] терезесінен көмескі жарық көрініп, алыста тоқыма фабрикасының түнгі оттары жымыңдайды.

Әке Иваново-Вознесенскіден кеш қайтты. Шаршап шығы түсіп кеткен ол бұрынғыдан да жүдеу тарткан тәрізді. Орындыққа сылқ отыра кетті де, етженділеу келген қолымен басын сүйеп, ойға шомды. Керосин шамның әлсіз жарығы түскен ақ қабырғада оның үп-үлкен көленкесі болар-болмас қозғалады.

– Сонымен, көшетін болдық, – деді Андрей Семенович баяу ғана. – Буынып-түйіну керек. Енді сөзбұйдаға сала берудің қажеті жоқ.

Стол басына Фурмановтың бүкіл семьясы жиналды: балалары Аркадий мен Соня, әйелі Евдокия Васильевна келді. Тек ең кенжесі Митя ғана бұрышта ұйықтап жатыр, оның қасында күтуші кемпір Татьяна Степановна отыр.

Әке тағы да бірдеңе айтатын шығар деп, бәрі де үнсіз күтті. Бірақ ол одан әрі ештеңе айтпады. Одан оны-мұны сұрағанмен, сөзге жарымайсың. Айтты – болды. Өзінің мінезі солай.

Андрей Семенович Фурманов тұрмыстың ауыртпалығын көп көрді. Қаршадайынан-ақ әке-шешесінен айырылып, кісі

[1] Трактир – арақ-шарап ішетін жер, асхана.

есігінде жүріп өсті. Мектептің маңын да көрген жоқ. Өйтіп-бүйтіп өз бетімен сауатын ашты. Ақыры, не керек, ержетті, бірақ бірденеге қолы жете қойғаны шамалы. Бар болғаны селолық трактирде буфетші болып істейді. Семьяны асырап-сақтау күннен-күнге қиындап барады: балалар өсіп келеді, енді оларды оқыту да керек. Андрей Семенович тым болмаса балаларым өзім сиякты біреудің отымен кіріп, күлімен шығып ит қорлық көрмесе екен дегенді көп ойлайтын. Сөйтіп, ол Иваново-Вознесенскіден шайхана ашып, өзінше бір тіршілік әрекетіне кіріспек болды.

Евдокия Васильевна балаларына көз жібере отырып, ойға шомды. Оның да өз өмірінде көрген қуанышы аз.

Бірақ етікшінің семьясында ашаршылықпен өткен балалық шағы да, күйеуінің қатал мінезі де, үй ішінің толып жаткан шаруа қамы да оның байсалды, сабырлы мінезін өзгерте алған жоқ. Егер Татьяна Степановна болмаса, көрген күні бұдан да гөрі қиындай түсер еді.

Татьяна Степановнаның осы үйде тұрғанына талай жылдар болды. Бұл әйелді қыстың бір ызғарлы кешінде көше кезіп жүрген, панасыз қалған жерінен әкесінің үйге қалай ертіп алып келгені балалардың ішінен тек үлкен қызы Сонянын ғана еміс-еміс есінде. Содан кейін, ол осында тұрып қалды да, Евдокия Васильевнаға қолғабыс тигізіп жүрді. Фурмановтардың үй іші Татьяна Степановнаға өз адамдарындай қарады. Балалардың барлығын бағып-қағып өсірген сол. Бірақ ол солардың ішінен ең кішкентайы Митяны бәрінен де артық көретін.

Дәл қазір көшу жайлы әңгімені тыңдай отырып, Татьяна Степановна жастықта бұйығып, тыныш ұйықтап жаткан осы бір қоңыр шашты, қара торы бала дүниеге келген бұлыңғыр күз күнін еске алды. Ол 1891 жылдың 26 октябрі еді. Сонда да Андрей Семенович дәл осылай қолымен басын сүйеп отырған-ды. Татьяна Степановна баласына бауы берік болсын деп тілек айтқанда ғана Фурмановтың әрдайым қамығып жүретін жүзінде қуаныш нұры ойнап шыға келді. Содан бері алты жыл өтті, бірақ үй ішінде болған өзгеріс шамалы. Тек Андрей Семенович бұрынғыдан да бетер жұмыс басты болып кетті, әйелінің де шаруасы көбейе түсті...

Бөлме ішіндегілерде әлі де үн жоқ. Ересектер өткенді еске түсіріп, алда не күтіп тұрғанын ойлаумен отыр. Евдокия

Васильевнаның жанарлы көзінің мейірімімен әрдайым нұрланып тұратын қайырымды ашық жүзі осы сәт күдік пен шүбә сездіргендей еді. Ол қалаға көшіп баруды бір жағынан құп көрсе, екінші жағынан үрейленіп те отыр. Алда не күтіп тұрғанын кім біледі? Күнкөріс жайы қалай болады әлі? Бұлар сонау қалада қайтіп тұрмақ? Середада арзаншылық, селода жұрттың бәрі бірін-бірі біледі, бәрі де таныс, үйреншікті.

Күнде таң біліне фабрика гудогы жұртты жұмыска шақырып, айналаның бәріне өктем үнмен жар салғанда, ұйқыдан ояну да үйреншікті нәрсе еді. Жаңбырлы, лайсаң күндерде көрші деревнялардан қатындар мен балалардың фабрикаға қарай жалаң аяқ, жаяу-жалпы ағылғанын көру де үйреншікті болатын: астық шықпай қалатын да, шаруалар келесі егін орағына дейін өйтіп-бүйтіп күн көруді ойлап, жұмыс іздеп шығатын. Жексенбі сайын жұрттың ертеңгісін шіркеу жанына топырлап жиналуы, кешке таман бүкіл село ішкілікке салынып, Середаның қаңыраған, жым-жырт көшелерін мас адамдардың ұрыс-керісі мен айтқан әндерінің жаңғырықтырып жіберуі де үйреншікті еді. Трактирден естілетін жөн-жосықсыз айғай-шу да, тіпті бөлме ішіндегі нәрсенің бәрінен мүңкіп тұратын арақтың кермек иісі де үйреншікті нәрсе болып кетіп еді.

Бүгінгі күн кешегіге аумай тартса, ертенгі күннің де әкелер жаңалығы жоқ болатын. Бәлкім, қуанышы мен қызығы жоқ осы өмірдегінің бәріне дағдыланып, бойы үйреніп кеткендіктен болар, Евдокия Васильевнаға бұл өмірдің өзі шәлендей сұмдық болып көрінбейтін.

Оның үстіне мұнда балалардың мәз-мейрам болып жүретін кездері де бар. Көктемде, жазда олар күнұзаққа орманға кетіп қалып, балдыр басып кеткен кішкене жалтырда талай сағат бойына суға шомылатын, асық ойнайтын, не болмаса шөптің үстіне жата кетіп, денелерін күнге күйдіретін. Ал қыстыгүні бәрі у-шу болып төбешіктен сырғанағанда, шананың артына жабысып алып, қолдан істеген конькимен зырғытқанда, қар лақтырысып ойнағанда, балалар көңілдене күліп, мәз болып қалмайтын ба еді!

Евдокия Васильевна тым құрыса балаларының балғын шағының деревняда емін-еркін өткендігіне қуанатын. Бейтаныс, үлкен қала оның зәресін ұшыратын.

Екінші тарау

ЖАҢА МЕКЕНДЕ

Ертеде Иваново-Вознесенск Владимир губерниясындағы бір кішкене ғана қала болатын, ол қазіргі әсем де үлкен өнеркәсіп орталығы Иваново қаласына мүлдем ұқсамайтын. Ол сол уақытта жайыла салынған үлкен село тәрізді еді. Қаланың шет жағы өте лас болатын, онда тоқыма фабрикаларының он мыңдаған жұмысшылары тұратын. Сол жерлердің Голодаиха, Ямы, Продирки, Рылиха деген аттарының өзі-ақ ондағы тұрғындардың аштық пен қайыршылық жайлаған өмірін аңғартатын.

Тозығы жетіп кисайып қалған кепелер, сайды қуалай қазып салынған жер үйлер, ескі-құсқы киініп, кір-қоқыстың үстінде ойнап жүрген жүдеу өңді балалар, – міне, Иваново-Вознесенск тоқымашыларының сонау жылдардағы ауыр өмірінің елестері осындай еді.

Қаланың әр жеріне салынған фабрика үйлерінің үстінде биік трубалардан баяу көтерілген түтін күні бойы тұнып тұрады. Фабрикалардың барлығы да Иваново-Вознесенск көпестерінің меншігінде. Жағымпаз чиновниктер оларды: «Қаланың қожалары», – деп ардақ тұтады. Гарелин, Бакулин, Дербенев, Бурылин дегендердің тоқыма фабрикалары тек Иваново-Вознесенскінің өзінде ғана емес, соның төңірегіндегі Шуя, Кинешма, Тейково, Родники, Середа, Юрьевец, Южа сияқты қалалар мен поселкелерде де болатын. Россияның өнеркәсіпті осы ауданын ол кезде «Сиса патшалығы» деп атайтын.

Әр поселкенің өз фабрикасы, сол фабриканы билейтін өз көпесі болды және ондағы өмірдің Иваново-Вознесенскідегіден айырмашылығы шамалы еді. Тоқымашылар, жіп иірушілер мен бояушылар мұнда да Иваново-Вознесенскідегідей ауыр жұмыс істеп, аш-жалаңаш күн кешті, кедей жұмысшылардың балалары аштан өліп жатты, дымқыл жер үйлердің төбесіне шыққан шепте ешкілер ойнақ салып жүрді.

Фурмановтар Троицкая көшесіне, вокзал маңына келіп

орналасты. Андрей Семеновичі сол жерде шайхана ашты. Олардың үйінің аржағында Ямы қалашығы болатын. Бұл Иван Гарелин деген көпестің фабрикасы тұрған жер еді.

Өзіне әрбір сокпағына дейін таныс, қай үйінде кім тұратынын, қай бақшада не өсетінін білетін жым-жырт Середадан кейін, Митя Иваново-Вознесенскіде мүлдем сасып қалды. Ертеңгісін және түс кезінде фабрика гудоктары әр дауыспен созылта сынсиды, теміржол бойында әрлі-берлі жүрген паровоздар катты айқайлайды, жүк тиеген арбалар үйдің жанынан вокзалға қарай сықырлап, шықылдап өтіп жатады. Алғашқы кезде оның үйден жалғыз ұзап шығуға батылы бармады. Бірақ бірте-бірте бойы үйреніп алды, бір күні Аркадиймен және баска да таныс балалармен бірге қалалық баскарманың сары үйі тұрған үлкен аланға дейін барды. Үйдің жанында қалалық полиция күзетшісі жүр екен. Аланда «қызыл»[1] сауда дүкендері каз-катар тізіліп тұр. Балалар әртүрлі бұйымдар қойылған жаймалардың жанына келіп, ұзак тұрды. Ивановоның атышулы қызылды-жасылды сисалары көз тартады, торсиған тула самауырлары, ыдыс-аяктар жаркырайды, солармен қатар жаксы ак байпактар, етіктер тұр, күнкағары жылтыраған картуздар да бар.

Балалар әсіресе кішкене дүкендерге катты қызығушы еді, ойткені ол жерде жаңғактар мен пряниктер үйіліп жататын, ұзын шыны ыдыстарда әр түсті кәмпиттер көп болатын. Ал оның аржағындағы сөрелер мен жаймаларда қалам сауыттар, түрлі түсті карындаштар, суреттер, боялған ойыншықтар көз тартып тұратын. Бұл сықылды ғажап заттардың жанынан кету киынға соғатын.

Бірақ қалада көп қыдыра беруге және болмайды, себебі тезірек үйге қайту керек. Әкесі ұзақ жүруге тыйым салатын, мұны шешесі мен күтуші кемпірге де катты тапсырып коятын.

Фурмановтар Иваново-Вознесенскіге көшіп келгеннен кейін Аркадий қалалық алты кластық училищеге оқуға түсті. Ал екі жылдан кейін, 1899 жылы сегіз жасар Митя да осы училищеде сабақ оқи бастады.

Ертеңгісін мектепке бара жатып ол тарантас арбамен фабрикасына қарай жүйткітіп өтетін Гарелинді жиі көретін. Бай көпесті көре сала жағымпаздар жалма-жан картуздарын

[1] Кездеме сатылатын дүкендерді солай деп атаған.

шешіп, иіліп сәлем беретін, ал жұмысшылар болса оған жақтырмай үн-түнсіз қарап қалатын.

Аркадий мен Митя фабрика қызметкерлерінің өздерімен бірге оқитын балаларымен дос болды. Олардың көбі фабрика жанындағы кең, жарық пәтерлерде тұратын. Ал тап соның жанында, фабриканың ауласындағы қазармаларда жұмысшылар тұрушы еді. Әрі қараңғы, әрі тар кішкене бөлмелердің бәрінде де бірнеше семьядан тұратын. Сәкінің үстінде орын жетпегендіктен, жұрт лас еденде ұйлығып жата беретін.

Митя қазармада болып көрген жоқ, бірақ жексенбі күндері аула ішінде ойын қызғанда, ол жұмысшылардың балаларымен кездесетін. Митя қайдағы жоқты ойлап тапқыш еді, сондықтан да жолдастары оның соңынан қалмайтын. Балалар кейде мас болып алған жігіттердің шарт-шұрт төбелесіп жатқанына қарап тұратын-ды. Олардың сорлы өмірінде осы төбелестен басқа ермек жоқ десе де болғандай еді.

Кейде үлкендерге еліктеп, балалар да жұдырықтасып қалатын. Ұзын бойлы, қарулы Митя өз күшін байқап көргенді ұнататын. Арық, жүдеу болғанмен, фабрика балалары да ойын мен төбелесте ешкімге есесін жібермейтін. Олар үстеріне әбден жалба-жұлбасы шыққанша ағадан ініге ауысып отыратын кілең бір жырым-жырым ескі киім киіп жүруші еді.

Жұмысшылардың өзімен құрдас он жасар балалары үлкендер сияқты ертеден кара кешке дейін фабрикада жұмыс істейтінін, шала-пұла ұйықтап алып ертеңіне қайтадан жұмыска баратынын Митя білетін. Бірақ ол балалардың фабрикада не істейтінін жөнді біле бермейтін.

Бір жолы Митяға сол балалардың бірі ересек жұмысшыларға боялмаған мата апарып беріп тұрамын, станоктарды сүртемін, үйдің ішін сыпырамын және басқа да жұмыстар істеймін дегенді айтты.

– Ал егер бөгеліп қалсаң, не қалғып кетсең, мастер жақсылап тұрып сыбағаңды береді, содан соң күні бойы көзіңнің алды қарауытады да жүреді,– деді екінші біреуі.

– Бір нәрсеге алаңдап байқамай қалсаң, одан да жаман,– деді пысықша келген кара көзді бала.– Қолыңды станокқа түсіріп аласың. Одан арғысын өзің де білесің ғой. Анау шолақ

кол Мишканы көрген шығарсың. Былтыр күзде ол әкелген жібін ұсына бергенде сүрініп кетіп, колын станокка түсіріп алған болатын. Енді өмір бойына мүгедек болды да калды. Осынау коркынышты әңгімелерді Митя тебірене тыңдайтын. Ол озін фабрика балаларының халінде сезінуге тырысты. Тыным таппай, тіпті тізе бүкпей таңның атуы, күннің батуы жұмыс істей алар ма еді ол? Өйте алмайтындай көрінді оған. Балалардан естігендерін ол кешкісін үйінде әрдайым есіне түсіріп, күтуші кемпірге сыбырлап айтып беретін.

Вокзалдың сыртында едәуір жерде Куваев дачасы дейтін калың орман бар еді. Онда жидек пен саңыраукұлак керемет көп болатын. Аркадий мен Митя әдетте орманға шайханада даяшы болып істейтін Федя Зайчиков деген бір әдеміше келген пысык жігітпен ілесіп баратын. Онымен бірге ұзап шығуға рұқсат етілетін, үшеуі кейде он, он бес шақырымға дейін кетіп калатын.

Көнілді әрі сөзуар Федор ертегіні, кітаптан окып алған кызык жәйттерді көп білетін. Әңгімені егжей-тегжейіне дейін әсірелеп айтады, ал коркынышты жерлеріне келгенде балалардың кандай күйге түскенін кызыктап көріп алайын дегендей, әңгімесін коя кояды. Оның әңгімесін түнде, үйілген шөптің үстінде отырып тыңдау тіпті де коркынышты. Каранғыда оның бет-жүзі көрінбейді, ал баяу шыккан даусы жат адамның үніндей боп естіледі. Митя мен Аркадийдің көз алдына Илья Муромецтің Соловей-разбойникпен және жексұрын Идолищемен арпалысқан соғысының айбарлы суреттері елестейді. Бейнебір балалардың өздері де Вийдің жер астынан шыккан үрейлі үнін естігендей, оның Хома байғұсқа бас салған жез тырнактарын көріп тұрғандай болады. Ал енді бір сәт Федор ит басты адамдар, бала жегіш тажалдар, көрден шығып адам канын ішетін өліктер жайын баяндай бастайды. Балалар демдерін іштеріне тартып, кыбыр еткен дыбыстың бәріне құлак тігеді.

Ертеңгісін түндегі үрейлі әңгімелерді есіне түсіріп, Митя Федордың жанынан шыкпайды:

– Мүмкін, сен бәрін ойыннан шығарған шығарсың. Әйтпесе ондай болмайды ғой.

– Ал ойымнан шығардым. Немене, кызык емес пе? – деп Федор ракаттана күледі.

Кейде ол балаларға өзі айткан әңгімелерді кай кітаптан

оқығанын да айтып беретін. Сол кітаптардың кейбірін балалар да тауып алып оқитын. Митя ондай кітаптарды қалалық кітапханадан немесе жолдастарынан сұрап алатын. Ол кітапты көп оқитын болды. Пушкиннің ертегілерін де, Майн-Ридтің индийцтер жайлы шығармаларын да, Лажечниковтың тарихи повестерін де, Жюль Верннің қияли романдарын да оқитын.

Кітап оқуға үйір болып алған соң, Митя кешкісін үйден шығуға тыйым салған әкесіне ашулануды да қойды. Енді ол түн баласына кітаптан бас алмайтын болды. Сабақ уақытын көп алмайтын. Ол оны лезде дайындап тастайды. Әдемілеп жазылған дәптерлері мен оқулықтарын тәптіштеп жинап қояды да, дереу кітап оқуға кіріседі.

Ол Пушкиннің, Лермонтовтың, Плешеевтің хрестоматияға кірген өлеңдерін құмарлана жаттап алып жүрді, сондай-ақ өзі де ептеп өлең жазып байқады. Митя өлеңдерін қолдан жасалған бір дәптерге жазып жүрді, бірақ оны ешкімге көрсетпеді. Сол уақытта ол бар болғаны он екі жаста еді. Әрине, өлеңдері де онша жақсы емес, тек балалық аңсары болатын. Бірде ол сабағын даярлап отырып, мынадай өлең жолдарын жазып қойды:

Тілін біздің орыстың –
Ең сүйікті ғылымды –
Ұлылығын түсініп,
Окимын көрмей тынымды.

Үшінші тарау

ЕРЕУІЛ

Январьдың осы бір аязды күні ертеңгісін алабөтен ештене сезіле қоймаған сияқты еді. Қалалық училищенің 5 класының окушысы Митя Фурманов сабақтан кейін бал-бұл жанып, ширақ басып үйге келді де, апыл-ғұпыл тамақтанып алып, оқып бітірмеген кітабына бас қойды.

Қаракөленке кез. Кешкі қараңғылық бөлме ішіне байқаусыз бірте-бірте жайылып барады, бала да кітап бетіне

шұкшия түседі. Ой-қиялы алыста: атын естігенде-ақ коркак помещиктердің зәре-құты калмайтын батыл да мейірбан Владимир Дубровскийге ол бар жанымен мүлгіп калған. Серпіле ашылған есіктің тарсылы Митяны сергітіп жіберді. Үйге әкесі кіріп келді де, даусы дірілдеп Евдокия Васильевнаға әлденені айта бастады: жапондыктар орыс камалы Порт-Артурға тұтқиылдан шабуыл жасапты да, жағада тұрған бірнеше соғыс кемелерін тереңге батырып жіберіпті.

– Соғыс! Соғыс! – дей берді ол сасқалактап.

Көп кешікпей «Ивановский листок» дейтін газетте патша армиясының жеңілмейтіндігі жайлы көпірме макалаесымактар жариялана бастады. Қабырғаларға түрлі суреттер ілінді. Митя мен оның жолдастары соған қызық көріп карайтын. Ол суреттерде казактардан зәре-құты калмай коркып, қашып бара жатқан жапондыктар бейнеленген еді. Ал шындығында, нашар каруланған әрі жөнді үйретілмеген орыс әскерлері жеңіліске ұшырап жатты. Армияға мылтык, снаряд жетіспеді, майданға кару-жарактың орнына «касиетті» икондар жөнелтілді. Солдаттар: «Жапондыктар бізді снарядпен аткыласа, біз оларды иконамен атамыз».– деп ызалана налыды. Патшаның генералдары мен интенданттары соғыста байығысы келіп, азык-түлікті талан-таражға салды, шіріп кеткен киім-кешектерді өткізгені үшін жалдаптардан көп-көп пара алды. Халықтан шындықты жасыруға қаншама тырысса да, соғыстағы жеңіліс жайлы хабар әр жерден естіліп калып жатты. Ондай хабарлар солдаттардың хаттарынан, жараланып қайтқандардың әңгімелерінен, заводтар мен фабрикаларда таратылған революцияшыл жарнама қағаздардан білінді. Мұндай жарнама қағаздар жұмысшыларға патша үкіметі елді басқаруға икемсіз екендігін, елді жаудан корғай алмайтындығын, патша мен оның министрлері текке каза болған мыңдаған жандар үшін, халықтың кайғы-зары үшін жауап беруге тиіс екендігін түсіндірді. Осындай жарнамалар Иваново-Вознесенскінің көшелерінде де пайда бола бастады Қалалық полицмейстерлердің үй кабырғаларынан, дуалдардан және фонарь ілінген діңгектерден көкшіл жазуы бар ак қағаздарды жұлып алып, сыбап ұрсып жүргенін көргенде, фабрикаға бара жатқан жұмысшылар мазактап, миықтарынан күліп өтетін.

Бірде қақпадан шыға келген Митя теміржол депосында істейтін Илюша Косой деген көрші баланың отын сақтайтын сарайдың жанында тұра қалып, дуалдағы бір қағазды оқып жатқанын көрді. Кенеттен үйдің иесі шыға келіп, баланы итеріп жіберді де, жарнаманы жалма-жан жұлып алып, жыртып-жыртып тастады.

– Оқымысты неме!–деп, ызалана дауыстады ол.

– Тайып тұр бұл жерден! Бұл үшін отырғызып қояды! Әлі жас екен демейді.

Сол бір күндерде басқа балалар сияқты Митя мен Аркадий де әрдайым соғыс жайын әңгімелейтін. Олар Маньчжуриядан келетін хабарларды қоймай жүріп оқыды және орыстың ержүрек солдаттары мен матростарының жеңуін шын жүректен тіледі. Соғыс басталысымен-ақ Митя өзінің өлең дәптеріне былай деп жазып қойған болатын:

Туған жерді етпейміз кор,
Зұлым жауға қазамыз ор,
Тас-талқан қып күйретеміз!..

Біраз уақыт өткеннен кейін ол соғыс туралы тағы да өлең шығарды. Онда ол «барлық жерде еңіреу мен егілу барын», «ешқайда көңілді ойын жоқтығын» жазды. Өлең былайша аяқталатын еді:

Қайда құлақ түрсең де –
«Соғыс» деген суық сөз!

Майдандағы әрбір жеңіліс халық арасында толқу туғызып отырды. Жаңа жылда, 1905 жылы Порт-Артурдың тізе бүккендігі туралы ауыр хабар келді. Фабрикалар мен казармаларда жұмысшылар қамалдың жау қолына берілгендігін ашына, ызалана сөз қылып жүрді. Жасырын жұмыстағы большевиктердің жарнамалары халықтың көзін ашты, Порт-Артурдың тізе бүгуіне кімнің кінәлі екендігін түсінетін жұмысшылар барған сайын көбейе түсті.

Училищеде балалар соғыстағы жеңілістер мен фабрикадағы толқулар жайында естігендерін бір-біріне сыбырлап айтып жататын. Фурмановтардың үйінде бұл туралы айтуға рұқсат етілмейтін, соғыстағы сәтсіздікті сөз қылуға әкесі

тыйым салған болатын. Фурмановтар тұратын посадтағы[1] мещандар – үй қожалары, ұсақ шеберханалар мен түкендердің иелері патшаны және патшалық тәртіпті қолдайтын жұмысшыларды бүлікшілер деп атады, олар өздерінің де, Отанның да түбіне жетеді деді.

Көп кешікпей, Иваново-Вознесенскінің тұрғындарын тағы бір жаңа сойқан хабар дүр сілкіндірді. Қалаға Петербургтағы оқиғалар жайы мәлім болды: январьдың тоғызында патшаның жарлығымен үш мыңнан астам жұмысшы өлтіріліпті және жараланыпты. Енді «Қанды жексенбіден» кейін тіпті қараңғы жұмысшылар да патшаға сенбейтін болды.

Сол январь күндерінің бірінде, Аркадий мектептен қайтып келе жатып Митяға жөндеу заводының жұмысшылары жұмысты тастағанын сыбырлап айтып берді. Тоқымашыларды өздеріне қосып алмақ болып, сол жұмысшылар Полушин фабрикасына барады. Сол сәтте казактардың полицмейстер бастаған жүздігі фабриканың ауласына баса, көктеп кіреді. Казактар жұмысшыларды соққыға жығып, қырық кісіні түрмеге әкетеді. Соның бәрін Аркадийге өзімен бірге оқитын балалар айтыпты.

– Ұрып па? Қамшымен ұрып па? – деп үрейлене айқайлап жіберді Митя.

– Ақырын сөйлесеңші! – деп тоқтатты оны Аркадий.– Казактардың жұмысшыларды ұрып-соққанын балалардың өздері көріпті.

Полушин фабрикасындағы оқиға жайлы хабар лезде бүкіл қалаға таралды. Жұмысшылардың арасында ашу мен ыза өршіді. Соғыс созылған сайын халықтың күнкөрісі ауырлай түсті. Егер бұрын тоқушы мен иіруші күн сайын он бес сағаттан жұмыс істеп, айына тапқан он, он екі сомға жорға деп күн көрсе, енді азық-түлік пен киім-кешектің нарқы қымбаттаған соң, хал тіпті мүшкіл болып кетті. Фабрикаларда: «Ереуілге шығу керек, ереуілге шығу керек, басқа жол жоқ!» – деген сөздер көбірек естіле бастады.

Көктемде бір күні фабриканың жанынан өтіп бара жатып, Митя канауда жатқан көкшіл әріптермен жазылған қағазды көрді. Ол қағазды қолына алды.

---

[1] Ертеде қаланың сыртына салынған сауда-өнеркәсіп орындарын, қаланың шет жағын посад дейтін.

«Енді төзуге шыдам жоқ! – деп асығыс оқи бастады ол. Көз салыңдаршы біздің өмірге, қожаларымыз бізді қандай күйге жеткізді! Біздің осы итшілеген өмірден күтетін ешқандай жақсылығымыз жоқ! Жетер енді! Кезең келді!»

Бұл сонау бір кезде қаланың бұрыш-бұрышына таралып кеткен жасырын жарнамалардың бірі екенін Митя түсіне қойды.

«Өзіміз болмасақ, біздің сенетін ешкіміміз жоқ,– деп оқыды одан әрі ол.– Жақсы өмір жасауға ұмтылар уақыт жетті! Тастандар жұмысты, біздің ереуілші жолдастарға қосылыңдар!» Баланың көзі ең соңғы жолдарға түсті: «Жойылсын самодержавие! Жойылсын соғыс! Жасасын Россия революциясы!» Төменгі жағында мынадай түсініксіз сөздер бар еді. «РСДРП Солтүстік комитетінің Иваново-Вознесенск тобы». Митя қағазды жерге ақырын қойды да, жан-жағына алақтап, тез-тез басып үйіне қарай жөнелді.

12 майда күндіз күтпеген жерден фабриканың гудоктары айғайға басып, қаланы азан-қазан қылып жіберді. Фабрикалар мен заводтар бір-бірімен тілдесіп жатқандай болып көрінді. Завод қазандарының оты сөнді, тоқыма станоктары тоқтады, теміржол депосы қаңырап бос қалды, баспахананың терушілері жұмысты тоқтатты. Сөйтіп, Иваново-Вознесенскіде жұмыс мүлде тоқтап қалды. Мыңдаған жұмысшылар қалалық алаңға қарай ағылды. Мұнда бұрын-соңды болып көрмеген митинг басталды. Посадтағы саудагерлер дүкендерін асығыс жауып жатты.

– Қызыл қатардағылардың бәрі де дүкендерін жапты,– деп сыбырласты олар,– қалада көтеріліс болып жатыр, фабрикалар тоқтап қалды! Тонай бастамаса неғылсын...

Ал бұл кезде қалалық алаңда жұмысшылар жалынды сөздер сөйлеп жатты.

– Мыналар өздерінің дүкендері мен магазиндерін боска жапты, – деді ереуіл басшыларының бірі жиреніште, ызалы түрде сауда жаймаларын нұсқап. – Біз ұры, тонаушы, яки талаушы емеспіз, ешқашан да ешкімнің мүлкіне қол сұқпаған адал еңбеккерлерміз... Саудагерлер бізді өздеріндей көрмесін, жұмысшылар ондай емес екенін біліп қойсын олар... Жолдастар, біз – фабриканттар мен завод иелері әділетті талаптарымызды орындағанға дейін күресе береміз! Соған дейін жұмыска шықпаймыз!

– Дұрыс, Дунаев! – деп айғайлады көптің ішінен.– Рас, Евлампий. Шықпаймыз!..

Дунаевтан кейін орындыққа жағасы ашық қара сәтен көйлек киген, аласа бойлы бір жұмысшы шықты. Ол тіпті ызалана сөйледі:

– Айдауда жүргендей тынымсыз жұмыс істеп сөмпитеніміз жетер біздің! Жойылсын фабрика полициясы мен фабрика жанындағы түрмелер! Біз сөз бостандығын, баспасөз бостандығын, жиналыс бостандығын талап етеміз! Біз бұдан әрі аштыққа шыдай алмаймыз. Біздер ғой, бәрін де өз қолымызбен жасаймыз, сөйтіп тұрып және өзіміз аш-жалаңаш жүреміз! Біз онша көп еш нәрсе тілемейміз ғой осы: жұмыс күні сегіз сағат болсын, еңбекақы ең болмағанда жиырма сомға жеткізілсін, қулық-сұмдық штрафтар жойылсын дейміз!..

Қалалық басқарманың алдындағы алаңға күн сайын мыңдаған жұмысшылар жиналатын болды. Ереуілшілердің фабриканттар мен завод иелеріне қойған ортақ талаптары сонда жария етіліп, оны жиналғандар қызу қолдап отырды. Бұл талаптарды барлық фабрикалардан бөлінген өкілдер большевиктердің жәрдемімен жасап шығарды.

Көпестер мен фабриканттардың, чиновниктер мен полицияның зәре-құты қалмады. Жұмысшылардың қала ортасындағы күн сайынғы митингілерінен қорыққан билеушілер ереуілшілерге ереуілді тоқтатыңдар деді. Олар көп адам қатысқан жиналыстар көшедегі қозғалысты бұзады деген сылтау айтты. Осыдан кейін ереуіл басшылары жұмысшылардың жиналысын қаланың сыртында, Талка өзенінің жағасында өткізуге ұйғарды.

Қалада екі адамның басы қосылса болды, тек қана ереуіл мен Талкадағы жиналыстар жайын сөз етуші еді. Андрей Семенович балаларының ауладан бейсауат шығуына қатал тыйым салды. Ол әйелі мен Татьяна Степановнаға: «балалар көшеде селтеңдеп жүрмесін»,– деп қатты тапсырды. Бірақ балаларды үйде ұстап тұру мүмкін болмады.

Митяның көптен бері-ақ Талкаға жүгіріп барып қайтқысы келетін, өйткені өзен жағасындағы сан мыңдаған адамдар қатысқан жиналыстар жайында жолдастары оған талай рет кереметтей қылып айтып беріп еді. Ол әкесінен қорқатын, әйтсе де бұл қорқынышты баланың не болып жатқанын өз

көзіммен көрсем деген құмарлығы жеңіп кетті. Таңертең ерте тұрып вокзалдың сыртына шыққанда, Митя орманға қарай созыла шұбалған адам таскынын көрді. Жұмысшылар Ямы мен Рылихадан, станциядан, көрші деревнялардан, қала маңындағы үйлерден келіп жатты. Олар өзен жағасындағы кең көгалға сыймай, суды жиектей орналасты.

Кішкентай төбешікке шыға келген бала аңырып қалды: орманның шеті мен Талканың жағалауы арасындағы көз жетер жердің бәрі кісіге лық толы екен. Жарыса шыққан мыңдаған дауыстардың гуілі жаз күнінің әдепкі үндерін– жас жапырақтың сыбдыры мен құстың сайрағанын өктей басып, жоғары көтеріледі. Жұрттың түрегеліп тұрғаны да, ағаш түбірінде отырғаны да, шөптің үстінде жатқаны да бар, ал балалар ағашқа шығып кетіпті. Көптің ішінде жәрмеңкедегідей квас, папирос, нан сатушылар да жүр.

Орман күзетшісінің үйі жанында, Талка өзенінің жағасындағы көгалда көп адам тұр.

– Бұл біздің өкілдердің Советі, – деген дауысты есітті Митя. Бұрылып қарады да, ала орамал тарткан жас әйелге еңкейіп, қолымен жаңағы адамдарды нұсқап тұрған ұзын бойлы кісіні көзі шалды.

Алаңда тұрғандардың ішінен аласа бойлы төртбақ жігіт бөлініп шықты да, орманға қарай беттеді. Оның соңынан калғандары да қозғалды.

– Трифоныч! Трифоныч! – деген көтерінкі дауыстар естілді.– Сол сөйлейді қазір!

Осы бір есімді мейірлене айтқандарына қарап, жұмысшылардың бұл адамды білетінін, оған сенетінін, оның сөзін асыға күтетінін және әр сөзі оларға маңызды да қадірлі екенін аңғару қиын емес еді.

Жұрттың бәрі қадір тұтып «Трифоныч» деп атаған жас жігітті жақсылап көру үшін Митя да дүрліккен көппен бірге алға қарай ұмтылды. Ал Трифоныч болса бұл кезде сөз сөйлеу үшін үлкен күбіге лып етіп шығып алған еді. Басқа көп жұмысшылардай, ол да қара сәтен көйлек киіп, жіңішке белбеу буыныпты. Оның балғын да ашаң дөңгелек жүзі жылы. Ол қуанышты кездесу мен у-шудан қысылғандай ұяла жымиып тұр. Митя оған көз алмастан қарады. Трифонычтың көпті сүзіп өткен өткір көздері бір сәтке өзіне де тіктеп қарағандай болып сезіледі оған.

Күбіге шыққан соң Трифоныч жылтыр қысқа шашын сипады да, жұрттың назарын аударайын дегендей қолын басынан асыра жоғары сермеп қалды. Кең көгалдың үстінде тыныштық орнады.

– Жолдастар! – деген күмбірлеген жас дауыс естілді.– Бүгін Совет мынадай түйінге келді...

Трифонычтың сөзінің көбін Митя түсінбеді, біразын есті де алған жоқ. Бірақ шешеннің күресу керектігі жайында серпіле айтқаны және оның Иваново-Вознесенск ереуілшілеріне Шуя мен Тейконың, Южа мен Гродзиловтың тоқымашылары қосылды, қазір жетпіс мыңдай адам ереуіл жасауда деген сөздерін жұмысшылар қуана қарсы алғаны Митяның есінде қалды. Содан соң Советтің басқа мүшелері сөйледі. Олар өз фабрикаларындағы оқиғалар жайында айтты, қожаларға бірлесе әрі табанды қарсылық көрсетуге шақырды. Митяның үйге қайтатын уақыты әлдеқашан болған еді. Бәлкім, үйде оны іздеп әуре болған да шығар. Бірақ буырқанған, толқыған, шамырқанған жұмысшы көпшіліктің арасында бала бейнебір тылсым буғандай тұра берді.

... Кенеттен алғаш баяу, соңынан үйлесе де, күштірек те естіліп «Машинушка» деген жұмысшы әні шырқалды. Оған жүздеген дауыс қосылды. Митя өзіне бейтаныс әнге құмарта құлақ тосты және сөздерін бірте-бірте ажырата бастады:

Қатыгез патша, тебірен!
Мынау қайғы-жегіден
Құтыламыз – тынбаймыз.
Дауыл ұрған толқындай,
Серпіле сергіп жарқылдай,
Теңіздейін тулаймыз.

Ызалы ән асқақтап зорая берді. Енді мыңдаған дауысты хорға айналды. Айнала орман оған жаңғырыға үн қосты.

Көпес – фабриканттарды –
Сенің жалдаптарыңды
Ыдыратып бұлттай қуамыз,
Қиратып қастан торды да,
Жоқшылық, аштық орнына
Еркіндік, достық құрамыз.

... Ереуіл созыла берді. Фабрикалар, заводтар, шеберханалар үш аптадан бері токтап тұр. Жұмысшылардың семьялары аш, бірақ ереуілшілер берілер емес. Қожалар жұмысшылардың әділ талаптарын орындаудан, олардың болмашы ғана еңбекақыларын көбейтуден, адамның жұмыс істеуіне қажет жағдайларды аздап та болса жасаудан безере бас тартты. «Олардың жалақысына сокыр тиын қосқанша, ақшаны уыстап өзенге шашқаным артық»,– деп ашудан булыға, қып-қызыл болып айқай салыпты Гарелин деген фабрикант ереуіл кезінде Иваново-Вознесенскіге келген губернаторда болған қабылдауда.

Талкада мыңдаған адам қатысқан жиналыстар өтіп жатты. Совет басшылары – большевиктер Россияның басқа қалаларында жұмысшылар қалай өмір сүріп, күресіп жатқандығын айтты, патша үкіметі, чиновниктер мен полиция фабриканттармен сыбайлас екендігін түсіндірді.

Бұл күндерде жұмысшылардың бүкіл тіршілігіне бағыт берген өкілдер Советі болды. Ол біздің еліміздегі жұмысшылар депутаттарының ең алғашқыларының бірі еді. Ол фабриканттар өкілдерімен келіссөздер жүргізді, аса катты күйзелген жұмысшылардың семьяларына жәрдем көрсетті, ереуілшілердің рухын көтеріп, айбаттандыра түсті. Иваново-Вознесенскінің көшелерінде бұрын-соңды болмаған тәртіп орнады. Совет спирт ішімдіктерін сатуға тыйым салғызды, қалада мас боп жүрген жандар да, төбелес пен жанжал да болған жок. Совет құрған жасақтар фабрикаларды күзетті, жұмысшы патрульдері қаланың шеткері жақтарын карап жүрді. Бірақ қалада тынышсыздық өрши берді, өйткені билеушілер мен полиция ереуілшілерді қырып-жоюға астыртын даярланып жатты.

Ереуіл басталғалы төрт апта. Июннің тамылжыған жылы күндерінің бірінде полицмейстер Кожеловский бастаған казактардың үлкен отряды Фурмановтар пәтерінің қасынан Талкаға қарай шапқылап өтті. Көп кешікпей өзен жағасынан, орман жақтан у-шу, азан-қазан дауыстар, тасыртұсыр атылған мылтық даусы естілді. Митя вокзалға қарай жүгіре жөнелді. Ту сыртынан аткылаған казактарды қарғапсілеп, қолдарында қаруы жок жүздеген адамдар бері беттеп жүгіріп келе жатты. Қайсыбіреулері қарулы қарақшыларға қарсы соққы бермек болып, теміржол бойындағы топырақ

үйінділерінен тас іздеп, коршаулардан қазық суырып алып жатыр. Жараланғандардың сарнаған, бақырған дауыстары естіледі. Үрейі ұшқан бала үйге қарай жүгірді. Жұрттың бәрі дарбазалары мен терезе қақпақтарын жауып, бекітіп жатыр. Посад жым-жырт болып тына қалды.

Талкадағы айуандық әрекетке кектенген жұмысшылар қаланың шеткері жақтарында телеграф діңгектерін құлатып, қалалық полицмейстерлерді ұрып-соғып, олардың үйлерінің терезелерін қирата бастады.

Ямы жақта түнгі аспанда өрт жалыны алаулап көрінді, жұмысшылар Гандуриндердің тоқыма фабрикасына от қойған еді, бір кезде Фурмановтардың үйіне жақын жердегі Гарелиннің ағаш қоймасы да лапылдай жөнелді.

Айкай-шуға елегізген Митя мен Аркадий шатырға шықты да, бір-біріне жабысып, жүректері лүпілдеп, қоймадағы отынның, тақтайлардың, күзетшінің ағаш үйінің қалай ортеніп жатқанына қарап ұзақ отырды.

Фабриканттар мен патша чиновниктерінің Талкадағы қырғын атыс ереуілшілерді шайлықтырады, күрестен бетін қайтарады, жұмыска шығуға мәжбүр етеді деген дәмесі боска кетті. Тоқымашылар бұрынғыдан да берік топтасып, жолдастарын қырғынға ұшыраткандардың жазалануын талап етті. Губернатор халық кегінің айбарлы күшінен, жұмысшылардың күреске деген тәуекел шешімінен тайқақсымай коймады. Жендет полицмейстер Кожеловский орнынан түсірілді. Ереуілшілер Талка бойына тағы да жиналды. Ереуілдің алғашқы күндеріндегідей, митингіге қырық мың адам келді. Ереуіл созыла берді...

Посадта, мещандар арасында өссе де, небәрі он төрт жаста ғана болса да, Митя Фурманов қаладағы баска адамдар сияқты Иваново-Вознесенск жұмысшыларының ерлік күресі немен тынғанын білді.

– Билік орындары фабриканттарды қорғап, жұмысшыларға қарсы шығу үшін бәрін істеуде! – деп ашына сөйледі окілдер Советінің адамы ереуілшілердің сан мың адам катыскан соңғы жиналысында.– Қалаға көп әскер келді. Ереуіл біздің күш-жігерімізді саркып бітірді. Жәрдем күтер жер жоқ. Ереуіл тынды, бірақ біз, жолдастар, екі айдан астам күрестік – жаман да күрескен жокпыз. Ашыққанымыз боска кеткен жоқ... Айкасып алмақ болғанымыздың бәріне

бірдей қолымыз жетпей-ақ қойсын, бірақ біз жұмыска жеңілмеген қалпымызда оралғалы отырмыз. Бұл күресте біз шыңдалдық, өстік. Ереуіл бізді топтастырды және егер тізе қоса қимылдасақ, керемет күшті екенімізді әркімге-ақ көрсетті...

Үш ай уақыт өтті. Россияны қамтыған біртұтас саяси ереуілден қаймыққан патша 1905 жылдың 17 октябрінде манифест жариялап, халыққа «азаматтық бостандықтың мызғымас негіздерін» беруге жалған уәде етуге мәжбүр болды. Патшаның манифесіне байланысты Иваново-Вознесенскіде қалалық басқарманың жанында митинг жиналды.

Көпке ерген Митя мен Аркадий алаңға келгенде, күн кешкірген еді. Шіркеуден бастап приказчиктер клубына дейін созылып жататын жотаның үсті адамға лық толы болатын; күзгі қою қараңғылықта факелдің оттары жарқырап, оның сәулесінен қызыл жалаулар, «жасасын азаттық» деген сөздер жазылған плакаттар, адамдардың алабұрткан жүздері айқын көрінеді.

Митингінің председателі етіп қарт тоқымашы, большевик Афанасьевті сайлады. Жұмысшылар оны аса құрметтеп, «Әке» деп атайтын еді. Факелдің әрлі-берлі шалқыған жалыны Афанасьевтің әжім айғыздаған жүдеу өңін, сәл тікірейген бурыл мұртын, ақ кірген ұзын сақалын, таякка сүйенген қағілез денесін анық көрсетіп тұр.

– Жолдастар! – деп баяу бастады Әке, бәрі де тым-тырыс бола қалды.

Қарт жұмысшы самодержавиені халықпен санасуға мәжбүр еткен революциялық қозғалыстың күш-қуаты жайында айта келіп, патша манифесі – жалған, сенгіш адамдарға құрылған тұзақ екендігін ескертті.

– Патшаның жалған уәделеріне сенбеңдер, – деді Әке, – самодержавие құламай, халық шын бостандық ала алмайды!

Бұл күндерде кеуделеріне қызыл шүберек қадаған көтеріңкі көңілді мыңдаған жандар қала ішінде топ-топ болып жүріп, көшелердің айқасқан жерлерінде өтіп жатқан митингілерде сөйлеген шешендерді тыңдаумен болды. Бірақ полиция, жандармдар, казактар жұмысшылардың ту сыртынан ызалана аңдып, қырып-жоюға шақырған дабылды күтті.

Жұмысшылар демонстрациясы 22 октябрьде революцияшыл өлеңдер айтып, Талкаға беттеді. Фурмановтардың үйінен онша ұзамай-ақ вокзалдың тұсында оларды дүкеншілер, ет сатушылар, басқа киім киген қалалық полицмейстерлер қуып жетті. Патшаның суреттерін көтере ұстап, қоркыта-үркіте айқайлап келеді: олардың соңынан казак взводы келе жатыр. Қара жүздіктің[1] соңында казактар барын байқаған жұмысшылар біртіндеп тарай бастады. Сол қиқу сала айқайлаған казактар қылыштарын жалаңдатып, қамшы үйіріп, баса-көктеп, жұмысшыларға тап берді.

Демонстранттардың қатарында тек большевиктер ғана қалды. Олар қызыл туды асқақ көтеріп, корыкпастан ілгері баса берді. Соңдарына ілесіп, қоркаулар құсап қара жүздік жылжып отырды. Жұмысшылар Талкадан әрі өтіп, орман шетіндегі күзетші үйінің қасына келіп тоқтады. Жазалаушылар коярда-коймай боқтап, қоркытпақ болып айқайлап өзенге таяп келді. Кенеттен, ешкім ойламаған жерден Федор Афанасьев көпірге қарай тез қадам басты. Әке құтырған бандиттерді адамшылық сөзбен тоқтатпақ болған екен. Бірақ олар боқтап, ұрсып шалға тарпа бас салды да, сүйменмен ұрып жығып, аяқтарымен таптап, тепкілей бастады. Осының бәрі әп-сәтте бола қалды.

Трифоныч болысуға ұмтылайын деп еді, бірақ жолдастары жібермеді: мас болып желігіп алған банда мен казактарға ол да, тіпті мынау қарусыз бірнеше кісі де не істей алмақ.

Көгал қаңырап бос қалды. Жазалаушылар жан-жағына жалтақтап қарап, қашып барады. Казактар қалаға қарай шапқылай жөнелді. Мына сұмдықты көріп, ашу қысқан жолдастары Әкенің жансыз денесінің жанында мелшиіп тұр.

Талкадағы кісі өлімі жайлы хабар бүкіл қалаға сол кештеақ таралды. Митя түнде ояна келсе, жұмысшы шалды қалай азаптап өлтіргенін шешесі даусы дірілдей шығып, әкесіне айтып жатыр екен.

Ал ертеңгісін Иваново-Вознесенскіде қырғын басталды. Полицияның айтақтауымен мас бандалар жұмысшыларға тап берді, «ереуілшілерді» іздеді, әйнектерді сындырып, үйлелдер мен балаларды соққыға жықты. Сөйтіп, полиция мен көпестер, фабрикантгар уақытша жеңіп шықты...

[1] Революциялық козғалысты басу үшін патша полициясының қолдауымен құрылған жазалаушы жасақтарды қара жүздіктер деп атаған.

Фурмановтардың семьясы 1905 жылдың революцияшыл оқиғаларынан қаншама оқшау тұрса да, ұлы да зор сол бір оқиғалар жас баланың жан-жүрегінде ұмытылмастай әсер қалдырды. Рас, ол кезде Митя бұл оқиғалардың шын мәнісі мен маңызын түсіне алмады. Ал көп нәрсені ол тіпті білмейтін де еді.

Сол кезде ол жұмысшыларды самодержавиеге қарсы күреске бастаған большевиктер жайында да ештеңе білмеді. Жаздыгүні Талка бойында сөз сөйлеген жалынды шешен Трифоныч – Иваново-Вознесенскідегі большевиктік ұйымға басшылық еткен лениншіл профессионал революционер Михаил Васильевич Фрунзе екенін де сол кезде ол білмеді және біле де алмайтын еді. Әрине, осы бір тамаша адам оның өз өміріне ерекше әсер етіп, ең жақын, қадірмен кісісі болады деген ой онда Митяның қаперіне де кірген жоқ.

Өзі куәгер болған оқиғалар Митяға шын мәнісін танытып, өмірді жаңаша көрсетуі үшін және Октябрь революциясы жылдарында бірден-бір дұрыс жолға түсуіне жәрдемдесуі үшін әлі де талай жыл уақыт керек еді. Кейін, жазушы болған соң, сол бір айбарлы күндерге Дмитрий Фурманов өзінің «Талка», «Әкені қалай өлтірді» деген очерктерін арнады.

Төртінші тарау

АЛҒАШҚЫ ОЙЛАР

1905 жылғы жазда Митя Фурманов қалалық училищені бітірді де, августа Иваново-Вознесенскінің Сауда мектебіне түсті. Аркадий бұл мектепті бітіруге таяп, кеңсеге қызметке тұрмақ болып жүрген. Дмитрийді де сол күтіп тұр еді.

Балаларын ұзақ оқыту Андрей Семеновичке қиын болатын. Бірақ өз өміріндегі шырғаланның бәрі шала сауаттылығынан, мектеп есігін ашпағандығынан деп санайтын ол балаларына білім беруге барынша тырысып бақты. Балаларының болашағы алаңсыз болуы үшін ол қолынан келгенді аямады.

Сауда жайлы ғылымды үйренуге Митяның ешқандай ынтасы жоқ еді. Көңілсіз мектептен кейінгі оның бар ермегі

кітап оқу болатын, кітап оны қуанышқа бөлейтін. Ол Пушкин мен Лермонтовтың өлеңдерін, поэмаларын, Тургенев пен Григоровичтің повестерін, Лев Толстойдың әңгімелерін қайта-қайта оқыды. «Аңшының жазбалары» мен «Мұңды Антонды» Митя әсіресе көп оқыды және бұлар оның ең сүйікті кітаптарына айналды. Сол кітаптардан ол бар өмірі еңбек етумен өтетін қарапайым жандарға деген ықылас, іш тарту тапты. Енді ол кітапты басқаша – зер сала, байыппен оқитын болды. Ол өмірдің мағынасы жайында толғанып, біреулер неге ешбір алаңсыз тіршілік етеді, ал енді біреулер неге азап шегеді деп ойланатын жасқа жеткен еді.

Фурмановтардың семьясындағы тіршілік бұрынғы бір айнымас күйінде өте берді. Кенже балалары оқиды. Шешесі мен күтуші кемпір шаруаны жайғастырады. Соня арнаулы қыздар мектебінде оқиды және үйде шешесіне қолғабыс тигізеді. Сенбі және жексенбі күндері бүкіл үй ішімен шіркеуге барады. Ал Аркадий мен Митя бұдан қобіне бой тартатын да, әкесі оларды көндірумен болатын. Күздігүні қалада жәрменке болғанда, Андрей Семенович цирк артистерінің қызық ойындарын барып көруі үшін балаларына билет сатып әкелетін, оларды құймақ пісіріп сататын жерге ертіп апаратын, әртүрлі сыйлықтар әперетін. Ал мереке күндері үйге жастар жиналушы еді.

Митя он жетіге шықты. Енді оның достарының ішінде Сауда мектебіндегі жолдастары ғана емес, гимназияда, реалдық училищеде оқитын жігіттер мен қыздар да болды. Дмитрий өзі сияқты солардың да кейбірі мещандар арасындағы өмірден жалыққанын, бірақ одан шығар жолды таба алмай жүргенін байқады. Әйтсе де ондайлар көп емес еді. Оның құрбыластарының көбі болашақ жайында ойланбайды немесе қолайлы жерге орналасып алуды, «кісі қатарына кіруді», мансапқа жетуді көздейтін. Жігіттер чиновник немесе офицер боламыз деп дәмеленсе, қыздар жақсы күйеу тауып алуға тырысатын.

Қыстыгүні Дмитрий Наташа деген гимназисткамен танысты. Көктемгі кештерде олар жиі-жиі Граф бағына барып жүрді, жолды өрлеп ұзақ қыдырды немесе тыныш аллеядағы орындыққа отырып алып, әңгіме шертісті. Кейде Митя сырласып, әкесінің мінезі қатал екенін айтқанда, оған Наташаның жаны ашитын. Наташаның да әке-шеше

шырмауынан шыққысы келетін: ол өзімен-өзі болып, камсыз да көңілді өмір сүруді арман етті. Ал жас жігіттің алабұртқан тілегі мен күдігі оған түсініксіз, жат еді.

Кейде Дмитрий қызға өзі оқыған кітаптарынан алған әсерлерін, өмір жайлы ойларын айтатын.

Бірде ол назаланып былай деді:

– Тек ақшасы барлар ғана дәурен сүре алады деген рас па осы? Өмірдегі ең маңызды нәрсе тек байлықты көздеу ғана болғаны ма? Басқа да жандар бар емес пе, біз солар туралы оқып жүрміз ғой! Өз Отанының азаттығы үшін алысқанда ақша жайын ойлап па еді Инсаров? Ал Чацкий ше? Байлықты емес, ақыл-ойды бағалаған ол! Осының бәрі тек кітапта ма? Ал Рылеев ше? Пушкин ше? Лермонтов ше? Ал біз осы Ивановоның батпағынан шыға алмақ емеспіз бе? Менің өмір бойы кеңседе отыруым, ал сіздің көпеске немесе бір кезбе офицерге әйел болуыңыз керек пе?

Наташа үндеген жоқ, тек сәл күлімсіреді де қойды.

– Сіз менің айтқанымды жақтамайсыз ба? – деп қайталап сұрады Дмитрий. – Неге жауап қатпайсыз? Сіздің өміріңіздің де онша жетісіп тұрмағанын мен білем ғой. Меніңше одан құтылудың жалғыз-ақ амалы – күйеуге тию болмаса керек! Шынымен-ақ сізді күйеуге тиген құрбыларыңыздың өмірі қызықтырғаны ма?

– Ал енді философияға әбден беріліп кеттіңіз, Митя! – деп күлді Наташа.

– Одан да қыдырайық....

Наташа орындықтан тұрды.

Дмитрий аңырып Наташаға қарады. Бұл қыз жаңа өзі іштей мансұқ еткен өмірге шынында да құштар екенін ол бірден ұқты. Енді ол қыздың соңына еріп, парктен шығуға бет алды.

Сол жылы жаз өте ыстық болды. Июльдегі ыстық күн күйдіріп барады. Талқаға жүгіріп барып шомылғың, не болмаса орманның қоңыр салқын қойнауында ұзақ саялағың келеді. Бірақ Сауда мектебінде соңғы емтиханын тапсырған Дмитрий оқулықтарға қайта үңілді, себебі ол гимназияда немесе реалдық училищеде одан әрі оқи беруге белін бекем буған еді.

Баласының одан әрі оқуына Андрей Семенович қарсы болған жоқ. Митяның кейбір жолдастары коммерциялық

училищеге түсті. Ол «сауда дүниесіне» жол ашатын еді. Дмитрий ол жайында ауызға да алған жоқ. Өйткені мына бір көңілсіз жай оның көз алдында: ағасы Аркадий Сауда мектебін бітіріп, кеңседе құшақ-құшақ есеп-кисап қағаздарын қарап сарылып отыр; ал оның фабрикаға барғысы, қызу іске араласқысы келіп еді; ол өндірісте қызмет істеу ниетімен матаны бояп, әшекейлеуді үйрететін мектепке түсуді арман ететін. Дмитрий Аркадийдің көңілін қайталамауға әбден бекінді. Ол көп білім алуға, өзі мектепте-ақ ұнатқан тарихпен, әдебиетпен, шетел тілдерін оқумен шұғылдануға тырысты. Коммерциялық училищеге барып, тағы да іш пыстырар бухгалтерияны, товар өткізуді, коммерциялық арифметиканы шұқылап отырмақ па? Жоқ, ол бұған көнбейді, бәрібір коммерсант болмайды.

Өзі шаруа тегінен шыққан Андрей Семенович гимназияның есігі баласына жабық екенін түсінді: жұмысшылар мен шаруалардың балаларын онда жібермеуге тырысатын. Олардың реалдық училищеге түсуі де оңай емес еді. Емтиханда әрнені ілгешек етіп, қабылдауға қайдағы бір кедергілер тауып қоятын. Сөйтсе де Андрей Семенович балам бағын сынап көрсін деп бекінді.

Дмитрий Иваново-Вознесенскінің реалдық училищесінің бесінші класына даярлана бастады. Күзде оның жолы болмады: ол жаксы-ақ дайындалып еді, бірақ емтиханда оған шариғат пен математика сабағынан нашар баға қойды. Содан кейін ол іле Костромаға барды, бірақ Кострома училищесінде де оның жолы болмады.

Баланың әбден салы суға кетті. Баласының даярлығына да, Костромаға баруына да ақша аямаған Андрей Семенович Митяға келесі жылы Кинешма реалдық училищесіне түсуге талпынып көруді ұсынды.

– Ұнжырғаң түспесін, Митяй,– деді ол баласын еркелете сөйлеп.– Екі рет бағымызды сынадық, үшінші рет тағы да байқап көрелік. Дмитрий емтиханға тағы да жан сала даярлана бастады. Ол қыс бойы дем алмастан сабақ оқыды.

Ақыры 1909 жылдың августында Дмитрий Фурманов Кинешма реалдық училищесінің бесінші класына қабылданды. Вокзалға оны бүкіл үй іші болып шығарып салды. Аттанарда баласын қолапайсыз құшактап тұрып, Андрей Семенович оған ақырын ғана былай деді:

– Мынау ақшаны алғаш орналасып алғанынша жұмса. Кейін шамам келгенше ай сайын тағы да ақша жіберіп тұрармын.

Бірақ Дмитрий іштей өз бетінше күн көруге бекінді. Өз бетінше өмір сүретін, семьяға көмектесетін уақыт болған еді. Қысыла тұрып ол әкесіне осыны айтты.

Кинешмаға Дмитрий келген соң Солдат көшесінде, Голубевтардың шағын үйіне орналасты. Әдепкіде ол жалғыз тұрды. Осы бір алыстағы бейтаныс қалаға ол алғашқыда үйренбей, туған-туыскандарын сағынып, үйін аңсап жүрді.

Көбіне ол таңертеңгілік уақытта жым-жырт көшеге ойлана көз жіберіп, терезенің алдында едәуір тұрушы еді. Терезеден Еділдің кішкентай бір саласы – Козоха өзені айқын көрінетін. Жағада өскен жатаған ағаштар қалғып кеткендей, қыбыр етіп қозғалмайды, салбыраған бұтақтары суға төніп тұрады. Ал өзеннің арғы жағындағы үйлердің үстінде шұбалған ертеңгі түтін ауаға ақырын тарап жатады. Иін ағашқа іліп алған шелектеріндегі суды төгіп алмайын дегендей, абайлап басып, жым-жырт көшені бойлап, құдық жақтан келе жаткан әйелдер көзге түседі. Алғашқы балалық жылдары өткен Середада да ертеңгілік осылай басталатынын Дмитрий еміс-еміс есіне түсіреді.

Бірақ жалғыздық сезімі өзінің іштей азат, тәуелсіз болғандығын түсінген ерекше бір тәтті де жаңа сезіммен араласты. Енді өлеңдерім – ол енді өлеңді жиі-жиі жазатын еді – әлдекімнің қолына түсіп қалып, мазақтап жүрмесе неғылсын деген түйткілден құтылды. Татьяна Степановнаның: «Ұйықтасаңшы жаркыным!» – деген күңкілін есітемін-ау деп қорықпай, кешкісін ұзақ кітап оқуға әбден болады.

Дмитрий қабырғасына қызыл қағаздар жапсырылған өзінің шағын бөлмесін ұнатушы еді. Онда жақсылап ойға шомуға да, сабақ даярлауға да, тыныгуға да қолайлы болатын. Ол бөлме ішін өзінше жинастыруға тырысты. Қабырғаға сүйікті жазушыларының суреттерін іліп қойды, солардың ішінде Лев Толстойдың да бірнеше портреті бар еді.

Училищеде Дмитрий терезе түбіндегі арткы парталардың бірінде отырды. Ол өзінің көршісі Володя Румянцевпен бірден-ақ достасып кетті. Екеуі де киялшыл болатын, екеуі де өлеңді жақсы көретін және бірінен-бірі жасырып, екеуі де

кит етсе өлең жазатын. Бірақ достығы кейде екеуінің шекісіп қалуына бөгесін болмайтын: Дмитрий партада тәртіп болуын, оның үстінде басы артық нәрсе, жазу болмауын талап ететін. Ол кітаптарын ылғи қағазбен тыстап, қарындаштарын сүпсүйір етіп ұштап қоятын. Сондықтан да самарқау Володяның салақтығы оның ызасын келтіретін.

Дмитрий ең озат шәкірттердің қатарында болған жоқ. Бірақ өзі ұнаткан және қызыға шұғылданған сабақтары – әдебиет, тарих, жаратылыстанудан оның бағалары жақсы еді. Класта ол жалпы зеректігімен, білімділігімен, өз пікірін жақтап шығуға икемділігімен көзге түсті. Ал жолдастарымен ол оңай үйлесті және өзінің артықшылығын көрсетпеуге тырысты.

Үзіліс кезінде коридорда, мектеп ауласында шәкірттер секіріп, күресіп, шуласып ойнайтын. Дмитрий кластағы таңдаулы гимнаст, күшті, сұңғақ бойлы Лев Шорниннен қай жағынан да қалыспайтын. Екеуін спорт ойындарына құштарлық табыстырған еді.

Дмитрий Фурманов, Лев Шорнин, Владимир Румянцев үшеуі ылғи бірге жүретін. Олар училищеден бірге кететін, бірге қыдыратын, сабақты бірге отырып даярлап, оқығандарын ортаға салып, пікір таластыратын. Жастар кластағы сабақты мүлде тұтпады. Олар мұғалімдеріне қарағанда әдебиетті жақсы білді, өмірді де тереңірек түсінді. Олар реалдық училищенің сұйқылт программасы беретін көлемнен артық білуге тырысты.

Достар октябрьдің ашық күндерінде Еділге баруды ұнататын. Олар күзде қара қошқыл боп жатқан өзенге, алыстан қарауытқан орманға, зымырап көшкен бұлттарға үнсіз көз тігеді. Кенеттен біреуі баяу тақпақтап оқи бастайды:

Қырға шығып, көзің салшы Еділге –
Ұлы өзенде зарлайтын кім егіле!
Сол бір мұң-зар жыры болып естіледі –
Бурлактардың өмірінің жегідей...

Сөйтіп, Некрасов жайлы, оның халыққа деген махаббаты жайлы әңгіме басталады. Некрасовтан Пушкинге ауысады, поэзия туралы, оның қоғамдық қасиеті туралы талас қызады.

Дмитрий жолдастарына өлеңдерін өзі таяуда ғана оқыған декабрист – ақын Рылеев жайында айтады, оның патриоттық «ойларының» тұтас шумақтарын жатқа соғады, ақынның қайсарлығына таңырқайды.

Олар театрға баруды, әсіресе Островский пьесаларының спектакльдеріне баруды ұнататын. Әдетте спектакльден кейін үшеуі жаңа ғана көрген пьесаны сөз етіп, актерлердің ойынын тамашалап, құлазыған қараңғы көшеде ұзақ уақыт бойы жүретін.

Островскийдің «Нажағай» атты тамаша драмасын олар бірнеше рет көрді. Катеринаның қайғылы образының ішкі қуаты, оның «қараңғы патшалыққа» деген кекті қарсылығы оларды таңғалдыратын.

Тіл-әдебиет мұғалімі Федор Федорович бірде сабақ үстінде Островский Кинешмада жиі-жиі болып тұрғанын, оның пьесаларының кейбіреулерінің геройларынан Кинешма көпестерін тануға болатындығын айтты. Көпестердің үйлерінің жанынан өтіп бара жатып, Дмитрий мен оның жолдастары, бәлкім, мұнда, қақпалары тарс жабылған биік коршаудың ар жағында әлдебір бейтаныс Катерина дәл қазір қайғылы халге душар болып жатқан шығар деп ойлайтын.

Пьесалар туралы бұл әңгімелесулер, әдебиет жайындағы айтыстар, ұнатқан өлеңдерді оқу бірте-бірте әдетке кіріп, қажетке айналды. Айтысқа басқа шәкірттер де аздап араласа бастады. Шағын ғана әдеби үйірме осылай құрылды; кешікпей оған таныс гимназист қыздар да келетін болды, олар да шеткері қаланың қызығы аз, меңіреу өмірінен жалығатын. Жастар әркайсысының үйінде алма-кезек жиналып жүрді.

Енді үйірмеде өлең оқумен ғана тынбай, сүйікті шығармалар жайлы әңгімелесетін де болды. Алдымен Дмитрий, одан кейін басқалары да Белинскийдің, Добролюбовтың, Писаревтің есімдерін ауызға алатын болды. Революцияшыл демократтардың мақалалары жастарға жаңа дүниенің есігін ашты. Дмитрийді әсіресе Белинский еліктірді.

Фурманов мектептің кітапханасын місе тұтпады, ол енді қаладағы жалғыз ғана кітап дүкеніне жиі-жиі баратын болды. Дүкеннің иесі жас жігіттің әдебиетті таңдап алуына жәрдемдесті. Дмитрий талай сағат бойына жайманың ішін ақтарып, сатымен өрмелеп, жоғарғы қатарларға шығатын. Өзін қызықтырған кітапты ойланып жатпастан-

ық сатып алатын, соған бола өзін көп нәрседен тежеуге тура келетіндігіне қарамайтын. Бірте-бірте оның этажеркасы мен столының үстіндегі кітаптар қалыңдай берді.

Тіл-әдебиет мұғалімі жаңа шәкіртті бірден байқады, оның әдебиетке деген құштарлығын сезді. Қарт педагог Дмитрийдің қайтарған жауаптарын зер сала тыңдап, оның жазба жұмыстары мен шығармаларын мысалға келтіретін. Шәкірттері әдеби үйірме ұйымдастырғанын білген соң, ол Фурмановтың үйіне келіп, үйірмеде не оқитынын, шығармаларды қалай талқылайтынын байсалды түрде сұрай бастады.

Бірде Аркадий Кинешмадағы інісіне қонаққа келді. Ол Дмитрийдің үйінде мұғалімі барын көріп, қайран қалды. Федор Федорович кеткеннен кейін Митя ағасына бұл өлеңінің сүйікті мұғалімі екенін, мұнда әрдайым келіп тұратынын мақтана отырып айтты.

Аз уақытқа келген Аркадий інісін қызыға байқады. Дмитрий көрінеу есейіп, қатты өзгеріпті. Аркадий оның зер сала, көп оқитынын және оның үстіне өзі де сабақ беретінін көрді. Көпестердің тоғышар балаларын оқыту Дмитрийдің уақытын алатын; бірақ бұл оның өзін еркін сезінуіне және әкесіне берген уәдесін орындауына мүмкіндік жасады.

Ұйқыға жатар алдында Дмитрий парақтары сызықпен бөлінген үп-үлкен кеңсе дәптеріне әлденені байыптап жазады. Мұны қызық көрген Аркадий інісінен не істеп жүргенін сұрады.

– Бұл менің күнделігім,– дей салды Дмитрий. Ол ағасының көзқарасында үнсіз сұрақ барын сезді де, былай деді:

– Егер қаласаң, көре ғой.

Аркадий күнделікті ашып, бастапқы жазуды оқи бастады:

«... Өзім туралы неге повесть жазбаймын мен? Мен өлең жазамын, әдебиетпен әуестенемін... Өзімнің болашағыма мен байсалды көз тігемін... Неге екенін білмеймін, маған былғы жазушы және сөзсіз ақын боламын деген ой келе береді...» Осы сөздердің үстінде ұқыпты етіп жазылған «1910 жылдың 26 июні» деген жазу бар еді.

Дмитрийдің Кинешмада бастаған күнделігіндегі жазудың бәрі оның ұзақ жылдар бойына өзімен-өзі ашық та батыл сырласуы еді. Реалдық училищенің ешкімге белгісіз шәкірті болған кезден бастап, азамат соғысының айбарлы

сындарынан өтіп шыққан атақты Чапаев дивизиясының комиссары Дмитрий Фурмановтың совет әдебиеті негізін қалаушылардың біріне айналғанға дейінгі өмірі оның осы күнделігінен айнаға түскендей анық көрінеді.

Ол көрген-білгенін, ойына түйгенінің бәрін тәптіштеп жазып жүрді. Мектепте оқыған сол бір жылдарда Дмитрий күнделігіне Рылеев өлеңдері жайлы ойларын, Бестужев-Марлинский романдарына берген бағасын, Тургенев туралы пікірлерін, көрген спектакльдерден алған әсерін, өзінің сүйікті жазушысымен іштей қалай сырласқанын жазып қоятын еді. Осылардың арасында мектепте әдебиет сабағынан жазатын шығармаларға арналған ескертпелері де жүретін. Әсіресе Белинский еңбектерінен көшірілген үзінділер көп болатын. Сол жылдардағы жазбалардың ішінде туыстары мен таныстарына жазған хаттарының бастапқы нұсқалары, көптеген өлеңдер, қара сөзбен жазылған шағын нәрселер – Фурмановтың жас шағындағы тұңғыш очерктері де бар еді.

Өзін болашақта әдебиетке бағыштаймын деген ойға Дмитрий әрдайым оралып отырған. 1910 жылғы 2 августа ол былай деп жазып қойды:

«Мен өз жазғандарымның ішінен ойдан алынған жалған атаулының бәрін мүмкін қадарынша шығарып тастауға тырысамын. Реалист жазушы болу әрі ұлы, әрі пайдалы іс».

Бесінші тарау

БҮЛІКШІЛІК

Училищеде үзіліс бітуге тақалған кез. Жетінші класс оқушылары химия сабағынан тәжірибе жасау үшін лабораторияға у-шу болып кіріп жатыр. Тәжірибе сабағын балалардың бәрі де жақсы көретін, өйткені мұндайда партада тырп етпей отырудың қажеті жоқ, өзара сөйлесуге де болады, сондай-ақ тәжірибе жасаудың өзі бір қызық нәрсе. Сол күні лабораторияда балалар у-шу болып жатты. Мұғалім тапсырма беріп, кластан шығып кетті де, сабақ онсыз өте берді. Тәжірибе жасап жатып, балалар бір-біріне су шашты, ән салды, мәз-мәйрам болып күлісті.

Коридорда хат тасушы өтіп бара жатыр еді. Шуды естіп, класты ашып қарады да, ол жаратпай басын шайқап, ештеңе айтпастан есікті жапты.

– Мынау оңбаған өсекші барады да, химикке шағым жасайды! – деді Лев Шорнин.

Расында да, бірнеше минут өткен соң коридордан таныс жүріс естілді де, бөлмеге химия мұғалімі кіріп келді.

– Не болып жатыр мұнда? – Ол табалдырықтан аттай бере айғай салды.

– Немене, базарда жүрсіңдер ме?

Класс іші тым-тырыс бола қалды. Мұғалімге Дмитрий Фурманов тіл қатты:

– Біз ештеңе бүлдіріп жатқан жоқпыз, Александр Александрович. Сіз неге ашуланасыз? Біз жұмыс істедік... Рас, ептеп шуладық...

– Ештеңе бүлінген жоқ дейсің, ә? – деп мұғалім Фурмановтың сөзін кілт бөліп жіберді.

Дмитрий ақырын жымиып, мынаны айтты:

– Біз көңілді жастар емеспіз бе, оның несі жаман?

Ашуға булыққан мұғалім:

– Сіз өзіңізді жөндеп ұстай алмайсыз, Фурманов! Шығып тұрыңыз кластан! – деп айқайлап жіберді.

Лабораториядағылар тым-тырыс боп тына қалды. Тіпті киім ілетін бөлмедегі есіктің жабылғаны да анық естіледі. Дмитрийдің жүзі сұрланып сала берді. Ол бойын тік ұстап, басын шалқайтты да:

– Шықпаймын. Менің ешбір жазығым жоқ, – деді.

– Ал мен бұйырамын! Шығып тұрыңыз бөгелмей! – деп ақырды әбден ыза болған мұғалім.

– Мені неге қуасыз, себебін айтсаңызшы? – деп Дмитрий орнынан қозғалмай тұрып алды.

Кластағылар әбігерленіп, Фурмановтың ту сыртында балалардың күбір-күбір сөйлесе бастағаны естіліп тұрды.

– Тайып тұрыңыз! – деп, мұғалім аяғымен жер тепкілеп, тағы да айқайлады.

– Шайтан білсін мұның не екенін! Мынау бүлікшілік қой!

Дмитрий басын шалқақ ұстаған бойы, мұғалімнің көзіне қадала қарап, қозғалмастан тұра берді. Мұғалімнің дөрекілігі оның намысына тиді. Әкесі айғайлап ұрысқанда да, тіпті қол көтергенде де Дмитрий үндемейтін. Намысына тигенімен,

әкенің аты әке ғой. Ал кәзір мүлдем басқаша. Рас, сабакта шуылдауға болмайды. Бұл жағынан ол өзін кінәлімін десінақ, ал біреудің өзіне айқайлап ұрысқанына ол төзе алмайды.

– Шыкпаймын,– деді Дмитрий ақырын, бірақ анық сөйлеп.

Мұғалім кластан шыға жөнелді. Оның коридорда жүгіре басып кетіп бара жатқаны естіліп тұрды. Шәкірттер Фурмановты коршап алды.

– Жасканба, Митяй... Біз сені жалғызсыратпаймыз, колдаймыз,– деп жарыса сөйледі олар.

– Балалар, жүр, үйге қайтайық! Кетеді екенбіз – бәріміз бірге кетейік! – деп әлдекім катты дауыстап жіберді.

– Дұрыс-ақ! Жүр, кеттік! – деп шу ете түсті балалар.

Бәрі де шыны ыдыстар мен түтіктерді стол үстінен асығыс жинастыра бастады. Класка күтпеген жерден инспектор кіріп келді, ал оның соңынан химия мұғалімі енді. Инспектор Фурмановтың қасына төніп келді де, кластан жедел шығып тұруды талап етті. Дмитрий ең алдымен оны кластан неге куатындығын айтуды өтінді, даусы биязы болғанмен, оның талап етіп тұрғаны бірден-ақ анғарылғандай еді. Сол сәтте химия мұғалімі инспекторға бұрылып, Фурманов барып тұрған дөрекі шәкірт, ол тіпті педагогка дүрсе коя беруден де тайынбайды екен дегенді айтты.

– Мен оның тәртіпсіз екенін сабырлы түрде айттым, ал ол...

– Бұл жалған! – Оның сөзін Дмитрий катты дауыстап бөліп жіберді. – Егер сіз менімен сабырлы түрде сөйлессеңіз, егер менің кінәмды түсіндірсеңіз... Ал сіз айқайладыңыз, сөктіңіз мені, ештеңе тыңдағыңыз келмеді...

– Фурманов рас айтады! – деген ызалы дауыстар естілді.

Бірақ инспектордың мән-жайды білгісі келген жок.

– Бөгелместен шығып тұрыңыз кластан! – деп катал да өктем дауыспен әмір етті.

Дмитрий жалт бұрылды да, кітаптарын жинастырып алып, тез-тез басып шығып кетті.

Инспектор кластан кетісімен-ақ, шәкірттер мұғалімінің сырт жағымен лабораториядан бір-бірлеп шыға бастады. Қаңыраған класта химия мұғалімі жападан-жалғыз қалды.

Училищенің ауласында жолдастары Дмитрийді куып жетті. Олар бұл іс енді немен тынар екен дегендей асып-

сасып көшеге шықты. Дмитрий үндемеді. Ол басқалардан гөрі көбірек сескенген еді, бірақ соны сездіргісі келмеді. Бір жағынан ол болған оқиғаға разы да: өзін қорқытып-үркіту оңай еместігін көрсете алды. Ең бастысы, өзін басқаның қорлауына жол берген жоқ. Жолдастарының бірге кетіп қалғаны да мұндай жақсы болар ма.

Дмитрий біреулер жүріп шыршықтап тастаған қардың үстімен жай аяңдап, басқалардан сәл алда келе жатыр. Достықтың күшін ол тұңғыш рет шындап тұрып ұқты да, бағалады да.

«Егер ит болмай, опасыз болмай, жақсы жолдас болсаң, онда сені жапа-жалғыз қалдырмайды, болысады», – деп ойлады Дмитрий.

Үйде жалғыз қалған соң, ол әрлі-берлі жүрді, терезенің түбіне келіп отырды, бұрынғы әдетінше сыртқа ұзақ көз тігіп тұрды. «Шығарар ма екен, шығармас па екен?» – деген ой әбден берекесін алды. Үйге қалай хабарламақ? Бұдан әрі не болмақ?

Педагогикалық совет бұл оқиғаны ұзақ талқылады. Инспектор шәкірттердің қылығын ашықтан-ашық бүлікшілік, ал Дмитрий Фурмановты соның ұйымдастырушысы етіп көрсетуге тырысты. Бірақ Дмитрийді жақсы көретін кейбір мұғалімдер оған ара түсті. Сөйтіп, совет Фурмановты реалдық училищеден үш айға дейін шығаруға ұйғарды.

Дмитрий бұл ұйғарымды үнсіз тыңдады. Жай қарағанда ол сабырлы сияқты еді. Ал сыртынан зер сала байқап отырған тіл-әдебиет мұғалімі жас баланың сұсты жанарынан оның өзін тежеп, тек зорға дегенде ғана шыдап тұрғанын жақсы түсінді. Басын сәл иді де, Дмитрий директордың кабинетінен шықты. Аулада жолдастары күтіп тұр екен.

– Уайымдама, Митяй!.. Уақыт зымырап өте шығады, біз әлі-ақ бірге боламыз! – деп олар Фурмановты қоршап алды.

– Ал әзірге сау бол!.. Кешкісін біз саған барамыз!

– Әзірге қош болыңдар, достар,– деді көңілі бұзылған Дмитрий.– Демеу болғандарыңа рақмет.

Жолдастары Фурмановка күн сайын келіп тұрды. Олар класта болған жаңалықтың бәрін айта келеді. Тіпті ол шәкірттерден қол үзбегендей, солармен бірге жүргендей болатын еді. Бірақ Дмитрий өзінің оқудан шығып қалғанын барып тұрған зорлық, әділетсіздік деп санап, қатты налыды.

Оның педагогикалық советке деген бұрынғы ізетінен, мұғалімдер әділетті, олар тек оқушылардың қамын жейді деген сенімінен, училищеге деген сүйіспеншілігінен ештене де қалмады.

Қарайып қалмау үшін Дмитрий көп оқыды. Ол бұрынғыша сабақ беріп жүрді, бірақ бос уақыты енді көбейіп еді. Ол үйде отырмай, қаланы жиі аралайтын болды.

Ол кезде Дмитрийді вокзал маңынан да, Еділдегі қоймалардың қасынан да жиі көруге болатын еді. Онда ол жүк тиеушілермен, жұмысшылармен әңгімелесетін. Кейде ол күнұзаққа сол маңдағы деревняларға кетіп қалатын. Бала шағынан-ақ өзіне таныс өмірден бұрын көрмеген көп нәрсені байқады ол. Дмитрий енді жоқшылық пен ауыр еңбек қажыткан жандарды жақсырақ танып, олардың ерлігін, мейірімділігін, адамгершілігін жете бағалауды үйренді.

Айналаға көз тіге, әралуан жандармен тоқайласа, өмірді барлап түсіне жүріп, ол енді көп ойланатын болды, оны түрлі сұрақтар мен күдікті ойлар мазалай беретін. Ол жолдастарына шаруалар мен жұмысшылардың өмірі жайлы айтуға оқталатын, бірақ олардың бұған мән бермейтіндігін сезуші еді. Оны тек Марта деген гимназистка қыз ғана түсінетін. Дмитрий онымен өзін училищеден шығарардан сәл уақыт бұрын танысқан болатын.

Марта Хазова кішігірім фабрика қызметшісінің семьясында өсіпті, жұмысшылардың өмірін, олардың мұқтажын бала жасынан-ақ байқап біліпті. Өздеріне қалалық паркте жолығысатын басқа гимназистка қыздардан ол мүлдем ерекше еді. Марта көп оқитын, ал әдеби үйірмеде Добролюбов пен Писаревтің мақалаларын талқылағанда айтқан сөздерінен оның соларды терең түсінетіні байқалатын.

Алпысыншы жылдардағы революцияшыл демократтардың өз кезінде жазған ойлары дәл қазір де маңызды екенін Дмитрий сияқты Марта да түсінді. Өйткені бір кезде Чернышевский мен Добролюбов алысқан елді жайлаған «қараңғы патшалық» та, зорлық-зомбылық та әлі сол баяғы қалпында болатын.

«Нағыз күн қашан туады?» – сүйікті жазушылары өз шығармаларында осы бір сұрақты талай рет қойды, бірақ ол әлі де шешілмей келеді. Сол нағыз күннің қандай болатынын үйірменің басқа мүшелері сияқты Дмитрий мен Марта да

анық біле бермейтін. Сол жылдары Россияда қайта өрші, жұмысшылардың қалың бұқарасын жаңа күреске көтерген революциялық қозғалыстан олар шеткері тұрды. Бірақ елде туған революциялық өрлеу саяси күреске қатынаспаған осы жастардың да ой-пікіріне әсер етті, олардың бұлыңғыр ізденулерін күшейтті, оларда жадау, сұйкылт, мещандық өмірге деген қарсылық сезімін туғызды.

Пасха жақындап қалды. Дмитрий көптен бері шіркеуге бармаған еді. Ол өзінің шіркеуге баруды қойып кеткенін байқаған да жоқ. Бірақ балалық шағы есіне түсті де, оның пасха күні шіркеуге барғысы келді.

Ол балалық шағында осы бір түні пайда болатын қуанышты сезімін енді біржолата жоғалтқанын шіркеуде анық байқады. Оның дұға оқығысы келген жоқ, ал жорта істеуге ары бармады. Шіркеу хорының: «Шалдығып, шаршап қалған поп, ешкіше сүйреп келеді»,– деген әні оның ызасын келтірді. Дмитрий қолын артына ұстап тұр еді, жұрттың бәрі өзіне қарап қалғандай көрінді. Ол көптің ішінен сытылып, көшеге шықты.

Дала жылы болатын, аспанда жұлдыздар жымыңдайды. Ауада қардан жаңа ғана арылған жерден көтеріліп жатқан болмашы көктем исі сезіледі. Өзен жақтан у-шу дауыс келеді. Әлдекайда шабалана ит үреді. Жым-жырт көшені бойлап жүріп келе жатып, Дмитрий ойға шомды: «Жоқ, мұның бәрі де бұлай емес. Бұл алдаушылыққа араласпаспын мен. Неге десең, мен дінге сенбеймін. Сол бір тылсым құдайына да сенбеймін. Писарев пен Добролюбов менің барлық ой-санамды аударып-төңкеріп жіберді».

Үйге келген соң ол дағды бойынша бала күнінен бері мойнына тағып жүретін кішкене кресті жұлып алып тастады.

... Оқу жылы аяқталуға жақын, сонымен бірге училищені де бітірмек. Фурманов бұдан үш жыл бұрын Иваново-Вознесенскіден келген ұяң балаға енді мүлдем ұқсамайды. Оның бойы өсіп, бұғанасы бекіді. Толқынды қоңыр шашы анық кең маңдайына түседі. Жайдары жүзінен ойлы үлкен көздері ерекше көрінеді. Өнебойы дерлік тас жұмулы жүретін еріндері қайсарлық пен шыдамдылық сездіреді. Ал Дмитрий күлген кезде – ол ерекше көңілденіп, сақылдап күлетін, оның көзі жайнап, ұрты шұқырайып, балғын жүзі соншалық сүйкімді болып кететін. Бірақ реалдық училищеде

оқыған соңғы айларында ол айналаға сұқтана көз тігіп, өмір жайлы көп ойлады. Ал сол кезде ең жақын досы болған Мартаға Дмитрий бұрынғысынан әлдекайда ойлы, ізденгіш болып көрінді.

Дмитрийдің сүйікті кейіпкері Тургеневтің «Әкелер мен балалар» деген белгілі романындағы Базаров еді. Жолдастарымен әңгімелескенде, оны Дмитрий әрдайым еске алатын, оның ой-пікірін үлгі ететін, оған ұқсауға тырысатын.

– Маған Базаровтың турашылдығы ұнайды,– деді ол Мартаға талай рет.– Қолымнан келгенше оған көптен бері еліктеп жүрмін.

Бірде Марта Базаровтың дәл қай қасиеті ұнайды деп сұрағанда, Дмитрий ойланбастан-ақ:

– Табиғатының мінсіздігі, адалдығы, құр қияла қарсылығы, шындықтан тайсалмайтындығы,– деп жауап берді.

Енді ол күнделігіне өзінің басынан кешкендерін бұрынғыдай көп жазбайтын болды. Оның орнына әдебиет, оның қоғамдық маңызы және жазушының рөлі туралы ойларын жазатын еді.

«Поэзияны Белинский қалай түсінсе... оны мен де солай түсіндім»,– деп жазып қойды ол бір жолы.

Дмитрий өзінің ойын өлеңмен жазғаннан гөрі молырақ та, тереңірек айтқысы келді. Сөйтіп, ол өзінің халі жайында, жолдастары жайында, өзі жайында повесть жазуды, онда өмірдің мағынасыздығына деген қарсылығын, бойын басқан ауыр сезімді білдіруді ойлады. Бұл повесін ол «Жастық» деп атамақ болды.

– Біздің арамыздағы «обломовшылдықтың» себебін көрсеткім келеді, бұған мысал да көп табылады,– деді ол Мартаға.

Дмитрий өзімен бірге оқитын жолдастарын зер сала байқады. Олардың ішінде жастары да, мінезі қалыптасқан жасамыстары да бар еді. Олардың қандай адам екенін, мінез сипаттарын екі-үш сөзге ғана сыйғызып жазып қоятын. Ол мұны күнделігіне көптен жазып жүретін. Өзімен кластас біреуді ол былай деп сипаттады: «Аласа бойлы, қызыл шырайлы, әп-әдемі. Жағымпаз, суайт. Тегі, адамгершілігі аз. «Қайраткер» болып көрінуді, маңызсуды ұнатады. Фуражкасы желкесінде, пенснесі бар. Грушницкийдің сыңары».

Енді біреу жайында былай делінген: «Кішкентай, ажарсыз, жылмаңдаған; жүзінде М.Горькийдің «Шыныраулындағы» кейіпкерлерге әлдебір ұқсастық бар. Арақ ішеді, салдыр-салақ жүреді. Әкесі кітап ал деп ақша берсе, ол арақ ішіп қойыпты. Айырылысарда шынын айтты: «Үйде жабыркаумын, бірақ сен, Митя, мұны ешкімге айтпа. Мейлі, менің қолымнан байбалам сап керісу ғана келеді деп ойласын...» Бір шәкірт жайында былай деп жазып қойды. «Едірейген, көзілдірігі бар, ұскыны бөлек, жүріс-тұрысымен маңызсуы бар. Мейірбандылық, жалқаулық... Білмей қалса, жағымпаздана бастайды».

Повесть жазбақ болған соң, Дмитрий осы сипаттамаларын қайта-қайта оқып, толықтырды. Ол сюжет жайында ойлана бастады.

Бірақ повесть жазу оңай болмай шықты, әр тармағы оп-оңай үйлесе кететін шап-шағын өлең шығарудан бұл әлдекайда қиын екен. Повесть сөйтіп жазылмай қалды, бірақ Дмитрий келешекте қайтсе де жазушы болып шығатындығына шүбәланған жоқ. Басқа ештеңені арман еткен де жоқ.

«Болашақ әдеби өмірім көз алдыма елестейді, – деп жазды ол күнделігінде. – Рас, Белинскийдің, Писаревтің, Добролюбовтың әдеби өміріндей айбарлы қызулы бола қоймас, дегенмен, алдымда жемісті еңбек күтіп тұрған сияқты».

Соңғы емтихандар жақындаған санын Дмитрий мен оның жолдастары өздерінің болашақ өмірі жайында жиі-жиі толғанатын болды. Осы жайлы әңгімелер олар үшін ең әсерлі, ең қызықты нәрсе болды. Көп кешікпей өз беттерімен өмір сүріп, туысқандарына көмектесетіндігін олардың талайы-ақ түсінді. Оларды алда не күтіп тұр? Кім болып шығар екен? Ұсақ чиновник, әлде кенсе қызметкері бола ма?

Үйірмеде соншалықты құшырлана әңгіме ететін арман-нан – шын мәнісінде халыққа пайдалы болу, Белинский, Чернышевский, Добролюбов үйреткен тағылымды жүзеге асыру арманынан үміт үзу қиын-ақ еді. Оларды Москва қызықтырды, одан әрі оқығылары келді. Бірақ тағы да оқи түсу олардың көпшілігі үшін аш жүрумен, арзан ақыға сабақ беріп безек қағумен барабар еді. Ал олардың көбі бұған икемсіз болатын.

Дмитрий университетте оқуға әбден бекінді. Жазушы болу үшін көп білу, кайткен күнде де оқи түсу қажет. Әрине, оқыған соң университетте оқу керек! Жоғары білім алуды Марта да арман ететін. Дмитрий сияқты Марта да небір қиындықтарға төзуге риза еді, тек «ғылым сарайына» кірсе болғаны, алдынғы қатарлы жастар университет пен Жоғары дәрежелі әйелдер курсын ол кезде солай көретін.

Ақыры емтихан да аяқталды. Достар Еділдің жағасында соңғы рет бас қосты. Алда не күтсе де мейлі, реалдық училищедегі оқу бітті, енді олар мейлінше қуанышты еді.

1912 жылдың июнінде Кинешма реалдық училищесін бітіргендігі туралы куәлігін алып, Дмитрий Фурманов Иваново-Вознесенскідегі үйіне қайтып оралды.

Бірақ қуаныш пен көтеріңкі көңіл тез басылды: жақын жандардың тағдыры қатты толғандырды. Шешесі картайып, шөгіп қалғанын көріп, Дмитрий қапа болды. Әкесінің науқастанған сынық өңі де шошытады. Андрей Семеновичтің жүзі сарғайып, борша-борша болып, жүріс-тұрысы да өзгеріп, сылбыр тартып кетіпті, тіпті сөйлегенде де ақырын, сыбырлап сөйлейтін болыпты. Күтуші кемпір Татьяна Степановна да картайыпты. Ол сүйікті Митясынан бұрынғыша көз алмайды, бірақ оның мейірбан көзқарасында құпиялап бүгіп қалған әлдекандай бір түйткіл бар. Туберкулезбен науқастанып жүрген інісі Шураның түрін көргенде Дмитрий әсіресе қатты шошыды. Бұрын көңілденіп жарқылдап, зыр қағып жүретін бала, қазір жатсырап, үндемейтін болған. Аркадий мен Соня Иваново-Вознесенскіде жоқ екен. Дмитрийді інісі Сережа мен қарындасы Лиза ғана қуантты. Осы бір жайдары, ұғымтал балалармен ол көп сөйлесті, тіпті оларға өзінің өлеңдерін де оқып беріп жүрді.

Өлеңдері көп болатын. Кинешмада жүргенде Дмитрий соңғы жылы өзімен көп жолығысып, әдебиет жайында ұзақ-ұзақ сырласатын сүйікті мұғалімінің қазасына арнап өлең шығарған болатын. Бұл өлеңінде ол жақын адамының өліміне байланысты тұңғыш рет бастан кешірген жабыркау көңіл күйі мен жан қиналысын білдірмек болды. Осы өлеңі оның бұрынғы жазғандарының ең тәуірі тәрізді көрінді.

Басады деп үміттенбесе де, Дмитрий өлеңін газетке апарды. Бірақ бірде оку залында «Ивановский листокты»

аударыстырып отырып, оның: «Суық күз көнілімді жабырқатып» деген таныс жолдарға және өзіне ойлап тапқан «Новий» деген лақап есіміне көзі түсе кетті.

1912 жылы 6 июльде Дмитрий Фурманов өзінің күнделігіне былай деп жазып қойды: «Жасаған-ай, жасаған-ай, сондай қуаныштымын! Бірінші рет баспа бетіне шықтым!»

Алтыншы тарау

УНИВЕРСИТЕТ

Сентябрь айы, жаңбыр бүркіп тұр. Жаңа студенттік киім киген, бір қолында кішкентай сандығы, бір қолында шандыған кітаптары бар Дмитрий Фурманов вагоннан Ярослав вокзалының перронына шыға келді. Бұл Фурманов үшін ерекше күн болатын.

Жолда ол жөнді ұйықтаған жоқ. Қуанған көңіл көз ілдірмеді. Мұндай сезімге ол үйде, Москва университетінің заң факультетінің бірінші курсына алынғанын білген сәтте-ақ бөленген болатын. Өзі қалаған тарих-филология факультетіне орын жетпегендіктен түсе алмаса да, ол өзін бақытты сезінді. Осында, Москва университетінде Грибоедов, Лермонтов, Белинский, Герцен, Чехов сияқты сүйікті жазушылары оқыды ғой.

Фурманов Москваны тұңғыш рет бұдан жарты жыл бұрын, қысқы каникул кезінде училище шәкірттерімен бірге экскурсияға келгенде көрген. Айналаны қар басқан болатын. Енді Москва мүлдем өзгеріп кеткендей.

Мясницкая көшесінен шығып, Лубян алаңын кесіп өткен соң, оның алдынан Китайгород қабырғасы ұшыраса кетті. Мұндағы қара көленке дүкеншелер, көне қабырғаның бойы, ағаш жаппалардың асты, тақтайдан жасалған жаймалар кітап, гравюра, журналға лық толы екен, тіпті олар жерде де үйіліп жатыр. Соларды ақтарып аралағын-ақ келеді, бірақ басқа нәрселер бөгесін жасайды. Дмитрий әрірек барды да, трамвай жолын бойлап Охотный рядқа қарай жүрді.

Ол ұзыннан-ұзақ созылған дүкендерді көрді. Солардың барлығында да ет, балық, құс және құс етін, овощ, сүрленген тағамдар сатып жатыр. Әрбір ашық есіктің алдында өз

заттарын даурыға мақтап, сатып алушыларды шақырып, үстеріне ақ алжапқыш киген көк езу саудагерлер тұр. Сол дүкендердің біріне желгіш атпен салдыртып бір бай әйел келді. Етегі шұбалған көк кафтан киген, аласа бойлы көпес оның алдынан бәйек болып жүгіре шықты. Көп кешікпей сатушылар жеміс салынған корзинкаларды, ораулы бірденелерді жарқыраған фаэтонға таси бастады. Осы бір көрініс байқап, Дмитрий амалсыз аялдады. Охотный рядтағы саудагерлердің паңсыған тұрпайы түрлерін, олардың шикандай қып-қызыл быртиған беттерін көргенде, өздерін әдейі таңдап алған екен деп ойлайсың.

Охотный рядтағы саудагерлердің барып тұрған қара-жүздіктер ретінде аттары шыққан еді, олар өздерін патша тағының тірегіміз деп көкитін. Түйсіксіз, жып-жылтыр жүздеріне қарап, Дмитрий солар жайлы әңгімелерді еске алды. Олардың 1905 жылы студенттерді және революционер болар-ау деп шүбәланған адамдардың бәрін ұрып-сокканын жирене, ызалана көз алдына келтірді.

Фурманов ілгері аяңдады. Көптің ішінде самса, тәтті тағамдар сатушылар сумаңдап жүр. Трактир маңында Москваның әйгілі арбакештері бар. Олардың биік дөңгелекті, серіппелі орындықты жүрдек арбалары жауынға тиген сукағарлары жылтырап, одан сайын одырайып кеткен. Тым жоғары отырған арбакештер әрлі-берлі өткендерді байқамайтындай. Тек анда-санда: «Апарып тастайын ба, байеке!» – дегендері естіледі. Олар Дмитрийге көз қиығын да салған жок.

Міне, акыры Манежге де келді. Оның карсысында Москва университетінің ежелгі әп-әсем үйі бар.

...Университет коридоры у-шу. Қабырға біткен хабарландыруға толы: жерлестер жиыны жайлы, көпшілікке арналған лекциялар жайлы, студенттердің өзара көмек кассасы жайлы, «көркем әдебиет» үйірмесінің жұмысы қайтадан басталғаны жайлы хабарландырулар ілінген. Қаптаған студенттердің ішінен жасқана басып жүрген бірінші курстықтарды оп-оңай тануға болады. Жоғарғы курстардың студенттері топ-топ болып, әлденені көңілдене әңгіме етісіп тұр. Дмитрийдің тыңдағысы келіп еді, бірақ олардың өзіне әдейі барлай карап калғанын көріп, әрі ойысты.

«Малая Бронная көшесіндегі бір үйге орналастым, айына

сегіз сом толеймін, керосин қожайындікі», – деп хабарлады Дмитрий туыскандарына өзінің тұңғыш хатында.

Мұнда, Бронная көшесінде студенттер көп тұратын. Дмитрийдің бөлмесі ас үйдің қасында еді. Ылғи қоңырсыған иіс келеді. Ол бар болғаны күніне бір тәрелке щи мен қара нанды қорек етіп жүрді. Аз-мұз ақшасының көбін кітап сатып алуға жұмсайтын.

Лекциялар кестесін қараған Дмитрий бүкіл елге әйгілі профессорлардың бірде-бірінің есімін таба алмай, ренжіп қалды, олар қазір университетте лекция оқымайды екен. Өзімен бірге оқитын жігіттер Дмитрийге университетте өткен жылы болған, студенттердің алдыңғы қатарлы тобын әлі де толқытып жүрген оқиғалар жайында айтып берді.

Патша үкіметі университет ғылымына қашаннан-ақ шабуыл жасай беретін. Сол кезде Оқу министрлігін басқарған реакционер Кассо бұл істі тіпті асқындырып жіберді, сол себепті бұл министрлікті Владимир Ильич Ленин «қазынаның халықты қараңғыландыру» министрлігі деп атаған болатын. Ғылымдағы өршіл, революцияшыл нәрсенің бәрін тұншықтырмақ болып, Кассо озық ойлы, адал ғалымдарды қатал қуғынға ұшыратты. Университеттің ішінде патшалық күзеттің тыңшылары қаптап кетті, солардың сыбысымен студенттерді, мұғалімдерді тұткынға алып отырды.

Патша чиновниктерінің ғылымға дөрекілікпен кимелей беруінің, университет қабырғасын жайлаған тыңшылықтан туған төзгісіз жағдайдың салдарынан жүзден аса таңдаулы профессорлар мен мұғалімдер орыс ғылымын аяқ асты етіп қорлауға қарсылық ретінде қызметтен кетіп қалған еді. Орыстың ұлы ғалымы Климентий Аркадьевич Тимирязев те сол кезде университеттен біржола қол үзді. Оны саяси жағынан сенімсіз әрі «табиғаттан құдайды қуып шығайын деп жүр» деп кінәлады. Енді керітартпа саясатқа табына бас иген немесе монархиялық көзқарастарымен мәлім болған мұғалімдер мен профессорлар ғана лекция оқып жүрді.

Романовтар тұқымының үш жүз жылдығына байланысты Москваға патша келетін болды. Бір күні Тверь көшесімен үйге қайтып келе жатып, Дмитрий керемет көп жиналған халықты көрді. Көшені жағалай тұрған полицмейстерлер мен аулашылардың көптігі оны әсіресе қайран қалдырды.

Арбакештер жалма-жан бүйірдегі шолақ көшелерге бұрылып кетіп жатыр.

Кешікпей ашық автомобиль көрінді. Ішінде әскери киімді, әлжуаз, ажарсыз біреу шалқая түсіп отыр. Қасында қымбат бағалы елтірі киімдер киген, өңі боп-боз әйел бар. Сәл кейінірек тағы бір автомобиль келеді. Ішінде балалар. Көптің ішінен жамыраған дауыстар шығады, әр тұстан жоғары қарай бас киімдер лақтырылып жатыр, кәдімгідей жай ғана киінген әлдекімдер айналаға барлай көз тастап, әрлі-берлі әбігерленіп жүр.

Фурманов Екінші Николайды таныды. Ол патшаның әрсіз, ажарсыз жүзінде такаппарлық белгісін сақтауға тырысып, әлек болғанын байқап қалды. Дмитрий оның жасаураған жанарсыз көзқарасын да, қушиған әжімді маңдайын да көріп үлгірді. Россия билеп-төстеушісінің жан-жағына алақтап үрейлене қараған мүсәпір кескіні оны қайран қалдырды.

«Мұның қолына патша таяғын ұстатқанда тағдыр тая соққан екен, – деп ойлады Дмитрий, ол өздерін осындай патшаның билеп тұрғанына қатты налыды. – Түкке керегі жоқ, тіпті де керегі жоқ адам! Ал аналар неменеге айқайлайды екен?»

Полицияның қалт еткізбей бағып тұрғанын байқап, өздерінің тәнтілігін білдіре есіріп айқайлап жатқан жарамсақтарға ол жирене қарады.

«Неткен масқара көрініс!» – деп естілер-естілмес күбірледі Фурманов. Сөйтті де, Тверь көшесінен бұрылып, үйіне қарай тез-тез басып жөнелді.

Заң факультетінде лекция тыңдай жүріп, Дмитрий уақытының зая өтіп жатқанын байқады. Әдебиетті шындап оқып үйренуді ол бұрынғыдан да күшті арман етті. Рим правосы оны еліктірмеді. Оның үстіне лекциялар да сылдыр оқылатын. Дмитрий көбіне сабаққа бармай, үйде отырып оқитын болды. Ақыры ол тарих-филология факультетіне ауысып алды.

Фурмановтың Москва университетінде оқи бастағанына бірталай уақыт болды, бірақ студенттер арасында ол өзін әлі де бөтен сезінді. Оның өзіне дос тапқысы, курстас студенттермен жақындасқысы келіп еді, бірақ өзін азапқа салып, толғандырған ойлар олардың көбіне жат екенін көрді. «Күнделікті өмір күйбеңінен шыға алмайтын, көңілсіз,

сорлы жандар. Ал менің жанымды жеп жүрген түбегейлі мәселелер оларды қызықтырмайды»,– деді ол өзіне-өзі.

Университет коридорындағы әңгімелердің шет жағасынан, ұзынқұлақтан ол студенттердің жасырын жиналыстары барын, қайда екені мәлімсіз, бірақ қасында тұрған қызықты да маңызды басқа бір өмір барын білді. Бірақ сол өмірге қалай араласарын, қайтіп жанасарын Дмитрий білмеді. «Өзімнің жалғыздығымды сезем ін, достарым жоқ, басқаларға баруға қырым жоқ», – деп назалана жазды ол күнделігіне. Москвада Жоғарғы әйелдер курсында оқып жүрген Марта Хазованы іздеп тауып алғанда, Дмитрий қатты қуанды. Олар Кинешмадағы сиякты тағы да ұзақ серуендейтін болды. Жиі-жиі Воробьев тауларына барып төменде қыскы көгілдір мұнарға батып, созылып жатқан Москваға көз тігіп, әдебиет жайында, театр жайында, өмір жайында ұзақ әңгімелесіп жүрді.

– Әбден азапқа түстім, Марта! Тыныштық таппай-ақ қойдым. Университет қабырғасына сияр емеспін, – деп мұңын шақты Дмитрий.

– Не болып қалды? – деп сұрады Марта үрейлене.

– Сіздің еңсеңізді басып жүрген не? Болашаққа деген сеніміңіз қайда?

– Қайдағы сенім?! Сонау Кинешмада, Еділдің жағасында біз Москваны, университетті арман ететінбіз. Біз осында қанатымызды қомдаймыз деп ойладық. Бірақ соның бәрі балалық екен. Айналада не болып жатқанын онда біз түсінбеппіз. Өмір ойымыздан басқаша болып шықты.

– Митяй, сонда сізді әдеби еңбек те сергітпегені ме? Сіз ылғи соны арман ететін едіңіз ғой. Әлде оны қойдыңыз ба?

– Жоқ, Марта. Оны мен ешқашан да қоймаймын. Бірақ мен мұнда, университетте нәрлі де азат сөз естуді арман етіп ем. Ал қазір мынау қазыналық оқу орнында тұншығып барам... Жарқын нәрсенің бәрі одан құрып барады. Университетке көңілі қалған жалғыз мен ғана емеспін. Талайларға-ақ ауыр. Бұл – ғылым сарайы емес, түрме!.. Маңымызда басқа, нағыз өмір барын сезем ін, бірақ ол бізден жырақ. Ал біз, Марта, шеткері қалып барамыз.

Фурманов бұрынғыдай көп оқыды. Кейде ол талай күндер бойына үйден шықпай, кітапқа үңілген күйінде отырады да қояды. Кітаптардың жиегіне өз ойларын жазып жүреді.

Оқып отырып ол бір сәт стол жанынан тұрып кетеді де, әрлі-берлі жүріп, терең ойға шомады. Содан кейін стол жанына қайтадан келіп, кітаптарды ығыстырып қояды да, өз ойларын тез-тез жаза бастайды.

1913 жылдың күзінде «Русское слово» газетінде Алексей Максимович Горькийдің «Редакцияға хаты» басылды. Ұлы жазушы онда Достоевский шығармаларының сахнада қойылуына, әсіресе көркем театрда Достоевскийдің «Жындар» деген реакциялық романы бойынша жасалған инсценировканың, яғни «Николай Ставрогин» атты жаңа спектакльдің қойылуына қарсылық білдірді. «Бұл шығармада, деді Горький, – Достоевский Тургеневті мазақ етіп суреттеді және орыс революционерлеріне жала жапты. Горькийдің ызалы, өткір мақаласын жастар қызу қуаттады». Достоевский творчествосындағы кесапаттық, қатыгездік атаулының бәрі соншалықты нанымды да өткір сыналғандықтан болар, бір кезде Достоевский шығармаларын оқығанда өзі еміс-еміс қана түйсінетін буалдыр қарсылық сезімін Дмитрий енді анық ұқты. Шариғат сабағының мұғалімі студенттерге нағыз абзал жазушы ретінде үлгі ететін Достоевский романдары жайында жазғандарын Фурманов қайта қарады. «Достоевшілдіктің» жастарға етер улы әсері жайында Горькийдің неге соншалықты ызалана айтатындығының сырын ол енді түсінді.

Кейбір кештерде әбден көп оқып қажыған соң, Дмитрий Москваны аралауға шығатын. Бронная көшесінен шығып, шолақ көшелермен Спиридоновкаға барады. Садовая көшесін орап өтіп, Кудрин алаңына келеді, одан Тверь көшесіне түседі. Байлардың оқшау үйлерінің ашық терезелерінен музыка естіледі. Онда, баркыт перделердің аржағында, қамсыз, жат өмір бар.

Бірде ол Тверь бульварын аралап келе жатты. Сентябрьдің қоңыр салқын түні еді. Бейуақыт болса да, оған екеу-екеу қыдырғандар, таныс студенттер ұшырасып қалып отырды. Бульвардың шетіндегі бір топ адамға Фурмановтың көзі түсті. Ызалы үндер, жекіріп ұрсысқан дауыстар естілді. Жақындап келген Дмитрий боп-боз болып кеткен жүдеу қызды көрді. Үстінде жеңіл сиса көйлегі бар. Тоңғандықтан ба, қорыққандықтан ба – калш-калш етеді. Қыз еңіреп жылап, өзін сүйреп келе жатқан полицмейстердің қолынан босағысы

келеді. Айнала жиналған студенттер полицейскийді шеттетпек болып босқа әлектеніп, оған «әйелді қорлай алмайсың», – деп айқайлайды.

Дмитрий болып жатқан оқиғаның мәнісін зорға деп түсінді. Сөйтсе, мас болып алған өгей әкесі күн көрсетпеген соң қыз үйден қашып шығыпты. Полицейский одан паспорт сұрап, бөлімге әкетемін деп қорқытыпты. Фурманов полицейскийге ызалана айқайлап жіберді:

– Қалай батылыңыз барады! Оған тиюші болмаңыз!

Ол полицейскийді итеріп, қыз бен екеуінің арасына тұрып алды. Ысқырық даусы естілді. Кеудесінде мыс қаңылтыры бар аулашы жүгіріп келеді. Жәрдемге әлдекайдан екі полицейский сап ете түсті. Фурмановтың жанына әрлі-берлі өтіп жаткандар топталып қалды. Осы әбігерлікті пайдаланып, қыз байқаусыз кетіп қалды. Дмитрийді полиция бөліміне апарды. Полиция надзиратели Фурмановты билік орындарының ісіне қол сұқтын деп айыптап, протокол жасады және бес сом айып төле деді. Дмитрий мүлдем бас тартты.

– Олай болса, құрметті студент мырза, сіздің тұткын үйінде үш тәулік отырып шығуыңызға тура келеді,– деді надзиратель мысқылдап.

Дмитрий әбден ашуланды.

– Япыр-ай, ант атқыр-ау, мені не үшін қамамақсыз? Таяқ жеген бишара қызға болысқаным үшін бе? Сол үшін түрмеге жабасыз ба?

– Өшір үніңді! Әйтпесе мұрныңа жұдырық тиер! – деп ысылдады полицейский.– Сенің жарқырап тұрған түймелеріңе қарамаймын. Сендер, студенттер, ұрынарға қара таба алмай, тұзаққа өздерің келіп түсесіңдер!

Тұткын үйінде өткізген үш күн бойына Дмитрийдің бұл көрген зорлығы ойынан бір сәт кеткен жоқ. Реалдық училищеден жазықсыз шығарып тастағанда ол осыған ұқсас күйде болып еді. Фурманов камерадағы көршілеріне назар сала қарады. Көбі мұнда ешбір жазықсыз, полицияның зорлығымен, кездейсоқ түсіпті. Бір атақты бай әйелдің күшігін байқаусызда сатыдан құлатып жібергені үшін үш апта бойы түрмеде отырған жас етікшінің халі оны әсіресе катты ызаландырды.

Пәтеріне қайтып оралса, үйінен хат келген екен, әкесін

әл үстінде жатыр деп жазыпты. Андрей Семеновичтің ауруы қауіпті екенін, күн сайын солып бара жатқанын оған талай рет жазған болатын. Оның әкесіне деген сезімі екіұдай еді. Одан қорқатын, оның қайтпас қталдығынан сескенетін аңқау балалық шақ әлдекашан өткен. Енді есейген кезде Дмитрий әкесін жақсырақ таныды. Оның сырттай қарағандағы қталдығының аржағында семьяға, балаларға деген терең жатқан сүйіспеншілік, соларды қайтсем де кісі қатарына қоссам деген тілек барлығын айыра білетін болды. Әкесін ойлағанда оның тек жақсы қасиеттерін еске алғысы келді. Дмитрий реалдық училищеге түспек болып емтихан тапсырып жүрген кезде әкесінің қабырғасы қайысып, көніл бөлгені, сирек әрі қолапайсыз еркелететіні, балам университетте оқиды деп қуана мақтанатындығы есіне түсті. Сол әке енді өлім халінде...

Әкесімен бақылдаспақ болып, Дмитрий Иваново-Вознесенскіге тез жүріп кетті. Андрей Семеновичті жерлегеннен кейін, ол семьясының ауыр халін ойлап қамыққан, қаза көріп қайғырған сезіммен Москваға қайтып оралды. Патша өкіметінің өктемдігіне Фурманов көп кешікпей тағы да тап болды. Университет курсын місе тұтпаған ол әдебиеттен көпшілікке арналған лекцияларға барып жүрді. Бірде лектор орыс әдебиетіндегі небір балғын да жарқын дарындарды, адал да озат жандарды құртып жіберген Бірінші Николайдың реакцияшыл тәртібі жайында сөйлеп кеткенде, залда отырған полицейский айқай сап шешеннің сөзін бөліп жіберді және лекцияны одан әрі оқуға тыйым салды.

Фурманов қатты ызаланды. Жуырда ғана полициямен шатасып қалғаны мүлдем есінде жоқ, ақыры немен тынарына қарап жатпастан, Дмитрий орнынан ұшып тұрды да, лекцияның тоқтатылуына барынша қарсы болды. Сөйтіп, ол тағы да бөлімге келді, полицияның ісіне киліккендігі үшін тағы да протокол жасалды.

Үйге қайтып келген соң, Дмитрий ұзақ уақыт бойына өзіне-өзі келе алмады. Кісінің ашу-ызасына тиетін осы бір оқиға жайында бір курста оқитын студенттердің қайсыбіреулеріне айтып еді, олар бұл қарсылықтан ештеңе өнбейді дегенді айтты.

– Фурманов, сіз мұның бәріне боска әуре болып жүрсіз,– деді олар.

– Тіпті түрмеге түсіп қалып жүрерсіз. Осының бәрінің керегі не сізге. Өтпес пышақ қол кесер! Саясат дегенің – пәлесі көп нәрсе деп өзіңіз айтпаушы ма едіңіз.

Мещандар арасында туып-өскен сол кездегі басқа да көптеген зиялылар сияқты Фурманов та саясатты сарай ішіндегі тартыс, үкімет партияларының өкіметке таласы деп тоғышарлықпен жаңсақ ұғынды. Сол кезде жаңадан өрлей бастаған революциялық қозғалыстан алыс тұрған ол халық саяси күрес дәрежесіне өсіп жеткен жоқ деп үстірт ойлады.

«Саясат, – деп ойлады Фурманов, – буалдыр да лас нәрсе. Халық өз қолына алғанша ол солай бола бермек. Ал оны қолына алу үшін, халық саясаттың өзіне керек нәрсе екенін түсінуі керек... Түсіну үшін оқу, оқу, оқи түсу қажет. Халықты ағартуға татаусыз қызмет ететін қайырымды адамдар ғана құткарады бізді, Россияның бар үміті – соларда, тек соларда ғана».

Егер сол кезде Дмитрийдің қасында жұмысшы табы талай уақыттан бері шиеленіскен саяси күрес жүргізіп келе жатқанына оның көзін ашатын, революциялық қозғалыстың бишік мұраттарын оған түсіндіретін адам жүрсе, онда ол Фурмановты талай жылғы жеміссіз ізденуден, азапты күдік пен ауыр ойдан құткарған болар еді. Ондай адам өктемдік пен зорлықты жан-тәнімен жек көретін, әділетсіздік атаулыға аза бойы тік тұратын Фурмановқа азаттық үшін күрес жолын табуға жәрдемдескен болар еді. Бірақ Фурмановтың қасында ондай адам болмады.

Толғағы жеткен әлеуметтік мәселелерге жоламай, сырғақсып жүретін өзіне таныс студенттердей емес, Дмитрий өзінің әлсіздігіне, айналасындағы ештеңені өзгертуге мүмкіндік жоқтығына аса ауыр қынжылатын. Ол барған сайын өзімен-өзі болып, тұйықтала берді. Сондай ауыр сәтте көңіл сергітер бар қуанышы әдебиетпен шұғылдану болды. Ол «Душа» атты повесін бастады және өлеңдерін жаза жүрді.

Бірде Дмитрий өзіне керек кітабын іздеп жүріп, Кадсон өлеңдерінің әлдекашан ұмыт болған кішкентай томына тап бола кетті. Бір кезде сүйікті болған өлеңдерді ол қайталап оқи бастады. «Дегенмен, тіпті біртүрлі күңгірт те буалдыр ғой»,– деп ойлады ол. Енді оны еңбек пен күреске үндейтін әсерлі поэзия еліктіретін. Декадент ақындардың мистика мен сары уайымға толы өлеңдерін журналдардан оқығанда,

Дмитрий өз бойында ыза мен қарсылық тұтанғанын сезді. Ол Горькийдің «Дачадағылар» атты пьесасындағы Властың өлеңдерін еске түсірді және бірде өз көңіл күйін өлеңмен білдіруге талап қылды. Онысын «Сүйікті өлең» деп атады:

Естілсе торыққан бір жанның сөзі,
Жүректе ыза менен қайнайды кек;
Тірі жандар табытты іздеп өзі,
Бет тақтайға дұға қып, мүлгиді тек.
Өйткені олар – перзенті түн-түнектің,
Көрсоқырлық, ездікті мадақтаған –
Көргені тек сұрғылт күн, болса тепкі,
Қалай қожа болмақшы ондай адам.

Декаденттікке, буржуазиялық искусствоға қарсы күрес туралы даурықпа сөздермен, әдеби дау-жанжалмен өздерінің ішкі кеуектігін бүркемелеуге тырысқан футуристердің даңғойлығы да Фурмановты адастыра алмады. Фурманов олардың мағынасыз, түсініксіз сөз саптаулары Пушкиннің, Лермонтовтың, Некрасовтың улы тілін қорлағандық деп түсініп, бұған әбден ыза болатын. Бірде Марта Дмитрийдің назарын «Сөз тапқыштардың Россиядағы тұңғыш кеші» жайлы хабарлаған даурықпа жарнамаға аударып еді. Ол миығынан күліп, Мартаға былай деді:

– Олар жөндерін таппай, жасанды да жалған бірдеңемен әуре болып жүр. Осы жаңашыл-футуристер, кубистер, тағысын тағылардың барлығы да сондай...

Өзін қоршаған жандарша мағынасыз, ұлы идеясыз, ұлы мақсатсыз өмір сүру мүмкін еместігін Дмитрий уақыт өткен сайын айқынырақ сезіне түсті. Ол нағыз, үлкен өмірге қарай ұмтылды. Бірақ сол нағыз өмір қандай болатынын Фурманов әлі де болса білмейтін еді.

Жетінші тарау

СОҒЫС

«Жалпыға бірдей мобилизация! Жалпыға бірдей мобилизация!» Газет таратушылардың ашық терезеден естілген осы бір ащы дауыстарына селк ете қалған Дмитрий

көшеге қарады. Сыртта жазғы таң. Тротуарда үйме-жүйме халық. Дмитрийді ауыр тынышсыздық басты. Ол асығыс-үсігіс киіне салып, үйден жүгіре шықты. Бұрышта, жарнама ілінген жерде үрейлі жұрт жалпыға бірдей мобилизация туралы жарлықты оқып тұр. Оқып шықты да, үнсіз сазарып, таркап барады.

Бұл 1914 жылдың ескіше 14 июлі еді. Басқалардың жерін тартып алуға, басқа ұлттарды шапқыншылыққа ұшыратуға ұмтылған империалистік мемлекеттер құпия дайындаған дүниежүзілік бірінші соғыс басталып та кетті

Халықты алдап, оның патриоттық сезімін пайдаланбақ болып, патша үкіметі мен буржуазиялық газеттер немістер Россияға шабуыл жасауға даярлануда, Отанға қауіп төнді, әрбір орыс адамының парызы – Отанды қорғау жолында бас тігу дегенді уағыздаумен болды. Халықтың рухын көтермек болып, билік орындары манифестациялар ұйымдастырды.

17 июль күні «Националь» мейманханасының алдында духовой оркестр ойнады. Театр алаңы, Охотный ряд, Зарядье, Манеж жақтан еріккен жандар, мещандар, чиновниктер, көпестер ағыла бастады. Адамдар тасқыны Тверь көшесін бойлап, баяу ғана жоғары өрледі. Немістерге сес көрсетіп, мықтымсынған қоқан-лоққы дауыстар, «уралаған» айқай ұтасып, жарыса шыққан жөн-жосықсыз гуілге айналды. Осы көпке студенттер мен гимназистер де араласты; бірнеше курстас студенттермен бірге Дмитрий де келіп қосылды.

Фурманов әуре-сарсаң сезімге берілді. Басқа көптеген жандар сияқты, ол да жау Россияға бас салуға, оны қырғын соғысқа киліктіруге ешбір сылтаусыз дайындалып жатыр деп сенді. Ол халықтың иығына түскелі тұрған сұмдық, масқара ауыртпалықтан үрейлене сескенді. Айнала толған патриоттық үндеулер оның көніл күйіне алғашқыда үйлес келіп жүрді. Бірақ төніректе болып жаткан окиғаларға көз тіге, «патша мен Отанды» қорғау жайлы даурықпа айқайларға құлақ түре келе, Дмитрий осы бір «патриоттық» дақпырттың жалғандығын барған сайын айқынырақ сезді.

Тобыр губернатор үйінің алдына, генерал Скобелев ескерткішінің жанына токтады. Шетен қалпақ киген, жылмаңдаған жүдеубас біреу тұғырға шықты да, қолын сермеп сөйлей бастады. Дмитрий жаттанды, көпірме сөздерді іші пыса тұрып тыңдады. Жан-жақтан охотнорядтықтардың

көкиланған дауыстары каттырақ естіле бастады. Қолдарына ұстаған патшаның портреттерін ауада бұлғақтатып қояды. Дмитрий ескерткіш қасында тұрған осы «патриоттардың» біріне ұнатпай көз тастады да: «Ұскыны қандай ойсыз, сепсеміз, ал, тегі, қалтасы қалың болар. Мұндай пәле майданға бармайды, пара беріп қалып қояды. Қайта халық күйзелген сайын байи түседі, – деп жирене ойлады,– осының бәрі неткен сұмдық!» Фурманов ызаланып көптің ішінен жырылып шықты.

19 июльде Германия Россияға соғыс жариялады. Москва вокзалынан батыска қарай әскери эшелондар бірінен соң бірі кетіп жатты. Ал бірнеше күннен кейін-ақ оларға жаралылар мен мүгедек солдаттарды тиеген санитарлық поездар шұбалып карсы ұшырасатын болды.

Соғыс Фурмановты дүр сілкіндірді. Алданып қалған миллиондаған басқа да орыс адамдары сиякты, Дмитрий де бұл талаушылық соғыс екенін түсінбеді. Соғыска қатысқан барлық елдердің үкіметтері басқыншылық максат көздеді, бірақ солардың қай-қайсысы да жау келіп тиген соң, қорғанып соғысып жатырмыз деп түсіндірмек болып, бар жанын салып бақты.

Газеттердегі даурыкпа мақалалар мен көпірме сөздерге әлі де иланатын Дмитрий өзімен-өзі болып, қағаберіс қала алмады – өз халқының ауыр тағдырына ортақтаспақ болды. «Россияны қорғаған жаралы солдаттардың қасіретін сейілткеннен ізгі не болмақ?» – деп ойлады ол. Сөйтіп, армияға шақыруын күтпей-ақ, 1914 жылдың күзінде Фурманов санитарлық поезға жаралыларды күтуші боп қызметке кірді.

Алғашқыда бұл поезд Оралға жөнелтілді, бірақ көп кешікпей-ақ 1915 жылдың январында оны Кавказға, Түрік майданына жіберді. Сонда, Сарықамыс тауларында Дмитрий соғыс даласын тұңғыш рет көрді. Таудың қар басқан сілемінде өлген түріктердің денелері шашырап жатыр. Солардың кейбіреулері мұнда бірнеше күннен бері жатса да, өліктердің жүздерінен ажал алдындағы азаптың ізі таймапты.

Өліктердің біреуінің түрі Фурмановка ерекше әсер етті. Қолымен жағын таянған калпында жаткан ол жұмыстан жаңа ғана келіп, шалдығып, ауырған күйі үйге жете алмай, осы жерде тыныгып алу үшін аялдаған тәрізді.

«Осы адамдар не үшін каза болды? – деп ойлады Дмитрий

жоғары өрлеп келе жатып.– Өздері сияқты орыс шаруаларын, орыс солдаттарын неге өлтіруге тиіс екендігін олар түсінбеді. Сөйтсе де, өздерін ажалға айдап салған үкіметтерінің зұлым пиғіліне бас иіп, оларды өлтіруге тырысты...»

Поезда әбігер жұмыстар басталды. Ауыр жараланғандар келіп жатты. Солардың жағдайларын тез-тез тану керек. Кейде өлім халінде жатқандардың басында талай түн бойына көз ілмей отыруға тура келеді. Бірауық Дмитрий енді қайтып адам қасіретіне шыдап қарай алмастай, өзінің қорғансіздігін білгендей болды. Егер соғыс даласында дер кезінде көмек көрсетілсе, онда жаралылардың аман қалуына болатындығын Дмитрий түсінді. Сондықтан да оның санитарлық қызметтегі чиновниктерге ашуы келіп, ызасы орши түсті, өйткені солардың кінәсынан мың-мыңдаған жас өмір іріп-шіріп, ұшынып өліп жатты. Армиядағы санитарлық қызметті жолға қоюға тиісті адамдар жаралы солдаттардың тағдырына тебіренбеді, тек өздерінің жан тыныштығы мен бақытын ойлады. Ал көптеген жайсыздықтармен, жөнсіздіктермен күреспек болған ақ пейіл, адал дәрігерлерге бюрократизм мен жан ашымастық кесе-көлденең тұрды.

Түнгі күзет кезінде Фурманов жаралылармен талай рет әңгімелесіп көрді. Қаракөлеңке вагонда отырып, ол сұр шинель киген осы бір шаруалардың өткен өмірлері жайындағы қалтқысыз әңгімелерін тебірене тыңдайтын. Олар соғыста солдаттарды нашар тамақтандыратынын, оларды ашықтан-ашық, ұялмастан талан-таражға салатынын да әңгімелеп қоятын. Солдаттардың шаршап-шалдыққан үндерінен кейістік сезілмейді. Олар ештеңе сұрамайды, өтінбейді, тіпті ашуланбайды да. Отан үшін қан төктік деген ойға көнілі ұялаған олар өздерінің қасірет-қайғысына көндіге шыдайды.

Санитарлық поезда және қызмет бабымен сапарға шыққанда өзімен ұшырасатын офицерлердің қылығы Дмитрийге бұрынғыдан да жиреніште бола түсті. Оның әсіресе штаб офицерлеріне жыны келетін. Әрдайым дерлік масайрап, өзгені ұмытып, шала мас болып жүретін осы бір жандардың сөздерінен олардың, шындығында, Отан тағдырына түк те тебіренбейтіні анық байқалушы еді. Оларда соғыстан аман шықсақ, шенімізді жоғарылатсақ деген ғана ой болды. Өздерінің қолынан келмейтін батырлық

жайлы, Отанға қызмет ету жайлы ойларын айтпақ болған сәттегі олардың жаттанды сөздерін, тұрпайы қалжыңдарын Фурманов жирене тыңдайтын. Сол әңгімелерді тыңдап отыру ауыр да, ұят та еді. Дмитрий өзінің қайнаған ыза-кегін зорға деп қана басатын.

Поездағы дәрігерлік қызметтегілердің ішінде Фурмановпен ойы, сезімі үйлес адамдар да бар еді. Олар да жаралылар келгенде жан сала қимылдайтын және санитарлық поезд тұйық жолда талай апта бойына жайдан-жай тоқтап тұрғанда, амалсыз қол бостықтан сарылып жалығатын. Ал сол уақытта Батыс майданда кескілескен соғыс болып, мыңдаған жаралылар лазаретке жөнелтуді күтіп жататын.

Осы санитарлық поезда Фурманов өзінің болашақ зайыбы Анна Никитична Стешенкомен танысты. Ол дәрігерлік сестра болып істейтін. Жастар достасып кетті. Үйреншікті өмірден қол үзген екеуі соғыстың қиын-қыстау жағдайында, реніш пен күдік баскан сәттерде біріне-бірі таяныш болды.

Кешкісін екеуі бірге отырып кітап оқитын. Горькийдің таяуда ғана шыққан «Балалық шақ» атты повесін оқып болысымен-ақ, екеуі осы бір тамаша кітап жайында, әженің ғажап образы жайында, повестің кейіпкері – өз бейнесімен Фурмановты әсіресе катты қызықтырған Алеша деген бала жайында ұзақ-ұзақ сөйлесетін.

– Оның жанында тумысынан біткен, балалық шағында алған әсерлерінен қалған пәктік, үміткерлік, табандылық соншалықты мол,– дейтін Дмитрий Анна Никитичнаға.– Ол қандай алыс-жұлыска болсын шыдайды, шалдықпайды, қандай жағдайға тап болса да айнымайды...

Фурманов әркашанда балаларды жақсы көретін. Соғыс кезінде үй-күйінен айырылып, жетім қалған мыңдаған жасөспірімдердің сорлы тағдыры оның жанын катты күйзелтті. Киімдері жырым-жырым, көздері біртүрлі үрейлі де қайғылы, ашыккан, жүдеп-жадаған осы бір балаларға ол қалай болса солай карай алмады. Олар станцияларға келгенде қайыр сұрайды, әйтпесе әбден ашынған соң ұрлық қылады. Ол әскери бөлімдерге қосылған балаларды да талай рет көрді. Кейбіреулеріне ерлігі үшін награда да берілетін. Бірақ солардың көбі октан, жокшылықтан өліп жатты.

– Қанша ғұмыр кор болған! – дейді Фурманов Анна Никитичнаға, ренішін жасырмай. – Қайтерсің енді бұл

бақытсыз балаларды? Кім жемек олардың қамын? Бейшаралардың тағдырына қашанғы осылай немқұрайлы қарай бермек?

...Кавказда тау арасындағы бір кішкентай станцияда санитарлық поезд болашақ маршрут жайында нұсқау күтіп, талай апта бойына тұрып қалды. Күні ашық та жылы, түні салқын февральдың орнын март басты. Март та өтті. Ал поезд тұра берді.

Орталық Россияның шетсіз-шексіз, жым-жырт жазықтарынан кейін Дмитрий Кавказдың қатал табиғатына бірден көндігіп кете алмады. Күн көзіне шағылып жалт-жұлт еткен қарлы шыңдар, күндіз қара көк, ал түнге қарай мақпал қара тартатын, жұлдыздары жарқыраған аласа аспан – тау табиғатының осы бір ғажайып сұлулығы алғашқыда оған суық, жасанды болып көрінді. Бірақ бұл сезім бірте-бірте айықты да, Кавказ Дмитрийге өзінің сұсты сұлулығын ашты. Ауық-ауық өз әсерлерін өлең қылып жазғысы келетін еді.

Ауыр ойлардан сергу үшін Анна Никитичнамен бірге Фурманов көрші ауылдарға жиі-жиі кетіп қалып, таулықтардың өмірін барлап байқайтын, өзгеше тұрмысымен танысатын, жергілікті тұрғындармен әңгімелесетін. Түтін бұскан жер үйде отырып алып, ол шалдардың әңгімелерін – Кавказ халықтарының ежелгі өмірі жайындағы ертектер мен аңыздарын ұзақ уақыт бойына емірене тыңдайтын. Қайтып келгеннен кейін ол естігендері мен жазып алғандарының ішіндегі ең қызықты жерін жалықпай өңдейтін. Фурманов жазған «Рүстем туралы аңыз» осылай туды. Онда мынадай жәйт баяндалады: Рүстем деген сұлу жігітке қамалды күзету тапсырылады. Ал ол күзетіп тұрған қамалын тастап, Менике атты сұлу князь қызымен жолығысуға кетіп қалады. Қамалды қоршаған түріктер күзетші жоғын пайдаланып, ішке кіріп кетеді. Өзінің әскери парызын ұмытып кетіп, сұмдық халге душар болғанын білгенде, Рүстем қатты шошынады. Амалы құрыған ол сүйіктісі Меникені құшақтап көтерген бойы түпсіз шыңырауға секіреді.

Фурманов қоймай жүріп, 1915 жылдың сентябрінде Батыс майданға ауысады. Сол жақта, қырғын соғыстың ішінде Отанға шын мәнісінде пайда келтіремін деп әлі де болса үміттенетін еді ол. Оның ауысуына болысқан Анна Никитична да осылай ойлап еді.

Батыс майданда қырғын соғыс болып жатты. Соғыска кірісімен, Фурманов күнделігіне былай деп жазып қойды: «Жұмыстан шалдығып біттім. Дәл осындай жұмыс болса екен деп тілейтін едім ылғи... Бір күнде ондаған жаралыларды таңамын... Палицадан Стырь өзеніне дейінгі алапта өне бойы тарс-тұрс мылтық атылып жатады... Үлкен зеңбіректерден атылған снарядтардың гүрс-гүрс жарылғаны естіліп тұрады...

Көп уақытын алған қысталаң жұмыска қарамастан, Фурманов майдан өмірінің көріністері мен эпизодтарын күнделігіне жаза жүрді. Стырь өзеніндегі бауырластар қабірі өте-мөте қатты әсер етті. Белгісіз жандардың жас бейіті басында ол ұзақ тұрды. Ал оның көз алдында дәл сол жерде тағы да жас қабірлер көбейіп жатты. Жауынгер достары үнсіз жерлеп жатқан белгісіз батырлар жайында ойлады ол. Жаңа ғана жасалған ағаш крестерге олар бауырластық сезімге толы қалтқысыз сөздер жазып жатыр. Ал бірнеше күннен кейін олардың өздерін енді басқа бір солдаттар жерлеп, дәл осындай сөздерді жазатын болады. Кешкісін Фурманов күнделігіне Стырь өзеніндегі бейіттерді суреттеп жазды. Бір жас ұланның жерленгенін, оның қабірі басында төрт солдат, екі санитар, екі боскын әйел тұрғанын және олардың бейтаныс, бөтен адамды жоқтап, еңіреп жылағанын да көрген еді. Күнделігіне соны да жазып қойды.

Декабрьде Фурманов қатты ауырды да, оны Москваға жөнелтті. Жаңа жылдың алдында ол Алексеев ауруханасына түсті. Сонда операция жасалуын күтіп жатқан кезде күнделігінен майдан өмірінің бірнеше суреттемелерін алды да, очеркке айналдырып, Москвадағы «Русское слово» газетінің редакциясына жіберді. «Стырь өзенінің жағасындағы бауырластар қабірі» деген очерк.

1916 жылы 18 февральда жарияланды. Фурмановтың жазушылық еңбекке деген арманын соғыс уақытша басып еді. Енді газеттен тұңғыш шығармасын көрген сәтте оның сол арманы қайтадан қаулап тұтанды.

Операциядан кейін екі апта өткен соң Фурманов ауруханадан шықты да, армияға қайтып оралды. Соғыс басталғалы бір жарым жыл болса да, майдандағы хал барған сайын қиындап барады. Жолшыбай Фурманов шаршап-шалдыққан солдаттардың ызалы сөздерін естіді. Олар патша

генералдарының немістерге жасырын шпион болғандығы, армиядан қашқандардың қисапсыз көптігі жайында айтады. Тіпті Москвада ауруханада жатқанда да ол елдегі асқынған күйреушілік жайында, халық бақытсыздыққа душар болғанда байып алған саудагерлер жайында, заводтардағы толқулар жайында, ереуілдерді әскери күшпен аяусыз жаныштайтындығы жайында көп естіген еді.

Солдаттардың батырлық қимылдарына қарамастан, патшаның топас, опасыз генералдары басқарған орыс әскерлері жеңіліс тауып, орасан зор құрбандықтарға ұшырап жатты. Жазда Галицияда шабуыл жасаған армия патшалық қолбасшылардан қолдау таппай қырғынға ұшырағаны туралы сұмдық хабар бүкіл майданға тарады.

«Біздің халіміздің жақсылығы жайлы өтірік бір әнді сынық шарманкадай[1] қайта-қайта сарнай беретін газеттер сендерді алдаркатады, – деп жазды анасына Дмитрий Майданнан. – Сол бір сықырлы, алдамшы ән бізді Карпатка апарды. Ал ол жақтан миллиондаған шерменделер тек орыстар болғандықтан және қайғы-қасіретке еті өліп үйреніп кеткендіктен ғана аман қайтты. Егер біздің орнымызда басқа халық болса, тып-типыл боп құрып кетер еді».

Армияның азып-тозып бара жатқаны барған сайын айқын байқала түсті. Фурманов өз өмірін жаумен күреске аямай бағыштаған адамдардың қасиетін аяқ асты еткен таяққа иегізделген қатыгез тәртіпке деген қарсылық солдаттар арасында әбден күшейгенін көрді.

Сеньков деген солдаттың өз ротасының командирі жайындағы ойдан шығарылмаған, шын болған мынадай бір әңгімесі оған қатты әсер етті:

– Біз қаз-қатар тұр едік, рота командирі: «Махметов, тәртіп деген не?» – деп сұрады. Ал Махметов болса – татар, орысша жұмған аузын ашпайды. Тәртіптің не екенін қайдан білсін... «Немене, білмейсің бе, айуан? Сеньков, көрсетші оған тәртіптің не екенін, төндір желкеден, қаттырақ сок!» Қалай ұрармын мен оны? Махметов екеуміз жолдаспыз, бірге жатып, бірге тұрамыз... Мен құлашымды кең жазып, көсіле сілтеп қалдым, бірақ ұруын қатты ұрған жоқпын. Рота командирі ұшып тұра келді де: Сен ұра алмайды екенсің ғой, э? – деп, жүгіріп келіп пәрменімен мені бір сокты. «Осылай

[1] Шарманка – музыка аспабы.

ұру керек!» –деп қояды. Қайтейін... таяқ жедім де, үн-түн жоқ жүре бердім... «Қайда барасың? Мен қалай ұрсам, ұр солай мынаны?» – деп жарлық етті. Не істерсің енді, өзі қасымда тұр, ұрмасам, менің өзімді соққыға жығады. Ақыры Махметовты ұруға, ұрғанда да батыра ұруға тура келді... Артынан екеуміз табыстық. Екеуміз де ұялдық, бір-бірімізге қарай алмаймыз.

«Міне, тәртіп дегеніннің түрі осындай. Біздің армияның түбіне жететін осы екен ғой, – деп жазып қойды Фурманов сол күні өзінің күнделігіне. Наразылық пен ыза өрши түсуде, осылай болар жөні де бар, қажет те, болмай да қоймақ емес... Үнсіздік үзіліп, үлкен іс, «Россия Скалозубтарының жауапсыздығы туралы» іс тексерілетін уақыт алыс емес».

Сегізінші тарау

САМОДЕРЖАВИЕНІҢ ҚҰЛАУЫ

«Бұл бір қызық болды, таңдауымнан тая соққандаймын, өз орнымды таппаппын: қазір сондай енжар, салғыртпын. Тіпті осы жұмысты қоятын-ақ реті бар... Лазарет жұмысы мені әбден еліктірді, жаныма жай тапқызды деуші ем, сөйтсем, өзімді-өзім иландырып, алдарқатып жүр екем, шындығында, мүлдем басқаша болып шықты!..»

Дмитрий Андреевич Фурманов 1916 жылдың ноябрінде майданнан осылай деп жазды. Оның Ивановоға қайтқысы келді. Бір кезде оны ізгілік қызметшісі болуға жетелеген аңсардың орнын рухани шалдығу, ашу мен ыза сезімі басты. Армияда одан әрі бола беруге оның төзімі жетер емес. Опасыздық, қазынаны талаушылық, парақорлық, солдаттарды қорлау сияқты бүкіл елде, майданда да, тылда да етек алған зорлық-зомбылық пен өктемдіктің аяғы революциялық сілкіністе соқтыратынын ол енді түсініп еді. Ол жақындап қалған дауылды анық сезді.

Фурманов Иваново-Вознесенскіге қайтып келгенде қоңыр күз еді. Москвадан кейін, соңғы жылдары өзі болған өнтүстіктің жұрт сапырылысып жататын қалаларынан кейін, оған халқы аз, аш-жалаңаш Иваново-Вознесенск еңсесі түсіп, басылып қалғандай көрінді.

Үйінде де оны өзгеше бір тыныштық күтіп тұр екен. Аркадий майданда, Соня Кинешмада дәрігерлік сестра болып істейді. Інісі Шура өлгелі бір жылдай болыпты. Лиза, Сережа, Настя сияқты кенже балалар ертеңгісін оқуға кетеді. Үйде тек шешесі мен күтуші кемпір ғана қалады.

Дмитрий Андреевич өзінің ескі таныстарын, мектепте және университетте бірге оқыған жолдастарын іздеп тауып алды. Олар соғыс жылдарында қалада қайтіп күн көргенін айтты. Саудагерлер мен алыпсатарлар халықтың апатқа ұшырағанын пайдаланып, азық-түлік нарқын мүлдем қымбаттатып, әбден байып алыпты. Жұмысшылар мен олардың семьялары ашаршылыққа ұшырапты. 1915 жылы Иваново-Вознесенскінің фабрикалары ереуіл жасапты. Мыңдаған жұмысшылар қалалық басқарманың алдына жиналып ап, қалаға келген губернатордан халықты аштан қырып бара жатқан дүкеншілерге қарсы шара қолдануды талап етеді. Губернатор оларды нарық арзандайды деп пландырады, бірақ көп кешікпей азық-түлік қайтадан қымбаттайды. Билік орындарына қарсылық білдірген жұмысшы өкілдерін тұтқынға алады. Мұны естіген тоқымашылар жұмысты тастап, алаңға жиналады да, жолдастарын босатуды талап етеді. Бірақ түрмеге қарай жақындағанда оларға оқ атылады, сөйтіп қару-жарақсыз отдаған адам өліп, жарақаттанады.

Иваново-Вознесенскідегі толкулар жайында Дмитрий Андреевич армияда жүргенде-ақ естіген. Хат жазатын ағасы Аркадий де, Москвадағы Алексеев ауруханасында жатқанында келген Марта да осының шет жағасын ептеп сездірген болатын. Аш жұмысшыларды айуандық қырғынға ұшыратқандығы жайлы інісінің бүге-шігесіне дейін айтқан әңгімесін ол енді ызалана тыңдауда.

– Өзің ойлап қарашы! – деді Сергей ағасына қатты ашудан қабағы жауар бұлттай түйіліп.– Арандатушылар тұтқындарды Владимир түрмесіне апарады екен деген сыбыс таратады, ал билеушілер Приказ көпірінің жанына әскер қояды. Түрмеге қарай беттеген жұмысшыларды аткылай бастайды...

Осындай қырғын оқиғалар жайлы әңгімелер балалық шақтың ұмыт болып бара жатқан әсерлерін: 1905 жылғы ереуілді, Талка өзеніндегі мыңдаған адам қатысатын жина-

лыстарды, жұмысшыларды өз праволары үшін күреске шақырған шешендердің жалынды сөздерін Фурмановтың есіне түсірді. Сол жылдардағы жұмысшылардың ереуілдері мен империалистік соғыс кезіндегі толкулары – осының бәрі халықтың самодержавиемен, капиталистермен ұзақ та тегеурінді, толассыз тартысы екендігін енді Фурманов анығырақ түсінді. Майдандағы солдаттар арасында ашу-ыза өршіп, патша өкіметіне деген қарсылық күшейгенін оның өзі де туыстары мен достарына талай рет айтып берді...

Фурмановтың университетте өзімен бірге оқыған жолдастарының бірі Ивановодағы тоқыма фабрикаларының жұмысшылары үшін құрылған «Сауаттандыру қоғамының» курстарында сабақ береді екен. Дмитрий Андреевич те сол курстарда сабақ бере бастады. Жұмысшылармен кездесе, әңгімелесе жүріп ол халықтың шыдамы таусылғанына бұрынғыдан да бетер сенді.

1917 жылдың январында Москва мен Петроградта болған ереуілдер жайлы хабар келді. 9 январь күні, «Қанды жексенбіге» бірнеше жыл болған күні Москвада он мыңдаған жұмысшылар ереуіл жасапты десіп жүрді. Сансыз адам топталған демонстрация: «Жойылсын соғыс!» – деген жазуы бар плакаттар ұстап, қаланың ортасына барады. Тверь бульварында оларға атты полиция мен казактардың отрядтары қарсы шығады. Олар қолдарына жалаңаш сапы, камшы ұстаған бойы демонстранттарға тарпа бас салып, баса-көктеп, ұрып-соғады. Ал Петроградта жұмысшылар демонстрациясына солдаттар қосылыпты десіп жүрді. Буржуазиялық газеттер бұл оқиғаларды халықтан жасырмақ болып, ол жайында жұмған ауыздарын ашпады.

Ал революция толқыны үдей берді. Февраль айында астанада одан да айбарлы оқиғалар болды. Оны ешкім де жасыра алған жоқ. 18 февральда путиловшылар ереуіл жасады, ал оларға басқа ірі заводтардың да жұмысшылары қосылды. 25 февраль күні қолдарына қызыл тулар алып, «Жойылсын патша!», «Жойылсын соғыс!», «Нан берілсін!» деген плакаттар ұстаған мыңдаған жұмысшылар көшеге шықты. Астана жұмысшыларының патшалық самодержавиеге қарсы күресі туралы хабарды Иваново-Вознесенскіде құлақ түре тыңдады. Курска келген сайын Дмитрий Андреевич тыңдаушыларға қарап, жігерлене түсіп былай дейтін:

– Халықтың қарғыс атқан самодержавиемен кескілескен айқасы басталды. Петроградта полиция халықты пулеметтен атқылауда. Бірақ патша жандармдары революцияны тоқтата алмайды. Егер жұмысшыларды солдаттар қолдаса, патша тұрақтап қалмақ емес. Қазір солдаттар бұрынғыдай емес. Мұны мен жақсы білемін, өз көзіммен майданда көрдім. Олар самодержавиені жек көреді. Мен сенемін – халық жеңеді! Некрасовтың халық туралы айтқаны естеріңізде ме?

Сыр бермен, бәріне де шыдайды ол,
Кеудесімен кең, даңғыл салады жол...

Революция нажағайы жасын аткалы тұрған осы бір алабұртқан күндерде Некрасовка еліктемек болып, Фурманов ояна бастаған халық туралы былай деп өлең жазды:

Тыңдаңыздар! Керемет болғалы тұр,
Асқақ ұстап еңсесін, сілкініп дүр
Қара орманда бір алып оянбақшы,
Рас, ол әлі қалғып ұйықтап жатыр,
Бірақ енді тұрады осы батыр,
Күн нұрына шомылып, боянбақшы.
Қаранғаршы, аспанда арайлап таң,
Күн нұрына бөленді түнерген маң.
Тыңдаңыздар! Ой салып барлаңыздар,
Ұлылығын, тынысын жырлаңыздар –
Бас көтеріп келеді алып халық.
Салтанатпен көтеріл, тұрмаңыздар,
Сәулесінен серпіліп қыскан ызғар,
Келе жатыр балғын күш киіп-жарып.

Петроградта жұмысшылар мен солдаттар патша үкіметін құлатқандығы туралы хабар 28 февраль күні бұл қалаға да жетті.

– Революция жасалғандығына енді ешқандай шүбә жоқ, – деді Дмитрий Андреевич өзінің достарына. – Ал ол Питерден асып, бүкіл елді құшағына алар ма екен?.. Солай болса ғой, шіркін!

Революциялық оқиғалар Иваново-Вознесенскіні де қамтыды. Жұмысшылар фабрикаларды тоқтатып тастады.

Оқу орындарында сабақ болған жоқ. Фурманов: «Россияда болып жатқан ұлы оқиғаларға байланысты курста сабақ тоқтатылды» деген хабарландыру іліп қойды.

Қуанған, бақыт сезіміне бөленген жандар қолдарына қызыл жалау ұстап, қала ішінде әрлі-берлі жүр. Революцияшыл әндер айтады. Дмитрий Андреевич те соларға қосылды. Ол әлдекандай бір бейтаныс кісілердің қасына барады да, Екінші Николайдың тақтан бас тартқаны жайлы, уақытша үкіметтің құрылғаны жайлы куанып айта бастайды.

Иваново-Вознесенскінің көшелері әртүрлі саяси партиялардың – кадеттердің, эсерлердің, меньшевиктердің жиналыстары туралы ала-құла жарнамаларға толы. Большевиктердің жиналысы 9 мартқа тағайындалды.

Ол кезде бұл партияларды Фурманов тек ұзынқұлақтан ғана білетін. Олардың программаларын жете айырмайтын ол алғашқы күндері қандай партияның болсын жиналысына бара берді. Революциялық оқиғалар оны баурап алған еді. Өзі соншалықты сарғая күткен, арман еткен нағыз іс ақыры енді басталғанын Дмитрий Андреевич түсінді. Сонымен бірге ол болып жатқан оқиғалардың шын мәнісін жөнді ұқпайтын. Ол митингілерде сөйлейтін шешендердің бәрін ұйып, іш тарта тыңдайды. Алғашқыда мағынасына қарамай, жел сөздерге көбірек елікті. Жарқылдақ, лепті сөздер нағыз революцияшыл сөздер болып көрінді оған. Көп кешікпей өзі де митингіде сөйледі. Өзіне «Сауаттандыру қоғамынан» таныс эсерлердің талай-талайының сөзі сияқты, мұның да алғашқы сөзі буалдыр, күңгірт болып шықты.

Фабрикалар мен әскери бөлімдерде солдаттар мен жұмысшылар депутаттарының Советіне сайлау жүргізіліп жатты. Бір жағынан, лениншіл большевиктердің жұмысшы ісі үшін қайсарлықпен күресетінін жұрт Талкадағы жиналыстардан бері жақсы білетін, екінші жағынан, Иваново-Вознесенск революцияшыл данқты дәстүрі бар қала болатын, сондықтан мұнда Советтің көпшілік орнын әуел бастан-ақ большевиктер алды.

Фурманов Советте қызмет етуге бекінді. Оны мәдени-ағарту жұмысы әсіресе қызықтырды. Ол жұмысшыларға революцияның мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру үшін көпшілікке арнап бірнеше лекция ұйымдастыруды ұсынды. Біраз уақыттан кейін Иваново-Вознесенскінің

фабрикаларында осындай лекцияларды оның өзі оқи бастады, жұмысшылармен әңгімелесті.

Көктемде «Сауаттандыру қоғамы» Фурмановка көрші деревнялар мен селоларға барып, лекция оқып қайтуды ұсынды. Ондай жерлерде революция жайлы әңгімелерді сақтана, күдіктене тыңдайтын. Шаруалардың көпшілігінің болып жатқан оқиғалар жайында жөнді ештеңе білмейтіні, ал кулактардың революцияға жауығып жүргені айқын еді. Баяндамадан кейін Фурмановка: «Президент деген кім?», «Буржуазия деген не?», «Капиталистік құрылыс деген не?» сияқты сұрақтарды жаудыратын. Деревняда күнделікті түсіндіру жұмысын жүргізу өте маңызды екеніне Дмитрий Андреевич көнілін ұялата түсті.

Бірде ол салт атпен Васильевское деген үлкен сауда селосына келді. Шаруалар даладан әлі қайтпаған екен. Қаладан келген лекторды алаңда әлдекімдер коршап алды.

– Немене, бізді оқытуға келдің бе? – деді ызалана кекетіп солардың бірі. – Біз онсыз да оқымыстымыз!.. Сен одан да осы большевиктер дегендер кайдан шығып, бүкіл Россияға лаң салып жүр, соны түсіндір?..

– Байқайсың ба, осының өзі сол «жолдастардың» бірі ғой дейімін, – деп, кара кафтан киген еңгезердей бір шал оның сөзін бөліп жіберді.

Бұл адамдардың ұскынына, ықтырмақ боп тиісе сөйлеген сөздеріне карап, Фурманов кулактар мен дүкеншілердің ортасына түскенін білді. Ол сөйлей бастап еді, бірақ оны кимелеп, қияңқы сұрақтармен бастырмалатты.

Жұрт көбейе түсті. Фурманов төңірегінен айуандық ыза кернеген жүздерді, жиреніш атқан көздерді, түйілген жұдырықтарды аңдады. «Міне, жау дегеніңнің кескіні осы! – деген ой сап ете түсті оған.– Бұлардан аяушылық күтпей-ақ кой!»

Дмитрий Андреевич сазарып кетті, бірақ сабырлы болуға тырысты. Даусы орнықты да нық шығады. Ештеңеден сескенбеген тәрізді сөйлеген болып көріну үшін, ол бар күш-жігерін салды.

– Сіздер большевиктер дегендер кімдер деп сұрайсыздар ма? Большевиктер...

Фурмановтың сөздерін ызалана ұрсып-сөккен дауыстар көміп кетті. Кулактар коркытқысы келіп, айқайға басты:

– Неменесін тыңдап тұрсыңдар? Қуып жіберіңдер өзін! Қуып шығыңдар!..

Дмитрий Андреевич кулактардың жазасынан құтылмасын білді, бірақ сөзін жалғастыра беруге тырысты. Кенет әлдекім құлағына сыбырлады:

– Жұрттың арасынан сытылып шық та, Шуяға қарай тарт. Бұларды мен бөгей тұрайын. Фурманов сөйлеген кісіге жалт қарады да, Ивановоның карт большевиктерінің бірі екенін таныды. Ол Васильевкаға, сірә, әлдеқалай келе қалған болу керек. Жұрт назарын Фурмановтан аударып, ол кулактармен аяусыз айтыса бастады. Даладан шаруалар да қайтып келіп жатыр. Асқынған айтыс, ұрыс-керіс қыза түсті.

– Айтып тұрмын ғой саған, тез кет бұл жерден!..– деген талап ете, қадап айтылған осы бір сыбырды Фурмановтың құлағы тағы да шалып қалды. Кулактар лектордың жоқ екенін енді біліп, сандарын соғып жатканда, ол Васильевскоеден ұзап та кеткен еді.

Тоғызыншы тарау

ҰМЫТЫЛМАС КҮНДЕР

Дмитрий Андреевич халықтың соғыстан қажығанын, шаруалардың бейбітшілік пен бейбіт еңбекті аңсайтындығын, олардың уәделі жерді алуды асыға күткенін көрді. Деревняларды аралап жүргенде, ол шалдар мен әйелдердің қабырғалары қайысып, ауыр жұмыс істейтінін байқады. Бірде деревняға жақындап келгенде Фурманов жер тырмалап жүрген ұзын бойлы карт шаруаны жолықтырды. Қасында бір әскери тұткын – дода-додасы шыккан шолақ мундир киген жирен жүз австриялық косыла жұмыс істеп жүр. Бұл екеуі бір-біріне жау деп ойлау тіпті киын еді.

«Жок, бұлар жау емес, оларды амалсыз жауыктырды,– деп ойлады Фурманов, бірлесе жұмыс істеп жаткан жандарға карап. – Әлдекім оларды аяусыз алдап, бір-біріне қасақана ушыктырып айдап салды».

Ол атының басын тежеді. Қарт та атын аялдатып, кең маңдайының терін сүртті. Фурмановка қадала карады да, сауал берді:

Айтшы, жолдас, газетте не деп жазады? Соғыс бітетін бе? Естілмей ме, қашан шарт жасалмақ?

Қыска да қасиетті «бейбітшілік» деген сөзді Дмитрий Андреевич канша рет естіді осы бір соңғы айларда. Лениннің сөздерінде, большевиктік «Правданың» мақалаларында да сол бір сөз айбарлы ұран болып естілді. Еңбекші халық үшін бейбітшілік әкелер мен балалардың, ерлер мен аға-інілердің майданнан қайтып оралуы еді. Бейбітшілік адамдардың боска қырылуының тоқталуы, аштық пен күйреуден құтылу еді. Бейбітшілік жақсылап жыртылған жер мен уақтылы жиналып алынған астық еді.

Ал уақытша үкімет жиреніштi болған соғысты тоқтатуды ойлаған да жок. Американ, ағылшын, француз империалистерінің талап етуімен ол майданда жанадан шабуыл дайындады. Капиталистер мен помещиктердің үкіметі соғыс оқиғалары арқылы жұмысшылар мен шаруалардың назарын өздерінің әділ талаптарынан аударып әкетуге, революцияның одан әрі өрлеуіне бөгет жасауға тырысты.

1917 жылдың 18 июнінде майданда шабуыл басталды. Буржуазиялық газеттерде соғыстағы жалған жеңістер жайлы даурыкпа хабарлар жарияланды. Бұл күндері Фурманов Иваново-Вознесенск маңындағы Лежнево поселкесінде еді.

Митинг өтіп жатты. Солдат киімді бір адам ентігіп жүгіріп келді де, катты айқайлап коя берді:

– Азаматтар! Майданда біздің адамдар зор жеңіске жетіпті! Қазір шіркеуде дұға оқылады!.. Жолдас шешен,– деді ол Фурмановқа, коптің арасынан кимелеп өтіп келіп, – дұға оқылғаннан кейін сөз сөйлеңіз! Анау-мынау оқиға емес! Жеңіс кой!

Фурманов үшін бұл күтпеген хабар еді. Соғыс Отан мүддесі үшін жүргізіліп жатыр деп алданып жүрген солдаттың қуанған сөздерін тыңдап болған соң, Дмитрий Андреевич жауапты кесіп айтты:

– Қуана коятын ештеңе жок. Біз ұрдық па, бізді ұрды ма– бәрібір, халыққа қасірет пен қайғы. Мен үшін ешқандай қуанышы жок. Ия, жок! Сіз айтқандай сөз сөйлей алмаймын мен...

Деревняларды аралау сапары Фурмановты көп нәрсеге үйретті. Ол шаруалардың өмірімен қоян-қолтық араласып, селодағы тап күресін өз көзімен көрді және эсерлер мен

меньшевиктерді ең алдымен дүкеншілер, саудагерлер, кулактар және солардың жандайшаптары қолдайтындығын барған сайын анық ұғына түсті. Жұмысшылардың мүддесін қорғайтын, деревня кедейлері мен еңбекші шаруаның жоғын жоқтап, мұңын мұңдайтын, соғысты тоқтатып, әділетті бейбітшілік орнату үшін шындап күресетін жалғыз ғана партия – бұл большевиктер партиясы екенін де ол айқынырақ сезді.

Фурмановтың сөйлеген сөздерін Советте жақсы бағалады. Ол нағыз шешен деген ұғым туды. Иваново-Вознесенскіге қайтып келген соң ол үгіт жұмысын бұрынғыдан да гөрі күшейте түсті. Бұрын ол мәдени-ағарту жұмысын ең алдымен халықтың сауатын ашу деп қарайтын. Енді Фурмановқа бұл әлдекайда маңызды да байсалды іс болып көрінді; ол мәдени-ағарту ісінің саяси жұмыс екенін, адамдардың фабриканттар мен помещиктердің, кулактардың өкіметінен қалай азат болуды ұғынуына септігін тигізетінін түсінді. Дмитрий Андреевич бұл жұмысты енді большевиктермен бірлесіп жүргізді.

1917 жылдың августында Фурманов жұмысшылар мен солдаттар депутаттарының Иваново-Вознесенскілік Советі Аткару комитетінің мүшесі болып сайланды. Революцияшыл сөз естісе болды, соған қайран қалатын балалық шақтан ол әлдекашан өткен еді. Оған меньшевиктер мен эсерлердің сөз жүзінде ғана халықты жақтап, іс жүзінде революцияға жаулық жасайтынын өмірдің өзі көрсетті. Фурманов енді оларды «революциядан шалғай мақтаншақ даңкойлар», «әншейін ғана мещандар», жалмауыз дүкеншілердің жалдаптары деп жирене атады. Осы қызыл өңештер мен екіжүзділердің ішінде бұрын патшалық күзетте қызмет еткен арандатушылар да жиі ұшырасып қалатын.

Кіммен бірге болу керек? Осы сұрақты үзілді-кесілді шешу керектігін Дмитрий Андреевич барған сайын айқынырақ түсінді. «Кім екенімді әлі де білмеймін, – деп жазды ол күнделігіне.– Басымды әр жаққа ұрам... Сөйтсе де жұмысымның айқын жоспары жоқ. Жетекші алқасы бар большевиктерге әрдайым қызығамын...»

Фурманов Алексей Максимович Горькийге хат жазып, саяси партиялардың программасын түсіндіруді өтінді. Дмитрий Андреевич Горькиймен жүзбе-жүз таныс емес-ті.

Бірақ, ол оның сүйікті жазушысы болатын. Ол Горькийдің көркем шығармаларын, әдебиет туралы мақалаларын қайта-қайта оқитын. Ол енді үлкен дос әрі ұстаз ретінде Горькийден ақыл сұрады.

Оны азаптаған сауалдарға өмірдің өзі де жауап беріп жатты. Контрреволюционерлердің зұлымдығы барған сайын өрши түсті. Монархистердің қаскүнемдігі, буржуазия ұйымдастырған іріткі жайлы мағлұматтар Иваново-Вознесенскіге де келіп жатты. Шикізат жетпейді дегенді желеу етіп, фабрикаттар өнеркәсіп орындарын тоқтатып тастады. Сөйтіп, олар мұқтаждық пен ашаршылық арқылы жұмысшыларды бас идірмек, өздерінің революцияшыл талаптарынан бас тарткызбақ болды. Күйреушілік барған сайын өрши түсті.

Августың аяғында қалаға Корниловтың контрреволюциялық қаскүнемдігі туралы жаманат хабар жетті. Эсер Керенский басқарған уақытша үкімет осы керітартпа генералды орыс әскерлерінің бас қолбасшысы етіп тағайындаған еді. Корнилов майданда ғана емес, тылда да өлім жазасын қайтадан енгізуді талап етті. Ол Советтерді жойғызуға тырысты. Қуанған капиталистер оған қаржы да бермек, қолдау да көрсетпек болды. Корнилов атты әскер корпусын майданнан алды да, өкіметті басып алу үшін оны Петроградқа аттандырды. Большевиктер жұмысшылар мен солдаттарды революцияны қорғауға шақырды.

Корнилов әскерлерінің Петроградқа шабуылы жайлы сыбыс Иваново-Вознесенскіге жеткен кезде жұмысшылар қатты әбігерленді. Советтің шұғыл мәжілісінде революциялық ұйымдардың штабы құрылды. Соның құрамына Фурманов та кірді. Дмитрий Андреевич болып жатқан оқиғалар туралы сол мәжілісте баяндама жасады. Ол Корниловтың контрреволюциялық қаскүнемдігі жайында айтып, Петроград пен Москвадан алынған ең соңғы телеграммаларды оқып берді және контрреволюцияға соққы беру үшін барлық революцияшыл-демократтық күштерді топтастыруға жар сала үндеді.

Осындай қысталаң күндердің бірінде Фурманов Советтің коридорынан жартылай әскери киім киген, аласа бойлы бір кісіні көрді. Сірә, басқа жақтан келсе керек. Өзі сәл сылти басып, председательдің кабинетіне қарай беттеді.

Оның бүкіл тұлғасынан, ашық жүзінен, көкшіл көздерінен Дмитрий Андреевичке әлдекандай таныстық сезілді.

– Трифоныч? Арсений жолдассыз ба?.. Мүмкін емес! – бөлмеден шыға келген карт жұмысшы айқайлап жіберді. – Қай тағдыр әкелді?

– Москвадан. Сіздерге қызметке келдім,– келген адам сабырлы жауап қатты да, достық шыраймен жымиды. Ол карт жолдасын – подпольщикті таныды. Екеуі құшақтасып амандасты.

– Арсений жолдас! – деп Фурманов карт жұмысшылардың әңгімесі бірден есіне түсіп, күбір ете түсті.– Бұл Фрунзе ғой!

Карт жұмысшы әлі де өзіне-өзі келген жоқ еді:

– Он жыл бойы көріспедік! Сені Шуяда ұстап әкеткеннен бері...

Расында да, бұл өлкеде Михаил Васильевич Фрунзені соңғы рет 1907 жылы көрген болатын. Өздерінің сүйікті жетекшісін тұтқынға алғанын біліп, жұмысшылар оны босатуды талап етіп, түрмеге қарай ағылды. Фрунзені күшпен босатып алады деп қорыққан үкімет оны жасырын Владимирге ауыстырып, каторгалық түрмеге жапты. Михаил Васильевичті сонда екі рет өлім жазасына кесті. Бірақ патша сотының заңсыздығы көпе-көрінеу болғандықтан, үкімет жұртшылықтың наразы пікірінен тайсалып, ақыры өлім жазасын қойып, оны каторгалық жұмыспен алмастырды. Фрунзе өлім жазасына кесілгендердің камерасында екі жыл бойы отырды, содан кейін ұзақ жылдар бойына жер аударылып, каторгада болды. 1915 жылы ол Сибирьден қашып кетті. Содан бері жасырын революциялық жұмыста еді.

Жасөспірім кезінде Талка бойында Фрунзені алғаш көрген сонау бір жаз күнінен бастап бейнесі есінде қалған осы тамаша революционердің қатал да данқты тағдыры жайында Фурманов енді ғана білді. Фрунзені Советтің үйінде жолықтырғанда Фурманов сол бір өткір, ашық көздерді, сол бір мейірімді жымия күлуді, қыска етіліп қырқылған сол бір жылтыр шашты да есіне түсірді. Тек көз жанары қаталырақ та өткірірек тартыпты, самайына ептеп бурыл кіріпті. Фрунзенің батыр тұлғасынан қайрат пен табандылықтың лебі еседі.

Контрреволюция Иваново-Вознесенскіде де бас көтерді. Латышев, Куражев сияқты көпестер және басқалар

жиналыстарда сөз сөйлеп, Советтің кінәсінен калада шикізат пен азық-түлік жетпей отыр деп арсыздана даурықты. Бірақ жұмысшыларды алдау онай емес еді. Олар өздерінің большевиктік Советіне сенді, оның шешімдерін колдады, контрреволюционерлердің қастандық әрекеттеріне соққы беріп отырды. Олар елдегі ашаршылық пен азыптозушылық атаулының бәрі революцияны тұншықтыру үшін буржуазияшыл уақытша үкімет істеп отырған қылмысты әрекеттердің салдары екенін жақсы түсінді. Фурманов және Советтің басқа да мүшелері фабрикаларда ұдайы болып тұрды, жоқшылық пен қиындықтарға қарамастан, жұмысшылардың көңілі сергек екенін, қажет уақытында Советті қорғауға, өздерінің жұмысшы өкіметін қорғауға тізе қоса аттана алатындығын өз көздерімен көрді.

Корниловтың қаскүнемдігі қиратылғаннан кейін бірнеше күн өткен соң Иваново-Вознесенск Советі большевиктер жағына біржола шыққан Петроград пен Москва советтерінің жаңа құрамына қызу құттықтау жолдады. Революцияның шешуші кезеңі туды. Фурманов Советте енді күндіз-түні болды; ол ұйықтауын да осында ұйықтады. Совет тынымсыз, аса зор жұмыс жүргізді. Пайдакүнемдердің фабрикаларды тоқтатып коюына бөгет жасау керек болды. Еңбекшілерді нанмен жабдықтау үшін кам жеу қажет болды; жұмысшылардың жаулары – кадеттердің, эсерлер мен меньшевиктердің халық арасында жүргізген контрреволюциялық өшпенділік үгітіне қарсы күресті босансытпау керек болды. Және, ең бастысы, жұмысшыларды буржуазиялық уақытша үкіметті құлататын шешуші шайқаска даярлау керек болды.

25 октябрьде кешкі сағат алтыда Советтің кезекті мәжілісі басталды. Онда халыққа азық-түлік, фабрикаларға шикізат пен отын тауып беру жайлы мәселелер талқыланды. Бірақ осы бір кеште не жайында сөйленсе де, не жайында айтыс болса да, жұрттың бәрі астана хабарларын асыға күтіп отырды. Соңғы уақытта Фурманов Москваға, «Известияның» редакциясына күн сайын телефон соғып, аса маңызды жаңалықтарды біліп тұратын еді. Сол күнгі кеште ол Москвамен жалғаса алмай-ақ койды. Ол редакцияға үш рет телефон сокты, бірақ ештеңе тындыра алмады. Акыры оны байланыстырды-ау.

Сол күн,– социалистік Ұлы Октябрь революциясының күні, Дмитрий Андреевич Фурмановтың есінде өмір бойына ұмытылмас әсер қалдырды. Талай жыл өткен соң ол өзінің «Ұмытылмас күндер» атты очеркінде сол күн туралы былай деп жазды:

«Не болғанымды жөнді білмеймін: залға баса-көктей кіріп келдім де, сөйлеушілерді бөліп жібердім, құлаққа ұрған танадай тып-тыныш бола қалды, әр сөзімді анықтап айтып, делегаттарға жар салдым:

– Жолдастар, Уақытша үкімет құлады!..

Көзді ашып-жұмғанша зал гүілдеп кетті. Бірінің бірі қолын қысып, орындыққа секіріп шығып жатыр. Ал кейбіреулер қолдарын шапалақтап, аяқтарымен жер тепкілейді, таяқпен орындықты, қабырғаны сабалап: «Жолдастар!.. жолдастар!.. жолдастар!..» – деп бар дауыстарымен айқай салады.

– «Интернационал!» – деп дауыстап жіберді әлдекім.

... Өз гимнімізді біз оған дейін де айтатынбыз және одан кейін де талай-талай рет айттық. Бірақ дәл сол жолғыдай айтқан күніміз есімде жоқ. Онда біз соншалықты бір кернеген жан қуатымен, сондай бір таскындап төгілген шабытпен, әрбір сөзіне дейін ойлы, есті сеніммен айттық гимнді:

Тұрыңдар, қарғыспен қарылған,
Аштар мен құлдар жиһанда!
Санамыз зығырдан қайнаған
Бастауға дайын майданға...

Біз гимнді айтып қана қойған жоқпыз, осы бір ақырғы кескілескен майданға лек-легімен ағылып кетіп бара жатқан жұмысшыларды көз алдымызға елестетіп тұрдық...

Ал, егер, үйірлі төбет, жендетті,
Шатырлап соқса найзағай.
Біз үшін сонда ылғи көктен күн
Сәулесін шашар нұр жайнай...

... Міне, жасын атып, найзағай жарқ етті! Жұмысшылар жеңді. Жұмысшылар өкіметті өз қолына алды ...

Екінші бөлім

Бірінші тарау

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ШТАБ

Революциялық штаб деген кішкене жарнамасы бар есік тіпті жабылған жоқ десе де болғандай еді. Жұмысшылар, қызыл гвардияшылар, Советтің қызметкерлері бір кіріп, бір шығып жататын. Олардың бәрі де мұнда, темекі түтіні ыстаған осы бір шағын ғана бөлмеде штабтың председателі Дмитрий Андреевич Фурмановты күні-түні қай уақытта болса да жолықтыра алатынын, тұжырымды да айқын нұсқау алатынын, шұғыл мәселелерді шешіп қайтатынын жақсы білетін. Ал совет өкіметінің алғашқы күндері мұндай мәселелер жиі-жиі болып тұрушы еді. Стол үстінде дамылсыз телефон шылдырайды. Көз шырымын алмастан өткізген талай-талай түндерден шаршап жүдеген, бірақ әркашан да жинақы, сергек, сақал-мұртын мұнтаздай ғып қырынған, қайратты Фурманов жағдайды тез барлап, дұрыс шешім табады, жөн сілтейді. Ширақ та жігерлі жүзіне қарап, саңқ-саңқ еткен зор даусын тыңдап көрген адам Дмитрий Андреевич Советтің үйінен бірнеше тәулік бойына шықпайды деп еш ойламас еді.

Советтің және революциялық штабтың жұмысшылармен, қала еңбекшілерімен байланысы күн санап нығая түсті. Октябрь революциясы күндерінде Москваның қызыл гвардиясына болыскан Иваново-Вознесенскінің екі мың кісілік отрядының жауынгерлері Москвадан қайтып оралды. Буржуазия мен оның құйыршықтары – меньшевиктер, эсерлер өкімет Москва Советінің қолына көшуіне күшпен тоскауыл жасамақ болып, қарсыласып бақты.

Хал-жағдаймен сол жердің өзінде таныспақ болып, Михаил Васильевич Фрунзе дереу Москваға аттанды. Онда көше-көшеде соғыс жүріп жатты. Күреске аялдап жатпай араласып кетті де, Шуяда өзі құрастырған отрядты Москваға шақыртып алды. Оның құрамында жауынгер жұмысшы

жасақтарына қатысушылар және революцияға адал берілген солдаттар бар еді.

Үйге қайтып келгеннен кейін отряд жауынгерлері данкты октябрь ұрыстарына Москва жұмысшыларымен бірге өздерінің қалай қатысқанын, Кремль ішіне орналасып алған ақ гвардияшылар қаланы зеңбіректен атқылағанын, қызыл гвардияшылармен бірге Фрунзенің өзі «Метрополь» мейманханасынан юнкерлерді қалай қуып шыққанын, Петровкадағы қару-жарақ жайын, Үлкен театрдағы дәрігерлік пункт жайын, контрреволюционерлердің күйрей жеңілгенін жырдай ғып айтып жүрді.

Иваново-Вознесенскіде революция жаулары совет өкіметіне қарсы қолдарына қару алып шығуға бата алмады, бірақ кайтсе де зиянкестік жасап бақты. Көптеген мекемелерде бауыр басып алған эсерлер мен меньшевиктер кадеттермен және қаныпезер монархистермен жалғасып алып, чиновниктер мен қызметкерлерді жұмыска бөгет жасауға – сол бір жылдардың тілімен айтқанда іріткі салуға тырысты.

Теміржол, почта, телеграф, банк сияқты аса маңызды өнеркәсіп орындары мен мекемелерде жедел революциялық бақылау қою қажет болды. Халық өкіметіне қас жаулардың қарсылығын аяусыз жаныштау, оларды зиянсыздандыру керек болды.

Ашықтан-ашық ірткі салуды ең алдымен почта және телеграф қызметкерлері бастады. Олардың өкілдері штабқа келді де, жұмысшы бақылауы мен әскери күзетті әкетуді талап етті.

– Почта, телеграф қызметкерлері, – деді олардың бірі тиісе сөйлеп,– жұмысты тоқтатады және почта мен телеграф тек Советтерді ғана емес, сонымен бірге уақытша үкіметке берілген ұйымдар мен мекемелерді де қамтамасыз етсе ғана жұмыска қайта кіріседі. Олар телеграммаларды Советке көрсетпейтін болады.

Сөзінің соңында ол мұндай нұскау орталықтан, Петроградтан алынды-мыс деді.

Революциялық штаб өз міндеттерін аткарудан бас тартқан почта, телеграф қызметкерлерін дереу тұтқынға алу туралы шешім қабылдады. Оларды күзетпен Куваев фабрикасының асханасына қамады. Қалада байланыс тоқталды. Почта да, телеграф та, телефон да жұмыс істеген

жок. Штабтың бұйрығы бойынша телеграф пен телефон станциясын қолдарына алған жұмысшылар байланысты қалпына келтірмек болды. Бірақ бұл оңай жұмыс емес еді: олар аппараттардың құрылысымен, морзе әліппесімен таныс емес-ті. Фурманов жай жұмысшыларды іріткі салушылардан ажыратып алу үшін тұтқындарды тергеуді ұсынды. Штабқа көмек көрсетпекші болған бірнеше жұмысшыны қасына ертіп, ол жеті қараңғы түнде Куваев фабрикасына жөнелді. Фабрика асханасы сол бір түні вокзалға ұқсас еді. Орындықта, стол үстінде отырған, еденде жатқан жандардың жүздері керосин шамның күңгірт жарығынан тым нашар байқалды. Кейбіреулері ұйықтап жатыр, ал енді біреулері бұрышта ұйлығып отырып алып, әлдене жайында таласып отыр екен. Фурманов кірісімен бәрі де тына қалды.

– Революциялық штаб маған сіздермен келіссөз жасауды тапсырды, – деп бастады Фурманов.

– Мен іріткі салушылармен сөйлесіп тұрған жоқпын, өйткені олармен сөйлесерлік ештеңе де жоқ! Олар – капиталистер мен помещиктердің өкіметін сақтап қалуды аңсайтын барып тұрған контрреволюционерлер. Мен солар жалған айтып шырмауға түсірген почтальондарға, телефонистерге, телеграфистерге арнаймын сөзімді. Сіздердің мүдделеріңіз жұмысшылардың, барлық еңбекшілердің мүдделерімен бірге емес пе?

Дмитрий Андреевич шешіле, ұзақ сөйледі. Оның сөзінің аяқ кезіне қарай құптаған дауыстар жиірек естілді. Фурмановтың сөздері олардың ойына, жүрегіне жол тапқаны анық сезілді.

– Біз кетеміз,– деп сөзін бітірді ол,– ал мұнда сіздер біздің айтқандарымызды ақылға салып көріңіздер. Революциялық штаб совет өкіметі ешқандай ірткі салушылыққа төзбейтінін және жаңа, азат өмір жасауға тосқауыл болатындардың барлығын жолдан ысырып тастайтындығын айтып, сіздерді сақтандырады...

Ертеңіне таң біліне штабқа тұтқындардың өкілдері келді. Олар қызметкерлердің жұмысты дереу бастауға ұйғарғанын хабарлады. Іріткі жойылды, қалада байланыс қалпына келтірілді. Осы бір қысталаң күндерде Дмитрий Андреевич туған-туыскандарын тым сирек көріп жүрді. Жауынгер жұмысшы жасағына қатысатын Сергей кейде штабтағы оған

жүгіріп келіп кететін, кейде жолшыбай Лиза соғатын. Ол гимназияны бітірген, енді азық-түлік басқармасында қызмет істейді.

– Мамам қалай? – деп сұрайды Дмитрий Андреевич қарындасынан әрдайым.– Мені ойлап, тынышы кетіп отыр ма? Сен мені көргеніңді, аман-сау екенімді айтуды ұмытып кетпе...

– Сен соңғы рет тамақты қашан іштің, Митяй? – қарындасы күлімсірей сұрайды.

– Кеше ме, бүгін бе?

– Жарайды, болды!–деп Дмитрий Андреевич жорта ашуланатын.– Сен абай бол, мамама айтып қойып жүрме. Бірақ Евдокия Васильевнаны алдау оңай емес еді. Қалада азық-түлік тым тапшы екенін ол білетін. Ноябрьде жұмысшылар төрт қадақтан ғана ұн алды. Ал өзге-өзге емес, анасына баласының мінезі, оның әділеттілігі мен адалдығы аян болатын: өз үлесінің жұмысшыларға тиетін үлестен артық болуына ол өлсе көнбейді.

... Дмитрий Андреевич бірнеше күн бойы үйіне соға алмай жүрді. Ақыры бір күні түнде келді. Ескі шинелін бұрышқа ілді де, шаршаған кейіппен қабағын шытып, стол басына келіп отырды.

– Тапшы, мама, менің не ішкім келгенін? – еркелей сөйледі ол. – Рас, ыстық шай болса!

Бірнеше минуттан кейін столда саркылдап самауыр тұрды. Күтуші кемпір Татьяна Степановна өзінің сүйікті баласының алдына ішінде екі кесек кепкен наны бар ыдысты мәз-мейрам болып әкеліп қойды. Дмитрий Андреевич қабағын түйіп, қатулана сұрады:

– Бұл қайдан келді?

– Мұны бізге жұмыста берді, Митяй, – деп сабырлы жауап берді Лиза. Дмитрий нан салған ыдысты ысыра салды да, сұп-сұр болып ашуланып, орнынан тұрып кетті.

– Білдің бе, Лиза, ертең қайтадан алып бар. Және есіңнен шығарушы болма: біздің семьяда кімнің болсын артық үлес алғанын көрмейтін болайын мен.

– Жә, болды ғой, Митяй, неменеге ренжи қалдың?– деп сөзге күтуші кемпір араласты. – Көрдің бе, Лизажанды жылатып та қойдың. Оның кінәсі не? Берген соң әкелген де ол. Ашаршылық уақыт...

– Ия, ашаршылық уақыт, әже,– Дмитрий Андреевич суық жауап қатты.

– Жұмысшылардың қалай ашығып жүргенін сен білмейді емес, білесің ғой. Ешкайсымыз да олардан бір түйір нан артық алмауымыз керек. Сөйтті де, стол басынан тез тұрып, Дмитрий Андреевич өзінің бөлмесіне кіріп кетті.

Сол бір күндердегі тынымсыз ауыр жұмыстан Фурмановтың бір минут та бос уақыты жоқ сияқты көрінетін. Бірақ ол творчествоға деген құштарлығын жоғалтқан жоқ. Соңғы апталардың ғажайып оқиғалары оны қатты шабыттандырды. Халықтың өткен заманғы қаралы күштерді тасталған еткен жеңісімен суарылған «Унгылдар жайлы аңызын» Фурманов революцияның нақ алғашқы күндерінде жазды. Бұл аңыздың сюжетін ол әбден ойша қорытып алды да, оны кейде мәжіліс үстінде, кейде түн ішінде, нағыз шұғыл сәттерде жаза жүрді. Шығармасын жазу үстінде Дмитрий Андреевич Кавказда болған кезінде таулықтардан естіген ежелгі ертегілерді де, жұрттың жолын жарық ету үшін жалын атқан жүрегін суырып алған жас жігіт Данко жайлы халық аңызын да талай рет еске алды. Бұл аңызды жас кезінде Максим Горькийдің «Изергиль кемпір» атты әңгімесінен оқыған Фурманов Данконың ерлік тұлғасын ұмыта алған жоқ. Ол аңыздың революциялық романтикасына да, жазушының шеберлігіне де әрдайым таңырқанбай қалмайтын.

Дмитрий Андреевич, әрине, өз шығармасының кемшіліктерін көрді. Ол «Унгылдар жайлы аңыз» көркемдік жағынан толысып тумағанын білді, бірақ революциялық іске септігі тиер деп ойлап, оны жариялауды мақұл көрді.

Иваново-Вознесенскінің тұрғындары 1917 жылғы 25 ноябрьде «Рабочий край» газетінен Дмитрий Фурмановтың «Унгылдар жайлы аңызын» оқыды:

«Ту-ту алыста, асқар, асқар таулардың, толқыны аспанға шапшыған теңіздердің ар жағында, терең құз-шатқалдар мен көсілген кең алқаптарда унгылдар деген алыптар жұрты өмір сүріпті. Алыптардың қанын ішіп, қорек қылатын Крафт атты ергежейлі сол жұртқа әмірші екен. Крафтың қасында унгылдардың қанын соратын көптеген ергежейлі нөкерлері болыпты. Ергежейлілер алыптардың арасында жүріп, оларды аңдумен болыпты және көрген-білгендерінің барлығын Крафтқа жеткізіп тұрыпты.

Ал қатыгез, зұлым Крафт көнбіс алыптарды аяусыз азаптайды екен. Глюк атты қайырымды аруақ келіп, олардың айықпас арман-мұңына ара түскенше олар сансыз жылдар, талай ғасырлар бойына қасірет шегіп, соған үнсіз төзіп жүре беріпті. Глюк болса биік таудың басында, бұлт астында өмір сүріп тұрыпты және алыптарға жиі-жиі келіп кетіп жүріпті. Бірақ унгдар қайырымды Глюкті алғашқы кезде сенбей, тұнжыраңқы қарсы алыпты.

Ол келгенде унгдар тынышсызданып, үрейленіп қалады екен. Ол алыптарды өзімен бірге бұлт астына, құзар биік тауға шақырады; онда сұрапыл дауыл соғатынын, табиғаттың дүлей күшімен арпалысып, нажағайдың жасын атып, жарқ-жұрқ еткенін көрудің өзі бір ғанибет екенін айтады. Бірақ мұндай ғанибет, қуаныш сезімдері алып унгдарға жат еді. Олар тыныш та жазық алқаптарға, қараңғы шатқалдарға, мүлгіген меңіреу жартастарға бауыр басып қалған-ды.

Ергежейлілер Глюкті ұнатпады. Олар алыптардың арасында сумаңдап өсек таратып, Глюк унгдардың тұқымын құртпақ деді; соңына ертіп биік тауға шығарып ап, түпсіз шыңырауға итеріп жібермек деді.

Аңқау унгдар ергежейлілердің айтқанына сеніп қалады да, бұлт астына, желі ұйтқыған биік таудың басына шақыратын беймаза Глюкті қуып жібереді.

Глюк ғайып болады.

Алып унгдардың ажалдан бетер азапқа, қайғы-қасіретке толы жылдары бұрынғыдай сарылып өтіп жатты.

Глюк сепкен ұрық көктеп шығар деп қорыққан ергежейлілер қаталырақ, зұлымырақ бола түседі. Әмірші Крафт та бұрынғыдан бетер қатыгез де қанқұмар болып алады.

Сол шақта алыптар Глюкті естеріне алып, өздерінің жым-жырт, меңіреу алқаптарында ауыр мұңға батады. Глюк айтқан биік таудағы қуаныш дүниесі не екенін көргісі келеді олардың. Олар қайырымды Глюкті шақырып алады да, тау шыңына бастайтын жолды сілтеуін өтінеді.

Глюк оларға құзар шатқалдарды, қаптап өскен тікенекті, қап-қара, меңіреу жыныс орманды нұсқайды.

Байғұс унгдардың үрейі ұшып кетеді: жазық алқаптар мен жым-жырт сайлардың орнына – шатқалдар мен шыңыраулар; баркыттай құлпырған, жұп-жұмсақ көгалдың орнына – тікенекті ошаған мен қорқынышты қалың жыныс.

Олар дода-дода болған бастарын шайқайды да, ләм деместен Глюктің қасынан кетіп қалады.

Жылдар өте береді, бірақ таудағы ғажайып дүниені ойлап, үнгілдар сая таппады.

Қанішер әмірші канға күн аскан сайын құныға берді; үнгілдардың халі ауырлай түсті, аранын ашкан сұм ажал әркімге-ақ төніп келеді.

Мұнда, мынау алкапта ажалдан құтылу жок.

Ал анау жакта, тікенектің, карағайлы жыныстың, шыңыраулардың арғы жағында тауда ғажайып қуаныш дүниесі бар.

Үнгілдар соған карай екіталай сапарға шыкпак болды.

Олар дүркірей көтеріліп, сай-салалар мен тыныш алкаптарды тастап кете бастайды.

Ал ергежейлілер олардың әлуетті иыктарына жармасып, жолдарына тас лактырып, тіпті жылы-жылы сөздер айтып, оларды алкапта калуға көндірмек болды...

Үнгілдар бой бермес айбатты таскынмен ілгері жылжиды.

Құлама құз-шатқалдар да, тікенекті ошағандар мен сынсыған жыныс орман да артта калып жатыр.

Түйетайлы, құлама тұстардан өткенде талай үнгілдар шыңырауға құлайды, талай-талайы тікенектерге жарақаттанып, меңіреу орманда жолдан адасып өледі.

Ал бинк шыңға аман-есен жеткендері азат Глюктің жаркын дүниесінде өмір сүрмек болып, мәңгі-бакиға калып қояды.

Кейін, күні кешегі құлдык дүниесін көрмек болып алкапка барғанда, олар мылжа-мылжасы шығып, каусап калған олекселерге тап болады: бұлар ергежейлілер еді. Солардың ішінде кап-кара болып кеткен, жексұрын Крафт та жайрап жатыр.

Сәл аялдап, үп-үлкен, дағарадай бастарын кайта-кайта шайкап, үнгілдар терең ойға шомды.

Көп ойланды, бірак өздері осындай әлуетті де зор бола тұра мынау титімдей ғана өлекселерге ғасырлар бойына ыстық канын неге сорғызып келгенін түсіне алмай-ак койды.

Бастарын төмен салбыратып, еңкейген бойы олар ұзак тұрды. Содан кейін бұрылып алып, сол терең ойға баткан күйінде өздерінің жаңа дүниесіне карай өрлеп бет алды».

Фурмановтың штабта жүргізген жанкиярлык жұмысы меньшевиктер мен эсерлердің ыза-өшпенділігін өршітті.

Революцияның осындай жаулары әлі шығарып тұрған жергілікті бір газетсымақта жалақорлық мақала жарияланып, оның авторы Фурмановты өлең жазады деп қорламақ болды. Мақала Фурмановтың әдеби қызметін ғана емес, оның өз басының жеке өмірін да ажуа еткен сарында жазылды. «Мұндай қысталаң шақта поэзиямен айналысуының өзі оның жеңілтектігін, штабты басқаруға жарамайтындығын көрсетеді» демек болды автор мақаласында. Фурманов жауларымен салғыласып жатуды қажет көрмеді. Одан басқа да іс жететін: қаладағы хал барған сайын қиындай түсті. Нан үлесі ай санап азайып барады. Ұзақ соғысқа шалдығып күйзелген ел ашаршылыққа душар болып кету қаупі туды. Жұмысшы-солдат депутаттарының Советі мен штаб қалаға азық-түлік жеткізу үшін бар шараны жасап бақты.

Штабтың мүшелері фабрикалар мен заводтарға барып, өздерінің қызметі жайында жұмысшылар алдында есеп беріп отырды. Фурманов та осындай баяндамаларды жиі-жиі жасайтын. Бірде оның революция жаулары зиянкестік, қастандық әрекеттерін әсіресе өршітіп отырған бір фабрикада баяндама жасауына тура келді. Дмитрий Андреевич сөйлей бастағанда жақтырмаған дауыстар естіліп қалды.

– Малтасын езіп тұрмақ қой! Құрысын! Нан беріңдер!

Осындай қысталаң жағдайда сабырлы болу, қажетті де сенімді сөз тауып айту қиын-ақ еді. Бірақ Фурманов у-шуға, айқай-ұйқайға қарамастан, даусын көтермей-ақ сөйлей берді:

– Жұмысшы жолдастар! Жан-жағыңызға зер сала қараңыздаршы. Мынау бақырауықтардың көзіне барлай қараңыздаршы, сонда сол айқайлап жатқандардың кімдер екенін түсінесіздер. Бұлар – жұмысшылар емес. Олар – біздің жауларымыз бен солардың жандайшаптары. Жұмысшы табының опасыз жаулары сіздерді алдандырмақ. Олар сіздерден революцияның жеңістерін, сіздердің азаттығыңызды тартып алып, сіздерді фабриканттарға қайтадан тәуелді етпек, тұтқын еңбектің азабына қайтадан салмақ...

Фурманов екі сағаттан артық сөйледі. Ол тыңдаушылардың қас-қабағын байқай отырып, әрбір сөзін ойланып, сабырлы сөйледі. Залдағы жағдай бірте-бірте өзгере бастады. Фурманов кеңірдегін соза бақырғандардың бірі алдыңғы жақтағы орындықтан тұрып, көптің ішіне елеусіз еніп кетпек болғанын байқап қалды. Одан кейін өзгелері де тұра бастады.

– Ә, қоркайын дедіңдер ме, оңбағандар! Қашып барасыңдар ма! – деді бір қыз сыңғырлаған дауыспен, Дмитрий Андреевич бұл бүйірдегі есіктің жанында үймелеген көптің ішінде тұрған жас жұмысшы Маруся Рябинина екенін таныды. Октябрь күндерінде ол штабқа жиі келіп жүретін.

Фурмановтың сөзі тағы бөліне бастады. Бірақ бұл басқа дауыстар еді.

– Жолдастар, біз сонда революцияның жеңістерінен айырылып отырмақпыз ба? – Бір жас жұмысшы дауыстап жіберді.– Шыдаймыз! Оқасы жоқ! Бізді ашаршылықпен ықтыра алмайсың...

– Жұмысшы өзінің азаттығын қолдан бермейді, – деп айтшы анау Советіне барғанда! – деді біреу зор үнмен залдың түпкі жағынан.– Кеудемізді төсеп қорғаймыз оны!..

1918 жылдың февралында Советтердің губерниялық съезінде Иваново-Вознесенск губерниясының жаңа Аткару комитеті сайланды. Оның председателі Михаил Васильевич Фрунзе болды. Губерниялық Аткару комитетінің мүшесі болып сайланған Фурмановка губерниялық Ағарту комиссариатын ұйымдастыру тапсырылды. Халық ағарту бөлімдерін ол кезде солай деп атайтын.

Апрельден бастап Дмитрий Андреевич Михаил Васильевич Фрунзенің тікелей басшылық жасауымен қызмет істеді. Ол онымен губерниялық Аткару комитетінің мәжілісінде ұңғыш рет жүзбе-жүз танысты. Фрунзенің ой айқындығы, өзгеше қарапайымдылығы мен көп білетіндігі оны қайран қалдырды. Михаил Васильевичпен араласып, бірге қызмет істеген басқа кісілер сияқты, Фурманов та Фрунзенің тамаша сүйкімділігін мол сезді, оның іскерлігі мен жігеріне, жеңіске деген нық сеніміне барынша елікті.

– Ол жан сарайыңды тап басып таниды, еркің мен бар қуатыңды жұмылдырады, жүрегіңді өз жүрегінше соқтырмай, ойыңды дәл өзінің ойынша толқытпай қоймайды,– дейтін Дмитрий Андреевич туған-туыскандарына ол жайында.

Фрунзе Фурмановка зер сала, барлай қарады. Ол Фурмановтың Советтегі, штабтағы жанқиярлық қызметін білді, Иваново жұмысшылары оны қалай қадірлейтінін де білді. Фрунзеге оның турашылдығы, жігерлілігі ұнайтын. Михаил Васильевич сонымен бірге Фурмановтың берік саяси иланымдары жоқтығын да түсінді. Жұмысшылар мүд-

делерін жан сала қорғаса да, Фурмановтың оқиғаларды тек өз сезімталдығымен ғана ажырататыны, марксизмнің аса маңызды қағидалары туралы, тап күресінің заңдары туралы оның анық түсініктері жоқтығы, революция жеңістерін сақтап қалу үшін пролетариат диктатурасы қажет екенін саналы түрде білмейтіндігі Фрунзеге айқын еді.

Фурмановты өздігінен жұмыс істеуге даярлау үшін Фрунзе оны идеялық жағынан тәрбиелеуге кірісті. Ол Дмитрий Андреевичтің назарын В.И.Ленниннің жарияланған мақалаларына аударды, өзімен әңгімелескенде Ленниннің жекелеген еңбектерін мысалға келтіріп отырды, большевиктер партиясының программасын мұқият үйренуді қадағалап тапсырды. Фурманов пен Фрунзенің әңгімелері әдетте мәжілістерден кейін Михаил Васильевичтің кабинетінде өтетін. Фурманов бұл кездесулерді аса жоғары бағалаушы еді. Фурманов тағы да кітаптан бас алмайтын болды. «Коммунистік партия манифесінің» катал поэзиясы оны қатты қызықтырды. В.И.Ленниннің империализм туралы, пролетарлық революция туралы тамаша еңбектерінен ол өзін қинаған көп-көп сауалдарға жауап тапты. Ленниннің «Мемлекет және революция» атты данышпандық еңбегі Фурмановтың қандай болсын мемлекет өктемдігін жою туралы анархиялық сандырактардың контрреволюцияшыл мәнін біржола танып ұғынуына жәрдемдесті. Көп нәрсе оған енді айқын болды.

«Егер революция кезінде жүргізген жұмыстарыма қараса, онда мен коммунист-большевикпін, – деп жазды Дмитрий Андреевич өзінің күнделігіне, соңғы айлардың оқиғаларын есіне түсіре келіп.– Бүкіл революция бойына мен саяси жағынан өсіп отырдым және ақырында өзімнің ғылыми коммунизммен етене жақындығымды азды-көпті айқын сезінетін дәрежеге жеттім... Енді өзімнің ой-санамды соған әбден бекітіп, жер қозғалса да мызғымайтындай үлкен жартастың үстінде тұрғандаймын. Менің жауға деген мейірімсіз күресім, катал да нық, таптық жағынан айқын, саналы қызметім енді басталады. Бұған дейін ол көңіл күйі мен бұрқанған шабыттың жемісі еді, енді ол оған қоса – негізінен алғанда – ғылыми негізделген, батыл теорияның да жемісі болмақ... Жұмысты істей бергін, істей бергін, істей бергің келеді!»

Бірде кешкісін, мәжілістен кейін Фрунзе Фурмановты өзінің кабинетінде алып қалды. Оның байыпты көз қарасынан Фурманов өзі соңғы кезде тебірене күтіп жүрген әңгіме дәл қазір боларын сезгендей еді.

– Россия Коммунистік партиясының программасы жайында сіз жақсы лекция оқыды деп естідім. Енді қалай, мәселе айқын ба сізге, Фурманов жолдас? – Фрунзе Дмитрий Андреевичке зер сала қарап, достық көңілмен жымия отырып сауал берді.– Советтегі бүкіл жұмысыңыз, большевик партиясының мүшесі болмасаңыз да, сіз әрдайым оның бағытын ұстанғаныңызды көрсетеді. Ал енді неменеге аялдап жүрсіз?

Фурманов қатты толқып кетті, кабинет ішінде әрлі-берлі жүрді.

– Михаил Васильевич, бүкіл революция бойына мен Советте қызмет істедім ғой. Бұл жұмыс маған жанымдай жақын болып кеткен.

– Білемін! Ал енді соза беруге болмас. Әлде сіздің Советтегі жұмысты тастағыңыз келіп жүр ме? – Фрунзе тағы да жымиды.

– Советтегі жұмысты тастау дейсіз бе? – деп Фурманов таңыркап қарсы сұрақ қойды.– Жоқ, Михаил Васильевич, мен сіздермен әрқашанда біргемін.

Фрунзе орындықтан түрегелді:

– Мен бұған кәміл сенетінмін. Сіздің қызметіңізді мен әрдайым қадағалап отырғанмын, ал енді сізді біздің партияға қабылдауға шын жүректен ұсына аламын...

1918 жылдың 22 августында Дмитрий Андреевич Фурманов Россия Коммунистік партиясының мүшелігіне қабылданды.

Екінші тарау

МАЙДАНҒА!

Он сегізінші жылдың қаһарлы қысы қылышын сүйретіп келіп те қалды. Қалалық советтің қасында, фабрика үйлерінің жанында, көшелерде жаңа газеттер ілініп тұрады. Таңертеңнен бастап жұмысшылар сол жерлерге жиналып алады. Азамат соғысының жалыны лаулап тұрды. Қызыл

Армия жас Совет республикасының шекараларына басақөктеп кірген шетелдік баскыншылармен және ақ гвардияшылармен шайкасып жатты. Отанымызға шетел баскыншыларының құлдығына түсудің алапатты катері төнді. Оңтүстікте, Севастополь мен Одессада баскыншылар қаптады; олар Закавказье қалаларын алып қойды. Жау кемелері Балтык теңізіне де сұғына кірді. Шетелдік барлаудың жалдаптары каскүнемдік пен бүліншілік ұйымдастырып жатты. Көктемде Мурманскіні, жазда Архангельскіні басып алып, американ және ағылшын империалистері өздерінің ақ гвардияшыл құйыршықтарынан Солтүстік облысының «үкіметін» құрды. Украинаны неміс баскыншылары мен олардың сыбайласы гетман Скоропадский билеп-төстеді. Патша генералы Деникин бастаған ақгвардияшыл офицерлер американ және ағылшын банкирлерінің каржысына Кубаньда «ерікті» армия жасактады, ал генерал Краснов өзінің бандаларымен Дондағы қалаларды, селоларды басып алып жатты. Ағылшын және француз империалистерінің айдап салуымен чехословак әскери тұткындарының корпусы Еділдің орта тұсы мен Сібірде Совет өкіметіне карсы бүліншілік көтерді. Совет үкіметі оларға Сибирь мен Қиыр Шығыс аркылы еліне қайтуға рұқсат еткен еді. Жапон әскерлері тіпті көктемде ақ Владивостокке шоғырланып, Приморьені жаулап алды. Шетелдік баскыншылардың демеуімен ақ гвардияшылар Сібірде адмирал Колчакты Россияның жоғарғы билеушісі деп атады. Барлық елдердің империалистері Совет Республикасын тұншыктыруды және оны он сегізінші жылдың кысында жок етуді ойлады.

«Правдада» жарияланған Коммунистік партияның үндеулері, Ленниннің совет өкіметі салтанат құрады деген мызғымас сенімге толы сөздері мен макалалары батырлык пен қайсар ерлікке шакырды, халықты социалистік Отанды корғауға аттандырды. Москвада Жұмысшы-шаруа қорғаныс советі жұмыс істей бастады. Оған Владимир Ильич басшылык етті.

Жұмысшылар газеттерге үрейлене үніліп, болып жаткан окиғаларды сарапка салады. Иваново-Вознесенскінің көшелерінде жұмыс уакытында бұрын мұншалыкты көп халык болмайтын: фабрикаларда отын жетпеді, макта таусылып қалғандыктан жаман-жәутік қалдық атаулының бәрі пайдаланылып жатты, бір цехтан кейін бір цех токтады.

1918 жылдың соңғы айларында Шығыс майдан ерекше маңызға ие болды: адмирал Колчактың Сібірден жасалған шабуылдарына қарсы кескілескен шайқас жүріп жатты. Декабрьдің аяғында партияның Иваново-Вознесенск губерниялық комитетінің председателі Михаил Васильевич Фрунзенің Шығыс майдандағы Төртінші армияға командашы болып тағайындалғаны мәлім болды.

Иваново-Вознесенск коммунистерінің жиналысы: «Барлығы майдан үшін! Барлығың да Колчакқа қарсы шығындар!» – деген ұранмен өтті.

Бірінші болып Фрунзе жолдас сөйледі.

– Жағдай мүлдем өзгеше, – деді Михаил Васильевич. Майданда ешқашанда дәл мұндай киын болып көрген емес. Барынша жедел түрде армияға жұмысшылардан күш қосу керек, оның рухын көтеру, оны жұмысшы отрядтарымен нығайту керек, партияда бар жігіттерді жұмылдыру қажет. Орталық Комитет партиялық мобилизация жүргізуде... Ал бізге, Иваново-Вознесенскінің адамдарына Колчакқа қарсы майданның маңызы екі есе күшті – сол жақтан Түркістанға, мақтаға жол ашамыз да, жұмыссыз қаңырап тұрған фабрикаларды қайтадан жұмыска қосамыз...

Жиналыс коммунистер мен революция ісіне берілген жұмысшы-тоқымашылардан ерекше коммунистік отряд құрылып, ол армия командирінің қарамағына берілсін деп бірауыздан шешім қабылдады.

Ал ертеңгісін: «Фрунзе жолдастың отрядына жазылыңдар!» деген жарнамалар бүкіл қалаға таралып кетті.

Фурманов бұл кезде партияның губерниялық комитетінде қызмет істейтін. Ол тоқымашылардың тұңғыш қызыл отрядын ұйымдастыруға белсене араласты.

Қаланың кәсіпорындарында еріктілер жазылып жатты. Дмитрий Андреевич Гарелин фабрикасына келді. Мұнда еріктілерді жас тоқымашы Маруся Рябинина жазып жатыр екен. Ол елде жаңадан ғана туған Коммунистік жастар одағына ең тұңғыштардың бірі болып өтті, енді фабриканың комсомол ұясында белсене қызмет істеп жүр. Фурманов өзінің баяндамаларына оның ылғи келетінін көруші еді және сол зерделі комсомол қызбен талай рет әңгімелескен де.

– Бізде, Фурманов жолдас, – деп Маруся серпіле сөйлеп кетті,– жазылмаған бір де коммунист жоқ. Ал олардың

соңынан партияда жоқтар жазылып жатыр... Қалысар емес. Көбіне ерлі-зайыптылар, әкелі-балалылар бірге келеді... Комсомолецтеріміз де сүріндірген жоқ... Мен де Фрунзе жолдаспен бірге барамын.

Алғашқы күні-ақ қалада отрядқа үш жүз жұмысшы жазылды. Сол отрядпен бірге майданға өзі де кететіндігіне Фурманов шүбәланған жоқ.

Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясының қатарында қызмет істеуді Дмитрий Андреевич көптен бері арман ететін. Совет өкіметін қолға қару алып қорғауға қай сәтте де дайын екенін іс жүзінде көрсететін күн туды. Фрунзенің майданға барғысы келген жауапты қызметкерлерге:

– Асықпаңыздар. Сіздер осында – Ивановода әлі керексіздер. Сіздерге де кезек келеді. Шайкас ұзақ болғалы тұр. Сондықтан да Қызыл Армияға жәрдемге мұндай отрядтардың талайы аттанады әлі,– дегенін Фурманов жиі естітін.

Бірақ Фрунзе өзімен бірге алуға уәде еткеннен кейін, Дмитрий Андреевич мұның өзіне қатысы жоқ деп санайтын.

Армия командашысының аттанар күні таянып қалды; соның ізінше Иваново токымашыларының коммунистік отряды да жөнелтілмек. Бірақ дәл соңғы сәтте губкомның Фурмановты босатпайтыны мәлім болды: оның орнына кісі таба қою оңайға түспеді. Дмитрий Андреевич жүгіріп Фрунзеге барды. Ол Михаил Васильевичке өзінің уәде бергенін есіне түсіріп, отрядпен бірге аттануға рұқсат етуін өтініп сұрады. Алғашқыда Фрунзе оны жымия тыңдап, қалжыңға шаптырғысы келді:

– Е, сіз бұл мәселені бірдеңе қып шешуге тырысыңыз, бәлкім босатар. Бірақ Фурмановтың кәдімгідей ренжіп, таусылып тұрғанын көрген соң, Михаил Васильевич оның қасына келіп, иығына қолын салды да, жылы-жылы сөйледі.

– Фурманов жолдас, біздің қай жерде өте-мөте қажет екенімізді партия біледі. Орныңызды басатын кісі табылған соң, екінші отрядпен аттанарсыз.

Фрунзені шығарып салу үшін кешкісін достар Фурмановтың пәтеріне жиналды. Фрунзені бала күнінен бастап білетін карт большевиктер де, қызметтес жақын жолдастары да келді. Солардың бәрі де, бәлкім, соңғы рет бас қосып отырған шығармыз деген ойда болды. Майдандағы жағдай туралы, фабрикада жұмыс істеп жүрген адамдардың көңіл

күйі туралы, аш семьяларын қалдырып, жанкиярлықпен армияға аттанып жатқан жұмысшылар туралы әралуан әңгіме айтылды.

– Қайтеміз, жағдайымыз ауыр-ақ. Әлі бұдан гөрі ауыр болуы да мүмкін,– деді Михаил Васильевич ойлы жүзбен.– Орынбор түбіндегі тығынды ашып жіберсек болды – аржағында Түркістан мақтасына тура жол ашылады. Майданда жүріп жәрдем беретін боламыз. Сәл мүмкіндік туа қалса-ақ, жұмысшыларға ондаған вагон астық жібереміз.

– Қоштасарда ән салып жіберелік,– деді отырғандардың бірі.– Сіздің жақсы көретін әніңізді, Михаил Васильевич, «Сүйікті менің бағымды» айтайық. Олар баяу шырқап, әндете бастады. «Сүйіктім, қайда кетіп барасың сен?» – деген жерге келгенде, Фрунзе майда қоңыр дауыспен қосыла кетті: «Барасың ба жорыққа, алыс жолға?» Ол өлең айтқанда қолымен басын сүйеп отырды. Фурманов оның мейірімді, ойлы жүзіне көз алмастан қарады. Михаил Васильевичтің сәл қысынқырап алған көкшіл көздері қадала, өткір қарайды. Қашандағысындай терең ойға тұнып тұр. Қасында отырған карт жұмысшыға еңкейіп, Фурманов баяу ғана сөйлеп жатыр:

– Ол тіпті ән салып отырғанда да жұмыс істеп тұрғандай...

Содан кейін бәрі Фрунзені үйіне шығарып салуға кетті. Дмитрий Андреевич арткы жакта Павел Степанович Батуринмен бірге келе жатты. Батурин Фрунзені талай жылдан бері білетін.

– Ия, Фрунзедей адам көп кездесе бермейді,– деді Батурин. – Мен революционерлерді аз көрген жокпын. Жасырын жұмыста да, түрмеде де, айдауда жүргенде де көрдім оларды. Бірақ дәл мұндай болаттай берік қайрат пен жігерлілікті, өз ісінің әділеттігіне деген мұндай мызғымас сенімді ешкімнен де көрген жокпын. Батурин Фурмановка 1909 жылы Владимир түрмесіндегі өлім жазасына кесілгендер камерасында болған кездегі Фрунзенің қайсар мінезі жайында айтты. Фрунзенің өтінуі бойынша Батурин оған кітап әкеліп беріп тұрады. Михаил Васильевич түрмеде жатып-ақ ағылшын тілін үйреніп, саяси экономия кітаптарын оқиды. Жендеттерден жиренген ол тіпті ажал қаупі бар деп те ойламайды. Өлім жазасына кесілгендер кезегіміз келді деп, таң атқанша көз ілмейді. Ал Фрунзе болса, бұғауды денесіне батпайтындай етіп алып, керуетіне отырады да, оқи береді,

арасында жазып та кояды... Оның кажымас кайраты мен жігері өлімге кесілген камералас жолдастарының рухын көтеріп, оларға күш бітіреді. Дмитрий Андреевич осы бір әнгімені соншалықты тебірене тыңдады. Фрунзе аттанып кеткен соң, біраз уақыттан кейін Фурмановка ерекше тапсырма алған екінші отрядпен бірге Шығыс майданға баруға рұқсат етілді. Ол отрядты Иваново-Вознесенск губерниялық партия комитетінің өкілі ретінде алып баруға тиіс болды. Евдокия Васильевна баласын жолға камдады. Осының алдында кенже ұлы Сергей жауынгер жұмысшы жасағына қосылып, өз еркімен майданға кеткен. Лиза катты наукастанып калды да, қызметтес жолдастары жәрдемдесіп, оны емделіп кайтуға оңтүстікке жіберді. Күтуші кемпір жуырда ғана кайтыс болған. Анасымен айырылысу Фурмановтың жанына катты батты. Қаңыраған үйде кенже қызы Настямен жалғыз калып барады ол. Қоштасарда Дмитрий оларды катты қысып құшақтады.

– Керегі жоқ, мама! – деді ол баяу үнмен, Евдокия Васильевна оны шығарып салмак болғанда. – Саған киын болар. Осында-ак қоштасқанымыз жақсы!..

Осы бір аязды кеште вокзалға фабрикалардың өкілдері, теміржолшылар, партия ұйымдары мен әскери бөлімдердің делегаттары келді. Жиналғандар әр аяғына алма-кезек салмақ салып, өзара сөйлесіп тұрып, қоштасу митингісінің басталуын күтті. Өзінің ескі солдат шинелін киген, жалаң бас Фурманов жәшік үстіне секіріп шықты. Оның әлуетті, әсем тұлғасы вокзал үйінің нақ алдынан айқын көрініп тұрды. Қоңыр шашын жел желпіп кояды. Газ фонарьдың көгілдір сәулесі шаршап-шалдыккан өнін сұрландыра түседі, сұсты көздері кадала карайды. Фурманов іштегі толқын сөйлеуге бөгет жасап тұрғанын білді. Оның әдеттегі күмбірлей шығатын күшті даусы баяу да салтанатты естілді. Бұл Дмитрий Фурмановтың өміріндегі ұмытылмас күн болды. Жазушы болғаннан кейін ол өзінің «Чапаев» атты әйгілі повесін Иваново токымашыларының отрядын майданға аттандыруды суреттеуден бастады және комиссар Федор Клычковтың сөзі оның өзінің сол жолы вокзалда сөйлеген сөзімен көп реттерде орайлас еді:

«Жұмысшы жолдастар! Енді бірнеше минут кана бірге боламыз, соңғы қоңырау соғылысымен, біз аттанамыз.

Отрядтың қызыл солдаттарының атынан айтарым: қош болыңыздар. Бізді – өздеріңіздің жігіттеріңізді естен шығармаңыздар, біздің қайда не үшін кеткенімізді ұмытпаңыздар, дабыл қағылса болды, біздің артымыздан келуге сақадай сай тұрыңыздар. Бізбен байланысты үзбей, сәлем жолдап тұрыңыздар, тиын-тебендеріңізден үнемдеп, жауынгерлерге жәрдем етіңіздер. Майданда ашаршылық, қиыншылық, жолдастар, онда мұндағыдан да гөрі қиынырақ. Ұмытпаңыздар мұны! Біздің көбіміз жетім, жесір, панасыз, аш-жалаңаш семьяларымызды қалдырып кетіп бара жатқанымызды да естен шығармаңыздар – жалғыз қалдырмаңыздар оларды. Окопта отыру, жорықта, соғыста азап көру ауыр-ақ болар бізге... Бірақ соның үстіне, семьяларымызға ешкім қарайласпай, жалғызсырап, дәрменсіздіктен өлім халіне түскенін естісек, онда ол азапты көтеру жүз есе ауыр болады бізге... Айырылысарда айтар тағы да бір сөз: көп істеңіздер жұмысты! Тізе қоса істеңіздер! Мынаны білуге тиіссіздер: сіздер, тоқымашылар, Ивановода матаны көп тоқысаңыздар, онда Орал, Орынбор далаларында, сіздердің бұйымдарыңыз баратын жерлердің барлығында да жылырақ болмақ. Көп істеңіздер жұмысты және жеңіс тек біздің найзамыздың ұшында ғана емес, сіздердің еңбектеріңізде де екенін ұмытпаңыздар. Кім біледі, енді қайтып көрісеміз бе, жоқ па? Көрісеміз деп үміт етейік. Ал егер көрісе алмасақ, онда уайымға көп салынбаңыздар. Революция құрбандыксыз болмақ емес. Қош болыңыздар, қадірлі жолдастар. Отрядтың қызыл солдаттарының атынан да айтарым: қош болыңыздар...»

Қалада қалған жұмысшылар – карт тоқымашылар мен әйелдер Фурмановқа жауап сөз сөйледі. Олар майданға еңбек етіп көмектесеміз, жауынгерлердің семьяларын панасыз қалдырмаймыз деп уәде берді. Иваново-Вознесенскінің пролетариаты өздерінің таңдаулы ұлдарын азамат соғысы майандарына бұдан кейін де талай рет аттандырды. Жұмысшы отрядтарын басқарып, коммунистер аттанды, партияның жетекші қызметкерлері аттанды. 1919 жылы октябрьде Свердлов атындағы университет студенттеріне арналған сөзінде Владимир Ильич Ленин осы туралы айтты:

«Бүгін мен Иваново-Вознесенскіден келген жұмысшы жолдастарды көрдім; олар майданға жөнелтуге барлық

жауапты партия қызметкерлерінің жартысына жуығын алған. Олардың біреуі бүгін маған оларды партияда жоқ он мыңдаған жұмысшылардың қалай шығарып салғанын және партияда жоқ бір карттың оларға жақын келіп: «Қам жемеңдер, аттаныңдар, сендердің орындарың сонда, ал біздер мұнда сендердің қызметтеріңді атқарамыз» дегенін әңгіме етіп айтты. Міне, партияда жоқ жұмысшылардың арасында осындай пікір туғанда, саяси мәселелерді әлі толық айыра білмейтін, партияда жоқ бұқара пролетариат пен шаруалардың таңдаулы өкілдерін майданға жөнелтіп жатқанымызды, майданда олардың ең қиын, ең жауапты және ауыр міндеттер алатындығын және майданда бұлардың бірінші катарда болып, бәрінен де көп құрбандық жасап, киян-кескі ұрыстарда апат болуына тура келетінін көріп отырғанда, өсіп жетілмеген, партияда жоқ жұмысшылар мен шаруалардың арасында бізді жақтаушылар он есе артады және кобалжушы, әлсіреген, шаршаған әскерлердің арасында нағыз кереметтер көрсетіледі».

Шығыс майданның Төртінші армиясын баскаруды қабылдап алғаннан кейін Фрунзе 1919 жылдың февралының басында армияның штабы орналаскан Самарадан шығып, майданға аттанды. Ол Иваново-Вознесенскіден келісімен, «Фурманов менің соңымнан келсін» деген жарлық калдырып кетті.

Бірсыпыра жолдастарымен бірге Дмитрий Андреевич жедел Оралға аттанды. Олар қалаға жақындап келгенде, гүрс-гүрс атылған зеңбірек даусы естіліп тұр еді. Тегі, катты шайқас болып жатса керек. Бірақ бұл жай әншейін алдамшы әсер болып шықты: майдан Оралдан жиырма километр жерде екен. Қаладағы өмір кәдімгі майдан төңірегіндегідей еді. Оның ашық, кең көшелері толған қызыл әскер бөлімдері, жүк тиелген арбалар. Теңдер тиелген түйелер шайқалып, маң-маң басып өтіп жатыр, ал салт аттылар құйғытып өте шығады. Оларды қалаға кірерде таңғалдырған жұмбақ атыс әлі басылған жоқ. Штабқа келгеннен кейін Фурманов толассыз атыстың себебін білуге тырысты.

– Сайтан білсін, неге ата беретінін, – деді Фрунзенің жәрдемшілерінің бірі. – Патрондарды боска шығындауды қоюға бұйрық талай рет болған. Оларды бірден қойдыра алармысың! Еркіндік қой!

Фрунзе Оралда жоқ екен: ол алғы шепке кетіпті, түнде қайтып келуге тиіс. Ертеңгісін Иваново-Вознесенскіліктер штабқа тағы келді. Оларды Фрунзенің адъютанты, өздеріне жақсы таныс Сергей Аркадьевич Сиротинский қарсы алды. Олар оны Михаил Васильевич туралы, майдандағы жағдай жайлы, әскерлердің хал-жайы, жауынгерлердің көңіл күйі туралы сұрақтарымен бастырмалатып жатыр.

– Не айтсам екен сіздерге? – Сиротинский ойлана жауап берді.– Ең маныздысы – бөлімдердегі тәртіпті жедел жөнге салу. Бұл күндерде біраз іс тындырылды, бірақ жұмыс деген бастан асып жатыр. Бізді Оралда қалай қарсы алғанын білесіздер ме? Ал мен соны айтып берейін, сонда бәрін де түсінерсіздер... Жағдаймен танысу үшін Михаил Васильевич командалық құрамды сол келген күні кеште-ақ жинап алды. Келесі күнге гарнизонның парадын өткізу тағайындалды. Әрине, парад дейтін парад емес, дұрысырақ айтқанда, әскерлерді байқап көру еді. Бірақ соның бәрі де емес, митинг сиякты бірдеңе болып шықты. Жұрт қалай болса, солай киіне салған. Ешқандай тәртіп жоқ, тіпті комсостав та солай. Мәселен, бригада командирлерінің бірі парадтың басталуын күтпей-ақ, бөлімді таратып жіберіпті... Кешкісін, командалық құрамның гарнизондық жиналысында Михаил Васильевич бөлімдердің хал-жайындағы кемшіліктерді көрсетті және осындай жағдайдың өзінде де оларға бой алдырмауға болар еді дегенді дәлелдеп берді. Бірақ өздеріңіз де түсініп отырған шығарсыздар, командирлер мұның бәрін онша ықыластана тыңдаған жоқ. Ал ертеніне, таңертеңгі сағат он бірде ординарец Фрунзенің пәтеріне құпия пакет әкелді.

« 4 командармға. Сағат алтыда командирлер мен комиссарлардың жиналысына келіп, парад үшін бізге неге сөгіс бергеніңізді түсіндіріңіз. Комбриг Плясунов». Бәрінен де көп сөгіс естіген сол еді... Үш сағат өткеннен кейін ординарец тағы келді. Бұл жолы әкелген хабарының түрі мынадай: «4 командармға. Жиналыста боласыз ба? Соған дереу жауап беріңіз». Біз тоқтаған дивизия командирі Михаил Васильевичті жібермеуге тырысты, оның өміріне қауіп төнеді деп қорықты. Жуықта сол маңда мынадай бір жағдай болған екен: эсерлер іріткі салып қойған полкта саткындар Армияның революциялық советінің мүшесі

Линдовты өлтіріпті. Бірақ Михаил Васильевичті білесіздер ғой... Ол жиналысқа барам деді, тіпті күзетсіз барам деді. Менен басқа ешкімді де ерткен жоқ. Екеуміз жөнелдік. Келдік. Халық деген сыймайды, у-шу. Темекінің түтінінен дем ала алмайсыз. Біз кірдік, бәрі жым-жырт бола қалды. Бірақ ешкім де тұрған жоқ. Михаил Васильевич амандасты, отырды. Содан кейін сабырлы түрде: «Ал жолдастар, немене?» – деп сұрады. Сәл үнсіздіктен кейін біреу тұрды да, арсыздана сөйлей жөнелді. Біз болсақ, соғысып жатырмыз, ал бұлар орталықтан келеді де, парад өткіздіреді, еңбегі сіңген командирлерге сөгіс береді дегенді айтты ол. Одан кейін екіншісі, үшіншісі сөйледі. Бірінен-бірі асырып жатыр. Ақыр аяғында тікелей қорқыта бастады: «Сендерді аз оқытыпты. Линдовты ұмыткан екенсіңдер!» Ал Михаил Васильевич бұрынғысынша сабырлы отыр. Ешкімнің де сөзін бөлген жоқ. Содан соң тұрды да, сөйлеп кетті: «Ең алдымен айтарым: мен дәл осы жерде армия командашысы емеспін. Олай дейтінім, армия командашысы мұндай жиналысқа қатыса алмайды және қатыспауға тиіс те. Мен мұнда Коммунистік партияның мүшесімін. Мені армияға жұмысқа жіберген осы партияның атынан тағы да атап айтамын: сіздер командирлері және комиссарлары болып табылатын бөлімдерде кемшіліктер барын көрсеттім, көрсетемін де. Сол олқылықтар үшін сіздер Республика алдында жауап бересіздер...» Бөлме іші тымтырыс бола қалды. Барлығы үнсіз, ал Михаил Васильевич сөзін жалғастыра түсті: «Сіздер маған сес көрсеттіңіздер. Мені мұнымен қорқыта алмайсыздар. Патша соты мені ажалға екі рет айдаған, бірақ көзқарастарымнан бас тартқыза алған жоқ. Мен қарусызбын. Мен қолдарыңдамын. Маған не істесеңдер де мейлі, бірақ қатты ескертемін: мұндай оқиғалар қайталанатын болса, барынша аяусыз жазалаймын, атуға дейін барам. Тәртіп бұза отырып, сіздер армияны да бұзасыздар. Совет өкіметі бұған төзбейді». Михаил Васильевич сәл уақыт үнсіз тұрды да, сұстана сұрақ қойды: «Тағы айтатындарыңыз бар ма?» Ешкім тіс жарып ештеңе демеді. Сірә, ойланып қалған болу керек. Ол орнынан тұрды да, сыртқа қарай баяу қозғалды. Әлдекім бізге жалбақтап есік ашты. Біз сыртқа шықтық, ал соңымыздан: «Ура, Фрунзе!», «Сен бізге!», «Уәдеде тұрамыз!» – деген дауыстар естіліп жатты.

Сиротинскийдің әңгімесін тыңдай отырып, Фурманов Иваново тоқымашыларының отряды қандай жағдайда қимыл жасайтындығын көз алдына елестетті. Фрунзенің «жұмысшы күшімен жандандыру» жайлы, армияны жұмысшы отрядтарымен нығайту қажеттілігі жайлы сөздерінен ол енді нақты да терең мағына анғарды. Партизаншылыққа қарсы күресте Қызыл Армияда революциялық тәртіп орнатуда коммунистер мен жұмысшылар қаншалықты зор рөл атқаруға тиіс екенін ол айқын ұғына бастады. Ақыры Иваново-Вознесенскіліктерді Фрунзенің кабинетіне шақырды. Олар Михаил Васильевичті столдың жанында, бетінде сызулары, белгілері, әр түсті жалаулары бар картаға үңіліп тұрған күйінде көрді. Айналасында бөлімдердің командирлері мен штаб қызметкерлері. Кіргендерді көрді де, Фрунзе түрегеп, оларға жымия бас изеді. Мәжіліс бітуге жақын екен. Ол кіргендерден диванда отырып, күте тұруды өтінді. Фурманов бөлмеде не айтылып жатқанын жөнді тыңдаған жоқ. Ол Фрунзеден көз алмады және оның өзгеріп кеткеніне таңғалды: Михаил Васильевич кәдімгідей жүдеп кеткен. «Оңай емес қой оған,– деп ойлады Фурманов. – Сірә, әскери қызмет қатты қажытатын болса керек».

Жұрттың бәрі тарап кеткен соң, Фрунзе Фурманов пен оның серіктерінің жанына жақын келіп отырды. Ивановоның жайын, өзі кеткеннен кейін онда қандай оқиғалар болғанын достық көңілмен сұрады. Содан кейін Михаил Васильевич оларды майдандағы жағдаймен таныстырды және картаның жанына шақырып ап, болашақ шабуылды түсіндіре бастады. Фрунзе ерекше топ – Александров-Гай тобын құрмақ болды. Ол топ Сломихинская станицасы ауданын алып, содан кейін Лбищенскіге қарай шабуылға шығуға, сөйтіп, жаудың басты күштеріне – ақ гвардияшыл казак бөлімдеріне тылдан және бүйірден қауіп туғызуға тиіс екен. Фрунзе Александров-Гай тобында саяси жұмысты ұйымдастыруға Фурмановты белгіледі.

– Шабуыл жоспары біржола жасалып, топтың командирлігі бекігеннен кейін бұл белгілеуді штаб бекітер, – деді ол.

Командарм Самараға, армия штабына кетті, ал Дмитрий Андреевич бүйрықты күтіп, жолдастарымен Оралда қалып қойды. Иваново-Вознесенск тоқымашыларының жолда келе жатқан отряды да Оралға келуге тиіс еді.

Февральдың бір боранды күні Төртінші армияның штабында қызу жұмыс жүріп жатты: командармның жетекшілігімен жаңа шабуылды жоспарлау және Александров-Гай тобының бөлімдерін жасақтау қолға алынды. Бөлімдердің командирлері бірінен соң бірі Фрунзенің кабинетіне кіріп, нақтылы нұсқаулар алып шығып жатыр. Кейбіреулері қабылдау бөлмеде кезек күтіп тұр.

Михаил Васильевичке келіп баян етісті:

– Москвадан Чапаев келді, қабылдауыңызды өтінеді.

Оралға келе жатып жолшыбай да, Оралдың өзінде де Фрунзе Чапаевтың есімін талай рет естіген-ді. Кулактарға сүйеніп, казак офицерлері совет өкіметіне қарсы бүлініпшілік жасағанда, өзінің туған қаласы Николаевскіде Чапаевтың әскерден қайтқан солдаттардан, деревня кедейлері мен диірменші жұмысшылардан тұңғыш қызыл гвардияшыл отряд құрғаны оған мәлім еді. Сол отрядты бастап, Чапаев кулактардың көтерілісін басып тастайды. Армиядан қайтып келген Чапаев деген балташыны сол маңайда жақсы таниды екен, шаруалар оның партизан отрядына бар ықыласпейілімен қосылатын көрінеді. Чапаевшылар Оралға дейін келіп қалады. Бірақ сол кезде чехословак бүлікшілері ақ казактармен қосылып, Николаевскіні алып қояды. Сонда Чапаев өзінің партизандарымен бір түнде жетпіс километр жол жүріп барып, туған қаласын азат етеді. Чапаевтың есімінен ақ гвардияшылар үрейлері қалмай қоркады екен.

Фрунзе штабта қызмет істеген әскери мамандардан Чапаев тәртіпсіз командир дегенді әрдайым естітін. Чапаевтың командованиеден келген жауынгерлік бұйрықты алып тұрып, ондағы үйлеспеушіліктер мен қайшылықтарды көрсетіп, өзінше жөндеп, қайтадан штабқа жіберген кездері де болыпты десетін. Оның қарамағындағыларға қаталдығы, ойына келгенін істейтіндігі, ал бұрынғы офицерлердің арасынан шыққан әскери мамандарға көрінеу сенбей, дөрекілік жасайтындығы туралы да талай-талай әңгімелер айтылатын. Әскери мамандардың айтқан сөздеріндегі Чапаевты жек көрушілік лебіз Михаил Васильевичке күмәнды көрінетін еді. 1918 жылдың ноябрінде, соғыс қимылдары қызып тұрған шақта, армия штабының осындай тәжірибелі жауынгер командирді майданнан алып, Бас штабтың Академиясына оқуға жібергеніне ол әсіресе қайран

болатын. Қызыл әскерлер Чапаевты қалай сүйетінін, оның есімі қаншалықты даңқты да атақты екенін Фрунзе білді, сондықтан да ол Чапаевты көрмей тұрып-ақ бұл бір халықтан шыққан даусыз тамаша, талантты командир екендігіне қалтқысыз сенген болатын. Ал дәл осындай командирлер Қызыл Армияға әсіресе қажет-ақ еді. Сол Чапаев енді Фрунзенің өзінің қарамағына келіп отыр.

– Несі бар, кірсін,– деді Михаил Васильевич, Чапаевтың келуін асыға күтіп. Ол сол кезге тән қалай болса, солай киіне салған, сөзі дөкірлеу партизан командирінің бейнесін көз алдына елестетті.

Есік ашылды да, кабинетке сыланып, кербез киінген, отыздар шамасындағы кісі кірді. Үстінде бойына қонымды шинель, басында көк елтіріден жасалған алтын жолақты папаха, аяғында бұғы терісінен жүнін сыртына айналдырып тіккен етік. Кавказ үлгісіндегі қанжарының өн бойына күміс шапқызған, маузерін белбеуіне берік етіп қыстырған Чапаевтың өзі онша ұзын бойлы емес, жұқа өнді екен. Тақырлап қырынған қуаң жүзіне ширатылған сұлу мұрты жарасып-ақ тұр. Шашын қобыратпай бастырып қойған. Чапаевтың бүкіл тұлғасы сымбатты, жып-жинақты көрінеді.

Кабинеттің есігі жабылды.

Чапаевтың күтпеген жерден қайтып оралуы штаб қызметкерлері үшін керемет оқиға болды. Василий Иванович командармның қабылдауын күтіп отырғанда, оған кәдімгідей таңыркай қарасты. Кабинеттен алғашқыда майда қоңыр үндер келіп жатты. Кенет катты күлкі естілді. Сол жақтан шыққан Сиротинскийді қаумалай қоршап алып, Фрунзенің кабинетінде не болып жатқанын сұрады. Сергей Аркадьевич күле тұрып, Фрунзе мен Чапаевтың әңгімесін айтып берді:

– Сіз жайында олай дейді, бұлай дейді, анда сөйтті, мұнда бүйтті дейді. Соның бәрі рас па? – деп сұрайды Михаил Васильевич. Ал Чапаев шынын айтады: «Болуын болған...», «Осында аздап тентектік жасағаным бар...», «Ал енді мыналары бар ғой, командашы жолдас, боска мылжыңдағаны...» – дейді.

– Михаил Васильевич неге катты күлді? – деді тыңдаушылар.

– Ә, онда Чапаев өзінің Әскери академияға түсерде қалай емтихан тапсырғаны жайында айткан. Профессор одан:

«Рейн өзенін білесіз бе? Ол қайда ағады?» – деп сұрапты. «Білемін,– депті Чапаев,– немістерде. Ал оның қай жерде ағатынын итім білсін». Кенет Чапаевтың өзі сұрақты жаудыра бастайды: «Ал сіз өзіңіз Солянка өзенін білесіз бе? –Жоқ, – дейді сасып қалған профессор,– білмеймін...» – «Бұл қалай,– дейді Чапаев,– бөтен біреулердің өзенін сұрайсыз, ал өзіміздің өзендерді білмейсіз. Солянканың жағасында менің деревням бар. Мен халықпен бірге сол жерде қанымды төккенмін...»

Барлығы ду күлді.

Сиротинский кабинетке қайтып келсе, Чапаев сөзін аяқтап қалған екен:

– Айтатын несі бар дейсіз, командашы жолдас, нашар оқыдым. Басыма түк қонбайды. Әбден ок-дәрі сіңіп кеткен ғой. Ойымнан ақ казактар шықпайды!..

Фрунзе Чапаевка Александров-Гай тобына командир болуды ұсынды. Михаил Ваеильевич оған жаудың тылынан, бүйірінен соққы беруге тиіс бұл құраманың жауынгерлік міндеттерін түсіндірді. Әскери қимылдар армия штабынан 250 километр жерде, сондықтан онымен байланыс қиын болғандықтан командирдің өздігінен жол табуы керек дегенді айтты.

– Командирден, – деді Михаил Васильевич,– бекем беріктік, тапқырлық, көрегендік және өз қимылдарын Орал ақ казактарының армиясына қарсы шайқасып жатқан басқа бөлімдермен орайластыра білу талап етіледі. Чапаев түрегелді. Фрунзе оның жүзінен өзіне деген сенімге көңілі толғанын, командованиенің өздігінен әскери қимылдар жасауға рұқсат бергені жанына жағып кеткенін байқады. Чапаев командармды бәрі де дер уақытында дәлме-дәл орындалады, Александров-Гай тобына жүктелген міндетті өте жақсы түсінемін деп сендірді.

– Ал енді комиссар жайында сөйлеселік, – деді Фрунзе күтпеген жерден.

Михаил Васильевич коммунист-комиссарлардың Қызыл Армия үшін аса маңызды рөлі барлығын, олардың міндеттерін және командир мен комиссарлардың арақатынасы қалай болуы керектігін Чапаевка түсіндіре бастады. Командир мен комиссар айырылмас жандар болуға, әрдайым тізе қоса, келісе қимыл жасауға тиіс екенін Фрунзе баса айтты.

– Бұл не,– деп сұрады Чапаев көкшіл көздерінен сәл ызалы күлкі ұшқындап,– сонда тоты құс сияқты болғанымыз ба? Сондайлар да бар екен, Москвада жүргенде естідім. «Айырылмас достар» деп атайды оларды. Бірінсіз бірі өмір сүре алмайды.

Егер олардың екеуі де бірдей тоты құс болып шықса, онда, әрине, ештеңе өнбейді, – деп, күле жауап катты Михаил Васильевич.

– Жарайды,– деді Чапаев енді байсалды түрмен, жүзіндегі күлкі де жоғалып кеткен.– Комиссар берсеңіз беріңіз, тек ақылды кісі болсын. Фрунзе Чапаевка оның комиссары болып Дмитрий Андреевич Фурманов тағайындалғанын хабарлады. Оның партия қызметкері екенін, Иваново-Вознесенскіден қызыл тоқымашылар отрядымен бірге келгенін айтты. Чапаев кеткеннен кейін Фрунзе өзінің жәрдемшілеріне жасырын жаулар мен күншілдердің Чапаев жайында таратқан ойдан шығарылған сандырағына сенуден мүлдем қалғанын айтты.

Үшінші тарау

ЧАПАЕВ ДИВИЗИЯСЫНЫҢ КОМИССАРЫ

Өмірде адамның болашақ тағдырына ерекше әсер ететін оқиғалар болады. Чапаевтың басқаруындағы Александров-Гай тобына комиссар болып тағайындалу Дмитрий Андреевич Фурманов үшін де дәл осындай оқиға еді.

Фурманов штаб бұйрығын күтіп, Оралда бірнеше күн жатқанда, Чапаев туралы әңгімелерді талай-талай тыңдады: Чапаевтың жеңілмейтіндігін, ғажайып батырлығын, халық оны жақсы көріп Чапай деп атайтынын, оның жауға тұтқиылдан құйғыта тиетінін, жарлыларды жан сала қорғайтынын жұрт әңгіме етумен болатын.

Фурманов сол керемет қызық әңгімелердің талайын өзінің күнделігіне жазып қойды.

Бұрын азамат соғысының таукыметін айтып, Фурмановка келіп шағынып жүретін бір карт шаруа бір жолы Чапаевтың деревняны босата сала, кару ұстауға жарайтындардың барлығын аяғымен тік тұрғызғанын айтты, Дмитрий Андреевич шаруаның шаршап-шалдыққан даусынан

ұнатпағандай ынғай байқаған тәрізді еді. Бірақ әлгі шаруа күтпеген жерден: «Сол кезде солай ету керек болғаны да... Чапай қателеспейді және бостан-боска жұртты әуре-лемейді», – деді.

Ақыры 27 февральда штабтан сарыла күттірген телеграмма да келді. Онда Фурмановтың жедел Александров-Гай тобына, яғни Чапаевқа баруы қажет екендігі айтылған еді. Алғашқы сәтте Дмитрий Андреевич күтпеген оқиғадан сәл сасынқырап та қалды. Сөйтіп, енді ол осы данқты командирмен бірге істемек. Тек бірге істесіп қана қоймай, топқа бірлесе басшылық етуі, Чапаевқа әрдайым жәрдемдесуі, тіпті қажет болса, оны түзетіп отыруы да керек. Екеуінің қарым-қатынасы қандай болмақ? Чапаев болса, еңбегі сіңген жауынгер командир, ал Фурманов Қызыл Армияға жаңада ғана келген кісі. Оның үстіне естіген әңгімелерге қарағанда, Чапаевтың мінезі қатал, бірбеткей көрінеді, онымен ортақ тіл таба білуің, сөзіңді өткізетіндей болуың керек. Және, ең бастысы, бөлімдерде, қызыл әскерлердің арасында айтқаныңды тыңдатардай беделге ие болуың керек...

«Михаил Васильевич маған қиын міндет жүктеді,– деп, Фурманов риза бола, бірақ сәл сескене ойлады, – бұл маған үміт артқаны, сенгені ғой. Тек сол сенімін ақтай алсам... Енді маған керегі – табанды, ұстамды болу...»

Фурманов Александров-Гайға кешкісін келді. Ол штабқа келген соң, Чапаевтың тағайындалысымен-ақ соғыс жағдайымен және әскерлермен таныспақ болып, тура алғы шепке аттанғанын білді. Дмитрий Андреевич те уақытын боска өткізбеді. Ертеңгісін ол саяси бөлімге барып, өзін командирлер мен саяси қызметкерлерге таныстырды. Ал күндіз станицаны аралап, жауынгерлермен әңгімелесті, олардың қандай мұқтажы барын сұрап, көңіл күйлерін байқап көрді. Олардың көпшілігі көрші селолар мен деревнялардың шаруалары екен. Разин, Пугачев, Гарибальди атындағы полктардың жауынгерлері қатарында олар совет өкіметін құлатпақ болған ақ казактарға қарсы жанқиярлықпен шайқасыпты. Помещиктерді, жалмауыз кулактарды және олардың офицерсымақ балаларын жек көргенмен, көптеген жауынгерлер революцияның мақсаты мен міндетін нашар түсінетінін, советтік Россияның жұмысшылары мен шаруалары барлық майданда да ортақ іс үшін айқасып жатқанын

жонді ұқпайтынын байқады Фурманов. Олар осы жерде, Орал маңындағы далада өз үлесі, өзінің жері мен азаттығы үшін шайқасып жан беруге әзір. Ал өздері сияқты шаруалардың жұмысшылармен тізе қосып Сібірде немесе Кубаньда, Петроград түбінде, әйтпесе Донда жүргізіп жатқан күресі оларға ешбір қатысы жоқ, шалғайдағы бір іс тәрізді көрінеді екен.

Саяси қызметкерлердің алдында қаншалықты зор жұмыс тұрғаны Фурмановқа айқын болды. Осы бір зиянды жершілдік сезімдерді мейлінше тез жойып, сейілтіп жіберу керек болды. Қызыл әскерлердің әркайсысының да, мейлі олар ақ бандылармен қай жерде соғысса да, совет өкіметін, азаттықты, революцияны қорғайтындығын, тек өз үлесі емес, барлық шаруалардың жері үшін алысатынын оларға түсіндіру керек болды. Қызыл Армия үшін басты нәрсе – жауынгерлік саналы тәртіп екенін жауынгерлерге түсіндіру керек болды.

Иваново тоқымашыларының отряды майданда шешуші рөл атқаратындығына Фурмановтың барған сайын сенімі арта түсті. Олардың келуі Орталық Россияның жұмысшылары мұнда жауға қарсы кескілескен шайқас жүріп жатқанын біліп, өздерінің жәрдемін жібергенін анық аңғартады. Тоқымашылар жергілікті жауынгерлерге революция солдаты қандай болуы керектігін іс жүзінде көрсететін болады.

9 мартта ертеңгісін Дмитрий Андреевичтің есігін біреу қақты. Есік ашылды да, бөлмеге Чапаев кіріп келді.

...Ал екі сағаттан кейін Александров-Гай тобының командашысы Василий Иванович Чапаев Сломихинская станицасына жасайтын шабуылдың жоспарын бекітті де, өзінің комиссарымен бірге алғы шепке аттанды.

Бірнеше күннен соң Сломихинская үшін қызу шайқас басталып та кетті. Бұл Фурманов қатысқан бірінші соғыс еді.

Оралда және Александров-Гайда болған кезінде-ақ ол гүрсілдеген зеңбірек атысы мен болашақ соғыстың көрінісін көз алдына елестетіп, сол сәтте өзінің хал-жайы қандай болатыны туралы көп ойланған еді, қай майданда жаудың атты әскерінің шабуылын тойтарған адамның сезімін ойлап табуға тырысқан-ды. Алғашқы шайқаста жауынгерді еркінен тыс үрейлі сезім билеп кететіндігі жайлы көпті көрген солдаттардың әңгімелері Фурмановтың есіне

қайта-қайта түсе берді. Бірақ Дмитрий Андреевич ондай сезімге берілмейтіндігіне, өз бойынан оны жеңетін күш табатындығына сенді.

Әйтседе бәрі басқаша болып шықты. Алғашқыда Фурманов алғы лекте тайсалмай келе жатты. Тіпті жүгіріп орын алмастырған кезде жауынгерлерді көтермелеп те қойды. Ал сонан соң, жау зеңбірегі туралап ата бастағанда шыдай алмады, өзі талай естіген, шама жетпес үрейлі сезімге бой алдырды. Алғашқы соғыстағы өзінің қылығы туралы ол «Чапаев» повесінде ештеңені әсірелеместен, нағыз адамға әрі үлкен суреткерге тән батылдықпен, өзіне деген аяусыз талапкерлікпен, коммунистің ержүрек шыншылдығымен баяндап берді. Осы шығармада суреттелген Сломихинская түбіндегі соғыстағы комиссар Федор Клычковтың ойы мен әрекеті комиссар Дмитрий Фурмановтың ойы және әрекетіне дәлме-дәл келеді. Әдеби кейіпкер Клычков үшін де, Фурмановтың өзі үшін де алғашқы соғыс қатал, зор сабақ болды. Одан да ауыр жағдайларға тап болып, өлім катеріне талай-талай ұшыраса да, азамат соғысының бүкіл ұзына бойына ол Сломихинская түбіндегі халін енді қайтып басынан кешірген жоқ. Казактардан жаңа ғана азат етілген Сломихинская станицасында отыра қалып, Фурманов алғашқы хабарын жаза бастады.

«...Сломихинская станицасын алдық, сан жағынан біздең екі есе көп казактарды куып шықтық... Казактар азғындай бастаған. Талайларының-ақ соғысқысы келмейді. Қашып кетеді немесе біздің жакка өтеді... Бәрі де біздің пайдамызға қарай болып жатыр. Ұлы іс жеңе бермек... Біздің тегеуірінімізге шыдамай, казактар үрейлене қашып құтылуда. Бурыл басты кәрілері ғана қасарысуда, ал жастарының көбі бізге ниеттес», – деп жазып қойды Дмитрий Андреевич. Иваново-Вознесенскінің адамдары майданға аттанған жолдастары жайлы хабарды асыға күтіп отыр еді.

1919 жылы 5 апрельде «Рабочий край» газетінде тұңғыш рет «Майданнан хат» деген очерк жарияланды. Сломихинская соғысы туралы очеркін Фурманов осылай деп атаған еді. Сломихинскаядан соң Лбищенск азат етілді. Фрунзенің Төртінші армияның бөлімдеріне жүктеген жауынгерлік міндеті орындалды. Майданда жағдай өзгерді де, командарм Чапаев пен Фурмановты өзіне, штабқа шақырды.

Чапаев пен Фурманов жолда төрт күн өткізді. Самараға дейін жол ұзақ – атпен төрт жүз шақырым жүру керек. Алғашқы кездесуден кейін, катты шайкастардан кейін олардың бір-бірімен асықпай әңгімелесуіне оңтайы келді. Чапаев Фурмановқа өзінің өмірі жайында айтты. Оның басынан талай-талай жәйттер өтіпті: ол бақташы бала да, шаруа да, балташы да болыпты. Бірінші дүниежүзілік соғыста аса ірі ерліктері үшін георгиев кресін төрт рет алыпты және катардағы солдаттан подпрапорщик дәрежесіне дейін көтеріліпті. Оның тамаша әскери кабілеттері сол кезде-ақ байқалған екен. 1917 жылдың жазында жараланып, аз уақытқа үйіне қайтыпты. Сол кезде-ақ, Октябрь революциясынан бұрын ол большевик партиясының қатарына өтеді.

– Мен теория бойынша емес, тәжірибе арқылы коммунист болдым,– деді Василий Иванович.– Адамдардың бірін-бірі арсыздықпен, қатыгездікпен алдайтынын көрдім. Алдаусыз өмір сүруге болмас па деп ойладым да жүрдім, бірақ ештене ойлап таба алмадым. Ал біздің программамызбен танысканнан кейін қуанып мәз болдым, сол арқылы ғана құтылуға болатынын түсіндім. Сондықтан да коммунист болдым. Өкасы жоқ, бұл ілімді нашар білсем де, оған көнілім әбден ұялап болған. Самараға келген соң Фурманов күнделігіне былай деп жазып қойды: «Ол менің бүкіл ой-назарымды әбден баурап алды. Оған әрдайым зер сала қараймын, нені істейтінін, қалай істейтінін және нені айтатынын, қалай айтатынын байыптылықпен тыңдаймын. Оның жан түкпірін біржола ақтара ұғынғым келеді. Жолшыбай ылғи бірге болдық, бір пәуескеде тізе айырмай бірге келдік, армансыз әңгімелестік... Оның даңқы кеңінен таралған. Оның есімін әрбір балаға дейін біледі...»

Чапаевты армия штабына шақырғанда, Фрунзе оған құрамына Александров-Гай тобы да кіретін 25-ші дивизияға командир болуды тапсырмақ еді. Ал Фурманов сол дивизияның комиссары болып тағайындалды. Фрунзе ойлап жоспарлаған ірі шабуылға қатыстыру үшін бұл дивизияны Самара жаққа ауыстырды.

Мартта Орта Еділ маңын басып алмақ болған Колчак армиясының шабуылы басталды. Генерал Деникиннің ақ гвардияшыл бөлімдері де солай карай ағылды. Олар Саратов түбінде Колчакпен қосылып ап, Москваға бірлесе шабуыл

жасауды көздеді. Колчак Уфаны алып, Самараға кауіп төндірді. Коммунистік партия «Правда» арқылы халық пен Қызыл Армияға жар салып, үндеу тастады:

«Колчак қарақшылары Советтік Еділді басып алмақ!»

«Соққыға – соққымен, темірге – болатпен жауап берелік!»

«Революцияның барлық адал да батыл ұлдары, қару асынып, майданға аттаныңдар!»

«Социалистік Отанға кауіп төнді! Қару алыңдар! Шайқаска шығыңдар! Жеңіске жетіңдер!»

25-ші дивизия Шығыс майданының басқа бөлімдерімен бірге жаудың басты күштерін бүйірден соққылауға тиіс болды. Оған Бугуруслан түбінде жаудың күшті бір тобын талқандау міндеті жүктелді. Тағайындалғаннан кейін Чапаев пен Фурманов Бузулук қаласына жүріп кетті. 25-ші дивизияның штабы сонда болатын. Әскери құрамалар да сол жерге топталып жатқан: ұрыстан шыққан полктар да сонда толықтырылатын; 220-ші Иваново-Вознесенск полкы да Лбищенск түбінен көлікпен осында келді.

Фурманов дивизияның бөлімдерінде зор саяси жұмыс жүргізді. Саяси бөлім жаңа партия ұяларын ұйымдастырды, сауатсыздықты жоятын мектептер ашып, кітапшаларды, листовкаларды, газеттерді үзбей алып тұратын көшпелі кітапханалар құрды. Әрдайым бөлімдерде бола жүріп, Фурманов саяси қызметкерлердің жұмысына бағыт берді, өзі де партия жиналыстарында жиі-жиі сөйледі. Ол саяси жетекшілердің жұмысын тексерді және саяси, көркем әдебиет–партияның шешімдері, Ленинның мақалалары мен сөздері, «Правда» мен «Беднотаның» жаңа нөмірлері, Демьян Бедныйдың өлеңдері – қызыл әскерлерге дер кезінде жеткізіліп тұруын өзі қадағалап отырды. Кітаптар аз еді, оны табу да қиын болатын. Саяси қызметкерлер газеттерді, революциялық өлеңдерді, Серафимовичтің әңгімелерін дауыстап оқып беретін.

Дивизияда митингілер жиі-жиі болып тұрды. Онда Чапаев пен Фурманов сөз сөйлейтін. Қызыл әскерлер, Бузулуктың тұрғындары, көрші селолардың шаруалары алаңға жиналып, халықаралық жағдай жайлы баяндамаларды, майдан хабарларын, совет өкіметінің жаңа декреттері туралы ақпарларды зер сала тыңдайтын. Әсіресе жастар әр сөзді қағас жібермейтін. Жас қызыл әскерлер комиссар Фур-

мановтың ұғынықты да айқын сөзін қайта-қайта тыңдайтын. Баяндамадан кейін өзін қаумалап коршап алған жастардың сұрактарына Фурманов бар ықыласымен жауап беретін.

Фурманов өз тыңдаушыларының ішінен Чапаевтың жас поручигі Петр Исаевка талай рет назар аударды. Дивизияда оны Петруша деп атайтын. Чапаевка калткысыз берілген, батыл да турашыл Петруша актарды мейлінше жек көрді. Комиссардың бірде-бір сөзін бос жібермейтін болып алды ол. Дмитрий Андреевичпен бірге штабка қайтып келе жатып, қай-қайдағы сұрактарды жаудырады: Ленин туралы, Москва туралы, жастардың правосы туралы, дүниежүзілік революция мен баска мемлекеттердегі шаруалардың өмірі туралы сұрактар кояды. Комиссардың білімділігі, әрбір қызыл әскердің камын ойлап, назар аударуы, жарлы шаруаларға ықылас бөлетіндігі, кісіні ренжітпей-ақ қатесін түзеуге шеберлігі оны танғалдыратын еді. Ол Фурмановтың бәріне бірдей: баяндама жасап, листовка жазуға, жауынгермен әңгімелесіп, шаруаның сөзін байыптылықпен тыңдауға уакыт таба білетіндігіне де кайран калатын. Комиссар мен Чапаевтың әңгімесіне қатынасканда, ол бір сөзді де қағыс жібермеуге тырысатын.

– Комиссар жолдас, өзіңіз қандай ақылдысыз! – деді Петруша бірде шын көңілімен, Фурманов пен Чапаевтың арасындағы катты айтыстан кейін. Василий Иванович қаншама айтканынан қайтпайтын, қызба мінезді болса да, сіздің айтканыңыз келді ғой. Оған сіздің дұрыстығыңызды мойындауға тура келді ғой. Дмитрий Андреевич ракаттана күлді де, Петрушаның иығынан еркелете қысып қойып, байсалды үнмен былай деді:

– Менің дұрыстығымды емес, Петя, біздің дұрыстықты, большевиктік дұрыстықты мойындады де. Василий Иванович осы дұрыстыкка бар жүрегімен берілген, сондықтан да келіседі ол менімен... Солай, Исаев жолдас!

Бузулукка Дмитрий Андреевичтің әйелі келді.

Ол оны көптен бері күтіп жүр еді. Олардың көріспегеніне екі жылдай болған: 1917 жылдың күзінен бері көріскен жок.

Сол жолы, демобилизациядан кейін, Дмитрийдің туыстарымен танысып, конак болу үшін Анна Никитична Иваново-Вознесенскіге келді. Содан соң ол өз туыстарымен көрісіп, Иваново-Вознесенскіге тезірек қайтып оралу үшін

Кубаньға жүріп кетті. Бірақ азамат соғысы екеуінің көрісуіне көпке дейін мүмкіндік бермеді. Енді Анна Никитична Дмитрий Андреевичке таңдана қарайды. Дмитрий мүлдем өзгеріп кеткен – айнымас та қайсар коммунист, кәнігі саяси қызметкер болып алған. Өне бойы далада жүргендіктен жел каккан өңі сәл таяйын депті, көздері сабырлы, сұсты қарайды, ұрты салбырап, бетіне әжім түскен. Даусы сәл қарлығыпты. Анна Никитичнаға Фурманов тек күлген кезінде ғана қайтадан бұрыннан білетін Дмитрийге ұқсап, ашық, жайдары, көңілді әрі балғын жас болып көрінеді.

Дмитрий Андреевич оған майдан өмірі жайлы, өзі мен Чапаевтың арақатынастары жайлы көп әңгіме айтты:

– Ол алғашқыда мені барлай сынап жүрді, сірә, қандай жан екенімді білгісі келген болуы керек. Ал қазір бір де мәселені менсіз шешпейді. Ылғи ақылдасып отырады. Екеуміздің ұғынысуымыз онай. Ол – айтқанынан қайтпайтын, шапшаң, батыл адам, ал мен істің бәрін жақсылап ойланып, таразыға салып барып шешу үшін кейде оны тежеп отырамын. Кейде Чапаев ұшып түрегеледі, көздері жайнап кетеді, айтысады, қасарысады, ештеңені тыңдағысы келмейді. Ал содан кейін барып сабасына түседі, менің айтқандарымды құптағандай сынай көрсетеді. Екеуміздің келісімге келмеген кезіміз болған емес. Шынында, командир мен саяси қызметкердің жұмысы тығыз байланысты ғой, кебіне мынау менің жұмысым, анау сенің жұмысың деп бөліп жатудың өзі киынак. Әркайсымыз өз міндетімізді жақсы білеміз, бірақ барлық істі бірлесе отырып шешеміз. Е, оны өзің де көресің ғой әлі!

Дивизиялық бұйрық бойынша Анна Никитична саяси бөлімнің мәдени-ағарту саласын басқарушы болып тағайындалды. Ол енді таңның атуы, күннің батуы полктардан шықпайды: көшпелі кітапханаларды кітаптармен жабдықтауға жәрдемдеседі, сауатсыздықты жою мектептерінің – сауатсыздарды окытатын үйірмелерді ол кезде солай деп атайтын – жұмысын тексереді, кейде газет мақалаларын, көркем шығарма үзінділерін қызыл әскерлерге өзі де дауыстап окып береді. Анна Никитична сауыккойлар үйірмесін ұйымдастырды, ол қызыл әскерлердің ішінен қабілетті әншілерді, бишілерді, талантты тақпақшыларды тез тауып алатын. Митингідегі саяси окиғалар туралы баяндамадан кейін, жауынгерлер жолдастарына өз өнерін

көрсетіп, жиі-жиі концерт қойып беретін болды. Көп кешікпей Фурманов пен Анна Никитична екеуі көшпелі қызыл әскер театрын құрды. Олар шайқастардың арасындағы дамылдайтын кезде жауынгерлерге спектакльдер қойып беретін еді. Чапаевпен танысқаннан кейін, Анна Никитична осы бір өзгеше, абзал адамды ерекше ықыласпен барлап байқады. Оның тынымсыз да тапқыр ақылдылығы, қарапайым әрі қызықты әңгімелесуі, халықтың шешендікке толы өткір, бейнелі сөзін көп қолдануы Анна Никитичнаға ұнады.

Қолы босап кетсе болды, Чапаевтың Фурмановпен бірге штабта калғысы келіп тұратын. Кейде олар болашақты, азамат соғысы бітіп, халық капиталистер мен помещиктерді ел шетінен асыра қуып тастап, азат та бейбіт өмірге бас қоятын шақты арман ететін. Дмитрий Андреевич алыстағы Шығыс елдері – Жапония мен Индияны сөз қылатын. Оның сол жаққа барып қайтқысы келетін. Бірақ оның ең басты арманы, дұрысырақ айтқанда бекем шешімі, бұрынғыша жазушы болу еді. Енді ол азамат соғысының қиыншылықтары мен шайқастары шыңдаған темірдей берік жаңа адамдар туралы жастарға шыншылдықпен айтып бере алатындығына еш шүбәланған жоқ. Фурманов өзінің жазба кітабын қолдан түсірмейтінін Чапаев талай рет қызыға байқады. Қолы сәл босап кетсе болды, Дмитрий Андреевич қағаз парақтарына әлденені жаза бастайды. Түрінен катты ойға батып, бірдеңелерді еске түсіріп, таразыға салып отырғаны байқалады.

Бірде Василий Иванович оған былай деді:

– Комиссар, шимайлап жүргенің не, көрсетші!

Фурманов сәл қысылып қалды:

– Жай әншейін, өзім үшін. Басқа кісі түсінбейді.

– Сөйтсе де көрсетші сен, мүмкін, түсінермін... хат танымын ғой...

Василий Иванович оның жазғандарына үніліп еді, түсініксіз жолдарға көзі түсті, жекелеген сөздерді кейде тіпті бірді-екілі әріптерді сыртынан коршап немесе бояу карындашпен астын сызып қойыпты. «Шифр тәрізді екен»,– деп ойлады Чапаев. Бірақ дауыстап былай деді:

– Байқаймын, мынадан сен өзің де ештеңе түсінбейтін шығарсың.

Бірақ Фурмановқа өзінің қолжазба кітапшасы өте жақсы мәлім еді. Ол оған дивизия өмірінде болған оқиғаларды: майдан эпизодтарын, Чапаевпен арадағы әңгімелерін, айтыстары мен жекелеген қақтығыстарын, Чапаев мінезінің өзі байқаған кейбір қырларын жазып қоятын. Бірде шайқастан кейін Дмитрий Андреевич терезе түбіне жайғасып алып, өзінің әдетінше бірденелерді жазып жатты. Үйге Чапаев кірді. Көңілі көтеріңкі екені көрініп тұр.

– Комиссар жазады да отырады,– деді ол көңілдене көзін қысып. – Чапаевтың үстінен Фрунзе жолдасқа арыз жазып жатқан жоқ па?

Фурманов басын көтеріп алды да, оған таңдана қарады. Рас, кейде олар шындап-ақ айтысып қалатын. Өзіне қарсы шыққанды көтере алмайтын Чапаев мұндай ұрсысу немен тынатынын ойлап жатпайды. Комиссардың тарапынан сабырлы, бірақ батыл қарсылыққа ұшырағанда ол қатты ашуға мінеді. Ұйқысыз өткен түндерден, толассыз соғыстардан әбден шаршаған екеуі бірде далада қатты ұрсысып қалды. Қаруға жармаса жаздады. Фурманов ақылға жеңдірді де, бәрін қалжыңға айналдырды. Ұрысқандарын ұмытып, олар қайтадан достасып кете барды.

Келелі мәселелерде бұлтақтамай, турашылдықты жақтайтын Дмитрий Андреевич, әрине, Чапаевтың сыртынан ешқашанда ештеңе жасамайтын. Сондықтан да оның қалжыңға сүйеп айтқан сұрағына Фурманов алғашқыда шамданып қалды. Бірақ Чапаевтың күдігін сейілту қажет екенін ұғынып, оған өз жазғандарының мәнін түсіндіруді ойлады. Азамат соғысы жайлы – өз дивизияларының шайқастары туралы, Чапаевтың өзі туралы болашақ кітабына материал жинап жүргенін Дмитрий Андреевич сабырлы да байсалды түрде айтып берді. Фурманов мұндай кітап кезінде өте пайдалы болады деп санайтынын айтты. Ал кітап шынында да бағалы болуы үшін оның дәлме-дәл, шынайы болуы керек. Міне, сондықтан да оқиғалар естен шығып кетпей тұрғанда, ол болашақ кітабы үшін қажеттілерін жазып қояды екен. Чапаев үнсіз тыңдады, толқып тұрғаны байқалады. Ештеңе айтпастан, өзінің бөлмесіне кетіп қалды.

Бірнеше күннен кейін Анна Никитична жұмысы болып Чапаевқа барса, ол әлденені дәптеріне баптап жазып қойып жатыр екен. Анна Никитична таңғалды.

– Сіз не жазып жатырсыз, Василий Иванович? – деп әзілдей сұрақ қойды ол.

– Кітаптың бәрін тек сендер, интеллигенттер ғана жазайын деп пе едіңдер,– деп Чапаев та әзілдей қайтарды жауапты. Қуақылана күліп қояды.– Бәлкім, мен де азамат соғысы туралы роман ойлап, материал жазып қойып жүрген шығармын. Фурманов пен Чапаевтың жуықтағы әңгімесін Анна Никитична білетін еді. Ол енді Василий Ивановичтің шынын айтып не қалжыңдап тұрғанын түсіне алмады.

Армия штабына Чапаев пен Фурмановтың арасында әйгеүір бір келіспеушілік бар деген сыбыс жетіп жатты. Бұл сыбысты Чапаев дивизиясының штабына кіріп алып, дивизия начальнигі мен оның комиссарын ұрыстырмақ болған ақ гвардияшыл біреу таратқаны кейін анықталды. Мұндай әңгімелер Фрунзені де түйткілдендірді. Ол бірде өзінің адъютанты Сиротинскийге былай деп тапсырма берді:

– Чапаев пен Фурманов өзара қалай тұрып жатқанын біліңізші, тек сыпайы түрде ғана біліңіз.

Фурманов пен Чапаев Самараға келгенде, Сиротинский Дмитрий Андреевичпен оңаша әңгімелеспек болды. Бірақ бұған ыңғайы келмеді. Комиссарды қыдырып қайтуға шақырып, Фурманов киіне бастаса болды, оның ізінше Чапаев та киіне бастайды. Сиротинский Фурмановты өзіне шай ішуге шақырса-ақ: «Барамыз»,– деп екеуі үшін бірдей жауап береді Чапаев. Сөйтіп, ол екеуі бір-бірінен ажырамай-ақ қойды. Екеуі де бірінің қамын бірі ойлап жүреді. Чапаев пен Фурмановтың арасында әлдекандай бір келіспеушілік бар деген сыбыстың бекерлігін Сиротинский арнайы әңгімелеспей-ақ, осыдан да білді. Чапаев мен Фурмановты шағыз жауынгерлік достық табыстырғанына оның көзі анық жетті. Фрунзе де солай ойлады.

Төртінші тарау

КОЛЧАККА ҚАРСЫ ШАЙҚАСТАРДА

1919 жылдың көктемі мен жазында Шығыс майданда шешуші оқиғалар болды – апрельдің аяғында Колчакқа қарсы Қызыл Армияның жеңіскер шабуылы басталды.

Бугуруслан. Белебей. Бугульма сиякты Орал етегіндегі калалардың аттары сол айларда миллиондаған жандардың аузынан түспеді. Шабуылға енген қызыл бөлімдердің айбарлы таскыны ішінен атакты Чапаев дивизиясы ілгері карай суырыла шықты. Оның құрамында 220-шы Иваново-Вознесенск жұмысшы полкы да ерлікпен шайкасты. Өзіне етене жакын осы полкта Фурманов жиі-жиі болып жүрді. Ылғи бірге жүретін жас токымашы қыздар – Маруся Рябинина мен оның құрбыларының шыныккан жауынгер болып алғанын ол мактаныш сезіммен байқады. Өзі комиссар ретінде катынаскан елеулі шайкастардан кейін Дмитрий Андреевич көбіне-ак «Рабочий край» газетіне макала жазатын еді. Сонда, сонау алыстағы Иваново-Вознесенскіде жұмысшылар өздерінің майданға кеткен жолдастарының әскери кимылдарын капы жібермей кадағалап отырды.

25-ші дивизия шайкаса отырып Бугурусланға таяды. Фурманов Иваново полкында еді. Жауынгерлердің алдынан ағыны катты Кинель өзені кездесті. Өзеннің арғы беттегі тік жаркабағына орналасып алған жауға тұткиылдан шабуыл жасап, окоптарынан куып шығу керек болды. Актар өзен үстін көздеп аткылап жатыр. Фурманов саяси қызметкерлер мен коммунистерді марш үстінде жинап алды да, жауынгерлік міндетті тағы да қайталап, өзеннің арғы бетіне кайтсек те өтуіміз керек, коммунистер алда жүруге тиіс дегенді айтты.

Полк шабуылға екі рет ұмтылды, бірак жау пулеметтен аткылап, қызыл әскерлерді жерге кайта бұктырды. Сол сәтте Фурманов ұшып тұра келіп, бірінші батальонды көтерді де, үшінші рет шабуылға бастады. Өзенге төніп барып қалғанда оларды жау құтырына аткылады. Бұйрат құмның ығына тығылып алған жау пулеметі окты толассыз жаудырады. Фурмановка жауынгерлер дәл казір жата калатындай боп сезілді. Сол сәтте оған оң жактан Маруся Рябининаның: «Алға, жолдастар!» – деген сыңғырлаған таныс даусы естілді.

Бұрылып жалт караған Фурманов Марусяның жүгірген бойы өзенге күмп бергенін көрді, оның әдеттегідей емес сұсты, батыл жүзін, шлемнің астынан шығып тұрған қыска етіліп қыркылған жылтыр шашын да көрді. Фурманов та алға ұмтылды. Сол сәтте-ак касынан судың шалпылдағанын естіді: жауынгерлер кеуделеріне дейін суға

кіріп, винтовкаларын бастарынан асыра жоғары көтеріп ілгері жылжыды. Марусяның жоғары көтерген колынан винтовкасы күнге шағыла жарқ етіп түсіп кеткенін, ал Марусяның өзі суға ақырындап батып бара жатқанын байқап қалды Дмитрий Андреевич.

Жаланаш жаркабақтан кейін тайғанап, қайтадан өршелене жоғары өрмелеп, айналадағы ысылдаған оққа қарамастан қызыл әскерлер жау окоптарына қарай тайсалмай жақындап барады. Фурмановтың маңайындағы адамдар құлап жатты, бірақ жауынгерлердің ұмтыла ілгерілеуін ештене де тоқтата алмады. Қолма-қол найзаласқан соғыста батальон ақ гвардияшыларды окоптарынан қуып шықты.

Полк босатып алған кирап қалған кішкентай деревняда Фурманов митинг шақырды да, батальон жауынгерлерін жеңіспен құттықтады. Қызыл әскерлердің жүздерінен жаңа батқан уайым сезіледі. Жеңіс қуанышын ауыр құрбандықтар қайғысы басып кеткендей. Иваново-Вознесенскіде бірге істеген, революция жауларына қарсы бірге күрескен айнымас жолдастардың талайы қаза тапты. Фурманов митингіде осы жайлы айтты:

– Біздің күмбірлеген күміс үнді Марусямыз жоқ енді. Мен оны Иваново-Вознесенскіде Қызыл гвардияның штабында күні кеше ғана көрген сияқтымын. Оны комсомолға қалай алғанымыз, ішінде Маруся бар тұңғыш жұмысшы отрядын майданға қалай аттандырып салғанымыз әлі есімде. Оның тамаша бейнесі жүрегімде мәңгі сақталады. Токымашылардың данқты дәстүріне таңба түсірген жоқ ол. Жұмысшы табының бақыты үшін ерлікпен шайқасты...

Қызыл Армияның жас жауынгерлерінің ішінде Маруся Рябинина сияқты тамаша адамдар аз болған жоқ. Азамат соғысының айбарлы жылдарында тек жігіттер мен қыздар ғана емес, жас өспірімдер де өз еріктерімен майданға аттанды. Олар командирлер мен комиссарлардан бөлімге қабылдап алуды қоярда-қоймай өтінетін, ал соғыста өздерін нағыз ерлерше ұстайтын. Ұзақ жорықтан шаршаған Чапаев пен Фурманов бірде полк командирлерімен әңгімелесіп отырғанда, үйге он үш, он төрт жасар шаруа баласын алып келді. Оны барлаушылар ұстап алыпты да, штабқа әкеліпті. Балада үрей қалмаған. Есіктің жанында тұрған Анна Никитична оның ерні-ерніне тимей калшылдап кеткенін

көрді. Сөйлеу қанша қиын болса да, шыдамды болып көрінгісі келген бала бірденелерді айтып жатыр. Фурманов терезенің жанына барды да, оны қасына шақырып алып, жылы-жылы сөйлей бастады:

– Шыныңды айта ғой, сені кім жіберді? Қайда және не іздеп бара жатыр едің? Шыныңды айтсаң, саған ешкім де тимейді.

Бала сәл ширайын деді.

– Мен ақ емеспін...– деп ол өкпелі үнмен ақырын сөйлей бастады.– Мен Чапайға келе жатырмын... Казактар әкемді де, шешемді де өлтірді. Ал сіздердің кісілеріңіз мені ұстап алды, әлде ақтардың бірі дей ме екен... Мен Чапайға барам...

Фурмановка баланың ашық жүзі, жанарлы көз карасы ұнады және өзі шынын айтып тұрған сияқты.

– Жарайды,– деді Фурманов күлімсіреп.– Солай-ақ болсын. Бізбен бірге боларсың. Жаңағы баланың аты Женя екен, сөйтіп ол Иваново-Вознесенск полкында қалды. Жорыққа шыққанда Женя ылғи Дмитрий Андреевичпен бірге болатын. Ол байқағыш, тапқыр да батыл бала болып шықты. Женя тіпті біраздан соң Чапаевтан барлауға баруға рұқсат алды. Баланың жауынгерлік тапсырманы жақсы орындағаны соншалық, оны енді атты барлаушылардың отрядына қосты.

Бірақ он төрт жасар Женя Чапаев дивизиясындағы барлаушылардың ең жасы емес-ті.

Бөлімдердің бірінде Фурмановтың көзі он екі жасар балаға түсті. Кеудесінде үлкен қызыл бант, бүйірінде салбыраған кішкентай қылыш, белбеуіне қанжар қыстырып, иығына карабин асынған.

– Мұны қайдан алдыңдар? – деп жауынгерлерден күлімсірей сұрады Фурманов.

– Оны біз алғамыз жоқ, комиссар жолдас! – деп жауап берді қызыл әскерлердің бірі. – Өзі келді. Екі айдан бері бізбен бірге.

– Ал сендерде не істеп жүр бұл?

– Бәрін де істейді, комиссар жолдас. Бізге жәрдемдеседі: патрон тасиды, су әкеледі. Кейде сүт тауып әкеледі.

– «Патрон»... «Сүт»... Сен одан да Степканың кимылын айт! – деп екінші бір жауынгер оны киіп кетті.

– Біздің Степан – нағыз ер. Ол талай рет барлауға барды, полк командирінің өзі алғыс айтты.

Степа комиссар деревняға қайтарып жібермес пе екен деп қорқып, жауынгердің сөзін үрейлене тыңдады.

– Ал сен қорыққан жоқсың ба? – деп сұрады одан Дмитрий Андреевич. Баланың көңілі бірден жай тапты: комиссардың үнінен ол ешқандай қауіп жоғын білді. Степа өзінің кішкене бойын тіп-тік ұстап, кәнігі жауынгерше жауап берді:

– Жоқ, комиссар жолдас. Барлауда бірінші болғаным емес қой, үйреніп алдым. Фурманов шын көңілмен сақылдап күлді де, баланың ұйпалақтанған шашынан мейірлене сипап қойды. Фурманов балаларды – революцияның жас батырларын әрдайым есінде ұстады және командирлерден оларды аман сақтауды өтінді. Ал туған-туыскандары бар жас өспірімдердің бөлімде қалуына Дмитрий Андреевич рұқсат етпейтін: мүмкіндік туысымен-ақ оларды үйлеріне қайтаруға бұйыратын.

– Соғыс дегенің – баланың ісі емес!–деп оны Чапаев та қостайтын. Колчак әскерлері Уфаға қарай шегінді. Коммунистік партия Колчакты тас-талқан етіп қиратуға аса үлкен маңыз берді. Империалистік басқыншылардың қылмысты жоспарлары бірінен соң бірі күйреп жатты, олар енді бар үмітін Колчакқа және басқа ақ гвардияшылардың соңымен келісіп жүргізбек болған шабуылдарына артты.

Қызыл Армияның сәтті басталған шабуылын толастатпау, жауға ес жиғызбау керек болды. 1919 жылдың 29 майында Владимир Ильич Ленин Шығыс майданының Революциялық әскери советіне телеграф арқылы былай деп хабарлады:

«...Егер қыска дейін біз Оралды босатып ала алмасақ, онда революцияны апатқа ұшыратып аламыз деп санаймын. Бар күшті салыңыздар...»

30 майда Михаил Васильевич Фрунзе әскерлерге бұйрық беріп, онда былай деп көрсетті: «Біздің армия талқандаған жау Уфаға қарай шегінуде. Сірә, сонда Белая өзені бойында соңғы рет қарсылық жасап бағар. Біздің Армияның ең таяудағы міндеті – Уфаны мейлінше тез босатып алу».

Белая өзенінің шығыс жағалауына бекініп алған Колчак әскерлері өзеннен жүзіп өтетін құралдардың барлығын өздерімен бірге әкетті, киратты және теміржол көпіріне мина қойып кетті. Олар Қызыл Армия бөлімдері өзеннің жиегінде бөгеліп қалуға мәжбүр болады, су тасыған кезде өзеннен жүзіп өте алмайды деп дәмеленді. Ал ақ гвардияшыл

генералдар соңғы шайқастарда быт-шыты шығып, сиреп қалған бөлімдерін қайтадан жасақтап алмақ болды. Уфа үшін шайқастарда 25-ші Чапаев дивизиясына аса маңызды міндет жүктелді. Оның кейбір бөлімдері – ішінде 220-шы Иваново-Вознесенск полкы да бар – Белая өзенінің шығыс жағалауына басқалардан бұрын өтіп, қаланың солтүстік жағынан шабуылдауға тиіс болды. Ал дивизияның қалған бөлімдеріне Уфаның оңтүстік жағын орап өтіп, Челябинск теміржолын кесіп тастау, сөйтіп, ақ гвардияшылардың шегінер шебін бөгеп кою міндеті жүктелді.

7 июньде шабуылға шығатын бөлімдер орналасқан жерге Михаил Васильевич Фрунзе келді. Уфа түбіндегі шайқасты оның тікелей өзі басқарғысы келіп еді. Уфаның солтүстік жағында жиырма километр жерде, Белая өзенінің батыс жағалауындағы Красный Яр селосында өзеннен кешіп өтетін бөлімдердің командирлері мен комиссарларының мәжілісі шақырылды. Мәжіліс селолық мектептің үйінде өтті. Фрунзе жиналғандарды Ленинның телеграммасымен таныстырды және шабуыл жоспарын талқылауға кірісуді ұсынды. Михаил Васильевич үстіне жазғы қызыл әскер гимнастеркасын киіп, стол жанында отырды. Шабуыл жоспарын баян еткен Чапаевты ол басын сәл қисайта отырып, зер сала тыңдады. Василий Иванович көңілі толқып, Фрунзе жаққа жалтақтап қарай берді. Бірақ командармның көз карасынан жылылық, құптағандық сезілді. Чапаев баяндап болды. Фрунзе жоспарды ұнатып және ол жақсылап ойланып, зер сала талданып жасалған деді.

– Сөйтіп, екі күннен кейін Уфада кездесеміз, – деді Фрунзе мәжілісті жауып. Ол мектептен Чапаевпен және Фурмановпен бірге шықты. Фрунземен кездескен сайын Дмитрий Андреевичтің бойына ерекше бір күш-жігер құйылғандай болатын, бұл жолы да сөйтті. Ол асықты: шабуыл басталғанша тындыратын іс әлі де көп еді. Саяси қызметкерлерді шақырып, жауынгерлермен әңгімелесу, шайқас алдында олардың қалай дем алғанын, қажетті нәрселермен қалай жабдықталғанын тексеру керек. Коммунистермен де сөйлесу қажет. Шабуыл ойдағыдай дәрежеде шығуы үшін, олардың әрқайсысы да болашақ шайқастың маңызын айқын ұғынуға тиіс. Коммунистердің өздері алғы лекте болуға, барлық жауынгерлерді соңдарынан

ертуге, оларға жауынгерлік міндетті алдын ала түсіндіруге және жолдастарымен сыр ақтара сөйлесуге тиіс еді. Тек кешкұрым батальондардың бірі орналасқан жерде ғана Фурманов Анна Никитичнамен кездесті. Анна Никитична да даярланып жатқан шабуылды білетін және өзі де күнұзаққа қызыл әскерлердің арасында болды.

– Сіз, комиссар жолдас, шабуылға енді ғана даярланып жатырсыз,– деді ол күйеуіне әзілдей сөйлеп,– ал мен жеңісті қалай атап өтуді ойлап жүрмін. Василий Иванович Уфаны алған күні жауынгерлерге спектакль қойып беруге бұйрық етті. Содан кейін ол Чапаевтың баяндамасы қалай өткенін, Фрунзе не айтқанын сұрай бастады.

– Бәрі де жақсы! – деп жауап берді Дмитрий Андреевич. Содан кейін мәжіліс жайлы әйеліне тәптіштеп айтып берді.– Ал біз шыққан соң,– деді ол одан әрі,– Михаил Васильевич күтпеген жерден Чапаевқа сауал берді: «Ал, Василий Иванович, шыныңды айт, комиссарына көңілің тола ма?» Чапаев маған қуақылана жалт қарады да, былай деді: «Расымды айтсам, көңілім толады, толғанда қандай. Оның бары маған сондай жақсы болды, сәл бірдене бола қалса-ақ военкомға барыңыз деймін. Ол басы бар жігіт, әр нәрсенің орайын біледі, сондықтан да бәрін комиссарға сілтейміз». «Ал соғыста қалай?» – деп сұрайды Фрунзе. «Біз,– дейді Чапаев, – әркашанда біргеміз, соғыста да біргеміз». – «Е, онда үйлесіп кеткен екенсіңдер ғой?» – «Не деп айтсам екен, Михаил Васильевич...– дейді Чапаев, ал өзі күледі.– Жиі-жиі айтысып қаламыз. Егер оның мінезі менің мінезімдей болса ұрсысып қалар ма едік, қайтер едік. Ал былай екеуміз жақсымыз. Мен, – дейді ол,– ойланып жатпастанақ, оған полкты басқаруды сеніп тапсырар едім...» Содан кейін Чапаев жұлып алғандай былай деді: «Сіз әрдайым тек менен сұрайсыз, оны да басып-басып көріңіз». Фрунзе катты күліп алды: «Дұрыс, Василий Иванович, одан да сұраймыз». Ал мен әрі ойлап, бері ойлап акыры: «Жиырма бесінші дивизияның начальнигіне ешқандай шағымым жоқ!» – деп солдатша жауап бердім. Чапаев жұлып алғандай, бастырмалата жөнелді: «Қалай, шағымым жоқ дей ме?! Мен сені командашының алдында мақтап жатсам, ал сен шағымым жоқ дейсің!.. Комиссар мені тағы бұрап соқтыау!» Оны өкпелетіп алам деген ойымда жоқ қой, Ная.

«Ашуланбаңыз, Василий Иванович, – дедім мен, – Уфаны босатып алайық. Бірімізді біріміз содан кейін мактаймыз ғой». Алдымен Чапаев, содан кейін Фрунзе күліп жіберді. Содан кейін тарадық.– деп аяқтады сөзін Фурманов.

Фурмановтың «Чапаев» атты тамаша повесін оқыған және осы шығарма бойынша түсірілген Чапаев туралы ұмытылмас фильмді көрген адамның бәрі де Уфа түбіндегі соғыс көріністерін естен шығармақ емес. Белая өзенінен кешіп өту. Жаңа және Ескі Турбаслам түбіндегі шайқастар, бөлімдерді шабуылға бастаған Фрунзе, Каппелев офицерлер полкының құтырына шабуылдауы, ақ гвардияшылардың теміржол көпірін бұзуы. Қызыл Армияның азат етілген қалаға кіруі – осының бәрі – тұтас шайқас та, оның жекеленген эпизодтары да – повесте шынайы да айқын бейнеленген. Мұнда әрбір деталь анық та дәл, шайқаска қатысқан әрбір адам өмірде қалай ойлап, қалай әрекет етсе, повесте де ол солай ойлап, солай әрекет етеді. Сол шайқас кезінде Фурмановтың өзі не істеді? Өз повесінің кейіпкері Федор Клычков сияқты ол да Потапов бригадасында болды. Ол бригада қалаға темір жол көпірі арқылы баса-көктеп кіруге тиіс еді. Бірақ ақтар көпірді бұзып тастады да, қызыл әскерлердің өзеннен жау оғы астында кешіп өтуіне тура келді. Ымырт жабыла теміржол бойындағы топырақ үйіндісінің ығында жаудан тасаланып тұрып, қызыл әскерлер Фурмановтың елдегі жағдай туралы, партияның алға қойған міндеттері туралы қысқа сөзін тыңдады. Комиссар түн бойына жауынгерлер арасында болды. Ол қызыл әскерлермен тізелесе отырып алып, олардың баяу үнмен айтқан әңгімелерін тыңдады. Жауынгерлер Фурмановқа өз ойларын айтты. Олардың сұрақтарына жауап бере отырып, Фурманов қызыл әскерлердің мүддесі өзгеріп, саналылығы артқанын іштей байқады. Рас, жауынгерлер үй ішін көп ойлайтын, өздеріне де мұнда онай соғып жүрген жок-ты. Әйтседе олар бұл туралы ләм демейді. Олардың барлығында да Колчакты қайтсек тезірек құртамыз деген ой басым еді. Қызыл әскерлердің әңгімесінен ешқандай астамшылық сезілмейді. Олардың сабырлы сөздерінен жеңіске деген сенім аңғарылады.

9 июньде таң ата Чапаевтың бөлімдері актарды киратып, Уфаға жакындап калды деген хабар келді. Қызыл

артиллерияның алғашқы атыстары естілді. Фурманов жүрген батальон өзеннен өтуге бұйрық алды. Қызыл әскерлер бөренеге, тақтайға отырып алып, қарсы жағалауға қарай жүзіп барады. Ең алдында асығыс жасалына салған салда комиссар Фурманов бар. Ақтар өзен үстін жөнжосықсыз аткылай бастады. Жарылған снарядтардан су беті көпіршіп, қайнап жатыр. Сол снарядтардың бірі Интернационал полкының командирі отырған салға келіп түсті. Фурмановтың көз алдында салдың быт-шыты шықты. Жау оғы жүзіп бара жатқандарды жаракаттандырып жатыр, бірақ қызыл әскерлер бір-бірден, екі-екіден немесе топ-топ болып жағалауға қарай жан сала ұмтылуда. Жағалауға жақындап-ақ калды. Фурманов жағаға бірінші болып секіріп шықты. Оң жақтан да, сол жақтан да жауынгерлер жүгіріп келеді.

– Коммунистер, еріңдер соңымнан! – деп айқай салды да, винтовкасын жоғары көтеріп алды Фурманов.– Ура!..

Жау окоптарын найзамен, мылтықтың дүмімен аршып шықты да қызыл әскерлер Уфаның орталығына қарай қозғалды. Бұл кезде қаланың тұс-тұсынан-ақ қызыл бөлімдер лап қойған болатын. Кешкісін, шеткері жақтарда әлі де ауық-ауық атыс естіліп жатқан кезде, театр маңына қызыл әскерлер топ-топ болып жиналып жатты. Залдан киіп-жарып өту киын-ақ, жауынгерлер соншалықты көп жиналған. Сахнада спектакльге соңғы даярлықтар жүріп жатты. Ойын коятын қызыл әскерлер әзір ме екен, бәрі де орнында ма екен деп, Анна Никитична тағы да тексеріп шықты. Фурманов спектакль алдында құттықтау сөз айтуға тиіс еді. Ол енді сахнаға шыға беремін дегенше болмай, залда ду кол шапалактау басталды. Қызыл әскерлердің арасынан басы таңулы Чапаев шыға келді. Соғыста жаракаттанғанына карамастан, ол катардан кетпей, шабуылға басшылық ете берген болатын. Құлак тұндырар катты кол шапалактау басылар емес.

– Бірдеңе айтып жібер, Чапаев! – деген дауыстар естілді залдан. – Василь Иванычка берілсін сөз! Бұл куанышты күні Чапаевтың жиналғандар алдында сөз сөйлеуге шамасы жок еді. Дәрігерлердің соғыстан кейін демал деген катаң талабын бұзып келіп отырғаны мынау. Бірақ осындай уакытта ол карулас серіктерінен алыста калай жатсын!

Чапаев шаршағанын сезген соң ғана Фурманов пен басқа жолдастарының айтқандарына көніп, театрдан кетіп қалды.

... Митинг пен спектакльден кейін, түннің бір уағында дивизия штабында отырып алып, Фурманов «Уфа шайқасы» атты кезекті очеркін асығыс жазып жатты. Дмитрий Андреевич бұл очеркінде Уфа жұмысшылары өздерінің азаткері – Қызыл Армияны қалай құттықтағанын суреттеді. Олар қызыл әскерлердің алдынан топ-топ болып жөңкіле шығып еді. Чапаев полктарының бірі әсем сап түзеп қаланы бойлап бара жатқанда, көптің ішінен бір қыз суырылып шықты да, қызыл әскерлерге қарай тұра жүгірді. «Біз сендермен біргеміз, қызыл жауынгерлер, әркашанда сендермен біргеміз!» – деп айқайлап, жылап қоя берді ол... Актар атып үлгірмеген жолдастар түрмеден босатылды. Олар көздерінен жас парлаған бойы қызыл әскерлерді бас салып құшақтап жатты. Қызыл Армияның жаңа ірі женісі туралы хабар бүкіл майданға лезде тарады. Шұғыл шығарылған әскери газеттер бұл жайлы ертеніне-ак баян етті.

Бесінші тарау

ЧАПАЕВТЫҢ ӨЛІМІ

Орал қаласының ержүрек гарнизоны жау қоршауына екі ай бойы төтеп беріп жатты. Шығыс майданның негізгі күштері Уфаға төгілгенін пайдаланып, ақ казак бөлімдері қалаға төніп келіп қалды. Қызыл жауынгерлер мен өз еркімен әскерге жазылған жұмысшылар қаланы қайсарлықпен қорғады, сөйтіп, Оралды басып алуға, одан кейін Колчакқа шабуыл жасап жаткан Қызыл Армияның тылы мен бүйірінен соқтығуға тырысқан ақ гвардияшылардың жоспарын жүзеге асыруға жол бермеді.

1919 жылдың 16 июнінде Фрунзе Лениннен телеграмма алды:

«Қоршаудағы Оралды елу күн бойы қорғаған ерлерге деген жалынды сәлемімді, рухтарыңды түсірмей, тағы да бірер апта шыдаңдар деген тілегімді оралдық жолдастарға жеткізуіңізді өтінем. Оралды қорғаған ерлік іс сәтті аяқталмақ». Фрунзе Оралға көмекке Чапаев дивизиясын

жіберді. Кескілескен шайқастарда шыныққан, Уфаны босатып, колчакшыларды жеңіп жігерленген чапаевшылар коршаудағы қалаға қол ұшын бергенше асықты. Олар шаршап-шалдығуға қарамастан, тәулігіне елу километрге дейін жүріп отырды. Дивизия өзіне етене жақын, туған жермен жүріп келе жатты. Чапаевтың өзіне де, жауынгерлер мен командирлердің көпшілігіне де бұл жердің әрбір сокпағына, төбешігі мен өзеніне дейін таныс-ты. Бұл ара Иваново-Вознесенскіден келгендер үшін де туған жердей болып кетті, өйткені олардың ішінен талай-талай асыл ерлер осында, Орал далаларында қаза тапты.

Жауынгерлердің жүздеріне қадала көз тіккен Фурманов майданға келгендегі алғашқы күндерін еске түсірді. Қызыл әскерлер, командирлер, тіпті оның өзі де каншалықты өзгерген! Соңғы айларда дивизияда саналылық канша өсті және тәртіп каншалықты нығайды! «Партизаншылық ақыр аяғына дейін құрып бітпесе де, ол енді тым сирек ұшырасады». – деп ойлады ол. Уфа түбінде кейбір жауынгерлердің лайықсыз мінез жасағанын білгенде Чапаевтың катты ашуланғаны, барлық қызыл әскерлердің оларды бір кісідей сөккені түсті оның есіне. Ер үстінде бойын түзеп отырды да, Дмитрий Андреевич ұзыннан-ұзақ жорық колоннасына тізілген чапаевшылардың сымға тартқандай катарына мактана көз тікті. Чапаев дивизиясының жақындап келіп қалғаны туралы хабар ақ казактар бөлімдерінде үрей туғызды. Шабуылға төтеп бере алмай, олар асығыс шегінді. Коршау шебі бұзылды. 11 июльде Фрунзе Москваға Ленинге телеграмма берді:

«Бүгін сағат он екіде Орал қаласы коршаудан босатылды. Біздің әскерлер қалаға кірді». Чапаев дивизиясы азат етілген калада жайғасып алып, жаңа шайқастарға даярланды: Гурьевке қарай шегінген жауды біржола құрту керек болды. Сол бір күндерде Самарадан күтпеген жерден жаңа қызметке тағайындалу үшін Фурмановтың Революциялық әскери совет карамағына дереу жетуі керек деген телеграмма келді. Дмитрий Андреевичтен айырыламын деген ойға көндіге алмады Чапаев. Бұған сенгісі келмеді оның. Фурмановты дивизияда калдыруды өтініп, ол Фрунзеге үш рет телеграмма сокты. Бірақ майданның Революциялық әскери советі өз шешімін өзгерткен жоқ.

25 августа, Фурмановтардың дивизиядан кететін күні, олардың кішкентай бөлмесіне командирлер мен саяси қызметкерлер жиналды. Қоштасу көңілсіз болды: жауынгер достарға айырылысу қиын еді. Өңі қашқан, үн-түнсіз Чапаев әрлі-берлі жүр, ауық-ауық мұртын ширатып қояды. Терезе алдында Анна Никитична үнсіз тұр. Дмитрий Андреевич өзінің толқыған көңіл күйін сездірмеуге тырысып, дивизия штабының начальнигі Новиковпен көп кешікпей келіп калуға тиіс жаңа комиссар Павел Степанович Батурин жайлы әңгімелесіп отыр. Чапаев Фурмановтың ту сыртынан келіп құшақтады.

– Қош бол, Митяй,– деді ол жылы жүзбен. Содан кейін Фурмановка естілер-естілмес қылып былай деді:– Сондай жақсы көріп кетіп ем өзіңді. Айырылысу өкініштi-ақ. Егер Фрунзе болмаса, жанжал шығарып, сені жібермейтін едім. Бәрі үшін де рахмет. Көп нәрсеге үйреттің сен мені.

Олар айқара құшақтасты. Фурманов Самараға келген кезде Шығыс майданда қызыл әскерлер екі бағытта жорыкка аттануға тиіс еді. Біріншісі шығыс бағыт, екіншісі оңтүстік-шығыс бағыт деп аталды: алғашқысы – Сібірге, соңғысы Түркістанға қарай беттемек еді. Михаил Васильевич Фрунзе Түркістан майданына командашы болып бекіді. Фурманов сол Түркістан майданының саяси бөліміне тағайындама алды. Ол үшін жаңа өмір, жаңа да, күрделі де жауапты істер басталды; саяси бөлім үш армияның саяси жұмысына, он мыңдаған жауынгерлерді тәрбиелеуге басшылық етті. Дмитрий Андреевич жұмысты өте көп істеді. Ол соғыс және саяси жағдайды қадағалап зерттеді, адамдармен танысты, мәжілістер өткізді, бөлімдерге шығып тұрды. Бірақ соның бәрі де жиырма бесінші дивизиядағы оның сан қилы окиғаға толы жауынгерлік өмірінің орнын толтыра алған жок.

Күтпеген жерден Самараға Фурмановтың інісі Сергей келді. Оның бөлімі мұнда қайтадан жасақталмақ екен. Сережа нағыз жауынгер болып алыпты: есейіп өскен, бойы бекіп, бұғанасы қатқан. Өзінің жауынгерлік өмірі жайлы құлшына әңгімелеген інісіне көз алмастан қарайды Дмитрий Андреевич. Сергей штабқа саяси қызметке ауысудан аттонын ала қашты: оның қатарда қызыл әскер болып қалғысы келеді екен. Бірнеше күннен кейін Дмитрий Андреевич оны вокзалға шығарып салды: Сергей Ақтөбеге, полкка

кетті. Сол жақтан майданға бармақ. Інісі кеткеннен кейін Фурманов бұрынғы қарулас достарын тіпті көп ойлайтын болды. Оларды қатты сағынды.

«Жан-жүрегім селт етіп қуанбайды, – деп жазды ол Чапаевка.– Менің дивизияны сағынып жүргеніме сенермісің... Кейде екеуміз құстай ұшып, майданды аралайтынбыз: рухың көтеріліп өмір сүрдік, сергек ойлағың, серпіле жұмыс істегің, дамыл таппай, жалын атып жүргің келетін. Ал қазір соның бәрі басылған. Қазір зеңбірек гүрсілін есітпеймін, кадірлі командирлер мен саяси қызметкерлер де жоқ жанымда...

Тағы да алғы шепке барғым келіп-ақ жүр. Анна Никитична ауыра береді, байғұс. Өзіміздің дивизияны, сені, жиі-жиі айтысып қалатынымызды, ажырамас достығымызды әрдайым еске алып отырамыз. Қош бол, Василий Иванович. Петрушаға сәлем. Хат жазар деп күтемін». Бірақ Чапаев досының хатын оқи алмады. Ертеңіне таңертең саяси бөлімде инструкторлардың бірі Дмитрий Андреевичке былай деді:

– Сіз естідіңіз бе, Фурманов жолдас? Жиырма бесінші дивизия аса ауыр бақытсыздыққа душар болыпты ғой. Казактар штабты шауып кеткен.

– Қалай шауып кеткен, қай жерде? – деп айқайлап жіберді Дмитрий Андреевич.

– Түн жамылып Лбищенскіге келіпті де, қамсыз жаткан жерлерінде бас салып, кескілеп кетіпті...

– Ал Чапаев ше? Чапаевты қайтіпті? – деп сұп-сұр болып кеткен Фурманов әрең-әрең сөйледі.

– Чапаев та сонда еді ғой. Сірә, ол да аман болмас. Ол ауыр жараланып, казактар ізіне түсіп қуғанда жолда қаза тапқан дей ме...

Фурманов одан арғысын тыңдаған жоқ. Жүгіріп Революциялық әскери советке барды. Штабта кісі жоқтың қасы екен. Шабуыл бөліміндегі кезекші Лбищенскіге тұтқиылдан шабуыл жасалғанын растады. Дивизия штабына үш жүз бе, мың ба – ақ казактар шабуыл жасапты. Чапаев екі рет жарақаттаныпты деседі: қылыштан ба, әлде оқтан ба – белгісіз. Революциялық әскери советтен мысы құрып шықты Фурмановтың. Оны бір ғана ой биледі: Чапаевтың тағдыры не күйде екенін қалай білмек? Тірі ме екен? Не болды екен өзіне? Батурин, Новиковтар құтыла алды ма, жоқ па?

Петруша тірі қалды ма екен? Бұл жандар өзіне қаншалықты жақын екенін ол енді ұғынғандай. Солардың бәрі жайлы ойлады ол. Олардың өлімі қатты үрейлендірді оны. Ал Чапаевтың қазасы туралы ой тіпті шыдатар емес.

Анна Никитична үйге қайтып оралған Фурмановтың бірден жүдеп кеткен, сұп-сұр өңіне қайран қалды.

– Қаза тапты Чапаев, Ная! – деп ақырын ғана әрең-әрең сөйледі Фурманов. – Сенбеймін, сенер емеспін! Чапаев өлді дейді!.. Жоқ, бұл мүмкін емес. Әлде, бұл рас па екен,– деді ол сыбырлап. Бұл түні Фурмановтар көз ілген жоқ. Чапаев тірі күніндегісіндей көз алдарынан кетер емес... Міне, ол жігері шалқып-тасып, көзі от шаша жайнап, шабуылға шыққан шептің құйғытып біресе алдына, біресе соңына шығады. Міне, ол шаруалардың митингісінде сөйлеп, оларды жұмысшы орталықтары үшін астық жинауға қызу шақырып тұр. Міне, ол жаралы, басы таңулы күйінде жауынгерлермен бірге азат етілген Уфаның көшелерінде жүр... Ал мынау баска, дем алып жүрген Чапаев өзін-өзі ұмытып, қалай болса солай жүр еді, кенеттен қолдан жасалған эстрадаға жүгіріп шықты да, «камаринскийді» алдымен аққуша қалқып, одан еденді тарсылдата жүресінен отырып билеп берді. Чапаевшыл жауынгерлер өздерінің сүйікті командирін ду қол шапалактап қарсы алды... Ал енді бірде сыңғырлаған баяу даусымен «Теңізші, сен сұлу-аксың, жиырмаға толды жасың» атты өзінің сүйікті әнін соза жөнеледі де, нағыз теңізшілерше екі қолын құлаштай сермейді. Сол сәтте айнала коршап отырғандардың барлығы да: «Теңіздерде, толқындарда – бүгін мұнда, ертең анда...» – деп қосыла кетеді. Дмитрий Андреевич бөлме ішінде әрлі-берлі жүре бастады тағы: терезе түбіне келіп түн қараңғылығына тесіле қарады. Ол Оралдағы соңғы кештегі Чапаевты сол бір күйінде – түймесін ағытып тастап, көк көйлек киген, кісіге соншалықты жақын да карапайым күйінде тағы да еске алды. Бірге өткізген жауынгерлік өмірінің кей кезеңдерін еске түсіре отырып, ол жайында тағы да біраз әңгімелесті.

– Ия, үлкен таланты бар кісі еді. Тумысынан қолбасшы еді! – Фурманов баяу ғана сөйлейді. – Ол қандай қиын жағдайдан да жол таба білетін, жағдайды бірден дұрыс бағалап, сол сәтте-ақ маневр жайын ойлап тауып, талдап шеше алатын. Онда бір ғана ой – жауды қайтсек тез жеңеміз

деген ой болды! Талай рет ол мені түнде келіп оятады да, құлағыма сыбырлап жатады: «Сенің қалай екеніңді білмеймін, Дмитрий Андреевич, ал мен қайткенде ақтарға шеңгелді батыра түсеміз деп ойлаймын да жүремін. Шоқ-шоқ ормандар, жазықтар, өзендер – бәрі де көз алдымнан кетпейді. Өйткені жұрт келе жатқанда қай жер өтуге оңтайлы, қай тұстан жауға тарпа бас салуға болады деп ойлаумен болам ғой!» – дейтін ол. Лбищенскімен байланыс таңертең де жөнделген жоқ. Революциялық әскери советке майданнан әралуан сыбыс, хабарлар келіп жатты. Солардың бәрі де Чапаевтың қаза болғанын айтады. Ақыр аяғында оның қалай қаза тапқаны егжей-тегжейіне дейін белгілі болды.

Фурманов өзінің творчествосында бұл қайғылы оқиғаға талай рет оралды. Ол «Чапаев» повесінің ең соңғы, жан толқытарлық әсерлі беттерін соған арнады, бұл повеске дейін жазған «Лбищенскі драмасы» атты очеркінде де сол жайында айтты. Ол кезде оқиғалардың ізі суымай тұрып, Лбищенскіден түскен хабарлар мен әңгімелерге сүйене отырып, Дмитрий Андреевич халықтың батыр колбасшысының қалай қаза тапқанын суреттеді де, «Рабочий край» газетіне «Чапаев пен Батурин жолдастар қалай қаза тапты» деген мақаласын жіберді. Онда ол мынадай жайды баян етті. Екі жүздей ержүрек жігіттерді ертіп алып, Чапаев казактардың қалың атты әскерлерінің ортасын бұзып-жарып өтпек болады. Бірақ патрондары таусылып қалады. Патрон алатын жер жоқ. Мұны көрген казактар шабуылды үдете түсіп, Чапаевшыларды өзен жағасына қарай ығыстыра береді... «Бірақ Чапаев тізе бүккен жоқ. Оның жаны өліктерге толып кетті, талай-талай жауынгерлер Жайықтың суық суына батты. Ал оның өзі аруаққа ұқсап жаркабакта тұра берді».– деп жазды Фурманов.

Чапаев қолынан, бетінен жараланды. Бәлкім тағы да жараланған болса керек, содан кейін оның жерге отыра кетіп, етігін шешіп тастап, суға күмп бергенін көріпті. Содан кейін оны ешкім көрмеген. Кейбіреулердің айтуынша, Чапаев қарсы жағаға жүзіп жетіпті, бірақ сол жерде соңынан атылған октан өліпті. Енді біреулердің сөзіне қарағанда, ол далада ауа жайылып жүрген түйеге мініп алып, кетіп қалыпты.

«Бірақ мұның бәрі де неғайбыл, – деп бітірді Фурманов өзінің мақаласын. – Чапаев Жайыкка батып өлді».

1919 жылы 7 октябрьде, Самараның ақтардан азат етілгендігінің бір жылдығы күні, әскери бөлімдер мен мекемелерде Қызыл Армияның даңқты жеңістері жайлы, оның командирлерінің жауынгерлік істері жайлы әңгімелер өткізілді. Сол күні үлкен митингіде Фурманов сөз сөйледі. Ол сөзін былай бастады:

– Азамат соғысы жұмысшы-шаруа бұқарасының арасынан батырларды соншалықты көп шығарды, олардың кейбірінің еңбегін тілмен айтып жеткізу қиын. Ал Чапаев дәл солай ерекше бағалануға лайық, өйткені Советтік Россияның еңбекші бұқарасының алдындағы оның еңбегі зор. 1918 жылдың өзінде-ақ ол Самара губерниясының, еңбекші шаруалардың көтерілуіне және ақ казак полктарына қарсы күреске ұйымдасуына жәрдемдесе алды. Самара губерниясының шаруалары мен Орал далаларының еңбекші казактары Чапаевты өздерінің айнымас қорғаушысы, азаткері және ұлы іс жолындағы адал күрескер деп тегіннен-тегін атамайды.

Елтірі қалпақ, қоян терісінен тігілген құлақшын, шұға шлем, малақай, башлық киген адамдарды көзбен шолып өтіп, іштерінде Чапаев дивизиясының да сарбаздары бар сан мың топтың тынысын тыңдай тұрып Фурманов Чапаевтың жалаң аяқ, жалаңаш, аш жауынгерлері Бугуруслан, Белебей, Уфаға қалай шеру тартқанын, ерлік пен батылдықтың кереметтерін көрсеткенін, Колчактың таңдаулы офицер полктарын талқандап, өкшелете қуғанын, қол гранаттар ұстап, жау броневиктеріне қарсы тайсалмай барғанын еске алды.

– Чапаев, – деді одан әрі Фурманов,– өз дивизиясының барлық жеңістерінің жаны болды, оны топтастырды, құрыштай берік шыңдады, рухтандырды, жалын атқызды, жеңіс үшін жаңа құрбандықтарға бастады, қалтқысыз батырлыққа, қайсар күреске шақырды. Өзінің полктарын бастаған, ешқашан шегінуді білмеген сол атақты батыр, тамаша командир жоқ енді. Қадірлі Чапаев, Қызыл Армия сенің ерліктеріңді ешқашанда ұмытпайды! Азамат соғысының тарихына сен жарық жұлдыздай болып кіресің.

Алтыншы тарау

ЖЕТІСУДА

Ақ гвардияшылардың Орал майданындағы қарсылығы тойтарылды. 1920 жылы 5 январьда Фрунзе телеграф арқылы Владимир Ильич Ленинге былайша баян етті:

«Орал майданы жойылды. Үш күнде 150 шақырым жол өтіп келіп, бүгін таң ата Н. армиясының атты әскерлері жаудың соңғы базасы – Гурьевті және онан әрі Каспий жағалауына дейінгі жерді босатып алды...»

Түркістан майданының штабы Самарадан Ташкентке көшпек болып жатты. Түркістанда бұл жаққа Колчакты тас-талқан еткен қызыл генерал Фрунзе бастаған көп әскер келеді екен деген хабар тарап кетті. Ал шындығында, январьдың аяғында Ташкентке Михаил Васильевич Фрунзе және Түркістан майданы Революциялық әскери советінің мүшесі Валериан Владимирович Куйбышев бастаған штабтық және саяси қызметкерлердің азғантай тобы ғана аттанды. Солардың ішінде Фурманов та бар еді.

Ташкентке баратын жолдың азабы көп болып шықты. Поезд екі рет кирады. Бүкіл жол бойында отын жетіспейді. Құлазыған далада асыр салған қатты боран теміржолды басып қалған. Жолшыбай талай рет вагоннан шығып, теміржолдың қарын күреуге, паровозға керек отынды әр жерден іздестіріп тауып әкеліп отыруға тура келді. Жолшыбай кішігірім қалаларда поезд аздап аялдап отырды. Штабтың тапсыруы бойынша Дмитрий Андреевич партия ұйымдарының мәжілісін өткізіп, митингілерде сөз сөйледі. Өзінің жолшыбай алған әсерлері туралы, «мақталы елге» баратын жол туралы Ақтөбеден «Рабочній край» газетіне мақала жазып жіберді ол.

Ақыр аяғында 22 февральда штаб Ташкентке келді. Бұл Орта Азиялық оңтүстік қаладағының бәрі де ғажайып әрі өзгеше болып көрінді. Жолаушылардың көз алдынан сирек жынғыл өскен жалаңаш жазық, суы қатып қалған кішкентай көлдердің жиегіне өскен қар басқан камыс, ызғарлы желге теңселген қураған селеу, шетсіз-шексіз қарлы дала әлі кеткен жоқ еді. Ал мұнда жарқыраған күн, биік көкшіл аспан,

көкпен таласқан жасыл ағаштар, суы тынымсыз сылдырап аққан арықтар көз тартады. Көшеде ала шапан, тақия киген еркектер, қара киініп, жүздерін пәрәнжімен көлегейлеген әйелдер толып жүр. Түсініксіз тілде сөйлеген сөздер, сақтана қараған жүздер, сезіктене қадалатын көздер...

Түркістанда (қазіргі Орта Азиядағы советтік бес республика орналасқан үлкен өлкені ол кезде солай деп атаған) сол жылдары жағдай аса қиын еді. Советтік Россияның орталығы алыс, ал шеткері жақтарда ақ қазақ бандалары ойран салып жүр. Иран және Ауғанстан шекараларында жасырынған қарақшы басмашылар қиырдағы қалалар мен селоларға шабуыл жасайтын. Мұнда шетелдік барлау агенттері де толып жүретін. Олар христиандар мен мұсылмандар арасына от тастап, өзбек, қазақ, қырғыз сияқты жергілікті тұрғындарды орыстарға айдап салумен шұғылданды, басмашыларға қару-жарақ берді. Революция кезінде билік пен байлықтан айырылған бай моллалар мен байлар контрреволюциялық үгітті ашықтан-ашық жүргізіп, қиямпұрыстық сыбыстар таратты. Мұның бәрі жас совет өкіметіне әрдайым қатер туғызды, тіпті кейде өте-мөте қауіпті болды. Ташкентке келе салысымен Иваново-Вознесенск газетіне жіберген «Мақталы өңірде» атты очеркінде Фурманов былай деп жазды:

«...Ағылшын капиталисінің жылпос қолы айнала сумаңдап жүр. Көп жағдайда мұнысын жасырмайды, тапа-тал түсте, жұрттың көзінше істейді... Ағылшынның империалистік арыстаны айбынды қатерді сезіп сескенейін деді, тісін ақситып, жырқыштық шеңгелін салды. Жамылғылар сыпырылып қалды. Шығыстағы шайқас ашықтан-ашық лапылдап барады – екі рух: империалистік рух пен Совет Республикасының рухы кескілесе шайқасуда...»

Қытаймен шектес Жетісу облысында жағдай әсіресе қатерлі болды. Қызыл Армия мұнда генералдар Анненков пен Дутовтың ақ қазақ бөлімдерін жуырда тас-талқан еткен болатын. Ақ гвардияшыл бандалардың қалдықтары шекарадан өтіп кетті де, Қытайдың сол төңіректегі провинцияларына орнығып алды: олар Жетісуға тағы да басақөктеп кіру үшін қолайлы кезең тууын күтті. Патша үкіметі 1916 жылғы көтерілісті аяусыз жаныштап басқаннан кейін, Солтүстік Қытайға ауа көшкен мыңдаған қазақ, қырғыз,

дүнген боскындары өз Отанына қайтып келіп жатты. Олардың жерлері мен дүние-мүліктерін кулактар басып қалған еді. Енді кулактар совет өкіметі барлық орыс шаруаларынан жерді тартып алып, қайтып келген боскындарға береді екен деген сыбыс тарады. Қазақтар мен қырғыздарды Жетісудан орыстардың қуылуын талап етуге шақырған байлар мен молдалар да сол сыбысты өршіте түсті. Қызыл Армияның Жетісуда тұрған 3-ші Түркістан аткыштар дивизиясы негізінен сол жергілікті тұрғындардан аукатты шаруалардан құралған еді. Облыс актардан азат етілді, енді жерімізге қайтуға, үйді-үйімізге тарап кетуге болады деп санады олар. Орыс шаруалары мен күйзеліске ұшыраған казақтардың, қырғыздардың арасында өшпенділік күшейіп кеткендіктен, жағдай тіпті қиындай түсті. Совет өкіметі мұсылмандарға кару-жарақ береді-мыс деген арандатушылық сыбыс санасы төмен қызыл әскерлерді бұрынғыдан бетер үрпитіп жіберді. Сөйтіп, жетісулық әскерлерді ол кезде сенімді қызыл әскер бөлімдері деп атауға болмайтын еді.

Қиыр Жетісудағы басшылық жұмысқа совет өкіметінің санкилы жауларына қарсы күресті басқара алатын, армиядағы саяси жұмысты жөнге коятын, ондағы тәртіпті жоғары көтеретін батыл да бекем коммунистерді жіберу керек болды. Олар жергілікті халықтарды тыныштандырып, олкенің өмірін қалыпқа келтіруге тиіс болды. Түркістан майданының Революциялық әскери советі өз өкілі етіп Жетісуға Дмитрий Андреевич Фурмановты жіберуге ұйғарды. 3-ші Түркістан дивизиясының әскери советіне басшылық ету де соған тапсырылды. Верный қаласына – Қазақ ССР-нің қазіргі астанасы Алматыға Фурмановпен бірге бір топ саяси қызметкерлер де аттанды. Солардың ішінде Анна Никитична Фурманова да бар еді. Сапар ұзақ болды, жолдың көбін – алты жүз километрден астам жерді атпен жүрді. Жолшыбай Фурманов халықтың хал-күйімен, жергілікті жағдаймен танысып, баяндамалар жасап, партия және совет қызметкерлерінің мәжілістерін өткізіп отырды. Олар Верныйға 6 апрельде таңертең келді. Ал кешкісін Фурманов Советтердің уездік съезінің мәжілісінде сол кезде болып жаткан окиғалар жайлы баяндама жасады. Фурмановтар және Ташкенттен келген басқа да қызметкерлер мейманханаға орналасты. Анна Никитична

штабта істеді де, Дмитрий Андреевичті кейде бірнеше күн бойына көрмей жүрді. Фурманов үйге өте кеш қайтатын. Ол дивизияда да, партияның облыстық комитетінде де, облыстық революциялық комитетте де тыным таппай қызмет істеді. Кей күндері ол баяндаманы екі рет жасап жүрді. Фурманов негізгі назарын дивизияның Әскери советіне аударды. Верный қаласының гарнизонында саяси жұмыс өте-мөте нашар жүргізілетін еді. Дмитрий Андреевич гарнизон жиналыстарында сөз сөйлеп, казармаларда әңгімелер өткізді. Бірақ ол мұның бәрі әлі де аз деп санады. Жауынгерлермен әрдайым тығыз байланыс жасап, олардың саяси саналылығын көтеру үшін дивизия газетін шығаруды жолға қою, армия мен халық үшін листовкалар шығару керек болды. Фурмановтың бастамасы бойынша дивизияның саяси бөлімі күн сайын бір рет «Правда» атты газет шығарып отыратын болды. Фурманов оған екі-үш күнде бір мақала жазып, онда облыстың халқы мен жауынгерлерді толғандырған мәселелерді түсіндіріп отырды.

Жетісуда қызмет істеудің өте-мөте қиындығы жергілікті партия және совет қызметкерлерінің ішінде күрделі саяси жағдайды ұғынып, совет өкіметінің ұлт саясатын дұрыс түсінетіндері аз болғандығына да байланысты еді. Олардың ішінде совет өкіметінің жасырын жаулары – қазақтың буржуазияшыл ұлтшылдары да аз емес-ті. Сырттан келген орыс қызметкерлерінің қазақ тілін білмеуі де жағдайды қиындата түсті. Ал коммунист-қазақтар орысша нашар сөйлеп, нашар жазды. Фурманов жауапты орындардағы әскери және азаматтық қызметкерлер үшін қазақ тілін үйрететін курстар ұйымдастырды және өзі жұрттың бәрінен де артық беріле шұғылданды. Ол орыстар мен қазақтар үшін партиялық курстарды молынан құрды.

Жетісуда жүргенде не істесе де, Фурманов халықтар достығының лениндік саясатының принциптерін әрдайым бекем жүргізді. Самарада жүрген кезде-ақ ол партия мен үкіметтің Түркістанға байланысты қаулыларымен мұқият танысып, Ленинның ұлт мәселесі туралы еңбектерін зер сала оқыған болатын. Ленинның Түркістан коммунистеріне арнап айтқан: «Түркістан халықтарымен дұрыс қарым-қатынас орнатудың қазір Россия социалистік Федерациялы Советтік Республикасы үшін аса зор, дүниежүзілік тарихи маңызы

бар деп асырмай айтуға болады».– деген сөздерін Дмитрий Андреевич әрдайым есте ұстады.

Совет өкіметі атынан Фурманов Россиядан көшіп келгендерге, Шу алқабының шаруаларына арнап сөз сөйлеп, оларды бұл құлазып жаткан өлкені гүлденген бақ пен жемісі мәуелеген жерге айналдыру үшін тізе қоса, тату-тәтті еңбек етуге шақырды. Сонымен бірге ол қазақтарға, қырғыздарға, үйғырларға, дүнгендерге, өзбектерге тікелей арнап сөз сөйлеп, оларды орыс шаруаларымен достыққа, совет өкіметінің пайдасы үшін бірлесе еңбек етуге үндеді.

«Сіздер ұзақ жылдар бойына патша жалдаптарының езгісінде өмір сүрдіңіздер және өздеріңіздің еңбегіңізбен, өздеріңіздің игілігіңізбен, бар байлықтарыңызбен талаушылар мен тонаушыларды асырап келдіңіздер.– деп жазды Фурманов. – Сіздер қорғансыз болдыңыздар, сіздер әрқашанда кит етсе жазықты саналдыңыздар... Тек енді ғана сіздер емін-еркін тыныстап, өз мұқтаждарыңыз жайында бар дауыспен әрі ашық айта аласыздар... Совет өкіметі еңбекші мұсылман халқының мұң-мұқтажына қалтқысыз құлақ асады... Бірақ біздің жауларымыз Совет Республикасы бейбіт еңбекке кірісіп, тыныштыққа, бақытқа, еңбекке толы өмір сүруін жақтырмайды... Біздің жауларымыздың отірігі мен жаласына сенбеңіздер. Ұлттық және діни айырмашылықтарына қарамастан, барлық еңбекшілерді өз маңына топтастырған совет өкіметін бекем қорғаңыздар. Жұмысты бірлесе істеп, бақыт пен еңбекке толы жаңа өмір үшін батыл күресіңіздер».

Бейтаныс өлкенің қым-қуыт жағдайына тереңдеп араласқан сайын, Фурманов өзіне деген сенімсіздік, қастан шүбәланушылық барын солғұрлым айқын сезе түсті; совет мекемелеріне кіріп алған жаулар Фурмановты және совет өкіметіне берілген басқа да қызметкерлерді халықтан шеттетуге тырысып бақты. Бірде Фурманов қаланың комендантына әлдекалай кіре қалса, ол өз бөлмесіне әдемі киінген бір қазақтарды жинап алып, құпия жиналыс өткізіп жатыр екен. Фурмановты көргенде бәрі де үнсіз бола қалады, ал комендант оны тезірек шығарып жіберуге тырысады. Облыстық революциялық комитет председателінің кабинетінде де кейде Фурмановты осылай қарсы алатын.

Фурманов Қытайдан қайткан боскындарды орналастыру жөніндегі комиссияның жұмысын тексеріп қарайды. Ол комиссияны жасырын жау, буржуазияшыл ұлтшыл, дәулетті байдың баласы Жанұзаков басқаратын.

Жат жерде жоқшылық көріп, азап шеккен, жүдеп-жадаған сан мың боскын туған елге қайтып оралды. Комиссия оларды совет өкіметі бөлген азық-түлікпен, ақшамен қамтамасыз етуге, олардың орналасуына көмектесуге тиіс еді. Бірақ қайтып келгендердің барлығына бірден жер беру киын болды. Кулактардан жерді тартып алғанда басқа, адал еңбеккерлер зәбір көріп қалмауын ескеру керек болды.

Боскындардың жоқшылық халін пайдаланып, Жанұзаков олардың арасында контрреволюциялық үгіт таратты, өңін бояп, оларды Совет республикасына қарсы шығуға айдап салды. Үкіметтің жәрдемін ол бейнебір өз қаржысындай етіп үлестірді. «Совет өкіметі қазақтарды қайтсін, оларға жер де бермейді», – деп сыбыс таратты бұл оңбаған.

Жанұзаковтың өзіне берілген адамдар аркылы қаружарақ жинап, совет қызметкерлеріне қастық әзірлеп жүргені мәлім болды. Бұдан әрі аялдаудың жөні жок еді. Фурманов Жанұзаковтың басқесерлерін құрту керек деген бекем шешімге келді. Көп кешікпей арамза жау әшкереленіп, тұткынға алынды. Бірақ оның сыбайластары зиянкестік жұмысты жүргізе берді. Жанұзаков алдап-арбаған мұсылмандардың арасында толку күшейді. Казармаларда қазақтар карулы көтеріліс дайындап жатыр деген сыбыс тарады. Бұл сыбыстар қызыл әскерлердің ызасын өршітті.

Майдың аяғында қалада революциялық трибунал мен дивизияның Ерекше бөліміне сес білдірген жасырын хаттар, арандатушылық жарнамалар таралды. Әлдекім актың офицерлерін түрмеден босатып жіберіпті. Опасыздық жасалғандығы жайлы сыбыс бүкіл қалаға жайылды. Верныйда күн санап жағдай шиеленісе түсті. Фурманов, оның жолдастары және дивизияның командованиесі шұғыл шаралар қолданды. Коммунистердің ерекше ротасын құрды, штаб қасына пулеметтер орналастырып қойды. Сәл сылтау табылса-ақ болды, бүліншілік өрті лап еткелі тұрғаны сезілді. Майданның революциялық әскери советінің бірнеше Жетісу полкын басмашылармен күресу үшін Ферғанаға жөнелту туралы бұйрығы дәл осындай сылтау болып кетті.

Ең алдымен 27-ші аткыштар полкының құрама батальоны бүйірыкка бойсұнудан бас тартты. 1920 жылдың 21 июніне қараған түнде бүлікшілер казармалардан шығып, бекіністі басып алды. Көрші селолар мен деревнялардан кулактар жалма-жан ағыла бастады. Бүлікшіл батальонға басқа әскери бөлімдер де қосылып жатты. Сөйтіп әп-сәтте бекініске бес мыңдай бүлікші жиналып қалды. Бүлікшілер бекіністегі койманы талап, мың жарым адамға қару берді.

Кулактар мен сұркиялар бастаған осы бес мың кісілік бүлікші тобырға ержүрек, қайсар коммунистердің азғантай тобы ғана қарсы тұрды. Түннің бір уағында олар Фурмановтардың бөлмесіне жиналды. Қауіп-катер сағат санап орши берді. Енді не істеу қажеттігін шешу керек болды. Таң арасымен өтіп, жақын селоға барып, ондағы сенімді әскери бөлімдерді ертіп алып қалаға қайтып оралуға әлі де кеш емес еді. Бірақ бұл өз өміріңді құтқаруға бола өкіметті бүлікшілердің колына беріп коюмен бара-бар еді. Бүліншілік оршіп, бүкіл облыска таралуы, сөйтіп өзара қырғын соғыска айналып кетуі де ықтимал.

Өз парызынан айнымас коммунистер басқа шешім қабылдады. Олар қалада қала берді. Әрине, олар бүлікті қару күшімен басамыз деп ойлаған жоқ. Мыңдаған тобырға қарсы жиырма адам не бітірмек? Бірақ оларда басқа күш – коммунистік идеяның күші, сенімнің күші бар еді. Фурманов бастаған жиырма ержүрек коммунист осы күшті бүлікшіл гарнизонға қарсы қоймақ болды. Таң ата олар Ташкентпен тікелей байланыс жасады. Майдан командашысы Фрунзе жәрдем жіберуге уәде етті. Дәл қазір жәрдемге үміт арту киын болса да – Ташкентпен екі ара жүздеген шақырым жер еді – Революциялық әскери советпен сөйлесуі коммунистерге қуат беріп, олардың ерлігін шыңдай түсті.

Күндіз штабқа бүлікшілердің өкілдері келді. Оларды әдейі ұзақ ұстап, орағыта сұрақтар коя отырып, Фурманов бекіністегі жағдайды және бүлікшілердің күші қандай екенін біліп алды. Ештеңеге келісе алмай, бүліктің басшылары кетіп қалды. Ертеңіне өмірін тәуекелге тігіп, Фурманов бірнеше жолдастарымен бекініске жетіп барды. Ол бүлікшілерді ақылға келтіріп көрмек, қызыл әскер бұқарасын бүліншілік басшыларының ықпалынан босатып алмақ, олардың қандай катерлі жолға түскенін түсіндірмек болған еді. Бүліншіліктің

баскесер басшылары мұндай батыл қадам күтпеген болатын. Олар келгендердің қаруын алды, бірақ Фурмановтың қызыл әскерлерді шақырыңдар деген талабынан бас тарта алмады. Сөз сөйлемек болып, штабтың өкілі Мамелюк жолдаспен бірге арбаға қарай бара жатып, өзін қоршаған жандардың жауыздықпен түнерген жүздеріне қадала қарағанда не жайлы ойлады ол? Бәлкім, сонау бір жақта, революцияның алғашқы кезінде Васильевскоеде өзін қоршап алған кулактардың жүздерін, оларға қарсы тайсалмай күреске түскен карт большевикті есіне түсірген болар ма?.. Немесе, әлде, оның есіне Фрунзенің өзін қанға бояп өлтірмек болған жиналысқа еш күзетсіз нағыз ерлерше келіп, құтырған есіріктерді коммунистің мұқалмас қажырымен жеңіп шыққаны туралы әңгіме түсті ме екен?

Фурманов арба үстінде қарусыз тұр, ал айналасы – құтырына анталаған тобыр. Мұнда бүлікшіл бөлімдердің солдаттары мен боскын қазақтар да, көрші станицалардың кулактары мен ақ казақтар тып-типыл етіп кеткен уездің шаруалары да, базардан аптығып жеткен саудагерлер де, түрмеден шыққан қылмыстылар да бар. Көпшілігінің совет өкіметіне деген өз есептері бар: бірі үйінен тағы да әкетіп, басмашылармен соғысу үшін майданға жіберуге разы емес, енді бірі астығын азық-түлік отряды жарлылар үшін алып қойғанына ызалы, үшіншісі революциялық трибунал қатал үкім шығарғаны үшін қастасқан; мынаған уақытында аяқ киім беріп, тамақтандырмаған, ананың жерін боскындарға алып берген; қайсыбірі совет өкіметін жалпы жек көреді, енді біреулерін кулактардың үгіті жолдан тайдырған.

Есірген, ызалы жүздерге қадала қарағанда Фурманов өзіне ажал қатері төнгенін, басшылары ым қақса болғаны, мынау надан тобыр өзін езгілеп, жаныштап, азаптап тастайтынын ойлаған жоқ. Жоқ! Бұқараның жауыққан көңіл күйін сейілту үшін, тулаған сокыр күшті большевиктің қажымас жігеріне бас идіру үшін ол өз сенімінің бар қуатын, революциялық қызметінің тәжірибесін, жүрек жалынын бойына жинап алды. Ол нағыз коммунисше ешбір қобалжусыз, үрейленусіз, сенімді де нық сөйлеуге тиіс. Ол сөз сөйлеуге және сонымен бірге тобырдың, әсіресе арбаның жанына үймелеп, жақын келіп тұрғандардың әрбір қозғалысын әрдайым калт еткізбей бағып тұруға тиіс. Ол дәл қазір жұртты қатты толғандыратын

нәрсені ашық та батыл айтуға, сонымен бірге бұл жұмысшы жиналысы емес, бүлікшіл тобыр екенін естен шығармауға тиіс. Ал егер ол сол тобырды өз еркіне көндіре алмаса ше, оны дұрыс жолға алдап-арбаған кулактарға қарсы күреске бет бұрғыза алмаса ше? Ал егер кулактардың басшылары мынау қараңғы тобырды бұның өзіне қарсы айдап салса ше? Мейлі. Ол арбаға қалай секіріп шыкса, одан қайта түсіп кетуге оның ерлігі жетеді. Мылтықтың дүмімен ұрғылап, жұдырыкка жығып, соккыға ұшыратып жатса да, ол нағыз адамша, коммунисше ажалға каская карсы бара алады.

Дмитрий Андреевич қатар тұрған Мамелюктің сазарған өңіне қарап, көзіне көзі түсіп кеткенде, оның большевикше жігерін бойына жинап тұрғанын байқап қалды. Фурманов сөйлей бастады. Ол бар даусымен, нық, сабырлы сөйледі. Айғай-ұйғай, у-шу аздап басыла бастады. Халық нің тірескен алаңда көп кешікпей тыныштық орнады. Фурманов өз сөзі әсер етіп жатканын, қызыл әскерлер бұқарасы демдерін ішіне тартып тыңдап тұрғанын байқады. Жұрттың көңіл күйі өзгере бастады. Ол сөзін қызыл әскерлерге – алданып қалған совет адамдарына арнады. Ол күні кеше Қызыл Армия ақ поляктардан Киевті азат еткенін хабарлағанда, көп ішінде козғалыс туып, қол шапалақталып кетті.

Көпшіліктің көңіл күйін тек жалғыз Фурманов қана бағып тұрған жоқ еді. Бүлікшіл бекіністің басшылары да жұрт көнілінің өзгере бастағанын байқап қалды. Кенеттен солардың бірі Фурмановты итеріп жіберді де, қалада карулы казактар жүр, бекініске карай броневиктер келе жатыр, қаруға жүгіріңдер деп айқай салды. Жұрт жүгіріп жан-жакка тарай бастады. Митинг үзіліп қалды.

Фурманов бүлікшілер штабының үйіне келгесін ешкандай броневик жоктығын, мұндай жалған сыбысты әдейі таратканын білді. Күтпеген жерден Фурманов пен оның жолдастарын тұткынға алды. «Қызыл әскерлер осыны талап етеді!» – деп касакана келемеждеді бүлікшілердің бас кесерлерінің бірі Чеусов. Фурмановтарды ішінде бұрыннан да бірнеше кісі бар дымқыл түрмеге енгізді. Сырттан тобырдың гуілі, мастардың үні естіледі. Неғайбыл хал еңсені езіп барады. Жаза сәт сайын такалып қалғандай. Жолдастарымен әлдене жайында үздік-үздік асығыс тіл катысты да, Дмитрий Андреевич аяқ киімін шешіп тастап, терезенің түбіндегі

тақтай үстіне келіп отырды. Ол қалтасынан бүлікшілердің басшыларымен жүргізген келіссөздің протоколын алды. Осы бір аласапыран күндердің оқиғасын қайтадан есіне түсіріп, өз ойын бір арнаға құйғысы келді оның. Протоколдың сыртына ол былай деп жазды:

«Анненковтың бандаларымен айқастың бар ауыртпалығын бастан кешірген жауынгерлерді расында да ақ гвардияшылар деп атауға болмайды ғой. Чеусовтың бізді қызыл әскерлердің талап етуімен тұткынға алды дегеніне кім сенер?

Бұқараның бізді тұткындауға келісім бергеніне сенбеймін мен. Олар ештеңе де білмейді... Стол жанында тұрып, өзімнің тұткындалатынымды естігенде ішкі дүниемде әлдене шоршып селк етіп, үзіліп түскендей болды. Бір сәттен кейін бойымды жинап алып, сабырлы күйге ауыстым, тек жүрегім ғана түсініксіз бір аурумен қақсап езіліп жүре берді. Енді мынау қамауда жатқанда да ол қақсауын қояр емес. Сәт санап әлденені күткендеймін... Терезе сыртынан жұрт шуылы естілсе, әлдекім есікті сабалап, мылтықтың серіппесін қайырса болды, секем алып, әлденені күтемін; нені күтем – оны да білмеймін, сірә, атымды атап шақырып алып, апарар да, атып тастар, ал міне...»

Бекіністегі билікті басып алған ақ гвардияшыл қаракшы бандалардан бәрін де – масқаралап қорлауды, зорлықты, ұрып-соғуды да күтуге болатын. Бұл әсіресе арбаның үстінде тұрғанда ықтимал еді. Ал қазір мұнда олай емес. Бірақ мұнда да жазадан қауіптенуге болатын еді...

«Бірақ менің сөзімді ұйып тыңдаған қызыл әскерлер– жау емес. Нағыз дұшпандар – Чеусовтар, Петровтар, Караваевтар! – деп жазды ол одан әрі өз ойын.–... Мейлі, ата берсін, тек бірден... Ажалды кобалжымай, сабырлы күтіп алармын деп ойлаймын...»

Штабта қалған жолдастардың, Анна Никитичнаның тағдыры туралы ой оны әсіресе қатты азаптады.

«...Егер мені атып тастаса, Анна Никитична қалай өмір сүрмек... Ол мені күтіп, қазір де сарылып отырған шығар. Ол мені тұткынға алуы мүмкін екенін біледі ғой, ал тұткынға алған соң... Жоқ, аулақ, аулақ кетіңдер, қаралы ойлар. Жазып болдым. Енді ойым серги...» Қарындашы сынып қалды да, Фурманов жазуын амалсыз доғарды.

Қараңғылық коюлана түсті. Терезе түбінен күзетшінің жүргені естіледі. Кенет есік салдыр-гүлдір ашылды да, әлдекім:

– Фурманов осында ма? – деп дөкір үнмен айқайлады.

«Атуға апаратын шығар!» – деген ой сап ете түсті Дмитрий Андреевичке. Сәл бөгеліп қалса да, ол жауап қатты:

– Осында.

– Шық! – деп бұйырды жаңағы дауыс.

– Мен жалаң аяқпын,– деді де, Фурманов есік алдындағы күбір-күбір таласқа құлақ асты.

– Мейлі, жалаң аяқ болсаң да шық...

Фурманов мұны айтып тұрған мас кісі екенін анық сезді.

Дмитрий Андреевич тез жинала бастады. Қоштаспақ болып жолдастарына қолын соза берген ол кенеттен: «Бармаймын!» – деген ойға бекінді. Ол өзінің соңынан бүлікшілердің штабынан біреу келуін талап етті. Бейтаныс мас адамдармен бірге бармайды ол. Кіреберісте әлдеқандай бір күбір-күбір үндер естілді. Күзетші есікті жапты. Камераны үрейлі тыныштық жайлады. Фурманов әрлі-берлі жүр. Бекіністе не болып жатқанын түсіну қиын. Қорқынышты түн болды. Есік тағы ашылып, камераға біреу кіргенде таң да атып қалып еді.

– Фурманов жолдас!.. Жолдастар!..– Дмитрий Андреевнч дивизия штабы қызметкерлерінің бірі Муратовтың даусын таныды. Көп кешікпей босайсыздар... Қазір сіздерге кісі келеді... Асығып-саспай шыға беріңіздер!

Расында да, Муратовтан кейін бірнеше қарулы қызыл әскер келіп, тұтқындарды комендатураға алып барды. Мұнда бір мәжіліс жүріп жатыр екен. Бөлме іші темекінің будақтаған көк түтіні, ұрысқан масаң дауыстар, әлдекім лас еденде ұйықтап жатыр. Чсусов сол баяғы кекесін күлкімен, Фурмановқа:

– Түсінбестік болыпты... Сіз кешіріңіз... Мәжіліске қатысыңыз...– деді.

Артынан білсе, Фурманов пен оның жолдастарын тұтқындауды қызыл әскерлер өкілдері құптамапты да, бүліншілік басшыларының оларды босатуына тура келіпті.

Бірақ түрмеден босап шыққанмен, олар қауіп-қатерді ойламады, бекіністен кетуге асықпады. Дмитрий Андреевич дивизия штабына телефон соғып, өздерінің босап шыққанын

және күресті онан әрі жүргізіп жатқандарын хабарлады. Олар штабқа түннің бір уағында ғана қайтып оралды. Сөйтсе, тікелей хабарласқанда Фурмановтың тұтқынға алынғанын естіген соң, майдан командашысы дивизияның начальнигіне штабтағы басқа коммунистермен бірге қаладан шығып кетуге, сөйтіп болысуға бара жатқан әскерлермен қосылуға рұқсат етіпті. Бірақ коммунистер қалада қала беруге бекінген. Сонан кейін оны Фрунзе де қостапты.

Бүлікшілермен кескілескен күрес жеті күнге созылды. Дмитрий Фурмановтың «Бүліншілік» атты документтік романында осы айбарлы аптаның оқиғалары егжей-тегжейіне, әр күні, әр сағатына дейін зор көркемдік қуатпен бейнеленген. Отанға берілген, өз парызынан айнымас бір топ батыр коммунистердің ерлігі мен шыдамдылығы, олардың батыл да ойлы революциялық қызметі ақыр аяғында жеңіске жеткізді. 19 июньде кешкісін совет өкіметіне адал берілген атты әскер полкы қалаға кірді. Сөйтіп, бүліншілік бір ок атылмастан басылды.

20 июньде 3-ші Түркістан аткыштар дивизиясының Әскери советінің председателі Д.А.Фурманов өзінің бұйрығында былай деп жазды:

«...Қызыл Армияның совет өкіметін қорғауға бекем бел байлаған полктары Верный қаласын алды. Гарнизонның ереуіл жасаған бөлігі қару-жарақтан ада болды. Қызыл әскерлерді алдап адастырған адамдар соғыс уақытының сотына беріледі.

Арандатушылар, басбұзарлар және контрреволюционерлер аяусыз жазаланады. Ал гарнизонның алданып калған адамдарына олардың қатты адасқаны түсіндіріледі».

Сол күні кешкісін Фурманов Ташкентпен тікелей сөйлесіп, бүліншіліктің жойылғаны туралы баян етті. Майданның Революциялық әскери советінің мүшесі Валериан Владимирович Куйбышев бұл хабарды тыңдап алды да, оған былай деді:

– Орайы келіп тұрғанда айтарым. Революциялық әскери совет сіздің жұмысыңызды құптады. Сол оқиғалардың бүкіл барысында біз сіздің жігерлілігіңіз бен тапқырлығыңызды риза болып бақылап отырдық.

ҚЫЗЫЛ ТУ ОРДЕНІ

«Доңғалақ астында су бұлқына шуылдап, көпіршік атып жатыр...

Айлы жарық түн, жаудың біздерді алақандағыдан анық көруі мүмкін еді. Өйткені бәріміз де баржаның үстіндеміз, жағадан бізді жайратып салудың еш қиындығы жоқ. Үнсіз-түнсіз жүзіп келеміз. Тек анда-санда ғана тіл қатысып қоямыз, онда да әйтеуір сөйлеу үшін емес, тыныс түннің сиқырын езген окшау меңіреулігін үнмен бұзғысы келсе да үзу үшін сөйтеміз. Теңселіп, сыбдыр қаққан қамыстың ішіне үніліп қарағымыз келеді, бірақ ол жақтың бәрі тұтастаса қарауытқан түнгі елестер. Біздің әркайсымыз да соғыстың талай әлденеше рет болғанбыз, талайымыз алғы шепте болып, шабуылға да шыққан. Бірақ ең батыл дегендердің өздерінің де зеңбіректен жауған ок астында жүріп те, дәл осы түндегідей қорқынышты халге түскен жокпыз деседі. Тан ата өзен үстіне, жағалауға калың тұман түсті, біз 30-40 кадам жерде, жағаға жетіп тоқтаған алдыңғы кемелеріміз бен баржаларымызды әрең көрдік...

Аткыштар шебі канатын жайып алды, атты әскер сапка тұрды, батарея салдыр-гүлдір етіп сонымызда жүріп отырды, біз станицаға бет алдық...» Дмитрий Андреевич жазғанын кайталап окып шықты да, басын көтеріп алып, тың тыңдады: августың тынык түнінде алыста анда-санда атылған мылтык даусы, күзетшілердің баяу үндері естіледі. Ол Славянская станицасындағы казак үйінің кең бөлмесінде стол жанында отыр. Осыдан аз уакыт кана бұрын, 1920 жылы августың орта тұсында, Фурмановты IX Кубань армиясының карамағына жіберетін болды да, ол Түркістаннан Екатеринодарға келді. Бұдан бір апта бұрын Дмитрий Андреевичті штабка шакырған еді. Бұл күндерде Кубаньда әжептәуір окиғалар болып жатты. Қырымда тас-талқаны шыккан Деникин армиясының калдыктарын жинап алып, ак гвардияшыл генерал Врангель Украина мен Донбасқа катер төндірді. Оны американ банкирлері, ағылшын және француз империалистері колдады. Бай, астыкты Кубаньды басып алмак болып және Кубань казактары өзімнің жағыма шығады

деп дәмеленіп, Врангель генерал Улагай бастаған таңдаулы офицер бөлімдерін Азов теңізінің жағалауына төкті. Содан кейін ақтар Екатеринодарға жақындап, Кубань облысының ішіне қарай сұғына кірді. Улагайдың штабы Проток өзенінің бойында, Ново-Нижестеблиевская станицасында орналасты. Қызыл Армия бөлімдері Улагай әскерлеріне қарсы аттандырылды. Сонымен бірге ақтардың шегінер жолын кесіп тастау үшін олардың ту сыртынан шабуыл жасауға да ұйғарылды. Штабтағы мәжілісте Фурмановка десанттың комиссары болуды ұсынды. Десанттың алдына Кубань және Проток өзендерін бойлап, Ново-Нижестеблиевскаядағы жау тылына дейін барып, ақ гвардиялық штабты талқандау міндеті қойылды. Бұл шабуыл қаншалықты жауапты да қатерлі екенін Фурманов жақсы түсінді. Жау күшінің дәл қанша екені мәлімсіз, сірә, найза ұстаған бірнеше мың адам болса керек. Ал қызыл десанттың құрамында бір жарым мың ерікті жұмысшылар мен атты эскадрон ғана бар еді. Шабуылдың сәттілігі оның тұтқиылдығына байланысты еді, сондықтан да оны мейлінше құпия сақтау керек болды. Ақтардың тылында десанттың көзге түсуі де, оны жаудың құртып жіберуі де қиын емес-ті. Бірақ Фурманов ойланып жатпастан-ақ штабтың ұсынысын қабыл алды:

– Егер жағдай талап етсе, егер партия талап етсе, мен қандай іске болса да әзірмін.

...«Ақтардың тылында» деген жаңа ғана жазылып біткен очеркін қайталап оқып шықты да, Дмитрий Андреевич шағын хабарына сыймай қалған жәйттерді: кішкентай кемелер мен баржаларға жұрттың лезде тиеліп алғанын, офицер киімін киген атты шолғыншының жағаға бірінші болып шыққанын және жолшыбай ақтардың күзетшілерін жайратып, сақтықпен ілгері жылжығанын еске алды. Ал содан кейін таң алдында қалың тұманды жамылып бүкіл десант өзен жиегіне шықты да, ұйықтап жатқан станицаға қарай бет алды. Қызыл жаяу әскер найзаласқан соғыста тұтқиылдан тиіп тойтарып салды. Тез біткен шайқаста жаудың мың адамы тұтқынға алынып, көптеген нәрселер қолға түсті. Бірақ өз штабының тас-талқан болғанын білген соң, жиырма шақырым жердегі Улагай бөлімдері кейін қарай, Ново-Нижестеблиевская станицасына бет алып жылжи бастады. Қызыл десант ақтардың өзінен басым күшіне күн

ұзаққа төтеп берлі. Түнге қарай ақыры Қызыл Армияны атты әскер бригадасы да жетті. Ол жауды тура алдынан қысты. Сол шақта десант тағы да шабуылға көтерілді.

«...Дәл түн ортасы кезінде, алаулаған өрттің жарығында алай-түлей атыс басталды, – деп, Дмитрий Андреевич очеркінің соңғы жолдарын жазды.– Пулеметтер тарсылдап, зеңбіректер гүрсілдеп қоя берді. Түнгі тыныштықты «уралаған» қатты айқайлар жаңғырықтырып жіберді. Шіркеу жанында жасырынып тұрған біздің атты эскадрон үрейлене қашқан жауды жайратып салу үшін түре қуды. Станица ақтардан тазартылды...»

Негізгі міндет орындалды: Улагайдың бөлімдері қиратылды. Бірақ аман қалған ақ гвардияшылардың Азов теңізіне өтіп, кемеге отырып алып, Қырымға қарай қашып кетуіне мүмкіндік беруге болмайтын еді. Су кешіп жүріп, жау оңай жасырынып қалатын қалың камыс арасында, тайыз көлдерде, батпақты жерлерде соғысуға тура келді. Қара Ерек өзенінің бойында қызыл бөлімдер шегініп бара жатқан жауды қуып жетті. Түнде, нөсер жаңбыр құйып тұрғанда Қызыл Армияның тұрақты бөлімдері мен десанттың жауынгерлері қайыққа тиеліп, өзеннің ар жағына өтті де, шабуылға шықты. Осы түнгі шайқаста десанттың комиссары Фурманов шабуылға шыққан шепте болды. Осының алдында ол аяғынан жараланған еді. Сөйтсе де ол қатардан қалмай, ауырсынғанына қарамастан, жауынгерлерді шайқасқа бастай берді. Бұйрық бойынша майдан участогын Қызыл Армияның тұрақты бөлімдеріне тапсырды да, Фурманов Екатеринодарға қайтып оралды. Дмитрий Андреевичтің туған-туыскандарынан хат-хабар алмағанына көп болған еді. Азамат соғысы Фурмановтардың семьясын елдің әр түкпіріне айырып жіберді. Аркадий Андреевич Самарада қызметте, Сергей 3-ші Кавказ дивизиясында, Софья Андреевна Орынборда, қарындастары Настя мен сыркат Лиза онтүстіктің бір жерінде. Шешесі де солармен бірге тұрады. Солардың бәрінің бастары қашан қосылар екен?

Дмитрий Андреевич шешесін көп ойлайды. Оны көрмегеніне бір жылдай болып қалды. Түркістанға жүрер алдында Анна Никитичнамен бірге Иваново-Вознесенскіге бірнеше күнге келіп кеткен. Содан бері көрген жоқ. Сол кезде-ақ катты картайып кеткен шешесі одан қарындастарының

камын ойлай жүруді тапсырды. Баласы оның мейірімді, жүдеу өңіне уайым шеге қарады. Ол шешесінің ажалы жақын-ау дегенді ойына алмауға тырысты. Бірақ сол бір ойдан ол құтыла алған да жоқ.

... Міне, оның алдында туыстарынан өзі жоқта Анна Никитична алған хат жатыр. Сыртында Лизаның қолымен жазылған таныс жазу бар, конвертті ол түйткілденіп ашты. Жабырқаңқы көңіл күйі алдамапты: қарындастары шешесінің күтпеген жерден қаза тапқанын хабарлаған екен. Хат ұзақ жүріп келген, Евдокия Васильевна августа қайтыс болыпты. Сентябрьдің аяғында Фурманов IX армияның саяси бөлімінің бастығы болып тағайындалды.

1920 жылдың осы күзгі айларында ол әдеби еңбекке көп уақытын бөлді: очерктер, мақалалар, хабарлар жазды. «Ақтардың тылында», «Қара Еректе» атты екі очеркі мен «Бақылау пункты» деген суреттемесін ол қызыл десанттың, Улагай бандаларына қарсы шабуылына арнады. Бұл сол бір оқиғалар туралы шағын, тұжырымды және шынайы әңгіме еді. Жазушы алғашқы түннің еңсені баскан үрейлілігі мен жауынгерлерді бойын билеп алған шабытты жігерді суреттей алды. Енді ол бұдан гөрі үлкенірек мақсат көздеді– «Қызыл десант» атты повесть жазбақ болды. Ол ерлік оқиғалар жайлы баяндап қана қоймай, оған қатысушыларды көрсетуді, сол бір ержүрек, ізгі жандарды өзі қалай көріп, есінде қалай сақтаса, оқушылар да оларды дәл солай танып, естерінде сақтайтындай етіп суреттеуді ойлады. Жаңа ғана болып откен шайқастарға қатысушылар: ашық сұлу жүзді, он сегіз жасар әріп теруші комсомолец Танька; жайшылықтағы мейірімді, дөңгелек көздері соғыста ұшқын шашып, сұсты болып кететін, жорықта жүріп желқақты болып, күнге күйген, аласа бойлы, мығым денелі матрос Леонтий Щеткин; жүйткітіп жүретін салт атты – бұйра бас Танчук; көкірек ауруына шалдыққан, бірақ жігері жасымаған Коцюбенко; өмірге өзгеше мәз болып, масайрап жүретін, сұңғақ бойлы, етжеңді, әлуетті Чобот – барлығы да есіне түсті. Бұл айларда Фурмановтың өмірінде маңызды оқиға болды: қызыл десанттың жауынгерлік шабуылдарына қатысқаны және қызыл әскерлер мен командалық құрамды жігерлендіріп рухтандырғаны үшін ол Қызыл Ту орденіне наградаға ұсынылды.

Сегізінші тарау

БЕЙБІТ ЕҢБЕКТЕ

1920 жылдың 22 декабрі. Қар басқан, ызғарлы Москва. Сол күні ұлы халықтың өкілдері, Советтердің Бүкілроссиялық VIII съезінің делегаттары – жұмысшылар, шаруалар, әскери адамдар, партия қызметкерлері, ғалымдар үлкен театрдың от жағылмаған салқын залына толассыз таскынмен ағылып жатты. Олар мұнда Совет республикасының барлық түкпірінен – таяуда ғана азат болған Қырымнан, советтік Сібірден, қызыл Түркістаннан, Украинадан, Белоруссиядан, Петроградтан, Бакуден, Самарадан, Юзовкадан, Тула мен Иваново-Вознесенскіден келді. Тон, қынама пальто, шинель, былғары күрте киген адамдар у-шу болып партерге жайғасып отырып жатыр.

IX Кубань армиясының делегаты Дмитрий Андреевич Фурманов салтанатпен безелген осы бір үлкен залға қуанышты сезіммен енді. Міне, ол тағы да Москваға келді. Революция жылдарында ұлы қала танығысыз болып қалай өзгеріп кеткен десеңші! Жаңа өмір, жаңа адамдар! Бұл жылдары Фурмановтың өзі де өзгерді. Азамат соғысының дауылдарынан өткен осынау ержүрек адам бір кезде Москва университетінің әлжуаз студенті болды деп кім айтар! Ал оның өзі ше? 1916 жылы Москвадан кетіп бара жатып, ол талай жылдан кейін осында қайтып келіп, Совет елінің таңдаулы адамдарының қатарынан орын аламын деп ойлай алып па еді! Осынау айбарлы да ғажайып жылдарда оның өмірінде нешеме оқиғалар болып өтті! Иваново-Вознесенскідегі қызмет, Фрунземен кездесу, партияға кіру, Чапаевпен жауынгерлік достық. Колчакқа қарсы шайқастар, Верныйдағы бүліншілік, Улагайды талқандау. Фурмановтың ойын сатыр-сұтыр қол шапалақтау бөліп жіберді. Делегаттар мен қонақтар президиумға келген Ленин мен оның жауынгер серіктеріне түрегеліп тұрып жаңғырықтыра қол соқты. Председательдің қоңырауды қайта-қайта қаққанына қарамастан, залдағылар үсті-үстіне қол соға берді, лық толы театрдың партерінде, ложасында, ярустарында отырғандардың барлығы толассыз «уралап», «Жасасын Ленин жолдас!» – деп бар дауыспен көтере ұран тастады.

Владимир Ильич мінбеге келді. Қолында «РСФСР-ді электрлендіру жоспары» атты қалың кітап. Зал бірте-бірте сабасына түсе бастады. Ленин Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы баяндамасын жасауға кірісті. Сол бір сәтте Фурманов миллиондаған адамдардың өмірін, социалистік Ұлы Октябрь революциясының жолы мен мақсаттарын шұғылалы нұрмен айқындап берген осынау шабытты сөзден басқа дүниеде ештене барын сезген де, ойлаған да жоқ. Лениннің совет өкіметінің бейбітшілік жолындағы күресі, Қызыл Армияның ғажайып батырлығы туралы сөздерін Фурманов тебірене отырып тыңдады:

«Қызыл Армия тарихының өте тамаша жерлерінің бірі – Қызыл Армияның Врангельді толығынан, ада-жұда және тамаша тез жеңіп шыққандығы болды. Сөйтіп, ақ гвардияшылар мен империалистердің бізге таңған соғысы жойылды. Енді біз өзімізге жақын істі, қажетті істі және бізді көптен бері-ақ өзіне тартып келген істі, шаруашылық құрылысы ісін анағұрлым үлкен сеніммен берік түрде... қолға ала аламыз...»

Коммунистік құрылыс үшін, барлық еңбекшілердің болашағы үшін электрлендірудің қандай маңызы бар екендігі туралы Лениннің:

«Коммунизм дегеніміз – Совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру» – деген тарихи сөздерін басқа делегаттармен бірге Фурманов та дәл сол данкты күні тұңғыш рет естіді.

Үзіліс кезінде Фурманов алыстан Фрунзені көрді. Ол Иваново-Вознесенскілік делегаттардың арасында әлдене жайлы дауыстап сөйлеп тұр екен. Қоршай тұрғандардың бәрі Михаил Васильевичті оның Врангельді тас-талқан етіп жеңгені үшін наградаға алған революциялық құрметті қаруымен құттықтап жатты. Съезден сәл уақыт бұрын Фрунзе Украина мен Қырымның қарулы күштерінің командашысы болып тағайындалған-ды. Фурмановпен амандасқаннан кейін Фрунзе оған өзімен бірге ала кететіндігін айтты. Бірақ Фрунзеге әбден үйір болып қалғандығына, оның қарамағында қызмет істеуге құштар екендігіне қарамастан, Фурманов бұл ұсынысты қабыл ала алмады. Бір мәжілістен кейінгі үзілісте ол Михаил Васильевичті шыға берісте күтіп алды да, қазір ақ гвардияшылар мен басқыншылардың басты-басты күштері қиратылып болған шақта өзінің әдеби

қызметпен шұғылданғысы келетінін оған қысыла тұрып түсіндіріп берді. Сол кезде ол қызыл десант туралы повесть және «Коммунизм үшін» атты драма жазбақ болып ойланып жүрген-ді.

– Шығарманың жалпы ұзын-ырғасы маған айқын, – деп Фурманов шабыттана сөйлеп кетті.– Кейіпкерлері бар, бағдары мен мағынасы ойластырылған, кейбір жекелеген көріністері көз алдымда тұр...

Михаил Васильевичке өзінің болашақ шығармасының мазмұнын айтып берді де, Дмитрий Андреевич қандай болса да бір әскери газетке қызметке ауысқысы келетіндігін білдірді.

– Қайтеміз онда! Сіздің дегеніңіз болсын, – деді Фрунзе Фурмановпен қоштасып тұрып. Съезден Екатеринодарға қайтып оралғаннан кейін, Дмитрий Андреевич әдеби еңбекпен беріле шұғылданды. Ол азамат соғысы жылдарында бастан кешіргенінің, ойланып-толғанғанының, көргенінің бәрін көркем бейнелерге түсіруге тырысты.

1921 жылдың қысы шабытты творчестволық еңбекпен өтті. Бұл уақыт ішінде Фурманов «Коммунизм үшін» атты үш актілі драмасының өңделмеген алғашқы нұсқасын бітірді, «Тоғышардың жазбалары» деген әңгімесін жазды.

Қолы бос сәттерде Фурманов ақтарға қарсы шабуылдар жайлы ескі ақпарларды зер сала қайталап оқыды. Сөйтіп жүріп ол жолын жау кесіп тастаған Тамань армиясының жорығы туралы документке тап болды. Осынау батырлық эпопеяның елестері оған қатты әсер етті. Аңызақ ашқан, аштық қалжыраткан, нашар қаруланған таманьдықтар өкшелей қуған қасақы жаумен қаша ұрыс сала отырып, өздерінің семьяларымен бірге Қара теңіздің жартасты жағалауын бойлап бес жүз километр жол жүрген. Адам айтқысыз жоқшылықтар мен құрбандықтарға ұшыраса да, олар ақтардың әскерін жарып өтіп, Қызыл Армияның негізгі күштеріне келіп қосылады. Дмитрий Андреевич таманьдықтардың жорығы жайлы материал жинай бастады. Осынау атышулы көктей асудың қайғылы бір эпизодын ол сол кезде өзінің «Тасты жағалауды бойлап» деген көркем суреттемесінде бейнеледі. Өзі соншалықты көп арман еткен әдеби еңбекпен шұғылданып жүргеніне Фурманов мейлінше разы болды. Халықтың ерлік күресі туралы

баяндайтын шығармалар жасау оған енді аса маңызды міндет болып көрінді. Саяси бөлімде қызмет істей жүріп, ол халық бұқарасын тәрбиелеуде көркем сөздің аса зор рөл атқаратынын білді. Қызыл әскерлер Демьян Бедныйдың өлеңдері мен такпактарын әндетіп айтып жүретін, оның көптеген мысалдарын және жас совет акындарының революциялық өлеңдерін жатка білетін. Тверь көшесіндегі үлкен магазиннің жаймасындағы «Роста әйнектерін» – Владимир Маяковскийдің өлеңдері жазылған сатиралық уытты плакаттарды москвалыктардың ұзак уакыт бойы карап тұратыны да оның есінде. Александр Серафимовичтің «Правдада» жарияланған очерктері мен әңгімелерін жауынгерлердің құмарлана тыңдайтынын да талай байқаған-ды. Сол майдан суреттемелерінің кейіпкерлерінен олар өздерін және жолдастарын – қарапайым совет адамдарын танып білетін.

Бірақ революцияшыл жаңа әдебиеттің шығармалары әлі де аз болатын. Фурманов азамат соғысы туралы очерктері мен әңгімелерінің де окушының акыл-ойына, жүрегіне дәл солай жол табуын, өзінің көркем шындығымен оны дәл солай тебірентуін қалады. Әрдайым өзіне көп талап коятын Дмитрий Андреевич халыктың ерлік күресінің ғажайып көріністерін шынайы суреттей алу үшін, әлі де көп еңбек сіңіру керектігін саналы түрде ұғынды. Жаңа кітап жазсам деген ой оны барған сайын бекем баурай түсті. Ол күнделігіне былай деп жазып койды:

«Азамат соғысының тарихынан үлкен нәрсе жазуға даярланып жүрмін. Газет және журнал материалдарын іріктеп койдым... Егер шағын әңгімелер жаза қалсам да, бір нысана көздермін: оларды жеке-жеке бөлімдер ретінде жинактаймын да, соңынан үлкен роман беремін».

Марттың аяғында Фурмановты Тифлиске XI армияның саяси бөлімінің бастығы етіп ауыстыру туралы шешім келді. Тифлисте апрель айының жаймашуак күндері. Аскар таулар, көгілдір киырлар, көбік шашып, тулай аккан Кура өзені, ежелгі қаланың тас төселген көшелері, кене Метех сарайы, көңілді әралуан жұрт – осының бәрі Дмитрий Андреевич пен Анна Никитичнаның есіне екеуінің жаны үйлесіп, достасуының алғашқы айларын түсірді. Қаланың бейнесі мүлдем өзгеріп кеткен. Меньшевиктер мен буржуазияшыл ұлтшылдардың

халыққа жат, контрреволюцияшыл өкіметінен таяуда ғана азат болған Грузия астанасы бақытты, азат өмірдің құшағына енген. Көшелерде грузин буржуазиясы мен аксүйектерінің шоғырланып жүретін топтары енді жоқ, еш қамсыз, селеңдеп жүретін еркектер мен бойын күтіп, сыланған әйелдер сирек ұшырасады. Енді көшелерде қызыл әскерлер отрядтарын – орыстарды, грузиндерді, украиндықтарды жиі кездестіресің. Өз Отанының мәңгі-баки қожаларына айналған жұмысшылар сабырлы да ықбасып өтіп жатыр. Қаладағы ең тәуір үйлер балалар бақшаларына, клубтарға, мекемелерге алынып берілген. Бұрынғы байлардың оқшау оңаша үйлерінен балалар қол ұстаса шығып серуенге кетіп бара жатқанын көріп, Фурманов сәл аялдап күлімсіреп қарап тұрды. Дмитрий Андреевич Тифлисте онша ұзақ емес, бірнеше ай бойы ғана болды. Бірақ ол редактор болып істеген «Красный воин» газеті сол аз уақыттың ішінде әлдекайда жандырақ, тереңірек, айқынырақ бола түсті. Оқушылармен тығыз байланыссыз газет жақсы жұмыс істей алмайтындығын Фурманов анық білетін-ді. «Красный воин» газетінде ол жауынгерлерге, командирлерге және армияның саяси қызметкерлеріне үндеу жариялап, оларды жұмыстағы кемшіліктерді батылырақ ашуға, өздерінің мұң-мұқтажы жайлы газетке жазып тұруға шақырды. Қызыл әскерлер тілшілері мен әскери қабырға газеттер редакторларының мәжілісінде ол әскери баспасөздің міндеттері туралы айтып берді. Редакцияға хаттар жүздеп түсе бастады. Фурманов солардың бәрін де оқып, бірде-бірін жауапсыз қалдырмайтын. Сол бір ойындағысын бүкпей, түсінікті етіп жазылған хаттардан табыстар да, сәтсіздіктер де айқын көрінетін, күреске толы жанды өмір елес беретін.

«Жолдас, сен Екатеринбург губерниясында, өзіңнің туған селоң Лемевскоеде Атқару комитетке қанышпезер кулактар кіріп алғанын жазыпсың,– деп хабарлады газет бетінде Фурманов қызыләскер Холмогоровка. – Одан әрі сен сол жексұрын кулактар лауға көлік бөлгенде ауыртпалықтың бәрін кедейлерге салғанын, ал өздерін және бай туыскандарын қызғыштай қорғап, үйлерінде қалдыруға тырысқанын баян етесің. Ақыр аяғында сен мейлінше ауыр, аянышты мысал келтіресің, яғни сол кулактар қызыл әскер әйелі Маринаны, өзінің де, туған-туыскандарының да наукастанып қалғанына

қарамастан, он күнге көлікпен бірге лауға айдап жібергенін айтасың.

Біліп қой, жолдас, біз бұл істі аяқсыз қалдырмаймыз және сенің хатыңды жұмысшы-шаруа инспекциясы арқылы тура Екатеринбург губерниясына жібереміз. Істің өзін сонда тексереді және қызыл әскерлердің әйелдерін осындай халге душар еткен кулактардың жонынан қайыс алады. Мұндай оңбағандықты кешіруге болмайды. Қызыл Армия қатарында он сегізінші жылдан бері боска шайқасып жүрмегенің көрініп тұр және өзің партияда жоқ болсаң да, нағыз коммунисше ойланып-толғанатының хатыңнан анық аңғарылады. Егер тағы да кемшіліктер, қылмысты істер барын байқасаң – ашық айт, жасқанба: өзіңнің жұмысшы-шаруа мемлекетіңде сені қоркытар ешкім жоқ. Совет өкіметі әркашанда саған қол ұшын беретінін ұмытпа және қылмысты әшкерелеп ашқанда сен бұл өкіметті әлсіретпейтініңді, қайта нығайта түсетініңді есіннен шығарма».

Верныйдағы дивизиялық газеттегі сияқты, Тифлистегі «Красный воин» газетінде де Фурмановтың мақалалары күнде дерлік жарияланатын. Ол ел өмірімдегі және шетелдердегі аса маңызды оқиғалардың барлығына да үн қосып, қызыләскерлерге олардың мағынасын карапайым түрде әрі ұғынықты етіп түсіндіріп отыратын. Екатеринодарда бастаған «Қызыл десант» повесін Фурманов Тифлисте де жаза жүрді. Азамат соғысы жайлы көлемді шығарма жасауды да ол ойдан шығарған жоқ. Үйде, ара-тұра қолы босаған сәттерде Дмитрий Андреевич өзінің ескі майдан жазбаларын, жарияланған очерктерін қайталап оқып, документтер жинап, оларды жүйелеп жүретін. Оның қайтсе де Москваға ауысқысы келді. Съезд кезінде өзі көрген Москва, революция мен революциялық ойдың орталығы, жаңа советтік мәдениеттің тоғысқан арнасы болған Москва, кайнаған әдеби өмірі бар Москва оны өзіне еліктіре тартты. Сонда әдеби қуатымды жүзеге асыра алармын, жазушы болармын деп ойлады ол.

«Москваға... өмір тынысына мәңгі толы... балғын Москваға... Ұлы ұстаздың ұраны естіліп, бұқараны күреске шақырып жар салатын жакка! – деп жазып қойды Фурманов өзінің күнделігіне. Москваға ауысатындығы туралы хабарды алғаннан кейін.– Сөздері 1917 жылдың өзінде-ақ

жүрегіме ұялаған қадірлі ұстаздың жанында болғым келеді менің. Октябрь күндерінде өздерін өшпес даңққа бөлеген жұмысшылардың арасында болғым келеді менің. Тезірек, тезірек жетсем сол жаққа...»

Тоғызыншы тарау

МОСКВАДА

Арбат пен Кропоткин көшесінің арасында Нащокинский деген шолақ көше бар. Сондағы 14-үйге 1921 жылдың жазында Фурмановтар көшіп келді. Москваға келген соң, Дмитрий Андреевич республикалық Жоғарғы Әскери-редакциялық советте, «Военная мысль и революция» журналының редакциясында істеді. Бірақ көп кешікпей Фурмановты Қызыл Армия қатарынан босатты да, өз өтініші бойынша оны партияның Орталық Комитеті толық жоғары білім алып шығуы үшін Москва университетінің қоғамдық ғылымдар факультетіне жіберді. Әдеби Москва Фурмановты дуылдаған айтыстарымен, поэзияға арналған шулы кештерімен, көптеген өлеңдер жинақтарымен қарсы алды. Алексей Максимович Горькийдің жақын араласуымен шығып тұрған советтің «Красная новь» атты тұңғыш «қалың» әдеби журналын Дмитрий Андреевич құштарлана ақтарып оқыды. Ол жас жазушы Всеволод Ивановтың Сібір партизандары туралы повесін де еліге оқып шықты. Повестің жазылу мәнеріне қарап Дмитрий Андреевич оны өзі сияқты, соны ойларға, жаркын әсерлерге, ғажайып, тебіреністерге толы адам жазғанын білді. Владимир Маяковский поэзиясының әлуетті күші мен шабытты революциялық пафосын ол әлдеқашан, майданда жүргенде-ақ сүйіп, жоғары бағалайтын еді, оның ақынды жақыннан көргісі келді. Баспасөз үйінде Маяковскийдің «Мистерия-буфф» пьесасының төңірегінде қызу талас болғанда, Дмитрий Андреевич оның даусын тұңғыш рет естіді. Ұзын бойлы, кең иықты ақынның әлуетті бейнесі, зор қуатқа толы өзгеше күшті даусы, сенімді нық сарыны, уытты өткір юморы оны таңғалдырды. Қызу айтыска зор даусы күрілдеп Маяковский араласып кеткенде, тіпті қабырғалар да дірілдейтін тәрізді көрінді Фурмановқа.

Бірнеше күн өткеннен кейін ол Анна Никитичнамен бірге «Мистерия-буфф» спектаклін көрді. Қатысушы кейіпкерлердің әсем, тіпті сурет тәрізді бейнелері, пьесаның дөп тиетін өлең сөзі мейлінше жақсы еді. Спектакльдің кейбір жерлері Дмитрий Андреевичке ұнаған жоқ. Бірақ пьесаның күнбе-күнгілік маңыздылығы, оның революциялық өткір сатирасы оны қатты қызықтырды.

– Байқаймын, жұрт боска таласып жүрген жоқ екен,– үйге қайтып келе жатқанда Анна Никитичнаға өз ойын білдіре келіп ол осылай деді.– Бұл арқылы театрда мүлдем жаңа өріс басталады. Авторлық ой қандай әлуетті, құлашы қандай кең десеңші! Неткен жаңалық, шалқар кеңдік, батылдық!

Фурманов өлеңді қатты ұнататын. Жас совет поэзиясының алғашқы табыстарын терең зер сала қадағалап отырды. Кітап дүкендерінен енді өлеңдер жинағын жиі-жиі таңдап алатын болды. Солардың ішінде есімдерін ол майданда жүргенде естіген жаңа пролетар ақындарының да өлеңдері болушы еді. Дмитрий Андреевич оқыған өлеңдерінен сол уақыттағы уақиғаларға шынайы үн қосып отырған революциялық сергек сезімталдық, батыл ақындық ой табуға тырысты. Бірақ оның назарын жекелеген өлеңдер, жекелеген шумақтар аударды. Көбінесе образдары өмірден шалғай, сөздері арзан да жасанды болып келетін бұл өлеңдер өздерінің ырғағы жағынан Фурмановтың есіне декаденттердің ескі өлеңдерін әкеліп түсіретін. Ол жер астынан тік шығып, поэзияға жармасқан «данышпандар» мен еріккен біреулердің жинақсымақтарын ашуға булығып, ызалана оқитын болды. «Жұлдыздың добы», «Таңғы шарапхана», «Жұлдызды өгіз» деп келетін және осыған ұқсас даурықпа, дөрекі атаулар оның ызасын әсіресе қатты келтіретін. Осындай ғаламат оқиғаларға толы, тамаша заманда сөз бен дыбыстың мағынасыз ойнақылығына салынуға, сол ұсақ-түйек әдебиетшілердің мардымсыздығын, олардың халыққа деген жасырын жаулығын ыспаттайтын сезімдер мен көңіл күйлерін мадақтауға бола ма деп назаланды ол. 1922 жылдың басында Дмитрий Андреевич осы арзан поэзияға қарсы бағытталған «Солған гүл» деген өткір мақаласын жариялады.

«Біздің алдымызда әдеби ағымдардың шоқ гүлі: неоклассиктер, неоромантиктер, символистер, неоакмеистер, футуристер, имажимистер, экспрессионистер, презан-

нистер, эклектиктер және ничевоктар,– деп жазды ол өзінің мақаласында.– ...Біз әдебиетке өмірдің бейнесі ретінде қарауға дағдыландық; біз әдеби шығармалардағы сөздер мен бейнелердің астарында тамаша адамдардың, сонымен бірге солардың өздерін тудырған, тәрбиелеген және шырынымен нәрлендірген қоғамды толғандырған идеялар мен сыр-сезімдер барын көруге дағдыландық. Біз әдеби шығармалардан қуатты ұрандар, батыл толғаныстар, жарқын үміттер және жеңіске деген шексіз сенім күтуге дағдыландық!

... Соны сөз, ерекше оралымдар қуалаушылық, лептілікке және әсіре қызылдыққа құштарлық осы қымқуыт топсымақтардың көпшілігінің айрықша сипаты болып отыр... Жүрек айнытарлық әрі үміт үздірерлік. Және осының бәрі дәл қазір, ой мен бояу, бейнелер соншалықты молайған шақта орын алып отыр. Жанды өмірден қол үзу, күрестен бойын аулақ салу дегендері– сол ақындарды өздерін туғызған ескі қоғам кеткен жерге бастайтыны, яғни көрге тығып тынатыны сөзсіз. Жаңа жауынгерлік көркемөнердің өзі әлі аяғынан қаз тұрып кете қойған жоқ, бірақ онда ескі құрып бара жатқан ағымдар мен мектептердің орнын басатын қуатты күш бары айқын сезіледі».

Фурманов өзінің негізгі міндетін енді «жаңа жауынгерлік көркемөнерді» – совет көркем әдебиетін жасауға белсене араласуда деп білді. Жаңа адамның мінезі шыңдалып, суарылған азамат соғысының батырлық шайқастары, Коммунистік партияның жетекшілігімен революция жеңістерін қорғауға көтерілген сан миллион совет халқы, жаңа қоғамдық қатынастар, жаңа коммунистік мораль – міне, Фурмановты баурап алған идеялар, тақырыптар, бейнелер осындай еді. Ол нағыз совет жазушысы үшін ең маңыздысы осылар деп білді. Совет әдебиеті ең алдымен батырлық заманды бейнелеуге тиіс. Жазушы өмірді қадағалап зерттеуге тиіс. Азамат соғысының оқиғалары оған қатынасушылардың есінен әлі шыққан жоқ, көп нәрселер әлі ұмытылған жоқ, сондықтан документтерді, фактілерді, естеліктерді жинау керек деп ойлады ол. Фурмановпен тығыз байланыс жасап тұрған Иваново-Вознесенскінің губерниялық партия комитеті оның ұсынысы бойынша Әскери-тарихи комиссия құрды. Оны Дмитрий Андреевич басқарды. Ол

кезде азамат соғысының көптеген майдандарынан Иваново тоқымашылары туған қаласына қайтып оралып жатқан-ды. Фурманов бірнеше мақала жариялап, онда азаматтарды тарихи документтері мен естеліктерін комиссияға жіберуге шақырды. Ол мақалаларының бірін «Тарихи материалды есте сақтаңыздар!» деп атады.

Бірде Дмитрий Андреевич үйіне Истпарт[1] таяуда ғана бастырып шығарған бір кітапты ала келді. Большевиктік баспасөз тарихының лениндік шындықтың жеңімпаз қуатына толы әсерлі беттерін ол кешкісін бас алмастан оқыды.

– Япыр-ай, мына қара,– «Правда» мен «Звезданың» кітапқа көшіріліп басылған жерлерін дауыстап оқи отырып, ол әйеліне осылай деді.– Міне, 1912-1914 жылдарда революциялық өрлеу болған екен. Осы дәуірді екі газет бар дауыспен жар салды, жұмысшылар бас көтеріп, ұлы күндерді бастан кешірді... Ол кезде мен студент едім. Газеттер туралы да, партиялар туралы да, кобалжулар туралы да ештеңе, тіпті де ештеңе білген жоқпын. Онша ақмақ кісі болмаған тәріздімін... Бірақ сол нағыз өмір қайтіп қана, қалайша маған сокпай, жанап өткенін түсінбеймін? Менің достарым да ештеңе білмеген, ештеңе ұғынбаған...– Дмитрий Андреевич сәл ойланды да, содан кейін тағы қынжыла сөйлеп кетті:

– Айналаның бәрі қайнап тасып, дауыл болғалы жатыпты, ал мен ештеңені де көрмеппін. Ивановоға үйге қайтып келсем, онда тағы да мещандар, «Русское слово», «Ивановский листок», ал жолдастарымның бәрі – еріккендер мен сабылғандар. Жақсы сөз естірлік те, өнеге аларлық та ешкім болмады. Ал мен болсам бала күнімнен бастап, өмір бойы өз жанымнан ішкі қарсылық, езушілерге наразылық, азаттыққа ұмтылушылық, кедейлерге сүйіспеншілік сезетін едім. Революционерге айналып кетерлік қасиеттер болған, бірақ іс жүзінде тоғышар, мещанин болып өмір сүріппін. Көзімді көлегейлеген жамылғы тек революция күндерінде ғана түсті...

Фурманов Екатеринодарда бастаған «Қызыл десант» повесін жазумен беріле шұғылданды. Кейбір эпизодтарын ол бірнеше рет қайталап өңдеді, кейіпкерлерінің портреттерін

1 Истпарт – Коммунистік партия мен Октябрь революциясы тарихының материалдарын жинап, өңдеп, бастыру үшін 1920 жылы құрылған комиссия.

жаңадан жазды, диалогтардан жанды адам үндері естілуі үшін, ал қызыл әскерлер тобынан жекелеген, жанды адамдар ларалаиып көрінуі үшін дәл келетін, дөп тиетін сөздер іздеді.

Ақыры повесть аяқталды. Ол 1922 жылдың апрелінде Иваново-Вознесенскінің «Рабочий край» газетінің беттерінде жарияланды. Ал бірнеше айдан кейін бұл повесть– совет көркем прозасының тұңғыш шығармаларының бірі Москваның «Пролетарская революция» журналында басылды.

«Мен «Қызыл десантты» оқығанымда, – деп жазды кейінірек Александр Серафимович,– көз алдыма оңтүстіктің мақпал қара түні елестеді, қамыс сыбдыр каккандай, қараңғылыққа көмілген баржалармен бірге жасырын жылжып бара жатқан құпия ажал елес бергендей болды. Жұрт жаудың тылына қарай, тереңдеп үнгіп, көпе-көрінеу ажалға – аяушылық таппас жаққа жүзіп бара жаткандай. Кенет кеудемді қуаныш кернеді. «Ия, бұл нағыз суреткер ғой!» Дмитрий Андреевич очерктерін жаза жүрді. Бірақ енді оларда оқиғалардың суреттемесі, сипаттамасы ғана емес, сонымен бірге сол оқиғаларға қатысушы адамдардың бейнесі де бар еді. Солардың сыр-сезімдерін, нағыз өзіндік үндерін беруге тырысты ол. Фурмановтың 1917 жылы жазған «Октябрь қарсаңында» және «Ұмытылмас күндер» атты очерктері сол жылы Иваново-Вознесенскіде тұтанған революциялық оқиғалар жайлы әсерлі әңгімелер болып шықты.

«Публицистикалық мақалаларға тосаңсып қалдым...– деп жазды ол күнделігінде, – бар назарымды көркем творчествоға аударды... Композициялық және техникалық мәселелерді қорытудан, психологиялық сәттерді ойлап толғанудан басым бір босамайды... Сөйтіп, байқампаздық арта түсті: шатырдан сырғып түскен қарды көрсем де, оны дереу басқа бір құбылысқа үйлестіріп ала коятын болдым; Арбаттан саудагер әйелдердің айқайлап жатқанын естісем – құлақ асып, тыңдай қоям, қызық жерлерін есімде сақтаймын, ал үйге келгесін жазып қоямын... Әйтеуір көркем творчестводан бас алар емеспін...»

Ол жазда Фурманов аз жазды. Сырттай қарағанда ол ештеңе істемейтін тәрізді көрінетін. Бірақ шынтуайттап келгенде, Дмитрий Андреевичтің творчестволық санасында

қиын да күрделі даярлық жұмысы жүріп жатты, өзі әрдайым арман ететін үлкен кітаптың негізгі ойы толыса түсті.

Бірде дачадан қайтып келе жатқанда, Фурманов достарымен станцияға қарай орманның ішімен жүріп өтеді. Жолшыбай ол серіктерінен қалып қойып, ойға батып жалғыз өзі көп жүреді. Поезда келе жатып терезенің түбінде тұрып, Дмитрий Андреевич әсерленіп былай дейді:

– Орман ішінде келе жатып әртарап ойға шомдым, бір сәт Чапаев жайлы повесть ойыма сап ете түсті. Әртүрлі көріністер елестеп, типтер қалыптасып, жекелеген тараулар белгі беріп келеді. Бір тараудан соң бір тарау қиналмай, еркін туады. Москваға келісімен Фурманов Нащокин шолақ көшесіндегі үйіне жетуге асықты. Келе салысымен материалдар жинаған папкасына, күнделігі мен жазбаларына бас салды.

– Бұл керемет бай материал ғой! –деді ол әйеліне әсерлене сөйлеп. Документтерді, бұйрық-нұсқауларды, сарғайып кеткен әскери карталарды аударыстыра қарады.– Оны тек өңдеу, жинақтау керек. Бұл менің ең тұңғыш көлемді повесім болады. Оны әдемі етіп жасау керек. Мейлі бір жыл кетсін, екі жыл кетсін, бірақ оны қайткен күнде де әдемі етіп жасау керек...

Фурманов үшін қарбалас, қызу шақ басталды. Өз бөлмесіндегі жазу столының басында ол талай сағат бойына отырады, болашақ кітабының жоспарын жасайды, жекелеген тарауларына:

«Дала», «Командашыда», «Александров-Гай», «Чапаев», «Дос сыры», «Жаралы батыр», «Орал жазықтарын бойлап, теңізге қарай» деп ат қояды... Бірақ жоспар өзгеріп, бір тараулар түсіп қалып, орнын жаңа тараулар басып жатты. Дмитрий Андреевич кейін тарауларға және эпизодтарға айналатын көріністердің тізімін былайша құрады: «Мәжіліс– еркін жанның жайғасып шай ішуі», «Дем алуға аялдаған полктың көріністері», «Соқыр, ақсақ қызыл әскерлер полктен кетпей қалып қойды», «Соғыс комиссары кірсе, Чапаев партияның программасын оқып отыр екен, қасында Петька мен Яшка үнсіз тұр».

«Шайқас алдында қызыл әскерлермен өткізілетін әңгімені «Коммунизм үшін» пьесасынан алу керек»,– деп жазып қойды ол ұмытып кетпеу үшін. Оның көз алдында Чапаев дивизиясының жауынгерлері мен командирлерінің

тұлғалары елестеді. Ол кітабына соларға қоятын аттарды ойлап тауып, жеке беттерге шағын сипаттамалар жазып қойды: «Злыка – эскадрон командирі (Митяев) – қуақы, елгезек», «Протопопов (Потапов) – қасарыспа, бірақ каскөй емес, алғашқы қадам және айтылар сөз – сенімсіздік», «Чума (Чеков) – көк езу, Чапаевка ұқсауға тырысып, ылғи соның сөздерін қайталайды», «Кирька – өткір тілді, әзілкой, әнші».

Ол әсіресе Чапаевтың өзі туралы сипаттаманы көп жазды: «Қара таныққаннан кейін, Ганнибалдың, Разиннің, Гарибальдидің, Пугачевтың, Ермак Тимофеевичтің бейнелеріне қатты еліктеді», «Чапаев – білімге құштарлық, бәрін білсем деген ансау...», «Коминтерн туралы, орта шаруалар туралы айтыс...»

Дмитрий Андреевич сонымен бірге Чапаевтың команда бергендегі ұшқыр фразаларын, көп қолданатын сөздерін еске алды: «Сломихаға жасалатын шабуылды талқылау. Чапаевтың қатал, өктем сөзі: «Не айтсам да – тыңдайсыңдар!» Әрдайым ақыл-кеңес беріп отырады: «Сақ дайындалыңдар, тез бас салыңдар, батыл найзалаңдар. Шегінбеңдер. Тұтқиылдан тию – ұлы іс», «Әруақыт жеңіске жетем деген сенім болсын – әйтпесе шабуылға шықпай-ақ қой», «Жауды жек көр, онымен көп сөйлесіп езіп тұра берме, әйтпесе өзіңді өлтіреді», «Кісінің ойлы болып, өз жігерін қадам басқан сайын көрсетіп отырғанын ұнатам – солай болуға керек те!»

Фурманов жоспарға қайта оралып, тарауларға арналған көріністер мен эпизодтардың ұзын-ырғасын қайтадан қарап, солардың бәрін және қатысушыларды егжей-тегжейіне дейін көз алдына елестетті және ішінен кейіпкерлердің сипаттарын көрсетуге болатындарын таңдап алды. Бұрын ол күнделігіне оқиғаларды, адамдар жайлы байқауларын, өз бағалауларын, сыр-сезімдерін жазып қоятын. Енді ол кітапты қалай жазып жатқаны туралы, оның жасалу процесі туралы ойларын жазатын болды:

«Тұлғалар бой көрсетіп, композиция жік-жігімен ашыла түседі,–деп жазды ол 1922 жылдың августында,– егер бір болмашы көрініс елес берсе, ұтырлы сөз тауып алсам немесе газет хабары есіме түссе – бәрін де қосып қоям; достарым мен таныстарымды еске аламын, қастерлеймін және кейбіреулерін аркау – тип етіп қоямын; сөйтіп негізгі сипат айқын, ал оған әрекетті, қызметті, өрісті жағдайда және

повестің өрбуіне карай беремін. Творчестволық процесс барысында көп нәрселер өзінен-өзі туады, оған менің онша көп сәуегейлікке салына беруімнің керегі жок кой деп ойлаймын».

Дмитрий Андреевич өзінің авторлық ойына біржолата берілді. Басқа ештене жайында ойлай алған жок.

– Төсектен бас көтерсем болды, Чапаев жайлы ойлаймын,– деді ол достарына, – жатсам тағы да ойыма сол түседі; егер шұғыл бірдене алаң қылып әкетпесе, отырсам да, жүрсем де, жатсам да ылғи тек соны, бір соны ғана ойлаймын. Әбігер жұмыс күнінен соң немесе әдеби жиналыс пен айтыстан кейін үйге қайтып келгесін, Дмитрий Андреевич күрделі творчестволық мәселелерді шешіп, түннің бір уағына дейін отырып қалатын. Енді ол күн сайын солай ететін болды.

– Егер 25-ші дивизияның бастығын, тарихи болған адам – Чапайдың өзін алсам ше? – деп ішкі ойын дауыстап айтып қояды ол. Өзі дамыл таппай, әрлі-берлі жүріп кетеді.– Егер уақытын, қалалар мен селоларды шын күйінде алсам, онда басқа біреуге, айталық, Фрунзеге псевдоним берудің не мәні болмақ? Кім білмейді? Бәлкім, тек оны емес, басқаларды да біліп қояр... Солай ма? Бірақ онда бұл көркем нәрсе, повесть емес, қызықты, бірақ тарихи баяндау болып шықпақ... Әйтпесе кейбір даталар мен мысалдарды алсам, бірақ өз жайыма кеңінен тоқталмасам?.. Тіпті Чапайды да басқаша етіп, өзгертіп алсам, нақтылы болған адамдардың есімдері керегі жок кой, мұның өзі колды байламай, киялдың шарықтауына мүмкіндік берер еді. Ол өз ойын Анна Никитичнаға айтты, достарымен және таныс әдебиетшілерімен ақылдасты. Кейбіреулері кітап дәл тарихи баяндау болмауға тиіс десті. Осы ой Фурмановтың өзіне де тонның ішкі бауындай еді.

Басқалардан гөрі оны әсіресе Чапаев көп ойға қалдырып, көп қобалжытты. Қалай суреттеу керек оны? Шынайылығы үшін Фурмановтың өзі жоғары бағалаған азамат соғысы жайлы очерктері мен әңгімелерінде негізгі кейіпкерлер көбінесе жаркын суреттелетін, бірақ олардың қалткысыз ерлік пен батылдықтан басқа адамшылық сипаттары жок тәрізді болып көрінуші еді. Чапаевты осындай мінсіз кейіпкер етіп суреттеу оңай еді. Бірақ бұл дұрыс па? Онда образ жанды да шынайы болар ма? Фурманов осы ойға

әруақыт оралып отырды да, ақыр аяғында күнделігіне былай деп жазып қойды.

«Чапайды ұсақ-түйек сыпаттарымен, адамға тән осалдықтарымен беру керек пе, әлде әдеттегідей, жарқын, бірақ көп реттерде ішкі дүниесі онша көп байқала бермейтін қияли тұлға етіп беру керек пе? Алғашқысына көбірек ден қоямын». Болашақ кітаптың жоспары толысып болған тәрізді еді. Бірақ Дмитрий Андреевич оны жазуға жуыр маңда кірісе қоймады. Күйеуінің халін түсінген Анна Никитична оған сұрақ беріп, мазасын алғысы келмеді. Ол повестің алғашқы беттерін Дмитрий Андреевичтің өзі-ақ оқып беретінін біліп, соны шыдамдылықпен күтті. Оның сол ойын бейне тап басып аңғарғандай, Фурманов ұяла күлімсіреді де, өзін-өзі ақтаған тәрізді болып былай деді:

– Жазуға әлі кіріскен жоқпын, Ная! Материал дегенің тау болып жатыр. Түсінермісің, қайсысын алам, қайсысын қалдырам деп материалмен болып жатырмын.– Одан әрі қалжыңдап мынаны айтты: – Керемет бір жақсы ойлар билеп алды. Даярланып жатырмын...

Оныншы тарау

ТҰҢҒЫШ КІТАП

Фурманов енді әдеби айтыстарға ерекше ықыласпен барып жүрді және жаңа әдебиетті зер сала қадағалап отырды. Ол журналдардан А.М.Горькийдің соңғы мақалаларын тауып алып, оның Лев Толстой туралы естеліктерін қайта-қайта оқыды. Дмитрий Андреевичтің столының үстінде жуықта ғана шыққан «150 000 000» поэмасы да жатыр еді. Кітаптың сыртына автордың аты-жөні жазылмағанмен, поэмадағы бейнелерден және әсіресе Вудро Вильсон мен басқа да американ империалистерінің сатиралық күйде қалай суреттелгеніне қарап отырып, Маяковский қаламының ізін әркім-ақ айтпай танитындай еді. «Роста әйнектеріндегі» ызалы өлеңдер мен суреттерден кейін Маяковский сатирасы газет беттеріне көшті. Ол енді тоң мойындарды тіл тартқызбай түйрейтін болды. Маяковскийдің «Мәжіліскорлар» атты сатиралық өлеңін Владимир

Ильич Ленин өзінің бір сөзінде қуаттап қолдағаны жайлы газет хабарын Фурманов қуана оқып шықты. Жаңа көркем шығармалардың ішінен халықтың ұлы да айбарлы күресін ешбір боямасыз, шыншылдықпен суреттеген советтік тұңғыш әңгімелер мен повестерді Фурманов бірден жоғары бағалады.

А.С.Серафимовичтің азамат соғысы жылдарындағы очерктері мен әңгімелерінің басы қосылып шыққан кітабын оқып отырып, Дмитрий Андреевич солардың «Правда» беттерінде тұңғыш рет жарияланғанын еске алды. Александр Малышкин, Всеволод Иванов, Борис Лавренов, Леонид Леонов – осылардың бәрі революцияға дейін белгісіз жазушылардың есімдері болатын. Горький, Маяковский, Демьян Бедныймен бірге олар совет әдебиетін жасасты. Өмір көріністерін реалистік түрде, шынайы бейнелеуге талпынған жас жазушылар оқиғаларға және адамдардың іс-әрекеттеріне күресіп жатқан халықтың көзімен қарады, оларды революциялық ой тұрғысынан алып бағалады. Жаңа әзірге әлсіз болғанмен, құруға айналған ескімен кескілескен күресте сөзсіз жеңіп шығатынын көрсетті олар. Көтеріліс жасаушы коммунистердің жасырын ұйымының жанкиярлық күресі халықтың жеңісіне ұйытқы болды; сан жағынан анағұрлым басым шетелдік баскыншыларға қарсы шайқаска түскен шағын ғана партизан отряды Қызыл Армияның жеңілмес полктарына айналды; деревнядағы кулактардың зорлық-зомбылығына қарсы шыққан азын-аулақ жарлы-жалшылар халық өкіметінің қуатты күшіне ұласты. Егер жазушы өмірді терең барлап көрсе, оның қай бағытта дамып бара жатқанын дұрыс ұғынса, ненің күні бітуге тақалып, ненің қайтсе де жеңетінін білсе, онда ол өмір суретіне ең маңызды нәрсені жинақтай алмақ, өз творчествосында шын мәнісіндегі типтік әрі тән нәрсені көрсетпек, оның шығармасы өз шындығымен ұйытпақ.

Алғашқы кездерде совет жазушылары барлығын бірдей игеріп кете алған жоқ. Олардың кейбірі революция кейіпкерін–көтерілген халықты жұмысшылар мен шаруалардың тұтасқан тобы етіп суреттеді. Оның ішінен жекелеген жандарды ажыратып алу мүмкін емес еді. Тұңғыш совет жазушыларының кейбіреулері халық көтерілісінің қуатты серпініне елігіп, халықтың ыза-кегінің айбарлы стихиясын

көп қызықтады, революцияның мәні мен мағынасы сонда деп жаңсақ түсінді. Дмитрий Андреевич сұрапыл дауылды, жол атаулыны басып қалған қарлы боранды, аяқты аспаннан келтіріп алып ұратын долы желді жаңа шығармалардан әрдайым ұшыратып жүрді және жазушылардың құтырған мылқау күш көріністерін революция оқиғаларын суреттеумен байланыстыратынын, сөйтіп оның бейнебір стихиялық сипатын баса көрсетуге тырысатынын байқады. Сөйтіп, қайсыбір жазушылар социалистік Ұлы Октябрь революциясын осылайша жаңсақ ұғынды. Шаруа-партизан жайсаңдығының қызықты көріністеріне құлай беріліп, олар қаланы, жұмысшыларды шындықтағы күйінде алмай, екінші қатарда алып суреттеді.

Фурманов әдеби студиялардың бірінің жиналысына қатынасты. Онда Всеволод Иванов өзінің «Бронепоезд 14-69» атты повесін оқыды. Үйінде Дмитрий Андреевич оны қайталап оқып шықты. Сөйтсе, алғашқы алған әсері рас екен. Ия, бұл бір нағыз әсерлі шығарма, революция туралы зор шындық еді! Неткен жандар, неткен рухани тазалық!.. Ал Син Бин-у деген қытай ше? Тірі адам сияқты, оны өмір бойы ұмытармысың. Немесе «Ленин» деген сөзді айтқанша партизандардың тұтқын американ солдатымен тіл тауып, ұғыныса алмағаны суреттелетін көрініс ше. Ал қала, жұмысшылар неге шеттетіліп көрсетілген? Коммунист Пеклеванов та, сірә, өмірде мүлдем басқа адам болған шығар. Азамат соғысында жұмысшы табы қандай рөл атқарғанын, партияның партизаншылдыққа қарсы тұрып, халық қозғалысына қатынасқан әрбір адам революцияның саналы да тәртіпті жауынгері болып шығуы үшін қалай жан салып күрескенін өзге-өзге емес, Фурманов жақсы біледі.

Оқиғалардың мәнін дұрыс түсіну және әдебиетте әлі ешкім бейнелемеген жаңа революциялық шындықты шынайы суреттеу жас жазушылар үшін қиынға соғатынын, жаңа қаһарманның әлі ешкім жасамаған образын жасау оңай еместігін ол анық ұғынды. Тұңғыш совет жазушыларына жаңа әдебиеттің жасырын және ашық жауларына қарсы аяусыз күрес жүргізуге тура келді. Бүкіл елдегі сияқты, әдебиет майданында да өткір таптық күрес жүргізіліп жатты. Коммунистік партияның жәрдемі арқылы совет жазушылары сол бір жылдары әдебиетте әжептәуір көрнекті орынға ие

болып алған буржуазияшыл әдебиетшілерге қарсы күресті. Сондай әдебиетшілердің кейбіреулері көркемөнердегі ең маңызды нәрсе – форма, жазушы белгілі бір әдеби тәсілдерді игеруге: сюжет, диалог құра білуге, жаңа сөз тіркестерін таба білуге тиіс, ал идея, өмірді білу, оған деген қатынас– мұның бәрі маңызды нәрсе емес деп тұжырымдады. «Формалистер» – оларды осылай деп атайтын – классик жазушыларға жала жауып, нағыз көркем шығармадан ешқандай идея таба алмайсың, суреткердің халық күресімен ешбір ісі болмайды-мыс, көркем әдебиет кімді болсын тәрбиелеуге ұмтылмайды-мыс деп дәлелдеуге тырысты. Бұл зиянды сандырақты тыңдағанда совет жазушыларының Пушкин, Некрасов, Лев Толстой, Максим Горький сияқты ұлы ұстаздары болмаған екен, Лермонтовтың, Гогольдің, Щедриннің, Чеховтың өлмес-өшпес туындылары тумаған екен, Белинский, Чернышевский, Добролюбов әдебиет жайлы өздерінің шабытты мақалаларын жазбаған екен деп ойлауға болатын еді...

Жалған ғылыми фразаларды жамылғы ете отырып, «формалистердің» күресіп жатқан халықты нағыз, шынайы көркемөнер сияқты зор күш-қуаттан қол үздіруге тырысатыны айқын болды. Халыққа жат, буржуазияны жақтайтын адамдар ғана осындай зиянды көзқарастарды уағыздай алды. Буржуазияшыл әдебиетшілердің енді біреулері революцияға деген өздерінің өшпенділігін тіпті жасырмады да. Олар жұмысшылар мен шаруаларды киратумен өш қайтаруға құныққан, басбұзар, қаранғы адамдар етіп суреттеді. Олар Отанын қорғап, аяусыз күресте жаңа өмір құрып жатқан халыққа әдейі жала жапты. Олар коммунистерді тері күрте киген рақымсыз комиссарлар, жүрек дегенді білмейтін фанатиктер етіп жалақорлықпен суреттеді.

Астананың әдеби өмірімен неғұрлым жақын танысқан сайын, бұл майдандағы күрес Фурмановты солғұрлым еліктіре түсті және ол совет жазушыларының жауынгерлік міндеттерін де айқынырақ түсінді. Айтыс үстінде еске алынған әлдекандай бір сорақы әңгімеге қатты ызаланған Дмитрий Андреевич баспасөз үйінен қайтып келісімен, ой-пікірлерін жаңа достарына, өзі сияқты жаңа жаза бастаған совет жазушыларына шабыттана айтып беретін. Сол эстеттер мен ақ гвардияшыл жандайшаптарға революция

туралы шынайы романмен жауап беретін, біздің айнымас ерлерді бар тұлғасымен көрсететін уақыт әлдекашан болған еді. Коммунистің жанды, жарқын образын жасау, партияның батырлық жұмысын айқын көрсету қажет. Өйткені олар партияның стихиялық таптық өшпенділікті жеңілмес саяси саналылыққа айналдырып шыңдайтынын, партизан отрядтары пролетарлық полктарға қалай өсіп жетіліп жатқанын өз көздерімен көрді ғой.

Коммунист-жазушы болғандықтан өзінің кітабында қандай өмірлік және көркемдік шындыққа ұмтылуы керек екенін Фурманов барған сайын айқынырақ түсінді. Сентябрьдің аяғында Дмитрий Андреевич қарт большевик Пантелеймон Николаевич Лепешинскиймен кездесті. Тәжірибелі әдебиетші ретінде ол Истпарт жетекшілерінің бірі еді және «Пролетарская революция» журналының редакциясын басқаратын. Иваново-Вознесенскінің Әскери-тарихи комиссиясының жұмысы бойынша Фурманов онымен бұрын да талай рет кездескен-ді.

Дмитрий Андреевич өзінің Чапаев туралы кітап жазуға бекінгенін Лепешинскийге айтып берді. Журналда жаңада ғана басылып шыққан «Қызыл десант» повесі Пантелеймон Николаевичке ұнады және ол баспасөз бетінде көп кешікпей жариялануға тиіс «Ұмытылмас күндер» атты очеркпен де таныс еді. Ол Фурмановтың ойын құптады, бірақ тарихи фактілерге жақын отыр, көркем түрде ойдан қосуға көп беріліп кетпе деп ақыл қосты. Лепешинский Фурмановқа Истпартпен шарт жасасуды ұсынды. Олар қолжазбаның тапсырылу мерзіміне де келісті: Фурманов кітапты алты айда жазып бітіруге тиіс болды. Дмитрий Андреевич сол күні Лепешинскиймен сөйлескен соң, үйіне аса көңілді қайтты.

– Ғажап нәрсе!–деп күліп айтты ол жолдастарына осыдан кейін біраз уақыт өткен соң.– Жазуға «міндеттеме» алғанымды сезінуім, өзімді мерзіммен шырғалауым мұң екен – жұмыс дегеніннің аяқ-қолы жерге тиген жоқ. Сол кеште бастадым да, бір түнде бір баспа табаққа жақын жазып шықтым. Ең абзалы істі бастау ғой. Ал мен ұзақ уақыт бойына бастай алмай жүрдім...

Чапаев жөнінде Дмитрий Андреевич бәрін де білетін тәрізді еді. Олар соғысқа талай рет бірге кірді, талай айлар бойына бірге өмір сүрді, қоян-қолтық араласып жүрді, сан

рет ұзақ-ұзақ сөйлесіп те қойысатын. Чапаев өзі туралы аз айтпаған болатын. Дмитрий Андреевич тек Чапаевпен ғана емес, барлық чапаевшылармен бірге өмір сүрді, олардың ойын, үмітін, арманын жақсы білді. Оның көз алдында чапаевшылар партизан полктарының жауынгерлерінен революцияның саналы, тәртіпті солдаттарына айналды. Осының бәрін солардың соғыс комиссары болған одан кім артық білмек! Коммунистермен бірге, Иваново жұмысшыларының бүкіл отрядымен бірге Фурманов дивизия жауынгерлеріне бағдар беріп отырды, оларды өз өнегесімен, сөзімен және іс-әрекетімен тәрбиеледі.

Бірақ жазуға кіріссе де, Фурманов азамат соғысының көрінісін көркем де шынайы бейнелеу үшін өзінің бастан кешірген, ойланып-толғанған әрі білетін жәйттері әлі де болса жеткіліксіз екенін ұқты. Өйткені сол Чапаев дивизиясының жауынгерлік істерін ғана суреттеп қоймай, сол арқылы жауға аттанған халықты көрсетуге, азамат соғысының шайқастарында жаңа адамдар туғанын көрсетуге тырысты. Чапаев сол бір ұмытылмас жылдардағы халық қаһарманының жарқын типтік бейнесі болуға тиіс. Ал комиссардың образы – өз соңынан халықты ертетін, шаруалар бұқарасын қайта тәрбиелейтін партияның кейпі. Оның кітабы өз шындығымен иландыруға тиіс. Сондықтан да онда сол уақыттағы тарихи жағдайды дәл беру керек. Дмитрий Андреевич азамат соғысы дәуіріндегі газеттерді оқып зерттеді, архивте тыным алмай жұмыс істеді, таныс командирлер мен жауынгерлерге – Чапаев дивизиясының сарбаздарына хат жазды.

Фурмановқа өзінің алдында тұрған міндет барған сайын айқындала түсті. Ол Чапаев образында революцияшыл халықтың таңдаулы сипаттарын: совет өкіметі мен Коммунистік партияға қалтқысыз берілгендікті, тап жауына деген ымыраға келмес өшпенділікті, ажалды жеңген ғажайып батырлықты, айқын ақыл-ой мен ерекше талантты бейнелеуге тиіс еді. Фурманов халықтың қалың арасынан шыққан, абзал қасиеттері күрестің от-жалынында жарқ еткен ғажайып батырдың өз санасына ұялаған бейнесін тағы да есіне алды. Кей сәт ол дұдамал ойға беріледі: әдебиетте әлі ұшыраспаған мұндай қаһарманды көрсетуге оның дәрмені, шеберлігі жетер ме? Асқақ мұраттар үшін Чапаевпен

бірге ерліктер жасаған сан мыңдаған қызыл әскерлерді түсінбейінше, Чапаевты түсінуге болмайды ғой. Чапаевтың зор тұлғасында молынан табылатын жекелеген сипаттарды Фурманов қатардағы жауынгерлерден де талай рет байқаған-ды. Оларды да әлі ешкім әдебиетте жөндеп көрсеткен жоқ.

Ал өмірдің өзінен алынған ғажайып көріністерді қайтіп суреттемек? Ақыр аяғында кітапқа қандай түр таңдау керек? Повесть жазбақ па? Әлде естеліктер ме? Немесе Чапаев дивизиясының бүкіл тарихын тарихи хроника ретінде баяндамақ па? Әйтпесе сол тарихи хроникаға көркем түр беру керек пе? Болмаса Истпартта мәслихат етілгендей, тарихи очерк жазу керек пе? Кітапты қалай деп атау керек?

Барған сайын алдына кесе-көлденең тұрып алған бұл сұрақтарға Фурманов жауап таппады. Ол одан әрі қобалжып, ойын бөлмей жазуға кірісуге, өмірді қалай түсінсе, майданда қандай күйде көрсе, енді қазір көз алдында қандай елес берсе, дәл солай жазуға бекінді. Дмитрий Андреевич бірінебірі ұқсамайтын өз кейіпкерлерінің характерлерін айқын елестетті. Өзі жинаған көп материалдан ол кейіпкерінің бойындағы ең маңызды әрі тән қасиеттерді көрсететіндерін ғана сұрыптап алды. Күні бұрын топшылағанындай, қажет эпизодтар, құлаққа әлдекім сыбырлағандай, өзінен-өзі еске түсіп жатады. Ол тыңнан кейбір жәйттерді ойлап қосуға жасқанған жоқ, жекелеген құбылыстарды жаңаша топтап іріктеді. Сонау бір жолы соғыс шебіне сылти басып қайта оралып бара жатқан жаралы солдатпен сөйлескен Фурмановтың өзі емес пе еді. Жауынгер күлімсіреп оған қазір емделетін уақыт жоқ, соғысу керек деді. «Өлтірер, қабірге де барып жантаярмын – сол жақта істейтін іс жоқ, сонда емделермін!..» Егер осы әңгімені Чапаев айтатын болса және ол сол жауынгерге өз сағатын сыйға тартатын болса, онда Чапаев образының тағы да бір қыры жаркырап шыға келмей ме? Одан соң сол қатардағы жауынгердің жан қуатын айқынырақ көрсету үшін жазушы оны мейлінше жүдеу, аласа бойлы етіп суреттейді. Фурманов кейіпкерлерінің арасында тарихи қайраткерлер де болды, ол азамат соғысының тарихына енген оқиғаларды баяндады. Бұл көп міндет жүктейтінін Дмитрий Андреевич саналы түрде түсінді. Бұл творчестволық міндетті де ол нағыз суреткерше шешті.

– Мен Фрунзе, Чапаев сияқты тарихи тұлғаларды бейне-

ледім, – деп айтты ол өз ойын Анна Никитичнаға. – Менің ойымша, олардың расында да айтқан ойлары мен сөздерінің түсіп қалуының, ал олар ешқашанда айтпаған ойлар мен сөздерді өзінше келтіруімнің пәлендей ештеңесі жоқ. Ең бастысы, тарихи тұлғаны негізінен айнытпай бейнелеу сақталды, ал ұзақ сипаттар оншалықты маңызды емес. Кейбір сөздер солай айтылған, ал енді бір сөздер айтылуы ықтимал еді. Бірақ адамдар мен оқиғалардың шынайылығын және нақтылығын бұрмалауға еш болмайды. Толассыз еңбек үстінде бір тараудан соң бір тарау туып жатты. Күнделіктегі шап-шағын жазба егжей-тегжейіне дейін суреттелген айқын көрініске ұласты, одан ой ойлаушы, әрекет етуші жанды адамдар бейнелері туды.

Фурмановтың ескі қолжазба дәптерінде Чапаевқа серік болған өзі әнші, өзі биші бір қыз жайында болмашы ғана мағлұмат сақталған еді. Бұл жайында оған майданда Василий Иванович айтып берген-ді. Жүрдім-бардым жазыла салынған сол жолдардан енді гүл атқан жастық шақтың, көктемнің тұтас көрінісі туды. Ағыны күшті өзен соғылысқан сеңдерді Каспийге қарай әкетіп жатыр, жағалауда бұрқырап көк өсіп келеді, заңғар көкте бозторғайлар шырылдайды, әндей әсем балғын сезім туындайды. Повестің осы тұсындағы Чапаев айтатын халық аңызының жырдай созылған ырғағынан, бейнебір халықтың ән-өлеңінен алынып айтылғандай сөздерінен орыс адамының әнге құмар, жомарт жаны сезіледі. Жазушы мұны сүйікті кейіпкерінің бейнесі арқылы ашып берді. Жоқ, бұл әншейін ғана естеліктер емес-ті! Фурманов бірін-бірі толықтыратын көркем бейнелер,– адамға деген сүйіспеншілікпен және коммунизмнің жарқын идеясымен нұрланған өмірдің керемет үлкен суретін жасады. Бұл нағыз әсерлі, еліктіргіш өнер еді!

«Жылдамырақ, жылдамырақ жазу керек!» – деп асықтырды өзін-өзі Фурманов. Бірақ ол Чапаев пен Клычков, әр командир мен жауынгер кітапта өз өмірімен көрінуі үшін әлі де көп нәрсе істеу керектігін әрдайым есте ұстады. Жазылып біткен жағын қайталап оқығанда, ол өзі жасаған көріністің көп кемшілігін көрді: жауынгерлер суреттелген тараулар әлі де болса аз екен.

– Қолжазбаның алғашқы нұсқасын бітіргенше асықпын,– дейтін ол достарына,– жөндеуге уақыт көп қалса екен деп

жүрмін. Ал кейде егжей-тегжейіне дейін тәптіштеп өңдеуге шыдамым жетер ме екен деп күдіктенемін де? Лев Толстой «Соғыс пен бейбітшілікті» сегіз рет көшіріп жазғанын әрдайым еске түсіріп отырамын. Кейде ол өзіне-өзі тоқтау салып та коятын: «Басты мәселе тез бітіруде емес, жақсы жазуда ғой. Соншалықты бір сәті түсіп тұрғанын көрмесең – шыдай тұр, тіпті апрель орталағанша тапсырма... мерзіміңді соз – міне, жеделдете бергенше осылай ету керек...»

1922 жылдың 18 ноябрінде Дмитрий Андреевич күнделігіне былай деп жазып қойды: «Бестен төрті жазылды». Ал 29 ноябрьде: «Он баспа табақтайы жазылып бітті. Енді қалғаны сонша. Жазылғанының өзі – алғашқы нұсқасы ғана», – деп жазды. Фурманов жұмысты өте шапшаң істеді. Бірақ ол кей күндері бір ауыз сөз де жаза алмайтын тәрізді болатын. Ол бөлме ішінде әрлі-берлі жүреді, үстелдің жанына келіп те отырады, бірақ ештеңе шығара алмайды. Ойлаған көрінісі көз алдына келмейді, оны суреттеу үшін кажетті дәлме-дәл сөз табылмайды... Бірақ Дмитрий Андреевич өзін-өзі күштеп, алғашқы жолдарын жазып қойды, оны бірнеше рет өңдеді. Сөйтіп барып қана жұмыска бастығып кетті. Декабрьдің аяғында кітаптың алғашқы нұсқасы жазылып бітті. Қолжазба әжептәуір комақты болып шықты. Күнұзакка жазғанын ол кешкісін Анна Никитичнаға дауыстап оқып береді. Анна Никитична оны машинкаға басып шығады. Фурманов өзі асыққанымен қоймай, оны да асықтыратын. Өйткені ол қолжазбаны шындап тұрып жөндеуге, кітаптың тілін, табиғат суреттерін, көпшілік халық суреттелген көріністерін өңдеуге кіріскен еді. Фурманов кейбір тараулардың орнын ауыстырып қойды, баяндауларды қысқартты, әр кейіпкерге лайық сөйлеу мәнерін іздеп тапты. Акыры ол кітабын «Чапаев» деп атауға бекінді. Әбден шаршаған және бақытты сезімге бөленген ол 1923 жылдың 4 январында өзінің күнделігіне былай деп жазып қойды:

«Чапаевтың» ең соңғы жолдарын жаңа ғана жазып бітірдім. Әбден жөндеп шықтым. Ең аяулы, сүйікті досымнан айырылып қалғандай болдым. Жетім баланың халіне түскендеймін. Түн. Үстелдің жанында жапа-жалғыз отырмын. Ештеңе ойлай алатын да, жаза алатын да емеспін. Оқығым да келмейді. Көп айға созылған осынау жұмысты талай түн отырып жазғаным еске түседі. Мен оған көп еңбек

сіңірдім, талай түнді ұйқысыз өткіздім. Үстел жанында отырып та, түрегеп жүріп те, жұмыста да бір соны ойлаумен болдым. Сүйікті «Чапаев» ойымнан шықпай-ақ қойды. Енді ештеңе жайында, ешкім жайында ойланарым жоқ. Тек қана кітап жақсы болар ма екен, баспаға кетер ме екен деп ойлап коямын. Қайтадан басылар ма? Кітап оған жарар ма екен? Мұқабасын қандай етсек екен? Қызыл Армияның мерекесіне дейін үлгерер ме екенбіз?.. Менің әдеби өмірге араласар сәтім жақындап келе жатты. Өткеннің бәрі – даярлық...»

Дмитрий Андреевич қолжазбаны тез-тез аударыстырып шықты да, кітапқа арнау жазды: «Самара губерниясының мұжықтарына, Орал жұмысшыларына, Иваново-Вознесенскінің қызыл тоқымашыларына, казақтар мен латыштарға, мадиярлар мен австриялықтарға – Чапаев дивизиясының жеңілмес полктарында болғандардың, азамат соғысының қаһарлы күндерінде көбіне аш, жалаңаш-жалпы жүріп, оқдәрісіз, жалаң найзамен ғана жүріп Орал даласын басып, Каспий теңізіне дейін барғандардың. Самара жазығын бойлап, Колчакка аттанғандардың, батыста поляк пандарына қарсы шыққандардың, ақ казак ордасына, офицерлер полкына қарсы ерлікпен соғыскандардың, ұлы іс үшін қанын төгіп, күрес жолында өмірін қиғандардың бәріне, азамат соғысының ерлері, чапаевшылар, сендерге арнаймын осы кітабымды. Автор».

...Фурманов әкелген папканы ашып жібергенде, Пантелеймон Николаевнч Лепешинскийдің көзі мынадай жазуы бар қағазға түсті: «Көркемдік жағынан толысып шықты демеймін – бұл әр жерде болып өткен, бастан кешірген, көзбен көрген, қағаз бетіне түскен жәйттердің, әр жерден жинап алған нәрселердің сәл ғана өңделген, тарихи очеркі». Пантелеймон Николаевич қағаздағы жазуды окып шықты да, екеуінің сентябрьде айткан әңгімесі есіне түсіп күлімсіреді. Ол Фурмановка кітап жайлы пікірін бірнеше күннен соң айтуға, ал жараса, оны Қызыл Армияның мерекесіне дейін, екі айдың ішінде бастырып шығаруға уәде етті. Екі апта өтті. Дмитрий Андреевич жауапты асыға күтті, бірақ Истпартқа телефон соккан жоқ. Жауап та келмеді. Ол өңі қашып, бөлме ішінде әрлі-берлі жүреді де кояды, көп ойлайтын болып кетті. Бірде шыдамы жетпей ол Анна Никитичнаға былай деді:

– Әрине, қадағалап оқып шықпаған да болар. Уақыты бар деймісің олардың? Көзін жүгіртіп өтіп, күлімсіреген, келемеждеген болар. Содан кейін, сірә, өзіне-өзі мәз болып жүрген авторды ренжітпеу үшін оның қолжазбасын кәрзеңкеге тастамай, өзіне қайтарып берейік деген шығар...

Содан кейін ол баспаға барды да, сол жақтан ренжіп қайтты. Анна Никитична Истпартта не болғанын одан көпке дейін біле алмай-ақ қойды. Ақырында Дмитрий Андреевич мән-жайды көңілсіз ғана айтып берді. Бір редактордан қолжазбасының не күйде екенін сұраса, ол алғашқыда ештеңе түсінбепті. Сөйтсе, Лепешинский ауырып қалыпты да, «Чапаевтың» қолжазбасы соның үстелінде жатыр екен. Фурманов одан кейін баспаға бармады, ығыр қылды деп айтар деп ойлады ол:

– Не қылса да мейлі! Бармаймын!

Дмитрий Андреевич кітап туралы ештеңе ойламауға, еске алмауға тырысты, уақытында көрермін деді. Бірақ өз ырқына өзі көнбей-ақ қойды. Кітапханасын тәртіпке келтірейін деп еді, ештеңе шықпады. Оқымақ болып кітап алып еді, бетін ашпастан қайтадан орнына қойды. Қызыл Армияның мерекесі жақындап қалды. Фурманов ағаттық істеп жүр екенмін деп ойлады. Ол өз кітабының тағдырына қалай болса солай, салғырт қарай алмақ емес. Фурманов Лепешинскийге бет алды.

– Ә, Фурманов жолдассыз ба? – Пантелеймон Николаевич оны жылы жүзбен қарсы алды.– Сіздің қолжазбаңыз терілуге жіберілген.

... Бірер сағаттан кейін Дмитрий Андреевич алып-ұшып үйіне келді. Шинелін, әскери папахасын шешпеген бойы ол Анна Никитичнаны қолынан ұстап алды да, бөлме ішінде шыркөбелек айналдыра жөнелді. Анна Никитична не болғанын білмей таңырқап қалды. Содан соң барып кенет мәнісіне түсінді де, қуана айқайлап жіберді.

– Білем, білем! «Чапаевты» қабылдады ғой, ә?

– Қабылдады, қабылдады! Қазір баспаханада! Теріліп жатыр. Дмитрий Андреевич енді Лепешинскиймен қалай әңгімелескенін әйеліне көңілдене айта бастады:

– «Қатты әсерленіп оқыдым. Чапаевтың қаза тапқаны жайлы тарау әсіресе тамаша екен... Немесе театрда жауынгерлердің қатар түзеп отыратын жері де сондай»,– деді ол.

Оның айтуынша, екінші жартысы алғашқы жағынан гөрі тәуірірек, күштірек, маңыздырақ жазылған. Пантелеймон Николаевич бұл бір жақсы кітап болып шыққалы тұр деп санайды екен... Бірақ, білесің бе, кітаптың кейбір жерлерін алып та тастапты. Андреевтің Федормен әңгімелесетіні, әлгі алтыатарға байланысты оқиға есіңде ғой. Ең алдымен соны алып тастапты. Одан келіп-кетері шамалы дейді. Тағы да сондай бір жерлерін... Тегі, оның айтқаны дұрыс та болар. Дмитрий Андреевич үстелін жалма-жан ақтарып-төңкеріп жүріп, Чапаевтың суретін тауып алды да, Истпартқа дереу қайта тартты. Ертеңіне Фурмановтікіне жақын достары жиналғанда, Анна Никитична оларға Дмитрий Андреевич түн баласына ұйықтамағанын, кітаптың жайын әңгімелей бергенін күліп айтып берді.

– Қолжазба әлі терілген жоқ,– деп қойды тағы Анна Никитична,– ал ол болса түзету енгізу үшін корректурасын күтіп жүр. Арада бір ай өткен соң, 1923 жылдың 18 мартында Фурмановтың кітабы жарыққа шықты. Кітап шыққаннан кейінгі алғашқы алабұрткан күндер өтті. Шығармам туралы оқушылар нендей ойда болар екен, әсіресе карт большевиктер не айтар екен деп Фурманов тағат таппады. Бірде ол Истпартта большевиктік баспасөздің тәжірибелі карт қызметкері Михаил Степанович Ольминскийді кездестірді. Дмитрий Андреевич одан өзінің кітабы туралы пікірі қандай екенін сұрады.

– Оқығам сіздің «Чапаевыңызды», түгін қалдырмай оқып шыққам,– деді Михаил Степанович.– Мен сіздің «Десантыңыз» бен Иваново-Вознесенск туралы естелігіңізді де оқыған болатынмын... Жақсы екен... Жазыңыз, қайткен күнде де жазыңыз! Карт әдебиетшімін ғой, маған сеніңіз: осынау жазушылық жолдан тая сокпауыңыз керек, бұл сіздің жаза баспас жолыңыз!..

Он бірінші тарау

РЕВОЛЮЦИЯ СУРЕТКЕРІ

«Чапаев» туралы әралуан пікір айтылды. Жаңа кітап жайлы әдеби қауым арасында сөз етісті, қызу айтысты, ол туралы жазды да. Көркем әдебиетте совет адамының

батырлық образын тұңғыш рет Фурманов жасағанын кейбіреулер бірден-ақ атап көрсетті. Азамат соғысының отжалынында жаңа халық батыры туғанын оның кітабы айқын танытты. Оқиғалардың қабындап өрбуі, өткір қақтығыс, айқын характер мен көпшілік көріністері, батыл портреттік суреттемелер, халықтың өзіндік ерекше сөз байлауы, ақыр аяғында, автордың лирикалық және публицистикалық шалқулары – осының бәрі революциялық күрестің суретін айқын елестетті. Фурмановтың дәл тарихи фактілер мен документтерге құрылған шығармасы кәдімгі повеске немесе романға ұқсамаса да, жас жазушы ойға алғанының кейбірін тындыра алмаса да, оқушылар Чапаев туралы, комиссар Клычков және чапаевшыл батырлар туралы бұл кітаптан азамат соғысы жайлы қоспасы жоқ, шынайы хикая тапты, ой ойлаушы, күреске араласушы жанды совет адамдарын көрді.

Басқа біреулер мұндай ерекше шығарманы тұңғыш рет кездестіргенде не істерін білмей қалды. Олар немесе ақырын күтіп үндемеді, немесе ойын ашық айтпай, сылдыр сөзбен бұлтаққа салды. Ал енді біреулер Фурмановтың кітабын революцияның қайталанбас кезеңін өз көзімен көрген адамның куәсі ретінде ғана құнды естелік деп атады. Көркем образдың зор жинақтаушылық куатын түсінбей, фотография қандай романнан болса да нанымды, революциялық көркемөнер фактілерді суреттеумен ғана шектелуге тиіс деп көкіген әдебиетшілер де табылды. Жұмысшылар мен шаруаларға Фурманов шығармасында орын алған көркем қосынды қажет емес, факт керек дегенді айтты олар. Сөйтіп жүргенде Фурмановтың кітабы тез таралып кетті. Алғашқы басылғаннан кейін көп ұзамай екінші рет шығаруға тура келді. Ал екі жылдан кейін «Чапаев» повесі бесінші рет басылып шықты. Оқушы жастар, қызыл әскерлер, жұмысшылар оны ынтыға оқыды. Тарихи документтер қатарында шыққанымен, Фурмановтың кітабы совет көркем әдебиетіндегі аса көрнекті құбылыс екендігі айқын болды.

Сол бір жылдарда бейнесінен жаңа геройдың сипаттарын таныткан Чапаев; повесте партияның жігері мен даналығын кейіптеген командарм Фрунзе мен Федор Клычков; шаруа, партизан отрядтарын пролетарлық дивизияға айналдырушы Иваново жұмысшыларының полкы; жауынгер командирлер Сизов, Потапов, Елань, Шмарин және басқалар; шайқаста

жеңілуді білмейтін чапаевшыл-жауынгерлер; Маруся Рябинина мен пулеметші Анна сияқты батыр қыздар, батыл Петруша мен өжет Яшка Галах, катардан қалмайтын сокыр жауынгер, тачанкамен жүретін аяғы жоқ ақсақ пулеметшілер – міне, осынау толып жатқан кейіпкерлердің тізбегі Коммунистік партияның ұраны бойынша социалистік Отан мен революцияның жеңістерін сақтап қалу үшін айбаттана аттанған халықтың бірегей ұлы образына ұласты.

Бірақ орыстың халықтық мінезінің сипаттары Чапаевтың өзінің образында бәрінен де гөрі толығырақ әрі айқынырақ ашылды. Фурманов ойлаған мақсатына жете алды. Өз кейіпкерінің көркем портретінде ол Чапаевтың қайталанбас, жанды сипаттарын берді және сонымен бірге азамат соғысы дәуірінде халық ішінен шыққан қолбасшының типтік, жинақты образын жасады. Чапаевтың өмірбаянында, оның революция жылдарында толысып жетілген талантты тұлғасында, комиссардың орайлы жәрдемі арқасында рухани жағынан түлеп өсуінде азаттыққа жеткен, еңсесін жоғары көтеріп, ақыр аяғында өз өмірінің қожасы болған халықтың тағдыры бейнебір елес беріп тұрғандай еді. Әрбір жаңа тарауда – командирлермен және жауынгерлермен кездесіп, қақтығысып қалғанда, комиссармен әңгімелескенде және айтысып таласқанда, шайқас үстінде Чапаевтың сегіз қырлы мінезі: оның тапқыр ақылдылығы мен табиғи өнерлілігі, қиындыққа төзімділігі мен революциялық серпіні, орыстың шалқып төгілген әні мен әсерлі биінен соншалықты айқын көрінетін ерекше, ішкі таланты мен қалтқысыз қуақылығы аралас юморы барған сайын біртіндеп, тереңдеп ашыла түседі. Оқушы шайқаста жүрген Чапаевқа сүйсіне қарайды, жарамсыз мінез көрсеткені үшін жауынгерлердің сазайын берген дивизия бастығының ашулы, бірақ әділетті сөзін қызыл әскерлермен бірге ол да естігендей болады және «шындап өмір сүргісі келетін», халыққа пайдасын тигізбей «текке өліп кеткісі келмейтін» Чапаевтың өзін-өзі адам ретінде саналы түрде түйсінуіне тек революция ғана мүмкіндік бергенін ұғынады.

Фурманов өз геройының дегенінен қайтпас бірбеткейлігін, кейде ойланып істемеген, жөнсіз әрекеттерге ұрындыратын адуындығын, қызбалығын жасырған жоқ. Сизовпен ұрысқан көріністе, немесе көпірді уақытында

салып бітірмеген инженермен шекіскенде, немесе Чапаев дәрігердің дипломын талап еткен емшіге байланысты эпизодта ол осылайша суреттеген. Жазушы Чапаевтың саяси баландығын да жасырған жоқ. Шыдамды, ақылды, оңтайлы Федор Клычковтың жәрдемі аркасында ол мұндай кемшіліктен бірте-бірте арылады. Осы сипаттардың бәрі Чапаев образының өмірлік шындығын тек қана аныктай түсті. Оның образындағы ең басты нәрсе – Отанға және партияға берілгендік, саналы батырлық, ой айкындығы, көздеген максатка жетпей тынбаушылық, білімге құштарлық.

Чапаевты өз дивизиясының командирлері мен жауынгерлерінен, оның өзін батыр етіп шығарған, жоғары көтерген халықтан бөліп алуға болмайтын еді. Чапаевтағы революцияға және совет өкіметіне адалдық, ажалды жек көрушілік, шыдамдылық, тумысынан акылдылық тәрізді сипаттар – халықтық сипаттар екенін Фурманов баса көрсетті. Ал халық Чапаевты өзімдікі деп санаумен бірге оны ерекше ардақ тұтады, жарлылардың қалтқысыз қорғанышы, шындық пен әділеттен таймайтын адам, шайқаста жеңілуді білмейтін командир деп бағалайды. Коммунист-партизан Чапай туралы халық тамаша аңыздар шығарады. Повестің өн бойына Чапаев бірте-бірте өзгеріп отырады. Ол саяси мәселелерді басқаша, тәуірірек ұғына бастайды, комиссарлардың жұмысын дұрыс бағалайды, армия штабының қызметкерлеріне деген жақтырмаушылықтан, олардың бұйрықтарына сенбей шүбәланушылықтан айығады, өзіне-өзі ие болуға дағдыланады.

Кітаптың алғашқы беттерінен, Иваново-Вознесенск токымашыларының жұмысшы отрядын жөнелту көрінісінен бастап жазушы жұмысшылар мен шаруалардың мызғымас жауынгерлік одағын суреттейді, революция жеңісінде пролетариат шешуші рөл аткаратынын көрсетеді. Майдандағы жұмысшы полкы – саналы батырлық пен кайсарлықтың өнегесі. Уфаға ең алдымен 220-шы полк шабуыл жасауы да тегін емес. Партизаншылыкка карсы күресте саяси кызметтегі коммунистер ең алдымен Иваново полкының жауынгерлеріне иек артады. Партизан отрядтарын кайта тәрбиелеу 220-шы Иваново-Вознесенск полкының майданға келуімен байланысты болғаны сияқты, Чапаевтың жаңа сыпаттары да Иваново-Вознесенскіден келген партия

қызметкері, ұстамды да қажырлы комиссар Клычковтың ықпалына байланысты. Федор Клычков тек Чапаевтың рухани өсуіне ғана септігін тигізіп қоймайды, сонымен бірге ол әр жауынгердің ақыл-ойы мен жүрегіне жол таба жүріп, дивизиядағы зор тәрбие жұмысына басшылық етеді. Ол шайқасып жатқан халықпен бірге өмір сүреді, халықтың талантты қолбасшысымен әрдайым бірге болады және өзі де революцияның нағыз жауынгеріне айналады. Соғыс жағдайында оның жігері шыңдала түседі. Халық бұқарасы оны шыдамдылыққа және төзімділікке баулиды. Ол соғыс жағдайын дұрыс барлай бастайды, қажетті шешімді Чапаев тәрізді тез табатын болады.

Клычков образында жазушының өз өмірбаянының көп белгісі бар. Бірақ Фурманов майдандағы өмірінің жарқын эпизодтарының барлығын бірдей пайдаланған жоқ. Өз қара басы ерлік көрсеткен эпизодтардың барлығын ол тастап кетті. Повесте Бугуруслан түбіндегі соғыс суреттелмеген, Уфа үшін болған шайқастағы комиссардың рөлі жұпыны ғана көрсетілген. Фурмановтың кітабында Клычковтың жеке басының өмірі жалпылама болар-болмас қана суреттелуінің өзі азамат соғысы кезіндегі әскери комиссардың типтік сипаттарын айқындай түседі: революция тағдыры, халықтың өз Отаны үшін күресі комиссардың бар ой-арманын, сезімін баурап алған. Совет дәуірінің алдыңғы қатарлы адамының, коммунистің осындай айқын, шынайы образы көркем әдебиетте тұңғыш рет жасалды. Чапаев сияқты Федор Клычковты да халық бұқарасынан ажыратып алуға болмайды. Олардың екеуі де халықпен тығыз байланысты болғандықтан күшті. Фурмановтың повесі тарихты жеке геройлар жасамайды, халық жасайды деген ойды аңғартады.

Кітапханаларда Фурмановтың кітабын алу үшін кезекке тұратын болды. Жас жазушының революциялық оқиғалардан, мінез-құлықтан, соғыс эпизодтарынан көрегендікпен аңдаған қатал да тамаша шындығы оқушыларды қатты толғандырды. Суреткер осы шындықты қарапайым әрі турашылдықпен ашып берді, өмірдің ащы да қиын мезеттерін қағыс қалдырмады. «Чапаев» оқушыны еліктірді, иландырды, өмір сүруге баулыды. Фурмановтың өз басы «Чапаев» дәл мұндай табыска ие болады деп күтпеген еді. Ол повеске өзінің бүкіл өмір бойғы тәжірибесін, нағыз

коммунистің құштарлығын салып еді. Кітабынан ол қару ұстап майданда жүргізген күресінің жалғасын көрді. Бірақ кітапты қайталап оқығанда ол повестің әлсіз жақтарын да байқады. Саяси және әскери хал-жайды ұзақ-сонар баяндау оқиға өрбуіне бөгесін жасайтындығын достары да айтты. Партияның жәрдемі арқасында Чапаев пен оның жауынгер жолдастарының қалай өскендігі жаңа тарауларда, бұдан да гөрі айқынырақ көрсетілсе деген тілек айтылды. «Қасын сарт еткізді», «ерде отырып сылқылдады» деген тәрізді жазушының әлдекалай көп ішінен естіген немесе сәтсіз ойлап тапқан жекелеген сөз тіркестері де құлаққа түрпідей тиді. Бірақ мұның бәрі тез жөнделіп кететін, жекелеген ғана кемшіліктер еді. Дмитрий Андреевич «Чапаев» туралы айтылған пікірлерге байыпты түрде құлақ асты.

«Кітапша шықты,– деп жазып қойды ол апрельдің аяғында күнделігіне,– бірақ ол жайында енді не айтылатындығына зер салып, мейлінше сақ болуға керек. Мақтауға да құлап беріліп кетпеу қажет, өйткені ол достық қарым-қатынастардың салдары болуы ықтимал... Екінші жақтан, сондай-ақ ұрсып-сөккен, жақтырмаған пікірлер де ренішке салмауға тиіс, ренішке сала алмайды да...»

Фурманов кітап туралы айтылған әрбір сын пікірді жадында сақтады. Оның кітапты өңдей түскісі келіп еді. Ол баяндау бұдан гөрі әсерлірек болуы үшін әлі де көп еңбек сіңіру керек деп санады. Ол Чапаев образы қалай өзгергенін, Клычковтың оған қалай әсер еткенін және Чапаевпен, революцияшыл халықпен араласа жүріп комиссардың өзінің қалай шыныға ержеткенін оқушы айқынырақ көруі үшін кейбір эпизодтарды қайтадан топтастырсам ба екен, кейбір көріністерді толықтыра түссем бе екен деп те ойлады. Тілін ұстарту үшін де көп еңбек ету керек еді.Ол кітапқа түзету енгізе бастады. Бірақ соны әдеби ойлар «Чапаевты» одан әрі жөндеуге уақыт қалдырмады.

Дмитрий Андреевич ақ гвардияшылардың ауруға шалдыққан және жарақаттанған қызыл әскерлерге жасаған адам айтқысыз айуандығы жайында «Алпыс» атты әңгіме жаза бастады. Енді бір әңгімесінде ол авиация адамның бақытты, бейбіт өміріне қызмет ететін күннің тууын арман етіп аңсаған ұшқыш Жаровтың әуе шайқасында каза тапқанын бейнеледі.

Сол айлардың ішінде Фурманов «Он сегізінші жылда» атты повесін де жаза жүрді. Алғашқыда ол Кубаньдағы азамат соғысы уақытынан алып очерк жазуды ойлады. Оның есіне станицада кулактар жырткыштықпен өлтірген мұғалима жайындағы әңгіме түсті. Сол мұғалима очерктің кейіпкері болуға тиіс еді. Бірақ шап-шағын очерк тұтас бір повеске айналып кетті. Повестің кейіпкерлері жас жұмысшы Виктор Климов пен Екатеринодар гимназисткасы Надя Кудрявцева болды. Кубаньдағы революциялық оқиғалардың әсерімен және өзінің досы Климовтың ықпалымен Надя күрес жолына түседі де, қызылдарға қосылады... Бірақ повесть, очерк, әңгіме жаза жүрсе де, мұнысы Фурмановтың көлемді тың шығарма үшін материал жинауына және соны ойлап қорытуына оралғы болған жоқ. Оның Тамань армиясы туралы кітап жазғысы келді. Бұл тақырып Фурмановты тіпті ертеде, Екатеринодарда жүрген кезде-ақ қызықтыратын. Қызыл десанттың жауынгерлік кимылдары мен Чапаев дивизиясының даңқты істері сияқты, таманьдықтардың батырлық жорығынан да ол дүниеге жаңа совет адамы келгенін көрді. Ол Тамань армиясының атышулы жорығы жайында Пантелеймон Николаевич Лепешинскийге тәптіштеп айтып беріп еді. Ол Истпарт үшін мұндай кітап өте пайдалы болар еді дегенді айтты. Дмитрий Андреевич жаңа шығарма жазуға кірісіп кетті: архив документтерін іріктеп алып, көп жәйттерді ойша қорытып, өзі үшін алғашқы нұсқасын жаза бастады. Ол повесін «Таманьдықтар» деп атамақ болды.

Он екінші тарау

«БҮЛІК»

1924 жылдың көктемінде Истпартқа Верный қаласындағы бүлік жайындағы документтер келіп түсті. Үлкен-үлкен папкаларға салынған тарихи материалдарды сұрыптап, жүйеге келтіруге, қажетті ескертпелер беруге, документтерді баспаға дайындауға тура келді. Әрине, бүлік кезінде Верныйда болған және оны басуға белсене араласқан Фурмановқа ең алдымен өтініш жасалды. Одан архив материалдарын тез қарап шығуды өтінді. «Верный бүлігі

туралы істің» тәптіштеп түптелген, қалың-қалың он томы Дмитрий Андреевичтің жазу үстеліне келіп түсті. Сарғайып тозып біткен бұл парақтар Дмитрий Андреевич үшін жанды өмірге толы еді. Ол Ерекше бөлім мен Революциялық трибуналға сес білдірген домалақ хатты қолына алды. Бүліктің алғашқы түні нақ бір кешегідей болып оның есіне түсе кетті. Сол түні оның бөлмесіне коммунистердің азғантай ғана тобы жиналды. Дивизияның командашысы: «Бекіністе бес мың бүлікші бар, ал біз болсақ жиырма ғана кісіміз».– деді. Сол сәтте Фурманов: «Жиырма кісіміз және бұған қоса партия бар!» – деді. Дмитрий Андреевич өзінің сотта айтқан сөздерінің протоколын оқып еді, оның көз алдына бүлікті ұйымдастырушылардың бұған алара қараған жүздері елестеп кетті. Бұдан аз-ақ бұрын Верныйда бастан кешірген оқиғалар Фурмановты әбден баурап алды. Басқа ештеңемен шұғылдана алмайтынын және бұған ықтияры жоқтығын ол анық түсінді. Енді тек бүлік жайындағы кітапты ғана жазамын, «Таманьдықтарды» әзірге қоя тұрамын деген байламға келді ол. Фурманов әрқашанда тарихи фактілерді дәлме-дәл беру, оларды партиялық тұрғыдан дұрыс суреттеу көркем шығарманың өміршең, шынайы, нанымды болып шығуы үшін қажетті шарт деп санады. Өзі қатысқан оқиғаларды бейнелеуге әзірлену үстінде Фурманов документтік дәлдікті бұлжытпай сақтауға өзін міндетті сезінді. Дмитрий Андреевич ең алдымен Ленинның мақалалары мен сөйлеген сөздерін, Жетісудың тарихы мен экономикасына байланысты еңбектерді зер сала оқи бастады. Ол бүлік жайындағы көптеген документтерден көшірме жасады. Оқиғалардың қалай өрбіп дамығанын дәлме-дәл білу қажет болды. Фурманов он папка жасап, біріншісінің сыртына «11 июнь», ал ең соңғысының сыртына «20 июнь» деп жазып қойды. Өзінің жазбалары мен газет қиындыларын ол сол папкаларға салды. Жұмыстың қажет саналған осы алғашқы бөлігі тамамдалған соң, ол материалдарды оқып зерттеуге кірісті. Өзінің жаңа шығармасы жайында толғанғанда, Фурманов оқиғаларды ойша бір жүйеге салып, ең маңызды мезеттерді, сол оқиғаға тән жәйттерді ғана сұрыптап алды. «Чапаевты» күн-түн демей жазған кездегідей, ол қиян-кілы творчестволық мәселелерге тағы да тап болды. Өз күдігін Анна Никитичнаға айтты.

– Кімнің атынан, қандай түрде баяндауды білмей жүрмін. Тарихи документтерді қайтпекпін – оларды кіргізсем бе, жоқ па? Жұмыстың барысында, әрине, көп нәрсенің беті ашылмақ. Қолымнан келері даусыз. Жаза алмаспын деген ой атымен жоқ, бірақ әзірге тәуекел ете алмай жүрмін. Бұл кезде Фурманов Мемлекеттік баспада редактор еді. Сондықтан кітапты көбінесе кешкісін, тіпті кейде түнде жазуға тура келді. Ол кісіге жақын еді. Жауға, арам ойлы, аяр жандарға, мансапқорларға мейірімсіз болған оның бойында адамдағы жақсы қасиетті қалт еткізбей тани білетін және оның сол жақсы қасиетін өмірде көрсетуіне жәрдем жасайтын абзал дарын да бар еді. Жұмыста да, үйде де – ол жүрген жердің бәрінде де көңілді болатын. Ол достарымен шешіліп сырласуды ұнататын. Дмитрий Андреевичті жақын білген жазушылар Гоголь бульварында онымен бірге серуендейтінін, дастархан басында пікір таластыратынын, Фурмановтардың аядай ғана саялы бөлмелерінде дос-жарандар бас қосып, мәз-мейрам болып отыратын шақтарын әлі күнге дейін естеріне түсіріп отырады. Ал «Бүлікті» жаза бастаған кезде Дмитрий Андреевич мұның бәрінен уақытша бой тартты. Өйткені әр сағат қымбат еді. Өзіне тән қуақылықпен Фурманов пәтерінің есігіне мынадай хабарландыру іліп қойды:

«1. Жексенбі күні маған келмеулеріңізді өтінем, қолым бос емес, жұмыс істеуге бөгет жасаманыздар.

2. Айына бір реттен жиі келменіздер, онда да әр айдың 1-5 және 15-20 күндерінде ғана келгендерің жақсы.

3. Тек сағат 5-тен 7-ге дейін ғана келіңіздер.

Ескерту: Егер бір шұғыл шаруа болса, әрине, онда кез келген уақытта келе беруге болады». Фурмановтың үйіне келген достары бұл қатаң хабарландыруға әрдайым күлетін. Бірақ рұқсат жоқтығына қарамай олар қоңырау соғатын. Анна Никитична оларды күліп қарсы алады да, өзінің бөлмесіне әкетеді. Фурманов бәрін де естіп отырады. Бірақ ашуланбайды, тек күлімсіреп қана қояды. Сөйтсе де ол қонақтарға бармайды. Тіпті сәлден кейін көрші бөлмедегі олардың дауыстарына мән де бермейді...

«Чапаевты» жазу үстінде Дмитрий Андреевич көп нәрсеге үйренді. Бірақ енді ол баяндайтын оқиғалар баска жағдайда–әрі бейбіт жағдайда, әрі соғыс жағдайында болған еді. Уақыт та баска болатын.

«Қызыл десантта» ол соғыс оқиғалары жайында жазды. Ал комиссардың қызметі туралы онда мүлдем аз айтылған. «Чапаевта» Федор Клычков дивизияның даңқты басшысымен және оның қарулас жолдастарымен қатар тұр. Сөйтсе де алғы лекте Чапаевтың өзі. Жаңа кітапта ең алдымен партияның батырлық қызметін, коммунизмнің ұлы идеясының жеңімпаз қуатын көрсету қажет еді. Ол бұл қызметті жоқшылық жайлаған өлкенің шытырман жағдайында, дұшпандар ұлтшылдық және діни іріткі салған шекарада және совет өкіметіне ашықтан-ашық бүлік жасалған жағдайда көрсетуге тиіс болды.

Бүлікшілердің бес мың адамнан құралған тобырын бас идірген партиялық шағын ғана коллективтің ерлігі мен қайсарлығы арқылы енді коммунистік идеялылық пен революциялық жігерді көрсету керек еді. Мұнда да көпшілік көріністері үлкен орын алмақ. Бірақ арандатушылардың алдауына түскен әркилы, алуан түсті қастан тобырды және оның көсемдерін – революцияның қас жауларын суреттеу үшін басқаша, жаңа бояу табу керек.

Фурманов өз әңгімесінде бұйрық, хабарландыру, телефонмен тікелей сөйлескен сөздердің жазбасы, газет қиындылары сияқты нақтылы документтерді кіргізбек болды. Ол көркем әдебиетте мұндайды кездестіріп пе еді? Мейлі. Бірақ ол баян етпекші жәйт те бұрын ешқашан болып көрген емес. Документтер мәнерлі, нанымды тілмен сөйлеп тұрғандай. Сондықтан да Дмитрий Андреевич осы орайда батыл қадам жасады. Жетісуда болған оқиғалар туралы әңгімені ол өз атынан баяндайды. Бірақ бұл Фурмановтың өзі туралы емес, ең алдымен нағыз коммунистер туралы, партия туралы әңгіме болмақ.

«Өзімді мадақтап қоямын ба деген жасқаншақтықты жинап қоямын, өйткені документтер бәрін де жақсы байқатады!» – деп жазып қойды Дмитрий Андреевич өз ойын. Ең алдымен оқушыны әзірлеп алу, оны қиян-килы жағдаймен таныстыру, бүліктің себептерін түсіндіру керек. Жолшыбай сапарды суреттегенде, қажетті мәліметтерді адамдардың өзара әңгімесіне, кейіпкердің жазған күнделігіне сыналап енгізіп отырған жөн. Жағдайдың қалай қабындап шиеленіскенін, бүлік қалай туып келе жатқанын содан кейін барып көрсету керек – бұл екінші тарау болады.

Ал бүліктің өзі туралы, 1920 жылғы июньнің осы бір он күні туралы баяндау ұшқыр болуға тиіс деп ойлады ол. Қақтығыстардың, оқиғалардың суреттелуінен ғана емес, сонымен бірге баяндаудың сарынынан да бүліктің қым-қиғаш, қатерлі жағдайы аңғарылуы керек. Кітапта көрсететін эпизодтар мен көріністерді Дмитрий Андреевич бұрынғы әдетінше жобалап алды. Кейіпкерлерінің қысқаша сыпаттамаларын қағаз парақтарына тағы да жазып қойды. Жазушы олардың сөйлеу мәнерін, жүріс-тұрысының, киімінің өзгешеліктерін есінде мұқият сақтады. Оның күнделігінде оқиғалар жайында жазбалар бар еді. Өзінің бекініске атылу жазасын күтіп отырғанда жазғандарын Анна Никитична екеуі толқынған сезіммен қайталап оқыды. Асығыс-үсігіс жазыла салынған, қысқа ғана жолдар енді айқын көріністерге айналды, ұшқыр диалогтардан таныс үндер естілгендей болды. Фурманов жекелеген беттерді талай рет қайта-қайта жазды: кейбір эпизодтарды алып тастап, кейбір эпизодтарды өрбіте түседі, баяндауға документтерді араластырады және жұмысты тағы да жинап қоя тұрады. Кейіпкерлердің тіліне, тобырдың сөйлеу ерекшеліктеріне байланысты жұмысты ол әсіресе маңызды деп санады. Еңсені езген қатерлі жағдайды, өмір мен өлім арпалысқан күрестің қысылшаң қиыншылығын оқушыға айқын жеткізу үшін, ол бүлік туралы тарауды стиль жағынан көп жөндеді. Жазу үстелінің қасында талай сағат бойына тапжылмай отырып шаршаған ол кейде түннің бір уағында түрегеліп терезені ашады немесе үйден шығып Арбаттың жым-жырт шолақ көшелерін бойлап біраз жүреді. Содан кейін қолжазбаға қайта оралады. Жұмыс талай айларға созылды. Совет жазушысы қоғам қайраткері де болуға тиіс деген ойға Фурмановтың көңілі әбден ұялаған еді.

– Бұрын жазушы атаулы, тіпті үлкен жазушының өзі де мемлекеттік, саяси өмірге араласа алмайтын, – деді ол.– Ал қазір олай емес. Жөні түзу әрбір суреткер жалпы мемлекеттік өмірден сырт қала алмайды, сол өмірді түсінеді, оған ықылас қойып, қадағалап отырады және көбіне өзінің күшімен, білімімен, тәжірибесімен оған белсене араласады. Дмитрий Андреевич Фурмановтың өзі де дәл осындай жазушы, яғни совет жазушысы болды. Ол қызметінің мағынасын Коммунистік партияның жас

совет әдебиетін өсіріп, нығайтуына септігін тигізуде деп білді. Өз шығармаларын жазғанда да, басқа жазушылардың кітаптарын редакциялағанда да, жас авторларға ақыл-кеңес бергенде де, халық пен партияға жат, қастан нәрсеге қарсы шығып, баспасөз бетінде мақала жазғанда да ол осы абзал мақсатты ойдан шығарған жоқ.

«Чапаевты» жазып жүрген кезде-ақ Фурманов кейбір жас жазушылармен таныс болған еді. Ол «Октябрь» деп аталатын әдеби топтың жиналыстарына әрдайым қатынасып жүрді. Ол кезде Москвада пролетар жазушыларының үйірмесі мен бірлестігі көп болатын. Олар журнал редакцияларының жанында немесе завод, фабрикаларда жұмыс істейтін. Кейін сол әдеби ұйымдардың барлығы пролетар жазушыларының Москва ассоциациясын құрады. Оны қысқартып МАПП деп атады. 1924 жылдың көктемінде Фурманов МАПП-тың секретары болып сайланды. Тверь бульварындағы өткен ғасырда А. И. Герцен тұрған оңаша ескі үйде сол жылдары әртүрлі әдеби ұйымдар орналасты. «На посту» атты әдеби сын журналы мен «Октябрь» атты жаңадан ғана ұйымдасқан көркем әдебиет журналының редакциялары да осында – «Герцен үйінде» еді. «Октябрь» журналына А.С.Серафимович басшылық етті. МАПП-тың басқармасы да сол үйде болатын.

Дмитрий Андреевич жұмысқа білек сыбана кірісті. Ассоциация әдебиетке Қызыл Армия қатарынан, заводтар мен фабрикалардан, жұмысшы факультеттерінен келген көптеген жас прозаиктердің, ақындардың, драматургтардың басын қосты. Олар өздерімен бірге жалын аткан жастық жігер, күрес пен еңбектің бағалы тәжірибесін, жаңа да жарқын мол әсер ала келді. Олар оңаша ескі үйді жамыраған жас өмірге толтырып жіберді. Мұнда жұрт әрдайым көп жиналады, қызу айтыстар болып жатады, кейбіреулер өлеңдерін оқып, жаңа шығармаларды талқыға салады. Фурманов бұл жас әдебиетшілерді жеңген халықтың жаңа әдебиетін нәрлендіретін құнарлы бұлақ деп білді. Пролетариаттың осы жас жазушылары халыққа арнап өмір шындығына толы шығармалар жасауға тиіс. Әдебиет майданындағы дұшпандарды қалт еткізбей танып, партияның оларды әшкерелеп, соққы беруіне жәрдемдесетін солар емей кім? Бірақ Дмитрий Андреевич әдеби шеберлікке жетілу үшін

тәжірибесіз, жас жазушылардың қажымай әрі толассыз үйренуі, классиктерден және совет үкіметін қолдайтын қазіргі ірі-ірі жазушылардан үйренуі қажет екенін айқын түсінді. Фурманов жас жазушыларға: «Халықтық сөзді сақтай білу, классиктерден бізге мұраға қалған шешен де көркем тілді бағалай білу керек».– деп айтудан танған жоқ.

Сөйтсе де пролетариат жазушыларының ішінде айқын да дана осы бағытты–партия бағытын ұстанбайтындары да бар екенін ай санап анық тани түсті. Аз-мұз ғана ортақол өлең жазған кейбір коммунистердің өздерімен тұстас үлкен жазушыларға партияда жоқ болғаны үшін тіл тигізетінін де көрді ол. Дмитрий Андреевич мұндай мапповшылды бірден қолға алып, қатесін байыптылықпен түсіндіретін. Бақытсыздыққа қарай, коммунистіз деп көкірек керетін тек жаңа жаза бастаған, қатардағы пролетариат жазушылары ғана емес еді. Тіпті ВАПП-тың Пролетариат жазушыларының бүкілодақтық ассоциациясының жетекшілері де партияда жоқ көрнекті әдебиетшілерге жақтырмай қарайтын. Басқарманың мәжілістерінде және журналдың редакциясында осыған байланысты қызу айтыстар өтетін. Фурманов жұмыстағы салдыр-салақтықты ұнатпайтын, уақытты бағалай білетін және басқаларды да соған үйрететін. Ол басқарманың өміріне іскер, айқын стиль, ұйымшылдық пен тәртіптілік енгізді. Мәжіліс белгіленген сағатта дәлме-дәл басталатын. Фурмановтың достары, әдебиетшілер МАПП-тың мәжілісінде болған бір оқиғаны көпке дейін ұмытпай, еске алып жүрді. Басқарманың кешігіп қалған мүшелерінің бірі бөлмеге кіріп келсе, Фурманов пен техникалық хатшыдан басқа әлі ешкім жоқ екен. Осыны көріп, көңілі жай тапқан ол сол сәт таң-тамаша болып, аңкиып тұрып қалады. Фурманов хатшыға күн тәртібінің екінші мәселесіне байланысты шешімнің текстін дауыстап оқып отыр. Дмитрий Андреевич әбден оқып болғаннан кейін ғана бұрылып қарады да, ренішті жүзбен былай деді:

– Ең бірінші келген сенсің. Соның өзінде жиырма минут кешігіп келдің. Екі мәселені өзімнің шешуіме тура келді. Мәжілістен кейін танысып шық. Қарсылығың болса айтарсың. Осы оқиғадан кейін жұрт мәжіліске кешікпей келуге тырысатын болды. Фурмановқа уақыт қымбат еді. Ол кешке дейін Мемлекеттік баспада болады, ал түн баласына

үйінде дамыл таппай жұмыс істейді. Ол «Бүлікті» аяқтауға жақын еді. Романды бітірген соң Дмитрий Андреевич көлемді қолжазбасын Серафимовичке апарып берді. Олар әралуан мәжілісте және «Октябрь» журналының редакциясында жиі-жиі кездесіп тұратын. Александр Серафимович жас жазушыларға шын ықыласымен творчестволық ақыл-кеңес беріп, өзінің әдебиетшілік тәжірибесін ортаға салатын. «Қызыл десантты» оқып шығысымен-ақ ол Фурмановтың талантын жоғары бағалады. «Чапаев» оның бұл ойын нығайта түсті. Өмірдегі маңызды нәрсенің бәрін қапы жібермейтін суреткердің көреген көзін Серафимович бірден таныды.

Серафимовичтің «Темір тасқын» атты жаңа кітабы туралы Фурманов маңызды мақала жазды. Серафимович жас жазушы совет әдебиетінің міндеттерін дұрыс түсінетіндігін, ең маңызды көріністерді, ең мағыналы образдарды бағалай білгендігін байқады. Фурмановтың мақаласы жайында: «Ол ойлы суреткер ретінде «Темір тасқынды» шеберлікпен таныды».– деді Серафимович.

«Бүлік» Серафимовичке қатты әсер етті.

– Құттықтаймын сізді, Дмитрий Андреевич, құттықтаймын! – деп, ол арада бірнеше күн өткен соң Фурмановты жылы шыраймен қарсы алды.– Түні бойы бас алмай оқыдым. Кейбір бөліктерін қайта-қайта оқыдым. Бұл жақсы жазылған ба немесе нашар жазылған ба – оншасын мен білмеймін. Өйткені менің алдымда кітап болған жоқ. Мен бөлме ішінде емес, Түркістанда, соның тауларының арасында, кең байтақ даласында, халқының ішінде болдым... Мен сізді және жолдастарыңызды көрдім, сіздермен бірге бекіністе бүлікшілердің арасында болдым!.. Олар «Бүлік» туралы ұзақ әңгімелесті. Серафимович кейбір беттерді қайта жазуды, кейбір жерін қысқартуды мәслихат етті және кітапқа алғы сөз жазуға уәде берді.Әдебиетшілер арасында Фурмановтың жаңа кітабы сөз бола бастады. Оның жекелеген эпизодтары «Молодая гвардия» журналында, үлкен-үлкен үзінділері «Красная новь» журналында жарияланды. Дмитрий Андреевич «Бүліктің» баспадан шығуын асыға күтті. 1925 жылдың февралында кітап жарыққа шықты. Кезінде «Чапаевты» апарып бергені сияқты, бұл кітапты да ол дереу Михаил Васильевич Фрунзеге алып барды.

Фурмановтың «Бүлігі» айтыс-тартысты «Чапаевтан» гөрі көп туғызды. Мұнда баяндаудың сарыны мүлдем өзгеше еді. Автор әдейі баса көрсеткен бұлжымас документтілік кейбір сыншыларды аң-таң қылды. Олар тіпті сасып қалды. Бірақ жазушы жасаған жаңды образдар, революциялық өмірдің ол суреттеген шынайы көріністері, терең идея – осының бәрі совет әдебиетінде жаңа бір үлкен шығарма туғанын паш етті. Бұл партияның батырлық қызметі туралы, коммунистік идея туралы, нағыз коммунист қандай болуға тиіс екендігі туралы кітап еді.

Жаңа романда әңгімені өз атынан баяндаушы кейіпкер бәрінен де айқын суреттелген еді. Бірақ «Бүлік» кітабының нағыз кейіпкері Коммунистік партияның жеңілмес жігерін, ұйымшылдығын, даналығын өз бойына жинаған ұйымдасқан партиялық тұтас коллектив болатын. Жазушының өзі де осыған ұмтылған еді. Баяндаушы кейіпкер – Фурмановтың өзі. Ол романда өзінің аты-жөнін сақтаған. Нағыз суреткер ретінде ол Түркістандағы өмірінің оқиғаларынан өзін коммунист ретінде сыпаттайтындарын ең алдымен шебер сұрыптап ала білді. Коммунистке тән тамаша қасиеттерді өз бейнесіне жинақтап суреттегені тәрізді сыпаттарды жазушы партия коллективінің басқа мүшелерінің де мінез-құлқында, ой-сезімінде жарқын көрсетті. Фурманов өз кейіпкерлерін қандай жағдайда – жол үстінде, дивизиядағы тұрмыста, партия жиналысында немесе бүлікшілік бекіністегі митингіде көрсетсе де, бұл кейіпкер бір ғана мақсатқа – халыққа қызмет етуге ұмтылады. Отан және революция алдындағы жауапкершілігі мен парызын саналы түрде сезінуі оның негізгі қасиеті. Жағдай неғұрлым шиеленіскен сайын, бүлікшіл тобыр қоршаған коммунистердің халі неғұрлым қатерлі де аянышты болған сайын коммунистердің аскан батырлығы да соғұрлым айқын көріне түседі. Фурмановтың бүлікшіл бекініс ішінде, жаулар алдап-арбап, өшіктіріп айдап салған, тарпа бас салып, қан ішуге дайын тұрған жандардың арасын жарып өтіп, аспай-саспай арбаның үстіне шыққан сәті суреттелетін көрініс оқушыларға өте-мөте қатты әсер етті. Кітап кейіпкерінің өзіне-өзі арнап айтқан жалынды сөздерін еміренбей оқу мүмкін емес еді. «Айырылысар шақта»,– деп келетін соңғы сөздері әсіресе күшті болатын.

«...Сөйлеп тұрғанында енді амалым құрыды-ау, бәрін

барлап, бәрін байқап ештеңе өнбеді-ау деген кезінде, мінбеге қалай батыл шықсаң, түскенде де солай батыл түсіп жүре бер. Ажал төніп келгенін анық көрсең де, сыр білдірмей күтіп ал. Жұдырықтың астына алып, мылтықтың дүмімен қойғыштап өлтіріп бара жатса да, жар салып, ұран тастап өл! Қазаңның өзімен де пайда келтіретіндей болып өл.Жалынып-жалбарынып, қынсылаған ит құсап өлу – зиян. Сыр білдірмей өл. Күшіңді жина, жан қуатыңды сыртқа қарай лап еткізіп шығар, ақыл-ойыңда, жүрегіңде бардың бәрін аяма. Күш-жігерім рәсуа болар деп аянба. Өйткені бұл сенің өзіңді-өзің ең ақырғы рет ашындыруың болмақ қой! Сыр бермей өл...» Фурманов кітабындағы бұл жалынды сөз коммунистің аскақ та ерлік өсиетіндей болып естілді. «Бүліктің» кейіпкері жан дүниесінің байлығымен әсер етіп қызықтырады. Жол-сапардың алғашқы күндерінен бастап-ақ окушы бұл кейіпкер өмірдің кожасы екенін, ол бәріне де маңыз беріп, бәріне де араласатынын сезеді. Ол жергілікті тұрғындардың әңгімесін зер сала тыңдайды, халық өмірінің түбегейлі мәселелерін түсінуге тырысады, оған батыл араласады және сонымен бірге тозығы жеткен почта станциясындағы ұсақ-аяң жайсыздықтарды да аяксыз калдырмайды, ұлттық әдет-ғұрыптарын байсалды түрде байқап барлайды және бейтаныс табиғат көріністеріне сүйсіне көз жібереді. Үлкен әрі жауапты істен оның қолы бір босамайды. Бірақ ол әнге, әзіл-калжыңға үйір калпынан, жаксы да жайдары жолдас болған күйінен еш танбайды. Жағдай шым-шытырық шиеленіскен сайын, бүліктің қара бұлты қалыңдап торлаған сайын романның кейіпкері де жинақы, ұстамды, батыр бола түседі. Бүліктің окиғалары жақындаған сайын баяндау да әсерлі, ызғарлы бола түседі, образдар мен теңеулер де ұстара түседі. Сөз оралымдарының өздері-ақ катер төніп, өршіп, аскынып келе жатқанын барған сайын жиі-жиі байқатып отырады. Катер төніп келе жатты деуді жазушы бейнебір аз көріп, комсынғандай. Бұдан әрі ол: күн санап аскына, коюлана түсті,– деп жазады. Осыдан да бетер күшейту үшін ол күн санап, сағат санап, минут санап дегенді қосады. Баяндаудың ішіне кіргізілген әскери бұйрықтар, тікелей сөйлескен сөздердің жазбалары, көшедегі хабарландырулар, телефонограммалардың үзінділері де күрестің ауыртпалығын анық аңғартады.

Оқушы оқиға өрбіген қым-қуыт жағдайды сезгендей, жауларды өз көзімен көргендей болады. Бүлікті бастаушылардың бейнесіндегі топас та ызалы сыпаттарды Фурманов портреттік суреттер арқылы күшті әрі шеберлікпен көрсетеді, мысалы: Петровтың аяусыз қатыгездікке толы, сұп-сұр, залым көздері; Караваевтың жел қағып қызарған еріндерінің арасынан көрінетін жырткышқа лайық тістері; Чеусовтың қансыз-сөлсіз, сұрғылт жүзінде қатып қалған қоңыр көздері. «Бүлік» жас жазушының шеберлігі одан әрі ұштала түскенін паш етті. Бірақ Дмитрий Андреевич жаңа шығармасына бұрынғыдан да гөрі көп талап қоя қарады. Кітап жарық көрген соң ол қайта оқып шықты. Сөйтіп, шұбалаңқы берілген авторлық түсініктемелер, онша қажеті жоқ кейбір документтер, дөп тимейтін, басы артық сөздер бар екенін байқады. Кітап жайындағы ымырашыл пікірлер оның ызасын келтірді. Ол өзінің творчестволық қызметінің шын мәнісіндегі байыпты бағасын алуға тиіс емес пе! Егер оның кітабын Фурманов баяғыдан бері өзіне әдеби ұстаз санайтын адам, тамаша шығармалары арқылы оны өмірдің нағыз кейіпкерін халық арасынан көре білуге баулыған адам оқыса, шіркін. Дмитрий Андреевич өзінің көптен бергі кастерлі ойына талай күн бойы қайта-қайта оралып, қобалжи берді. Содан кейін бірден тәуекелге бел байлап, екі кітабын да – «Чапаевты» да, «Бүлікті» де Италиядағы Алексей Максимович Горькийге жіберді. Кітаптарымен бірге ол мынадай хат жазды: «Осы кітаптар жайындағы пікіріңізді тағат таппай күтемін. Ден қойып жаза бастағаныма екі-үш-ақ жыл. Бірақ жазушылық қызмет өзім үшін ең негізгі нәрсе деп білем. Жұмысты көп істеймін. Барған сайын өзіме талапты көбірек қойып, сақтана, зер сала, асықпай-саспай жазатын болып келем. Сіздің сөзіңіз маған жақсы жәрдем болмақ...»

Он үшінші тарау

«ӘДЕБИЕТ ДЕГЕННІҢ ӨЗІ БІР МАЙДАН!»

Қысқы күннің көмескі сәулесі терезеден болар-болмас қана түсіп тұр. Фурманов жұмсақ орындыққа шалқая отырып, талып шаршаған көзін жұмды да, әлденендей тұңғиық ойға шомды. Көркем әдебиет бөлімінің бас редакторының шағын

бөлмесіне хатшы ауық-ауық кіріп, шкаф ішінен әлденені іздейді. Дмитрий Андреевич соны байқамайтын тәрізді. Ол сол жылдары Мемлекеттік баспаға үсті-үстіне келіп жататын қолжазбалардың біріне айтылар пікірін ойша қорытып отыр еді. Баспаға алғаш келген күнінен бастап-ақ Фурманов жас жазушылармен істелетін жұмысқа аса зор маңыз берді. Оның алдында жас әдебиетшінің шикілі-пісілі қолжазбасы жатыр. Басуға келетін түрі жоқ. Бірақ автордың дарынды екені ап-айқын көрініп тұр. Шығармасының кемшілігі мен әлсіз жақтарын оған қайтіп ұғындырмақ? Ренжіп қалмауы, әдебиеттен қол үзіп кетпеуі үшін не істеу керек? Дмитрий Андреевич көзілдірігін киді де, қарындашпен қағаз бетіне маймаңдатып жаза бастады. Бір жолдан соң бір жол сымға тартқандай болып тізіліп жатты:

«... Сіз өмірді өте жақсы сезінесіз. Көзіңізбен көргеніңізді... көркем образ арқылы бейнелеуге шын көңілмен ұмтыласыз, бірақ сіз...– жаңада ғана жаза бастаған суреткерсіз, сондықтан да сіздің тәжірибеңіз аз, жазғандарыңыз оралымсыз, көп реттерде қарадүрсін, дәрменсіз, әлсіз боп жатады... Жазушылық шеберлік туа біткен дарыннан ғана бола салмайды, оны өсіру, жетілдіріп отыру керек. Өз біліміңді толықтырып отыру, көп оқу қажет, сөздің асқан шеберлерін, үлкен суреткерлерді беріле оқу, олардың творчествосының мәнері мен сыпатына барлай үңілу, олардың даусыз бағалы кейбір дағдыларын, тәсілдерін... бойға сіңіру қажет... Ленинизмді оқып үйрену, адамның қарым-қатынастары мен өмірді дұрыс та терең ұғуға дағдылану керек. Егер ең негізгі нәрсені – Лениннің кітаптарынан және оның ілімін баяндап, ұғындырушы басқа да кітаптардан табылатын өмір туралы, күрес туралы ғылымды түсініп, игеріп алмасаңыз, онда жазғаныңыздың бағасы көк тиын болмақ. Бір жағынан, ленинизмді оқып үйрену, екінші жағынан, көркем сөздің асқан ұлы шеберлерінен тағылым алу – міне, көрнекті суреткер болу үшін бірден-бір дұрыс жол осы... Бәрі бірден бола салмайтынын біліп қойыңыз. Өз ойыңызды, өз сезіміңізді, өзіңіздің көңіл күйіңізді тамаша көркем күйге бөлей алатын болғаныңызша әлі талай-талай уақыт өтпек...» Дмитрий Андреевич мұндай хаттың әлденешеуін жазып жүрді. Ол бұл істі көмекшілеріне ешқашан да тапсырмайтын, жауапты өзі қайтаруға тырысатын. Әр қолжазбаны оқыған сайын ол соны

жазған адамды көз алдына айқын елестететін. Қайсыбірінің өмірлік тәжірибесі аз, енді біреуі көзімен көріп, басынан кешіргенін ұғынып, қорыта алмайды, ал үшінші біреуі бірден-бір қажет сөзді ойлап таба алмай басын қатырады.

Есік қағылды. Бөлмеге Всеволод Иванов кірді. Дмитрий Андреевич бұл жазушыны жақсы көретін, оның азамат соғысы туралы повестерін жоғары бағалайтын. Фурманов сол сәт өзгеріп сала берді. Ол мейірлене күлімсіреп, көзілдірігін тез шешіп алды да, бойын түзеп, шашын алақанымен әдеттегісінше сипап қойды. Сөйтті де, келген кісіге қарсы жүрді. Оның үстіне әскери костюм киген, кеудесінде Қызыл Ту ордені бар мүсіні бірден балғын тартып, жасарып кеткендей. Алғашқыда Иванов повестерінің қайтадан басылып шыққалы жатқаны туралы айтысты. Содан кейін өздері де байқамай, екеуін де қызықтыратын мәселеге– журналдардың соңғы сандары мен жаңа шығармалар жайына ауысып кетті.

– Жуық арада бізде Федор Гладковтың «Цемент» атты тамаша романы басылып шығады,– деді Дмитрий Андреевич әңгімесін одан әрі созып.– 1921 жылдың оқиғалары, жаңа экономикалық саясаттың бас кезі. Негізгі тақырыбы – кирап қалған алып заводты іске қосу жолындағы жұмысшылардың ерлік еңбегі. Өзі бір тамаша роман. Даша мен Глебтің типтері – ұмытылмас типтер. Композициясында, бәлкім, мұлт кеткен жерлері болар. Жеке-жеке бөлімдерді өзара қиыстырыңқырай түсу керек еді. Финалындағы қорытынды да онша емес. Соның бәріне қарамастан «Цемент» – көңіл аударарлық жақсы шығарма...

Всеволод Вячеславович анда-санда ғана жауап қатып отырды. Көзілдірігінің қалың әйнегінің ар жағынан ойлы, мейірімді күлкіге толы көздері жалт-жұлт етеді.

– Қызық екен... – ол қолын созды. – Ал мен бар ғой, Дмитрий Андреевич, Серафимовичтің «Темір тасқынын» қайтадан оқып жатырмын. Сондай талантты кітап!

– Солай болмағанда ше! – деп, Фурманов серпіле түсті. – Бұл кітап соншалықты ғажап жазылған! Ондағы ең басты нәрсе – көркем шындық. Серафимович ештенені жасырмайды, ештенені бүгіп қалмайды. Ол бәрі жайында, тіпті ең бір қатал жәйттер жайында да жазады. Өмірде де солай болған. Өзім де талай рет көзіммен көргем. Айтып-

айтпай не керек! Ондай кезде қаталдық болмаушы ма еді... Көпшілік суреттелетін көріністер қандай тамаша десеңізші! Олардан тіпті бірде-бір сөзді алып тастай алмайсың. Бүкіл көпшілікті де, жекелеген адамды да анық көресің. Серафимович таманьдықтардың тұрмысын, ойын, тілін өте жақсы біледі! Аскан шебер!.. – Сәл үндемей отырды да, Дмитрий Андреевич күтпеген жерден бір жымиып қойды.– Білесіз бе, сол таманьдықтар жайында мен де кәдімгідей жазбақ болғанмын. Тіпті бір шағын әңгіме жазғаным да бар. Мені бұл тақырыптан «Бүлік» аударып әкетті. Ал кейін «Темір тасқынды» оқығанда, Александр Серафимович екеуміздің тақырыбымыз, мүддеміз, тегі, бірдей болса керек, өмірге бір тұрғыдан қарайды екенбіз деп ойладым... Таманьдықтар жайында жазуыма «Бүлік» мүмкіндік бермеді. Бірақ мен дәл осылай жаза алармын ба? Тіпті ойға да сыймайды... Бұл материал нағыз суреткердің қолына түскені қандай жақсы болды! Фурманов соңғы сөздерін шын жүректен соншалықты қуана айтты. Осынау тамаша кітапты Серафимович емес, бейнебір өзі жазып шыққандай. Есік күтпеген жерден ашылды да, үйге орта бойлы бір жас жігіт даңғаза ғып, әбігерлене кіріп келді. Ол жазушылардың Москва ассоциациясында Фурмановпен бірге істейтін.

– Митяй, бір минутке шығып кетші, шұғыл бір іс болып қалды! – деп дауыстап жіберді ол. Тіпті амандық сұраскан да жоқ. Дмитрий Андреевич оған реніштi жүзбен қарады да, әңгімелесіп отырған адамынан ғафу өтініп, коридорға шықты.

– Не болып қалды? – деп дегбірсіздене сұрады ол.

– Осы аптаның ішінде баспасөз үйінде айтыс болады. ВАПП атынан сен сөйлейсің... Негізгі бағдарды мынадан, біздің бас мақаладан табасың.– Ол Фурмановка «На посту» журналының соңғы нөмірін ұсынды.

– Солай-ақ болсын, ал бірақ әңгімені неге үзіп кеттің... оның үстіне ылғи осы бір құпиялап жүретіндерің-ай... әбден ығыр қылып болдыңдар!

– Кез келген «жолбикелердің» көзінше сенімен бар мәселе жайында сөйлесе бере алмаймын мен. Ал өзіңді оңаша жолықтыру қиын. Ылғи солармен әуреленесің де жүресің. Фурмановты ыза кернеп кетті, бірақ өзін-өзі ұстап қалды. Совет өкіметін қолдайтын, партияда жоқ талантты

жазушыларды ваппшылардың ұнатпай «жолбикелер» деп атауына, сөйтіп оларды халық күресіне кездейсоқ араласқан, сенімсіз адамдар деп қорлауына ол шыдамайтын еді. Бұл тәрізді қарым-қатынас адал жазушыларды партия төңірегінен алыстатып, әдеби ортада залалды алауыздық туғызатын. Фурманов ашулы үнмен жауап қатты:

– Сендер «жолбикелер», «оңшылдар» деп жазықсыз кінәлайтын совет жазушыларына деген менің қатынасым баршаға аян. Мен одан айныр емеспін. Ал кімнің болсын дүйім жұртты күстаналауына жол бермеймін! Сендер тіпті Маяковскийді де «жолбикелердің» қатарына қосып жүрсіңдер ғой! Ал ол болса, бізге саяси жағынан ең жақын акын... Немесе Алексей Толстой ше! Сендер оны бірауыздан граф деп атайсыңдар. Ал Толстой өзінің мәнері жағынан алғанда, біздің классиктеріміздің мұрагері, орыстың классикалық тілін сақтаушы. Біз бәріміз олардан үйренуге тиіспіз, бізден партия осыны талап етеді.

– Ал, аттың басын жіберді, енді тоқтата алмайсың... үйрену керек?! Кімнен үйрену керек сонда, буржуазияшыл интеллигенттерден бе?.. ВАПП-та жүрсең де акыл түспегені көрініп тұр.

– Маған емес, мынау сендерге акыл түсіру керек. Акыл түсіреді де! Тек шыдай тұрыңдар. Ал, мейлі, іске көшелік! – Дмитрий Андреевич қойын дәптерін суырып алды да, парактарын аударыстырып жіберіп басын шайкады. – Ештеңе де өнбейді. Бірде-бір бос күнім жок. Ертең әдебиет үйірмесінің сабағы. Мен оған катыспай қалмаймын! Сәрсенбі күні – баспасөздің Москвалық бюросының мәжілісі, одан кейін ВАПП-тың басқармасы, бейсенбі күні Баспасөз бөліміне шақырып қойды. Ал оның үстіне Орталық Комитетте болатын мәжіліске сөз сөйлеуге дайындалуым керек. Жалпы алғанда, мен сендердің нұскауларыңмен сөз сөйлемеймін! Айтыска бармаймын...– Сөзін кілт үзді де, Дмитрий Андреевич өзінің бөлмесіне кіріп кетті. Фурмановтың ВАПП басшыларымен қарым-қатынасы барған сайын шиеленісе түсті. Ол совет өкіметіне тілектес барлық жазушыларды біріктіру жолында, партия бағытын жүргізу жолында неғұрлым бекем әрі дәйектілікпен күрескен сайын жаулары да оған шабуылды солғұрлым үдете өршітті. ВАПП басқармасына өтіп алған троцкийшілдер Фурмановты

басшылықтан қайтсе де шеттетуге тырысты және бұл үшін ештеңеден де тайынбады. Олар Фурманов саяси қателіктер жіберді, әдейі алауыздық туғызды деп жала жапты.

– Фурманов, әрине, жазушы, бірақ суреткер емес, тек мемуарист қана,– дейтін олар оның көзі тасада. – Әдеби беті болмаған соң өзі де «жолбикелерден» үйренеді және жас пролетариат жазушыларын да соған үндейді.

Тартыс барған сайын асқынып, шиеленісе түсті. Фурмановтың күнделігінде: «Шайқас алдында», «Шабуылға!», «Атака» деген сөздер жазылып қалып жүрді. Дмитрий Андреевич өз бағытынан қайтпады. Ол күресті ақыр аяғына дейін жеткізуге бекінді. Өйткені ол әдебиеттегі қастан әрекеттерге қарсы аяусыз күресе алатын және жұмысшылар мен шаруалар өкіметін қолдайтын барлық жазушыларды бағалы көркем шығарма жасауға еліктіре алатын, әдеби өмірге бағыт бере алатын талантты адамдар ғана, нағыз алдыңғы қатарлы коммунист жазушылар ғана совет әдебиетін басқаруға тиіс деп санады. Әдеби майдандағы күрестің өршуіне «напостовшылардың» – «На посту» журналы төңірегіне жиналған жазушылар өздерін солай деп атайтын – партияға лайық емес қылығына партияның Орталық Комитеті де назар аударды. РКП(б) Орталық Комитетінің Әдеби комиссиясында мәжіліс өткізіле бастады. Сондай мәжілістің бірінде, 1925 жылдың мартында Михаил Васильевич Фрунзе сөз сөйледі. Ол осының сәл алдында СССР соғыс және теңіз істерінің халық комиссары болып тағайындалған-ды. Михаил Васильевич әдебиет майданындағы күресті қадағалап, бақылап отырды және оған зор саяси маңыз берді. Өзінің сөзінде ол «напостовшылардың» қылығы саяси жағынан қатерлі әрі зиянды екенін көрсетті. Фрунзе еліміздің еңбекшілерін, еңбекші шаруа мен интеллигенцияның әртүрлі топтарын– инженерлерді, мұғалімдерді, дәрігерлерді, техниктерді партия өз төңірегіне топтастыратындығын айтып, былай деді: «Әдебиет пен көркемөнер саласында бұл топтарды бізден шеттететін бағдар ұстау біздің мүддемізге тіпті де сай келмейді. Біздің міндетіміз, идеялық басшылықты өзіміз жүргізе отырып, шаруалар бұқарасы сияқты бұл топтар да бізге барған сайын жақындай түсетіндей етіп әрекет жасауымыз керек... Әдебиет мәселелеріне осы тұрғыдан

қарағанда «напостовшылардың» әдеби «жолбикелер» дейтіндерге байланысты ұстап отырған бағыты теріс екенін ең алдымен айтуға керек. Олардың әкімшілік қысым жасап, әдебиетті дөрекілікпен өз қолдарына алмақ болып отырған бағыты теріс. Мұндай жолмен пролетариат әдебиетін жасамайсың, тек пролетариат саясатына кесел келтіресің».

Михаил Васильевич «напостовшылардың» пролетар жазушылары «жолбикелерден» ештеңе де үйренбейді деген мәлімдемесін коммунистік өркөкіректік, астамшылық, дандайсушылық деп атады. Фрунзенің сөзін тыңдай отырып, Дмитрий Андреевич тамаша коммунист-басшының өзіне таныс қасиеттерін – мәселені терең түсінушілік, әдеби күрестің нақтылы фактілерінен оның зор саяси мағнасын танып аша білушілік сияқты сипаттарды танып қуанды. «Мен дұрыс жасаған екем ғой,– деп ойлап, разы болып қалды ол,– ассоциациядағы күресім дұрыс бағытта жүрген екен ғой». Фрунзе сияқты адаммен араласып, жақын болу өзіне көп нәрсе бергенін ол тағы да сезді. Осы мәжілістен кейін Фурманов партияның Орталық Комитетінің үйінен бойын қуат, сергектік билеп шықты. Осында, коммунистік партияның жауынгерлік штабында болған сайын Дмитрий Андреевич бойына жаңа күш-қуат құйылғанын сезетін.

Көптеген «напостовшылардың» көзқарасы совет әдебиетіне көп кесел келтіретініне Фурмановтың көзі барған сайып анық жетті. «Напостовшылдық» дегеннің өзі жай әншейін боска дәріптеп жүрген нәрсе екен. «Мұндағы идеологияның бәрі екі-үш көсемсымақтың данқын бүкіл әлемге дерлік жаю үшін, соларды копақардай қылып көрсету үшін ғана қызмет етеді!» – деп ойлады Фурманов. Өздерін пролетар жазушыларымыз деп жүрген бұл жандардың көбі шындығында совет халқы мен партияның жасырын жаулары екенін Фурманов сол кезде біле алмады. Сөз шеберлерінің өз күштерін топтастырып, жаңа, советтік әдебиет жасауына бөгесін болу үшін, олар жазушылар арасында әдейі алауыздық туғызды. Әдеби ұйымдарға өтіп алған зиянкестер 1925 жылдың көктемінде Фурмановты МАПП басқармасының секретарьлығы қызметінен кетіріп тынды. Бірақ Дмитрий Андреевич қаруын тастамады, күресе берді. Ол коммунист жазушылардың мәжілісінде сөз сөйлеп, ВАПП басқарушыларының қастан бағытын әшкереледі.

Тынымсыз қызмет пен толассыз да өткір әдеби тартыс әсер етпей қоймады. Фурмановтың денсаулығы бұзылды да, дәрігерлер оның демалуын талап етті. 1925 жылдың июнінде Анна Никитичнамен және жақын достарымен бірге Дмитрий Андреевич Сочиге келді. Емделіп болған соң, оның Қара теңіз жағалауын аралап шыққысы келді. Жаңа Афондағы ежелгі монастырьды, оны қоршаған жасыл тоғайды, әсем Гагрыны, халқы көп, тынымсыз Батумды ол қызыға көрді. Теңіз бен тау, ғажайып өсімдіктері бар субтропикалық табиғат, өзгеше, айрықша тұрмыс, бейтаныс жандар – осының бәрі Фурмановқа аса көп жаңа да жарқын әсер берді. Бірақ ол әдеби өмірдің оқиғаларын ойынан әсте шығарған жоқ. Ол партияның әдебиет туралы шешімдерін асыға күтумен болды.

Ақыры июльдің алғашқы бір күнінде Дмитрий Андреевич «Правданың» кезекті санын қолға алды. Газетті ашып жібергенде, Орталық Комитеттің «Көркем әдебиет саласындағы партияның саясаты туралы» көптен күткен қаулысы көзіне жарқ ете қалды. Совет әдебиетінің талай жылға дейінгі дамуын анықтап берген бұл тарихи қаулыны ол асықпай, дауыстап оқыды. Партия пролетарлық идеология үшін ымырасыз күрес жүргізуді талап етті, пролетар жазушылары мен олардың ұйымдарына көмектесуге уәде берді, ал өткендегі ұлы жазушылар мем қазіргі кәнігі сөз суреткерлеріне менсінбей қараушылықты қатты айыптады, олардан әруақыт шеберлікке үйреніп отыру керектігін айтты. Партияның Орталық Комитеті коммунистік өркөкіректікті барып тұрған кеселді құбылыс деп қарады. Партия «жолбикелер» деп аталатындармен ретіне қарай әртүрлі және байыпты қатынаста болуға үйретті. Халыққа жат буржуазиялық жазушыларды әшкерелеу, ал пролетариатпен бірге болуға оңтайы бар, онымен бірге ілгері басуға әзір жазушыларға жолдастық жәрдем көрсету керек болды. «Нағыз бұқарашыл оқушыға, жұмысшы мен шаруаға арналған көркем әдебиет жасау» қажеттілігі қарарда баса көрсетілді.

– Ақыры бәрі де айқындалып, орны-орнына қойылды,– деді Дмитрий Андреевич разы көңілмен достарына.– Енді жұмысқа шынтуайттап кірісуге болады. Фурманов Москваға қайтуға асықты.

Сентябрьдің бас кезінде бір күні ертеңгісін жазушының кенже қарындасы Настя почта жәшігін ашқанда қолына Соррентодан келген хат ілікті. Бұл Горькийден келген жауап хат екенін бірден түсінді де, Дмитрий Андреевич өзінің бөлмесіне кіріп кетті және оның үстіне ешкімді кіргізбеуін өтінді. Қатты тебіреніп кеткендіктен, ол хатты зорға дегенде оқып шықты. «Чапаев» пен «Бүлік» – аса қызғылықты әрі мейлінше көп тағылым беретін кітаптар»,– деп жазыпты Горький. Одан әрі соларға жан-жақты түрде, үлкен талап қоя, қатаң талдау беріпті. Алексей Максимович хат соңында былай депті: «Мен сіздің: «Барған сайын өзіме талапты көп қойып, сақтана, зер сала, асықпай-саспай жазатын болып келем» деген сөздеріңізді сүйсіне оқыдым. Солай етуіңіз керек те. Әдебиет дегеннің өзі бір майдан. Және мұның өзі мылтық асынып соғысқаннан гөрі әлдекайда қиын».

Дмитрий Андреевич хатты түгел оқып болысымен, қайтадан тағы бір оқып шықты. Үшінші рет тағы қолға алды. Ол Алексей Максимовичтің әрбір сөзін, әрбір сын пікірін ақыр аяғына дейін түсініп алуға ерекше маңыз берді. Фурманов әралуан сезімге бөленді: әрине, шығармалардың кемшіліктері жайында Горький айтқан қатал сөздер оның көніліне ауыр тиді, ауыр тимеуі мүмкін емес те еді. Горький айтқандықтан да солай болды. Сонымен бірге ол кітаптарын Алексей Максимовичтің соншалықты зер сала оқып шыққаны және жазушы ретінде өзіне сенім артқаны үшін мақтаныш сезіміне де бөленді. Дмитрий Андреевич өз бөлмесінен көпке дейін шыққан жоқ. Сол бір сәттерде ол көп нәрсені қайтадан барлап ойлады. Бөлмесіне келген туыскандарына ол былай деді:

– Бұл хатында ол онша көп мақтамаған... қайта көбірек ұрсып, ақыл айтқан. Бірақ адамды сергітетін осынау жолдарды оқығанда керемет күш-қуат қосылғанын сездім мен! Япыр-ай, тамаша емес пе, сондай сезімтал да үлкен адам маған онан әрі жаза бер деп мәслихат етеді және тәуір бірдеңе шығады дейді. Мен оған жазамын, жазғанда да шын жүректен жазамын. Жақсы жауап қайтарғаны – хат күткені де! Яғни ең аяулы ойларымды оған айтуыма болады.

Горькийге қайтарар жауабын Дмитрий Андреевич талай күн бойына ойланып жүрді. Содан кейін шын жүректен арналған, шыншыл хатын жазды:

«Аса қадірмен Алексей Максимыч!

Егер хатыңыздың кей жерін түсінбесем, «тезірек жауап жаз» депсіз. Ал егер бәрі де түсінікті болса, сонда жазбау керек пе? Жоқ, бұған келіспеймін. Кішкентай ғана осы екі кітабым – «Чапаев» пен «Бүлік» – жазғандарымның ішіндегі ең тәуірі...

Сіздің хатыңыздағының бәрі де түсінікті дейтінім, айтқан нұсқауларыңыздың барлығын да қабылдаймын, қосыламын, ол нұсқаулардың дұрыс екенін білемін де, сеземін де. Ең алдымен сіздің: «кітаптардың тарихи және идеологиялық маңызы – олардың көркемдік маңызынан күшті», – деген негізгі ойыңызға тоқталайын. Расында да солай. Қазір, екі-үш жыл өткеннен кейін, суреткер ретінде аздап та болса өскен шақта – осыны көру де, ұғыну да маған ауыр. Аса сүйікмді, сүйікті бұл кітаптарымды енді бұрынғы жазғанымдай етіп жазбас едім, басқаша жазар едім. Білмеймін, олардың негізгі композициясын (очеркке де, романға да, әңгімеге де келмейді) қалдырар ма едім, қалдырмас па едім. Бәлкім, қалдырған да болар едім: олардың құрылысына онша қысылмаймын. Соған да әсерлі, көп мағына сыйғызуға болады. Сол кітаптарды жазған сорлы, шорқақ тілім үшін ұялып, қасірет шегем...

Мен жуырда, соңғы екі-үш аптаның ішінде «Орталық Атқару Комитетінің хабарларында» бірнеше көркем очерк жарияладым. Олардың көркемдік қасиеті жайында әралуан пікір болуы ықтимал. Бірақ бір нәрсе даусыз: мынау кітаптарыма қарағанда бұл очерктер әлдекайда тәуір жазылған. Қазір мен бір бетті бір сағатта емес, түні бойы отырып жазар едім. Менің «Чапаевым» бірінші рет жазылып бітісімен-ақ баспаға кетті (айтудың өзі масқара ұят). Ал қазір бар ғой, жеңіл-желпі газет хабарының өзін... жеті-он рет қайта жазып шығамын. Қатал да сүйікті Алексей Максимыч, өз материалымнан ұялып жасқанудың өзі бір қадам алға басу емес пе... Егер «Чапаев» пен «Бүлікті» енді жазсам, тәуір етіп шығарған болар едім. Солардың парша-паршасын шығарып, түбірімен қайтадан өңдесем бе екен? – деген сұрақ алдымнан талай рет көлденеңдеді. Содан кейін шүбәландым да, қалай туса, солай өмір сүре берсін деп ойладым... Мен қазір өңдеп, бастыруға асықпаймын. Шеберлікті ұстартуға, сәтті етіп шығаруға қарағанда бұған уақыт аз кетеді. Басылып

шыққан, оқылған нәрсені қайта қолға алуға ықыласым жоқ. Жаңа, соны материалға құлаш ұрудамын. Осы ойым арқылы сіздің жол-жөнекей айтқан: «...Сіз асығыс, қалай болса солай жазасыз» – деген пікіріңізге де ептеп жауап бердім.

(Енді олай жазбаймын, тіпті де олай жазбаймын, Алексей Максимыч). «Көзіңізбен көрген кісіше баяндайсыз, бірақ суреткер ретінде бейнелемейсіз». – дейсіз. Бұл кемшіліктен де арылғанша асықпын, бұл жалпы шеберлікті меңгеруге байланысты күрделі мәселе ғой. Сізге өзімнің аяулы ойымды, жоспарларымды ашайын: мен, сірә, азамат соғысының басқа майдандарының материалдарын да дәл «Чапаев» пен «Бүліктегідей» байыпты түрде, бүге-шігесіне дейін зерттейтін болармын. Сол материалды әбден баурап болған соң, ғылыми жағынан шыңдалып алған соң азамат соғысының эпопеясын жазамын. Онда анау екі кітаптағыдай тарихи дәлдікпен қолымды күрмемеймін, роман түрінде жазамын.Мен бұған дейін кемшіліктер жайында ғана айттым. Ал сіздің хатыңызда, Алексей Максимович, адамды сергітетін жолдар да көп. Сол жолдар мен үшін шипа дәрі тәрізді. Сіз менің қолымды қатты қысамын деген екенсіз. Сіздің қолыңызды мен де қатты қысамын. Ал бізге Россияға, екеуімізге де ортақ Советтік Россияға қайтып оралғаныңызда, біріміздің қолымызды біріміз шындап тұрып қысатын боламыз. Хош болыңыз, Алексей Максимович, хат жазғаныңыз үшін рақмет».

Он төртінші тарау

ҚЫЗМЕТ ҮСТІНДЕГІ ҚАЗА

Бұл күзде Фурманов жұмысты ерекше бір шабытпен істеді. Оңтүстікке барған сапарынан ол көптеген жол жазбалар әкелді. Ол енді әңгімелері мен очерктерінің «Теңіз жағалауы» атты жинағын баспаға әзірледі. Қара теңіз жағалауының әсем табиғат көріністерін суреттеумен, Адлер мен Афон, Гагры мен Батум тұрғындарының әдет-ғұрыптарын көрсетумен бірге Дмитрий Андреевич шығарманың тіліне аскан мұқияттылықпен, ерекше зер салды, дамыл таппай еңбек етті. Ұшқырлық, дәлдік, карапайымдылық – міне,

шағын әңгімелері мен очерктерінде ол осыған ұмтылды. Бұл салада ол көп нәрсе тындырды да. «Теңіз жағалауын» оқып шыққаннан кейін осы кітап жайында Горький былай деп жазды: «Бұл кітап алғашқы кітаптардан гөрі оқшауырақ танылады... ол сөз саптауының қарапайымдылығымен, сөз үнемділігімен және оқушыға баян етпек болған ойының жай-жапсарын автордың дәл білетіндігімен ерекшеленеді».

Көктемде, әдеби тартыс қызып тұрған кезде Фурманов көлемді жаңа шығарма – «Жазушылар» атты роман жазбақ болған еді. Онда ол 20-шы жылдардағы әдеби өмірді суреттеуді, партияның көмегі арқасында алдыңғы қатарлы жазушылар совет өкіметінің ашық та астыртын жауларына қарсы қалай күрескенін, жастарды қамқорлықпен қалай тәрбиелегенін көрсетуді ойлады. Дмитрий Андреевич романның көлемді жоспарын да жасап қойып еді. Ол кейбір көріністер мен эпизодтарды былайша ойлап қорытып қойды: «Жұмысшы үйірмесінің жиналысы», «Партия комитетінің мәжілісі», «Журнал редакциясында», «Жазушылар конференциясында». Ол кейіпкерлердің де көптеген сипаттамаларын жасады. Солардың ішінде алдыңғы қатарлы жазушылар да, совет өміріне жат әдебиетшілер де, әдебиетті төңіректеген алаяқтар да бар еді. Бұл кітап әшкерелеушілік қуаты күшті, өткір кітап болуға тиіс еді. Фурманов өзінің басты геройы – азамат соғысына қатынаскан совет жазушысы Павел Лужскийді партияға жат жандарға, азып-тозған декаденттік көркемөнер алдында бас иетін буржуазияшыл әдебиетшілерге, совет жазушысы деген атқа кір келтіретін халтурщиктер мен жырындыларға қарама-қарсы қоймақ болды. Дмитрий Андреевич алғашқы тарауларын жаза да бастап еді. Бірақ адам айтқысыз ауыр бақытсыздық оның жұмысын ойда жоқта бөліп кетті. 1925 жылдың 31 октябрінде Михаил Васильевич Фрунзе қайтыс болды. Бұл қаза бүкіл совет халқы үшін ауыр қаза болды. Ол Фурмановты да қатты күйзелтті. Ол түннің бір уағында Одақтар үйінің Колонналы залында Фрунзе табытының қасында құрметті қарауылда тұрды. Қайғылы марш сарыны боздай шығады. Жауынгерлік тулар қолбасшының табыты үстінде тағзым етіп, түсірулі тұр. Ұстазының әрі досының соншалықты аяулы жүзіне Фурманов көз алмастан қарайды. Оның ықтиярынан тыс көз жасы да баяу сорғалап барады.

Фрунзенің даусын енді қайтып естімеймін, көк көздерінің ашық жанарын енді қайтып көрмеймін, соншалықты жақын әрі үлкен де қарапайым адаммен енді қайтып кездесіп, қуаныш сезіміне бөленбеймін деген ойға ол өзін-өзі сендіре алмады. Михаил Васильевич Фрунзені жерлеген күні Фурманов Қызыл алаңда, Мавзолейдің жанында тұрды. Жұртқа лық толы алаң жым-жырт болып тына қалды.

Коммунистік партияның атынан Сталин Қызыл Армияның аса үздік қолбасшысы, жауынгер жолдас, жалынды большевикпен қоштасты. Асықпай, баяу ғана айтылған, ауыр қасіретке толы сөздерді Фурманов қатты әсерленіп, толқына тұрып тыңдады: «Өз заманымыздағы, – деді Сталин, – ең таза, ең адал және ең ержүрек революционерлеріміздің бірі Фрунзе сынды жолдастан айырылғанымызды ғана айтамын. Партия өзінің ең адал, ең тәртіпті басшыларының бірі Фрунзе сынды жолдастан айырылды. Совет өкіметі еліміз бен мемлекетіміздің ең батыл, ең ақылды құрушыларының бірі Фрунзе сынды жолдастан айырылды. Армия ең сүйікті, ең қадірлі басшылары мен жасаушыларының бірі Фрунзе сынды жолдастан айырылды. Россиялық Коммунистік партияның Орталық Комитеті маған Фрунзе жолдастың қайтыс болуына байланысты бүкіл партияның қайғырып отырғанын айтуды тапсырды. Менің осы сөйлеген қысқа сөзім бұл шексіз ауыр және көп сөйлеуді қажет етпейтін қайғыны хабарлайтын сөз болсын».

Москва Фрунземен қоштасқан күндері табыт басында тұрып Фурманов осы бір тамаша адам жайында кітап жазбақ болып өзіне-өзі уәде берді. Түнде Колонналы залдан қайтып келісімен жазу үстелінің қасына кеп отырды да, ол осынау қайғылы күндерде қайтадан еске түскен жәйттерді – Фрунземен талай рет кездесіп, әңгімелескені жайлы, оның жауынгерлік даңқты істері жайлы естеліктерін асығыс жаза бастады. Фрунзе туралы очерктер бірінен соң бірі туып жатты, олар болашақ кітаптың жекелеген тараулары тәрізді еді. Фрунзені жерлегеннен кейін бірнеше күн өткен соң, 1925 жылдың 13 ноябрінде «Правдада» Фурмановтың «М.В.Фрунзе жолдас Уфа түбінде» деген естелігі жарияланды. Бұл очерк Фрунзенің басқаруында азамат соғысына қатысқан жандарға арналған үндеумен аяқталды. «Уфа шайқастарының жауынгерлері, көзі тірі

жүргендерің аз ба, көп па? Сүзек ауруына, казак әскерлерінің қысымына түсе жүріп, сусыз шөл далада жүріп, Оралда ұзақ уақыт бойы шайқасқандарыңды да, пан шляхтасына қарсы аттанғандарыңды да білемін мен. Жүздеген тоқымашылар мен диханшылар кең жазира далада жер жастанып, сендердің жауынгерлік қатарларына жаңа адамдар қосылып жатты...

Ал көзі тірі жүргендерің, жас қабірдің басында өздеріннің сүйікті батыр командиріңмен бақылдасыңдар».

Әдебиет майданындағы тартыс толастаған жоқ. Жазушылар ұйымдарының басшылығына өтіп алған троцкийшіл екіжүзділер партияның Орталық Комитетінің әдебиет туралы қарарын сөз жүзінде мойындады, ал іс жүзінде олар адал совет жазушыларын қуғынға ұшыратты, Владимир Маяковскийге шабуыл жасады, әдебиетшілердің арасына жік салды, совет әдебиетінің дамуына бөгет жасап бақты. 1926 жылдың февралында пролетар жазушыларының Бүкілодақтық ассоциациясының Төтенше конференциясы шақырылды. Күн тәртібіне Фурмановтың аса маңызды баяндамасы қойылды. Дмитрий Андреевич бұл күндері науқас еді. Бірақ ол конференцияда сөз сөйлеуді, совет әдебиетінің жауларына қатты тойтарыс беруді қажет деп санады. Денесі күйіп-жанып, басы қатты ауырғанына қарамастан, ол мәжіліске барды. Дмитрий Андреевич өзінің баяндамасында партияның Орталық Комитетінің шешімдерін іс жүзінде орындауды талап етті. Бұл үшін ең алдымен пролетар жазушылары Ассоциациясының партияны алдап, біреуді біреуге айдап салып, екіжүзділік жасап жүрген басшыларын орындарынан түсіру керек дегенді айтты ол.

Дмитрий Андреевич мәжілістің аяғына дейін отыра алмады. Келесі күні оның денсаулығы күрт нашарлап кетті. Ол енді қорытынды сөз сөйлей алмайтын болды. Бірақ төсек тартып жатса да, ол күресін тоқтатпады. Оның науқасынан шошынған жолдастары бірінен соң бірі келіп жатты. Дмитрий Андреевич оларға қалай сөйлеу керектігін, ең алдымен қандай шешім талап ету қажеттігін айтып, ақыл-кеңес берді, оларды принципшіл, бекем болуға үндеді. Фурманов конференцияға хат жолдады. Ол партияның Орталық Комитетінің әдебиет туралы шешімдерін сөзсіз орындауды талап етті. Оның ауруы барған сайын асқынып, меңдей түсті. Дмитрий Андреевичтің өміріне қауіп төнді.

Достары оның тыныштығын сақтауға тырысты. Бірақ жаулары дамыл таптырмады, көңіл білдірген боп көлгірсіп, оның әбден діңкесін құртты. Фурмановтың үйіне оған дұшпан әдебиетшілердің бірі келді. Дмитрий Андреевичтің қарындастары мен Анна Никитичнаның оны кіргізгісі келмеді. Бірақ келген кісіні даусынан таныған Фурманов онымен кездестіріңдер деді. Тік келіп, айтысып қалғаннан кейін, келген адамның дөрекі қылығына қатты ызасы келген Фурманов оның тайып тұруын талап етті. Сол күні кешкісін Дмитрий Андреевичтің температурасы қатты көтеріліп кетті. Ол есінен танды, сандырақтап, әлдекайда ұмтылып:

– Жіберіңдер мені, жіберіңдер... Мен әлі айтарымды айтып, істерімді істеп болғам жоқ... менің істейтін ісім әлі де көп!..– дей берді...

Екі күн өткен соң, 1926 жылдың 15 мартында, кешкі сағат тоғызда Дмитрий Андреевич Фурманов дүние салды. Ол бар болғаны 34 жаста ғана еді. Баспасөз үйінің залына, Дмитрий Фурмановтың ашық та күшті даусы талай рет саңқылдаған залға онымен бақылдасу үшін ежелгі, айнымас достары – Иваново-Вознесенскіліктер, чапаевшылар, кубаньдықтар келді... «Чапаев» пен «Бүлікті» оқыған, коммунист-жазушыны қалтқысыз сүйген жандар дамылсыз ағылып келіп жатты.

Табыттың қызыл матамен көмкерілген бет тақтайының үстінде қыршыннан қиылған осынау өмірдің қорытындысы тәрізді болып әскери көне сапы жатыр. Қасында жаңа ғана басылып шыққан кітап тұр. Содан кейін туысқандары мен достары артиллерия лафетіне салып Фурмановты Новодевичье бейітіне ең ақырғы сапарға шығарып салды.

ВКП(б) Орталық Комитеті мен Ленин комсомолының Орталық Комитеті, Революциялық соғыс советі, әдеби ұйымдар талантты совет жазушысының қайтыс болғанын халыққа қайғырып хабарлады. Дмитрий Фурманов жерленетін күні «Правда» ол туралы «Революция суреткері қайтыс болды» деген атпен көлемді мақала басты. «Ол арамыздан кетті, – деп жазды осы мақалада Александр Серафимович. – Арамыздан кетті және өркен жайып үлгірмеген болашағын өзімен бірге ала кетті. Арамыздан кетті, бірақ өзінің көркем творчествосымен бізге: жанды өмір туралы, бусанып тұрған өмір туралы ғана жазыңдар – суреткерді жаза бастырмас жол осы ғана деп тұрғандай... Оның кітаптары қалай

жазылған? – Қатал да қарапайым жазылған, берік өрілген. Оның кітаптарынан өзінің ақыл-ойын кітапхана саясында дамылдамай, зеңбірек оғының арасында жүріп шыңдалған марксист адамның дүниені қалай тануы айқын көрініп тұрады». Дмитрий Андреевич Фурманов қайтыс болған соң бір айдан кейін, шалғай Италиядағы Горькийден тағы да хат келді. «Дүние жақсарып келеді, – деп жылы шыраймен жазыпты Алексей Максимович хатын Анна Никитичнаға. – Сіздің күйеуіңіз сияқты бала бүркіттер дүниеде барған сайын көбейе түсуде... Фурмановтан айырылғанда біз әдебиетімізде көп кешікпей құрметті орынға ие болатын адамды жоғалтқанымызға мен шүбәланбаймын. Ол көпті көрді, сезімтал еді, алғыр, ақылды еді. Бұл қаза мені қатты қапаландырды». Сегіз жыл өтті. Дмитрий Фурмановтың кітаптары қайта-қайта басылып шықты. Миллиондаған оқушылар оның шығармаларына үніле отырып, ауыздығымен алысқан жүйрік атқа мініп алып, соғыстың ең қатерлі жерлерінде жүйткітіп жүрген Чапаевты бейнебір көргендей, комиссар Клычковтың қызыл әскерлер митингісінде сөз сөйлеген сәттегі қажырлы, байсалды даусын естігендей, көшпелі сахнадағы спектакльді чапаевшылармен бірге көргендей болатын, бес мың адамнан құрылған бүлікші тобырға бетпе-бет қарсы тұрған коммунист Фурмановтың батылдығы мен шыдамдылығына қайран қалысатын. Олар жазушының кітаптарынан күресіп жатқан халықты, әр жауынгер мен командирді өз көздерімен көріп, адамдардың дәл бір өмірдің өзінен алынғандай кейде дөкірлеу боп келетін өткір, бірақ ойлы да айқын сөздерін естігендей болды. Сол сөздер ыза мен жиренішке, наз бен ренішке, үміт пен қасіретке – қарапайым жандардың аяулы сезімдеріне толы еді. Дмитрий Фурманов шығармаларының беттерінен жас құрақтың дымқыл ауасының, даланың аңызақ желінің, түтеген боранның лебі ескендей болатын. Чапаев, Клычков, Кожух, Чумалов, Левинсон, Давыдов, Корчагин сияқты коммунизмнің өлмес-өшпес идеяларымен рухтанған жаңа геройлар жас совет әдебиетінде бірінен соң бірі туып жатты. Тұңғыш совет жазушылары жасаған жаңа геройлардың сипаттарын көргенде, оқушылар өткендегі орыстың ұлы жазушыларының шығармаларындағы патриоттардың батырлық бейнелерін, Горькийдің тамаша геройларын еске

түсірді. Чапаев, Кожух, Клычков, Левинсон, Корчагин – бір туыскан ағалы-інілі жандар екенін окушылар да ұғынды. Павка Корчагиннің қолына «Бүлік» романын ұстап жатуы, Валя Брузжак пен оның жолдастарының ажалға карсы бара жатып, коммунист Фурмановтың ерлік өсиетін еске алуы тегін емес. Солардың бәрін совет жазушылары шындық өмірден кездестірді. Сол жазушылардың ең тұңғыштарының бірі болып Дмитрий Фурманов өз геройларын көре білді және шынайы суреттей алды.

1934 жылдың ноябрінде ұлан-байтак Отанымыздың қалалары мен поселкелерінің көшелері, селолары мен деревнялары мерекелі салтанатқа бөленіп тұрды. Кинотеатр маңы ығы-жығы адам. Экраннан «Чапаев» фильмін көргендер қатты әсер алып шығып жатыр. Кинофабрикалар фильмнің жаңа көшірмелерін зорға деп қана басып үлгеріп жатты. Бір жылдың ішінде картинаны отыз миллионнан артық кісі көрді. Суреткер Фурманов соншалықты шынайы суреттеген тапқыр да батыл, қызу қанды Чапайды совет адамдары енді экраннан көрді. Олар дивизияның бүкіл өміріне бағдар беріп отырған Коммунистік партияның зерделі қызметіне таңданды, комиссар Фурмановтың оралымдығы мен қажырлылығына сүйсінді. Чапаевтың талантты, айқын тұлғасы әсіресе қатты қызықтырды. Фильмді жасаушы суреткерлер – сценарийдің авторы, режиссерлер, артистер Чапаев образы арқылы халықтың таңдаулы сыпаттарын көрсетті. Чапаевшылардың күшті де қатал, қасақы жауға қарсы батырлық күресі көрушілерге күшті әсер етті. Бұл тамаша фильм Дмитрий Фурмановтың кітабы бойынша жасалды. Кейде повестің жекелеген жолдары фильм авторларының тұтас көріністер ойлап табуына мүмкіндік берді. Чапаевтың өз командирлерін картоп пен сіреңкені пайдаланып, соғыс тактикасына үйрететіні туралы көрініс немесе ақ гвардияшылардың «психикалық» шабуылы, әйтпесе чапаевшылардың айбынды шабуылының суреттері кімнің есінде жоқ! Фильмнен коммунизмге карай ұмтылған сапарында ешқандай тоскауылды білмейтін совет халқының ұлы қуатының лебі есетін. Фурмановтың батырлық кітабын шетелдерде де басып шығарды. Бұл кітап Италияда, Францияда, Англияда, Испанияда бірнеше рет басылды. Қытайдың ұлы жазушысы Лу Синь оны қытай тіліне аударды.

Сол бір жылдары Европаға көрінеу қауіп туды. Германия мен Италияны билеп-төстеген фашистер сес білдіріп, мылтық кезенді. Испан республикасының халқы фашист бүлікшілерге қарсы шайқаска аттанғанда, дүниежүзінің сан-сан елдерінен мыңдаған алдынғы қатарлы жандар соған жәрдемге ұмтылды. Еріктілердің интернационалдық батальондары революцияның даңкты жауынгерлері мен ерлерінің есімдерімен аталды. Дмитрий Фурманов атындағы батальон Испанияның азаттығы үшін шайқаска кірді. Майданның енді бір жерінде Чапаев атындағы батальон белдесіп жатты. Олар шайқас кезінде мынадай жауынгерлік ән шыркады:

Чапаевтың ұлдарымыз
Шыққан қарсы Гитлер-жауға.
Франконы құртамыз біз,
Батальон, бас, бас алға!

Испан ақыны Хозе Эррера соғыс комиссары туралы өлең жазды. Ол өлең бүкіл майданда шыркалды:

Шынығып шықтың да сен майдан-дудан,
Басқаға үлгі болды ерлік тұлған.
Испанның Фурмановы үздік туған,
Бір сенсің Чапаевты шынықтырған.
Жеңістерге ұрандап жауынгерді,
От-жалынның дариясын белден кешіп,
Соңына ертіп қайтпайтын талай ерді,
Ұран тастап кояды: «Алға!» – десіп.

Дамыл алған сәтте, ауыр шайқастардың ара-арасында жауынгерлер атакты совет фильмін көрді. Өз Отанының азаттығы жолындағы, совет елінде бақытты өмір орнату жолындағы совет халқының қиын да ұлы күресінің экрандағы жанды көріністері Испан республикасының күрескерлерін рухтандырып отырды. Бақайшағына дейін қаруланған офицерлерді түре куған чапаевшылар республикашылардың жеңіске деген сенімі мен ерлігін шыңдай түсті. Фурмановтың неміс және испан тіліне аударылған кітабын олар қолдарынан тастамайтын.

... 1941 жыл. Еліміз үшін қаһарлы күндер туды. Фашистер өз әскерлерін еліміздің шекарасына әкеліп төкті. Бүкіл халық Отанды қорғауға аттанды. Басқа жазушыларымыздың геройларымен бірге Дмитрий Фурманов кітаптарының кейіпкерлері де совет адамдарының ауыр күресте жеңіп шығуына көмектесті. Олар коммунистік партия бастаған халықтың жеңілмес күшіне деген сенімді нығайтты. Олар Отанды жанкиярлықпен сүюге, фашистерді жек көруге, қайсарлыкка және ерлікке баулыды. Қалаларда Қызыл Армияға жәрдемдесіп, Отанды қорғауға аттанған ерікті жасақтар отрядтары құрылды... Иваново-Вознесенскіде азамат соғысы жылдарындағыдай жұмысшы полкы құрылды. Оған Дмитрий Фурмановтың есімі берілді.Сескенуді білмейтінсоветпартизандарынанүрейіұшқанфашистеркейде ара-тұра Чапаевтың есімін есітетін. Ұлан-асыр майданның әр тұсынан бір жарқ еткен бұл есім Гитлер әскерлерінің зәресін алды. Жорық пен жеңістің данқына бөленген бұл есім көптеген партизан отрядтарына берілгенін жау командованиесі сезген жоқ. Ол отрядтар халық батырының есіміне абыроймен ие болып жүрді. Чапаевшылардың партизандық отрядтары жауға бас көтертпей соққы берді, соғыста аянбай шайқасты, колға түспей коршаудан шығып кетіп жүрді. Олар чапаевшылардың жауынгерлік данқын өсіре түсті. Біздің Отанымыз әлдекашан-ақ нағыз қуатты социалистік ел болып алған еді. Отрядтардағы жауынгерлер де азамат соғысы жылдарындағыдан мүлде басқаша жандар болатын. Әйтсе де қысылшаң сәтте комиссар Фурманов олар үшін нағыз коммунистің өнегесі болды.

Коммунистік партия бастаған совет халқы фашистік әскерлерді тас-талкан етіп жеңіп, шетелдердегі бауырлас халықтардың фашистік бұғаудан азат болуына жәрдем еткеннен кейін, Албаниядағы, Болгариядағы, Венгриядағы, Польшадағы, Румыниядағы, Чехословакиядағы, Қытайдағы совет әдебиетінің сан миллион жаңа окушысы Дмитрий Фурмановтың кітаптарынан социалистік Ұлы Октябрь революциясы тарихының шынайы беттерін окыды. Коммунист-жазушының қолымен жазылған бұл данкты кітаптар совет әдебиетінің тарихын айқын танытады. Олар әлем әдебиетінде өлмес-өшпес жаңа образдар жасаған тамаша суреткердің қаламынан шықты. Ол өмірді көріп, ұғына

білуді Коммунистік партиядан, ал оны суреттеуді көркем сөздің ұлы шебері Максим Горькийден үйренді.

Дмитрий Фурмановтың кітаптары казіргі күнде де өмір сүре білуге баулиды. Бұл кітаптар бар күш-куатты бейбітшілік үшін, халықтардың бақыты мен достығы үшін күреске, коммунизм құрылысына арнауға үндейді.

АВТОРЛАРДАН

Коммунист-жазушы Д.А.Фурмановтың өмір жайында жас өспірімдерге арнап кітап жазғанда, біз оның бай әдеби мұрасын – көркем шығармаларын, хаттары мен көптеген жазбаларын, күнделіктерін пайдаландық. Жазушының творчестволық өмірбаяны бұл материалдардан мол аңғарылады және жазушының көптеген жазбалары туған-туысқандарының, жақын адамдарының естеліктерімен орайлас келіп, өлмес-өшпес сөздей, оның тікелей өз сөзіндей болып естіледі.

Біз А.Н.Фурмановаңың, Г.Горбуновтың, генерал-лейтенант Ф.Ф.Новицкийдің, С.А.Сиротинскийдің Дмитрий Андреевич Фурмановтың өмірі мен творчествосы жайындағы естеліктерін, жариялаған материалдарын және басқа да көптеген еңбектерді пайдаландық.

Осы кітапты жазуда өздерінің әсерлі естеліктерімен және ақыл-кеңестерімен достық көмек көрсеткен жазушының туысқандары – С.А.Фурмановаға, Е.А.Фурмановаға, А.А.Фурмановаға, А.А.Фурмановка және жазушының жауынгер досы – Совет Одағының Батыры, генерал-полковник Н.М.Хлебниковка біз айрықша алғыс айтамыз.

«Өмір деген – күрес»
Д.Фурманов

Орысшадан аударған Айқын Нұрқатов

ВЕНГЕР ӘҢГІМЕЛЕРІ

Баспадан

Бұл жинаққа енген әңгімелердің дені кеңес армиясы бостандық әпергеннен кейінгі Венгрия өмірінде орын тепкен ұлы өзгерістерді бейнелеуге арналған. Бұл жинақтағы әңгімелер венгер халқының жаңа демократиялық құрылысты орнату жолындағы күресін сипаттайды. Оқушы бұл жинақтан әдебиетте алғаш көрінген авторлармен қатар, Венгрияның – Шандор Гергель, Петер Вереш және Пал Сабо сияқты жұртшылыққа аты әйгілі прогрессивті жазушылардың да шығармаларын кездестіреді. Жинақ Шандор Гергельдің «Ер соңымнан!» деген әңгімесімен ашылады, автор бұл әңгімесінде венгер жұмысшы табының сана-сезімінің өсуін көрсеткен. Иштван Карцагтың «Сашка» деген әңгімесі кеңес армиясының Венгрияны азат еткен кездегі совет халықтары мен венгер халқының берік достығының ерекше бір ізгі қасиетін суреттейді, бұл әңгімеден оқушы кеңес армиясының адамгершілік қасиеттері туралы автордың шын көңілмен беріле суреттеген жерін сүйсініп оқиды. Петер Верештің шығармасында Янош Данко жалшының қаратүнек өмірі және венгер коммунистерінің, реакцияның құдалауына қарамастан, деревняның кедейлер бұқарасын өз жағына үйіріп алып, оларға жақсы тұрмысқа жетудің жолын сілтей алғандығы жайында айтылады. Бұдан соңғы: Лайош Мештерхазидің «Ферте көлінде», Имре Варганың «Өмір қатал, бірақ тамаша» және Иштван Надытің «Жер жаңғағы» деген әңгімелерінде венгер деревняларының жайы сөз болады. Әдебиет майданына тіпті жақында ғана араласа бастаған бұл жазушылардың әңгімелерінде – бүкіл деревня өмірінде жартылай феодалдық жер иеленушілік жойылып, жер реформасын жүргізуге мүмкіндік алған ұлы өзгерістер туралы айтылған. Бұл әңгімелерден азат етілген елдің ауылшаруашылығына еңбектің коллективтік түрін енгізуге реакция сұрқияларының жанталасып қарсы шығу фактілерін оқушы анық көреді. Дьердь Деридің «Жаңа қызметі» мен Ференц

Киринтидің «У» деген әңгімелері – қазіргі Венгрия өмірінің аса маңызды тақырыптарына арналған. Бірінші әңгіме – басшы қызметке өндіріс жұмысшыларын тартуға арналса, екінші әңгіме инженер-техникалық саладағы интеллигенцияның санасын жаңғыртуға арналған.

Бұл жинақ оқырманды зор сеніммен ілгері ұмтылған венгер халқының өмірімен таныстырады.

Шандор Гергель

ЕР СОҢЫМНАН!

Қаланың шет жағында, үлкен автобазаның маңында бау-бақшалары бар кішкене үйлер тұратын. Сол үйлердің бірінде, кешкі алакөлеңкеде үй ішінің адамдары асқа отырысты. Жұмыстан жаңа ғана келген еркектер үгітіліп тұрған жүгері наны мен қатықсыз картоп сорпаны көңілсіз ішуде. Столдың төр жағында Ференц Кирай кәрия отыр. Ол елу алты жаста. Бірақ жүзіне қараған кісі оны алпыста, тіпті одан да асқан шығар деп ойлап қалармыктай. Соңғы күндерде ол өте картайып кетті. Әйелі оның мына түрін көріп, ауру болмаса неғылсын деп тынышсызданумен болды. Бірақ Кирай ондай сөзге қолын бір-ақ сілтейтін. Жоқ, оның дені сап-сау, ол ешуақытта аурып көрген емес; бәрі жұмыстың көптігінен. Соғыс болса мынау. Ал соғыс уақытында алыс тылда жүрген адамның жұмысты көп істеуінде, әбден ашығуына да тура келеді. Бәрі осыдан. Қарттың тамаққа зауқы шаппай отырғанын көрген әйелі: «Жоқ, бұл шынында да ауру» – деген тоқтамға келді.

– Сен неге тамақ ішпей отырсың. Әлде сорпа дәмсіз болып, көңіліңе жақпай отыр ма? – деді әйелі. – Май жоқ, не амал істерсің, тіпті ешкімде де жоқ. Көршілерімізде де түк жоқ, – деп әйелі ренжіп, жылап та жіберді. Балаларының сорпаны ашқарақтана ішіп жатқанын көріп, әкесі де қолына қасық алды. Шешесі жылауын тоқтатып, оларға үнсіз караумен болды. Бөлмедегі меңіреу тыныштықтан қасықтардың тықылдағаны ғана естіледі. Бәрі тамақтанып болғаннан кейін, әйелі тарелкаларды жинап, дастарханды

сыпырып алды да, ыдыстарды жуып-шаю үшін казан жакка кетіп калды. Оңаша калған еркектер өздерінің ойы мен күдігін, кегі мен ызасын ортаға салып, ашық әңгімеге кірісті. Әйелдің көзінше мұндай әңгіме айтуға болмайды. Әйтпесе, ол жылап-сыктаймын деп полицияға сездіріп алуы сөзсіз. Ал қазір, соғыс жүріп жатқан уақытта, армияда қызмет етуден уақытша босатылып отырған адамға қауіп күшті. Қайткен күнде де бұл үйде не болып жатканын ешкімге білдірмеу керек. Бұл үйдегі еркектердің біразын бір құпия жағдайдың тынышсыздандырғанына бірнеше күн болды. Бір күні жұмыс аяғында, қарулы солдаттар тұрған қакпадан жұмысшылар шығып жатқан кезде, Кирай картқа бір таныс шофер келді. Ол сыбырлап қана: жоғарғы жақта, тау ішінде бүкіл аймақтан жиналған жұмысшылар мен ағаш кесушілер, венгерлер мен закарпаттық украиндықтар бірнеше күннен бері жандармдармен соғысып жатыр дегенді айтты.

– Соғыс деймісің? – деді Кирай таңданып. – Не үшін соғысады? Не болыпты?

– Не деймісің? Айта қаларлықтай ештене жоқ. Бұдан бір ай шамасы бұрын оқ-дәрі тиелген поезды біреу жолдан тайдырып құлатыпты. Өткен аптада сол жолдың бойындағы көпірді тас-талқан қылыпты. Ол көпірдің үстімен азық-түлік тиеген эшелон өтіп барады екен.

– Мен бұл жайында естігенмін. Бірақ бұған ағаш кесушілердің қандай қатысы бар? Және олар сол үшін жандармдармен неге соғысады?

– Өйткені осы бүліншіліктің бәрін жандармдар солардан көреді.

– Ал олар мұны мойындамай ма?

– Әрине, мойындамайды, – деді шофер күлімсіреп. – Бірақ жандармдар оларға сенбейді. Тауға бір взвод әскер жіберіпті. Әскерлерге олар бөрене құлатып, тас лақтырып, тіпті мылтық та атыпты.

– Солай ма? – деді карт таңданып. – Бұлары тіпті өрескелдік екен. Жандармдар ағаш кесушілерге жайдан-жай тиіспейді ғой, шынында да, жаңағылардың бәрі сол ағаш кесушілерден келген екен. Ал оларға қару-жарақ қайдан келді? Олар оны қайдан алып жүр? Қайдан? Тек қарсы жақтан ғана алулары мүмкін.

Ференц карт иығын бір құныстырды да, кетуге ыңғайлана беріп еді, шофер оны токтатып: – Шайкаска шыккан жұмысшылар мен шаруаларды басқарып жүрген – Миклош... – деді акырын ғана.

– Миклош деймісің? Қай Миклош? – деді Кирай тандана түсіп.

– Миклош Кирай. Сіздің балаңыз...

– Менің балам! – Карттың өні сұп-сұр болып кетті. – Бұл... бұл мүмкін емес.

– Әбден мүмкін, – шофер оған жакындай беріп: – Мен оның өзімен сөйлестім де,– деді сыбырлап.

– Ал ол екі жылдан бері Америкада ма, әлдекайда бір жерде жүр еді ғой...

– Ол Америкада емес, ана жакта, – деп шофер өзеннің арғы бетіндегі әлі де болса, аспанмен таласкан шоқтығы батып бара жатқан күннің шұғыласынан қызыл арайланып тұрған Бескид тауын нұскады.

Үйге келген соң, әйелі кешкі тамакты дайындап жүргенде, карт бұл жаңалықты балаларына айтты. Әкесінің хабары оларды естен тандырғандай болды. Ұнжырғасы түсіп, үнсіз отырысып қалдым. Кіші ұлы, жиырма жасар Дюрий бәрінен бұрын акылына келіп:

– Миклош деймісің? Ой, тәнірім-ай! – деді ол күбірлеп. Еріндері жыбырлап кетті.– Енді біз, біз не болар екенбіз? Оның мұндай пәлеге килікпей, өз жайына жүргені жаксы еді ғой. Енді Миклош құрыды дей бер. Ол жынданған екен. Я, я, есінен әбден айырылған екен. Сұмдық! Мұндағылар біліп калса, біздің күніміз не болар екен? Бізді түрмеге отырғызады. Ол анык. Ол үшін барлығымыз отырамыз.

Әкесі үрейі ұшып, қорыкканнан боп-боз болып кеткен баласының бетіне карады. Бұл бала кімге тартып жасканшак болып туды? Әке-шешесі ешуакытта мұндай болған емес! Соншама қорыккаңы қалай? Және бәрінен бұрын өз камын ойлайды! Үлкен ағасы Миклошты ол әрдайым жактырмайды. Әлде Миклоштың ерекше туғандығынан, болмаса, оның бұл жерден кетіп калғандығынан ба екен. «Миклош неге кетті? Оның үйде калуына да болатын еді, автобазадан жұмыс та табылған болар еді. Үй ішінің табысы да молая түсер еді». Карттың кенже баласын, әсіресе, ыза кылған осы соңғы ой

болатын. Ол тек қаржы жинап, жеке үй сатып алуды ғана ойлайтын... болса, мұның жаратылысы тіпті басқаша адам еді. Ол батыл бір тоқтамға келді де, кетіп қалды. Содан бері екі жылдай уақыт өтті. Миклоштың қайда кеткенін ешкім де анық білмеді. Бірақ көп адамдар оны Россияға кетіп қалды десіп жүрді. Кирай карт баласының Америкадан келген хаттарын жұртқа көрсетіп, боска әуреленген екен. Бірақ жұрт оған тек күлімсіреп қана қоятын. Миклош ақылды, жаксы жігіт еді. Рас, сәл қызбалау мінезі болатын. Ортаншы ұлы Михай да Миклошка онша ұсамайтын еді. Ол үнемі алды-артын аңдып жүретін жуас жігіт болатын. Қазір де солай. Дюрийдің ашуын басуын күтіп, ол ақырын ғана былай деді:

– Сен тым көп мылжыңдап кеттің! Миклош – біздің ағамыз да және әжептәуір адам ғой. Егер ол тауда болса, сол жұмысты басқарып жүр деймісің...

– Көтерілісшілерді басқарып жүр, – деді Дюри шыдай алмай.

– Жаксы, сеніңше, солай-ақ болсын, көтерілісшілерді басқарсын. Бірақ, меніңше, олар сен ойлағандай бүлікшілер емес, белгілі идеясы бар адамдар ғой деймін, әйтпесе олар өмірлерін құрбан етпеген болар еді... Жә, жап аузыңды, қазір мен сөйлеп тұрмын! – деп айқайлап жіберді ол, өзінің сөзін бөлмекші болған інісіне. – Қысқасын айтқанда, егер бұл адамдар Миклошты өздерінің көсемі деп таныса, онда біз ағамызды мақтан етуіміз ғана керек.

– Банда ғана солай деп таниды...

– Білгішсіне берме, – деп Михай қызыл өнеш болуға дайын отырған інісін ақырып тоқтатып тастады. – Бұл «бандадағылар», қатарына әрбір саналы адам барып қосылуға лайық адамдар. Олар неміс фашистеріне және оларға қызмет етіп жүрген венгер надзирательдеріне қарсы шығып отыр.

– Өз Отанына карсы, – деді Дюри қыстырыла түсіп.

– Жоқ, тіпті олай емес! – Михай ашуға булығып, столды жұдырығымен салып қалды.

– Ақырын! – деді карт әңгімеге өзі килігіп. Сөйтіп жанжал тына қалды. Олар қайтып Миклош туралы да, ағаш кесушілер жайында да сөз еткен жоқ; бұл хабарлар жалған боп шығар деп, әркім іштей үміттеніп жүрді.

Бірақ ертеңіне қалалық гарнизон соғыс дайындығына кірісіп, автобаза мен қоймалардың маңайындағы күзетті күшейтті. Ал жұрт болса: орманда жасырынып жүрген көтерілісшілер өздеріне қарсы жіберілген жандармдардың бір взводын түгелдей құртып жіберіпті, десіп жүрді. Жаңа хабар карт Кирайдың және оның екі баласының есін шығарды. Олар өлім жазасына кесіліп қойылғандай өз өмірлерінің соңғы минутін күтумен болды. «Көтерілісшілердің көсемі Миклош екендігі айқындалса-ақ болды, оның туыскандарының да өмірі бітеді» – деп ойлады олар. Әкесі столдан әрең тұрды да, асханаға кетті. Плитаның үстінде кешке жуыну үшін су құйылған үлкен күбі тұрған. Ол әйеліне жақындап келіп, оның әрекеттеніп, әбігерленіп жүргеніне үнсіз қарап тұрды да, қолын әйелінің басына еріксіз апарып, оның шашынан сипап, еркелеткендей болды. Әйелі ыдыс жууын тоқтатып, ерінің көзіне тесіле қарады.

– Немене? Саған не болған? – деді әйелі.

– Бірдеңе болды ма?

– Ой, не болсын, дәнеңе де жоқ, – деді ренішті Кирай. Неге шошынасың... Не бола қоятын еді! Мен сенің шашыңды сипасам, бірдеңе болуға тиіс пе? – деп ол күле сөйледі.

Терезе сыртынан асыға басқан аяқ дыбыстары естілді. Карт үрейлене тыңдай қалды да, бөлмеге қарай асыға жөнелді. Ол есікті ашып кіріп келгенде, столдың жанында бір аға лейтенант офицер тұр екен. Қасында гараждың бастығы, жасақшылар лейтенанты бар. Есік алдында темір каска киген қару-жарағы бар екі солдат сіресіп тұр. Кирай карт олармен амандасты. Гараждың бастығы офицерге: – Кирай ата және оның балалары – гараждағы, тіпті бүкіл аймақтағы жақсы шоферлер, – деп түсіндіре бастады. – Олар ағаш тілетін комбинатқа апаратын жолды бес саусағындай біледі. Олар ол жаққа машинаны тіпті көзін байлап қойсаң да алып бара алады. Офицер картқа және оның балаларына зер сала қарады да, содан кейін картқа:

– Сіз көптен бері шофер болып істейсіз бе? – деді.

– Отыз бес жыл болып қалды.

– Қысқасын айтқанда, шоферлар семьясы екен ғой.

– Я, осы мамандыққа өз балаларымды да үйреттім. Өздерін асырап-сақтап өсіруіме жәрдем тиіп жүрген жұмысты олар да қадірлей білсін деп ойладым.

Мақтанарлық, мақтанарлық екен, – деп офицер басын изеді. – Ал, қазір ше... ағаш тілетін комбинатқа апаратын жолды сен өзің де, балаларың да – бәрің жақсы білесіңдер ме, осыны айтшы? Қарт қысылғаннан қызарып кетті. Ол өзінің бүлікшіл баласын есіне алды. Ол көтерілістен гөрі Миклош туралы, өзінің ең сүйікті баласы туралы ойлады. Ешбір айылын жимастан қарт кісіге «сен» деп жекіре сөйлеп тұрған мынау аға лейтенант, мүмкін Миклошпен жасты да болар.

– Не болды? Неге үндемей қалдың? – деді офицер гараждың бастығына қарап. – Сірә, бұлар жолды онша жақсы білмейтін болулары керек?

– Жоқ, білеміз, – деді Ференц Кирай, салқын жауап бере, дірілдеген қолымен бурыл тартқан шашы мен маңдайын сипай түсіп.

– Офицермен сөйлескенде сіресіп тұруға керек! – деп аға лейтенант кенет ақырып жіберді. – Үстінде жай киімің бола тұрса да – солдатсың. Мұндағылардың барлығы да солдат. Қарт шегініп кетіп, дандайсыған немеге таңдана қарады.

– Бұдан жиырма бес жыл бұрын, – деді қарт ақырын, – майданда екінші рет жараланған кезімде, сіз әлі... – Кирай: «Дүниеге әлі келген жоқ едіңіз» демекші еді. Бірақ оны айтып үлгірместен офицер бір қолымен оның жағасынан ұстап алды да, жұдырығымен шекеден салып жіберді. Қарт тәлтіректеп кетті. Балалары әкесіне қарай ұмтылды. Әйелі аруақтай болып есік алдында қалтиды да қалды. Гараж бастығы долданған офицерге үрейлене қарап:

– Бастықпен қалай сөйлесуді сізге бұрын ешкім үйретпеген болса, мен тезірек үйретейін. – Ол темекісін тартты да, ағайынды жігіттерге қарап: – Екі сағаттан кейін жүреміз, ағаш тілетін комбинатқа барамыз... Сен екеуің менімен бірге барасыңдар. Ауыр жүк апарамыз, – деді.

– Қандай жүк? – деді Дюри жасқанып. Офицер оны окты көзімен атып:

– Сұрақ беруші болма! Мұны басың тасқа тигендей ұмытпа... – деді ол, жұдырығын қайтадан түйіп алып, балаға төніп барды да, бірақ оның үрейі ұшып, жасқанған түрін көріп тоқтай қалды. Енді ол ашуынан қайтқандай жайымен сөйлеп: – Естеріңде болсын, сендердің сұрақ беруге хақыларың жоқ, тек сұраққа ғана жауап берулеріңе болады, – деп сөзін бітірді. Гараж бастығы офицерге жарамсақтана: – Шофер

жүк жайын сұрағанда, машинаның шапшаң жүруі жүкке байланысты екенін айтқаны, – деп жайып-шуа бастады.

– Е, солай ма еді! Онда дұрыс. Тыңдаңдар ендеше, – деп аға лейтенант ағайынды жігіттерге таянды.– Жүк дегеніміз – солдаттар. Ағаш тілетін комбинатқа барамыз. Бірақ жұрт жүретін жолмен емес, ескі жолмен барамыз. Бүлікшілердің ту желкелерінен түсуіміз керек. Екі сағаттан кейін жөнелеміз. Ол уақытқа дейін ешқайда шықпайсыңдар, өздеріңе ешкімді келтірмейсіңдер де! Ал жолда бірденеге ұшырататын болсаңдар, онда мынаны танып қойыңдар... – ол пистолетін суырып алып, зәрелері ұшқан жас жігіттердің көз алдарына таяп, нұқып қойды. – Сөйтіп, екі сағаттан кейін жүреміз. Ол бұрылды да, ләм деместен шығып кетті.

Шешесі еңіреп жылап қоя берді. Ұлдары әлдекандай жарлық күткендей, әкесінің жанына келіп, қатарласа тұрысты. Карт оларға қайғылы жүзбен қарады да, терезеге карай бұрылды.

– Тездетіңдер, балалар. Екі сағат уақыт деген тез өте шығады.

– Мен бармаймын, – деді Михай.

– Қалайша бармайсың? Бұйрықты орындамасаң, сені атып тастайды, – деді Дюри қатулы үнмен.

– Мейлі, ата берсін. Атып тастағаны жақсы, бірақ...– Оның Миклошқа қарсы шықпаймын дегісі келіп еді, бірақ есік алдында жылап тұрған шешесін көріп жым болды.

– Атып тастайды, – деді Дюри қайталап. – Бұйрықтың аты– бұйрық. Мұнда сен оған ешбір айла ете алмайсың. Әкесі ерегіскен балаларының сөздерін тыңдап отыр. Карт катты ерегістің тынғанын көріп, ендігі кезек өзінікі екенін ұқты: балалары әкесінен ақыл, кеңес күтіп оған қадала қарап, керекті сөздер күтулі.

– Екінің бірі, – деді карт тебіреніп, – біз не бұйрықты орындаймыз, не бас тартамыз да...

– Егер мен машинаны жүргізбесем, – деді Дюри тұтыға сөйлеп, оның сөзін бөліп, – рульге басқа адамды отырғызады. Мен онан түк те бітіре алмаймын. Бұйрықты орындамағаным үшін мені атып тастайды, олар бәрібір ойлаған мақсаттарына жетеді.

– Басқа жол, басқа тоқтам табуымыз керек. – Ол бізде бар,– деді Михай сөзін ақырын бастап. Шешесі әңгімесін

естімесін дегендей, ол асханаға қарай шығатын есікті жауып, қайтып оралды да әкесіне: – Оларды ол жаққа жеткізбеуіміз керек.

– Бұл мүмкін емес! – деді Дюри айқайлап.

– Жоқ, мүмкін.

– Анғалдық. Сен бұған қалай бөгет бола аласың? Егер олар солай өтуді қалаған болса, ол жаққа бара да алады. Сенін тоскауыл жасағың келе ме? Кім едің сен? Құдай ма едің?

Михай әкесіне тағы қарады. Қарт олардың керісін зер сала тыңдады. Ол ұлдарының бір-біріне ұқсамайтын бірбет мінездерін жақсы білетін. Кенжесі жуас еді. Ол керекті жерінде ылғи бастықтарға жол беріп жүреді. Бірақ ол оның қорқақтығынан емес, тек мырзаларға құрмет көрсетуге дағдыланғандықтан еді. Ал оның қазір күйіп-пісіп отырғаны ілгері талпынып, өсуге бой ұрғандықтан болуы керек. Өйткені ол келешегінен қорқады. Сол үшін ол бар нәрсеге дайын. Әйтпесе ағасын жаудың дарға асуына көмектеспекші дейсің бе? «Әлі бала ғой ол, – деді әкесі өзін-өзі жұбата. – Ол тіпті ағаш тілетін комбинатқа апаратын жолды да білмейді... Ал шофер отыратын кабинаға ол отырмағанымен, солдаттар бәрібір қалаған жеріне бара алады дегені де дұрыс. Бұл осылай. Ал Михайдың оларды жеткізбеу керек деуі қалай?»

– Балам-ау, – деді карт ызбарлана езу тартып, – сен бұған қалайша бөгет бола аласың?

– Біз бөгет бола алмаймыз!–деді Дюри тағы да айқайлап.

– Жоқ, бола аламыз. Машинаны біз өзіміз жүргіземіз. Бұлай етуге ешкімге рұқсат етпейміз.

– Түсінбеймін, – деді Дюри ренжи сөйлеп. – Біз апарайық, басқалар апарсын – бәрібір олар онда бармай қоймайды.

– Ағаш тілетін комбинатқа дейін алпыс километр... Осы жолды алғанша талай нәрсе істеуге болады...– деді Михай ақырын ғана, әкесіне қадала қарап. Қарт тітіркеніп кетті. Ол жолда «көп нәрсенің болуы мүмкін» екенін түсінді. Әрине, бұл да айла. Бірақ ол не ойлады екен? Қарт көңілсіз күлімсіреді де, балаларына қарап:

– Ал... сөйтіп, жолға шығасыңдар! Шешініңдер. Жуыныңдар – деді де, өзі асханаға кіріп кетті. Ол орындықтың үстіне леген қойды. Плитаның үстінде су бұрқ-сарқ қайнап жатыр. Ағайынды жігіттер бұл уақытта белуарына дейін шешініп те үлгірген еді. Дюри легенге бұрын келді. Қарт плитадан

үлкен ыдысты алды да, шаршап тұнжыраған көзімен сәл уақыт баласының жүзіне қарады. Содан кейін... сірә, мұның бәріне кесірін тигізген қою бу болу керек... Қарт ауыр ыдысты көтеріп, нақ бір соқыр адамша теңселе басып жүріп кетті. Баласымен қабаттаса бергенде сүрініп кетіп, қайнаған су құйылған ыдысты Дюридің жалаңаш кеудесіне аударып алды. Күйіп қалған Дюри бақырып жіберді.

– Мен... мен... сүрініп кеттім, – деді қарт ақтала сөйлеп, – әк араластырып компресс басу керек. Ол ыдысты еденге қойды да, кешірім сұрағандай қалтыраған қолымен баласының басын сипай берді.

– Кешір мені, Дюри. Ашуланба. Бұл тез жазылып кетеді. Баласының күйікті ауырсынып бетін тыржитканы езу тартқандай болып елестеді.

– Ештене етпес... ештене етпес... – деді баласы міңгірлей.

– Мына күйінде, балам, ауыр сапарға шыға алмайсың, – деді әкесі. – Әуреленбей-ақ қой. Бұйрық орындалады. Мен барамын...

– Сен бе? – деді Дюри таңғалып. Қолы мен кеудесін күйіктің орны ашытып бара жатса да оның күлкісі келіп кетті. – Сен бе? Мұндай ауыр сапарға шығуға сенің әлің келмейді.

– Менің бе? Ал онда, менің кім екенімді қарап көр!– деді карт қалжыңдап. Ол үстіндегі көйлегін шешіп тастады да, легенге су құйып, нақ бір үлкен мейрамға дайындалып жатқан адамша жақсылап жуына бастады. Ол жуынғанша, Михай қырынып та болды. Қарттың асығуына тура келді.

Дюриді ұйықтайтын бөлмеге апарып, төсекке жатқызып қойды.

– Сөйтіп, кетеміз бе? – деді Михай. – Ағаш тілетін комбинатқа барамыз ғой?

– Я, сонда барамыз, – деді карт.

Олар бір-біріне көз алмастан ұзақ уақыт қарады.

– Біздің орнымызға басқа біреуді жібертпеу үшін баруымыз керек.

– Я, сенікі дұрыс, – деді карт, бүкіл жүзінен жұмсақ, қайғылы күлкінің ізі сезіліп. – Мен бұл ескі жолды өзімнің бес саусағымдай білемін. Сен ол жолмен жүріп те көргенің жоқ. Сен ылғи жаңа тасжолмен ғана жүрдің. Ал мен болсам

ескі жолмен де он жыл шамасы жүрдім. Тауға қарай кететін жолда ешбір тоскауыл жоқ. Бұрылыстарды жақсы білсең, машинаны көзіңді жұмып отырып жүргізуіне болады. Тек қана таудың қиясына шығатын жолдың бір жағы жар болып кетеді... Ол арадан құлап кетуің де қиын емес. Көпірден өтіп бара жатқанда да солай. Бір сөзбен айтқанда, жоғарғы жақ қатерлі. Ол тұска жеткенде екі көзіне ие бол. Онан кейін мен не істесем, сен де соны істе. Менің ізіммен жүріп, менің істегенімді істе. Жоқ, тіпті де олай емес, – деді Михай.

– Жоғарыда көпір үстінде қауіпті деймісің? Ол жерде машина құзға құлауы мүмкін бе? Олай болуы да ғажап емес. Егер бәрін де күні бұрын болжап алсаң, дәл уақытында секіріп кетуге де болады ғой. Бірақ арттағы машинаның астына түспеу үшін алысырақ қарғу керек. Аман қалуға болады... Қысқасы, бірінші машинаға мен отырамын.

– Былшылдама. Бірінші машинаға мен отырамын.

– Жоқ, әке, – деді Михай қасарысып – бірінші машинаға мен отырамын. Карт көзін жұмып, сәл ауыткып кетті... Содан кейін, шамасы, көнген болуы керек, күлімсіреді.

– Жарайды, – деді ол, – біріншіге сен-ақ мін.

– Қол соғысайық онда, – деді де Михай әкесінің қолын қысып, – сөйтіп, өрге шыққан кезде қауіп төнерліктей бола қалса, сен секіріп түс. Машина тек оң жаққа қарай құлайды, ал сен сол жаққа қарай секір. Тек менің артымнан бақыла да отыр. Карт жауап қатуға оқтала беріп еді, есік кенет ашылып кетті де, офицер кіріп келді. Карт қолына ұстарасын ұстаған бойы, Дюридің күйіп қалғанын, оның орнына енді өзі баратынын айтып түсіндіруге асықты. Аға лейтенант бұған сақ-сақ күлді.

– Мен осындай нәрсені ұнатам, карт. Бұл саналы кісінің істейтін ісі. - Ол қамқорлық еткендей шалдың иығынан қақты. Ференц Кирай киініп болды да, әйелінің жанына келіп, құшақтап сүйіп алды. Әйелі жылап-сықтап жүрген сияқты еді, қазір ол күйеуіне қарады да, таң-тамаша болды. Бүгін күйеуінің тым жұп-жуас болып өзгере қалуы ғажап ерсі болып көрінді. Ол жұмыска кетерде әйелімен сүйіспейтін. Ал қазіргі егіліп, елжіреуі тек қана үрей туғызулы.

– Қайда барасың? – деп әйелі бұрынғыдан да катты өксіді. – Ференц, сен қайда бармақсың? Ол өксіп жылағандықтан булығып қалды.

– Кеттік, кеттік, – деп офицер асықтыра түсті. Карт кенже ұлының жанына келіп, оның басынан сипалады.

– Сені мынадай азапқа салып қойғаным үшін кешір мені,–деді ақырын ғана. – Сау бол, балам. Шешеңді күт. Карт онымен ешуақытта бұлайша жылы жүзбенен, мейіріммепен сөйлесіп көрген жоқ еді.

– Әке...– деді Дюрн үрейлене. Карт аяғын ныған басып, бөлмеден шығып кетті. Оның соңынан Михай да кетті. Ол есіктің дәл алдына барды да, шешесі мен інісіне қарай қолын көтеріп қош айтысқалы тоқтап еді, бірақ офицер зекіре айғайлады да, оны есіктен желкелеп шығарып жіберді. Түн жұлдызсыз, тастай қараңғы. Аулада үлкен екі машина тұр. Машинаның үстінде бір-біріне сығылысып, темір каскалы солдаттар отыр. Бір машинаның кабинасында фельдфебель отыр. Ол бұғағы салбыраған, мөлиген көзі жырткыштың көзі сияқты, қауғабас адам еді. Михай оны байыптап қарады да, келесі машинаға келді. Ол машинаның кабинасына карт отырып та алған екен.

– Балам,– деді әкесі Михайға даусы сәл қалтырап шығып, кашанда менің істегенімді істе де отыр. Сонда бәрі де орнына келеді. – Ол ұлына қарай еңкейді де, ыңғынан қағып қойды.

– Орындарына отырыңдар! Жылдам! – деп офицер айкайлап жіберді. Михай сәл толкып қалып еді. Бірақ болары болып қалған. Аға лейтенант карттың жанына отырып алды. Кешікпей олар тасжолға шықты. Бұл жолда машинаны бар пәрменімен құйындатуға болатын еді. Өрге қарай көтерілгенмен, жол аткан оқтай түп-түзу болатын. Жол бұраңдай бастаған кезде карт рульді екі қолдап ұстады. Кейде ол рульге қарай бар денесімен еңкейіп те алады. Аға лейтенант оған мәз болып, басын шайқап қояды. Кабина терезесінің әйнегі түсіріліп қойған болатын. Таудың таза ауасы кабинаға актарыла түскендей. Түнгі тыныштықты тек мотор гүрілі ғана бұзып келеді. Олар тасжолдан бұрылған кезде, карт жүрісті баяулатты. Жол тарыла берді. Олар шынырауды жағалап жүріп келеді. Моторлардан ашы дауыс шығады. Тау сол дауысты мың түрлі үнмен жаңғырықтыра түседі. Карт өзінің жүргіншілерін ұмытып кеткен сияқты. Оның бар өмірі көз алдынан бұлдырап өтіп жатты: әйел алған шағы, балалы болған кезі, қызмет орны жоғарлағалы... Ол бес жылдан бері іс жүзінде гараж бастығы. Өйткені гараждың соғысқа

дейін директор деп аталатын бастығы өз басының билігі жоқ ақымақ адам еді. «Ол, бағана ең жақсы жұмысшыны, яғни өзін оңбаған бір бала шекеден періп жібергенде, қайтіп шыдап тұрды? Онан өлердей қорқып, ауыз ашпастан қала беруден артық қандай қорқақтық болмақ?.. Енді бәрі де түсінікті: олар тек жырткыш айуандар, басқа ешкім де емес? Олар жұмысшыларды кісі қатарына санамайды. Тек жұдырығын ала жүгіреді. Міне, олардың істейтіні осы!»

– Мики... балам менің... сен дұрыс істедің бұл айуандарды жек көруші едің. Соның дұрыс екен, – деді карт сыбырлап. Ол аға лейтенантқа назар салып еді, офицер темекісін тартып, жайласып отыр екен. Карт құлағын түріп, соңынан бір қалыппен Михайдың машинасы келе жатқанын аңғарды.

«Жақсы жігіт. Ол әкесінен де аскан жақсы шофер болады. – Ол өзінің бұл ойына қайғылана күліп те қойды. – Бірақ болар ма екен!» Ференц Кирай күрсінді. Оның көз алдына баласының үрейлі жүзі елестеді. Михайдың бірінші машинаға отырғысы келген. «Ол мұны қалай жақсы айтты! Егер бірдене кезігер болса, машинадан секіруге тура келеді. Онда арттан келе жатқан екінші машина секірген адамды басып кетуі мүмкін. Сондықтан да ол бірінші машинаға отырмақ, өйткені ол алысқа секіреді», екінші машинаның доңғалағының астына түспеу оған оп-оңай. Бірақ, шынына келгенде, осылай істеуге болар ма? Құздың жиегіне жету үшін тым алысқа секіру керек... Ал егер олай ете алмай қалса не болмақ?.. Қайткен күнде де Михайдың екінші машинада отырғаны жақсы болды. Оған машина доңғалағынан келер қауіп-қатер жоқ. Дәл қазір не болғалы тұрғанын кім біледі? Әлде бұл сапарға шығудан бас тарту керек пе еді? Бір дәлел, сылтау табу керек еді... Мысалы, Михай бұл жерді білмейді дегендс...

Гараж бастығы мұны түсініп, мүмкін, бұл сияқты аздаған өтірікті кешірген болар еді. Өйткені бұлар оның ең жақсы шоферлары еді ғой. Бірақ енді болары болып қалды. Дегенмен, бұл істі жақсырақ ойластырып шешуге де болатын еді? Бірақ гараж бастығына қуаттайды, деп сенудің өзі де ақылсыздық. Ол сондай қорқақ, мұндай айлаға ешуақытта көнбейді. Ол бастықтардан жаны қалмай қорқатын. Жоқ, бұл жерде әңгіме қорқақтық туралы болып отырған жоқ. Гараж бастығы карама-қарсы екі мүдденің – бір жағы жұмысшылар

мүддесі, ал екінші жағы – аға лейтенанттың, дұрысырақ айтқанда, соның қорғап жүрген адамдарының мүддесі күресіп жатқандығын жақсы түсінеді. Бастық кедейлердің тауда ереуілге шығып, қарсы күресіп жатқан адамдардың тобына жататынын біледі. Ол көтерілісшілерге Ференц Кирай мен оның баласының тікелей қатынасы бар... Жоқ, мұндай қауіпті кезеңде гараж бастығы тәрізді адамдарға сене беруге болмайды. Ол тітіркеніп кетті де, бар күшін бойына жинап алды.

Олар орманнан өтті. Жол жыланша иреленделп жатыр. Енді екі көзге ие болу керек. Машина алты жүз метр биіктікке көтерілді. Енді үш жүз метр жоғары көтерілген соң, тау өзеніне салынған көпірді Кирай есіне түсірді. Көпірден әрі қарай жол төмен түседі. Көпірге дейін әлі де жарты сағаттық жол бар. «Ал көпірдің өзі бар ма екен? – деді Кирай кенет ойланып. – Мүмкін, көтерілісшілер оны бұзып тастаған да болар. Егер мен бірдене сезе білетін болсам, олар көпірді бұзды. Сөз жоқ, бұзды. Олардың көсемі Миклош қой. Оның бұл жөнінде ойлауы керек... Ех, солай болса, қандай жақсы! Көпір жоқ болса әрі жүруге болмайды, онда үйге қайтып барар едік». Ол күлімсіреді. Күтпеген жерден келген ой оған катты әсер етті. Ол айғайлап жіберуге, дауыстап күлуге де әзір еді. «Әрине, бұзған болар. Олай істесе жұмыстың жөнделгені. Көпірді бұзса, біраз күн шыдап, уақыттан ұтатынын Миклоштың білуі керек. Міне, сонда жазалаушы отрядты басқа біреу апарар». Ауыр машина Ференц Кирайдың қолының ырқына оп-оңай көніп келеді. Карт алдынғы жаққа үміттене көз тігеді.

– Аға лейтенант мырза, – деді ол ақырын, – мүмкін, жоғарғы жақтағы көпірді бұзып тастаған шығар?

– Не дейсің? Бұзып тастаған? Кімдер? – деп ербие қалды аға лейтенант.

– Мен бүлікшілер көпірді бұзып тастады ма деп ойлаймын, – деді карт. Офицер орнында шірене қалды. Ол алға қарады да, онан кейін карттың иығынан қағып қойды.

– Жақсы, картым. Бұл үшін сен наград аласың. Мен бұл жөнінде ойлаған да жоқ ем. Я-а... Мейлі, солай-ақ болсын. Таудың шынына дейін барайық, сонсоң көрерміз. Мен көпірге барлаушылар жіберіп аламын. – Ол тағы да алға қарай көз тігіп, ақырын күбірлеп:

– Шынында, бұған дейін өзім ойлайтын-ақ нәрсе екен ғой, – деді. Карттың терлеген маңдайын мұздай жел сипап өтеді. Карт кеудесін алға қарай төсеп, қараңғы түнге қадала түскенде, көзі шарасынан шығып кететіндей болып көрінді. Тау өзенінің шуылы барған сайын анық естіле түседі. Енді бірнеше бұрылыстан кейін құзға жетеміз. Ал аржағында қол созым жерде кәпір бар.

– Ұлым менің... жаным... Мики... көпірді бұзған сен болармысың? – деп сыбырлайды карт. Көпірдің тас-талқаны шыққанын көру үшін ол бар денесімен алға қарай ұмтыла түседі. Содан кейін ол белгі дабысын берді де, машинаның жүрісін баяулатты. Жүрісті Михай да ақырындатты. Машиналар тоқтады. Аға лейтенант машинадан секіріп түсті. Қараңғы түнде оның бұйрық берген даусы естілді. Солдаттар у-шу болып секіріп түсіп жатыр. Карт та машинадан түсіп, кабинаның жанында тұр. Ол терезенің ағаш жақтауын түзеп жатып, тың тыңдады. Солдаттар қою қараңғылыққа сүңгіп жоқ болды, оларды, аяқтарының дүбірі де алыстап барып, естілмей кетті. Карт екінші машинаға қарай беттеді. Оны баласына жетіп үлгірмей-ақ, аға лейтенант қуып жетті.

«Ит неме күдіктеніп жүр! Ей, жалмауыз!» – деп, карт даусын шығармай сыбап жатыр. Ол бойын жиып алды да, қараңғыда түнеріп отырған баласының бетіне қарады. «Жаным... менің сүйіктім...» Басқа ұлдарынан гөрі Михай әкесіне көбірек ұқсайтын. «Мынадай қиын сапарда ол өзімен бірге келе жатыр». Аяқтың дүбірі естілді: ілгері жіберілген барлаушылар қайтып оралды. Аға лейтенант олардың жанына жүгіріп жетіп барды. Ференц Кирай машинаның жанында үнсіз тұра берді. Одан жиырма адымдай жерде барлаушылардың бірі аға лейтенантқа: жұмыс орнында, көпір бүтін, айналада тірі жан жоқ... деп хабарлап жатыр. «Олардың басы болса, – деді карт ойланып, – тоскауыл қалдырып кетулері тиіс. Кім біледі, мүмкін көтерілісшілер барлаушылардың байқап кетуін күткен болар. Ал тіпті машиналар өтіп бара жатқанда қаннен-қаперсіз көпір тас-талқан болар... Солай болар, солай болуы керек...» Ференц Кирай ішінен солай болуын тіледі.

– Кеттік! – деп, аға лейтенант көңілдене айғайлап жіберді. – Жұмыс орнында.

– Орнында ма екен? – деді карт. – Жұмыс орнында болғаны жақсы.

– Кеттік, кеттік, – деп айқайлады оған офицер.

– Естіп тұрмын, – деді Кирай карт. Ол Михайдың кабинасының есігін ашты.

– Балам, есіңе салайын деп едім... – ол сәл уақыт үндемей қалды. – Балам, менің ізімнен жазба.

– Дұрыс, – деді жас жігіт оны қостай түсіп. Карт есікті жапты: бірақ есік тығыз, катты жабылған жоқ. Ол өз машинасына қайтып келді. Кабинаға кіріп жайласып отырып алды да, жабысып қалмасын деп өкшесімен есікті тірей отырды. Машинаға газ берді. Оның ізімен Михайдың машинасы да қозғалды. Енді екі-ак бұрылыс қалды. Содан кейін жүз метрдей түзу жол бар. Сол жол көпірге апарады. Бірінші бұрылыстан айналған кезде Кирай кенже ұлының қайнаған суға колы мен кеудесін күйдіріп алғанын есіне түсірді. «Байғұс бала, бір айдай жұмыстан қалды ғой. Бірақ окасы жоқ... Бір айдан кейін тәуір болып кетеді. Ол жұмысты жақсы істейді. Қайда болса да қарап отырып өлмейді, шешесін де тастап кетпейді...» Екінші бұрылыстан өткен соң Кирай әйелін көз алдына елестетті. Әйелі оған өмірлік адал жолдас болды. Жиырма бес жыл бойы...

Күзде олардың тойы болуға тиіс. Бірнеше жылдан бері олар сөз арасында өздерінің отаскандарына ширек ғасыр толуына байланысты тойларында Миклоштың болмайтындығын айтысып коятын. Бұл үй, бұл кішкентай қала Миклошқа тарлық етті. Ол үнемі бір кең дүниеге ұмтылатын... Әкесі сөйтіп үлкен баласының мінезін түсіне алмайак қойды. Өз баласын өзі жөнді білмеуі ерсі болып көрінетін. Көршілерін, гараж бастығын тіпті өзінен де артық біле тұрып, ол өзінің ақылды, ойшыл ұлын баскалардың сөздері аркылы ғана біледі. Испаниядан оған не керек болды екен? Миклош Испанияда соғыска катынаскан. Минут сайын оған ажал төніп тұрған күндер де болды. Бірақ оны ешкім кыстап апарған жоқ, өз еркімен кетті. Сол кезде оның жасы он сегізге де толған жоқ болатын. Ол сол жакка тау мен орман аркылы таңғажайып бір елге баратындай болып жасырынып кетті. Бір кезде сол жақта жүріп хат жазыпты. Хатында испан халкының азаттығы үшін күресіп жатырмын депті. Өмірінде

көрмеген, тіліне де түсінбейтін бөтен халық үшін күресті. Миклош ержүрек адам болатын, я жүректі болатын... Ешкім де оның бетіне жазықсыз тартып жібере алмас еді! Кирай аға лейтенантқа жирене қарады.

– Тыңдаңызшы, – деп бастады карт қарлыққан дауыспен, – Сіз кімдерге қарсы бара жатқаныңызды білесіз бе?

– Не дейсің? – деп офицер еңкейе түсті. Ол карттың не дегенін ести алмай қалған еді.

– Осы көтерілісшілер кім деймін?

– Шошкалар.

– Шошкалар?

– Сен оларды жөні түзу адамдар ғой деп пе едің? Онда тек венгерлер ғана емес, закарпатиялық украиндықтар да және басқалар да бар. Олар мұнда парашют арқылы түсірілгендер.

– Басқалар деймісің? Миклош та бір кезде испан халқы үшін күрескен жоқ па еді... Сол сияқты олар да венгер халқы үшін күресуге келген ғой.

– Не мылжыңдап отырсың, сен карт? Жын қағып отыр ма өзіңді? Ференц Кирай күрсінді. Олар соңғы бұрылысты артқа тастап, тура жолға шықты.

«Мики, ұлым менің, Миклош! Ұлым-ау, сен көпірді неғып ұмытып кеттің?» Қарт рульге еңсесін сала, сол аяғымен есікті ашыңқырап қойды.

– Михай, ізімнен жүр! Әрдайым менің ізіммен!– деп айғайлады ол. Сөйтті де машинаны жүйткіте берді. Мотор гүрілімен аралас Михайдың мақұлдаған даусы естілді. Қарт қуанып қалды. Ол әкелі-балалы екеуі Миклош пен оның жолдастарын мына пәледен құтқарып қалатындығына қуанды.

– Миклош... ұлым менің... – деп күрсінді карт, алдындағы шыңырауды көріп. Ауыр машина көпірге келіп қалды. Қарт сол аяғымен есікті ашып жіберді.

– Бұл не?.. Не болды?.. Сен не істеп жатырсың? – деген офицердің үрейлі даусын ғана естіді Кирай. Машина көпірге шығып үлгірместен-ақ, карт рульді оңға қарай бұрып жіберді. Ол секірмек болып еді, бірақ үлкен машина бір жақ бүйіріне қарай қисайып, гүрс етіп шыңырауға ұшып түсті. Оның ізімен екінші машина да құлады... Михай құлама жардың жиегіне ыршып түсті. Оның көзі бұлдырап кетті... Ол жерге бетін соға құлаған еді. Қатты құлағандықтан, есінен танып,

біраз уақыт қозғалмай қимылсыз жатты. Зорға деп бойын жинап тұра келіп, Михай жан-жағына қарады. Аң-таң болып, тына қалған түпсіз тұңғиықтың жағасындағы бұталарды жел сыбдырлатады. Жол бойында жаңғырған баланың ұйпа-тұйпа болған шашын да жел желкілдете түседі.

– Әке... қайдасың?–деп күбірлейді ол.

– Әке, тірімісің?

Иштван Карцаг

САШКА

1949 жылы июнь айында халықаралық авиапочта арқылы Сібірдегі Омскі қаласынан екі хат жөнелтілді. Оның бірі Темешвардағы ағаш тілетін заводтың он тоғыз жасар механигі Иштван Закка, екіншісі – Зуглигеттегі[1] он сегіз жасар механик Лайош Перцелге арналған болатын.

Бұл хаттың екеуін де советтің гвардия офицері Александр Галчан жазған еді. Бұл хатында лейтенант Галчан көп кешікпей демократияшыл жастардың Будапеште болатын Дүниежүзілік конгресіне баратынын және өзінің ескі достарымен кездескісі келетінін хабарлады. Хаттың мазмұнын айтпастан бұрын, бұл адамдардың бұрынғы тарихын айтып өткіміз келеді.

* * *

Сашка Зуглигетке маршал Толбухиннің гвардияшыларымен бірге келген Сібір жігіті болатын. Әңгіме болғалы отырған қыста Будапешт маңайының Сібірден ешқандай өзгешелігі болған жоқ. Тек қана бұл кезде Будапешт төңірегінде соғыс болып жатты, ал Сібірдің алып заводтары Европаны азат ету үшін қару-жарақ жасаумен болды.

Қалың жауған қар Зуглигетті қоршаған шоқ-шоқ ағаштар мен төбелерді басып қалған. Пашареттің қар басқан жазығымен қоңыраулатқан үш ат заулап келе жатты. Ұрыс аралығындағы үзілістерде франциска монастырынан қаңғырлаған қо-

[1] Зуглигет – Будапешт маңайындағы қала.

ңырау даусы естіліп қояды. Сашка «Гвардиялық полктың ұлы» атанып және офицерлердің бірінің жандай досы болатын. Жастарының алшақтығы олардың достығына бөгет жасаған жоқ. Сашка үйір болып алған дала комендантты Петров әскери училищені бұдан бірнеше жыл бұрын ғана бітіріп шыққан. Будапешт түбіндегі ұрыстардың ұзақ түндерінде ол туған қаласы Кривой Рогтағы шахтер үйлерін есіне жиі түсіретін. Украинаға баса-көктеп кірген фашист-жырткыштар оның туған-туыскандарының бәрін: әкесі мен шешесін, ағалары мен қарындастарын өлтіріп кетті.

Петровтың Сашкадан басқа тағы бір «сенімді адамы» бар. Ол – тілмаш Степан. Ол Сашкамен түйдей құрдас. Екеуі де он төртте. Бірақ алғаш рет көрген кісі бұл екеуін бірдей деп ойламайтын. Сашкаға берген он жеті жасты Степанға беруге болмайды. Сашка сымбатты ұзын бойлы, ашаң жүзді еді. Степан тапал бойлы, өңін жел қаққан төртбақтау болатын. Степан венгер еді. Туған деревнясы Банатта[1] оның шіркеуге апарып қойдырған аты Иштван болатын. Бірақ ол украин тілін жақсы біледі, өйткені оның шешесі Закарпатьедегі украин қызы еді. Соғыс, басқалар сияқты оны да үй ішінен айырды. Румын армиясында жүрген әкесі мен екі ағасы хабар-ошарсыз кетті. Ал шешесін Румыниядан шегінген эсэсшілер оның өз көзінше өлтірді.

Степан совет гвардияшыларының дивизиясына кездесіп, солармен бірге Зуглигетке жетті. Сөйтіп оны ондағы Банат деген кішкене деревнядан Сашка тауып алды. Бұл олжа сәл болмағанда Сашканың өміріне зиянын тигізе жаздады. Бұл кезде Степанның сока басы қалып, үй де жоқ, күй де жоқ жүрген кезі. Ол Дунайдың жағасын кезіп, әрең күнелтіп жүрді. Жас бала бір жерден пистолет тауып алып, шешесінің өлімі үшін жаудан кек алатын қолайлы кезеңді күтумен болды. Ең алғаш оның қарауылына іліккен Сашка болды. Дивизия шабуыл жасаған кезде Сашка баска жолдастарымен бірге тінтіп жүріп, жасырынып қалған фашистерді тіпті қолайсыз деген жерлердің өзінен тауып алып жүрді. Сашка оларды пианинонын ішінен, молалардың арасынан, театрдағы бутафория салатын жәшіктерден де шығарып алатын. Оның көзі Сібірдің сілеусінінің көзінен де қырағы еді. Ол өзінің

[1] Банат – Оңтүстік Трансильвания.

колға түсірген заттарынан: погондардан, ілгектерден, әртүрлі кесте, крестерден тұтас бір коллекция жасады. Пішен сарайға жайласып алған Степан колға түскен генералдың галифесін мақтады, солдат шалбарының сыртынан киіп алған Сашканы көргенде көптен күткен жауыммен кездесер кезеңім жеткен екен деді де, ұйғарған жауын қатарынан үш рет атты.

Сашканың бағына қарай, жас партизанның оғы мүлт кетті. Сашка жалма-жан жата қалды да, автоматтан қатарынан бірнеше рет оқ жаудырды. Пішен сарай жақтан тағы да оқ атылды. Бірақ Сашка жаудың көздемей атып жатқанын көріп, қайран қалды. «Бұл не қылған есуас адам!» – деді Сашка ішінен. Ол оқтың неше дүркін атылғанын есептеп алды да, енді ол атты әскерлік пистолеттің оғы таусылғанын білді. Қайтер екен дегендей озін көрсетпей тұрып, ұзын таяққа құлақшынын кигізіп жоғары көтерді. Мылтық қайтып атылмады. Енді Сашка пішен сарайға шығып, жауды тауып алмақ болып, іздей бастады. Көрген нәрсесі «солдатпын» деп жүрген оның өзін де таңғалдырды. Оның дәл алдында қаскырдың бөлтірігінше қасарыса, деміккен бала тұр. Сашка ләм деместен, далаға шық дегендей оған ыммен бұйрық берді. Сашка автоматын нығына қайтадан асынды да, бала үнсіз бұйрықты орындар ма екен, орындамас па екен деп күтті. Тұтқын бала шығып бара жатып Сашкамен қатарласа берді де, мысықша бассалды. Бұл айқас ұзаққа бармады. Сашка жалт берді де, баланы бүктеп астына басты. Бірақ Сашка бұрынғыдан бетер таңырқай түсті. Жеңілген жау көзінен кек оты жайнап, украинша таза сөйлеп, Сашкаға айтпағанды айтып жатыр.

– Щоб ты сказывся, проклята нэмчура! Щоб ты сдох, вшивий герман![1] Сашка өзінің жаудан колға түсіріп алған шалбарының зеріне қарады да, мән-жайды ұға қойды. Алғаш ол өзінен-өзі ұялып қысылды да, кейін көңілдене сақ-сақ күліп, баланың қолын босатып жіберді. «Лағнет немістің» күліп тұрғанын көрді де, бала сасып қалды. Бірақ артынша оның сәби жүзі жақсы көретін ойыншығын жоғалтқан балаша мұңая қалды. Ол өксіп-өксіп жылап, ыстық жасын төгіп-төгіп жіберді. Сашка, жас партизанның бар арманы – анасының өлімі үшін жаудан кек алу екенін білмегендіктен, оның көз жасын неге төгіп тұрғанын түсінбеді.

[1] Не деп тұрсың, лағынет, неміс! Өлсең еді сен, бит баскан герман!

– Еңіреме! – деді ол, «карусыз қалған жаудың» үстінен тұра беріп. – Еңіреме деймін мен саған! – Ол үстіндегі неміс генералының шалбарын шеше бастады. – Көремісің, мен неміс емеспін! Мен орыспын, совет адамымын... Түсінемісің, орыс адамымын! Ұқтың ба? Мен сібірлікпін! Аң-таң болған бала бірдеңе айтқысы келіп оқталды да, аузын ашып, аңырып тұрып қалды. Ал Сашка оған қарап, басын шайқады.

– Неге жылайсың, құдай үшін айтшы!?– деді Сашка, бала қайтадан жылай бастағанда. – Маған айтуға шамаң келе ме?

– Ке-ле-ді!–деді ол жылаған күйі.– Егер менің атқан оғым саған тиіп кеткенде не болар еді? Баланың сөзі жанына жағып кеткені сонша, Сашка разы болғандықтан, тіпті ысқырып та жіберді. Ол генерал шалбарын үйдің төбесіндегі бір қуысқа лақтырып жіберді де, зәрлене сөйлеп:

– Атың кім? – деді.

– Иштван. Немесе Степан.

– Сен украиндықсың ба?

– Шынын айтқанда, мен венгермін...

– «Шынын айтқанда» дегенің қалай?

– Менің шешем украин қызы, әкем венгер еді.

– Солай болып па еді... – деді Сашка реніштi үнмен. – Соғыс деген жаман ғой! Ал сен неге «шынын айтқанда венгермін» дедің? Әлде сенің айтайын дегенің бұл емес шығар? Мен сені дұрыс ұқтым ба?

– Дұрыс.

– Ал сен неге «шынын айтқанда» венгерсің?

– Мен айттым ғой. Менің әкем – венгер.

– Байқап сөйлеу керек, жігітім, – деп Сашка маңыздана сөйледі. – «Шынын айтқанда» деу – жеп-жеңіл нәрсе емес. Біз мұндай сөздерді қалай болса, солай айта бермейміз. Сен әкең мен шешеңнің қайсысын жақсы көруші едің?

– Екеуін де бірдей көретінмін.

– Міне, көрдің бе! Осылайша әрі венгермін, әрі украиндықпын деу керек еді.

– Фамилиям венгерше, мен қалайша олай демекпін? Сен өзің қызық екенсің.

– Қайсымыз қызық екеніміз әзірге белгісіз. Фамилияның венгерше болуы сенің венгер екеніңді дәлелдей алмайды. Сен менің сөзімді жаманға жорыма, – жөні түзу венгердің бағы арта берсін! Бірақ сен венгер бола тұрып, ашу қысқан

кезде неге украинша сөйлейсің? Сірә, украин тілі саған жат емес кой? Сен қайда туып едің?

– Сен мені әбден шатастырдың, – деді Степан ызалана айқайлап. – Мен Румынияда тудым. Румындық венгермін.

– Сөз-ақ, мен сені шатастырыппын! – деп ызаланды Сашка. – Егер олай болса, сөйлесіп көрелік. Әкең кім болып еді?

– Егінші шаруа.

– Міне, дәл айту керек. «Шаруа» деген сөзді қалай болса, солай айта салуға болмайды. Өйткені венгер шаруасы венгер помещигі мен румын помещигінен гөрі румын шаруасына жақын. Байқаймысың, істің жайы қалай екенін, ал сен болсаң, әлден «шатаса бастадың». Мен сені шатастырып қайтем? Бұл жерде жұртты шатастырған басқа біреулер. Олар жұмысшылар мен шаруаларды алакөз ету үшін шатастырды. Ал жарайды, ертеңге де әңгіме қалсын. Сенің қарның да ашқан шығар? Әкем де, шешем де жоқ дедің ғой.

– Жоқ, ешкімім де жоқ.

– Міне, соғыс деген лағынет осындай болады!.. Несіне тұрамыз!.. Менімен бірге комендантқа жүр. Бірдеңе қамдастырып керерміз. Сашка Иштванды, яғни Степанды осылайша тауып алған еді. Екі сағат өткеннен кейін балалар дала комендатурасының бастығы капитан Петровтың кабинетінде тұрды. Комендант Сашканың Степанмен сонша тез бауыр басып қалғанына біраз шүбәлана қарады. Рас, ол Сашканың соғысты жек көруіне қосылады. Бірақ ол балалардың бір-біріне тез үйір болып кеткенін жақтырмады. Мұндай тез табыскан татулықтан соракы бірдеңе шығып жүрмесе неғылсын. Полктың абыройы жайында да ойлау керек. Капитан осы жайдың бәрін анықтауды аспаз Дмитрийге тапсырды. Степан аспазға келген кезде, ол өзінің тағамдарымен болып жатыр еді. Оның жанындағы дала асханасының қазанында иісі бұркырап капустадан жасалған ши қайнап жатты. Степан қазанның бетінен шығып жаткан дәмді иісті құшырлана тартады. Ақыр аяғында аспаз жұмысын қоя салды да, жалпақ бетін Степанға қарай бұрып: – «Тамақ ішкің келе ме?» – деп сұрады.

– Мүмкін болса, – деді Степан ақырын ғана.

Аспаз оған азырақ сорпа құйды да, тарелканы ұсынып жатып:

– Алғашқы рет осы да жарайды, бірден көп ішуге болмайды, ішің ауырады. Айтпақшы, тоқтай тұр, балам, алдымен шай ішіп ал. Дәрігерлер солай ету керек дейді, – деді. Дмитрий біраз күндей өзіне көмектесіп жүрген Степанды қадағалап, байқаумен болды. Ол содан кейін ғана барып, капитанға осы «әскери тұткын» жаман бала емес дегенді айтты. Капитан Степанды бөлімде уақытша ғана қалдыруға ұйғарды. Сашка бұған разы болмады.

– Сен неге қарсы боласың, Саша? Степан соғыстан жапа шеккен жан. Соғыс біткен соң, ол өз жөнімен кетеді. Осылай емес пе? Ол өзінің Банатында, сен Омскіде тұра беретін боласың. Бұл, әрине, араларыңдағы достық, татулықты бұзбайды. Қалай деп ойлайсың, Александр? Менің айтқаным дұрыс па, жоқ па? Сашка ойланып қалды.

– Егерде үстірт қарайтын болсақ, жолдас капитан, – деді ол маңызданып, – сіздің айтқаныңыз дұрыс. Ал адамгершілік тұрғысынан қарасақ, бұлай емес. Ол жалғанда жападан жалғыз қалды ғой. Комендант темекі тартты.

– Біле-білсең, – деді ол, – мұсылмандар ғана, мұсылмандар болғанда орта ғасырлардың мұсылмандары осылай ойлайтын. Ол аузындағы папиросты алды да, тарелкаға күлін түсірді.

– Мұсылмандарда мынадай ғұрып болған: жетімдерді жинап алып, өз діндеріне енгізетін. Жоқ, Саша-жан, біз жиырмасыншы ғасырда отырмыз. Оның үстіне, біз социалистік қоғамның адамдарымыз. Соғыстан кейін Степанның тағдыры өз Отанында шешіледі. Ал әзірше бізде тұра берсін. Асханада Дмитрийге көмектессін... Болмаса тілмаш керек болған жағдайда маған көмектессін... Келістік қой?

Сөйтіп Степан гвардияшылармен бірге Дунафельдвар тұсынан Дунайдан өтіп, өзенді өрлеп Зуглигетке дейін барды. Гвардиялық дивизия тоқтады. Бұл жерде жөнді ұрыс болмады. Ұрыстар дәл Будапештің түбінде болып жатты. Сашка мен Степан манайдағы төбелерді аралап, қыдырып жүретін. Ал аттарды суаруға айдағанда олар бірін-бірі қуып, шапқылап алатын. Олар бір жолы бақтың жанынан өтті. Бағбанның үйінің дәл қасынан өтіп бара жатып, олар кенет ашылған есіктен шот маңдайлы, қара көзді кішкене қыз секіріп шыққанын байқап қалды. Ол басына үлкен шәлі оранып алыпты. Сірә, шешесінің шәлісі болса керек.

– Сіз неміс солдатысыз ба? – деп сұрады кішкентай

қыз, асығып кстіп бара жаткан солдаттарға жақын келіп, Степанның Сашкадан сыйлыкка алған киміне қарап.

– Сірә, менің біреумен венгерше сөйлескенімді естіген болар, – деді Степан Сашкаға бұрылып.– Мені өзімен де әңгімелеседі деп тұрған болу керек.

– Жақсылап сөйлесші, білгісі келетін қыздың өзі ме екен, әлде басқа біреу ме екен. Степан сұрап көріп еді, қыз өзінің үлкен шәлісін бүркене түсті де, Сашкаға тесіле қарады.

– Менің ағаларым, – деді қыз.

– Оларды мұнда шақырсын деші... Жоқ, олай емес. Шылбырды маған бер де, өзің бірге бар. Сәлден кейін Степан мен қыз қайтып оралды. Олардың соңынан екі бала келе жатты: біреуі тіпті кішкентай, екіншісінің бойы тіпті Сашкаға жақын.

– Мына балаканды мен білемін, – деді Степан, Сашкаға сақтана қарап тұрған кішкене баланы нұсқап, – бір жолы оны Дмитрий асханаға шақырған. Содан бері бұл балакан нан алу үшін Дмитрийге жиі-жиі келіп тұрады.

– Бұл үйді асыраушысы сен екенсің ғой? Қорек тауып жүрсің бе? – деді Сашка.

– Нан, нан, – деп бала басын изеді. Сөйтті де орысша сөйлесуге тырысып, – ат, ат, – деп аттарды нұсқады. Сашка сақылдай күлді де:

– Сен аттан қорықпайсың ба? – деді орысша сөйлеп.

– Қорықпа, – деді де, бала ағасына бұрылып венгерше түсіндіріп: – Ол менен атқа мініп жүруге қорықпайсың ба? деп тұр, – деді. Степан шыдай алмай, сақылдап күліп жіберді.

– Сен өтірік айтып жібердің. Ол сенен бұлай деп сұраған жоқ. Егер сен атқа мінуден қорықпайтын болсаң, құдыққа дейін шауып барып, өнеріңді көрсетші, деді ғой, – ол осыны айтты да, тізгінді балаға берді. Сашка баланы көтеріп алды да, атына мінгізді. Бала бір қолымен аттың жалынан ұстап алды да, екінші қолымен шелекті көрсетіп: – Шелек, шелек! деп дауыстады. Сашка мен Степан бағбанның балалары – Лайош, Тера және кішкентай Гейзамен осылайша танысқан еді. Сашка мен Степан олардың үйіне нан апарып беріп тұрды. Бір күні комендант бағбанның балаларын өзіне шақырып алып, шоколад беріп қонақ етті. Ол Лайоштан: «Соғыс біткен соң кім боласың?», – деп сұрады.

Кішкентай Гейза ағасынан бұрын сөйлеп:

– Авиаконструктор боламын, – деді. Комендант күлімсіреп бөлмеде тұрған офицерлерге қарай бұрылды.

– Пушкиннің бала күніндегі түскен суретін көргендеріңіз бар ма? Мына бала соған тамаша ұқсайды...

Осыдан кейін ол балалардың үлкеніне қарай бұрылып:

– Пушкин... тудом?[1] – деді. Лайош түсінбеген пішінмен Степанға қарады. Комендант баланың иығынан қағып, оның көзіне тура қарап:

– Петефи... тудом? – деп сұрады.

Лайош тағы да Степанға қарап:

– Білемін... Петефи – ұлы ақын, – деді.

– Дұрыс айтасың, – деді комендант, оның сөзін аудартып түсінгеннен кейін. Петефи – венгердің ұлы ақыны. Пушкин– орыстың ұлы ақыны. Мұны көңіліне ауыр алған Сашка Степанға бұрылып қарады да:

– Петефиді бізде кез келген оқушының білетіндігін айтшы өзіне. Пушкиннің кім екенін ол неге білмейді? – деді. Комендант тілмашты тоқтатып:

– Олай деп керегі не. Бұған ол кінәлі емес. – Сосын Сашаға қарап: – Сашок, сені өзіңнің жаңа таныстарыңа бұлай қарайды деп ойламап едім. Бірақ мен қазір бұл жайында айтайын деп тұрған жоқпын. Степанмен және мына балалармен сөйлесіп көріңдер. Тұрған адамдарға арнап қазіргі саясат жайында қандай болса да бір лекция өткізу керек немесе жастар үшін тақпақ айту, би билеу, тағы сол сияқтыларды ұйымдастыру керек. Жоспарын бірлесіп ойластырып көріңдер. Дұрыс па? Орындалады ғой? Көп уақыт өтпей, комендатура бөлмелерінің бірінде «Ұйымдастырушы комитеттің» мәжілісі өтті. Комендант өз жұмысын ауық-ауық тоқтатып, «комитеттегі» қызу дауласып жатқандарға қарап:

– Петефиден, Петефиден көбірек енгізіңдер, – деді. Мұндай кездерде Лайоштың көзі оттай жайнап кетеді. Бір кезде ол сонау бақтағы кішкентай Гейза сияқты, өзінің орыс тілін білетіндігіне мақтанғысы келіп, шыдай алмай сөйлеп жіберді:

– Я, жолдас комендант, Петефиден де, Пушкин өлеңдерінен де көбірек енгізілсін...

– Ол сауық кештің программасына Пушкиннің өлеңдері-

[1] Тудом (венгер сөзі) – «түсіндің бе?» деген мағынада.

нен көбірек кіргізу керек деп тұр, – деп Степан оның сөзін аудара бастады. Ол орысшадан орысшаға аударудың қажеті жоқтығын мүлде ұмытып кеткен еді. Бірнеше күн бойы комитет сауыққеш өткізудің жоспарын жасады. Сауыққеш сондай тамаша болып өтті. Концерт қойылған мектептің залына жұрт сыймай кетті. Мерекеде өзгеше қызмет атқарған Дмитрийге комендант ерекше алғыс жариялады. Оның дайындаған пельмендері балаларға да, үлкендерге де аса дәмді болып көрінген еді. Төрт күн өткеннен кейін тағы да сауыққеш өткізуге тура келді. Алғашқы табысқа разы болған комендант «комитеттегілердің» алдарына жаңа міндеттер қойды. Қазір мен үлкен жоспар ойлап таптым, – деді ол. – Соғыс біткен жердің барлығында оқу жылы басталды. Бірақ мұнда ұрыс әлі жүріп жатыр. Сонда да бұл жерде сабақ бастауға неге болмасын? Бізде үй бар. Оқытушыларды жинастыруға болады. Жігіттер, осы іске кірісіңдер, мен сендерге көмектесейін. Бұл оның қандай қиындық кездессе де, өз ойындағысын жүзеге асыратындығын анғартты. Бірақ оның өз ойын жүзеге асыруына болмай қалды. Ертеңіне алдынғы беттен оның сүйегін алып келді. Ол өліпті. Ок батыл офицердің дәл жүрегіне тиіпті. Коменданттың суық тартқан жүзі ойлаған жоспарын орындай алмай кеткеніне өкінішін білдіргендей.Сашка командирінің әрі досының сүйегінің басында тұр. Оның ашаң жүзінен моншақтап жас ағады. Степан өлген комендантты көріп, бетін қолымен басып алып, көшеге жүгіре шықты да, еңіреп қоя берді. Сәлден кейін оның соңынан Сашка шықты. Ол басына каска, үстіне ақ плащ киіп, автомат асынып алыпты.

– Алғы шепке барып, біздің командирімізді атқан жексұрынды тауып алайық! – деді ол Степанға көзінен аққан жасын жұтып. Әрине, оларды алғы шепке жібермеді. Сашка мен Степан өздерінің сүйікті бастығының жанында ұзақ түнді ұйықтамастан атқарды. Ертеңгісін комендатураның ауласына балалар толып кетті. Олардың барлығының қолдарында Зуглигет шыршаларының бұтақтары бар. Лайошты коменданттың денесіне қарай өткізіп жіберді. Ол қолындағы шыршаның бұтағын табыттың қақпағының үстіне қойды. Содан кейін неге екені белгісіз, алысқа тесіле көз тігіп тұрған Сашкаға ұзақ уақыт қарап қалды.

Кешкісін балалар комендантты ақырғы сапарға шығарып

салды. Олар құрметті күзеттегі аттылардың соңынан, қайғы маршының мұңды сазы бойынша аяқ басқан солдаттармен бірдей жүріп отырды. Жұрттың бәрінің денесін суық сезім билеп тына қалып, ақырғы қоштасу салюті жаңғырыққанда Сашка Степанды құшақтай алып, даусы әрең шығып:

– Маған шын іні боламын деп уәде берші.– деп сыбырлады.

Степанның қолынан ұстаған күйінде әлдекімді іздегендей жұртты көзімен бір шолып өтті. Жас бейіттің жанында Лайош, Тера, Гейза және олардың туғандары тұр екен. Сашка оларға таяп келді де, Лайоштың қолынан ұстап тұрып:

– Степан, сен бұларға соғыстың жаман екенін айт. Олар ешуақытта өздері сияқты карапайым адамдарға қарсы қолдарын көтермейтін болсын! Олар жаңа соғыстың өртін тұтандырғысы келетін адамдардың тас-талқанын шығаратын болсын, – деді. Міне, сібір жігіті, лейтенант Александр Голчан хат жазбастан бұрын болған жай осы еді. Сашка мен лейтенант Александр Голчанның – бір ғана адам екенін түсіндіріп жатудың қажеті де болмас! Иштван Закқа және Степанға арнаған хаттарында Голчан былай деп жазған еді: «...Ол кезде біз тіпті бала едік, қазір ересек тартып барамыз... Бірақ сол кездің өзінде қылмыстылар бізді қайғы мен азапқа душар еткен болатын. Демократияшыл жастардың Будапеште болайын деп жатқан дүниежүзілік конгресінде біз тағы да: «Ешуақытта соғыс болмайды. Ешуақытта!» – деп айтуға тиіспіз. Лейтенант Александр Голчан Зуглигеттегі Лайош Перцелге былай деп жазған еді: «...Капитан Петровтың бейітінің жанында жаңа соғыс өртін тұтандырушыларды, бейбіт қалаларды қиратушыларды тас-талқан етеміз деп, бір-бірімізге ант берісқен жерлерге менің тағы да барғым келеді. Сенің бұл анттан айнымайтындығыңды мен білемін».

Петер Вереш

ЯНОШ ДАНКО

1942 жылдың жазында Янош Данко, әлдекалай, кіші-Чатари мырзаның Анталхаз деген именнесінде басқа да елу оракшымен бас қосып егін жинап жүрді. Чатари мырзаның аты бүкіл аймаққа шаруақорлығымен әрі қаталдығымен

әйгілі болатын. Соңғы уақытта ол науқанның қызу кезінде жалшыларды солдатқа ала бастағанға мүлдем наразы болды. Чатари мырза өзінің шаруасын басқарушы Шрицкер мырзасына енді тек әскер жасынан аскан, бірақ жалшылық азабын тартуға әлі де мойымайтын адамдарды ғана жалдауға жарлық етті. Бірақ әскерге алынуға тиістілердің жас мөлшері де дәйім өзгеріп отырды. Армияға әуелі тек қырық сегіз жаска дейінгілерді ғана алды, бара-бара алпыс жастағыларға да ауыз салды, енді біреулер – жақында, тіпті, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде отырған сексендегі шалдарға дейін коймайды екен десіп жүрді. Бірақ қайткен күнде де картаң адамдардың үйде калатыны анық еді, ал жастар болса Брян ормандары мен Дон өзенінің бойларында қырылып жаткан болатын.

Чатари мырза өзінің шаруа басқарушысына мүмкін қадарынша үйлі-баранды, шаруаға қолғабысы тиетін балашағалары көп адамдарды жалдауды катты тапсырды. Балашағаларын қашанда арзанқолды жалшы ете кою оңай еді. Әскери өндіріс өсіп, жұмыс адамдары күннен-күнге азая берді. Сондықтан бұны дереу колға алу керек болды. Бірақ жұмысшыларды орналастыра коятын баспаналарының жоктығы Чатари мырзаны катты қинады: армияға алынған жалшылардың әйелдері тар баракталарда тек орынды алып, поселкеде тұрып кала берді. Күйеулері солдат болғандықтан, олар бұған ерікті еді. Сөйтіп, жалшылыкка семьясында жұмыска жарамды жандары көп адамдарды ғана алу керек болды. Солай еткенде бір лашыкка бір казаннан дәм тататын екі-үш жұмысшыны орналастыруға болатын. Ал Чатари болса, калтасын қалыңдата түсу үшін сәтті кезінде неден болсын тайынбайтын кожайын. Рас, жаңа баракталар салуға да болар еді. Чатари мырзаның соғыс уақытындағы түсімі бұған жетеді, бірақ қырағы кожайын ойлап-ойлап, соғыс біткенше құрылыс жұмысымен айналысуды қажетсіз деп тапты. Не боларын кім білген? Тас-талқан кып бомбалап, не жұрдай кып тонап кетуі мүмкін. Ал шаруалар бүлік шығарып қонысыңды тартып алса, тіпті жаман. Чатари мырзаға бір банкир туысы: Акшаларың алтын күйінде тұра берсін, – деп кеңес те берген. Көптеген венгер помещиктері сияқты Чатари мырза да ағылшындықты сүйді, былайша айтқанда ол венгер байының бойына шақ либерал ғана емес, өзінің жекеменшік байлығы мен әкімшілігін сақтап калу үшін

консерватор да болды. Әрине, жағдайға қарай фашизмді де жат санамады. Күні бүгінге дейін, қандай ғана мемлекеттік тәртіп орнамасын, ол одан өз байлығын арттыра түсуге керектің бәрін тауып келеді. Бірақ ол тегін көне кетпейді. Жаңа тәртіп өзіне канша тиімді болса, Чатари мырза да оған соншалық қана ойысатын. Ол немістер жеңеді дегенге сенген жоқ, бірақ ағылшындардан қатты үміттенді. Ол өз шаруашылығынан басқа, Миклош Каллайдың[1] сырткы саясатымен де әуестеніп жүрді.

Ол осы «нағыз венгерден», Чатари мырза осылай атауды ұнататын, Венгрияға Совет Армиясы келмес бұрын ағылшындарды әкелуін тіледі. Бірақ әзірге олай бола қоймағасын ол немістермен үлкен келісімге келіп, фашистік үкімет басшылары үздіксіз ауысып тұрса да, ебін тауып жоғары интендантгық атақ алып, тылда қалды. Оған бұл өз тарапынан әуре болған жоқ, армияның шаруашылық істерін қолынан іс келетін адам басқарса ғана мемлекет мүддесіне тиімді екенін түсінген келісімпаз адамдар өзінен-өзі-ақ табыла кетті. Ал интендантгық қызмет Чатаридің өз шаруасымен үнемі айналысуына жағдай жасады. Бұл тағы да оның өзіне де, мемлекетке де тиімді болды, сондықтан да ол өз имениесінде ауылшаруашылығы азық-түліктерін көп өндіруге тырысты. Ол бұдан өзі шығарған астығын ең қымбат бағамен сатып, пайда тапты. Чатари мырза ағылшындарға канша берілгенімен, шаруашылығын ысырап қылғандай оларға онша сене қоймады. Ойлап-ойлап ол: «орыстар болса сансыз көп, әрі бір сыры алынбаған халық, ақырын күтіп, аялдай тұрғаннан тәуірі болмас» деген тоқтамға келді. Құрылыс жұмысына соғыс біткесін кіріссе де үлгереді. Венгер помещиктері бұл соғыстан да бұрынғы талай жүз жылдардағысындай шашасына шаң жұқтырмай шыға келеді. Ал әзірге семьялы жалшыларды көбірек жалдап, лашықтарға тықпалай беру керек деп ұйғарды.

Міне, сондықтан да Янош Данко өз өмірінде бірінші рет естен кетпес күнге жетті. Ол бұл жолы өзі барып жалданған жоқ, Янош Данкоға жұмыс жайында Чатаридің сатушысы Андраш Теректің өзі келіп өтінді. Андраш Терек Янош Данконың егін орып, астық бастырып жүрген кезінде-ақ осы жаман жалшы болмас-ау деп түйген болатын. Ол жұмыс

[1] 1942-1944 жылдардағы Венгриядағы кертартпа үкіметінің басшысы.

істе деп түртпектеуді күтпейді, кезегі келсе, іске өзі-ақ кірісіп кетеді. Аз сөйлейді, шалғы сілтеп, айыр тастап, тіпті күнұзаққа үндемей жүруге бар: жұмыс уақытында ештеңеге алаңдамайды, тартатыны сигарет емес, трубка, оның өзінен де ұзақ сағаттар бойына түтін білінбейтін. Трубкасын тұтата қалса, түтінін паровозша будақтатын. Янош Данконың ұйқысы да аз, басқа жалшылардай боска сенделіп жүрмейді. Оның трубкасы, оттығы және темекі салатын қалтасы әруақыт дайын тұрады. Ол басқа жалқау жалшылардай өз уақытын боска өткізгенімен тұрмай өзгеге де бөгет болып, біреуден темекі, біреуден шырпы, енді біреуден тағы бірдеңе сұрап, жұмыс уақытында сандалып жүрмейді. Янош Данконың темекісі таусылып қалатын кездері де жиі болады, онда ол сөніп қалған трубкасын сорып, үн-түн жоқ шыдап жүре беретін. Ол өзінің күші қайта бастағаннан бері тіпті аз сөйлейтін болып алды.

Оның үсіне Янош Данконың көктемде және күзде дүниеге келген үлкенді-кішілі балалары да көп-ақ. Оның үлкен ұлы қазір солдат. Ал кішкентайлары үйде. Олар егін жинап, корзинка көтеріп, су тасуға жарап қалған, таяуда нағыз жалшы болып алатын балалар. Андраш Терек шаруа басы мырзаға осының бәрін баяндап және өзінің Янош Данконы бірден-бір лайық адам деп санайтынын білдірген. Янош Данко елуден асқан адам, шөп сүрлейтін машина оң қолының үш саусағын қыркып кеткен болатын, сондықтан оны армияға ала кою да екіталай. Бірақ ол айыр мен шалғыны сонда да берік ұстайды. Осының бәрін тыңдап болып, шаруа басқарушысы былай деді: – Жақсы, Терек, оны өзің біл. Тек байқа, ол ұрлық қылып жүрмесін. Қожайынның мұндайға төзбейтінін өзің білесің ғой. Терек Янош Данкомен әңгімеге кіріскенде ол молотилкадан шаңы бұркырап үздіксіз түсіп тұрған сабанды нәш қимылдап маяға үйіп жатыр еді:

– Тыңда, Янош, (Терек өзінен жасы кішілердің бәрімен «сен» десіп сөйлесетін) саған бір жақсы хабар айтқалы келдім: бізге жалшылыққа кір. Бізге кеп тиянақты жұмысқа тұрсаң, кезбелік сенің неңді алған? Өзіңе ұнаса, бізде біржола қаласың. Маған илан, жалшы болу қазір тиімді. Бұл – сенің карточкамен алатын наның емес, анық табыс – осы. Қазір түрлі үй жануарларының да бағасы шыркап кетті. Қазір соғыска дейінгідей емес, жалшы торайын не тауығын

сатса, көп акша түсіреді. Янош Данко ләм деместен, Андраш Терекке бір қарап қойып, алдына үйіліп қалған сабанға айырын түйреді. Сатушы мұнда сүрленген сабанның маяға қалай үйіліп жатқанын көру үшін келді ғой. Янош Данко сондықтан бұл жұмысты жақсырақ істеуге тырысты. Егер сатушы онымен әңгімелескен күнде де, ол жұмысын тоқтатпауы керек.

– Янош, өзің ойлашы, – деп сөзін жалғады Терек, – сенің балаларың көп қой, олардың екеуі, тіпті үшеуі үзбей жұмыс істеуге жарайды, мұның да көп пайдасы бар. Қалған балақандарың жазда да, қыста да күндік жұмыстан құр қалмас, шаруашылық жайын өзің де білесің ғой, жұмыс бастан асып жатыр. Ал сонсоң біздің мырза – интендanттық бөлімде болса да офицер. Егер сені кенеттен әскерге шақыра қалса... Оның қарауындағы адамды әскерге ала қою деревнядағыдай онша оңай емес... Егер келіссең Балинт Шипекидің өгізін саған беремін. Ол қазір тым ұзап кетті ғой, байғұс. Россияның бір жерінде жүрген болар...

Бұл сөздер Данконы ойға қалдырды: сатушы жөн айтып тұр. Ол тек:

– Ақылдасып көру керек, – деді.

– Кіммен?

– Әйеліммен ақылдасуым керек Мүмкін, оның хуторға барғысы келмес.

– Э-эх, – деп Андраш Терек қолын бір-ақ сілтеді. – Әйел кім, сонша? Тізгіні өзінде емес пе. Егер бізді әйел билесе, кім болар едік. Бірақ мұның бәрі, уақытты пайдаланып, Теректің айтқандарына ой жүгіртіп көру үшін істелген жай бұлтақ еді.Сабанды маяға үйіп жатып, Янош Данко өз өмірі жайлы ойланып қалды. Ол дүниеге келгелі елу жыл өтіпті, бірақ оның бір топ балаларынан басқа түгі жоқ. Отызыншы жылдары ашаршылық қысып, ол өзінің қаусаған үйін сатты. Алған ақшасын, дәлірек айтқанда, тиын-тебенін салыққа төледі, борышын өтеді, қалғанын семьясы қылғып қойды. Данко содан бері көшіп-қонумен жүрген. Бұл бір басқа түскен азап еді. Енді міне, ақыр аяғында ол отырықшы болып, шаруасын түзеп, шошқа да асырайын деп отыр, – осылай болуы мүмкін. – О, шіркін, оған қол жетсе! – Шіркін, картайған шақта Депшордан үй сатып алса, не Уйтелепте үй салып алса ғой. Ол жалшылықта екі рет болған-ды.

Екеуінде де кетіп калды. Өйткені кайда барса да, кедейліктен шыкпады. Ол түк жинай алмады, тіпті мал да құтаймады – өліп кала берді. Енді тұрмысым түзелер ме екен? Сатушы мырзанікі дұрыс. Жол коржыныңды аркалап, бір селодан бір селоға кезіп жүруден не береке бар. Бірак бұл да уака емес: ең жаманы сол – Янош Данко биыл жазда картайып калғанын байкады. Жастардың бәрі соғыста, ауыр жұмыс атаулы карттарда калды. Карточкаға мал майын аз береді, ал өсімдік майынан куат аз. Бірде егін жинап жүргенде Данко бұрынғысындай ора алмайтынына көзі жетті, колы талып, деміге берді. Астық бастырғанда оған зілдей дағара каптарды көтеруге тура келді; бас тартуға лажы кайсы; өйткені бұл кезде жас жұмысшылар тіпті жок еді. Оның бұл жұмыска дәрменсіздігіне сенгісі келмеді. Ол тістеніп алып, ішінде бірдемесі үзіліп кеткендей болғанша кап көтеруден тынбайтын. Кейде бірнеше күн ұдайы төсек тартып жатып калып та жүрді. Үлкен ұлы Яни үйде жүргенде кап тасуға әкесін жібермейтін, ол ылғи:

– Әке, мен көмектесейін, бұған мені жіберіңіз, – дейтін. Бірак Данконың ұлын соғыска алып кетті. Ол енді жұмысты жылдам істеп, баскалармен бәсекелесуден калды; Данко жүдеу тартып, картайып кетті. Тек оның кесек бұлшық еттері ғана кайткан күшінің айғағы сияқты болатын. Сөйтіп, Янош Данко жастарға кайтсе де ере алмайтынын сезген соң ғана, баска карт жұмысшыларға ұксап жұмысты әлінің келгенше жайлап істеуге, сөйтіп ежелгісіндей әл жиып алуға тырысты. «Күшке сенбе, акылға сен», деген даналык мәтелді адам күші кайткан шағында ғана жаксы түсінеді. Дегенмен бұл даналык та кейде сылдыр сөз болып шығады. Өйткені жалданушы адамға кол күші ғана керек, ал акылды бұлардан сұрамайды. Әлденеге іші де шаншып, жиі ауыратын болды. Ол бұл беймаза аурудан құтылудың амалын білмеді. Жазда бұрыш сепкен, арак жокта, ол сарымсакпен емделіп жүрді. Бұл ем кейде конып, кейде конбайтын. Мұндай ем әйтсе де куатын кеміте берді, колдары дірілдеп, аяктары тәлтіректей бастады. Енді бидай салған кап көтеру түгіл, тіпті баудың өзі тым ауыр көрінді. Ал кірпіш тиелген арбаны сүйретуді атамаса да болғандай. Ол ондай арбаның жанына дамылдамыл отыра беретін болды.

«Дегенмен, – деді Янош Данко Теректің сөзі туралы

ойланып, – өгіз айдау не соқа соңынан жүру маған қазіргі жұмысымнан оңайырақ болар. Ең болмағанда арбаға отырармын. Менен әлсіз адамдар да табыс тауып, лайықты жұмысын істеп жүр ғой – жүкші бола алмаса, аткосшы болады».

Сенбі күні кешке ол әйелі Шариге:

– Чатариге жалданатын болдым... – деді. Шари Данконың айтқанына қашанда қарсы шығатын. Бұл жолы да солай болды.

– Өзің бара бер, бірақ мен бармаймын. Сенің Чатариің өгіздерімен қоса неге құрымайды... Оның адамдары еденде жатыр... Иттің үйшігіндей әрбір лашықта төрт үйлі жан тұрады. Данко бес центнер бидайға алған қисайған жаман үйін көзімен бір шолып өтіп:

– Мына сәулетті сарайыңды қимайсың-ау, сірә? Мұндай дүниені онда барсаң да табасың, – деген. Межелі уақытына дейін бұл туралы қайтып сөз болған жоқ. Шешімнің байыбына жеткенше, аялдай тұру керек болды. Асыққанмен ешқайда бармайсың: жарлы адам ең алдымен жаңа орындағы жұмыс жайымен танысып, біліп алуы керек.

Күйеуі күндік жұмыска барып жүргеннің арасынша әйелі көрші-қолаңдарымен, таныстарымен ақылдаса келіп, қоныс ауыстыруға көне бастады. Сөйтіп, осы жақсы үміттің бір шағында олар деревнядан жалшылар тұрған поселкеге көшіп те барды. Деревняда нені болсын карточкеге беретіндіктен, жарлылардың тұрмысы ауыр болды. Данконың екі баласын да әскери дайындыққа қалаға алып кетті. Дегенмен поселкедегі тұрмыс тиімді: ептеп табыс тауып алуға, балалардың қайсысын болсын шаруашылыққа пайдаланып қалуға жағдай бар. Бір есептен соғыс уақытында жарлыларға қысым жасаушы әкімдерден аулақ болу да теріс емес. Енді Шаридің сан рет күдер үзген, картайған шағында ақша жинап үй салып алу үміті тағы да елес беріп, жарқ етті.

II

Поселкеде Данконың үй іші азаттық алды. Мырзалар қашып кеткен, шаруа басқарушы да, мұғалімнің үй іші де зым-зыя жоғалған. Поселкеде сатушы Андраш Терек, кілтші мырза Пигницкий және бас механик Сладек мырзадан

баска бастық атаулыдан жан қалмапты. Данконың семьясы қысты жалшылармен бірге поселкеде өткізді. Зәресі ұшқан мырзалар мен кейін шегінген фашист әскерлерінің талан-таражынан 1944 жылғы бітік егіннен аз-ақ астық қалды.

Бұл қыста Чатари мырзаның бар шаруашылығын сатушы мен кілтші басқарған. Олар бұ жолы жалшыларға еңбек-ақылары үшін астық үлестіріп, дағдыдан тыс мырзалық етті. Жалшылар поселкеден деревняға сирек баратын, бірақ бара қалса кешікпей өмір мүлде өзгереді екен, мырзалар өкіметі құриды екен деген хабармен оралып жүрді. Деревняда Ұлттық тәуелсіздік майданының жергілікті комитеті және коммунист партиясының ячейкасы да құрылды. Ал поселкеде өмір өзгеріссіз қала берді, оны жандандыра қоярлық адам да табылмады. Тек Пигницкийдің ғана қолынан бірдене келер еді – кезінде ол газет те алдырып тұратын. Бірақ онысы нилашистік[1] газет еді. Енді кілтші мұнысын қалайда жасырып бақты. Рас, немістер Сталинград түбінде талқандалғаннан кейін өз кінәсін жуып-шаймақ болып ағылшын радиосын тыңдап, мырзалар айтқандай «үрейлі» хабар таратуға кірісті. Сөйткенімен Пигницкий жарық дүниеге шығуды әлі ертерек деп есептеді. Поселке тұрғындары Чатари мырза қайтып келіп жүре ме, әлде қайтеді, деген оймен тәртіп сақтай берді. Шаруашылық үшін қайткенде де тәртіп қажет-ақ. Коммунистер үшін бәрі ортақ десіп жүр ғой. Егер жер мемлекет меншігіне көшсе де, тәртіптің залалы жоқ. Сондықтан да шаруашылық жүре берсін, жұмысшылар орнынан кетпесін, тек қожайынды ғана ауыстыру керек деп жаза салады. Жер бөлісі туралы жөнді сөз болмады, соғыс әлі бітпеген, аласапыран кезең болатын. Егер селолық басқармадағылар селоға келе қалса, астық пен малдан басқаға тимейтін. Онда да шаруалардікін емес, көбінесе мырзалардың мүлкін ғана алатын – Комитеттің бұйрығы осылай еді...

– Данконың үй іші амалсыздан поселкеде тұра берді. Деревнядан баспана таба қою мүмкін болмады. Осынша бала-шағаңмен ешбір туысқаның да, танысың да үйіне жібере алмас еді. Тіпті деревняға көшіп бару да тиімсіз. Онда да міндетті қызметті атқаруға тиістісің, ал әкімшілік адамдары

[1] Нилашистер – венгер фашистері.

мұнда сирек келеді. Өйткені жол да тым жаман еді, поселке де қағажу тұратын. Мұнда да ептеп-септеп күн көріп тұра беруге болады. Сөйтіп, поселке тұрғындары болатын өзгерісті күтіп отыра берді. Данко күн сайын жұмыска баруға да дағдыланып алды. Ол таң сәріден ерте тұрады да, барактағы айғай-шудан безіп, мал қораға кетіп қалатын. Ол баска да картаң жалшылармен поселкеде әлдекалай қалып қойған кәрі өгіздерді суарып, шөп беріп күту жұмысына кірісетін. Мал қораның іші сонағұрлым тыныш болатын.

Жалшылар жем-шөптен босаған төңкерулі жәшіктердің үстіне отырып алып, түтікшелерін сорып үн жоқ, түн жоқ отыра беретін немесе жайлап әңгіме шертісетін. Кейде өздері жөнді білмейтін соғыс туралы әңгімелесетін. Көбінесе үйлеріне қайтып оралғандар мен хабар-ошарсыз кеткендер жайында сөз козғасатын. Әсіресе өздеріне үйреншікті шаруалар жайы көп сөз болатын. Егер жалшылар әркімнің байбаламын естімесе, не шаруа басқарушы мен Чатари мырзалардан қаймықпаған кезде мал қорада тыныш қана отыру олар үшін жанның рахаты еді. Қазір мырзалардың дәурені, тіпті, үні өшті, енді олардан қорқатын тұк те жоқ. Олардың не болғанын, қазір қайда екенін ешкім білмейді. Сатушы да көзге түсуді қойды, жалшыларды ұрсып-сөгетіні, батпандай қисық таяғы есінде болса керек.

Бағына қарай, жалшылар оның бәрін бірте-бірте ұмыткан тәрізді. Сөйтіп, Андраш Терек бір күні жалшыларға қайтып келді. Оның қазіргі кішпейілдігі мен жұрттың асты-үстіне түсіп жалбақтауына қарап, өмірін тап бір осы адамдар үшін сарп еткен бе дерсің. Поселкедегі жалшылар ештемеге араласпайтын, батыл бір іске кірісе де қоймай, тағдырдың жазғанын күтіп отыра берді. Ақ сүйектер өкіметі де, қожайындар мен мырзалар да жоқ. Әрине жақсы-ақ. Бірақ әйтеуір бір өкіметтің болуы сөзсіз – сондықтан да әзірге аялдай тұруды жақсы көрді. Поселкеге деревнядан неше түрлі хабар келіп жатты. Соғыс бұл арадан тіпті алыстап кетсе де, деревня үстінде самолеттер шүйіліп, батыстан артиллерия гүрсілі де окта-текте естіліп қалып тұрды. Кейбіреулер мұны: «Тиссада мұз жарылыпты», – деп, енді біреулер: «фашистер жуықта қайтып келетін көрінеді, олар қазір Дунайда тұр» деседі, Гитлер «құпия қару» қолданыпты, – десіп сыбырласып жүрді. Март айының ортасы ауысымен-

ақ жалшылар әбігерлене бастады: қар кетіп, тұқым сеуіп, жер жыртуға кірісетін мезгіл де болып қалды, бірақ бұған кілтші де, сатушы да асыға қоймады. Поселкеге «жерді бөліске салады екен» деген жаңа хабар келді. Жаңа үкімет жер туралы заң шығарыпты. Жұрт уақытша үкіметтің құрылған жері Дебереценнен жерді қалай бөлу керектігін айтып беретін өкілдер күтісті.

Жер бөліс комитетіне, поселкеден небары бір-ақ өкіл керек болса да, біреуін жақтырмаса екіншісін қояр деген оймен Андраш Терек пен Пигницкий мырзалар сайланды. Сайланғандардың біреуі мәжіліс құрып жүргенде, екіншісі үйде отырып алып, іс жаманға айналып барады деп қынжылды. Ал комитетке келгенде екеуі бірдей жапырақша қалтырап, поселкедегі жалшыларды жақтап ләм деуге жүрексінді. Сайланғандардың біреуі сатушы болып тұрған кезінде қақ таяқпен жұртты сабағанын біреу-міреу есіне алып жүре ме деп үндемеді. Ал Пигницкий болса тек нилашистік газет алдырып тұрғанына ғана емес, күндік жұмысқа жалданғандарға борсыған тұзды ет пен шіріген ұннан пісірген нан беретінін кейбіреулер есіне алуы мүмкін деп қаймығып, сөйлеуге бата алмады. Жер бөліс тым кешеуілдеп кетті. Ерте егілетін егістің уақыты өтіп кетті. Ауа райының қолайсыздығынан кеш егілетін егіс те егілмеді. Жер бөліс кезінде, поселке маңындағы жақсы жерді заң бойынша сондағы жарлыларға тиісті болса да, көрші деревнядағы шаруалар алып қойды. Данконың семьясына жер ең шеткі учаскеден берілді. Ол жерлерді бір кезде бай шаруалар Чатари мырзадан жалға алған болатын. Алпыс хольд жері бар Имре Секереш Данкоға көрші болды. Данко оған бір кезде күндік жұмыска жалданып жүрді. Оның өзіне жалданған адамдарға жырткыш аңша қарайтынын Данко сонда-ақ аңғарған. Данко поселкеде қалған өгіздерді қыс бойы боска күтіпті. Мал бөлгенде, оған жарты жасар торпақ қана тиді. Данкоға оны да балалары көп болған соң есіркеп берді. Рас, торпақ, сиыр болады. Данкоға бұрын сиыр атаулы атымен бітпеген. Бірақ оған дейін қайда! Поселкедегілер жер мен малды бөлісіп алып жатқанда Чатари мырза да көктен түскендей қайтып келді. Ол жел ілеспес жүйріктерге мініп кетіп еді, келерінде иығына дорба салып оралыпты. Чатари мырза келген бойдан немістер жағында әсте болып көрген емен, сондықтан да

Гитлердің соңынан еруді лайықсыз таптым деп келді. Оның асыға күткен ағылшындары Рейннен өте алмай жатқанда, совет солдаттары батысқа қарай зытқан Чатари мырза мен оның семьясын қуып та жетті. Ағылшындарға тілеулестігі жұртқа мәлім Чатари мырза Селолық ұсақ шаруашылық қожалар партиясының оңшыл қанатынан: «Ол әуелден нағыз демократ болатын» деген жазба қуәлік алыпты. Бұл аз болса, ол демократиялық партия дейтінмен байланысы бар әйелімен қол үшінен жалғасуға дейін бар еді. Тіпті болмаса Чатари мырза социал-демократия партиясы басшыларының бірімен көптен бері жақсы жолдас. Олар бір-бірімен кездесе кеткенде «Сервус»[1] те десетін. Екеуі де бір кезде комитет жиналысының[2] мүшесі болған. Оның үстіне, бұрын мыңға тарта хольд жері бар помещиктер заң бойынша 100 хольд жер алды. Осының бәрі Чатари мырзаның әлі де жаман тұрмауына жағдай жасады.

Сөйтіп поселкедегі жағдай Чатариге майдай жағып, Данкоға кеселін тигізе берді. Деревнялағылар іске сонағұрлым жедел кірісті. Олар помещик жерін ә дегенше-ақ бөлісіп алды да «жерді қайтып бермейміз», – деп кесіп айтты. Бірақ поселкеде олай болмады. Мырзалар болса, Чатаридің жеріне ие біреу емес, көп адам дегенді шығарып, документтерін көрсетті. Үш жүз хольд жер – еншісіне алған жасауы деген атпен, Чатаридің әйелінің үлесіне тиді, ал екі жүз хольд жерге Чатариге қарызға ақша бергем, деп әйелінің ағасы ие бола кетті. Чатари мырза оның үстіне «Қарсылық козғалысына қатынаскам және Отаныма еңбегім сіңгендіктен өзіме де үш жүз хольд жер берілу керек» деп жер бөлу комитетіне хабарлады. Ол мұны растайтын қағазды әлдақашан-ақ тауып алған және оған қоса, «ісім Ұлттық жиналыстың ерекше комитетінде қаралып жатыр» деген хабар тарады. Сондықтан да кейін бір пәлесі болып, жерін қайтарып беруге тура келіп жүрер деген оймен оның жерін бөліске сала қоймады. Чатари мырза ақыр аяғында келіп: «Мен помещик болып көрген емеспін, жай аукатты ғана шаруамын. Небары төртжүз-ақ хольд жерім болды және шаруашылығыммен

---

[1] Сервус (венгр сөзі) – өзара «сен» десіп жүретін жақын адамдардың сәлемдесуі.

[2] Комитет жиналысы – Венгриядағы облыстық өкімет органы.

өне бойы өзім айналысып келемін» деуге дейін барды. Ол катардағы жай шаруа, нанбасаң қолдарын қарашы! Соңғы кезде оның бетін шынында да жел қағып, алақаны күлдіреп кетіпті. Ол өзінің нәзік қолдарын қайткан сапарында өз нәрселерін тасып жүріп бүлдіріп алған болатын. Нағыз шаруаның қолдары балалық шағында – өмірінде бір-ақ рет – күлдірейді. Содан бастап олардың қолдары диқаншының батпандай күсті қолына айналады.

Чатари мырза біртіндеп малдарын да жинай бастады. Деревня шаруалары алғандарын қайтарып беруден үзілді-кесілді бас тартқан соң, ол тағы да есесін поселкедегі жалшылардың есебінен толтырды. «Керек болса өзі келсін»,– десті деревнядағы шаруалар өзара. Бірақ Чатари мырза ашынған ашулы шаруаларға бара қоятын ақымақ емес. Ол үйде қалуды жөн көрді. Чатари мырза мен оның достары заңды егжей-тегжейіне дейін әбден біліп алды және оның өзі мен әйеліне – үш жүз хольд, қайнағасына – жүз хольд, барлығы төрт жүз хольд жер келетінін, соған сәйкес мал да алатындарын жақсы білді. Басқаша болуы мүмкін емес. Басқа дау-жанжал тәрізді бұл дау да бір жылға созылды. Ақыры Коммунистер мен шаруа партиясы депутаттарының ұсынысы бойынша, Будапешт жұмысшылары демонстрациясының әсерімен ұлт жиналысы заң қабылдады. Бұл заң бойынша үй ішінің жері бір ғана қожайынның карамағына көшті, ал бұрын бөлініп қойылған жер иесіне қайтарылмайтын болды. Ақыр аяғында Чатари мырзаның үлесіне жүз хольд жер, соған сай мал ғана тиді. Әйтсе де Чатари мырза істің түзелмейтінін сезіп, басы артық малдарын сойып, сатып-сатып жіберді. Ал бір кісіге (ол социал-демократ еді, оған маңайласу тым қиын болатын) өзінің тракторын да өткізіп жіберді. Чатаридің әйелі Будапештегі банкир ағасының қолында тұрып долларымен, алтынымен сауда жасай берді. Оның тапқан ақшасына Чатари үйін түзеп, кенеуі кеткен шаруашылығын қалпына келтіріп алды. Чатаридің имениесінде тағы да жалшылар пайда бола бастады.

Чатари мырза Данконы да өзіне шақырды. Бірақ өз үйі болуын арман ететін жалшы оған бара қоймады. Данко қазір жер ғана алып қоймады, үй алуға да тиісті болды. Оған тоғыз хольд·егіндік, бір хольд жүзім өсіретін жер берілуге тиісті еді. Бірақ Чатари мырза қолын кең жайып, оған жеті

хольд жер учаске кесіп бермек болды. Рас, бұдан ештеме шықпады. Акыры 8 хольд егіндік, бір хольд жүзім өсірілетін жерге келісті, бұл төрт қана хольд жердің орнына есептелді. Данконың үй іші әзірше ортақ баракты бір бұрышында, орынша тұра берді. Бірақ баракты бұзып, оның материалынан әркім өзіне лайық үй салып алуға келісілген еді.

1945 жыл Чатари мырзамен жауласып жүргенде өте шықты. Даулы жердің көпшілігі жыртылмай не егілмей қала берді. Ол жердің жусаны кісі бойындай боп қаулап өсіп, гүлдердің үстінде ара қара бұлтша құжынап жүрді. Дала тышқандары да қаптап кетті. Данконың үлесіне тиген жерді жақсылап жырту үшін, ең құрығанда алты пар өгіз, болмаса бір трактор керек еді. Ал Данконың өгіздері де, тракторы да болмады. Торпағы мен Данконың өзі қабат жегілсе де, соқаны сүйрей алмас еді. Қаршадай торпақты соқаға жегіп, ауыр жұмыска салу обал да. Бір сөзбен айтқанда, 1945 жылдың қара күзінде баска да көп адамдар сиякты Янош Данко да өзіне тиген жаңа жердің шетінде көліксіз, не құралсыз әрі тұқымсыз қалды. Бірақ Янош Данко кездескен қиындықтардан беті қайтып қалатын адам емес-ті. Ол бұдан да зор сәтсіздіктерге төтеп берген. Үйленгеннен кейін бірнеше жыл өткен соң үшінші ме, төртінші ме баласы туған кезде (Данконың есінде жок) не баспанасы, не астығы жоқтықтың қысасынан ол асылып өлмекші де болған. Күтусіз жеріне көз жіберіп тұрып, ол өзі туралы ойға шомды: «Дегенмен, құралақан отырмаған кезде қиындыкка төзу оңай. Іс оңға басып барады».

Өзінен-өзі әрине, ештеме де бітпейді, Янош Данко олай деп ойлаған да емес. Ол екі өгізі бар Андраш Терекпен сөйлесіп көрді. Жерін жыртып берсе, есесіне Данко да оның учаскесінде біраз жұмыс істер еді. Данконың балалары көп кой. Қазір күндік жалданудың жок кезі, балалары үйде боска отыр. Андраш Терек бұған келісті. Оның үйінде жұмыс істейтін адамы болмады. Ұлы үйленген, деревняда күймелі арба жасаушы боп істейді, бір қызы күйеуге шығып, кетіп қалған; екінші қызы бой түзеп жүрді де, жұмыс істемеді. Өйткені поселкеде сатушы үлкен мырза саналды да, қызына далада жұмыс істетудің орайы келмеді. Данконың семьясы Андраш Теректің жерінде жүгері теріп, картошка жинап, шалқан каза бастады. Бірақ ең жаманы, баска жарлылардың

да колігі болмай, сатушыға жалдануларына тура келді. Соның салдарынан, Данкоға үлес тым аз тиді. Оған қоса тағы бір бақытсыздық тап болды: Андраш Терек жер бөліс комитетінің мүшесі болғандықтан, тіміскілеп жүріп резервте әлі де бөліске түспеген жер барын тапты. Ол жердің біразын тұткыннан босамаған солдаттарға сақтады, біразын семьясынан бөлініп, үй салып шығатындарға қалдырыпты. Білегі жуандау, дәулеттірек, солдыр адамдар мұндай жерлерді жалға алды. Андраш Терек те сәті түсіп тұрғанда бұдан құралақан қалғысы келмеді. Бірақ нәтижеде жыртатын жері көбейіп кетті де, атсыз шаруаларға көлікті ұзақ күтіп қалуға тура келді. Ноябрь де бітуге таянды, Данко тоң жерден екі хольд қана жер жыртты. Өзі сока ұстап, өгіз айдамаса да, Андраш Терек оның қалған жерін жыртуына көлік бермеді. Андраш Терек әсте жұмыс істеген жан емес, қазір де ебін тапты. Оған бәріне де әзір көмекшілер, тіпті өгіз айдасатындарға дейін табылды – Данкоға істететін қол жұмысы болмағандықтан, сатушы бұрынғы жалшыға өгіз беруден бас тартты.

Данконың тұқымы да болмады. Үкіметтің мемлекеттік қордан шаруалар үшін бөлген жәрдемін поселкеге жеткізбей-ақ, бәрін селоларда үлестіріп алды. Бірақ ол ең болмағанда, екі хольд жерге жеміс егер еді. Андраш Терек келісімін бұзды да, Данко жерінің көбін жырта алмай қалды. Шіркін, бүкіл учаскені жыртып тастаған қандай жақсы. Жерді әсіресе күзде жыртсаң, тыңайған жер келесі жылғы егінге дап-дайын тұрар еді. Ал мемлекет көмегі бұл шеткері ауданға жетпеді. Мұқтаж шаруалар елдің орталық облыстарында да аяқ алғысыз еді. Рас, поселкеге үгітшілер келе бастады – сайлау уақыты таяп қалған болатын. Жұртты жиналыска шақырып, көбі барып та жүрді. Жол жақсарып, жиналыс селода өткізілген кезде, поселке тұрғындарының көбі селолық ұсақ қожалар партиясының насихатшыларының сөзін тыңдады, шешендер халық демократиясы туралы, жер бөліс және помещиктердің айыбы туралы тамаша сөз сөйледі. Селолық қожалар партиясына еніп кеткен реакцияның бұқпантай істері туралы әңгіме айтысты. Реакционерлердің шаруаларды жерден айыру үшін қолдарынан келгенін істеп бағатындары айтылды. Бұған кедей-шаруалар да, Данко да бір ауыздан: «Ондайларды асып өлтіру керек!» – деп ешқандай қулықсыз, қарапайым

сөздермен үн косты. Күзгі кара жауын басталды, поселок деревнямен байланыссыз калды. Пигницкий мырзанікінен баска, ешбір үйде радио болмады. Газеттер де поселкеге өте сирек келетін. Онда да Андраш Терек немесе Пигницкий, кейде механик Сладек селоға бара калғанда ала келетін. Әрине, олар тек өз партияларының газетін окып жүрді.

Мұндай уакытта поселке тұрғындары түгел жиылып, газеттерді бірінен соң бірі жабыла окитын. Барлық газеттер де жаксы өмір жайында шебер жазатын. Тек Данко, Шаму Габор сиякты кейбір адамдар: – Бәрінің калайтыны тек жаксылық екен, онда бәрі неге бір кісідей кимылдамайды?– деген бір-ак нәрсеге түсінбеді. Данконы бәрінен гөрі дала тышкандары мен жыртылмай жаткан жер көбірек мазалады. Көктемде оның акшасы түгіл астығы да болмайтын түрі бар. Балаларының жарым-жартысын Чатариге күндік жұмыска жібергенмен де кабылдай коймайды. Өйткені бұрынғы кожайынына кайтып барған жалшылардың да балалары жеткілікті. Оның үстіне, көп адам Чатари мырзаның: «Жерімді ұрлап алдыңдар, ол жерде, кәне, менсіз күн көріп байкаңдаршы. Күн көре алмайды екенсіңдер мұрдем кетіңдер!» – дегенін естіпті. Бірак Янош Данконың мұрдем кеткісі келмеді. Ол көктем таянғанда далаға көшіп баруға бекінді; біріншіден, ол учаскенің басы-касында болады және сонау алыстан жұмыска келіп жүрмейді. Әсіресе, егінін малдан корғау керек болды: бай көршілері кедейлердің есесінен күнелтуді теріс көрмейтін. Данко «учаскеде семьяммен тұрсам құс өсіріп, торай асырап сатып, казір азык-түлік заттары тым кымбат кой, түскен акшасына өгіз алар ма едім» – деп те ойлады. Рас, Данкода соғыстан кейін небары екі тауығы мен бір торайынан өзге – жарытымды ештеме калған жок. Бірак осыдан бастаса да теріс емес. Данконың комитеттен алған торпағы тез өсе берді. Ол тіпті көлік кып пайдаланамын деген оймен арбасымак бірдене жасап, жабдыктарын ынғайлады. Тауыктар мен торайға далада да жем көп. Данконың учаскесіне үлкен бір көгал шектесетін. Бұл жер ауылшаруашылығы кооперативін ұйымдастыра калсак керек болады деп сакталған иесіз жер болатын. Кыс түсті. Жұрт каусаған, анғал-саңғал барактарда кыстап шыкты. Баракты ешкімнің де жөндегісі келмеді, сондыктан жұрт кайткенде де сол барактан құтылудың амалын көздеді.

«Көктемге бір жетіп алсам, – деп ойлады Янош Данко, – далада сарай салып алсам да өлмес ем». Данко уақытын боска өткізбес үшін, қыстыгүні де балаларын далаға күн сайын ертіп барып, кетпенмен жер қазып жүрді. Ол қолыма егер өгіз, ат, трактор, тіпті акша түспесе де жерімді бұлай қалдырмаймын, кетпенмен болса да жұмыстаймын деп бекінді. Оның балаларымен қосылып соқаға жегілмегені беп-белгілі. Бұған адамның күші де жетпес еді. Шаруа соқаға жегіліп жер жыртады деп ойлайтын тек қала адамдары ғана. Данконың күлкіге желеу болғысы келмеді. Оған Чатари мырза мен Секерештің және баска да бай көршілерінің: «қыстыгүні жерді колмен қазу деген қайдан шыққан деп» күлетіндері де жетіп жатыр. Сөйткенмен ол «егістік жер күрекпен не кетпенмен мәпелеп өңдегенді жақсы кереді» деуден танбады. Данко ешкімнен қарыз да сұрамады, бұл оның әдетінде де жоқ болатын, өйткені кедейлерге ешкім көңілі түсіп қарыз бере қоймайтын.

Қырау және тұманмен алмасып суық жаңбыр жауып тұрған кез. Янош Данко күн сайын таң сәріден-ақ кетпенін алып, балаларын ертіп, далаға жөнеледі. Балалары кейіп, әйелі: – Тап осы мезгілде далада сенен басқа кім жұмыс істеп жүр. Көктем шықсын, біз де жұрттан қалыспаспыз. Көршілерден ұялсаңшы! – деп ұрсып-сөгетін болды. Бірақ Данко алған бетінен қайтпады. Ол әйеліне үндеген де жоқ, балаларын кас-қабағымен-ақ үйіріп алды. Ол өзінің қап-қара тұңғиық көздерімен қадала қарағанда балалар түгіл, төбет–Фюргені де ырыкка қоймайтын. Далада жұмыс істеу тіпті ауыр болды, әсіресе істің өнбеуі жаман батты. Данко далада жұмыс істеп жүріп, көгалда шошқаларын бағып жүретін көршісі Секерешпен жиі кездесіп қалып тұрды. Данко әдеттегісінше сабырлылығымен учаскесінде жерін үн-түн жоқ каза беретін, ал көршісі колына бишігін ұстап, самаркау басып өте шығатын. Көршілер кездескенде: бұлардың әр-қайсысы қайсымыз бұрын амандасар екенбіз? – деп ойға қалатын. Янош Данко өз жерін өңдеп жүр, Имре Секереш болса өз учаскесінде шошқаларын бағып жүр. Қайсысы бұрын сөз бастар екен? Сөйлеспей болмайды, өйткені айдалада екеуінен басқа жан жоқ, оның үстіне араздасып та жүрген жоқ. Кім бұрын сөйлесіп және не айтысар екен?

Янош Данко бір кезде Секерештің, күндік жалшысы

сөздермен үн косты. Күзгі кара жауын басталды, поселок деревнямен байланыссыз қалды. Пигницкий мырзанікінен басқа, ешбір үйде радио болмады. Газеттер де поселкеге өте сирек келетін. Онда да Андраш Терек немесе Пигницкий, кейде механик Сладек селоға бара қалғанда ала келетін. Әрине, олар тек өз партияларының газетін оқып жүрді.

Мұндай уақытта поселке тұрғындары түгел жиылып, газеттерді бірінен соң бірі жабыла оқитын. Барлық газеттер де жақсы өмір жайында шебер жазатын. Тек Данко, Шаму Габор сияқты кейбір адамдар: – Бәрінің қалайтыны тек жақсылық екен, онда бәрі неге бір кісідей қимылдамайды?– деген бір-ақ нәрсеге түсінбеді. Данконы бәрінен гөрі дала тышқандары мен жыртылмай жаткан жер көбірек мазалады. Көктемде оның ақшасы түгіл астығы да болмайтын түрі бар. Балаларының жарым-жартысын Чатариге күндік жұмыска жібергенмен де қабылдай қоймайды. Өйткені бұрынғы қожайынына қайтып барған жалшылардың да балалары жеткілікті. Оның үстіне, көп адам Чатари мырзаның: «Жерімді ұрлап алдыңдар, ол жерде, кәне, менсіз күн көріп байқаңдаршы. Күн көре алмайды екенсіңдер мүрдем кетіңдер!» – дегенін естіпті. Бірақ Янош Данконың мүрдем кеткісі келмеді. Ол көктем таянғанда далаға көшіп баруға бекінді; біріншіден, ол учаскенің басы-қасында болады және сонау алыстан жұмыска келіп жүрмейді. Әсіресе, егінін малдан қорғау керек болды: бай көршілері кедейлердің есесінен күнелтуді теріс көрмейтін. Данко «учаскеде семьяммен тұрсам құс өсіріп, торай асырап сатып, қазір азық-түлік заттары тым қымбат қой, түскен ақшасына өгіз алар ма едім» – деп те ойлады. Рас, Данкода соғыстан кейін небары екі тауығы мен бір торайынан өзге – жарытымды ештеме қалған жоқ. Бірақ осыдан бастаса да теріс емес. Данконың комитеттен алған торпағы тез өсе берді. Ол тіпті көлік қып пайдаланамын деген оймен арбасымақ бірдене жасап, жабдықтарын ыңғайлады. Тауықтар мен торайға далада да жем көп. Данконың учаскесіне үлкен бір көгал шектесетін. Бұл жер ауылшаруашылығы кооперативін ұйымдастыра қалсақ керек болады деп сақталған иесіз жер болатын. Қыс түсті. Жұрт қаусаған, анғал-санғал барақтарда қыстап шықты. Барақты ешкімнің де жөндегісі келмеді, сондықтан жұрт қайткенде де сол барақтан құтылудың амалын көздеді.

«Көктемге бір жетіп алсам, – деп ойлады Янош Данко, – далада сарай салып алсам да өлмес ем». Данко уақытын боска өткізбес үшін, қыстыгүні де балаларын далаға күн сайын ертіп барып, кетпенмен жер қазып жүрді. Ол қолыма егер өгіз, ат, трактор, тіпті акша түспесе де жерімді бұлай қалдырмаймын, кетпенмен болса да жұмыстаймын деп бекінді. Оның балаларымен қосылып соқаға жегілмегені беп-белгілі. Бұған адамның күші де жетпес еді. Шаруа соқаға жегіліп жер жыртады деп ойлайтын тек қала адамдары ғана. Данконың күлкіге желеу болғысы келмеді. Оған Чатари мырза мен Секерештің және баска да бай көршілерінің: «қыстыгүні жерді колмен қазу деген қайдан шыққан деп» күлетіндері де жетіп жатыр. Сөйткенмен ол «егістік жер күрекпен не кетпенмен мәпелеп өңдегенді жақсы кереді» деуден танбады. Данко ешкімнен қарыз да сұрамады, бұл оның әдетінде де жок болатын, өйткені кедейлерге ешкім көнілі түсіп қарыз бере коймайтын.

Қырау және тұманмен алмасып суық жаңбыр жауып тұрған кез. Янош Данко күн сайын таң сәріден-ақ кетпенін алып, балаларын ертіп, далаға жөнеледі. Балалары кейіп, әйелі: – Тап осы мезгілде далада сенен басқа кім жұмыс істеп жүр. Көктем шықсын, біз де жұрттан қалыспаспыз. Көршілерден ұялсаңшы! – деп ұрсып-сөгетін болды. Бірақ Данко алған бетінен қайтпады. Ол әйеліне үндеген де жок, балаларын кас-қабағымен-ақ үйіріп алды. Ол өзінің қап-қара тұңғиық көздерімен қадала қарағанда балалар түгіл, төбет–Фюргені де ырыққа қоймайтын. Далада жұмыс істеу тіпті ауыр болды, әсіресе істің өнбеуі жаман батты. Данко далада жұмыс істеп жүріп, көгалда шошқаларын бағып жүретін көршісі Секерешпен жиі кездесіп қалып тұрды. Данко әдеттегісінше сабырлылығымен учаскесінде жерін үн-түн жок каза беретін, ал көршісі колына бишігін ұстап, самаркау басып өте шығатын. Көршілер кездескенде: бұлардың әркайсысы қайсымыз бұрын амандасар екенбіз? – деп ойға қалатын. Янош Данко өз жерін өңдеп жүр, Имре Секереш болса өз учаскесінде шошқаларын бағып жүр. Қайсысы бұрын сөз бастар екен? Сөйлеспей болмайды, өйткені айдалада екеуінен басқа жан жок, оның үстіне араздасып та жүрген жок. Кім бұрын сөйлесіп және не айтысар екен?

Янош Данко бір кезде Секерештің, күндік жалшысы

болған-ды. Сондықтан да сөзді Данко бұрын бастау лайық сияқты. Солай екені солай ғой, бірақ Секереш тым өркөкірек адам – не ойлап жүрерін кім білген. Имре Секереш басқаша ойлады: Данко оның бір кездегі жалшысы, бірақ қазір өрлеп барады. Егер бұрын сойлессем, бәлкім, ол бәлсем енді кібіжіктейін дедің бе деп ойлауы мүмкін. Екеуі де әп-сәтте осындай ойға келе қалатын, бірақ ақыр аяғында бұрынғы әдеттері жеңеді: екі көрші кездессе, амандасқандары жөн.

Олар екеуі де бір уақытта, бірауыздан:

– Іске сәт! – деп амандаса кетісетін.

Секереш көргенділігін білдіріп:

– Шаруа қалай! – деп іле жөнелетін.

– Ақырындап... – деп жауап беретін Данко.

– Жердің дүние жаралғалы мұндай күтім көргені осы-ақ шығар. – Несін айтасың... өйтпесең мұндай жерді жөнге қалай келтірерсің... Тышқан қаптап кетіп, жерді шұрқ-шұрқ тесіп тастапты. Данко жер жыртуға ақшасының жоқтығын тіріде мойындамас еді. Ол Секерештей алпауыттар өзіне күлсін деп жүрген жоқ. Бірақ Данконың жарлылығын Секереш жақсы білетін, сөйте тұра сыр шашпай: «Тоқтай тұр, жарлы мұндар әлі-ақ жаның көзіне көрінер!» – деп ойлады ішінен. Қыс тым қатты болмап еді, жұмыстың да сәті түсе бастады. Жер әбден қатпаған соң Данко қырауға қарамай, далаға жұмысына барып жүрді. Үй іші ашықса да, шошқасын союға қимады. Олар қоң торғай боп тұра беруге үйреніп те алды. Былтыр мырзасының сараңдығынан ашықса, биыл өз ықтиярларымен ашығып отыр. Бұл әлдекайда жеңіл, Данко үйге тым кеш келеді де, дымы құрып орындыққа сұлқ құлай кетеді. Сөйтсе де оның көз алдында жаңа өмір ашылғандай болады. Данко сөйлеуік бола қойған жоқ. Бірақ балалары бұрын әсте қалжыңдамайтын, жадырап күлмейтін, қабағын қарс жауып тұнжырап жүретін әкелерінің енді жұмыс уақытында әлдене ойына түсіп күліп, сызғырта ән ысқырып жүретінін көріп, қайран қалысты. Әлдекашан ұмытылып кеткен ескі венгер өлеңдерінің сазды күйі енді өзінен-өзі келіп тіл ұшына орала кеткендей: ән – жан сөзі деп бекерге айтылмаған, қазір сол жан сезімі үмітке толы. Жарлы-жалшыларды тамаша өмір күтіп тұр! Селода да, поселкеде де азаттықтың осы бір алғашқы жылдарындағыдай ешуақытта да мұнша көп ән шыркалып, би биленген жоқ шығар.

Тіпті кешегі карапайым бұхара халықтың басына әңгіртаяқ ойнаткан Андраш Терек, Пигницкий, Сладек сияқтылар да тұрмыс жақсарады десіп жүрді. Бірақ олардың әркайсысы жаңа тұрмысты өздерінше жорыды. Данко бұған түсіне алмай-ақ қойды. Әйтеуір бәрінің де дәмелері жақсылық болды. Егер Терек барлық машина мен жайылым жерді өз қарауына алатын кооператив құрайын десе-ақ Пигницкий мен Сладектің бір ауыздан неге қарсы шығатынына Данко түсінбеді. Ал, Пигницкий өз тарапынан бірдеме дей қалса, мысалы, жалшылар тұрған барактарды бұзып, құрылыс материалдарын жарлы-жалшыларға таратып берейік десе, жаңа үйлер салынып біткенше, жұрт қайда тұрмақ деп айқайлап, жұртты қаймықтырып, Терек қарсы шығады. Мұнан соң механик Сладек маған жер бермей-ақ, молотилка берсеңдер, оны жөндеп поселке адамдарына астық бастырып берейін десе-ақ Терек те, Пигницкий де қарсы болады: Олар тек Чатари мырзамен дауласқанда ғана бірікті. Сладек егер Чатари жеңе қалса ол мастерской мен қыруар құрал-саймандарды қайтып алып қояды» – деп қорықты. Сладек ол құрал-саймандарды сақтап қалған өзім ғана, бәріне мен иемін! – деп есептейтін.

Янош Данко бұл тартыска мүлде түсінбеді. Ол бұл айтысушыларды мырза-төбеттер деп есептеді және осы адамдардың бәрі соңғы кезде жақсылыққа бет бұрып түзеліп кетті дегенге аузы бармады. Бірақ ол тіс жарып ештеңе демеді. Данко ылғи үн-түн жоқ жүретіндіктен тұткиылдан айқай салуды да лайықсыз көрді. Егер поселкеге көрші селодағы коммунист Габор Киш немесе уездік комитет коммунист партиясының секретары сияқты нағыз басшылар келе қалса, кедейлердің жиналысы ешбір дау-дамайсыз жақсы өтіп жүрді. Ал олар поселкеден кетісімен-ақ, бәрі бұрынғы таз қалпына қайта түсетін болды. Дегенмен, әркімнің кімнің соңына еретінін шешуі керек болғандықтан, Данконы жұрт Андраш Терекпен киюласыпты десіп жүрді. Бірақ Данко Андраш Теректі басқалардан гөрі сыйлағандықтан, болмаса, оның алған бетін құптағандықтан жақын тартқан жоқ. Басқа жалшылар сияқты Данко да сатушымен істес болуға үйренген. Онымен бірге болу, саясатпен де шұғылдануға қолайлы болды. Лаушылар болса, Пигницкийдің жағына

бір кездегі Чатари мырзаның бас атшысы әрі кілтшісі болғандықтан шықты. Сөйтіп, поселкенің халқы екіұдай боп бөлінді де (Сладек механиктің партиясы жағындағылар поселкенің Чатари мырзаға тәуелді бөлігінде тұратындықтан бұған қосылмады), бұрынғы жалшылардың арасы қыян-кескі дауға айналды. Данко мұнымен тіпті келісе алмады. Ол өзімен учаскесі қатар қайырымды көршісі, баяғыдан көмектесіп келе жатқан ескі жолдасы Табор Шамумен қалайша жанжалдасуға тиісті екенін ұқпады. Сонда Шаму коммунист партиясының жағында болғандықтан жанжалдаспақ па?

Мейлі, қаласа, өзгелері-ақ жанжалдаса берсін: Данконың онда ісі жоқ. Ол өзінің көршісімен тату-тәтті тұра береді. Көктемде, жол кеуіп, жүруге жарарлық болған соң, Данко да торпағын жегіп, семьясы мен мүлкін далаға көшіре бастады. Кішкене торпақ алғашқыда мойнына ағаш қамыт киіп, ауыр жүкті неліктен сүйрейтініне түсінбей дал болды, бірақ кейін осының бәрі балғын көк шөп үшін болар-ау деп тыныштала бастады.

1946 жылдың көктемі де дағдылы Венгрия көктеміндей желді және аңызақ болды. Жер тез кеуіп, жолдың шаңы аспанға шығып, бұркырап жатты. Янош Данко далаға күніне үш-төрт қатынап жүрді. Учаскесінде бір кішкене төмпешік болатын. Данко сол төмпешіктің үстінен жер үй қазып алмақ болды. Жақсы үй салып алғанша, жер үй қолайлы болар деп ойлады ол. Жер үй бітісімен Данконың семьясы тегіс көшіп те келді. Аялдайтын ештеңе жоқ еді. Екі тауығын, шошқасын да ала келіп, арнаулы жер үйшікке жайғастырды. Данконың әйелі Шари деревнядан каз балапандарын сатып алды. Ол күркетауық балапандарын да тауып алмақшы еді. Бірақ гитлершілдер кейін шегінгенде күркетауық атаулыны қырып кетіпті. Тіпті, күркетауық табылғанмен де, асырау қиын еді. Күркетауыққа ірімшік керек, ал ірімшік ол түгіл Данконың балаларына да жоқ. Ең жаманы жер өңдеу жұмысы болды. Оның үстіне жығылған үстіне жұдырық дегендей, 1946 жылы көктемде ақшаның құны арзандап, Данконың қолындағы азын-аулақ ақшасы түкке аспай қалды. Жерінің көбіне тұқым себілмей қалды. Күздік бидайы да нашар шықты. Данконың балалары: Имре, Габри, Эржи, Шари, тіпті тұтқыннан оралған Яни де тегіс үйде болатын. Бұлар

жабылып кетіп шалқанды, жүгері мен картошканы тез егіп алды. Комитет Яниге резервтегі кордан бір хольд жер берді. Бірақ онысы киян шетте болғандықтан, пайдасынан әуресі көп болды. Бес хольд жер де жыртылмай жата берді. Осынша жерді қолмен қазуды ойға да алуға мүмкін емес. Оған күш те келмеді, уақыт та жоқ еді. Жер құрғап бара жатқандықтан, дереу тұқым себу керек болды. Шари поселкеге күнде барып, біресе Андраш Теректен, біресе Пигнницкийден көмек сұрады. Ал Данконың өзі оларға барудан бас тартты.

Шари Андраш Терек пен Пигницкийге деревнядан трактор сұрап әпер, болмаса егісін ерте бітірген байлар кедейлерге жәрдемдессін деп жалынды. Бірақ әркім өз жұмысымен өзі болып, кедей әйелдің тілегіне ешкім құлақ аспады. Сөйтсе де Пигницкий селолық басқармаға барды. Ол барысымен көп кешікпей селолық басқармадағы коммунистер шұғыл шаралар қолданып, дәулетті шаруалардың бәрін көліксіз жаңа қожайындардың жерін жыртып беруге міндеттеді. Бірақ бұл кезде жер әбден кеуіп кеткен еді. Дәулетті адамдар бұл жұмысты еңбек жазасындай көрді де, олардың көмегінен пайда да аз болды. Янош Данкоға көршісі Имре Секереш жәрдемдесуге тиіс болды. Жалдама жұмысшысы болмаған соң, Секереш баласы мен өгіздерін жіберіпті. Дәулетті адамның баласы болғандықтан, жұмыс істеуге ол да дағдыланған емес-ті. Ол біреудің жұмысы түгіл, өз жұмысын селсоқ істейтін. Оның мына жұмысын кергенде, Данкоға тек тісін қайраудан басқа қалған жоқ. Ақыр аяғында Секерештің баласы: «Сеялка сынып қалды» – деді де егісті қолмен сеуіп бітіруге тура келді. Кеш себілген егін жөнді шықпады. Жүгерінің сарғыш сабағы әр жерде бір-ақ ұшырасып, мүлдем селдір өсті. Қара бидай мен сұлының шығымы да нашар болды.

Жұмыс тіпті бастан асып кетті. Бұрын шаруа меңгеріп көрмеген, ең құрығанда екі хольд жер ұстамаған адам нағыз қожайын болып саналмады, ондай адамның көрешегінің бәрі алда. Ал үйсіз-күйсіз, астықсыз-қаражатсыз, қызылсызмалсыз адамның күні мүлде қараң болды. Уақыт өтіп жатты. 1946 жылда Данко бейнетке белшесінен батты. Жер кеш әрі нашар өңделгендіктен, әрі қуаңшылықтың салдарынан егіннің шығымы өте төмен болды. Данко мен оның семьясының бағына қарай, бір учаске жердегі қыстыгүнгі сінірген еңбек-

тері жанып, бір қыска жетерліктей картошка мен жүгері өсті. Бірақ бидайдан шығым аз болды, ал учаскеден өнген қызылшамен торпақты асырау керек болды. Үйде бұдан басқа түк те жоқ еді, ең бастысы, ақша да болмады. Пеиге ақша жойылған болатын, бірақ оның орнын басқан форинт те оңайлықпен табылмады. Осыншама үміт арткан қаздарын түлкі әкете бастады, үйрек балапандарын сасыккүзен қыра берді, тауық балапандарын каршыға іліп әкетті. Сөйтіп, күзге қарай санарлық та ештеме қалмады, ал оларды сату ойға кіріп те шықпады. Данконың ересек балалары да жалаңаш-жалпы жүрді. Оларды Шаруа жастары одағына да шақырды, бірақ жұлым-жұлым киімдерінен ұялып бара алмады. Олар жақсы киінгендердің арасында ұялатын болды. Данконың үш ұлы ер жетіп, екі қызы да бой жетіп қалған болатын. Шариге де оңай тимеді. Балалар әкесінен қаймығып, өз кейістіктерін ылғи шешесіне келіп айтатын болды.

Ойдағыдай үй салып алудың да сәті түспеді. Қаржылары тек кірпішке қана жетті. Черепицасы мен есік, терезе алуға күштері келмеді. Андраш Терек Данкоға құрылыс ағашын да аз берді. Ал берген бөренелері шіруге аз-ақ қалған, шеге ұстамайтын бірдеме еді. Сондықтан оларды сыммен орап, қағып ілдебайлауға тура келді. Шатырды черепица орнына қамыспен жапты. Есікті жалаң тақтайдан, ештеңемен қымтамай-ақ шошқа қораның есігіндей бірдемені Данконың өзі жасады. Үй тіпті тар болды: күздігүні бүкіл семья үйге жиналғанда әрең сиды. Данко қара күз болғанша, жер кебу кезде далаға жатып жүрді. Ал жауын-шашын кезінде, арбаны не сабан үйілген маяны паналайтын болды. Көптеген поселке жалшылары осылай күнелтіп жүрді. Әр дыбыска құлақ түріп далада жатып, таңертең бозторғайдың тамылжыған әнін тыңдап ояну жақсы-ақ. Әттең не керек, Данкоиың жылы топы жоқ, басына тартса аяғына жетпейтін шоп-шолақ солдат курткасын жамылып жатуға тура келеді. Оның өзін кашып-пысып жүрген бір солдат әбден тозған соң лактырып кеткен болатын. Уақыт озған сайын, айналадағы өмір де өзгере берді. Данко оны байқамай тұра алмады. Чатари мырза өзінің жүз хольд жерін тәртіпке келтіріп алды. Енді поселкенің ол тұратын жағынан күнде таңертең әдемі ақ өгіздерді айдаған бишіктердің шартылы естіліп тұратын болды. Андраш Терек өгіздерін сатып жіберіп, орнына ат алды да, сол аттармен

төңіректегі деревняларды аралап жүрді. Пигницкий осы кезде поселкеде ұйымдасқан кооперативті басқарды. Өйткені, шаруашылықтың жайын кілтшіден артық кім білер деп ойлады. Бірақ Пигницкийдің билігі коммунистер поселке кілтшісінің қандай адам екенін әбден біліп алғанға дейінақ созылды. Бұрынғы жалшылардың ішінде жегін өгіздер тауып алғандары да болды. Бірақ жалшылардың көбі Данко мен Габор Шаму сияқты сиыр не торпақтың мойнына қамыт салуға мәжбүр болды. Данконың үйінде осы торпақ үшін талай-талай ұрыс-керіс те болды. Рас, айқайлайтын Шари ғана, Данко үндемейді, бірақ айқай-шу онсыз да жеткілікті еді. Керісті қашан да Шари бастайтын. Торпақ екі жаска толып, тайынша болды, енді оның бұзаулауын күткен кез де туды. Данконың әйелі де одан қайткенде де жақсы сиыр шықса деп ынтықты. Шари ерге шыққалы міне отыз жылға айналып барады, ол осы жылдардың ішінде өзінікі деген сиырдың емшегін тартып көрген әйел емес. Өз сиырыңның болуы не деген қуаныш десеңізші!

Ол солай, бірақ жер жыртып, астық тасу да керек қой. Данко мен Габор Шаму көктемде өз тайыншаларын парлап жегіп, ешкімге жалынбайтын боп уәделесті. Өйткені басқа жер жыртушылардан береке аз. Оның үстіне Данко мен Шамудың ақшалары тағы жоқ. Жаңа форинтті де бұлар бірақ рет көрді, онда да Пигницкий мырзаның қолынан көрген. Тағы да бір жыл өте шықты. Бұл күзде Данко астығының қыска тағы да калмайтынына қарамастан, бұрынғысынан көп екті. Окасы жоқ, жүгері, бұршақ, картошкамен де қыстан шығуға болады, ал оның аржағында жер салығын төлеуді кейінге қалдыра тұрармыз деп ойлады ол. Әттең, тек осы ақшасы құрғырға мұқтаж болмасақ екен. Данко балаларын да қайтерін білмеді. Бәрі жұмыска жарап қалған, бірақ істей қоярлық тұқ жоқ. Данко жүзім егуді әлдекашан сап қылған. Бірақ жүзім де оңып тұрған жоқ. Жүзімге бөшке, сақтайтын орын, пресс керек, оны қайдан табарсың. Сондықтан да жүзім шырынын амалсыздан дереу Ледерерге апару керек болды. Ледерер бір литр жүзім шырынына 70 филлер[1] төлеп алатын үлкен шарап саудагері. Одан түскен ақша, салық төлегеннен кейін, қыздарына бір-бірден көйлек, ұлдарына бір-бір пардан етік әперуге әрең жететін.

[1] 70 филлер – 30 тиын шамасындағы ақша (аударушы).

Кейде үй ішінің камы тым қабындап кеткен кезде, Данко Чатари мырзаға жалданған қолайлырақ болар ма еді, қайтер еді деп те ойлап жүрді. Ол, Шари екеуі болса сол аядай жерде өйтіп-бүйтіп тұра берер-ақ еді-ау! Бірақ балалар болса, ер жетіп қалды, оларға көп нәрсе керек. Содан кейін ол: «тағы бір жыл байқайын» – деп қайратына мінді. Егін жақсы шығып кетсе, сиыр бұзаулап, шошқа торайласа, үйрек көбейсе – бәрінің де амалы табылар деп ойлайды ол. Поселкедегілердің көбі қазірдің өзінде-ақ тұрмысын түзеп алды: кейбірінің өгізі, кейбірінің тіпті аты да бар, енді біреулер құрал-сайман тауып алған, керек десең, жап-жақсы үй салып алушылар да жоқ емес. Олар әрине Данконың үйшігіне бір де ұқсамайды.

Данко балаларын Сердахей деревнясындағы ауылшаруашылығы жұмысшыларының кәсіподағына да жіберіп көрді. Оларды табыс табатын бір жерге жібермес пе екен деп ойлады. Бірақ бұдан да нәтиже шықпады. «Әкелерің әжептәуір жер алды, сонда тұра беріңдер», деп оларды қайтарып жіберді.

III

Тағы да бір жыл өтті, бірақ Данконың семьясында ешқандай өзгеріс болған жоқ. Егіннің шығымы бұрынғыдай нашар болды. «Енді бір жылдан соң бақытты өмірдің құшағына енеміз»,– деп тағы да арман ете тұруға тура келді. Жаңа сайлау жақындап келе жатты. Бұл – Чатари мырзалар мен Имре Секереш сияқтылар кедейлерді ажуалауын енді қояды деген сөз еді. Көп кешікпей, бұл мырзалардың өз тағдырларына лағынет айтатын күндері де таянып қалды.

Данконың Рожи торпағы қазір құнажын сиыр болды. Бірақ ол ұдайы арбаға жегіп, күтіп ұстамағандықтан, жөнді сүт бере алмады. Ол Габор Шамудың сиыры Бежеге пар болып, мойынағашқа жегіліп, жер жыртты, жүк тасыды, екі қожайынның да жұмысын атқарды.

1948 жылдың көктемінде жерді тағы да сиырмен жыртуға тура келді. Рожидың дәл жұмыс уақытында бұзаулайын деп жүргенін Данко да аңғармапты. Бірақ амал не, баска жер жыртушыларды жалдау үшін тағы да ақша қарастыру керек болды.

Данкоға деревнядағы ауылшаруашылығы жұмысшыларының одағына барып, жәрдем сұрауға тура келді. Әбден титықтаған Шари үйде отырып алып: «Жер жырту үшін, ақшаны қайдан таптық?» – деп тек жылай берді.

Данко бұрынғы жер қазушы қарапайым адам, ескі танысы Габор Кишке барып мұнын шақты. (Данко бір кезде онымен істес болған және оның бейілді адам екенін білетін). Габор Киш қазір кооператив басқарады және коммунист партиясының мүшесі.

– Бізге қосылыңыз, Янош ағай, – деді Габор Киш, Данконың сөзін тыңдап болып.– Біз кооперативіміздің күріш плантацияларына канал қазайық деп жатырмыз. Ертең бастаймыз. – Үш жетілік жұмыс. Әрине, оңай да емес, бірақ ештеңе етпес, меңгеріп кетерсіз.

Данконың күрегі де әбден мұқалып тозған, көп жүрістен арбасы да қаусаған; балалар оған отырып алып, бүкіл поселкенің бойымен сырғанақ теуіп жүрді. Мұндай арбамен басқалардың көзіне түсу қиын-ақ, бірақ бармаска амалы қайсы, Данко жаман құралмен жұмыс істеудің екі есе қиынға түсетінін де біледі, бірақ қайтсін.

Өзінің жер каза бастаған алғашқы күнінен-ақ ол азаппен өткен соңғы алты жылда күшінің мүлде азайғанын байқады. Алғашқы күні дағдыланбағандықтан, тез шаршап қалған шығармын деп ойлаған еді ол. Бірақ екінші, үшінші, тіпті, кейінгі күндерде де еш өзгеріс болған жоқ. Данко түнеріп кетті де, өзін ешкім жанын аяп, айла-шарық жасап жүр екен демесін деп, өршелене қимылдап, ауыр топырақты қол арбаға сықап толтыра салды.

Ол бойындағы бар күшімен топырақ тиелген ауыр қол арбаны тырмыса сүйреп жүрді. Жер қазушылар жұмысты әдетте жалаңаяқ жүріп істейтін. Данконың оң аяғында кішкене жарасы бар еді. Ол кейде қол арбасын тарта алмай алкынған кезде, оны шетке сүйреп шығаратын да, жарасын таңған адам болып, біраз дамылдап алатын. Данконың қатардан қалып барасың дегенге мойындағысы келмеді. Ол өмірінде бүйтіп көрген емес-ті. Бұрын ол ешкімді алға салмайтын, көбінесе басқаларға өзі жәрдемдесетін. Енді ол баска жер қазушылардың қол арбаларына топырақты Данкодан кеш салса да, бұрын барып төгіп жүргеніне, өзінің ілесе алмай қалғанына назалана қарап тұрды.

Габор Киш те Данконың қайраты қайткан қолын, жаман кол арбасын біреу-міреу ажуалап, жәбірлеп жүрмесін деп қызғанышпен қадағалай жүрді.

Эх, шіркін, аз да болса қуаттанып алатын, тұздаған ет болсашы. Жер қазушыларға беретін быламық көже мұндай ауыр жұмыстың асы емес. Данконың қарны ашты. Ол қымыздық жеп, кепкен нанға чеснокты қанша жағып жегенімен қуатқа медеу болмады.

Сөйтіп, Данко бір мың тоғыз жүз қырық екінші жылы жалшылықта жүргеніндегідей тағы жалғызсырады. Жастарға ілесе алмай, жұмыс істеуге әлі келмейтін адамның қалған өмірі не болмақ? Оның алған жері азапты еңбек, мазасыз бейнеттен басқа тым құрығанда жаңа бір пар еттікке де қолын жеткізбеді. Поселкеге жас мұғалім келді. Оны мұнда үкімет жіберіпті. Бірақ Данконың балаларының былғаныш күндері батпақты кешіп мектепке бара коятын киімдері жоқ. Бұлардың да енді ағаларына ұқсап сауатсыз боп өскені.

Міне, күндізгі уақытта не кешке қарай Данкоға, Габор Киш екеуі басқа да жер қазушылардың арасында демалып отырғанда оралатын ойлар осылар еді. Ал жер қазушылар шаруашылықты бірлесіп істеу керек пе, болмаса жеке істеген тиімді ме деп ылғи таласумен болатын. Қайсысы тиімді екенін Габор Киш жақсы біледі:

– Арамызда отырған мына Янош ағайға қараңыздаршы. Оның тоғыз баласы бар. Ол сегіз хольд егістік, бір хольд жүзім егетін жер алды. Ерте ме, кеш пе, барлығымызға келетін ажал оған да жетіп өліп кетсе, оның мұрагерлеріне болғаны бір хольдтан ғана жер қалады. Олар сонда не істемек? Жаңағы аядай жерде қайтіп күн көрмек... Ал Данко тәрізділер аз емес. Менің де жайым осындай. Оның үстіне көліктің болуболмауының да өте маңызы бар. Егер көлігің болса ештеңе емес, ал болмаса бір жерде еңбек етіп, оны сатып аларлық қаржы тауып алу керек болады. Янош ағай осында неліктен жұмыс істеп жүр? Өйткені ол жалғыз сиырын өлтіріп алғысы келмейді. Ол, әрине, аты бар бір құлакпен келісіп, жерін жырткызып-ақ алар еді. Бірақ ол үшін жерін жайына тастап, астық өсірмей, ала жаздай байға жұмыс істеуі керек қой...

Осы кезде жер қазушылардың бірі Петер Секе былай деді:

– Жақсы, осылай-ақ болсын, онда жерді несіне бөліп берді, жер бағып-қаққандікі деп нсгс айтты?

– Тоқтай қал Петер, жер бағып-қаққандікі ме, жоқ па? Сөз ол жайында болып отырған жоқ. Жер көп кешікпей-ақ сол жерде еңбек еткен адамдікі ғана болуға тиіс – ол анық. Бірақ сол жерде бірлесіп еңбек ету керек пе, жоқ, жеке-жеке күнелту керек пе? Мәселе міне осында ғой. Жеке-жеке істеуге әркімнің күші келе бермейді. Ал бірлесіп істеу әлдекайда тиімді, машиналарды бірігіп пайдалануға да қолайлы.

– Онда біреу қаратер боп жұмыс істеп, біреу әмір жүргізген баяғы кебімізді қайта киеміз десейші, – деді Иошка Тот, ыза болып.

– Сен бірақ керісінше ойла: Жұрттың бәрі жұмыс істеп, ешкім әмір жүргізбей-ақ қойсын, бірақ әркім жеке адамға емес, бүкіл коллективке бағынсын! Мәселен, осы бір бригадада жиырма жерказушы жұмыс істеп жүрміз. Бізге тек бұйрық беріп, жұмыс істемей қарап жүрген кім бар? Жұмыс істемей жүрген, мен бе, тағы кім? Сенен неше арба балшық кем апардым?

– Бірақ бұлай болса... – деп қалды біраз адам.

– Осылай болуға тиіс. Тек осылай болғанда ғана, тұрмыс жақсарады.

– Ендеше жерді қайтып бермейміз деп бұрын неге айқайладық? – деп Иошка Тот қасарыса түсті.

– Өйткені жерді енді қайтып бермейтініміз айдан-анық. Чатариге түк те бермейміз, қайта бұрынғыдан қалғанды тағы тартып аламыз. Тағы да әлі он, он екіге тарта үй жер алады... Түсініңдер, әңгіме: «менікі» мен «біздікі» деген сөздің қайсысының маңыздылығы туралы болып отыр. Мына үстімдегі күрткем менікі, қолымдағы нан мен тұзды ет те –менікі, жұмыс істеп жүрген мына күрек те – менікі, ал қазып жатқан мына канал – менікі емес, біздікі. Бірақ осы «біздікінде» «менікінің» үлесі бар, сондықтан да осы жерге өсетін күріште де менің үлесім бар. Адам жерді жемейді, өз еңбегінің жемісін емеді ғой. Ең бастысы, әркімнің үлесіне азық-түлік көбірек тию үшін бітік егін өсіру керек.

Мысалға осынау жатқан сортаң жерді-ақ алайықшы. Біз канал жүргізген соң, бұл жерге мол әрі бітік егін шыққанын көресіздер. Бұрын мұнда аштықтан бұралған қойлар кезіп жүретін, шегірткелер шырылдайтын, қуарған шөп өсетін. Ал көп кешікпей-ақ, біз бұл жерден мол күріш жинайтын боламыз. Әлі-ақ көрерсіздер!

Данко үнсіз отырып, ұйып тыңдады. Бұл өзінің аядай жерінде сең соққан балықтай жан ұшырып, сағымдай бұлдыраған сәтті бірдеңе күтіп жүрсе, селодағы шаруалар үлкен мәселе шешкелі жүр. Бұған зер салу керек екен. Мырзалардан жерді тартып алу – жақсы-ақ болды, бірақ сол жерде қазір бұлай бейнет шегу түкке тұрмайды. Габор Киш дұрыс айтатын сияқты.

***

Данко поселкеге келісімен, жұмысы барған сайын бастан асып, өзінің жалғыздығын, басқалардан қағажу қалғандығын сезе түсті.

Биыл күз Данко, өмірінде алғаш рет, тағы бір бейнетке кезікті, ол молшылық бейнеті еді.

Ол көктемгі егісті зор қиындықтармен әрең бітірген. Бірақ енді қиындығына қарай, игілігін де көріп отыр. Рас, бидай мен қара бидайдан түсім аз болды. Өткен күзде тұқым жетпей қалған болатын. Бірақ жүгері тау боп үйіліп қалды. Данко өз ауласынан осынша көп жүгеріні өмірі көрген еместі. Жүгеріні тіпті қоярға жер табылмады. Үйдің шатырына сыймаған жүгеріні үйдің жанына үйіп қоюға тура келді.

Бірақ істің беті түзелгенмен, жүгеріні жаңбырға малшындырып, далада қалдыру қиын ғой. Киім-кешекті бүтіндеп, борыш пен салықтан құтылу үшін, балаларға кітап, қағаз-қарындаш сатып әперу үшін жүгерінің біразын сату керек. Шариге орамал, Данконың өзіне телогрейке, балаларға – сырт киім, бой жетіп қалған қыздарға – жасау керек. Бір сөзбен айтқанда, бұрын тіпті түске де енбеген нәрселерді алу қажет болды.

Данконың семьясы үлкен жоспар жасады. Бірақ Данко әлі де көп үндемейтін. Кешікпей, молшылық та онша қарқ қыла қоймағаны анық болды. Басқа да шаруалардың жүгерісі, картошқасы, қант қызылшасы, түрлі жемістері мол өнім берді.

Сердахен базарында жүгерінің бағасы тым арзандап, тіпті бір арба жүгеріге бір пар етік алу да неғайбыл болды.

Бәрін есептей келгенде, ойға алғанның жартысын да ала алмайтындары белгілі болды. Күзгі жұмыс та келіп қалды, ақша тағы да болмады.

Осы кезде Габор Киш бір топ шаруалардан коллективтік шаруашылық құра бастады. Олар поселкеге келіп, кедейлерге, соның ішінде Янош Данкоға да келешекте қалай өмір сүргісі келетіндері жөнінде мәмілелеп айтып берді. Шаруалар жаксы тұрмыс құру үшін қайтерін ұғынбай тұрып, Сердахенде трактор станциясы құрылғанын, Данко сияқты көлігі жоқтардың ол станциядан көмек алуларына болатынын ескерулері керек. Енді Андраш Терек пен Секерештің табалдырығын тоздырудың керегі жок – трактор келеді де, жерді жыртады. Тұқымды себеді. Шаруа мұны көріп, тыныс алатын болады.

Сөйтіп, октябрьдің аяк кезіндегі бір сәтті күні Данконың учаскесінде күн сәулесіне шағылып, жарқылдаған үш тілді соқа тіркелген машина дүрілдеп келе жатты. Егіс даласында өсіп, мотор шуын естіп көрмеген үйрек, каз және тауыктардың үрейлері ұшып, шошка да торайларымен коса зытып берді; тіпті, Чатаридің ауласындағы трактордың көріп Фюрге төбет те өршелене үрді. Байлаулы тұрған сиыр да зәресі қалмай, тыпырши берді. Ол байғұс, бұл ғажайып машинаның өзін ауыр азаптан құткаратынын да түсінбеді.

* * *

Тағы да бір жыл өтті. Данконың төңірегіндегі өмір де өзгерді. Газетке жиі карап тұрмағандыктан, ол ел ішіндегі өзгерістердің байыбына бара алмады. Сладек деревняға көшіп барысымен-ак поселкеде алыпқашпа, үрейлі хабарлар қайтып тарамады. Дегенмен, Чатари мырзаның бұл өлкеден Будапештке көшіп кеткенін, оның бұрынғы жерінің бір шетінде Габор Киш және оның достарының кооперативі созылып жатканын Данко білетін. Олардың даласындағы жүгері түгел шығып болғанда, Данко оруға кіріскен де жок еді. Кооператив даласындағы аржанай бас шығарып қалған кезде, Данконың учаскесінде жаңа ғана көктеп келе жатады. Георгий әулиенің күніне дейін кооператив даласындағы аржанай оруға келіп калады. Өйткені одан әрі аттар мен өгіздер ерсілі-карсылы сапырылысып, трактор күні-түні гүрілдеп жүреді.

Кооператив кант қызылшасын да егіп алды. Ол көктеп шығып та калды, қыздар да оны тез шабыктады. Күзде темір

жол станциясына жеткізетін көлігі болмағандықтан, Данко кант қызылшасын еккен жоқ болатын. Қыстығүнге бір қап кант алса, қандай жақсы болар еді. Данконың балалары әлі аузы жарып кант жеп көрген емес. Қант орнына олар шикі қызылша шайнайтын.

Кооперативте күріш те бар – күзде ол қып-қызыл ақша болады. Кооперативте кендір, зығыр, дәрі-дәрмек шөптері де егілді. Кооператив мүшелерінің балалары да қол қусырып тек отырмайды, ал Данко болса балаларын қайда орналастырарын білмей жүр.

Данконың бір ұлы туған үйін тастап, әскери қызметке шықты. Басқа балалары да өсіп келеді, ең кіші ұлы сегіз жаста. Оған да көп кешікпей жұмыска шығу керек болады. Қыздары үй қызметін іздеп қала кезіп кетпей, үйде қалса да жақсы болар еді. Дегенмен біраз ойлану керек болды.

Бір күні таңертең кооператив мүшелерінің өз учаскесінің шетінде жүгері шабықтап жүргенін көргенде, Данко шыдап тұра алмай, Габор Кишке тұра жөнелді.

Таңертеңгі астың кезі еді. Данко кооператив мүшелеріне тегіс қол беріп, барлығымен амандасып шықты. Кешегі, қашаннан істес адамдары ғой. Кәрілігін, нашар сайманын ажуалап өзінс күлмеген бұл адамдарды ол күні бүгінге дейінгі шын бейілімен еске алады. Я, бұлар, нағыз жақсы жігіттер. Олардың арасында ат не өгіз айдаған егде адамдар да бар. Бірақ коллективте ешкім жұмыссыз қалған жоқ, қандай жұмыс болсын маңызды. Сондықтан оларды ешкім қағажу ұстамайды.

Бұл көнілді шүйіркелесіп жүрген адамдардың арасында болу өте жақсы еді. Янош Данко қалайда тезірек соларға қосылуға ынтықты. Мұнда басқалармен тізе қоса отырып, қиыншылық пен сәтсіздік атаулының бәрін оңай жеңуге болады. Өзінің ұсқынсыз учаскесінде бейнеттене беріп қайтсін ол. Сайлау қарсаңында шешендер ашық айтқан жарқын келешекке, жаңа өмірге тек кооперативке енсе ғана қол жететінін ол ұғынды!

Ол Габор Киштің жанына келді де:

– Інішек, мен сендерге қосыла аламын ба, болмаса бізде де кооператив болу үшін не істеуге тиіспін, маған осыны айтшы,–деді.

– Бұл оңай іс емес, Янош ағай! Бірдеңе істей қоюға жалғыз күшік де келмейді. Мен жексенбі күні таңертең поселкелеріңе келемін де, сізді, Габор Шамуды, басқа да адамдарды жинап алып, жақсылап тұрып сөйлесеміз. Ол үшін жұрттың бәрі бір ғана мақсатта болып, сол мақсат үшін жері мен күшін ғана емес, ақылын да, жанын да ортаға салса, міне, нағыз кооператив сонда ғана болады.

Лайот Мештархази

ФЕРТЕ КӨЛІНДЕ

Осы бір шыжыған ыстық жазда көлге біткен құрақтар екі рет өртенді. Августың бас кезіндегі екінші өртенуде Лайош Давид пен Антал Кренц үшті-күйлі жоқ болып кетті. Бұл екі шаруа құрақ шаба кеткен болатын.

Деревня тұрғындары үшін мұндай қайғылы, күйініштi оқиғаға тап сол екеуінің ғана ұшырау себебі сол таңғажайып белгісіз күйінде қала берді.

Давид пен Кренц бір-біріне мүлде ұқсамайтын, күн мен түндей қарама-қарсы адамдар еді.

Егер Бальф аралық тасжолмен келе жатқан бір жолаушы әлдекалай Кренцтің қақпасының алдына тоқтай қалып: «Лайош Давид қайда тұрады?» – деп сұраса, селода жүз елуге толар-толмас-ақ үй болса да ол: «Білмеймін» деген жауап естіп, қайран қалар еді.

Егер біреу-міреу Кренц туралы сұрай қалса, Лайош Давид та бейтаныс адамға тесіліп тұрып қарар еді. Давид коныс аударып келген адам еді, ал Кренц сыяқтыларды біздің жақ «саркыншақтар» деп атайтын. Осы «саркыншақтар» олардың ішінде, әсіресе Кренц, коныс аударып келгендерді жаланаяқ қаңғыбастар дейтін.

«Жылауық» атанып кеткен Кренцтің бұрын жетпіс хольды[1] жері болған оның он бес хольдына жүзім егетін. Мұның үстіне оның көптеген малы, машиналары, түрлі құрал-саймандары болды. Былтыр кезінде қашып үлгіре алмай қалған біраз туыскандарын жер аударып жіберген соң, ол одан сайын бай түсті.

[1] Хольд – 0,54 гектарға тең.

Бұл ұзын бойлы, жирен шашты адам еді. Оның әйелі ертеректе өліп қалды, балалары да жоқ болатын. Қазір оның үйінде Ракоштан келген жамағайын туысы, көп балалы бір әйел тұрады. Кренц оны үй ішінің адамы деп ойлаған жоқ, ас-суды жайғастыратын әйел деп санады. Ал селодағылар «Кренц тағы да үйленейін деп жүр екен» десіп жүрді.

Ал Лайош Давид коныс аударушылардың ішінде «бірінші адам» болды. Егер бір нәрсенің амалын табу керек болса, тек соған тапсыратын. Қоныс аударушылардың біреуі сәтсіздікке ұшырай қалса, дереу Давидке жүгіретін. Оған келіп ақыл, жәрдем сұрайтын. Өзінің досы Иштван Барнамен бірге Лайош Давид Венгрия жаңа жер иелері одағының бөлімшесін басқарды. Бізде ауылшаруашылық кооперативін ұйымдастырған да сол. Давидтің мамандығы ұсталық еді, бірақ ол жерді де шебер өңдей білетін, мал да баға алатын. Ол қай шаруаға болсын, үлгі боларлық адам еді.

Лайош Давид жас болатын. Қағілез, күлімдеген көк көзді, дудыраған бурыл шашты бұл адамды капелімде іскер, шапшаң кісі екен деп қалғандайсың.

Давидтің әйелі үш баланың анасы болса да, жұрт оны көбіне қыз екен деп қалатын. Шапшаң қимылды осы әйел, іскер адам болды. Бұлардың тұңғышы – Трансильванияда, екінші баласы – Дебреценде, үшіншісі осында–жаңа коныста туды. Давидтің қара шашты, қараторы әйелін Кренц «румын цыганкасы» – деп атайтын. Бірақ бұл – ол әйелмен кездесе қалғанда сүзіле қарап қалуына кедергі жасамайтын.

Ата-бабалары сияқты, Антал Кренц те біздің деревняда туды. Атасының он екі хольд қана жері болатын. Анталға қырық хольд жер тиіп, бұл өлкеде ірі жер иесі саналады. «Өйткені бұл жақта одан жері аз адам да күнелтіп тұра алады. Ол үшін сарқылмас қазына – Ферте көлінің қамысын пайдаланса болғаны. Әйел алып, байлығы арта түспегенмен, Антал Кренц қырық хольд жерін жетпіске жеткізді. Кренц өз жүзімінің шарабын да ішпейтін, карта ойнамайтын. Ол туралы жұрт» жазда тіпті ұйықтамайды екен, қатты ұйықтап кетпес үшін ол түнімен тауықтар су ішетін теңселмелі астаудың үстінде отырып шығады» екен деп қалжыңдап әңгіме айтып жүрді.

Кренц түсі қашып екі сағат ұйқылы-ояу отырғанды тынық-

тым деп санайтын. Сондықтан оның көзі қызарып жүреді де, «жылауық» атанып кетуі де осыдан десетін. Мүмкін, осының бәрі алып-қашты жай сөз шығар. Бірақ Кренц қара басының байып алуын бәрінен де артық көрді, бұл анық еді. Ол машина бөлшектерін алу үшін Шопронға да, Дерге де жиі барып тұратын. Жұмыс бабымен жылына екі рет Будапешт пен Венаға да барып қайтатын. Қалған уақытын Ракош пен Медешидің арасындағы Ферте көлінің жағасында, шетелде де біраз жері болғандықтан, Австрия жағалауында өткізетін. Жасы толмағандықтан, ол бірінші дүниежүзілік соғыска қатыскан жоқ, ал соңғы соғыска көзімнің ауруы бар деген сылтаумен бармай қалды. Оны екі рет селолық староста сайлады. Кренц кабинетке кіріп келгенде уездік басқарманың хатшысы, тіпті ол түгіл председательдің өзі де, орындарынан тік тұратын.

Кренц кешке қарай жүзім ағашынан қайтып келе жатып, таудағы тас иондарға соға кететін. Бұл жерде сайдың түбін қуалап, деревняға қарай созылған поселке аралық жол бар еді. Осы арадан бір-бірінен ауасына дейін өзгеше екі алқаптың көзге түспес шекарасы өтетін. Бір жағынан орман ағашының хош иісті таза самалы ессе, екінші жақтан Фертенің мый батпақты жағалауларының ауыр, ащы исі сезілетін. Антал Кренц осы арада аяқтарын алшақ басып тұрып, басын тәкаппарлықпен жоғары көтеріп, төменде тау баурайында керілген көкорай даланы, сары теңіздей толқыған қамысты, алыстағы көкпеңбек жасыл төбелерді көзімен бір-бір шолып өтетін. Осы минуттарда ол өзін осы бар байлықтың иесіндей сезетін. Ол тұсына кеп тоқтайтын тас иконаларды оның атасы орнатқан болатын. Содан бергі күтімнің аркасында сол иконалардың извесі де жыл сайын қалыңдай берді.

Ал Лайош Давид алыс аймақтан көшіп келген. Баска да кедейлер сиякты, тағдыр оны дәулет орнына бірде қайғылы, бірде қорқынышты түрлі окиғаларға тап қылды. Олардың әркайсысын жүз рет жырдай қылып айтса да, тыңдауға еш жалықпайсың.

Лайош Давид өзінің туған деревнясынан жұмыс іздеп уездік Коложвар қаласына келді. Сол қалада ол бір бай үйде үй қызметін аткаратын он алты жасар бір қызбен танысады. Ол қыз кейін Лайоштың әйелі болды. Тұңғыш баласы

ұл болды. Соғыс жарияланбастан[1] бірнеше ай бұрын ол «Дебрецендегі соғыс заводында жұмыс бар көрінеді, онда айына елу, кейде алпыс пенге төлейді екен» дегенді естіді. Ал мұнда әйелімен екеулеп істеп одан аз табатын. Олар Трансильванияда ештеңеге де аялдамастан Дебреценге көшіп келді. Бұл жерден айтқандай-ақ жұмыс та табыла кетті. Акша да жинай бастады.

Давидті армияға шақырысымен, әйелі витриналардан ақшасын бөліп-бөліп төлейтін тігін машинасын қарастыра бастады. Лайош майданға жүріп кеткеннің соңында көп кешікпей екінші бала туды. Лайоштың әйелі басында жұмыс істеп жүрді де, кейіннен жұмыстан шығып қалған соң, бала-шағасымен пәтер-үйден де куып шықты. «Лайош майданда қаза тауыпты» деген хабар тарады, бірақ бірнеше ай өткен соң одан: «Тірімін, жаралы болып, санитарлық поезбен Будапештке кетіп барамын» деген хат келді. Астанаға бару үшін әйелінің ақшасы болмай, қыскы жалғыз пальтосын сатуға тура келді. Бағына қарай, бір мейірімді таныс әйел балаларына көз қырын сала тұрмақ болды.

Үй қызметшісі боп істеп жүріп, әйелі Будапеште көктемге дейін болды. Жақсы орын табылып, Дебрецендегі балаларына да көмек жіберіп тұрды. Дебреценге қайтып оралғаннан кейін олар әуелі бақалшыдан қарыз алып, Лайоштың жәрдемге алған ақшасымен күнелтті. Өкпесінен жаралы Лайошты заводқа жұмысқа алмады. Көктемде олар құрылыс жұмыстарына орналасты. Бірақ, көп кешікпей, құрылыс жұмысы да токтап қалды. Осы кезде қас қылғандай әйелі тағы екіқабат болып қалды. Олар бұрын көрмеген қайыршылық тұрмысқа тап болды. Қыс түсті, балалар төсектен де тұрмады. Үйде оларды киіндіретін ескі-құскы да ештеңе жоқ еді. Бір уақытта Папа қаласынан төбеден түскендей, бір хат келді. Хатты румын армиясында әскери қызметте бірге болған ескі жолдасы Иштван Барна жазыпты.

«Тұрмыс-халің маған мәлімсіз, – деп жазыпты ол. – Егер жұмыссыз болсаң, не жұмысың ұнамаса, бұл жақтан қолайлы орын тауып алуға болады»...

Хат уақытында дөп келді.

[1] Хорти сұркияларының 1941 жылы августа Совет Одағына қарсы жариялаған соғысы сөз болып отыр.

Жаяулап-жалпылап, бірде жолшыбай кездескен көлікке, бірде жүк машинасына мініп жүріп, Лайош Давид бір жетінің ішінде Папа қаласына жетіп алған соң, өзінің досына:

– Енді сен менің әкем сияқтысың! Әке-шешемнен соңғы жақсылықты сенен көрдім, – деді.

Олар соғыс заводында жұмысқа да кірісті.

Кейде жетісіне жүз пенгеден тауып жүрді, бірақ бұдан пәтерақы мен жеген азықтарының ақшасын ұстап қалғанда, тіпті аз қалды. Оның үстіне, семьясының бірге болмауы, әйеліне жазған хаттарынан жауап алмауы Лайошқа қатты батты.

Бірақ көп кешікпей, дебрецендік бір таныс адам Лайошқа әйелінің уақытынан бұрын босанып, қаны бұзылғанын, қазір ауруханада жатқандықтан, хат жазуға дәрменсіздігін хабарлады. Лайош Давид өзінің тиын-сыйындарын есептеді де, март айында семьясын алып келмекші болды. Қайғылы жайын көрген жолдастары да біраз ақша қарыз берді.

Лайош поезбен Дебреценге келді де, он шақты күннен соң семьясымен қайтып оралды. Бәрі де жақсарып келе жатты. Бірақ көп кешікпей, тағы да бақытсыздық тап болды: шақырып алып әскерге қайта тізіп қойды да, енді армияға қашан шақырар екен деп күтіп отыруға тура келді. Барна екеуі жағдайды ақылдаса келіп, семьяларын Капувардағы Барнаның әйелінің туыстарына жібермек болды.

1944 жылдың күзінде жер-дүниенің астан-кестені шықты. Лайош Давид қашып жүрді. Оның ендігі бар ойы қайткен күнде де Капуварға жетіп алу еді. Суық түнде, жауын-шашынға қарамай, жүдеген, сақал-мұрты өскен Лайош бұзылған жолмен жүріп келе жатты. Оны ұстап алып, атпақшы да болды, бірақ әйтеуір сәті түсіп құтылып кетті. Бірнеше күннен кейін Лайош Давид Германияға шегінетін ротаға келіп қосылды. Ол бүкіл ротаны, командирді де ендігәрі бұлай істемеймін деп ант-су ішіп сендірді.

Капуварға кетудің жолын қарастырып жүргенде Лайош Давид орыс солдаттарымен кездесті. Ол орыс солдаттарына сигарет беріп, олар Лайошқа жақсы нан, шошқа майын беріп сыйласты. Үсті-басы жұлым-жұлым, кір-кір Лайош туған елінің жолына түсіп алып, тағы да сызып берді. Цельдемельк станциясына келгенде, ол өзі көрген көріністерге қайран

қалды. Алуан тілді, неше түрлі халық қанша десеңізші. Кейбір кезбелер, демалыска бара жатқандар мен жаралы солдаттар тас еденнің үстінде ұйықтап жатыр.

Лайош көбіне түнделетіп жүрді. Ол талай рет шегініп бара жатқан бөлімдердің сансыз колонналарына жол беріп, айдаланы шарлап та жүрді. Лайош Давид бейтаныс Капувардың кай жерде екенін білмеді, ол бұл өлкеде болып көрген жоқты. Дегенмен, ол ең төте жолмен Капувардың дәл төбесінен шығыпты.

Әйелі мен балалары аман, сау екен. Міне, соғыс та аяқталды. Бұлардың да көшіп-кону әбігерліктері бітті. Енді бұларды бірінен-бірін ешкім айырмайды! Лайош Давид асүйдегі әйелдердің күбірлескен дауыстарын тыңдап, баяғы балалық шағын еске түсірген деревня кроватында аунап-кунап бірнеше күн жатты. Әйелдер бәрін де тағдырдан көріп, селода еркектер болмаған соң, жұмыс басып кетті десіп жүрді.

Лайош Давидтың әкесі де, атасы да, арғы бабасы да түгел шаруа болыпты. Тыңайып алған соң, ол ат жегіп, далаға жұмыска шықты. Әйелі мен балалары да көмектеспек болды.

Күзде Барна қайтып оралды. Ескі достар жер бөліп алғысы келетіндердің тізіміне жазылды да, көктемде олар Ферте көлінің жағасынан үй, жер алды. Жүзім және егістік өсіретін бұл бес хольд жерлері құнарлы жер еді. Міне, Лайош Давидтің қысқаша бар өмірі осы ғана. Бірақ бұл қысқаша ғана өмірі. Егер ол Трансильваниядағы өмірін соғыс заводындағы жұмыстары жайында, майдан жайында, өзінің әйелі туралы, Папа қаласындағы тұрмысын, өкімет басына нилашистер келген кездегі армиядағы өмірі туралы өзі айтса неше түрлі ғажайып оқиғаларды естір едіңіз. Ол осы оқиғаларының бәрін айтып отырып, госпитальда жатқанда жаралылардан естігендерін айта кетуді де ұмытпайтын. Әдетте оның соңында орыс солдаттарымен кездескені туралы, ақыр аяғында үйіне, семьясына қайтып оралғаны, жаңа үй алғаны туралы айтатын. Не деген көп оқиға десеңші!

Кренц сиякты, Давид те жүзім бағынан қайтып келе жатып тау басындағы тас икондарға соға кетуді ұнататын. Ол «Үлкен мырза» да емес, сыпайы, карапайым ғана адам еді, дегенмен ол да басын жоғары көтеріп, аяқтарын алшақ

басып, нық тұратын. Ол кешкі күн сәулесімен ажарланған жерге, ақшыл көк ұлпа бұлттарға, телегей теңіз камыс бетін торлаған қызғылт тұманға қарап ұзақ тұратын. Егістер мен жүзім бағындағы жұмыстар түгел біткен. Лайош Давид жұмысты жақсы істейтін. Кешкісін кооператив істері жайында Барнаға барып қайтса да болар еді.

Антал Кренц пен Лайош Давид бір-бірімен, міне, бір жылдан бері аңдысып келеді. Олар бір көргенде-ақ бірі мен бірі жақсы түсініскен, бірақ екеуі де сыр білдірмей, бәрін де ішке сақтап жүрді. Село халқы «олар бірін-бірі жақтырықырамайды» десіп жүрді. Ал жауыққан екеуі бірі-бірінің күшін бағып, үн-түн жоқ, жүре берді.

Бірде Лайош Давид пен Иштван Барна екеуі Бальфтан шығатын тасжолмен жүріп келе жатты. Давидтің иығында былғаңдаған солдат сумкасы бар-тын. Күн жексенбі еді. Түс ауған шақ. Тасжолдың жанындағы мейманхананың алдында біраз адам тұрды. Одан гөрі сәл әріректе, титтей бұрымдарына лента тақкан, ақ көйлекті кішірек үш қыз Кренц үйінің жанындағы жолдың жиегінде қаз жайып жүрді. Жолаушылар Кренц үйіне қатарласа бере, әлгі үйден ашулы бір айқай естілді, қыз балаларды біреу айқайлап шақыра бастады. Үрейлері ұшқан қыздар тал шыбықтарымен қанаттарын сабалаған қаздарын алдарына сап қуып, жол жиегінен үйлеріне қарай зытып берді.

Ал Кренц – жанағы соның даусы болатын – айқайлай берді:

– Мына бір қаңғыбас немелер өтіп бара жатқанда, балаларды жол жаққа жіберме деп саған қанша айттым!

Бұл сөзге жауап берген мұңды әйел дауысы естілді:

– Бүгін күн жексенбі ғой. Қайтіп жібермессің? Баланың аты – бала емес пе.

– Балалар! Жексенбі! – деп булыға түсті Кренц. – Өткен жетіде де мен олардың өңкей бір кезбелермен әңгімелесіп тұрғандарын көзіммен көрдім. Балаларымыздың әлдекімдермен сөйлесіп тұруына тыйым саламын. Біздің балалар олар жайында тіпті білмеуге тиіс!

– Неменеге айқайлай қалдың! Құдайымай... Кренц үйдің табалдырығына барып қалып еді. Ыза болғандықтан мойындағы күре тамырына дейін ісініп кеткен.

– Осы үйде тұрады екем, әмірші менмін! Ұқтың ба? Тас-жолдың үстінде неше түрлі оңбағандар жүргенде, балаларды ауладан шығарма деп айттым ба, жоқ па? Жауап бер, кәне?

Сәлден соң:

– Олардың дәл қазір өте коятынын қайдан білейін!–деген жыламсыраған дауыс шықты.

– Білуге тиіссің! Бүгін сағат төртте болыстық басқармада жиналыс болатынын неге білмейсің. Жиналыс тарағанша қыз балалар сыртқа басын да сұқпасын, ұқтың ба? – Ол кішкене қыздарға бұрыла беріп: – Ұқтыңдар ма? – деп тағы айтты.

Кішкене қыздар төмен қараған бойы үн-түн жоқ артқы аулаға қарай бара жатты. Шешелері де ләм деген жоқ.

Антал Кренц те пиджагін киe салып, болыстық басқармаға қарай тұра жөнелді.

Соғыс кезінде фашистермен істес болған немістерді қуып жібергендіктен, деревняда біраз үй қаңырап бос қалған. Жаңа адамдар көшіп келгенше, ол үйлердің жанындағы бақтарын қоғам меншігіне жатады деп хабарлады. Қарауындағы жердің астықтарын сатып, түскен ақшаны болыстық мұқтажға пайдаланбақ болды.

Бұл астықтарды сатып алған адамдар жемістері піскенше бақтағы ағаштарды да байқап жүруге тиіс болды.

Болыстық басқарма үйінің маңында, қашанда әйелдер сумаңдап өсек айтып жүретін. Олар екі жікке бөлініп тұратын: олардың бір тобы – келімсектерден, екіншісі – «саркыншактардан» болатын. Бұл екі топтың тілдері де екі түрлі еді, бірі неміс тілінде сөйлесе, екіншісі венгер тілінде сөйлесетін.

Кренц жақындағанда екі топ та жым болды.

Болыстық басқарманың үйінде еркектер ғана жиналыпты. Шаңқай түстегі қайнаған ыстық толастағандай.

Сауда жұмысын Ракоштан келген уездік басқарманың секретары жүргізеді екен.

Ол қара иконаның жанында старостамен қатар стол басында отырды. Староста сауда-саттық туралы қаулыны жайлап оқып шықты да, тұрып темірмен көмкерілген көзілдірігін сүртті. Кренц осы кезде кіріп келіп начальниктердің қолын алып амандасып, жайлы бір орынға келіп отырды. Келгендердің көбі қабырғаны жағалап түрегеп тұрғандықтан, бос орын көп еді.

Староста оқып болып, кішкене балғасымен столды тық еткізгенде:

– Ұқтыңдар ма? – деді секретарь зор дауыспен.

– Сөйтіп, жүз елу үш түп қара өрік ағашы, жиырма сегіз түп волоцский жаңғағының ағашы, он тоғыз түп шие ағашы, отыз бір алма ағашы, отыз алты алмұрт ағашы бар екен. Әр түп ағаштың бағасы – төрт форинт.

Секретарь қара мұртты, жалтыр қасқа бас, арық адам еді. Хабарландыруды оқып шығып, ол орындыққа жайласып отырып алды да, аяғын созып жіберіп, отырған адамдарды жағалай бір қарап өтті.

– Сауданы ашық деп жариялаймын. Сатып алам деушілердің мәлімдеуіне болады. – Ол біраз күтіп отырды да: – Әр түп ағашқа төрт форинтті... әлде қымбатсынып отырсыңдар ма? – деді.

Ешкім де қыбыр етпеді. Секретарь старостаға иіліп, бірдеңе жайында сұрағандай болды.

Осы кезде Антал Кренц қолын көтерді. Секретарь оған бұрылып қарап, ізетпен жауап күтті.

– Әр ағашын төрт сомнан түгел аламын, – деді Кренц сөзін бөліп-бөліп.

Секретарь күлім қақты.

– Түгел аласыз ба, Кренц мырза? – деп қайта сұрады секретарь. – Бұл істі біраз жеңілдетер еді. Ал тағы кімнің алғысы келеді?

Ешкім үндемеді.

– Сөйтіп, бір – төрт форинт... екі–төрт форинт... – деп, секретарь балғасын үшінші рет көтергенде:

– Секретарь мырза, бір минутке тоқтай тұрыңыз, – деген біреудің дауысы шықты.

Лайош Давид ортаға шыға келіп:

– Бұл дұрыс емес. Бұл сауда емес... – деді.

Секретарьдың жүзі байыпты бола қалды. Ол аузын ашқанша болған жоқ. Давид столдың жанына жетіп келіп, көпшілікке қарап сөйлеп кетті:

– Сіздер неге үндемейсіздер? Әйтпесе, неге жиналдыңдар. Төрт форинтті әр ағаштан бес килограмнан теріңдер де, шығарып аласыңдар. Ал бес килограммнан кем жеміс түсетін ағаш жоқ.

Секретарь шыдай алмай, оның сөзін бөліп жіберді:

– Жетер, Давид мырза! Алмаса – өздері білсін. Оларды ешкім зорламайды. Сонымен аукцион ашық, – деп айқайлап жіберді де, секретарь балғасын көтерді.

– Тоқтай тұрыңыз, секретарь мырза! Бұл болмайды. Мұнда бір ретсіздіктің барын кормей тұрсыз ба? Секретарь ыза болып, иығын козғап қойды:

– Сіз сауданы зорлықпен жүргізейін деп пе едіңіз? Керек болса, кейін ез одағыңызда күштерсіз, ал қазір еркін аукцион.

Давид сөйлей бергенде секретарь тағы да бөліп кетті:

– Ретсіздік деп нені айтып тұрсың, Давид? Тап ондай ештеңе көріп тұрған жокпын. Жұрттың ақшасы жок. Оны мен сізсіз де білемін. Жұртқа үй, жер берілді. Бірақ ақша алған жок. Бар болғаны сол. Істің жайын сіз де түсінерсіз деп сенемін, Давид? Кішкене балға тағы да көтерілді.

– Әр түбін бес форинттан түгел аламын, – деп Давид колын көтеріп, ашулы үнмен айқайлап жіберді.

Секретарь есі шығып, аңырып, Давидке таңдана карап калған.

– Жүз елу ағашты бес форинттан алмакпысыз?

Бөлмедегілер күрсініп қалысты.

– Мен сізге ескертемін, Лайош Давид, – деп секретарь орындығында шалқая түсіп, зілдене сөйледі. – Сізге бұл ойыншық емес. Егер сіз түгел ала алмай калсаңыз, ақшасын бәрібір жаныңыздан төлейсіз. Қоғамдық мүлікпен тәлкек еткізбеймін.

Кренц күйіп-пісіп саусақтарымен столды тыкылдата бастады. Бір уақытта шыдай алмай:

– Алты форинт, секретарь мырза, – деп айқайлап жіберді.

Секретарь жүйкелерін құртпай, тезірек бітірейін деді де:

– Бір алты форинт – екі алты форинт...

– Мен жеті форинт беремін.

Секретарь балғасын стол үстіне лактырып жіберді.

– Давид, сөз тыңдаңыз. Жүз елу үш түп ағаштың жеті форинттен не тұратынын білемісіз? Бұл мың форинттен де асып түседі.

– Мен есептей білемін, секретарь мырза. Басқарманың секретары старостаның құлағына бірдене деп сыбыр етті.

– Тынышталыңыздар, – деп айқайлады староста алаканын соғып.

Секретарь жылған көпшілікке карап:

– Бағана бұл жөнсіздік деп Давид айтып еді. Давид – кедей адам деп енді мен айтамын. Нанды карточкемен алып жүрген адамға мың форинт қайдан келсін.

– Менде жүз форинт те жоқ, секретарь мырза.

– Онда жұртты қалайша ақымақ қып тұрсың? – деп қызарып кетті секретарь.

– Менде болмағанмен, кооперативте бар.

– Кооперативте дейсіз бе? Ол әлі жұмысқа кіріскен жоқ қой?

– Ғафу етіңіз, жұмысқа кіріскен.

Секретарь кенеттен күліп жіберді:

– Давид, сізде, осыншама ақшаны жұмсауға рұқсат еткен кооперативтің сенім қағазы бар ма, маған осыны айтыңызшы? – деп ол Давидке зымияндана қарады.

– Қажет болса, кейін тексеруінізге болады. Ал қазір сауда уақыты, сондықтан мен жеті форинт беріп тұрмын. Қолма-қол төлеймін, сок балғанды. Аукцион жүріп жатты. Іш пысырғандай жым-жырт тыныштық орнады. Кренц елу филлерден коса берді. Әр ағаштың бағасы тоғыз форинтке жеткен кезде ол ұзақ уақыт есептеп, әбден ойланып алды да: тоғыз форинт елу филлер деді. Давид он форинт деп іліп әкетті.

– Мың бес жүз жетпіс форинт болды! – деп айқайлап, секретарь отырғандарды көзімен бір шолып өтті. Шулаған дауыстардан зал гуілдеп кетті.

– Ал, көпшілік, бұған не дейсіңдер, – деді ол. – Маған сайып келгенде бәрібір... Мен тек ескертіп қойғым келеді. Бұл сауда тәуекелсіз сауда емес. Жас кооперативтің бұған бар капиталының шығып кетуі мүмкін. Солай емес пе? Әр-бері десін жалғыз Давид емес, барлығың да кооператив мүшесісіңдер. Әңгіме бәріне ортақ ақша туралы болып отыр ғой. Сондықтан өздерің шешіңдер! Неге үндемейсіңдер? Гуіл күшейе түсіп, жұрт бір козғалып қойды. – Бәрін қойып, маған сөз беріңдерші, – деді Давид. Иштван Барна екеуміз, – деді ол, көпшілікке қарап, – бұл туралы уездік одақ комитетінде де, Бальфте де сөйлескеміз. Және өз істерімізге толық жауап береміз. Достар-ау, мен мұның бәрін өзім үшін емес, сендер үшін істеп отырмын ғой. Неге белсене қатыспайсыңдар? Жұрт тағы да тым-тырыс бола қалды. Давид өз жанында тұрған егде шаруаға бұрылып:

– Пуки ағай-ау, саудаға ең болмағанда, сіз аралассаңыз еді. Дүйсенбі күні бұзауыңды сатып ең ғой! Әлде, ақшасын ішіп қойып па ең? – деді.

Пуки ұялғаннан, орнынан қозғалып қойып:

– Ә, ақша ма? Ақшаны іше қойғам жоқ Әзір бар...

– Ендеше неге саудаласпай тұрсың? Әлде қымбат па?

– Я, сізге қалай десем екен, ә...

– Төрт форинтті желге ұшырып жіберу онай емес, – деп топ ішінен біреу айқайлап жіберді.

Осы сөзді медеу тұтып, Пуки тез сөйлеп кетті:

– Міне, міне... Мен де осылай ойлаймын. Желге ұшырып жіберу үшін он филлер де көп ақша.

Топ ішінен жаңағы дауыс тағы шықты.

– Мұны әйелдерден сұрасаңыз айтып береді. Бүгін түнде фашистер Австриядан тағы келіпті.

– Бізге енді алма да жоқ, алмұрт та жоқ, – деді Пуки.

Бәрі бірден сөйлеп кетті. Жанғырыққан айқай-шудан ешбір сөз естілер емес. Бәрі де сауда ісіне араласпау себептерін айтпақ болды.

Давидтің жанына Иштван Барна келді де, шулаған дауыстарды басып, қатты ақырып жіберді:

– Ұяттарың қайда? Өңкей қоян жүректер! Өздерің неткен жан едіңдер, түге? Айқай-шу басылған сайын, оның да даусы бәсеңдей берді. Егер түнде Медештен біреу-міреу келеді-міс деп қорықсаңдар, онда қазірден бастап-ақ келген жақтарыңа қайта беріңіздер. Сендерге керегі жер еді, – оны алдыңдар. Бақытты болғыларың келеді екен – ол өз қолдарыңда. Егер, кірмелер, сендер шын батыл адам болсаңдар маған сеніңдер, бізге Медеш жақтан түнде бір де фашист келе алмайды, тіпті келе қалған күнде де, өз мүлкімізді қорғап қала аламыз. Бірақ ешкім де келмейді. Олар бұл арадан есі барда елін тауып алғандарына мәз. Мен мұны әйеліме де айтып едім, сіздерге де айтып тұрмын. Мұның бәрі әншейін ертек. Мұны кімнің таратып жүргені белгілі... – Барна күдіктене тыңдап отырған шаруаларға көз тастады.

– «Түнде Медеш жақтан автоматпен қаруланған фашистер келіпті» және «олар көшіп келгендерді өлтіріп жүр екен» дегенді естісем-ақ күлкім келеді, – деп Барна көңілдене күліп алды.

– Мұның бәрі көктемде біз тұқым сеуіп жүрген кездегі алып-кашты хабардан бір айнымайды. Сол кезде жұрт: американдықтар ауып барған немістерді Венгрияға кайта көшіреді-міс деген болатын.

Барнаның сөзінен кейін жұрт тым-тырыс бола калды. Тек басқарма секретарының ғана айналмалы орындықта ырғалып отырғаны естіледі.

– Сендерден кулык артылмас, – деді Давид, Антал Кренцке карап. – Сендерге тек эркайсысың төрт форинттен ағаш сатып алу ғана керек кой!

– Тіліңді тигізбей сөйлеуіңді сұраймын...– деп Кренц айкай салып, ұшып тұра келді.

Қабырға жақтағы жұрт бір козғалып койды.

Секретарь ыза болып, карындашымен столды тыкылдатты:

– Сендерге не болған, кай жерде отырғандарыңды ұмытып кеттіңдер ме? Бұл сендерге арак ішетін, не митинг өткізетін жер емес! Жеке бастарыңның дауларын кейін шеше жатарсыздар! – деп акырып, балғасымен столды сарт еткізді. – Мұнда ресми акт жасалып жатыр! Осыны ескеріп, өкімет орындарының қарарын сыйлауларыңызды өтінем! Аукционды жүргізе берейік.

– Дұрыс, – деп құптады Давид. – Жүргізе берейік! Мен он форинт ұсынғанмын.

– Егер, қаласаңдар, өздерің-ақ саудаласа беріңдер! – деп аптыға айкайлап, Кренц жолындағыларды киіп-жарып, есікке карай тұра ұмтылды.

– Енді он форинт елу филлер етіп өсірмейсіз бе, Кренц мырза? – деп сұрады біреу.

– Жок, енді бір филлер де артык бермеймін. Жеміс піскенше-ак түгін коймайтын болады әлі. Мен жалғыз өзім жүз елу жеті түп ағашты кайтып күзетіп отырмакпын. Мен – кооператив емеспін.

– Оны кім ұрламак? Мүмкін, Медештегілер талайтын шығар? Сіз әлде, ертегілерге сеніп калдыңыз ба? Онда сіз он форинтке дейін неге саудаластыңыз, тіпті түсініксіз.

Ашудан кып-кызыл болып, есік алдында тұрған Кренц:

– Кім ұрлайды деймісің? Мына сендер сияқты, біреудің есебінен күн көргісі келетін, ашкөздер! – деп айкайлап жіберді.

Ол жиналған шаруаларға кектене бір қарап алды да, ештеңе айтпастан, есікті тарс жауып, кетіп қалды.

– Менің ойымша, – деді Барна өзінің досына аукционнан қайтып келе жатып, – секретарь мырзаның да көздегені болу керек. Бұл аукцион соның әрекетінсіз болып отырған жоқ. Бәлкім, түскен пайданы өзара бөлісіп ала қоймақ болған ғой, бірақ оларынан тұқ шықпай қалды.

Давид жауап берместен, жолмен үн-түн жоқ аяңдап келе жатты.

Шөп шабардың алдында көшіп келушілер жиналыс өткізді. Жиналысқа Жаңа жер иелері одағы уездік басқармасының председателі де қатынасты. Жиналыс бітісімен, председатель Бальфке кетіп қалды, бірақ жұрт көпке дейін тараған жоқ.

Давид, Барна және тағы біраз адам стол басында протокол жазып отырды. Жиналыс мейлінше қызу өткендіктен, жұрт та қалжырап қалыпты. Алдағы егістің астығын сатып жіберу жөнінде Давид дұрыс сөйледі дегенді шаруалардың тіпті иланғысы келмеді.

Жаңа жер иелері одағы уездік басқармасының председателі жиналыста былай деді:

– Мемлекет қамысты қырық форинттен жалға береді, яғни тегін береді деген сөз, мұны мемлекет әрбір жарлы-жалшылар жалға алған жердің ақысын төлей алатындай болсын, Кренц сияқты кулактар мұның есесінен байи бермесін деп істеп отыр.

Мұндай учаскеден анағұрлым көп пайда табуға болады. Кренц тәрізді кулак мемлекеттен қырық форинтке бір хольд шабындық алса, сендерге алпыс процентіне өткізсе де, көп пайда табатынын біледі. Оның үстіне, мемлекет шаруалардың қазір ақшалары болмаса, күзде құрактарын сатқаннан кейін өтеулеріне де рұқсат етеді. Ал биыл құрақтың бағасы жоғары болады. Егер әлдебір себептермен бұл да тиімсіз болса, мемлекеттен жалға біраз жер алуыңызға болады. Бұл жағдай да, тек шауып алған жүз килограмм құрактарыннның елу килограмын мемлекетке беруге тиістісіздер. Осының бәрі сендердің аркаларыңызда кулактардың байи бермеуі үшін істеліп отыр. Олардың күшейіп, кеше ғана өзіміз қуып шыккан помещиктердей байып кетпеуі үшін істеп отырмыз.

Ұқтыңдар ма? Шаруалар түсіндік дегендей бастарын изесті, бірақ іле-шала ескі әндеріне қайта басты.

– Егер Кренц тәрізді, мемлекет те әрбір шабылған жүз килограмның алпыс килограмын беретін болса, онда...

Давид ауалана қолын сермеп, қыза сөйлеп, күзде жалға алған жердің ақысын мемлекетке төлей алмай қалғандарына, кооператив көмектеседі деп түсіндіріп жатты.

Бірақ шаруаларды тек Барна ғана сендіре алды.

– Былтырғыны еске алыңдаршы! Кренц былтыр да алпыс килограмнан берген. Бірақ шабылған бүкіл құрақты оның өз үлесімен қосып селоға тасу керек болған. Ал егер өгіздерін жексең, табанақысына деп құрағыңның біразын тағы алып қояды, өгіздерін тағы асырайсың. Кренц егер шалғысын бере қалса, оған да құрақ алады. Сосын ол өзіне тиісті қырық процентті өлшегенде құрақтың ең жақсысын алып қалатыны қайда? Сөйтпеп пе еді?

– Дұрыс айтасың, – деп бөлмедегілер шу ете қалды.

– Оның үстіне бізден ештеңе шыға қоймаса, Кренцке баруларың қашпас! Ол жалға жүз хольдтан кем жер алмайтынын бөркіңдей көр. Егер біз бір кісідей болып кіріссек, ол жалданатын адамды еш жерден де таба алмайды. Сонда ол тек шауып бергенің үшін алпыс процентten де артық беруге мәжбүр болады!

Бұл жаңы бар сөздер еді. Өлкеде негізінен адам аз болатын, ал күндік жұмыска жалдана қоюшылар тіпті азайып кетті. Бұл жөнінен Барнаның айтқандары дұрыс еді.

Кешкі сағат алтыда бұрынғы жер иелері жиналды. Олар бір-бірлеп келді. Кренц те келді. Кішкене бөлме көп кешікпей-ақ жұртқа лық толып кетті. Уездік басқарманың секретары өзі келмей, орнына көмекшісін жіберіпті.

Ең алдымен олар құрақты акша төлеп бөлісіп алу туралы шартқа қолдарын қойды. Бұған ең аяғы бір-екі хольдтан болса да бәрі түгел жазылды. Кренц екі жүз хольд жердің шартына қол қойды. Сегіз мың форинт! Шаруалар бұл цифрды бір-біріне айтып, сыбырласып жатты.

Секретарьдың көмекшісі бір бет ақ қағаз алды да, «жарты сыбаға жұмыска» жер жалдауға жазылуларын сұрады. Кренц сөз алды.

– Өткен жылы жарты сыбағаға емес, алпыс процент

үшін жалданушылар көп болған. Сондықтан мен биыл екі жүз хольд жерді тұтасымен жалға алып отырмын! Биыл да алпыс процент алғысы келетіндер ең алдымен маған жазылуын сұраймын. Ешкім де мұны қаламады. Кренц аңтаң болды. Бұдан екі жеті бұрынғы бөлмеде өскен ағаш саудасындағыдай бәрі тым-тырыс бола қалды.

Жұрттың үндемей қалғанына аң-таң болған Кренц өз айтқанын тағы бір қайталады да, қарындашы мен қағазын дайындап, жұртты көзімен бір шолып өтті. Бірақ жұрт оған бөтен бір тілде сөйлеп тұрғандай қарайды. Ал Кренц, сөзді созып айтқанымен, венгер тілінде сөйлеген еді.

– Бұ қалай, биыл жұрт жұмыс дегенді қойған ба? Осыншама қыруар көп құрақ шабылмай қалсын дейсіңдер ме? Мұндайды мен өмірім ішінде көрген емен! – Ол бір минуттай үндемей тұрды да, тағы да сөйлей жөнелді: – Маған бәрібір. Мен Ракоштен де кісі табамын. Тіпті арзанырақ табамын!

– Оған әлі, айтқаның жаңа асыққаның не, – деді біреу.

Секретарьдың көмекшісі ұялғанынан қарындашымен ойнап отырды. Кренц басын көтеріп алды да, әлгі сөзді сол айтқандай Давидке қарап:

– Сіз не дедіңіз? – деп сұрады.

Давид жауап бермеді. Басқалары да үндеген жоқ, тек арт жақта біреу, күлкісіне булығып, жөтеліп жатты.

– Маған жұртты қайрап салуға мәзсіңдерау, ә? – деп айқайлады Кренц.

Бірақ оның сөзін ешкім елемеді.

Осы кезде Давид орнынан тұрды да, секретарьдың көмекшісіне қарап сөйлей жөнелді:

– Көріп тұрсыздар, Кренц мырзаның ұсынысын қабыл алған ешкім жоқ.

Көмекші мырза, енді тең жарымына жалға оратындарды жазуға көшейік.

– Тоқтай тұрыңыз, – деп айқайлады Кренц, – жаңағы жазылып алған екі жүз хольд жерімді қайтпекпін сонда? Мен әлі жауап алған жоқпын... Оу, халық! – деп ол көпшілікке қарады, – неге үндемейсіңдер? Әлде құлақтарың бітеліп қалды ма? Қай сайтан түртіп кетті сендерді?

Бәріміз үшін тиісті жауабын осы берер-ау дегендей жұрт Лайош Давидке қарады.

– Қос өңештің асын қылғымасын, қақалып қалып жүрер десейші оған, – деп сыбырлады Барна Давидке.

– Байқайсың ба, Кренц мырза, – ол Давидке түксие қарады, – жұрт маған бір мақалды сыбырлап тұр, кесектеп жұтпасын, тамағына тұрып қалар дейді. Менімше, олардікі дұрыс! Жұрттың құлағы бітіп тұрған жоқ. Тіпті де олай емес. Жұртты үндетпей тұрған сізсіз. Бірақ боска әуреленіп тұрсын.

Давид әр сөзін салмақтап айтып, асықпай сөйлеп тұр:

– Сіздің ұсынысыңыз, – деп даусын көтере сөйледі Давид,– шаруалар мүддесіне қайшы ұсыныс. Болғаны осы ғана. Осы сөз каперінізде болсын, енді іске кіріселік.

Кренц басын көтерді:

– Бұлай болғанда алдын ала ескерту керек еді! Осыншама құрақты мен қайтпекпін?

– Өзіңіз шабыңыз, болмаса кісі жалдаңыз. Ал ең тиімдісі, өзіңізді тізімнен сызып тастауын өтініңіз.

– Мен өз сөзімнен ешқашан да қайтпаймын! Мен сендердей емеспін...

– Мен әлдебір жарымаған адам емеспін, – деп ол столды жұдырығымен қойып қалды.

Секретарьдың көмекшісі селк етіп, жағалай бір қарады да, қарындашын шыдамсыздана тықылдатты. Кренц даусын бәсеңдете түсті:

– Ау, халық, бұлар сендердің мүдделеріне қарсы шығып отыр. Сендер мұны неге түсінбейсіңдер? Алпыс қашанда елуден көп қой! Мен мұндайды өмірімде көрген емен! – деді Кренц секретарьдың көмекшісіне қарап, қолын жайып,– өздерін-ақ айтыңдаршы! – деді ол мұжықтарға қайта бұрылып, – өздеріне қастық жасамаңдар! Тіпті сендер азат адамдарсыңдар ғой! Қазір демократия!.. Тфу! Жоқ, мен мұндай адамдарды әлі кездестірген емеспін! – деп айқайлады Кренц тағы да секретарьдың көмекшісіне бұрылып. Шаруалар қабырғаны жағалай үнсіз тұра берді. – Ал, жақсы, мұны түсінуге дәрменсіздіктеріңді көріп-ақ тұрмын... ар-ұят, алғыс айту дегендер қайда? Мұнысы асырып айтқандық еді. Барна шыдап тұра алмай, Кренцтің сөзін бөліп кетті:

– Ар-ұят пен алғыс жөнінде, Кренц мырза, жұмған аузыңызды ашпасаңыз да болар еді. Біз былтыр борышымыздан

құтылу үшін, саған бір жетінің орнына екі, кейде төрт жетіден жұмыс істегенбіз.

– Ал, сонда мына қолдарыммен өзім қарап қалып па едім? Сендерге берген әрбір ат пен әрбір өгізді мен өз еңбегіммен тапқам! Әлде, мен осының бәрін тегін таптым ба? Менсіз сендер ілгері аттай алып па едіңдер! Күн сайын: «Кренц мырза! Ананы берші, мынаны берші», – деп ауыз жаппайтындарың қайда! Қолымнан келгеннің бәрін мен де аяған жоқпын да, көмектескемін. Ал сендер болсаңдар, байқауымша, осының бәрін түк көрмегендей ұмыта қалыпсыңдар. Менің әлі де керек күнім болар! Бұл тек жаланаяқ жарымағандардың ғана ісі.

Давид салмақпен сөйлеп:

– Кренц мырза, мүмкін біз жаланаш-жалпы, кедей адамдар шығармыз, бірақ жаланаяқтар емеспіз! – деді.

Кренц оған көзімен жеп жіберетіндей қадала қарап:

– Ие, ие! Сендер тегін олжаға ғана иесіңдер, жұмыс десе ат-тондарыңды ала қашасыңдар. Сендер үнемі осылай бола берер деп пе едіңдер?

– Біз сол «тегіннен» әбден-ақ ығыр болдық. Сол «тегіннен» ата-бабаларымыз да, әкелеріміз де, өзіміз де сыбағаларымызды алғанбыз. Бірақ сол «тегіннің» кімге қымбат түскенін мен білмеймін.

– Кімге екенін білмеймісің? Біреудің үйіне баса-көктеп кіріп алып, қоршауын отын, мегежінін соғым қылатын дайын астың иелеріне тегін.

Давидтің бетінен оты шығып, төмен қарап кетті. Кулактың бұл сөзінің аз да болса жаны бар еді. Давидтің осыншама ұялуына қарай, кірмелердің арасынан жаңағы Кренц айтқандай сойқандардың табылғаны да рас еді.

– Сіз не болып жатқанын қарап қана қойыңызшы. Селодағының бәрі құрып барады! Бұл жер бұрын тазалықтан жайнап тұрушы еді! Жер, жүзім, мал қандай еді! Мен мұның бәрін білгендіктен айтып тұрмын. Қалай десеңдер, олай деңдер, бар айтарым: мұнда бұрын жалқаулар емес, еңбексүйгіш халық тұратын!

Бөлме іші күбір-жыбырға толып кетті:

Давид басын көтеріп алды да, дауыстап былай деді:

– Кренц мырза, биыл біздің өлкеден тұқым себілмеген

ұлтарақтай жер таба аласыз ба, осыны айтыңызшы? Ал келесі жылы біздің жүзім бақтарымызды тани алмайтын да боласыз. Бәрі бірден бола қалмайды, шаруашылық жайын біз де үйренеміз әлі. Біздің малымыздың несі жаман? Өзіміздің өсірген жылқыларымыз бен өгіздерімізге қараңызшы, кәне!

Кренц мысқылдай күлді:

– Несі жетісіп тұр малдарыңның, аштықтан тәлтіректеп жүргені ме?

Ол Давидтің көнін әрең сүйретіп жүретін былтырғы өгізіне меңзеп айтып еді.

– Ол былтырғысы ғой, – деді Давид сабырлы үнмен, – ал қазір мен өзімнің кос өгізімді сіздің де өгіздеріңізге айырбастамаймын, Кренц мырза!

– Оларға қараудың өзі аянышты! – деп айқайлады Кренц.

– Сізге аянышты болатын несі бар? Сіздің не жұмысыңыз бар? – деп шыдап тұра алмады Барна. – Сіздің малыңызға тиіскен ешкім жоқ қой?

– Менің малыма ма? – деп Кренц ызбарлана ілгері ұмтылып, бақырып жіберуге аз-ақ қалды. – Ешкім де тие алмайды! Одан да мына қолдарыммен шетінен қырып тастағаным артық! Тек сендер сияқтылардың қолдарына түспес үшін оларды да өртеймін, өзім де күйіп өлем! – деп ол жұдырығын сілтеп, қырылдап қоя берді. Лайош Давид шыдап бақты. Оның ашушаң, қызба екенін білетін Жаңа жер иелері одағының бастығы Давидке «Не де болса әзәзілдің тырнағына арандап қалып жүрме. Өзіңе-өзің берік бол. Мейлі, өздері-ақ құтырынып бақыра берсін!» – деп қатты ескерткен болатын. Кренцтің соңғы сөздерін естігенде шыдап отыру қанша қиын болғанмен де, ол өзін-өзі билеп, секретарьдың көмекшісіне қарап сабырмен үн қатты:

– Маған он екі хольд шабындық жазыңыз да, секретарьға көмекші мырзаның уақытын алмай, ісімізді жүргізе берейік!

Осы кезде Кренц орындығын теуіп жіберді де, дабырлай түрегеліп, мүлдем есіріп кетті. Даусы үздік-үздік шығып, жылауға аз-ақ тұр:

– Мен сияқты акымакка осы керек! Қашан да осылардан көмек аяған емен! Сонда не үшін? Осындай да халыкка кез қылған, тәнірім-ай!

Давид ашуын тежеп, оған қадала бір қарады да, ақырып

жіберді: – Сізге осында қала көріңіз деп ешкім де жалынған жоқ, Кренц мырза! Қайта бүйтіп қалдырғанына тәуба қылыңыз! Түсінікті ме?

Кренц ілгері бір аттады да, столдың жиегіне сүйеніп тұрып: – Мен ең қатерлі кездің өзінде де венгер күйімде қалғанмын. Жұрт ол кезде шеттерінен «Бундқа»[1] мүше болған. Онда сендер... – деп қырылдай бастады.

– Я, онда біз майданда қырылып жаттық қой, – деп қосып қойды Давид орындығынан тұра беріп.

– Сірә, бұл шындықты айтпағаным жөн болар... Мұндайда оны тек сендер ғана айта аласыңдар. Бірақ үнемі бұлай бола бермейді, – бұл сөзім әлі-ақ естеріңе түсер.

– Егер өз былығыңызды копара қалсақ, қаншама адал көрінуге тырысқаныңызбен де, бәрі теріске шығып жүрер, Кренц мырза.

– Қай былықтарымызды? – деп Кренц Давидке жетіп барды. Жұрт бұларға жақындай түсті.

– Қай былықтарымызды дейсіз бе, ескі кірпіш заводына түнге қарай жүк машиналары неге келеді, мұның артынша сіз неге аттарыңызды жалмажан жеге бастайсыз? Алдымен осыған жауап берініз ші? Былық емей бұ не?!

– Өтірік жала! Белгілі әдіс...

Азын-аулақ дүниесі бар адамға әбден түк істей алмайтын болған соң, енді контрабандамен байланысы бар деп айыптағыларың келді ме?! Егер ауыздарың барса, айыптай қойындар! Мен қаңғырып жүрген бірсу емеспін! Мен осы жерде атам заманнан бері өмір сүріп келем! Әкемнің де, ата-бабаларымның да мекені осы жер. Олардың адал еңбектерімен күн көргендерін, менің қандай адам екенімді кім де болса біледі! Сөйтіп, маған тақпақ айыбынды айтшы. Қорықпа!

– Кезі келгенде айтармын! Мен қорықпаймын. Егер шекарашылардың өлтірілуі туралы істі жақсылап қазбалап көрсек сіз қайтер екенсіз...

– Қайта айтшы, не дедің сен? – деп Кренц Давидке төніп кеп тұра қалды.

Кренц қып-қызыл көздерінен от шашып, өлердей сұрлана қалыпты.

[1] Бунд – Германиядан тысқары жердегі неміс фашистерінің ұйымы.

Олар біріне-бірі шапшый жаздап. төніп кеп бірнеше секундтай тұрып калды. Сонсоң Кренц айнала коршаған жұртты көзімен бір шолып өтіп. Давидке төне түсті де:

– Асыкпа. сенімен көлде бір кездесерміз. – деді баркырап.

* * *

Бір жаман жері. деревняның «ескі тұрғындары» бұл жанжалда Кренц жағында болды. Қайткенде де мұны болдырмау керек еді. Бальфте де осыны айтысты: он-жиырма хольд жері бар орташаларды Кренц жағына шығармау керек. кірмелер мен селоның ескі тұрғындарының арасындағы кыркыскан дау-жанжалдарды жою керек. Фашистермен істес болғандардан калған бос орынға. кірмелер мен ескі тұрғындардың түпкілікті тұрып калуына және кейбіреулерін кооперативке алуға рұқсат ету керек дескен болатын.

Бұның оп-оңай ғана іс емес екені өзінен-өзі түсінікті. өйткені бұрынғы тұрғындардың көпшілігі немістер болатын. олар. кірмелерге шала түсінікті австрия тілінде сөйлесетін. Осының бар ауыртпалығы Давид пен Барнаның мойнына түсті.

Бірде Барна Лайош Давидке былай деді:

– Мен сен болсам. көлге жалғыз бармас едім. Кренц сияктылар тегін сөйлемейді!

– Кацорым[1] касымда тұрғанда. мені ешкім де коркыта алмайды! – деп күлді Давид.

Барна да әлгі сөзді калжыңдап айтқан. Досын коркытудың оңайлыкка түспейтінін ол білетін-ді.

Кренц пен Давидтің арасындағы жаулык жария күйге көшті. Жұрт көңілдене бастады. тіпті түнерген бұлтты күнгі капырык ыстыктан. нажағайдың шатыр еткенінің өзі артык. – деп ашыктан-ашык айтысатын болды.

Соңғы күндерде Кренц біресе Будапешке. біресе Дерге. болмаса Шопронға кетіп калып жүрді де, селода сирек көрінетін болды. Ракоштегі уездік басқармада да болып жүрді. Давидтің жактастары Кренц біржола жоғалса да кынк демейтін сиякты.

Давид ұйкысы кашпағанмен. аз ұйыктайтын. әсіресе сергек ұйыктайтын болды. Бірак сактыкта корлык жок деп

[1] Кацор (венгерше) – шалғының ерекше бір түрі.

сағаттың қоңырауын бұрап қоятын, әйелі оны-мұны сатып, керек-жарақтарын ала келу үшін Шопронға жүргелі жатқан. Иштван Барна да оның әйелімен бірге жүрмек еді. Ол да сату үшін біраз жұмыртқа алыпты, бірақ ол Шопронға негізінде қоғамдық, кооперативтік істерге бола жүрмек.

Лайош сағаттың қоңырауы шылдырламастан көп бұрын оянды. Сағат столда біркалыпты сырт-сырт соғып тұрды. Әйнектен інір қаранғысы төніп тұр. Лайош сіріңке жағып, сағатына қарап еді, үшке он минут қалған екен. Ол орнынан тұрып, сағаттың қоңырауын тоқтатты да, аулаға шықты, сосын фонарь жақпай-ақ, мал қораға кірді. Елегізе қалған өгіздер иесін аяқ баскан сыбысынан танып тыныштала қалды. Давид жуынып болған соң, үйге кірді де, шам жақты.

– Мен өгіздерді жеккелі бара жатырмын, – деді ол, әйеліне қарап.

Бұлар жол жабдығымен айналысып жүргенде Барна да келді. Жолаушылар арбаға отырысты. Давидтің әйелі емшектегі нәрестесін бірге ала кетті, ересектеу екі бала үйде қалды.

Арба тауға қарай көтерілген кезде, жымыңдаған жұлдыздар бозарып, сөне бастап, аспан ағараңдап келе жатты. Бұлар станция басында қош айтысқан кезде таң сүттей атып қалған болатын. Давид күн шыққанша көлге қайтып оралды да, өгіздерін доғарып қойып, құрақ шабуға кірісті.

Давид қуатты қолдарын барынша сілтеп, жұмысты құлшына істеді. Айнала тым-тырыс, тірі жан жоқ. Тек Давидке үйден ере шыққан күшік қана құрақ ішін шарлап жүр.

Шалғы сырылдап, кейде адамнан зәресі ұшқан құстар ұяларынан пыр етіп ұшып кетіп жатты. Баска селт еткен дыбыс жоқ. Айнала жым-жырт.

Лайош Давид шалғысын жанып алу үшін тоқталғанда алыста ауыр күрсінген паровоз даусын естіді. Тіпті дауыстың көлдің Австрия жақ тұсынан не бергі бетінен шыққанын да айыру киын. Биыл көлден құрақ шабуға Давид бірінші болып шықты. Ол қалың құрақтың арасынан өзіне жеребимен тиген жерді әрең тауып алған.

Бір жол тартып өткеннен кейін, Давид шабылған құракты жинап алып, арбаға салды. Мал көптен азықсыз тұр еді. Сағат онға дейінгі тынымсыз жұмыстан оның әбден қарны ашып, шөлдеп те кетті. Күн ысып келе жатты. Лайош түске карай тіпті ыстық болар деп ойлады. Жаз болса өтіп барады, бірақ

көктен әлі бір тамшы жаңбыр жауған жоқ. Ол өз өмірінің ішінде мұндай қуаңшылық ыстық жазды көрген емес. Құрақ сарғайып кетті, тіпті көлдің мый-батпақ жағалаулары да тілім-тілім болып жарылып, шаңы аспанға шығып жатыр. Давид бір құшақ құрақтың үстіне отыра кетіп, таңертеңгі асын ішуге кірісті. Кішкене қара күшік те сыбағасынан құр қалмайын дегендей, Давидтің жанына келіп отырды да, иесінің ас ішкен әрбір қимылына телміріп қарай берді.

Давид итіне:

– Немене, қарның ашып қалды ма? – деп күлді де, шошқа майының қыртысын алдына тастай берді.

Күшік қарғып қағып алып, қыртысты құныға кеміре бастады. Лайош Давид бәкісін сүртіп, қалтасына салды, сосын жайлап басып арбасының жанына келіп, су құйылған бөтелкесін алды да, шөлін қандырып, жаңа ғана шабылған бір құшақ құрақтың үстіне жата кетті. Ол азырақ мызғып алайын деп еді, ит шабалана үре берген соң, қайта тұрды.

– Не болды саған? Тыныш та отыра алмағаның ба! – деп Давид тың тыңдап көріп еді, жөнді ештеңе естіле қоймады. Ит құлағын тікірейтіп алып, қара тасша қатып қалыпты.

– Ол жақтан не сезіп тұрсың?

Давид тағы да құлақ тігіп еді, алыстан талып жеткен бір сыбдыр естілді.

Қалың құрақты қақ жарып, бірдеңе жақындай берді, сірә арбалы біреу болса керек. Ит тағы да шабаланды. Сыбдыр жақындай түсті. «Менімен участогі көрші кім болды екен?» деп ойлады Давид. Айтқандай-ақ, бір арба тура осылай қарай беттеп келе жатты. Суыт жүріп келеді! Салдыр-гүлдір шуылына қарағанда арбаға бір-ақ пар өгіз жегілмегенге ұқсайды. «Төрт өгіз жегіп, Фертенің жағасында серуен құру кімнің ойына келді екен?» –деп ойлаған Давид, шынтағына таянып жайлап басын көтерді. Ол итіне зекіп тастады да, тыңдай түсіп, күтіп тұра берді. Арба жақындап келіп қалды. Шу кенет басыла қалды, арба сірә тоқтаса керек. «Бұл жерде кімнің үлесі болды екен?» – деп Давид өзіне-өзі сұрау берді. Давид бұдан кейін арбадан біреудің секіріп түсіп, құрақты киіп-жарып, өзіне қарай келе жатқанын байқады.

Давид ұстап үлгіргенше болған жоқ, ит келе жатқан бейтаныс адамға аткан октай тұра ұмтылды. Бір минуттесін, иттің өршелене үргені естілді. Сөйткенше болмады, қатты

бір соққыдан күшік зәбір көрген жас баладай мүләйімсіп, қынсылай бастады. Давид атып тұрып қацорына шап берді. Қас қақканша болған жоқ, біреу қуатты қолдарымен қалың құракты қақ жарып шыға келді, бұл баска ешкім де емес, Кренцтің тап өзі екен. Жауының қолынаи су жаңа неміс автоматын көрісімен-ақ Лайош қацордың дәрменсіздігін сезе қойды.

Кренц қап-қара киім киіп алыпты. Киімдеріне сап-сары тростник тұқымдарының тозаңы жабысып қалған.

Кренцтің қолындағы неміс автоматын көргенде, өзінің ротадан қашқаны үшін, енді атылам-ау деп тұрғанда қарауылшының қолынан тап осындай автомат көргені Давидтің есіне түсе кетті. Аумаған сол автомат тәрізді.

Давид қыбыр етпестен жауының әрбір кимылын аңдып тұр. Арба алыс – бір секіргеннен жете алмайсың. Кренц екеуі бір-бірінен төрт-ақ метр жерде тұрған. Аралары тым жақын, автоматтан атса мүлт кетуі киын. Ал кацормен ұрайын десе жетпейді.

Кренц те Давидке қадала қарап тұр. Бұлардың бұл өшпенділіктерін бір-бірінен жасырмай, өмірінде бірінші рет тура карауы. Бір уақытта ит жетіп келіп, Кренцтің санынан ала түсті. Кренц шыдай алмай бақырып та жіберді. Бірақ ол иттен дереу сытылып шықты да, Давидті қырына алып тұра қалды, қолынан автоматы түсіп кетіпті. Жауына бассалу үшін Давидке осы да жеткілікті еді. Ол ілгері секіріп түскенде, Кренцтің төбесінде шалғы жарқ ете қалды.

Кренц бұл жойқын соққыдан бұға қалды да, шабылған шөпке сүрініп кетіп, шалқасынан түсті. Бір ғажап нәрсе, ол сөйтіп құтылып кетті: оған сермелген кацор үстінен зу етіп өте шықты. Қоян-қолтық арпалыс басталды. Олар бірінебірі шүйіліп алып тек қырылдай берді. Кренц жерде жатып, мылтықты қолына түсіріп алды. Шалғы ауада тағы да жарқ етті, бірақ тым кеш қалып еді...

...Автоматтан қанды оқ жауды, тіпті Давид шөпке бетін төсеп, сұлық жатса да тынбастан атыла берді. Итке де оқ табылды.

Кренц сосын түрегеліп, төңірекке құлақ тігіп қарап ұзақ тұрды. Айнала ғажайып бір тыныштыққа бөленген. Осындай жан түршігерлік атыстан соң, мұнда тыныштық орнар дегенге тіпті сену киын. Кренц үсті-басын сипалап

көріп еді, жараланбапты, тек мана құлап қалғанда арандап алған қолы ғана қаксап барады. Ол киімін сілкіп тастап, автоматын предохранительге қойып, иығына асынды да, келген жолымен кері қайтып, аздан соң арбасымен әлгі жерге қайтып оралды. Бұл – сандықтар тиелген әскери арба неміс арбасы еді.

Кренц арбадан көлік-тұрманды тауып алып, арбаға Давидтің өгіздерін жекті. Дегенмен, аяулы өгіздер екен!

Одан соң Кренц жайпақ бір бидонды суырып алып, Давидтің сүйегі мен иттің өлексесіне керосин құйды. Ол бидонды қайда лақтырып жіберсем екен деп бір тұрды да, айнып қалып, арбадағы өзі отыратын жердің астына қайта салып қойды. Енді жүргелі тұрғанда, оның қацорға көзі түсті. Көп ойланып тұрмай-ақ қацорды да арбаға лақтыра салды.

Өгіздер қалың құрақтың арасынан жол салып жүріп берді. Ол асықпай жүріп келе жатты. Түс кезінде Кренц кең бір алаңға келіп тоқтады. Бұл Давидтің үлесінен алыстағы, Бальф селосының жері еді. Көзімен айнала бір шолып өтіп еді тірі жан жоқ екен.

Ол арбадан секіріп түсті де, қалпағын шешті. Село жақтан әлсіз жел еседі. «Әттең, жел әлсіз екен! Ештеңе етпес, желдің үдей соғуы да ғажап емес қой», – деп ойлады ол.

Кренц тағы бір бидонды алып шығып, жердегі құраққа керосин құйды. Сосын ол еңкейе түсіп, шырпысын жағып, құрақты тұтатып жіберіп, оттың жануына біраз қарап тұрды да, ұзап бара жатқан арбасының соңынан жүгіре жөнелді. Арбаға жайласып отырып алған соң, ол темекісін тартып, қалпағын желкесіне қарай баса киіп, кекжиіп шалқая түсті.

Өгіздер Австрия жаққа баратын жолды жақсы білетін еді, шұшулетпей-ақ Медешке бір-ақ тартты.

* * *

Қамыс өртенген күні Давидтің әйелі мен Барна Шопроннан кеш оралды. Күн батып кеткен. Сапарлары оң болғанға олар көңілді әңгімелесіп, вагонның терезесінен төңірекке қарап келе жатты.

Орманның арасынан өткенде, күні кеше болып өткендері естеріне түсті.

– Деревняға алғаш рет қалай келгеніміз есіңде ме? Түн тастай қараңғы болатын... Сондағы қорыққанымызды-ай!

– Кейбіреулер қорықты, кейбіреулер қорыққан жоқ, – деді Барна.

– Лайош екеуің, әрине, қорыққан жоқсыңдар. Бірақ кейін қайтып кеткісі келгендер де болды. Көп жерде ескі тұрғындар көшіп келушілерді қолдарына айыр ұстап қарсы алыпты. Тіпті оны айтсаң, оқ жаудырып, көбін атып та тастапты, деседі. Рас, мен бұған сенбеймін, бірақ осыны айтқан адамдарға сенбеу қиын. Сонда көп адам орман ішімен жүруге қорыққан болатын. Өйткені орман іші бандиттерге ең қолайлы жер ғой! Сонда сіз алға түсіп алып, біздің қорыққанымызға күлгенсіз. Ох, мен сонда бала-шағамен бірге қалай қорықтым десеңізші!

– Күлмеуге болды ма? Сондағына қазір өзің де күліп отырсың ғой. Сонда мен оларға: «Қорқақтың отаны жоқ. Ең аяғы орманмен жүруге де қорықсаңыздар, бұл жерде қайтіп өмір сүрмексіздер?» деп тура айтқам.

Поездан түскеннен кейін бұлар далада ленташа созылған жолға түсті. Давидтің әйелі қолына бір уыс гүл жұлып алды. «Шіркін, терезеге енді шымылдық сатып алса!» – деп ойлады ол.

– Ақшалардың кез келген жерде шашылып жатқаны есіңде ме?

– Есімде болмай, бірақ ол ақшалар құнын жойып алған болатын.

– Я, сұрама. Мен ол ақшаларды жинап, балаларға бергенмін.

– Біздің жер азат болысымен, Кренц орман ішінен бір эшелон ақша тауып алып, үйіне қап-қап ақша тасыпты деседі ғой. Қалың орманның түкпіріндегі жасырын теміржолдың үстінде өртенген эшелон әлі тұр. Нилашистер осы жерге ақша сарайын баспа станоктарымен және металл ақша жасап шығаратын машиналарымен қоса алып келген болатын. Бірақ канша жасырынғанымен оларды бомба таппай қойған жоқ. Қағаз ақшалар жанып кетіпті, бірақ металл ақшалар төніректе өзен жағасындағы ұсақ тастарша шашылып жатыпты.

Орманнан шығысымен, олар айналада бір жайсыздықтың болғанын байқай қойды. Бетті алаулаған ыстық леп шарпиды. Бұл әсіресе қоңыр салқын орман ішінен шыққанда айқын сезілді. Олар тас иондарға қарай көтерілгенде, әйдік бір пештің аузы ашылып кеткендей, тыныс алу тіпті киындап кетті.

Құрақтар өртеніп кетіпті. Өрт кең аумақты қамтыған. Давидтің әйелі тітіреніп кетті. Сәл қалыңқырап қойған Барна да әйелдің жанына келіп тұра қалды. Қара түтіннің тұтаскан қалың бұлты аспанға шарықтап шығып, көл бетінде қалқып жүр. Олар енді байқады – аспан да қап-қара боп түнеріп кетіпті.

– Мына жанып жатқан біздің егініміз ғой, – деді Барна даусы өзгеріп. – Біздің астығымыз, еңбегіміз жанып жатыр. Қыстық мал азығымыз да өртеніп жатыр, көз алдымызда.

Осы сөздерді естігенде барып, Давидтің әйелі есін жиды. – Шынымен-ақ, бәрінің де өртенгені ме, – деп қоркып кетті әйел.

– Әрине, бәрінің өртенгені, – деп ақырын қостап қойды Барна.

«Менің күйеуім құрақ шабуға осы жаққа кетіп еді ғой... Біздің үлесіміз құрақтың қалың түкпірінде, алыста болатын. Ол уақытында құтылып шыға алды ма екен?» – деген ой әйелге нажағайдай сап ете қалды. Барнаға ол:

– Баланы ала тұршы, – деп айқайлады да, кішкентайын ұстата салып тіке ылдиға қарамастан жүгіріп ала жөнелді.

Ол дала гүлдерінің бір уыс букетін кеудесіне тебірене қысып, жүгіре берді.

– Құдайым-ай, құдайым-ай! – деген сөзді жолшыбай сан рет қайталап, ол жүгіре берді, жүгіре берді.

* * *

Сөйтіп, Лайош Давид те, Антал Кренц те селоға әсте қайтып оралмады. Ақ күл олардың ізін мәңгі жауып қалды.

Ол жазда бұл төңіректе құрақ шабуға болмай қалды. Бальфтан Ракошка дейінгі жер жым-жылас, тып-тыйпыл боп өртеніп кетті.

Ракоштың тұрғын адамдары күш қосып, кең алаптың құрағын дереу шауып тастап, өрттің жолын зорға бөгеді. Әйтпегенде өрттің қай жерге барып тоқтайтыны да неғайбіл еді. Тап сол күні қатты жел де азынай соққан.

Жалға ақша төлеп, құрақ шабуға тізімге жазылған шаруаларға көлдің Ракош жақтағы жағалауынан жер бөлінді. Жері өртенушілердің бәрі осындай көмек алды. Давидтің жесіріне шаруасын түзеп алғанша кірмелер күзге дейін қолғабыс тигізді. Күзде Давидтің әйелі бұл өлкеде қалғысы келмеді де, жерін Барнаға тапсырып, өзі Шопрондағы жібек тоқитын фабрикаға кетіп қалды.

Имре Варга

ӨМІР ҚАТАЛ, БІРАҚ ТАМАША

Таңсәріде мен Ирэнді еркелетпек едім, ол:

– Мазамды алмашы! – деді де иығын қикаң еткізіп, ашуланып, іргеге теріс бұрылып кетті.

Мен мұны елең қыла қойғам жоқ, өйткені мұндай бейімсізгіл шақта одан бір зор ізет күту де киын еді. Бірақ артынша бұл тегін емес деген ойға келдім. Сөз жоқ, оны бір ой шырмап алған болу керек.

– Саған не болды? –дедім мен.

Ол кенет маған жалт бұрылғанда тіпті ұйықтап жатқан екі сәбиіміз де селк ете түсті. Оның жирене қараған уытты жүзін көргенде, бір сұмдық болған екен деп те күдіктеніп қалдым.

– Сен одан да менің әкеме, қалаға тезірек жетіп алуды қарастырсаң еді!

«Мұны қай сайтан түртіп кетті екен, бұл әйел осынша неге ашулана қалды екен» – деп, ойымды әр саққа жүгірттім. Ол әлде черепицасын снаряд бұзып кеткен үйімізді комсына ма?! Болмаса қала ұстасының қызы Ирэн өзі атағандай: «мына байғұс жалшыларға» бөлген жерден менің де екі хольд жерге жазылғанымды ұнатпай ма?

Мүмкін, Вашадидің кеше кешке: «Миклоштың кеткеніне қуансайшы» – деп күңкілдегені дұрыс шығар. Солай болмаса неғылсын! Сәл кідірдім де:

– Миклоштың соңынан кетейін деп пе ең?– дедім оған.

Ирэн қып-қызыл болып кетті. «Ойындағысын дәл тапсам керек». – деп жатырмын ішімнен, бірақ расын айтқанда бұған мен онша ренжи қойғам жоқ. Тек, менімен тұрса да, әлдекімге көнілі ауғанына таңғалдым.

– Ойыма да алған емеспін! – деп күйіп-пісті Ирэн. Әйтсе де бұл жерден кетсек, тәуір болар еді. Мына Бальта бойжеткеннің жанында тым құрақ ұшып барасың.

Мен жайлап орнымнан тұрдым. Бұл әйелмен енді тәжікелесіп жатудың қисынсыз екен маған анық болды. Киініп жатып, өзімнің ең жаксы жолдасым Ева байғұсты аяп кеттім. Бальтаның бар жазығы оның оқытушылық бөлмесіне экономиядан келген оншақты адам жиналып отырғанда ол олармен түн ортасына дейін әңгімелесуден еш жалықпайтын. Ол сөйтіп жүріп көптен бері жасырып келген жан сырымызға дейін ашқан еді. Біз қазір егжей-тегжейіне дейін білген көп жайды баскаларға да түсіндіріп жүрміз.

Мен үйден шықтым да, төнірекке көз салдым. Менің алдымда таң алдындағы алакөленкеде күңгірт тартып, мырзаның үлкен қамбасы тұрды. Өрттен кейін шатырдан жұрдай болып, қабырғаларын қап-қара ыс басқан.

Қамба былтырғы жылдың октябрінде алдияр тақсыр граф мырзаның бұйрығымен өртенген-ді. Ол өрт болған күннің ертенінде-ақ бұл жерден карасын мүлде өшіру үшін Будапештке бір-ақ тартқан.

Мен өз өмірімде, найзағай отының жаркылын тас қараңғы түнде талай рет көргенмін. Бірақ маған кенет сап ете қалған жарқын ойға бұл да тең келмес еді. Бұл бір ғажап ой еді. Сол бір ой тұлабойымды жалындай шарпып, қуанғанымнан билеп те жібергім келді. Амалы табыла кетті. Мен Кристоф Каллаяның Бела деген баласын құлағынан ұстап алдым да: «Бела, қозым. Такач жолдаска тез жет те маған дереу келсін деші, менің онымен сөйлесуім керек еді»,– дедім.

Экономиядағы барша жұрт, мырзаның үйіне жинала бастағанда, сағат он бірдің шамасы еді. Жұрт үлкен асханаға жиналды. Такач жолдас, Янш Надь, Ганеш, оракшылардың бригадирі және мен бар – бәріміз стол басында отырдық.

Такач жолдас ажарсыз, кішкентай кісі еді. Оның сырт түріне қарап, шаруалар арасындағы ең беделді кісі деп еш ойламас едің. Бірақ беделсіз болатын реті де жоқ-ты. 1923

жылдан бастап оны он тоғыз рет тұткынға алды! Такач жолдас маған сөз бергелі орнынан тұрысымен-ақ жұрт тымтырыс бола қалды.

– Әлеумет, – деп бастадым мен, жұрттың назары маған ауғанына кәміл сеніп, – біз мұнда бәрімізге де қатысы бар маңызды бір мәселені талқылауға жиналып отырмыз. Іс күтпейді, сондықтан қыска сөйлеймін. Біз мырзалардың жерін бөлісіп алдық па, жоқ па, осыны айтыңдаршы?

– Бөлісіп алдық, – деген дауыстар шу ете қалысты.

– Бәрің де жер алдыңдар ма?

– Алғанда қандай, тіпті тұткыннан қайткандарға да жер тиді ғой.

– Ал үйлерің бар ма?

– Үй қайдан болсын? Бәріміздің осында – экономияда тұратынымызды өзің де білесің ғой?

– Міне, менің сіздермен сөйлесейін дегенім осы жайында еді. Үлкен қамбаның енді түкке жарамайтынын бәріңіз де жақсы білесіздер.

– Ол солай... Сонда оны қайтпекпіз?

– Қайткені сол, бұзу керек. Бірлесіп бұзып алып, ағашынан бірлесіп үй салып алуымыз керек. Ең алдымен қысылып-қымтырылып отырғандарға үй салып береміз. Ең бастысы, жұмысты бірлесіп істеуде, егер бөлектеніп кетсек, түк те шықпайды. Менің не жайында айтып тұрғанымды ұқтыңдар ма?

– Ұғып отырмыз, – деп шуласты бәрі.

– Осында екі жүзге тарта адам отырмыз. Жұмысты бөлісіп алуымыз керек, біразымыз кірпішін, біразымыз қабырғасын бұзайық, енді біразымыз бұларды зембілге салып тасиық. Сөйтсек бәрі де жылдам бітеді.

Жұрт анырып бір-біріне қарасты. Мен істің сәті түскен шығар деп ойлап едім, бірақ олай бола қоймады. Жазда жаңбыр болардың алдында найзағай жарқылдап, күннің дүрліге күркірегеніндей, отырған жұрт та күбірлей жөнелісті. Бір бейшара адам, бұрынғы имение басқарушымен әйелі ашына болған Геллен болса керек, еңіреп қоя берді:

– Бұ қалай, қайырымды жандар-ау? Енді осылай болуға тиісті ме? Бұрынғы қожаларды ақыры тайдырдық, сонда мойнымызға жана қожалар мінсін деппек? Ақылдарың азайған екен. Біз таңның атуы, күннің батуы жұмыс істейік,

біреулер даяр істің иесі бола кетіп, оның үстіне бізге мұрнын шиырмақ па?

Данғыраған айкай-шу үйді басына көтеріп кетті. Графтың кезінде қалтасын қалыңдатып алған, дәулеттілеулері істемейміз деп жатты. Жарлылар, әсіресе өмірінде бірінші рет жер алғандар оларды балағаттап сыбап жатты. Олар бұл сөздің төркінін жақсы түсінген еді. Такач жолдас жұдырығымен столды қойып қалды да:

– Бақ-шақ қыркысуды тоқтатыңдар. Сиыр мүшелеп жаткан жоқсыңдар. Галлен, сен неменеге наразысың? Мырзалардың есігінде жүру саған жақсы болып па еді? Жаңа үй алғың келмей ме? Егер біздің біразымыз өздерінің жаңа үйлеріне көшсе, экономия жартылай бос қалады да, жайласып еркін тұруға мүмкіндік туады, осыны неге ұқпайсыңдар? – Дұрыс, Такач жолдас! – деп айғайлады отырғандардың көпшілігі.

– Міне, көрдіңіздер ме! – деп күлімсіреді ол, сосын маған қарап, сөйлей бер дегендей ым қақты.

Мен жаңа үйлер қандай болатынын, қайда орналастырып, қалай салатындығымызды байыптап, аспай-саспай айтып шықтым.

Істің беті түзелген тәрізді болды. Күңкілдеп қоюшылар да болды, бірақ бұлар тым аз еді. Расында, кейбіреулер әлі де кібіртіктей берді. Нағыз батыл деп жүргендердің бірі, сірә Мате Шовань[1] болу керек (оның фамилиясы да бір сорақы болатын) катты дауыстап:

– Әлеумет, мен бұл теріс болмас деп ойлаймын. Үй өзіміз үшін керек қой. Әркім өз үлесін алады, ешкім де ренжімейтін болады.

– Бұған қашан кірісеміз?–деп сұрады бір жас жігіт.

– Түстен кейін-ақ кірісеміз, – дедім мен, мені құптап басын изеп отырған Такачқа қарап.

Ева Вальта асыға басып, асханаға жетіп келгенде жұрт тарай бастаған еді. Ол, сірә мектептегі балалар тарасымен осылай қарай жан ұшырса керек. Оны ондаған адамның сәлемі қарсы алды. Не ойлап тапқанымды білейін дегендей ол күлімсіреп маған қарады.

– Не болды, жолдас? – деп сұрады ол менен.

– Бір іс жайында келістік.

– Қандай іс жайында?

[1] Шовань – (венгерше) – қышқыл деген сөз.

– Бірлесе отырып ескіні киратып, жаңаны жасау жайында,–деп жауап беріп мардымсыз қарадым.

Оның жүзінде қуаныш белгісі ойнады. Әсем күлкісі оны одан сайын көркейтіп, жасартып жібергендей.

Ол жаныма келді де, жұрттың көзінше қолымды алып қатты қысты.

Ширек сағаттай уақыт өтпей-ақ жұрт бригада-бригада болып топталып, бригадирлері оларды жалма-жан тізімге жаза бастады. Кешікпей қиын күндер де туды. Апрельдің бас кезінде сарайдың бір қабырғасы құлап түскенде, үш адам астында қалып, төсек тартып ұзақ уақыт жатып қалды. Содан кейін нөсер жаңбыр басталды. Бұл жауын-шашынды қашып кеткен граф құрылысымызға бөгет жасау үшін құдайдан тап бір тілеп алғандай. Ақысыз жұмыс істегісі келмесе керек, мырзаның бұрынғы тас қалаушыларының, бірі де жоқ боп кетті. Бұл ештеңе етпес еді-ау, мұның үстіне әйелдеріміздің қыркым-бақай жанжалдары басталды. Олар, өзара ұрысқаны былай тұрсын, бізге де бөгет жасады: оларға біресе ананы, біресе мынаны салып беру керек болды. Әуелі біз: «Күте тұрыңдар, сендерге де кезек келеді»,– деп көріп едік, онымыздан да түк шықпады. Сосын өтініп те көрдік – тіпті қоймады. Содан кейін қатаң шаралар қолдануға тура келді. Біз қаншама қатты ұрысқанымызбен, жұмысты тоқтатқамыз жоқ. Мен он саусағымнан өнер тамған, шебер болып істеген бұл жерде қиындыққа төзу қиын еді: экономияның бұрынғы бастығы Иштван Надь кезінде бізге казармада «тәртіп» орнатушы габсбург офицерінен кем қоқаңдаған жоқ. Ол шіркеуге барып тұру керек деп миымызға құйып тұрғанда біз ләм деместен қатып қалуға тиісті едік. Соғыс уақытында бір күні ол: немістер орыстарды ә дегенше-ақ жайратып салады дегенде мен «не жайратар, мүмкін өздері-ақ жайрап қалар» дегенім үшін жақсылап тұрып шапалақ жегенім әлі есімде. Мен үлкен балғаға жармасқанда, ол алтатарға бассалды, сонсоң жандармдарға да кісі жіберді. Соңғы жазаның зардабынан мен тіпті майданға жіберуге де жарамсыз боп қалдым.

Бұл жерде көп адам қайыршылық халде болатын. Тіпті бүкіл поселокті аштық буып тұрған кез еді. Басқарушы мырзамен жанағыдай шекісіп қалғанға дейін мен онша жаман тұрған жоқпын. Тіпті қалалық ұста дүкені иесінің

Ирэн деген қызына да үйленіп алдым. Бірақ бұл шекісудің мәнісін мен біле қойдым. Мырзалар, сірә, менің бір кезде Будапеште жұмыс істегенімді және профсоюздың не екенін түсінетіндігімді ұмытпаса керек. Олардың бұл маған жұмған аузыңды ашпа дегені екен. Бірақ жарлылармен қашанда бірге болдым. Олар мені өз адамына санайтын. Мырзалар, сірә, жалшылар жанжал шығарады деп мені қудалауға қорықса керек.

Бізде жұмыс қызып жатты. Мен жұртқа жұмысты ешкімнің қадағалауынсыз-ақ істейміз дедім. Олар күлісіп мәз болып, жұмыстарын қаркынмен істей берді. Бәрін бірдей әлі өзім де түсіне қойған жоқпын да. Тек, бұл кедейлер бірлесіп істеп, үлкен іс атқарып жатыр деп ойладым. Бірақ өз ойларымды ешкімге айтпадым, біз бұл іс жайында да онша көп түсіне қоймайтын едік. Тіпті, әңгімелесе қоярлық та уақытымыз жоқ-ты. Мен трактор жөндедім. Бір жұма бойына Почайн екеуміз темір кесіп, қайрап, таптаудан бір босамадық. Кешкісін мен «командиріміз» Такач жолдаспен және бригадирлеріммен бірге кірпіш санап, бөрененің ұзындығын өлшеп, шырағданның жарығымен жоба сызықтарды қарап жүрдім. Сөйтіп жүріп түн ортасы ауғанда ғана бұртыйып алған Ирэннің жанына келіп ұйықтайтынмын. Мен түсімде жаңадан жөнделген карбюраторды не баска да бір механизмдерді көріп жүрдім. Енді трактор күні-түні дүрілдейтін болды. Ертеңгісін тракторды карауға келе жатып Почайн екеуміз кездесе кеткенде: «жұртқа астық та, тұрғын үй де болады» – деп жымың қағатынбыз.

Дегенмен әйелім өзімен-өзі ғана болып әбден тұйықталып алды. Мен енді жанына да жуымайтын болдым. Жұмыс деген ұшан-теңіз боп бастан асып жатты: арбаның дөңгелектерін жөндеу, құлып жасап, тақтай сүргілеп, трактор жүргізіп, шаруаларға көмектесуіме тура келді де, еріккен Ирэнге ере бергім келмеді. Ол қалаға көшейік деп қыңқылдап қоймай, тіпті бізбен ұрысса берді. Ойына не келсе, соны істесін деп мен де оған мүлде назар аудармай қойдым.

Ақыр аяғында, ол оны-мұныларын жинастырып, балаларымен кетуге дайындалды. Сотқарларыммен айырылысу маған да оңай тимеді. Бірақ әйелім балаларымды: әкелерің бұл әуресінен әбден ығыр болған кезде қалаға өзі-ақ жетіп келер деп жұбата бастағанда – ренішім су сепкендей басыла

қалды. Мен осы кезде трактор даусын естідім де, бұл жерден кетпейтіндігімді бар жанымменсезіндім. Менің орным осында. Егер бұл жерден мен тайып тұрсам, басқалары қайтпек. Менің өмірім тап осы кездегідей мұншалықты жарқын әрі қарапайым болып көрген емес. Арым да мырсындай таза еді.

Талай қиын кезеңдер болды, бірақ біз өз орындарымызда бекіне түстік. Еңбек етуші әрбір адал адам өз орнын табуға тиіс болды. Біздің посёлкеміз осылай кеп туды.

Бірде кешкісін Ева Бальтамен әңгімелескеннен кейін тіпті сергіп кеттім, мұның алдында мен бұрынғы мырзаның үйінің жанына барғам. Бұрын ол жерге баруға бата алмай, тек шақырғанда ғана баратынбыз. Ева менің жаныма келді де, екеуміз екі қабат үйдің үнірейген терезесіне қарап ұзақ тұрдық. Кенеттен ол мені қолтықтап алды да:

– Не істейтінімізді білесің бе? – деп бастады ол. Сөйтті де өз сұрағына өзі жауап беріп: – Бұл үйден осындағы балалар үшін мектеп ашу керек! Бұрын біздің поселкеден гимназияға кім түсе алып еді? Құданың құдіретімен түсе алып па еді. Мысалы, мына сен неге орта мектепте оқи алмадың. Ал енді бәрі де оқитын болады.

– Ашсақ, ашамыз, – деп жауап бердім мен, ойланып тұрмай-ақ. Бірнеше күннен соң біздің бұл ойымыз үлкен іске айналды.

Бірде қаладағының орталық алаңын мен асыға басып өтіп бара жатып, біреудің:

– Қайырлы күн, Гержон інішек! – деген даусын естідім.

Мен әдеппен жауап қаттым да, амандасқан кісіге қадала қарап қалдым.

– Немене, танымай қалдың ба? – деді ол қымсынған пішінмен күлімсіреп.

– Жоқ, есіме түспей тұр!

– Мен Гулашпып ғой, Шандор Гулаш ше!

Мен қолды бірақ соқтым: – Михаил ағайдың баласысың ба? Сәлеметсің бе, сәлеметсің бе?

Кездескенімізге біз екеуміз де қатты қуандық. Сыр тиегін ағыта отырып сөйлеспеген тұқ қалдырғамыз жоқ. Ол бір әңгімесінде, сүйсіне сабақ бергендей, өзіне лайық мектеп таба алмай жүргенін айтты.

– Мүмкін де емес! – дедім мен.

Ол маған оқытушылардың бәрінің ең құрығанда солардың көпшілігінің салы суға кеткен кісіше жүретіндері жайында көп айтты. Оқу бұрынғыша өтіп жүр. Орта және жоғары оқу орындарында кедей балалары әлі де аз т. б. жайында айтты. Осының бәріне менің неге сонша қуанатындығымды ол түсіне алмай-ақ қойды. Мен осы кезде алдына бәрін де жайып салдым, ештеңесін ұмытқаным жоқ: мектеп салу туралы жоспарымызды, жұрттың бұған ынтықтығын – бәрін де айтып бердім. Ол қуанып кетті.

Екі күн өткен соң Шандор Гулаш біздің поселкеге келді. Қасында көрші селоның ескілік атаулыға мейлінше қарсы бір жас оқытушысы бар.

Біз Такач жолдаспен бірге мырзаның үйін әрбір бөлмелеріне дейін байыптап қарап шықтық. Гулаш байқағандарының бәрін жазып-сызып, жобасын түсіріп жүрді де, қоштасып жатып былай деді:

– Бұл үйден он екі класс және кеңсе мен мұғалімдер бөлмесін жасауға болар еді. Музыкалық зал мен кітапхана үшін де орын табылып тұр. Жалпы айтқанда, бұл үйден тамаша мектеп шыққалы тұр!

– Біздің де ойымыз осы, – деді Такач жолдас.

Июнь айының орта кезінде Шандор Гулаштан хат алдық. Ол хатында біздің мектеп туралы мәселеміздің Оқу министрлігінде үш рет талқыланғанын, бірсыпырасы бізді жақтап, біразының қарсы шыққанын, нәтижеде келісімге келе алмағандарын жазыпты. Біраз адам ақша тыянақталып бекітілгенше қалалық совет біздің кооперативпен бірлесіп, мектеп үйін қайта салып жабдықтауды және оқытушыларды қамтамасыз етуді өз міндеттеріне алса жақсы болар еді, деген пікір айтыпты. Дәл осы кезде ақшаның құны қауырт төмендеп кеткен болатын. Гулаш біреуміздің қалаға келуіміздің қажет екені жөнінде де жазыпты.

Такач жолдас пен Ева Бальта үшеуміз жолға шықтық. Жергілікті партия ячейкасындағылар біздің не істегелі жүргенімізді түсіне қоймаса керек. Секретарь бізге дәл былай деді: «Такач жолдас, мен мектеп салу жөнінде мәселе қозғау – жаман іс дейін деп тұрғаным жоқ, мұны сезетін боларсыз. Сіздің кооперативтей жұмысы қауырт жақсарып бара жатқан кооперативтер бүкіл елде онша көп еместігін мен мойындаймын. Сіздерде трактор да бар, тұрақты бригадалар

да ұйымдастырылған. Сіздер, әрине, пайдалы істен бас тартпайсыздар. Бірақ байқайсыз ба, басқа селолардан алыс жердегі сонау экономиядан мектеп ашу, әсіресе орта мектеп ашу көп қиындық келтіреді. Ең алдымен, сіздер сондай алыс түкпірге баруға келісе қоятын мұғалімдерді таба аласыздар ма? Екіншіден, сіздер орта мектеп ашу үшін ресми рұқсат алғанша, оқушымен толық қамтамасыз ете аласыздар ма? Сонсоң оқытушыларға жалақыны кім төлейді, қалай төлейтін болады және бұл ойларыңызға қаладағылар қалай қарайды? Бір сөзбен айтқанда, мұның бәрін ойласып, әбден ойласып алып барып істеу керек. Ал мен болсам, елдің тұрмысы жақсарғанша, әсіресе кооперативтеріңіз әбден нығайғанша бұл істі қоя тұрар едім.

Біз бұрын бұлай деп ойламаған секретарьға таңырқай қарастық. Ол сірә, біздің ренжіп қалғанымызды байқаса керек, қоштасып жатып, біздің пікірімізге әбден қосылатынын, бірақ бұдан нәтиже шықпаса, жауапкершілікті өз мойнына алмайтынын айтты.

– Онда бұл жауапкершілікті мен өз мойныма аламын, – дедім мен сәл ашулы дауыспен. Ева Бальта да қабағын түйе қалыпты.

Гулаш бізді қалалық басқарма үйінің алдында күтіп тұр екен. Кейпінен үлкен әбігерлік байқалды. Біз үлкен мәжіліс залына қарай көтерілдік, келсек, қаланың бүкіл муниципальдық советі, қалалық мектеп советінің құрметті мүшелері, жергілікті діни қызметкерлер, гимназияның оқытушылары мен профессорлары, қолөнершілер мен ұсақ өнеркәсіп орындарының иелері тегіс жиналып отыр екен. Ирэннің әкесі де сонда екен. Ол маған көз қиығымен аларып бір қарағанда-ақ одан ешқандай рақым жоқ екенін сезгендеймін.

Гулаш муниципальдық комитет мүшелерінің алдында мектеп ашудың жоспарын баяндап өтті. Бұл жоспар, менің өз түсінігімше, тым жақсы сияқты. Дегенмен, бұл жоспарда қаражат жағының ескерілмей қалғанын байқап отырмын.

Председатель аукатты адамдар депутатына сөз берді. Қоразға ұқсаған бұл депутатқа мен өмірі сеніп көрген емен. Қырық төртінші жылы бір клубта оның неміс унтер-офицерімен сыра ішіскені менің әлі есімде. Оның түр-әлпетіне қарағанда: «Бұл жалшы қайыршыларға

тағы не керек? Аткорадан босанбай жатып, гимназия сұрайтындарына не дерсің» – деп тұрғандай.

– Қалада гимназия бар емес пе, – деді депутат, – оны муниципалитет пен шіркеу қамтамасыз етіп отыр. Гимназияның жанында интернат та бар. Қабілеті жеткендердің бәрі сол гимназияда оқуына болады.

Осы кезде мен шыдап отыра алмадым. Біз экономиямызда кезекпен сөйлеп дағдыланбаған едік. Мен депутаттың сөзін бөліп кеттім.

– Бұрынғы жалшылардың балалары қалалық гимназияда қай қаражатымен оқи алатынын, депутат мырза айтпас па екен?

Сабо деген бір депутат мені құптап басын шұлғып қойды. Оны қалада «шұлғыма» деп атайтын. Өйткені ол реті келсін, келмесін мойын омыртқасы ауру адамша тек шұлғи беретін.

Қораз депутат сабағын жақсы оқитын, иждаһатты оқушылар кіріптарлықтан оқу ақысын төлей алмаса, тегінақ оқи берсін. Мектеп интернатында бес тегін орын бар ғой, – дегенді айтып сөзін жалғастыра берді. Мұның бәрі бос мылжың еді. Бізге ескі мектеп емес, жаңа өз мектебіміз керек. Біздің балаларымыз өз ортамызда жүріп білім алуға тиіс.

Туыскандарының жәрдемімен қалаға орналасып алған жергілікті кулактың баласы Балог деген поп бізге: «Балаларды жоғарғы ізгілікке тәрбиелеуге қалайсыңдар және құдай заңдарын оқытуға әрі поселкелеріңізге поп етіп, бізден бір жас попты қарамақтарыңызға алмайсыздар ма, – дегендей тілек білдірді.

– Нағыз әділ айтылған сөз, – деп менің қайынатам оны костай түсті. Ол соғыстан кейін нағыз шіркеу жақтаушысы болып алған-ды. – Оларға бір тақуа барса теріс болмас еді, олай етпеген күнде олар тиісті ізгілік жолды ұстай алмас еді,– деп ол маңыздана сөйлеп, орындығында шалқая түсті.

Бұл сөздер маған инедей қадалды. Мен шыдай алмай, қыза сөйлеп кеттім:

– Біз кез келгенді талғамай асырай беретін бай адамдар емеспіз. Кооператив мүшелері: бізді мұнда өздерімізбен келіспей мойнымызға попты отырғызып келіңдер деп жіберген жок. Попқа тек қана: егер сабақ бергісі келсе немесе балаларымызға құдай жолын құрмет тұтуға үйретуге құлқы

соқса, поселкемізге велосипедімен өзі келіп тұрсын дегім келеді.

Балог поп:

– Олар шетінен құдайсыздар деп айтып едім ғой! – деп қолын жайды.

Сонсоң гимназияның директоры сөйледі. Ол мектеп арасындағы достық, бірлесіп жұмыс істеу жөнінде және өзара жарыска түсу үшін екі гимназия болса, қандай жақсы болар еді дегенді айтты. Бірақ ол мұны зымияндық пішінмен сөйледі. Сондықтан мен оның бір де бір сөзіне сенгем жоқ.

Мұнарадағы сағат түс мезгілін хабарлап, дың етті. Мен терезеге қарадым. Қалалық басқарма үйінің алдындағы алаңға күн нұр сәулесін төгіп тұр екен.

Мен бұл жерде ештеңе бітіре алмайтындығымызды байқап қалдым, менің муниципалитетке бауыр басып алған кертартпашыларды қуып жібергім келіп кетті. Мен тұруға ыңғайлана бастадым. Дереу кеткім келді. Сол сәтте шынтағымнан Ева Бальтаның қолы ұстай алды. Өзімді-өзім тағы да билеп алдым! Такач жолдас сөз алды:

– Мен мұндағы көпірме сөздің бәрін орынсыз деп санаймын. Біздің кооператив бұрынғы мырза үйін мектеп етіп қайта жасауды өз міндетіне алады. Партаны да өзіміз жасаймыз, және үш оқытушыны қамтамасыз етіп ұстай аламыз, мектеп интернатындағы оқушылардың жартысын азық-түлікпен қамтамасыз етеміз. Бірақ біз қалалық өкімет орындарынан қалған үш оқытушыны қамтамасыз етуді, интернат орналасатын екі үйді жөндеуді және барлық оқушыларды нанмен қамтамасыз етуді өз міндеттеріне алуын сұраймыз.

Базардағыдай-ақ, сұмдық айғай-шу үйді басына көтеріп кетті.

– Тағы не керек!..

– Біздің коммунистерді тәрбиелегіміз келмейді...

– Оларға неғылған мектеп!

– Олардың өзі тойса да, көзі тоймайды!

– Ең әуелі мәртебелі адамдарды сыйлап үйренсін!..

– Ұрлықшы болмай, көбірек жұмыс істесін...

Қаным қайнап кетті. «Бұлардың да бізді үйреткілері келе ме? Жаңа поселок салып алған, бүкіл комитет бойынша

егіннен мол өнім алғалы отырған мына бізді үйреткісі келе ме?» Мен Такач жолдасты қолынан ұстап алдым да:

– Жолдастар, бұл арадан кетейік, – дедім.

– Тоқтай тұрыңыз, – деді Ева Бальта салмақпен, отырған күйінде.

Біз өз орындарымызға қайта отырдық. Депутат Сабо сөйледі. Ол: «Тамаша келешек үшін муниципальдық совет арқылы қала барлық шығыннын оннан бірін өз карамағына алсын. Бірақ интернаттағы тегін орындардың жартысы қала кедейлерінің балаларына берілсін» – деді.

Дауыска сала бастады. Біздің ұсынысымыз үшін тек коммунист-депутаттар ғана дауыс берді. Председательмен қоса қалған отыз екі адам Сабоның ұсынысын жақтады.

– Ал кеттік, – дедім мен. Біз төртеуміз әдепкі «қош болындар» дегенді де айтпастан, шығып жүре бердік.

Сырттан майда ескен жібек жел шашымызды желпиді. «Еркелет, аймала, жібек жел! Жанымды тыныштa, әйтпесе мен мына мал қораны түгелімен өртермін!»

– Тыныштал, Гержон, – деді Такач, қолын менің иығыма салып.

– Ал біз қайтсек те мектепті салып аламыз, – деді Ева Бальта. Тек Гулаш үндемеді. Біз арбаға жайласып отырғанша ол бізбен бірге бір асыл нәрсесін жоғалтқандай қарап тұрды.

Жексембі күні таңертең кооператив мүшелерінің жиналысы болды. Жиналыска жұрт түгел катысты.

– Ал қалай, мектеп бола ма? – деді Геллен.

– Жоқ, мектеп болмайды, – деп Такач сөзін бастай беріп еді, Геллен оны кенеттен бөліп жіберді. Бәрі оған таңыркап карай калысты.

– Сонысы жақсы, – деді ол,– өйткені біз енді жаңа мырзаларды асырамайтын боламыз.

– Сөз емес сөзді айтпа,–дедім мен.

– Тап сен жұмған аузыңды ашпағаның жөн. Біз мұнда өз балаларымыздан мырза өсіргіміз келмейді. Бастауыш мектепте окытқанымыз да жетер. Жұмыс істеу керек. Ғылымды койған жөн. Бәрібір бұдан пайда жок.

Такач жолдас дереу ұшып тұрды. Маңдайынан шып-шып тер шығыпты. Мен оның тегін ашуланбағанын сезе койдым.

– Қазір окудың пайдасы туралы айтып жатудың қажеті аз.

Мұны әркім түсінеді. Біз борсықтарды емес, өзімізге қажетті адамдарды тәрбиелеп шығарғымыз келеді.

– Олар біздің тапқан-таянғандарымызды ұрлап құртуы үшін бе? – деп айғайлады біреу топ ішінен.

– Бұл не деген сөз? – деді Такач жолдас, маған бұрылып.

– Ұйымдасқан қаскүнемдік тәрізді бірдеңе ғой, – дедім де, мен бөлменің ортасына шықтым.

– Шық, бері кел! – деп айқайлады жаңағы дауыс.

– Ал, мен міне, алдарыңдамын. Менен не сұрамақ едіңдер?

– Трактор үшін бәрімізден жиналған бидай қайда кетті, бізге осыны айтшы. Ол көпшілік мүддесіне жұмсала ма, жоқ па?

– Астықтың бір бөлегі далада, біразы камбада. Есебі өздеріңіз сайлап қойған бақылаушының қолында.

– Әнің жақсы екен, сірә, мұғалима қыз құлағына құйып қойса керек! – деп айқайлай түсті жаңағы кісі. Мен оның құрылыс жұмысынан қашып кеткен, графтың тас қалаушысы екенін тани қойдым. Құрылыс жұмысы біткен соң, ол поселкеге қайтып оралған екен.

– Мұғалимаға тиіспей-ақ қойсақ дейім. Ал сенің тіпті де дауыс көтеретін орның жоқ!– дедім мен.

– Неге олай? Мен де кооперативтің сен сияқты бір мүшесімін. Ал мұғалима жайын неге сөз етпеске?

Ева Бальта Такач жолдасқа қарап, алдыңғы қатарда отырған.

Сол жаққа мен де қарадым. Такачтың көзқарасынан мен не де болса аяқтап шық дегендей әсер алдым.

– Жақсы, – деп, мен алға тағы бір аттадым. – Мұғалима жайында сөйлесіп көрелік. Сөйтіп, сен Ференц Бауковач Бальта жолдасқа қарсымысың, қәне, айтшы?

– Оған сендердің бастарыңды айналдырып қойғаны үшін қарсымын... Ол біздің экономиямызда қалып қойған бірден-бір бай әйел... сендер бәрің бірдей соның шашбауын көтеріп жүрсіңдер. Ол сендерді тізгіндеп алған. Сендер соның ыркынан шыға алмай жүрсіңдер.

– Біріншіден, Бальта жолдас атымен бай болған адам емес. Сен неміс фашистеріне монтаңдап жүрген кезде, ол астыртын жұмыста болған. Екіншіден, ол сен ойлағандай, бізді тізгіндеп алған жоқ. Барлық мәселені біз сендермен

талқылап бірге шешеміз. Бізді бастық етіп сайлаған сен өзің едің ғой...

– Сендерді сайлауын біз сайладық қой. Бірақ әмір жүргізуші Бальта, әсіресе саған қожа...

Сықылықтаған қатты күлкі естілді. Ева Бальта ызаға булығып отыр. Такач болып жатқанның бәрін үнсіз бағып отыр. Менің бұл ынғайсыздықтан абыроймен шығатындығыма ол кәміл сенген еді.

– ...Міне, сіздің әніңіз де тамам болды, ал енді, сірә, сен оны жалықтырған болуың керек. Ал ол болса, мұнда мырзаларды қаптатқысы келеді. Ұқтың ба? Ол сол үшін мектеп ашпақ болды. Бірақ ол бола қоймас.

Мен өзіме-өзім берік болуға тырыстым.

– Бауковач, сөзіме құлақ ас!–деп бастадым мен. Осы кезде Ева Бальта орнынан тұрды да, бетін жиналыска бұрды. Оның көздері ызғарлы, ашулы екен:

– Бауковач мырза, енді мен атайын. Мен өзімнің тәжірибелі әрі ақылды жолдастарымды тізгіндеп алған жоқпын; олар әркашанда қажетті іс атқарды. Мен оларды тізгіндеп алуға тырыскан да емеспін.

Ал менің жеке басымда ешбір жұмыстарың болмасын.

Бауковач, сірә, біреуден алған тапсырмасын орындалды деп санаса керек, үнін өшіре қойды.

Бірақ осы кезде Гелленнің жыны тағы ұстады. Оның сөйлеуі-ақ мұң екен, біреу қайрап салған даурықпашылардың айғай-шуы басып кетті.

– Трактор үшін берілген астық ше! Сол астық қайда? Жинаған сен едің ғой, – деген ашы айқайлар тағы да шықты. – Дереу есептеп көру керек, әйтпесе сақтана беріңдер... Қабырғаларыңды санап жүрмейік!..

Бұған дейін тырп етпестен отырған Такач жолдас селк етті де, қолын бір-ақ сермеді.

Жұртты тым-тырыс қылу үшін осының өзі-ақ жеткілікті болды.

– Бұл жолдаска сенбейді екенсіңдер ғой, жарайды. Сендерше-ақ болсын. Жүріңдер, тексерелік. Дереу барып оның үйін де, пәтерін де түгел тінтіңдер. Егер заңға қайшы бірдеңе тапсаңдар, бәріміздің алдымызда өзі жауап берсін.

Манадан көп айқайлап отырғандар:

– Кеттік, кеттік, – деп есікке қарай тұра ұмтылды. Бөл-

ме қанырап бос қалды. Мен терезенің алдына келіп, сыртқа көз салдым. Аула іші күн жауардың алдындағыдай капырық еді. Парктегі шырша ағаштары постысын тастап кете алмай, түбінде бір ауысармын деп тапжылмай тұрған сақшыға ұқсайды. «Мен де осы шырша ағаштарша қатып қалсамшы, – деп ойладым мен. – Еңбекте сенімсіз атану осы ғой». Төңіректе жаңа үйлер көп-ақ. Солардың бәрі осы жерден де көрініп тұр. Әрбір үйге менің де еңбегім сіңген. Осы жанжалдың бәрі ат төбеліндей жаулардың қастандығы деп өзімді босқа жұбатыппын. Бұдан ешқандай жеңілдік болмады. «Егер біреу-міреу маған шүбәлана қараса, мен өзіме, өзімнің адалдығыма сене аламын ба? Жоқ, сене алмаймын. Мүмкін, Ирэнмен бірге қалаға кетіп қалғанымда жақсы болар еді. Онда мастерскойым да болар еді».

Менің жаныма Ева Бальта келді.

– Жолдас, торығудың, уайымға берілудің қажеті жоқ. Бұдан да зоры болады. Астыртын жұмыстың қасында, бұдан қорқатын түк те жоқ.

– Мүмкін солай-ақ шығар, – дедім мен, – бірақ дегенмен...

– «Дегенмен» дейтін түк те жоқ. Сіз осында қаласыз, бәрі де реттеледі: түкке тұрмайтын нәрсеге бола мұндай үлкен істі тастап кетуге болмайды.

Біз айыпты адамдардың үкім күткеніндей үн-түнсіз күтіп отыра бердік.

Аздан соң «тексерушілер» қайтып келді. Бірақ айғай-шу саябырлап қалыпты. Такач пен Геллен стол қасына келді.

– Ал, Геллен, не істеуді лайық көресің, кәне, қалдырмай айтшы, – деді Такач.

Геллен маған қолын созып, ұялғаннан: – Бәрі де ойдағыдай, орынша екен, енді менің оған ешбір, ешбір өкпем жоқ. Қайын атасының сөзіне бекер сеніппін. Осыныма өкінем. Қайтып өсек-аяңға әсте құлақ аспайтын болам, менің енді сендермен бірге істегім келеді, – деп мінгірлей жөнелді.

Істес адамдарға біз де өз мәслихатымызды аспай-саспай және тыңғылықты түрде өткізе бердік. Еш қиындыққа қарамастан, мектепті қайтсек те болдырамыз. Біздің бар түйініміз осы болды. Мектепті өз білгенімізше өзіміз-ақ жасаймыз. Біз үйді-үйлерімізге тараған кезде, біреу Бауковач кішкене сандықшасын велосипедіне таңып алып, қалаға сызып беріпті деп хабарлады.

Біз мырза үйіне көз жүгірттік. Жұрт біртіндеп тарай бастады. Үй алдындағы алаң да бос қалды.

– Сөйтіп өміріміздің қандай екенін енді байқадың ба, біздің өміріміз қатал, бірақ тамаша?–деді Такач жолдас маған жылы жүзбен қарап тұрып.

Бұл шындық еді. Мен осы шындықта өмір сүремін. Жасыратын түгім жоқ, отыз бес жылым зымырап өте шықты! Менің қара басым мен екі қолымнан басқа нем бар? Мұнда өзім сияқты қарапайым адамдар өмір сүреді. Мен қазіргі істеп жүргенімнен басқаша істей аламын ба? Екіталай-ау. Өйткен күнде, мен адам боп саналмас едім.

Иштван Надь

ЖЕР ЖАҢҒАҒЫ

Юли табалдырықта тұрып:

– Мишко! Мишко-о! – деп ұлын шақыра бастады.

Ол бір қолымен көзін күннен көлегейлеп, екінші қолымен тап-тұйнақтай етіліп оралған түйіншекті ұстап тұрды.

– Әй, Мишко! Ұлым, бермен кел!

Баланың әлдекайдан:

– Немене, апа? – деген даусы естілді.

– Әкең мен атаңа таңертеңгі асын апарып бере ғой, бол.

Мишко шошқа қорадан жетіп келді.

Ол әдеттегіше қып-қызыл көйлек киіпті, жалаңаяқ. Қолдары шынтағына дейін қап-қара кір, аяғына қара құрым етік киіп алған ба дерсің.

– Сен ол жақта не істедің? – деп зекіді шешесі.

– Саздан самса жасадым,–деп бала жайлап қана жауап берді.

– Оныңды дереу таста! Суық тисін деп жүрсің бе, байғұс бала,–деді де Юлиш сенектен бір құмыра су алып шығып, өзінің сатал-сатал «самсашы» баласын шомылдыра бастады,

– Апа, – деп былдырлады балакан шешесінің жып-жып еткен шапшаң қолынан басы қалт-құлт етіп.

– Ал, тағы не?

– Мен әкеме жер жаңғағын ала барайын деп едім.

– Жаным-ау, қазір жер жаңғағы жоқ, ол тек күздігүні ғана піседі ғой.

– Қазір де бар, былтырдан калғандары. Корерсің, тауып әкелмесем бе...

Юлиш баласын шомылдырып болды да, колтығына жаңағы түйіншекті қыстыра салды.

– Ал бар енді. Әкең мен атаңа айта бар, атты каратер қып қинай бермесін. Жер жыртылмай калмас. Ешкім қуып келе жаткан жок шығар!

Ол соңғы сөздерді баласынан гөрі өзіне арнап айткандай еді. Мишко осы кезде аула ішіндегі көгалды жалаңаяктарымен сып-сып басып кетіп калған-ды. Бір уакытта жакын маңайдан мотор гүрілі естілді. Мишко калт тұра калды да, шешесіне жалт бұрылып:

– Естіп тұрсың ба, апа? – деп айқай салды.

– Естіп тұрмын, ботам, естідім. Тек асыңды тезірек апар.

– Трактор жер жыртып жүр!

– Мейлі, жырта берсін. Біздің жерімізді жыртып жүрген жок кой! Тезірек киылда, Мишко, әйтпесе, әкең осынша уакыт кайда жүрдің деп сыбағаңды беріп жүрер.

Бала жүгіре жөнелді де, көп ұзамай-ак, күн нұрымен ажарланған далада көзден таса болды. Юлиш баласының кеткен жағына карап тұрғанымен, бар ойы трактордa еді. Ол шыжғырған ыстық күннен перденің астына кіріп бой тасалады да, гүрілдеп, даланы шарлап, жерді терең жыртып жүрген болат тракторға карап ұзак тұрды. Трактордың соңынан деревня кооперативінің сокасы тіркеліпті.

«Қалай тез жыртады, – деп ойлады ол. – Кеше ғана бастап еді, ал бүгін кешке дейін, сірә, бүкіл танапты жыртып болар... Ие, осындай машина ойлап тапқан адам да акымак болмаса керек».

Әкесі мен атасы жұмыс істеп жүрген егістік жерге бала тез жетті. Ол жабайы алмұрт ағашының түбіне кеп түйіншегін жерге коя салды да, колдан токылған күртесін шешіп тастап, колын додалап аузына тосты да:

– Папа!.. Асыңды іш! – деп айқай салды.

Әкесі егістіктің арғы шетінде жүр еді. Ол баласының сөздерін естімегендей болды.

– Папа-а-а!

– Қазір, тоқтай тұр...

Мишко куанғаннан секіріп түсті де, жер жаңғағын іздеп, жана жыртылған жермен жүгіре жөнелді.

Сока сықырлап жер тіліп, баяу жылжып келеді. Мишконың әкесі Михай Кочиш төмен қарап, аяғын ауыр басып, соқаның соңында келеді. Жұмыстан әбден қалжыраған кәрі ат бар күшін салып, соқаны тырмыса сүйреді.

Мишконың атасы Иштван Секереш карт атты жүгенінен ұстап жетектеп келеді. Ол күнге күйген кәрі тарамыс қолымен сұлықтан мықтап ұстап алыпты. Ол окта-текте ақырын ғана:

– Айт-чу өй... арамқаткыр, сені ме... – деп күңкілдеп қояды.

Жер тым кеуіп кеткен. Қыстың басында жұқа ғана қар жауды да, қайтып қар да, жаңбыр да тамған жоқ. Михай соқаны жығып, тұра қалды да:

– Әке, доғаралық. – деді.

Карт атты доғарып, тұсай бастады.

– Әй, сайтан, тоқтай тұрсаңшы... Михай оған жәрдемдесіп жіберді. Байғұс жануар босанғанын сезіп, бірнеше қадамдай жүрексіне басып келіп, тұра қалды. Ат қалш-қалш етіп, біртүрлі дірілдей бастады. Аузынан, құлағынан қызыл көбік акты. Карт қорыққаннан ыршып түсті де, боқтап жіберді.

Михай ауыр күрсініп, басын шайқады.

– Біздің тулағымыз өлейін деп жүр ғой деймін, әке!

– Шамасы солай-ау дейім.

– Өлетініне дау жоқ...

Қарт ауыр ойға шомып тұрып, жинаулы ат-тұрмандарды етігімен қозғап қойды.

– Ал, асымызды ішелік. Мүмкін ештеңе етпес...

Қарт тарбиған кәрі алмұрт ағашының түбіне кеп отырған кезде Михай нан тіліп отыр еді. Олар нан жеп, үндемей ұзақ отырды.

– Балакан қайда кеткен? – деді Иштван карт бір кезде немересін айнала қарап.

– Осы маңда бір жерде жүрген шығар... Балакан із қуған жүйрік тазыдай, егістіктің бойымен еңкейіп алып, зыр жүгіріп жүрген.

– Сен онда не іздеп жүрсің, Мишко? – деп атасы оған айғай салды.

– Жер жаңғағын, – деген дауыс естілді алыстан.

– Қалай, таптың ба?

– Ештеңе көрінбейді. Соқаның жүзі жетпепті... Жаңғақтар тереңіректе... Ал жыртылған жер тайыз.

Қарт аң-таң болды:

– Тайыз екенін қайдан білдің?

– Көріп тұрмын, ата!

– Онда іздей бер, іздей бер, мүмкін табарсың!

Осы кезде Мишко жүгірген бойда аттың жанына жетіп келді.

Сорлы тулақ өзі жырткан жерде ауық-ауық ауыр кісінеп қойып жатты. Мишко аттың жанына жүресінен отыра кетті де, әдеттегісінше сыйпамақ болып еді, бірақ ол қолын дереу тартып алды: сонсоң ол атып тұрды да, үлкендерге қарай тұра жүгірді. Әкесі мен атасының ат ойларына да кіріп шықпай, қаннен-қаперсіз жайымен астарын ішіп отырған. Олар атты мүлде ұмытып кеткендей.

Балақан сөтіге басып, жандарына жетіп келді.

– Ата... папа... Тезірек жетіңіздер... Ат өлейін деп жатыр...

Олар тіпті Мишкоға қараған да жоқ.

– Естимісіздер? Ат өлейін деп жатыр! Тез барып қараңыздаршы! Ат әне жатыр!

Қарт немересін ала көзімен бір қарап қойып:

– Жатса – дем алып жатқаны да, – деді.

Бірақ Мишко дегбірсіздене берді.

– Аттың танауынан қан кетіп жатыр.

– Міне, мен саған сыбағаңды жақсылап тұрып берермін, деп әкесі бұрк ете түсті.

Балақан қаймығып қалды. Әкесінің көзі қатты ашу қысқан кездеріндегідей өңменіңнен өтіп барады. Мұндай кезде одан аулақ кеткеннің өзі жақсы. Мишко шетке тайқып шықты да, тайыз бір қанауға барып отыра кетті.

– Папа, мен кешкісін ана жаққа барайын деп едім...

– Қай жаққа?–деп Михай темекісін орап болды да, қағаздың шетін тілінің ұшымен жалап өтті.

– Кооперативке.

Қарт Секереш от тұтатып, саз түтікшесін тарта бастады.

Ол үндемеді.

– Ат қой өледі, сөзсіз өледі, – деді Михай, сөз қозғап.

– Солай болатын түрі бар.

Михай дегбірсізденіп, калпағын желкесіне сырғытып қойды.

– Ал енді атсыз жерді қалай жыртасыз?

Қарт шырт түкіріп қойып:

– Мүмкін емес... – деді.

Күйеу баласы қадала түсті.

– Мүмкін емес дейсіз бе?

– Ым...

– Онда қайтіп күн көресіз?

Қарт түтікшесін екінші ұртына апарып қойды.

– Әзірше кім білсін, бірақ... кооперативке бармаймын.

– Неге бұлай?

– Өйткені әзір көзім тірі тұрғанда өз жеріме өзім ғана кожамын.

Михай санын бір-ақ сокты.

– Ал біз қайтеміз?

Қарт қабағын қарс жауып, түнере қалды.

– Бізің кім?

– Юлиш, мен, балалар ше?

Секереш теріс қарады.

– Қайтып оралғаныңда неге жер алмадың? Неге арыз бермедің?

– Сіз: «Менің жерім де жетпей ме» – деп тұрғанда арыз беріп нем бар?

– Ол жер әлі де бар, әне! – деп, Секереш қолын жайды.

– Бары бар ғой, құрып кеткірің... Егер сіз болмасаныз, мен бір жөнін істер едім ғой. Сіз менің аяк-колымды байлап отырсыз, дәрменсізбін. Бұл жерде көнін сүйреткен бір тулақ түгіл, екі бірдей атпен де тұк бітіре алмайсың. Енді одан да күдер үзгелі отырсың.

Қарт жалтара жауап берді:

– Жалшы жалдаймыз...

– Жетпегені осы еді! Оған не төлемексіз?

– Ақша.

– Нені көздеп отырғаныңызды түсінемін? Торайларымызды сатпақ екенсіз ғой? Солай, солай...

Қарт түтікшесін сорып қойды.

– Ал, торайларды сатсақ ше?

Михай ызаға булыға түсті.

– Солай, солай. Торайларға тайынша сатып алмақшы болғанымыз қайда?

– Енді сатып алмаймыз.

Михай ұшып түрегелді.

– Неге сатып алмаймыз?

– Тайыншаны қайтеміз? Күзде сиыр сатып аламыз...

– Қалағаныңды сатып ала бер, бірақ мен өз торайымды бермеймін! Менен алғаның жетер. Сіз тек ескі ырғағыңызға баса бергіңіз келеді. Ал не тілесем, соны істеймін деген уақыттың өтіп кеткенін неге байқамайсыз! Еккіңіз келмесе қойыңыз. Еккісі келетін біреу табылар.

Қарт күйеу баласына кірпігінің астымен сүзіле қарады.

– Бұл сен бе?

– Я, мен болсам ше! Сіздейлерден жерді тартып алса да обал жоқ. Шаруашылығыңызды түзеп алудың орнына сау басыңызды саудаға салғалы отырсыз. Маған десе құрып кет. Торайларымды көзіңе де көрсетпеймін! Мен тайынша сатып аламын, бірақ сізде жұмысым жоқ.

Қарт Секереш жақтырмай басын шайқады.

– Байқап отырмын, орыстарға тұтқынға түсіп, көп нәрсеге үйренген екенсің. Ей, Михай, Михай!

– Көп нәрсеге үйреніп келдім, ол рас. Мен ол жақтан көрген шаруашылық сенің түсіңе де енген жоқ.

– Солай, тап солай... Мен тап сондай шаруашылықты бізде де жасауға болатынын білемін. Тек бірлесе қимылдап, шындап кірісу керек.

– Я, тақыр кедейлермен, жарлы-жалшылармен бе?

Михайдың беті қып-қызыл боп кетті.

– Мені айтып отырсың ғой? Түсінемін. Несі бар, мен де жалшы болып көрдім. Сен сияқтылардың өгізі болғамын. Маған енді сол да жетер, болды!

Қарт орнынан әрең деп тұрды да, көнеріп, сарғыш тартқан қалпағын кие салып, атқа қарай жүрді.

Михай ол кеткен жаққа қобалжып қарап, тағы да темекі орап тартып, түтінін обыға жұтып тұрып қалды. Михай ойға шомды. Қатты желден трактор гүрілі естіледі. Бала жақындап келді де, әкесіне жүрексіне қарап тұрып қалды.

– Естіп тұрсың ба, папа? – деді ол каймыққан пішінде. Әкесі зекіп тастады:

– Не болып қалды тағы?

– Трактор жер жыртып жүр.

Бұлар тыңдай қалысты.

– Естіп тұрмын...

Бала енді батылдана түсті:

– Олар біздің жерімізді жыртпай ма?

– Кімдер?

– Тракторы бар адамдар ше?

Михай алыстан естілген мотор гүрілін тыңдап тұра берді. Сосын баласына көзі түсіп, ынтыға жауап күтіп тұрғанын көрді. Ол баласының мұрнынан еркелете шертіп қойды да, көнілдене жауап берді:

– Сабыр ет, ұлым! Асықпа, трактор біздің жерімізді де жыртар, әлі.

Қарт тыйтықтап қалған тұлағын үйге жетелеп келе жатты. Олар шаңдақ жолмен ілбіп келе жатып кей-кейде тоқтап та қояды. Аткораға жетпей-ақ ат қылжия кетіп жан тапсырды.

Қарт Секереш боқтап-балағаттап, күрек әкелуге сарайға кетіп қалды. Терісін сыпыруға болмайтындығына оның ызасы келді. Әуелден ауру ат болғандықтан, терісі жұқпалы ауру тарататын болды. Ит жегір өлексе! Бейнетке белшеден батырғаны мынау.

Михай шошқа қораның жанында күйбеңдеп жүрді.

Секереш өлексенің ұзындығын, көлденеңін дәл өлшеп алды да, ырс-ырс етіп, жерді каза бастады. Шұңқыр әбден тереңдеген кезде карт:

– Бермен кел, жәрдем бер маған, – деп Михайды шақырды.

Олар атты екеулеп сүйреп шұңқырға салды. Михай маңдайындағы терін сүртіп, түкіріп тастап:

– Мейлі, енді тыныға берсін,–деді де, үйге қарай бет алды.

Қарт атының моласын топыракпен жауып болып, тұнғиық бір ойға шомды.

Кешікпей екі иінінен дем алып Мишко келді. Жүзі жайнап тұр. Ол атасының жанына таяп келді де, уыс толы ұсақ жидекті ұсына берді.

– Қолыңды әкеші, ата?

Қарт жұмысын қоя қойды.

– О, неге?

– Мен сізге бірдеңе берейін деп едім.

– Қолыңдағың не?

– Жер жаңғағы.

Қарт күрегін жерге кірш еткізіп қадай салды да, қолының терін шалбарына сүртіп қойып, алақанын тосты.

– Жаңғақ деп осыны айт... Қалай көп жинағанмын, карашы.

– Қарай гөр мұны! Бұл кайда бар?

– Шандор ағайдың жерінде... Олар казір ол жерді жыртып жатыр. Ол маған:

– Атаң ақылдырақ болса, сен басқа біреудің жерін кезіп жүрмес едің. Егер трактормен жыртсандар, сендердің жерлеріңнен де көп жаңғақ табылар еді, – деді...

– Тап солай деді ме?

– Я, тап осылай деді.

Қарт басын шайқады.

– Ол, сірә, әзілдеп айтқан болар.

– Несіне әзілдесін! Ол кәдімгідей шын айтты.

Мишко қуанғаннан төбешікке қарғып шықты да, майда топырақты таптай бастады.

Қарт Иштван жиенінен алған жаңғақтарды қолына қысып отырып, әлдебір ойға шомды.

Бала кенеттен:

– Ата! – деді жұлып алғандай.

– Немене?

– Сен неге трактор сатып алмайсың?

– Мен бе?

– Я, тап сен!

– Акша жоқ, сатып алмай жүргенім сондықтан.

Жиені сәл ойлана қалды да, шындап тағы сұрады:

– Ал Шандор ағайдың акшасы болған ғой!?

– Оның да акшасы болған жоқ та.

– Ол онда қалай сатып алды?

Иштван карт зекіп сөйледі:

– Тракторды ол сатып алған жоқ.

– Енді кім сатып алды?

Атасы ауыр бір күрсініп қойды.

– Мемлекет.

Мишконың көзі баттыйып кетті.

– Сонда – мемлекет деген кім?

Қарт желкесін қасыды. Мұны түсіндіру қиын-ақ болды.

– Ешкім де емес... Жұрттың бәрі.

– Бәрі?.. Яғни, біз де мемлекетпіз ғой?

– Я, біз де...

Бала ойланып қалды. Содан соң орнынан қарғып тұрды да:

– Олай болса, анау трактор біздің жерді неге жыртпайды? – деді.

Иштван Секереш ұялып қалды. Содан кейін катты ашу-

ланған боп, жиеніне дүрсе қоя берді.

– Жөніңді тап, жүгермек! Мұны түсінуге сен әлі жеткен жоқсың.

Мишко мұңайып жерге отыра кетті де, бір шұңқырды сыйпалап тауып алып, жаңғағының бәрін сонда салып қойды.

Секереш карт жиенінің әр қимылын бағып отыр, бірақ жаңағы сөздер есінен кетер емес.

Шандор Сабо Секерештің армияда бірге болған ескі досы болатын. «Ондаған хольд жері бар, бай кожа болатын. Бірақ сонда да кооперативке енді. Солай...»

Шал сірә бір тоқтамға келсе керек, кенеттен орнынан ұшып тұрды да, күрегін иығына салып, үйге қарай тез аяңдай жөнелді.

Ол сенекте аяғын сүртіп жатқаннан-ақ:

– Әй, Михай, қайдасың? – деп айқай салды.

Михай орындыққа отырып алып, бір киер тәуір етігін киіп жатыр еді.

– Не боп қалды?

– Қазір уақыт қанша?

Секереш бөлмеге кірді.

– Киініп жатырсың ба?

– Көріп тұрсыз ғой...

– Сөйтіп, ана жаққа ғой?

– Я, сонда.

Карт жалма-жан күртесін шеше бастады.

– Мені күте тұр, қазір мен де киінемін.

Михай қайын атасына таңырқай қарады.

– Сіз қайда барайын деп едіңіз?

Қарт қалтасындағы жаңғақтарды алып, стол үстіне қойды. Бір жаңғақ домалап барып, жерге түсіп кетті. Шал бұртыйып, күркілдеген күйі, еңкейіп барып жаңағы жаңғақты алды да, столға қайта қойды.

Күйеу баласына қарамаған күйі, бөгеліп қалса да:

– Сірә, менің де баруым керек қой деймін, – деп жауап қатты.

Михайдың жүзінде күлкі ойнады.

– Олай болса болыңыз, кеш қалып жүрерміз, ымырт жабылып барады ғой.

Секереш карт аяғына жаңа шұлғауын жалма-жан орап жатып, күйеу баласына көзін қулана қысып қойды.

– Бұл теріс емес! Қазір онда электр жарығы да бар ғой!

Екеуі де көнілдене күліп жіберді. Юлиш табалдырықта тұрып, олар кеткен жаққа карап ұзақ тұрды.

Дьердь Дери

ЖАҢА ҚЫЗМЕТ

I

Станок мені байқашы дегендей кенеттен шақыр-шұқыр ете қалды. Естілген дыбыс тістің арасына түскен құмның шықыры сияқты. Шандор электр тұтқаны дереу басып қалып, оң қолымен зырылдап айналып тұрған маховикті де тежей қойды. Маховиктің зырылы бәсеңдеп барып, станок токтай қалды.

Авариянын неліктен болғанын түсіну үшін аса тәжірибелі болу қажет емес. Ал Шандор болса, өз ісінің маманы. Он бірінші цилиндрде ең аз дегенде екі тоқыма ине сынған болу керек. Соның салдарынан жіптің быт-шыты шықты. Инелердің сынып қалғанына Шандор катты ренжіді. Он бірінші цилиндрдегі екі иненің сынған өшін тозған станоктан алайын дегендей ол «Кеттенштуль» бейшараны теуіп жіберді де, күбірлеп сыбай бастады.

«Кеттенштуль» станоктарында мұндай авариялар жиі ұшырайтын, әсіресе фабрика жасанды жіп иіруге көшкеннен бері бұл тіпті көбейіп кетті. Қанша ашуланғанмен жұмысшылардың бұл аварияларға еті үйреніп алған. Үзілген жіпті жалғаймын деп жүргенде көп уақыт боска кетіп, жұмыстың қаркыны кеміп, көп алаңдай бергендіктен, жұмысшылар ызаланбай да тұра алмайтын.

Бірақ Шандордың дәл қазір өзін-өзі билей алмай қалуының ерекше бір себебі болды.

Оның себебі осы инесі құрғырдың сына беруін токтатам деп басын қатырғалы көп күн болған, бірақ еш нәтиже шығара алмады! Әбден ығыр болған Шандор осыдан үш ай бұрын бұл авариялардан құтылудың мезгілі жетті деген токтамға келген еді. Ол он бес жылдан астам уақыт «Кеттенштульдің» екі бірдей станогінде істеп жүрсе де оларды әлі игере алмағаны ма? Не деген оңбағандық! Бірақ Уйпештегі

токыма фабрикасының карапайым жұмысшысы Шандор Мейсарош станоктей күрделі механизмді оңдағанымен, тіпті конструкциясын жаксартпак болғанымен колынан не келмек? Шандор Мейсарош станокты қашанда ұқыптылықпен күтіп ұстайтын, оның бұрын, станоктың бірдеңесін түзеуге не жаксартуға тіріде дәті бармас еді. Бұл цех шеберінің жұмысы ғой. Бірақ өткен жұмада заводтың Фери Морта деген он жеті жасар ең жас жұмысшысы «Рундштрих» станогінде иненің сынуын жырма бес процент кемітетін жаңалық енгізіпті. Ол тарақ тәрізді тарам-тарам бірдене жасапты. Жіп сол тістердің арасынан өткенде түйіншектері таркатылып, жіптің үзіле беруі жойылған. Аузынан ана сүті кетпеген бұл жап-жас бала кенеттен бүкіл заводтағылардың көнілін өзіне аударып алды. Және оның ақшадай сыйлық алуы да сөзсіз. Құрып калғыр! Бұл окига Шандордың әбден қытығына тиді. Ол станокты енді шебер адам ғана баскаратын, жұмбақ бірдене деуден калды. Станокты асау атша тізгіндеу керек және солай етуге тиіспін деп ойлады ол.

Бұл ойға бекінген Шандордың көп кідіргісі келмеді. Қағаз бетінде епетейсіз сызылған жоба жатты. Шандор бұл сызықты мастерге көрсетпек болды. Іске оның ешкіммен акылдаспай, өз бетімен кіріскісі келмеді.

Бірде олар жұмыстан кейін бір бөтелке күріш шарабын ішуге «Жеті гусар» ресторанына келді. Шандор оған өзінің жобасын көрсетті.

Мастер сызыкка олай бір, бұлай бір шұкшия карап, біраз отырды да «е-е» – деп басын шайкады. Оның жөнді ештенеге түсінбей отырғаны белгілі еді.

– Мына біреу немене? – деді ол акырында, кара бір дөңгелек сызықты көрсетіп.

– Бұл ма? Бұл тормоз ғой... – деді Шандор шыдап отыра алмай, орындықты сызып.

– Тормоз ба? – деп кекесін езу тартты ол. – Қандай тормоз, ол не үшін керек?

– Ол мына шпульканың тормозы... Міне, мынау, – деп шандор, дөңгелек кара сызықтың астындағы кішкентай жарты шеңберді көрсетті.

– Ehe... Тормоз деніз. Солай, солай... Мастер үндемей калды. – Жок, досым, мен ештеңесіне түсінсем бұйырмасын. Мына шым-шытырықты тек өзің ғана түсінетін сияқтысың.

– Жоқ, сен мынаған қарашы, Барцал жолдас.

Шандор жақындай түсіп, өзі жасаған тетікті бастан-аяқ түсіндіре бастады.

Ол машинаға қосымша шпулька мен тормоз орнатуды ұсынды. Бұл жіп түйіншектеліп қалған кезде, станокты өз-өзінен тоқтата қояды. Сонда инелердің сынуы, жіптің жиі үзіле беруі де болмайды деп түсіндірді.

– Енді түсіндің бе? Түсінсең сол. Тіпті оп-оңай нәрсе. Барцел жолдас, маған тек мынаны ғана айтыңызшы, осындай құрал жасап шығаруға бола ма? Егер болса сен көмек береді деп сене алам ба?

Осындай ұзақ әңгімеден соң мастер жобаны бұрынғысынан да шұқшиып, қадалып қарай бастады.

– Сенің ұсынысың тегін емес-ау дейім, – деді ол, бірнеше минуттен соң. – Іске кіріс, жақсылап жоспар жаса, бәрін түгел ойласып болған кезде мен саған көмектесейін.

Шандордың қуанғаннан көзі жайнап кетті. Ол менің жобама мастер қарсылық білдіре қоймас деп ойлаған жоқ-ты.

– Сен бірдеңе шығады деп сенесің бе?

Мастер Барцал Шандорды иығынан қағып тұрып:

– Егер мен бірдеңе шығады десем, кәміл сене бер, шалым!–деді ол күліп.– Менің сөзімді ұмытпа, Мейсарош, әлі екпінді боласың! Ал іске сәт, дереу кіріс!

Бұлар қол алысып қоштасты да, мастер кетіп қалды. Шандор тағы бір бөтелке шарап алдырды. Жүрегі алып-ұшып, маңдайынан шыпшып тер шықты. Ол өзін кеудесіне екпіндінің күміс значогін тағып алғандай сезеді. «Ал, тұра тұр, кәрі мұндар «Кеттенштуль». Саған басқа ешкім де емес, мына мен, Шандор Мейсарош не екенін әлі-ақ танытармын».

Кешке үйде отырғанда әйелі:

– Шандор, сен оқуыңды неге тастап кеттің, мына менімен бірге кешкі мектептің кітаптарын неге оқи бермейсің? – деп мазалай берді.

Шандор оған сабырмен түсіндіре бастады:

– Мен қазір маңызды бір іспен шұғылданып жүрмін, сенсейші бұған, Илонка. Мен сол ісімді бітірейін, сонсоң тағы да бірігіп оқитын боламыз. Түсінсеңші мені.

Илонкаға ұғындырып жатудың керегі де жоқ еді. Бірақ әйелдердің баяғыдан келе жаткан кәрі дүние тәрізді касарысуы қалған ба! Илонка да түк ұқпаған және ұғына да

коймайтын кейіпте жүре берді. Ол ыдыс-аяқты салдырлатып, орындықтарды тасырлатып, брошюраларын дауыстап оқып, әйтеуір Шандордың мазасын алып, бұртыйып жүрді. Күйеуі өте бір маңызды іспен шұғылданып жүргенде өзінің тек қана кітап оқып, сабаққа барудан басқа түк бітірмейтініне намыстанды. Бірақ ол мұны тіріде мойындамас еді. Қайта ол өзін Шандор түкке тұрмайтын істермен уақытын боска өткізіп жүргендей ұстады. Кішкене қызы да куыршағын әлдилеп өлең айтып, даңғаза қып жүрді. Шандор кейде: «осы бір ермекке бас қатыруға тұра ма? Егер түк шықпаса қайтемін?» – деп ойлайды, бірақ шыдап бағуға тырысты. Енді бұлтаруға кешігіп қалды. Егер бұл істі тастап кетсе, Барцал мастер оған күлмей ме? Ал жолдастары болса, Шандор үлгілі бірденені сылтау етіп жүріп, кешкі мектептен, сабақтан қалды деп ойлап қалады.

Жоқ, қайткен күнде де сөзде тұрып, бастаған істі аяқтап шығу керек.

Шандор тістеніп алып, жұмысын істей берді. Ол жұмыс осынша қиын болар деп ойлаған жоқ-ты. Бірақ ол қиыншылықтарды біртіндеп жеңе берді. Басталған іс те аяқталып келе жатты. Барцал неден болса да көмегін аяған жоқ.

Ақыр аяғында аспап бітіп, станокке де орнатылды. Кеше алғаш рет сынау жұмысы өткізілген-ді. Бәрі де ойдағыдай тамаша өтті. Завод комитетінің мүшелері Шандорды табысымен құттықтап, достық көңілмен аркаға қағысты. Бұл кеше болғанды.

Ал бүгін ше!.. Құрысыншы бұл құрғыр... сірә, есептен бір мүлт кеткен жері болу керек. Қанша уақыт бейнеттенсе де, бәрі зая кетті!..

Станоктың жанына мастер жерден шыққандай жетіп келді. Сөз жоқ, ол жаңағы шықырлаған оңбаған дауысты естіп қалды. Басқаға болмаса да, ол мұндай дыбыска сергек! Мастер үзілген жіпті көрді де, қабағын шытты. Ол Шандордан кем күйіп-піскен жоқ. Тартып үлгірмеген шылымын лақтырып жіберді.

– Әкет! Мынау әурені қазірден бастап құрт! – деді ол булыға түсіп. Мастердің станокке ме, әлде Шаидорға ма, кімге ашуланып тұрғанын түсіну қиын болды. – Адыра қалсын, құрысын! Мастер де өзін өнертапқыш сиякты жолы болған бақытсыз санап тұрғанын Шандор білген жоқ.

– Қалайша бұлай болып шыққанына түсіне алмай-ақ қойдым... Қаншама рет байқап та көрдік, – деп Шандор ақтала бастады.

Барцал ызаланып қолын бір-ақ сермеді.

– Сен бәрі бірден бола қалар деп пе едің? Қателесіп тұрсыз, достым... жеті рет өлшеп, бір-ақ рет кес деген бар емес пе?... Асықпа, бұл мақалдың тегін айтылмағанын әлі-ақ түсінерсің.

Мастердің ашулы үніне қарамастан, бұл сөзді естігенде Шандор өнерінен күдер үзуді лайықсыз тапты, жүрегі де жай тапты...

– Дұрыс, жолдас Барцал, – деді ол күлімсіреп. – Әлі де ойланып көрейік. Істің үдесіне жету үшін табандылық керек. Осылай емес пе?

Мастердің жүзіне жылы шырай кіріп, сабырлы дауыспен:

– Әзірше ала тұр, кемістігін кейін ойланып көреміз... Бірақ завкомда бұл туралы бір ауыз сөз болмасын....

Шандор ауыр күрсініп қойып, тетікті шығарып ала бастады. Ол соңғы бұранданы алып жатқанда станоктардың ызынын баса-көктеп, завод радио хабаршысынын:

– «Мейсарош жолдаска завкомға келсін деп жатыр! Шандор Мейсарош, завкомға келсін деп жатыр» – деген даусы естілді. Шандор мен Барцал бір-біріне қарай қалысты.

– Не болды екен? Олар сені қайтпек екен?

– Сірә, мына тетік жайында шақырған болар, – деді Шандор құты қашып.

Барцал күліп жіберді:

– Сен әлі белгілі адам боласың, тілім тасқа!

– Егер тетік жайында сұрай қалса, мен не демекпін?

– Біздің масқара болғанымызды жасырамын деп ойлама. Амалың қайсы... Бірақ әзірше ұшқары сөз айтып та мыжып кетпе.

Шандор қолын сүрте салып, кеңсеге кетіп қалды. Ол кеңсеге қорқып кірді. Бірақ онда жасап шығарған тетігі жайында тұқ сұраған жоқ. Завкомның председателі Лайош Мишке Шандордың келуін асыға күтіп отыр екен.

– Отырыңыз, Мейсарош жолдас. Мен сенімен маңызды бір мәселе жөнінде сөйлеспек едім. Жұмыс қалай? – деді.

– Бәрі де орынша, Мишке жолдас, – деді Шандор аңырып. «Не жөнінде білмек екен?» – деп ойлап.

Председатель темекісін тартты, бір сигаретті Шандорға да ұсынды. Екеуі де темекі тартып, аз уақытқа үн-түн жоқ отырып қалды.

Бір уақытта председатель сөз бастап:

– Біздер, жұмысшылар қазір жетекші тап екенімізді, Шандор, өзің де жақсы білесің. Солай емес пе... Завод адамдарын армияға, полицияға алып жатыр, жұмысшыларымыз студент болып та, министрлікке де кетіп қалып жатыр, тағы тағылар... Тіпті ешкімді де қалдыратын түрі жоқ!.. Егер жақсы кадрларымызды бүйтіп әкете берсе, өндіріс жұмысында қайтіп ілгерілейтінімізді мен білмей-ақ қойдым. Сен бұған не дейсің, Шандор, ә! – деді.

– Мен не айта алушы едім? – деді Мейсарош таңданып. – Мұның бәрін менсіз-ақ білмейсің бе, құрметті жолдас? Мұның маған қандай қатысы бар?

– Сен сабыр ет, кәрі тарланым!–деді Мишке оның тізесінен қағып. – Мұның саған қандай қатысы барын қазір-ақ көресің. Бізден бес кісі сұрап отырғанын сен білесің бе? Бір министрлікке жұмыс істеуге бес адам керек дейді. Сыналған адал жолдастарды беруіміз керек...

Оның айтқанынан шыға алмайтынын сезіп Шандор қатты қысылды.

– Ол өз қолыңдағы нәрсе ғой, Мишке жолдас. Өзің бізде завкомның председателісің, – деді Шандор күмілжіп. – Маған не дегелі отырғаныңды түсінбей-ақ қойдым.

– Кеше комитет мәжілісінде министрлікке жіберетін адамдарды тағайындаған едік. Солардың ішінде сен де барсын. Саған айтайын дегенім осы еді.

Шандор тұнжырай қалды. Мұндай нәрсені менсіз сырттан ұйғара салғандары қалай? Ол ашуланып қалды. Бірақ жүрегін бір қуаныш сезімі билеп кетті: басқаны емес, әдейі оның өзін ұйғарған. Бірақ бұл сезімнің келуі қалай тез болса, қайтуы да солай тұтқиыл болды. Ол өзі тапқан тетік туралы ойлап, ұйқысыз өткізген түндері мен қаншама күш жұмсағаны есіне түсті. Ал бүгін сол тетікті әлде де ондай түсіп, жетілдіре берудің керектігі анықталып отыр.

Міне, Мишкенің сөзі Шандорды сондықтан да ренжітіп отыр. Ол өзін бір бақытсыз, бейшара адаммын деп ойлады да, бұл жағдайды түсінуге дәрменсіз болды.

– Мен бармаймын, – деді ол қасарысып, тістене сөйлеп.

– Бармаймын, жолдас Мишке, ұқтың ба? Мен бармаймын...

Председатель столды жұдырығымен қойып қалды.

– Мұндай іспен ойнауға болмайды, Шандор. Бұл сенің борышың, ұғамысың? Борыштысың.

– Ал фабрикада жұмыс істеу борышым емес пе екен? – Шандор Мейсарош қып-қызыл болып булығып кетті.– Өз станогімді жақсарта беру борышым емес пе екен? Егер мені министрлікке алса, ол істі кім аяқтап шықпақ. Бұл дұрыс емес, маған сенсең, ойға келгенді істей беруге болмайды. Бір орыннан екінші орынға беталды ауыстыра беруге болмайды. Мен осы заводта өстім, осында мастерлік дәрежеге жеттім. Партияға да осында өттім. Менің орным осы жер, жұмысымды да жаман істемейтінімді әбден білемін. Біздің завод жарыста озып шығып, алдынғы қатарда болса екен деймін. Менің жаңалығым заводты – құрметті орынға жеткізсе екен деймін! Министрлікке мені емес, басқа біреуді жіберіңдер. Менің осында жұмыс істегім келеді, осында қаламын!

– Сен неге күйіп-пісіп тұрсың, досым Шандор, – деді завком председателі сабырмен.

– Бұл айтып тұрғанының бәрі бос сөз. Егер айқайласа бастасақ, түк те өнбейді. Айқаймен іс бітпейді.

Ол аз ойланып қалды да, тағы сөйлеп кетті:

– Сен мына сөзге құлақ ас. Біз сені, сірә, министрлікке столға қарақшы болу үшін жібереді екен деп ойлап, сен қателесіп тұрсың. Мүлде олай емес екенін әлі-ақ көрерсің... Біз жұртты кез келген жаққа еріксіз жібере береді деуің де қате. Егер көнілің сокпаса, сені ешкім де зорлай алмайтынын сен жақсы түсінуің керек.

Ол орындығын Шандорға қарай жылжытып қойды да, достық ақылын айта бастады:

– Әбден ойлан, Шандор. Министрлікте істеудің мен үшін маңызы жоқ дейсің. Егер жоғарғы орында, министрлікте чиновниктер отырса, біздің жарысымыздан не пайда. Олар ең аз дегенде жарысымызды қағаз жүзіндегі дәрежесінен асырмай тастайды. Ал өйтпеген күнде біздің мандай теріміз сіңген еңбегіміздің жемісін арзан қолды шетел нәрселеріне айырбастап жібереді.

Бұл мырзалар қандай жолмен болса да біздің мемлекетімізді алдауға, талан-таражға салуға тырысады. Осы жөнінде ойлауың керек.

– Министрлікте істеудің маңызды жұмыс екенін мен жақсы түсінемін... – деп тағы сөйлей бастады Шандор. Бірақ оның әлі де бұлтақтап тұрғанын байқап, завком председателі одан сайын ұғындыра түсті.

– Бізге жоғарғы орындарда Пали Мольнар, сен, тағы сол сияқты өз адамдарымыздың отырғаны қажет. Бұрынғы кадр жұмысшыларға – өзімізге-өзіміз сенбегенде, кімге сенеміз... Бұрын сен министерстволық жауапты қызметкері бола алар ма едің? Екіталай-ау... Мұны да ойлануың керек.

– Мұның бәрі түсінікті, бірақ әңгіме мұнда емес, – деді Шандор күлімсіреп. Оны қуаныш сезімі билеп, ызасы біртіндеп тарқай бастады. – Мені үгіттемей-ақ қой, Мишке жолдас, бұрыннан-ақ білетін нәрсемді түсіндірмей-ақ қой. Бірақ мен станогімді, бәріміз кеше ғана сынау жүргізген жаңалығымды қимай тұрмын. Бүгін тетік те жұмыс істемей қойды.

– Әй, Шандор, Шандор, – деп Мишке оны жұбатып, иығынан ұстап әрі-бері теңселтіп қойды. – Сен бұл жөнінде қажыма! Тек уақыт болсын де, біз сенің машинаңды жасап шығарамыз. Сенің тап қазір заводпен біте қайнасып, бауыр басып қалғаныңды да білеміз. Бірақ адам өзін-өзі билей білу керек қой. Біздің бүкіл өміріміз, жұмысшылар мен коммунистердің өмірі – мұны есіңнен шығарма, жұмысшы табы үшін, халық үшін қызмет етіп, борышты ақтау үшін өмір сүреміз. Өмірін осы жолда құрбан еткен бір карт подпольниктің осы бір сөзі әлі есімде.

Мен сені тіпті де үгіттейін деп тұрғам жоқ. Мен тек, сен бар жайды түсінсін деп тұрмын. «Мен жұмысты бұрын заводта істедім. Енді сол жұмысты министерствода отырып істеймін. Өйткені мен қазір онда көбірек керекпін» – дегенді ұқсаң болды, бар айтарым осы.

Шандордың разылық білдіруге тілі бармай:

– Мен түсінуін түсініп-ақ тұрмын, бірақ әйтсе де реніштi... Саған қалай десем екен?.. Бұл маған лайық жұмыс емес... Сөйте тұра қуаныштымын бұған... Ал, Мишке жолдас, бұған сіз күйзелмесеңіз де болады. Мен егер министрлікке бара қалсам бетке шіркеу түсірмеске, ұят келтірмеске тырысармын.

II

Түрлі заводтар мен фабрикалардан келген елу жұмысшының құрметіне министерство салтанатты кеш өткізді. Шығып сөйлеген шешендердің сөзін тыңдағанда Шандордың жүрегінде бір қуаныш сезімі пайда болды. Ол, әсіресе, министрдің сөзін ерекше ықыласпен тыңдады. Министр министерство қызметкерлерінің қатарын жұмысшылар тобымен толықтыруға себеп болған жағдайларды қарапайым тілмен түсінікті етіп айтып берді.

Жаратылысында жұртқа көп үйір болмаса да, Шандор бірден-ақ көп адамдармен танысып алды. Бірақ ол түрлі сұрақ-сауалдарды жақтырмады.

Фабриканы, «Кеттенштуль» станогін, жолдастарын, әлі аяқталып бітпеген жаңа тетікті ойлап, уайымдап жүрсе де, нешебір сұрақтарға сабырмен жауап беріп жүрді.

Оның жаңа қызметке тұруын әлеуметтік қамсыздандыру комитетінің кеңесінде бірінші боп құттықтаған кісі бөлім бастығы еді.

– Бостандық[1], Мейсарош жолдас! – деді ол Шандормен екі құлағы екі езуіне жете, күле амандасып. Бөлімімнің, әйтеуір, жаңа қызметкерлермен толықтырылғанына өте қуаныштымын. Фабрикада сізді маған өте-мөте мақтаған еді. Мен сізді комитеттің былығып кеткен жұмысын да тез арада-ақ жөнге салар деп сенемін.

Ол осыны айтып, жаңа көмекшісінің қолын тіпті қаттырақ қысып жіберді. Шандор мұны бөлім бастығы өзінің күс-күс, қарулы жұмысшы қолын аңғартпақ шығар деп ойлады.

– Мен де өзіме көрсетілген бұл сенімді қайткенде де ақтауға тырысамын! – деп даусын көтере нық сөйледі Мейсарош. Сөзінің тым көтеріңкі болып шыққанына өзі де таңғалды. «Министерствоға келген соң аскақтап барам ба, қалай» – деп ойлады да, өз ойына өзі балаша күліп жіберді. Бұл екеуінің алғаш кездесуі болғандықтан, бұлар осылайша әдеппен сыпайы ғана сөйлесіп отырды. Дегенмен бөлім бастығы әр нәрсенің жөнін білетін жақсы адам болып шықты. Шандор сияқты ол да еңбекшілер партиясының мүшесі екен. Олар екі күндей бірге істесті. Бөлім бастығы

[1] Халықтық-демократиялық. Венгрияда жұрт бір-бірмен осылай амандасады.

Дьердь Кирай Шандорға маңызды документтерді қабылдап алуға көмектесті, комитеттің жаңа председателіне қалай істеу керектігін де аспай-саспай отырып түгел түсіндірді.

Қағаздарды қарап, тексеру аяқталғанға дейін Шандор жөнді ештеңеге түсіне қойған жоқпын деп ойлап, бұл жайын начальникке де айтып үлгірді, сөйтіп екеуі бұған шексілелері қатқанша ұзақ күлісіп алды.

– Ештеңе етпейді, Мейсарош жолдас,– деді Кирай, шын көңілімен жұбата күліп, – осы іспен жеке өзің жақсылап айналысуың керек. Әлі-ақ бәрін де біліп аласың!

Комитеттің бұрынғы председателі Иштван Керти қызметінен алынса да, іскағаздарын меңгеруші болып комитетте қалыпты. Бұл Шандорға тым жайсыз тиді. Иштван Керти туралы ойласа-ақ болды, Шандордың әлденеге тыншы кететін болды. Қанша ойламайын десе де, Кертидің орнына тұрғанына өзі айыптыдай-ақ Шандор ынғайсыз бір күйге түсе берді. Иштван Керти комитеттің жұмысын басқара алмай, ақшалай жәрдем-көмек беруге жауапсыз қарап, мемлекет қаржысына немқұрайды қарап, көп зиян келтіргендіктен орнынан алынғанын ол жақсы білсе де, жаңағы бір ойдан бір минут серпіле алмай қойды. «Керти оп-оңай құтылып кеткен екен! Мұндай істер үшін министрліктен біржола қуып шығу керек еді. Неге өйтпеді екен?–деп ойлады Шандор. – Ең болмағанда көзге шыққан сүйелдей боп жанымда жүрмес еді ғой».

Қысқасын айтқанда, Керти әуел бастан-ақ Шандорға Ахиллестің өкшесіндей осал жері болып жабысты.

Шандор комитетте төбе боп үйіліп қалған көп қағаздарды қадағалап қарай бастады. Әрбір қағазды жете тексеріп, істің мән-жайын біліп алуға тырысты. Бұл жұмыс оңайға соқпады. Күнде үйге қайтқанда да папка толы қағаздарды бірге ала келіп, түн ортасы ауғанша сол қағаздың бетіне үңілумен отыратын болды. Кешкі мектепте оқу тағы да кейін қалдырылғанмен, әйелі қарсыласпады. Шандор әйелінің мұңсына тіпті қайран қалды. Қайта ол күйеуінің жұмысына көп көңіл бөліп, әсіресе, ақшалай жәрдем сұраған шағымдар мен арыздарды бірге қарасып жүрді. Екі жұманың ішінде Шандордың әрбір мәселе жөнінде біліп алуының өзі, мүмкін әйелінің жәрдемінен болар.

Комитеттің Эржи деген машинисткасы өзіне бейтаныс

істі тез меңгеріп кеткен жаңа начальнигінің іскерлігі мен кабілеттілігін жер-көкке сыйғызбай мактап жүрді. Бірақ оның төбесі көкке жеткендей куанышын Шандор ұната қоймады. Ол Эржидің бұл сөздерінен де, мінез-құлықтарынан да бір жалғандықты сезді. Бөлім бастығы Эржиді мінсіз, адал қызметкер деп мактаса да, Эржидің есіл-дерті әлі де бұрынғы бастығында екенін Шандор іштей сезгендей болады. Эржи Кертиді әлі де іштей нағыз заңды бастығым деп санайтын тәрізді. Ол Шандорға жоғарғы жак жіберген адам болғандықтан, амалсыз бағынып жүрді. Рас, ол өзінің бұл ойын сездірген жок. Оны ешбір кінәлауға болмайтын. Бірақ сырт пішіні моп-момакан болғанымен, оның жүрегінің түкпіріндегі бүкпесі сезіліп-ак тұратын.

Шандор машинистканы бірден-бір ең жакын көмекшім деп ойлайтын, бірақ олай болмады. Бұл да оған жайсыз тиіп, жұмысына кедергі жасады.

Бірақ осының бәріне карамастан, істің жайы жақсара бастады. Жазу столында отырып, жұмыс істеу – ой-кабілетінді сарка пайдаланып, сол жолға біржола берілуің керек екеніне Шандордың көзі жетті. Бір кезде өзінің министрлікте істеу «столға каракшы боп бос отыру» деп ойлайтыны есіне түсіп күлетін болды.

Шандор барлық мәселені дұрыс және тезірек шешпек болды, бірақ алғашқы кезде сүріну де болмай қоймады. Бұлай болу заңды да еді. Жұмыска әбден ысылып алғанша қателесу болмай тұрмайды. Оған әрбір қағаз бен әрбір арызды жете тексеріп сақ отыруға тура келді. Өйткені мемлекет есебінен байып алуды көздейтіндер аз емес еді. Акшалай көмек кім көрінгенге емес, оны алуға правосы бар, мұқтаж адамдарға ғана берілуін қадағалап отыру керек болды. Министрліктің жұмысын меңдеген басқа әурешіліктер болмаса, мұның бәріне шыдауға болар еді-ау. Тіпті болмашы бір істі шешу үшін көп-көп қағаз рәсуа болатынына Шандор барынша карсы болды. Қағазға әйтеуір қол коя салуды оның жаны жактырмайтын. «Жазылған қағаз тау боп үйіліп жатса да, жұмысымыз өнбей-ай қойды,–деп ойлады ол және бұл ашуын келтірді. – Бір шарасын істемей болмас».

Мұның амалы төрт ай өткеннен кейін, есіне тұткиылдан сап ете түсті де, ол дереу бөлім бастығына карай тұра жөнелді:

– Сірә, мен тым жаңашыл болып барамын-ау осы, – деді Шандор начальникке ұяла қарап. Ол өз-өзінен дегбірсіздене бастады. Ол ұсынысыма Кирай жолдас қалай қарар екен деп канша ынтықса да, іштей жарамсыз болып қалмаса игі еді деп қорқып тұрды.

– Жаңашыл болудың ешқашан да зияны жоқ, қымбатты Мейсарош жолдас, – деп жылы жүзбен күле сөйледі Кирай. – Айта бер, не жөнінен еді. Тіпті ұсынысың жарамсыз болып шықса да, ұялма. Министрлікте жұмыс істегеннен бері карай мен өзім де талай нашар ұсыныстар жасағанмын. Ал, құлағым сізде.

– Тоқ етерін айтқанда,–деп бастады Шандор,–менің ойым тіпті оп-оңай. Оңай болғанда да бұрын неғып ойымызға келмегенін мен түсінбейім. Осы уақытқа дейін ақшалай жәрдем төлеу үшін сіз болып, мен болып – екі бірдей қорытынды беруге тиісті едік. Бұл екі қорытындының тексінде үш-төрт-ақ жол айырмасы болса да, олар жеке-жеке жасалып, жеке-жеке басылып жүрді. Осы екі қорытындыны бір-ақ қағазға бастырып, сізге бұрыштама соғып, қол қоятын орын қалдырса да болмас па еді. Меніңше, бұлай етуге әбден болады және менің есебімше бұл қағаз жазуға кететін уақытты екі есе азайтады әрі жұмысты да жеделдететін болады.

Бөлім бастығы ұялып қалды, ұсыныс айтқандай-ақ өте орынды және ап-айқын еді. Және бұл әурешіліктің бұрын қалайша ешкімнің ойына келмегені таңданарлық-ақ болды.

– Сенің ұсынысыңды міндетті түрде жүзеге асырамыз, – деп жауап берді Кирай өзіне-өзі келгендей болып, – мұны дереу іс жүзінде қолданып көруге кіріс.

Шандордың қуанышы қойнына сыймай кетті. Бұл ой түскі демалыста дәл екі сигарет тартым уақыт ішінде өзінен өзі-ақ сап ете түскен-ді. Ол өз кабинетіне қайтып келді де, Эржиге Мемлекеттік әлеуметтік камсыздандыру комитетіне баратындығын айтты. Ол өзі тапқан жаңалығы жайында жолдастарымен кеңеспек еді.

– Егер біреу-міреу сұрай қалса, бірер сағаттан соң келеді дерсің, – деді де, шығып кетті.

Ол шыға бере, көрші бөлмеден бұрынғы бастық Керти кабинетке кіріп келді.

– Немене, кетті ме? – деп сұрады ол машинисткадан, председательдің столының жанындағы бос креслоны қолымен

нұскап. Эржи кетті дегендей ишарат білдіріп, басын изеген кезде Керти «уһ» деп бір күрсініп қойды.

– Міне тамаша! Қымбатты Эржи, сізбен оңаша әңгімелесу үшін қолайлы бір жағдайды көптен күткен едім! – Сөйдеп ол машинистканың столының жанында тұрған бос орындыкка сылк етіп отыра кетті.

Эржи оған таңдана карады.

– Кеңесші мырза, еңсеңіз түсіп, тіпті мұңайып кетіпсіз. Жайсыз бірдене болып калған жок па?

Эржи оны оңашада бұрынғы әдетімен «кеңесші мырза» деп атайтын.

– Айта каларлықтай ештеңе бола койған жок. Бірак мұндай жағдайға енді төзе алар емеспін, Эржи! Төзе алатын емеспін, ұғамысыз, тіпті дәрменсізбін, – деп әсіре айкайлап жіберді Керти. – Ұк мені, мен бұған кашанғы шыдай берем. Адам бір ай, екі ай, айталық тіпті үш ай шыдар, бірак бүйте берсе өмірден безіп, жынданбай кайтеді...

– Торыға берменіз, кеңесші мырза, – деп Эржи еркелей жауап берді. Ол Кертиді аяп кетті. Кертидің үмітсіздік пен уайымға толы мына сөздерінен ол коркып калды. Эржи бұрын кеңесшісін дәйім, әзіл-калжың айтып жүрген, көңілді-жаркын күйінде көретін-ді.

– Қымбатты Эржи, менің колымда не тұр. Өмір маған дегенде катал, әрі катігез боп тұр ғой. Үмітім кесілді, – деп таусыла сөйледі ол колын сілтеп. – Өмір менсіз карап калмайтынын көріп отырмын, бірак өмірдің осы бір сұм базарында не бітіріп жүрмін, несіне тірі жүрмін, мен осыған түсінбей-ак койдым.

Кертидің бұл сөздері Эржидің де ойындағысын дәл тапкан еді. Кертиді жұбатамын, көңілдендіремін деп отырып, Эржи өзінің де шерін таркатты.

– Мен сізге тағы айтам, кеңесші мырза, бүйтіп түніле берудің керегі жок, бәрі де әлі-ак өзгереді.

– Адасып жүрсіз, қымбатты Эржи, – деп тұнжырап жауап катты Керти. – Құр киялмен өзіңді-өзің жұбатудың керегі жок! Сол әлі-ак өзгеріп кетер дегенге сену киын-ау! Әттең, шіркін, бұл мүмкін емес кой. Қытайда не болып жатканына карап көрінізші. Бүкіл дүние астан-кестен болып барады. Жок, құрметтім, тарих көшінің дөңгелегі кейін шегінбейді,– деп, бұл лағынат коммунистер дұрыс айтады. Қазір мен

осылай боларын байқап та, сезіп те жүрмін. Бар сұмдық осында ғой...

– Дегенмен мүмкін... – деп Эржи бірдеңе дей беріп еді. Кертидің сөзін естігенде ол дір ете қалды. Эржи өзі жек көрстін халықтық демократия мәңгілік өмір сүреді дегенді ойласақ, бойы мұздап сала беретін. Әлі күнге дейін ол «мұның бәрі уақытша, әлі-ақ бәрі өзгереді» дегенге әбден сенгендіктен айналада болып жатқан істің бәріне де төзе тұру керек деген ойға бекінген болатын.

Кертидің даусы оның зілдей ауыр ойын бөліп жіберді.

– Бұл мүмкін емес дейім мен сізге, тіптен мүмкін емес!– деп ол ығын қалш-қалш еткізді. – Бізге енді бір-ақ жол қалды, қымбаттым менің Эржи! Тек бір ғана жол...

– Ол қай жол, кеңесші мырза? – деп күбірледі Эржи үрейленіп, еріндері қалтырап.

Бұрынғы кеңесші қабағын түйіп, жұқа еріндерін тістеніп алды.

– Өш алу жолы!–деді ол тістене түсіп. – Өш алудан өзге жол қалған жоқ! Оның ұзын саусақтары біреудің тамағынан қылқындырардай-ақ қарысып бүгіле қалыпты. Эржидің тегін қорықпағанын, тіпті зәресі ұшып, боп-боз боп кеткенін көріп, ол өзін-өзі билеп алды.

– Қорықпаңыз, қымбатты Эржи! Шындық маған жақ, бұған сене бер! Өш аламын мен, өзімнің барлық азаптарым үшін мына тентіреуік Мейсароштан жаксылап тұрып өш аламын! Қымбаттым менің, Эржижан, айналайын, сен маған жәрдем бер! Бұл тентіреуікті бақылау комиссиясына шақырып алып, министрліктен қуып шыққан кезде саған да теріс болмайды, оны өзің көрерсің.

– О, ізгі жасаған! Сіз не амал істемексіз, кеңесші мырза! – деп сыбырлады машинистка қалтырап. Бірақ оның даусынан көңгендік белгісі де сезіліп тұрды. Кертидің жолы болып, көктен тілегенінің жерден табылғанына көзі жеті.

– Ол тіпті оп-оңай нәрсе! – деп сендіре түсті Керти, зымыяндана күліп. – Біз Мсйсарош Шандор болып бір ғана документке өтірік қол қоямыз. Ол қағаз бойынша Шандордың өзі ақшалай жәрдем алатын болады. Ал ақшаны анығында өзіміз аламыз. Мұны қалай істеу керектігін мен саған кейін айтамын. Ең бастысы сол – ұйғарындының соңында оның

қолы тұруы керек. Болғаны осы ғана. Аяғы не боларын білу қиын емес.

– Расында да, мұны істеу пәлендей қиын емес, – деп, Эржи ойланып қалды.

Біраз уақыт үн-түн жоқ тұрды да, Эржи сақылдап күліп жіберді:

– Ғажап! Тіпті тамаша! Мейсарош деген кім, тәйірі! Сізден жап-жақсы жаналық тапқыш адам шығар еді, кеңесші мырза! Бірақ осы әрекетіміз түбінде бір жайсыздыққа соқпас па екен?

Ол Кертиге үрейлене қарады, бірақ Керти оны табанында жұбата қойды:

– Қымбаттым, тіпті де саспаңыз! Бұл менің, айта берсеңіз, ең ақтық ісім. Бәрі де егжей-тегжейіне дейін ойланылған. Сіздің міндетіңіз тек қана...

Олар стол үстіне еңкейісіп, сөздерін үйдің тас қабырғасы естіп қоймасын дегендей сыбырласа бастады.

III

Бір жұма уақыт өтті. Дүйсенбі күні таңертең Шандор кабинетіне келіп кірген кезде оның жүзі қамығып, мұнайып кеткен еді.

Эржидің аң-таң болғанын көзқарасынан аңғарған ол:

– Қызыма қызылша шығып ауырып қалды, – дөп жауап берді. Бұдан бір күн бұрын – сенбі күні кешке ол үйіне өте көңілді қайтқан-ды. Оның ұсынысы тексеруден әбден өтіп, бөлім бастығына тапсырылған-ды. Ол Шандорды «ұсынысың тоқтаусыз қабылданады» – деп сендірген. Бірақ үйде оны көңілсіз жай күтіп тұр екен: Илонка баласының төсегінің жанында үн-түн жоқ мұнайып отыр, кроватта кішкене Пирошка жатыр. Шүйкедей беті күйіп-жанып барады, термометр отыз тоғызды көрсетіп тұр. Шандордың қуанышты көңілі су сепкендей басыла қалды. Сол кеште ол қағаздарды қарап отырып, көңілі алаң болып, елегізе берген.

Осыдан бірнеше күн өткеннен кейін Эржи де ауырып қалды. Оның столдың жанындағы орны үш күндей бос тұрды. Эржидің жоқтығы Кертимен ұзақ сөйлесуге себеп болды. Мұндай оқиғадан құтылмасын Шандор ертеден-ақ сезген еді.

Министрлікте қызмет істей бастағанына төрт айдан аса уақыт өтсе де, Шандордың машинка басуды үйренуге мұршасы келмей-ақ қойды.

Эржи келе қоймады, стол үстінде қағаздар тау боп үйіліп қалды. Шандор Кертиді шақырып алуға мәжбүр болды.

– Керти мырза, – деп бастады ол, өзінің қағаз тіркеушіге деген ызасын жасырып, – егер сізден ақшалай жәрдем беру туралы мынау қаулыларды машинкамен басып беріп, көмектесіп жіберуіңізді өтінсем, қайтер едіңіз?

Керти начальниктің шақырғанынан қатты қорқып еді. Бірақ мына тілекті естіп, тыныштала қалды. Оның үрейленген себебі: бұдан екі күн бұрын Мейсароштың қолы қойылған жалған қағаз арқылы Эржи екеуі ақша алған болатын. Эржидің зәресі ұшқандықтан, тіпті, төсек тартып жатып қалды.

Керти, Шандор шақырады дегенді естігенде-ақ оның ойына: «Шынымен-ақ, бәрін біліп қойғаны ма? Жасаған-ай, күнәларымызды өзің кешіре гөр!» деген ой сап сте түсті. Ал қазір бар болғаны қағаздарды машинкамен басып беру ғана екенін білгенде тіпті күлкісі келді.

Қорқыныш Мейсарошқа деген қанқұйлы өшпенділікке айналды. Ол іштей: «Шандорды маскаралауға ынғайлы кезең енді табылды. Бәлем, бір билеп көрсін. Қайсысымыздың артық екенімізді сезсін... Оны министрліктен қуып шығуға начальниктерді мәжбүр ету керек» – деп тұрды.

– Сөз жоқ, мен сізге мұндай көмек көрсетуге әзірмін ғой,– деп жылмаң қағып, жалпаңдай түсті. – Оның үстіне менің бұдан бас тартуым басқа бөлімдермен арадағы жарыста артта қалдырып, өзімнің қазіргі қызмет орнына тағы да лайық емес екендігімді көрсетпес пе еді.

Бұл сөздер Шандордың әбден-ақ қытығына тиді. Осы сөздердің ашықтан-ашық мысқылмен, ажуа үнмен айтылғанын байқау қиын емес еді. Бірақ Шандор бұған таңдана қоймады. Ол көптен-ақ Кертидің ізіне түсіп жүретін және оның тапсырылған істі тіпті жүрдім-бардым селқос орындайтынын да білетін. «Мұнда бір күдік бар. Анықтап алу керек», – деп ойлады Шандор.

Ол Кертидің өшпенділігін ішіне жасырып, жылмаңдаған жүзіне, мысқылдай күлімдеген уытты көзіне қадала қарады.

– Отыруыңызды сұраймын, Керти мырза, – деді Шандор,

өзінің жазу столының жанындағы креслоны нұсқап. Ол бір жағынан, бұл кісіні қайта тәрбиелеудің амалын қарастыру партия мүшесі болғандықтан менің борышым, деп ойлады әрине, бұған аздап болса да үміттенуге болса. – Мен, әрине сіздің жайыңызды жақсы түсінемін, жолдас, – деп Шандор достық көңілмен сөйлей берді. – Жаңа тәртіпке байланысты кеңесшілік қызметтен қағаз тіркеушілікке ауысуыңыздың сізге онай тимегенін мен әбден түсінемін. Оның үстіне, сіздің жалақыңыз екі есе азайды ғой, солай емес пе?

Керти өзінің шын ойын қайткен күнде де сездірмеуге тырысты, оның ойындағысын бүгіп, тек бер жағымен айтып отырғанын қабағының жыбырынан-ақ айыруға болар еді.

– О, жоқ, ол не дегеніңіз, қымбатты Месайрош жолдас. Халық демократиясы үкіметінің жұмысшыларды министрлікке неге жіберіп жатқаны, фабрикада жоғарғы маман қызметкер екендігіңізге қарамай сізді менің орныма неге және қалайша жібергені маған әбден түсінікті.

Шандордың бұл «кеңесшіге» ептеп жылы сөз айтқысы келіп еді, бірақ үндеген жоқ. Заводта бір кезде жастарды оқытып жүргенде еті үйреніп алған шыдамдылық жеңе берді. Оның үстіне ол Кертимен арадағы қарым-қатынасты біржола анықтап алғысы келді. Ол қашанда бір ыңғайсыздыққа түсетін де жүретін, енді содан біржола құтылмақ болды.

– Керти жолдас, менің сізбен ашық сөйлескім келіп еді. Орныңа менің тұрғанымды сен ұнатады дегенге, әрине, сене алмаймын. Бұлай болуы тіпті мүмкін емес. Менің байқауымша сіз көп уақыттан бері өзгеріп кеттіңіз, әбден қалжыраған, салыңыз суға кеткен адам сияқтысыз. Неге бұлай? Сізге не болды?

Керти қолымен бетін көлегейлей қойды.

Өзін Мейсароштың байқап жүргенін ол білмейтін. Ең болмағанда шектен тым асып кетпейін деп ойлады ол. Жоқ, жоқ, ол өз рөлінде ойнаудан тіпті де тайынбайды! Ең тәуірі осы «жолдас-ақ» ебелектей берсін!

– Менің бүкпесіз ашық сөйлесуіме болар ма екен?

– Әрине!

– Сіз көп нәрсені аңғарасыз, Мейсарош жолдас, бірақ сол нәрсенің байыбына түгел жеткіңіз келмейді. Өз орнынан айырылған адамның сағы сынады деуші едіңіз ғой өзіңіз де, сөйте тұра сізге не болған деп сұрайсыз...

– Түсініп отырмын...– деді Шандор ақырын ғана. – Турасын айтқанда, мен қателеспеппін.

Кертиге қарауға дәті шыдамай ол көзін тайдырып жіберді. Оны бір аяныш, есіркеу сезімі билеп кетті. Ол алдында отырған осы адамды есіркеуге тиісті емес екенін білсе де, дәті шыдамады. Кертиді комитет председательдігінен түсіріп тастауы тегін емес қой... Әкесі ескі армияның офицері болған, бірақ осы да сылтау болып па!

Керти сөзінің Шандорға әсер ете бастағанын байқап, тістене түсті. «Тек, тоқтап қалмау керек, әлі де сөйленкірей түсу керек», – деп ойлады ол.

– Байқайсыз ба, қымбатты Мейсарош жолдас. Басқа түсті, біз көндік, амал қайсы, – деп Керти қайғылы үнмен шұбырта жөнелді.

– Мен кеше ғана үлкен орында едім. Менің әрбір сөзім мен ісім пайдалы әрі қажетті болды. Ал бүгін мен қағаз тіркеуші ғанамын, бұл орынды да тек мүсіркегендіктен ғана беріп отыр. Міне, осының өзі-ақ жаныма батып барады. Ал анығында, мен ешкімге де керексізбін. Бүгінгі өмірге, бүгінгі талапқа сай келмегенім үшін менің ешбір жазығым жоқ, мұныма сеніңіз, Мейсарош жолдас. Менің әкем армияда офицер болған. Ескі тәртіп кезінде әрине чиновник болсам да, не істесем де үйлесе кетуші еді. Ал қазір жаңа кезең туды да, менің істерімді сіз атқарып отырсыз, қымбатты Мейсарош жолдас, енді бұл сіздің міндетіңізге айналды. Мен қашанда өз міндетімді адал атқаруға тырыстым, заң тәртібін бұзып көрген емен. Ал қазір...

Шандор бұрынғы кеңесшінің аянышты халін түсінсе де, езілушілер мен үстем тап өмір сүрген ескі қоғамда өмір кімге болса да, тіпті офицер семьясынан шыққан адамға да үйлесе кетуші еді дегенді мүлде қабыл алмай отыр.

– Керти жолдас, сіз білімді интеллигент адамсыз, сондықтан да сіз ескі қоғамдағы әділетсіздік пен айуандықты, жұмысшылардың ауыр халін білуге тиісті едіңіз. Сіздердің араларыңыздан да сол әділетсіздікті көріп, соған қарсы күресушілер болды ғой. Сондықтан мен, сіздің бұл сокырлығыңызды кешіре алмаймын, бұған ғафу етерсіз. Міне, сіз сондықтан да кінәлісіз. Министрлікте қызмет істеп жүрген білімді, ақылды адам шындықтың қай жақта екенін білуге тиіс қой!

– Мүмкін, жазуымызға кірісерміз, Мейсарош жолдас?

Жоқ, Мейсарош Керти тәрізді адаммен бірге жұмыс істей алмайды. Ол ақырын ғана:

– Сізге көп рахмет, мен өзім-ақ бірдеңе етермін, – деді.

Үйіліп қалған қағаздардың жанында Шандор жалғыз қалды. Іске кірісу керек болды. Бірақ мынадай дегбірсізденген күйде жұмыс істеу мүмкін емес еді. Кертимен әңгімелеспей-ақ қойса да болатын еді! Ол темекісін тартып отырып, көз алдына ауырып жаткан қызын елестетті. Илонка байғұс соңғы бір жұманың ішінде әбден жүдеп кеткен. Ауру Пирошка жылай береді. Ең ауыры осы еді. Кешкісін үйге қайтқысы келмейді. Бірақ қызмет те жеңіл тимеді. Шандор мұндағы жағдайға тіптен үйрене алмай-ақ қойды. Басқа бөлімдерде мұндағыдан сонағұрлым жақсы. Кеше ол министрлікке өзі тәрізді қызметке жіберілген Бебрикпен жолықты. Бебрик өз бөлімінде өнеркәсіп орындарынан келген жиырма жұмысшы істейтінін айтты. Ондай болса бір сәрі ғой! Ал Шандор болса, Керти мен Эржидің ортасында кеңседе жападан-жалғыз отырады да қояды. Машинистка мүмкін жаман адам емес шығар, бірақ Шандорды жаратпайды. Шандор ол қызбен не деп сөйлерін білмей жүрді. Эржи аса ұқыпты, іскер әрі өз ісіне тиянақты қызметкер, бірақ Мейсарошпен сөйлесерден бұрын ол әр сөзін ойланып, алды-артын анғарып алады. Ал Керти жөнінде сөз қылудың да қажеті аз, Шандорға ол алғашында жөні түзу адам сияқты көрінген болатын, бірақ екі- жүзділік сезілмей тұрар ма. Әсіресе, істес адамдардың бірін-бірі тани қоятын әдеті ғой. Бұрынғы күдіктің бәрін, әсіресе бүгінгі әңгіме анықтай түскендей. Халық демократиясы министрлігі мұндай адамдардан әлі де арылмаған екен. Олардың қауіпсіз екеніне кім кепіл! «Олардан құтылу керек, мүмкіндігінше тезірек құтылу керек! Кертидің мұнда қалатын ешбір жөні жоқ, ол сөзсіз», – деп ойлады ол, бірақ басқа адамның орнына тұрдым деген ой оны тағы да мазалай бастады. Жұмысы да бұрынғы ойлайтынындай оп-оңай болып шыға бермеді. Документтерді дайындап, жөнге келтіру станоктағы ең ауыр жұмыстан да қиынырақ әрі тез қалжырататын болып шықты.

Өткен жұмада ол Мике жолдасымен кездесті. Ол Шандорға тапқан жаңалығын әлі сол қалпында жатыр дегенді айтты.

Шандор кей кезде өзін-өзі жынданып бара жатқандай көреді. Оған өндіріс орындарынан келген сенімді адамдар

керек болды. Ал ескіліктің көленкесі тәрізді мына жандарды үнемі бақылап, қадағалап жүргенін.

Өз бейнеті аздай-ақ жазғы каникул кезінде оған философия факультетінің бір студентін практикаға жіберіпті. Бұл жас жігіт қысқа шалбары мен студенттік фуражкасын үстінен бір минут тастамастан қыдырды да жүрді. Ол бұл әдетін дүниенің небір рахатына да айырбастамас еді. Ол маңайында қызмет істеп отырған адамдарға қарамай, ертеден кара кешке дейін нешетүрлі марштарды ыскырды да жүрді. Практикант бірдеңе сұраса-ақ ұранмен жауап береді. Сол студентпен Шандор оңаша қалғанда өзін кеңседе емес, демонстрацияда тұрғандай сезетін. Бірде Шандор сол студенттен совет фильмі ұнады ма деп сұрады. Жас жігіт оған былай деп жауап берді: «Бұл фильм советтік социалистік реализм киноискусствосының тамаша шығармасы. Бұл фильмді көру – әрбір адал азаматтың, жаңа демократияның шын патриоттарының міндеті!» Шандор бұдан онымен енді сөйлесудің қисынсыз екенін ұға қойды. Бұдан кейін көзінен бұлаудай жас аққан бір кемпір өзінің азын-аулақ дүниесінің өртеніп кеткенін айтып кеңседен көмек сұрай келгенде, жас философ оны былай деп жұбата бастады: «Бесжылдық жоспардың орындалуы нәтижесінде әрбір азамат арзан бағалы стандарт үй жабдықтарымен қамтамасыз етіледі». Кемпір жынданған адамға кез болған екенмін деп ойласа керек, жылағанын қойып, есікке қарай тұра жөнелді. Шандор кемпірге уақытша бес жүз форинт көмек бергізді. Кемпір әбден разы болып, алғыс айтып, көзінің қиығымен қаннен-қаперсіз философқа қарап ұзақ тұрды.

Шандордың кабинетінің терезесі алдынан метро шахталарын жасайтын жұмыстарды жүргізу үшін бұрғылау вышкасын салды. Шандор жас жұмысшылардың шапшаңнәш қимылына терезесінен сығалап қарады да отырды. «Менің ешқашан да, қайткен күнде де олардан қол үзіп кетпеуім керек... Бұлай терезеден көз сүзіп қарап отыру бұрын менің әдетімде жоқ болатын...» Ол өзінің фабрикасына барып тұруды ұйғарды. Мүмкін, ол бұрынғы жаңалығын жетілдіре түсер. Ондағы жолдастар соны неғып бітіре алмай жатыр? Тәртіпсіздік! Әлде, айтты-айтпады Шандордың, өзінің де заводта калуы керек пе еді! Әлде министрліктің бұрынғы қызметкерлерін қайта тәрбиелеп шығарудың бір

амалы табылмас па екен? Өйтсе несі бар? Солай еткенде, ең болмаса бәріміз өз орындарымызда қалар едік қой. Араластырылған картша жұртты да алмастыра беру неге керек еді? Өз орнын лайық көріп жүрген кім бар? Мысалы, оның өзі де жаңа жағдайға көндіге алмай жүр ғой...

Оның есіне бір қызық оқиға түсті. Сайлау науқанының кезінде жұмысшы жастар одағының заводтық ячейкасынан бір жас агитатор табытшыға келді. Жас бала карт адамға өндірісті өрістетудің артықшылығын, еңбек өнімділігінің артуының маңызын және өнімнің түсер бағасын арзандату керектігі жөнінде бар ықыласпен түсіндіре бастады. Табытшы үгітшінің сөзін түсінікті дегендей басын изеп, ықыласпен тыңдап болып, жайлап сұрақ қойды: «Мұның бәрі, әрине, жақсы-ақ, ал бірақ егер ешкімнің де өлгісі келмесе, жұмыс жоспарымды мен қайтіп арттырмақпын? Өнімнің түсер бағасын қайтіп арзандатпақпын, маған осыны айтшы?» Осы бір әңгіме фабрикада көпке дейін ұмытылмай жүрді және еске түскен сайын жұрт шек-сілелері қатып бір күліп алатын.

Осы жай есіне түскенде Шандор да көңілдене түсті. Тұнжыраған көңілі де жадырай бастады. Өзіне-өзі сенбеушіліктен де айықты. Ол енді болмашы ғана бірденеге бола қызметті тастамақ болғанына да өкінетін болды. Бұл партия мүшесінің қылығына жатпайды. Ал Керти тәрізділердің бәрін де есіктен қуып шығу керек те: «Тіпті өкінішті-ақ, кеңесші мырза, бірақ қоғам мүддесі осыны талап етеді!»– деу керек. Өзінің осы ойынан Шандор екі күн әуре болып жүрді де, Кирайға келді. Бірақ ол кабинетінде жоқ екен. Қайтып келіп ол «Текстильсеве» фабрикасында токымашы болып істейтін ескі досы Михай Керекпен кездесті. Олар кездескендеріне қатты қуанып, қолдарын қысысып ұзақ тұрып қалды.

– Неғып келіп қалдың, досым-ау? – деп қалды Шандор қуанып.

– Осында қызметке жіберген. Мен министрлікте өткен жұмадан бері қызметтемін, – деп жауап берді Михай.

– Сөйтіп, саған да кезек келген екен ғой! – деп күлді Шандор, – солай, солай, ал станоктан кету қалай екен, осыны айтшы?

Михай таңырқап қасын керді.

– Қалай болушы еді? Станокта он бес жыл істегеннен кейін аздап жоғарылау онша теріс емес қой. Расын айтқанда, мені

бір жағына қарай жоғарылатар деп көптен күтіп жүр едім. Ал мен осыған да лайық емеспін бе? Өндірісте осыншама жыл істеген адамға ең жақсысы әуелден-ақ жазу столының басына отырып тыныңу ғой.

«Е, ескі жолдастар да өстіп адасады екен-ау, – деп ойлады Шандор, – бір өкініштісі, күн көрісім жеңілдейді деп дәмеленіп, заводтан қуана-қуана келуші адамдар өз арамызда да бар екен ғой». Бірақ Шандор ойындағысын айтпады:

–Тоқтай тұр, сен дем алу үшін әлі-ақ заводқа қайта сұранарсын.

– Қайта сұрану ойыма да кіріп-шықпайды, – деп күлді Михай.

– Тірі жүрсек – көрерміз.

Осыны айтысып, олар айырылысып кетті.

Шандорды кабинетінде бір құшақ қағазымен философ-студент күтіп отыр екен.

– Мен ақшалай жәрдем беру қағазын машинкамен басып болдым, – деді ол, – сол қағаздарды Керти мырзаға тіркеуге берейін десем, ол кеңсесінде жоқ екен.

Жас жігіт «мырза» деген сөзді мыскылдай айтты. Ол Кертиді әуелбастан-ақ жексұрын көретін.

«Дегенмен бұл философ жақсы бала екен, істің жайын да түсіне бастады», – деп оған іштей ұната қарады Шандор. Бірақ Керти есіне түсті де, ашуланып сала берді.

– Қызмет уақытында ол неғып тентіреп жүр? Дереу, тауып алу керек.

– Ол бүгін жұмыска, сірә, келмесе керек.

– Не болғанын жын білсін! –деп күйіп-пісті Шандор. – Бүйте берсе, министрліктегілер түгелімен төсек тартып жатып алар! Әуелі Эржи, іле-шала Керти ауырды. Пәлен дейтіні жоқ, олар тегін жандар болмады! Ол коридорға шыға келді де, есікті сарт жауып, бөлім бастығына қарай гура жөнелді. «Осы да жетер маған,–деп ойлады ол ашуға булығып. – Болды! Егер қазірден бастап басқа қызметкерлер бермесе, құрысын, істемеймін». Кирай бұл жолы орнында отыр екен. Шандор сәлем де берместен, отырмастан өзінің үлкен жұдырығын столға салды да:

– Кирай жолдас!.. – деді. Бірақ бөлім бастығы оның сөзін бөліп жіберді:

– Айқайлама! Менің сенімен сөйлесетін маңызды бір ісім бар. Отыр да, тыңдай қал.

– Маңызды деймісіз? Менің жұмысым, сірә, тіпті маңыздырақ шығар!–деді Шандор, бастапқы әуенмен. – Маған осы да жетер!

Олар көптен-ақ жақсы қатынаста болатын, бірімен-бірі «сен» десіп сөйлесетін. Сондықтан мұндай әңгіме олар үшін жаңалық емес-ті.

– Әңгіме Керти мырза мен Эржи туралы болып отыр!

– Эржи мен Керти туралы? – Кирайдың көзі тостағандай болып кетті. – Оларға не болды? Сен бірдеңелерін біліп қалдың ба?

– Кирай жолдас, не істесең де, өзің біл, тек қана осы бір жандардан мені құтқара гөр. Мейлі, олар басқа бөлімге ауыссын. Мен олармен қызмет істей алатын емеспін!

Кирай сықылықтап күліп жіберді. Шандор бұған аң-таң болды.

– Сенің маңызды жұмысыңның түрі осы екен ғой! – деді Кирай, күлкіге булығып, зорға сөйлеп.

– Мұның несі күлкі екенін түсінбей тұрмын, – деп ренжіп қалды, Шандор.

Кирай кенеттен күлкісін тыя қойып, түсін суытып алды.

– Мейсарош жолдас, сен қазір бәрін де білесің. Сен дұрыс айтасың, бұл күлерлік жағдай емес. Бүгін таңертең Иштван Керти мен Эржибет Баркани тұтқынға алынған.

Шандор аң-таң болып, не деріп білмей ұзақ тұрып қалды.

– Бұ несі? Сен не айтып отырсың? – деп күбірледі ол, бір кезде. Кирай ызаланып саусақтарымен столды тықылдатып қойды.

– Мейсарош жолдас, сен соңғы кезде Керти мен Эржидің күдікті ештеңесін сезген жоқсың ба, маған осыны айтшы? – деп ол сұраққа сұраумен жауап берді.

– Жоқ, ештеңесін сезген жоқпын. Тек қана соңғы кезде еңсесі түсіп Керти біртүрлі көңілсіз жүрді.

– Бұдан былай қырағы болу керек, Мейсарош жолдас.

– Ал не боп қалыпты, сен маған түсіндіре алар ма екенсің?

– Керти мен Эржи сенің атыңды пайдаланып қылмыс жасапты.

– Менің атымды пайдаланып? Бұл қалайша болды екен?

– Олар документке сен болып өтірік қол қойыпты. Ол документ бойынша сен өзіңе 300 форинт жәрдем алған болып шығыпсың... Сол қағаз қол қоюға маған ұсынылғанда мен бір сұмдықтың болғанын біле қойдым. Документтердің маған келетінін біле тұра, қалайша ескертпеді екен деп ойладым. Шынымды айтайын, капелімде мен саған күдіктеніп қалдым. Сондықтан да саған ләм деместен сенің заводына Мишка жолдаска бардым. Ол мені қателесесің деп жеңістік бермеді. Содан кейін мен документтерді қауіпсіздік басқармасына тапсырдым, сол жақта бәрі де анық болды.

Мұндай сұркиялықтың өз комитетінде болуы Шандор үшін сұмдық болды. Бірақ енді болмағанда бүкіл министрліктің алдында масқара болып қала жаздағаны есіне түскенде, оны ашынған ашу кернеп кетті.

– Қаскырдың бөлтірігі! – деп, ол столды жұдырықпен пәрменімен қойып жіберді.– Бұл сұркияларды дарға асса да обал жоқ. Сәл кешіккенде, олар мені табандарының астына баспақ екен!

Ол Кертидің жалған документ жасаудағы себебі ақшаға ындыны ауғандық емес, кек алу үшін, өзін құртпақ болып қасақана істегенін Шандор түсіне қойды. Сөз жоқ осылай болған! «Адам баласының осыған қалайша дәті барады» – деп ойлап Шандор тітіркеніп кетті.

– Тыныштал, досым! – деді бөлім бастығы, қолын Шандордың иығына салып. – Қайта бұлардың біржола көзі жойылғанына қуан. Енді біз жұмысымызды тып-тыныш істей алатын болдық. Біздің бұл жолғы айқаста да ұтып шыққанымызды көріп тұрсыз ғой!

Бірақ Шандор басқаша ойлап тұр еді.

– Бұл айқаста біз ұткамыз жоқ, Кирай жолдас! – деп ол басын шайқады.– Біз емес, қауіпсіздік органдары ұтып шықты. Бірақ мен саған уәде беремін, – деді Шандор қатқыл үнмен. – Бұдан былай мұндай іс қайталанбайды. Бұл оқиға мен үшін жақсы сабақ болады. Кирай жолдас, міне қолым, қаттырақ қыс. Осы минуттан бастап мені бұрынғы Шандор деп санама. Күрестің әлі бітпегенін мен міне өз тәжірибемнен көріп отырмын. Тап арасындағы кескілескен бітіспес күрес барлық жерде түгел жүріп жатыр.

Кирай Шандордың бұл сөздерінің шын жүректен

айтылып тұрғанын сезіп тұр. Ол Шандордың тегін уәде бермейтінін жақсы білетін. Өйткені Шандор Мейсарош үміт күтерлік сенімді жолдас еді. Қажет болса, ол бұдан сонағұрлым қиын міндеттерді де атқаруға бар.

IV

Сол күннен бастап Шандор басқарған комитеттің жұмысы жақсара бастады. Керти мен Эржидің орнына тоқыма фабрикасынан екі жас қыз келді де, Шандордың мазасын алып, ашуына тие берді. Қарт жұмысшыға бұл үлкен қуаныш болды. Қыздар мен Шандордың мамандығы бір еді. Оның үстіне бұлардың екеуі де жұмысшы семьясынан шыққан қыздар. Сондықтан да Шандор қатты қуанды. Бастықтарының бір кездегі жұмысшы екеніне қыздар да қуанысты. Мұндай бастықтың қарауында жүріп, жаңа қызметке тез үйреніп алуға болады. Кейде жүрекке ыстық көрініп тұратын заводымыз туралы да әңгімелесіп тұра аламыз деп ойлады олар.

Сондықтан да олар тез достасып кетті де, тіпті кейде өздерін фабрикада отырғандай сезетін болды. Екі айдай бірлесіп істегеннің соңында олар екпінділер бригадасын құрды, барлық істі дұрыс жолға қойып, тез шешуге бағытталған талай жаңашыл ұсыныстар жасады. Комитет бұрынғыдай министрліктің басқа бөлімдерінен кейін қалмай, қайта көбіне алда жүрді. Оқта-текте тұрмыс жайында, фабрика туралы әңгімелесіп алуға да уақыт табылып тұрды.

Олар кешкі асты бірге отырып ішетін. Тамақ үстінде «Сабад неп» газетін оқып, саяси маңызы бар оқиғаларды, өндіріс мәселелерін және бүкіл елді толғандырған тағы басқа істер жайында әңгімелесетін. Практикант философ та көпшіліктің әсерімен түзеле бастады, бірте-бірте қарапайым тілмен сөйлесіп, келген адамдардың өтінішін көңіл қойып тыңдайтын болып алды. Бригаданың құрамына ол да алынды.

Қыздардың қолғабыстарының аркасында кеңсенің де іші өзгеріп кетті. Ленин, Сталин және Ракошидің портреттері таптаза сүртіліп, терезелер мен столдарға гүл өскен құмыралар қойылып, Мейсарош столының үстінде бес тармакты жұлдыз жаркырайды. Ұлт мейрамдары кезінде Эржидің күрсініп

қойып, орындықтың үстіне шығып, амалсыздан қабырғаны көріктендіру үшін әдемі бірденелер ілгенситіні Шандордың кейде есіне түседі. Бірақ сол ілген нәрселері де, Эржидің өзі тәрізді селсоқ көрінетін.

Осы көрініс көз алдынан елес беріп өте шыққанда Шандор өзінен-өзі селк ете қалатын. Өткен іс оған алжаскан бір түс сиякты.

Коридормен жүріп келе жаткан баска бөлімдердің қызметкерлері бұлардың есіктерінің тұсынан өте беріп бір-біріне: «№ 144 бөлме бүкіл министрлікке үлгі болғандай», деп талай рет айтып жүрді.

Көктемде Шандор екпіндінің құрметті значогімен наградталды. Бұл наград ол үшін күтпеген жаналық емес-ті. Бұл жөнінде министрлікте көптен бері сөз болып жүретін.

Осындай қуанышты оқиғаның құрметіне Шандор өз үйінде шағын ғана банкет жасады. Пирошка құттықтау өлең оқыды. Расында, бұл өлең оның туған күніне арналған болатын. Бірақ оған ешкім көңіл бөлген жоқ-ты.

Бірде Кирай Шандорды шақыртып алды. Соңғы кезде жасарып кеткен ол, беті бал-бұл жанып, бастықтың кабинетіне келіп кірді.

– Қуанбай тұра тұр, саған бір жайсыз жаналық айтқалы отырмын, – деді Кирай шынымен.

«Тағы да бір тартыс, әлі де жалған бірдене болып қалмаса игі еді!» – деп Шандор тұнжырап кетті. Ол не дерін білмей, аңырып тұрып қалды.

– Бізге Сырткы істер министрлігінен телефон соқты. Оларға өндіріс орындарынан жоғарылатылған тәжірибелі он кызметкер керек көрінеді...

Ол сөзін аяқтағанша болған жоқ:

– Токтай тұр! – деп Шандор оның сөзін кенеттен бөліп жіберді. – Мұның мәнісін біліп тұрмын, алғы сөздің керегі жоқ. Ешбір Сырткы істер министрлігіне бара алмаймын. Тіпті бұл жөнінде сөз қылып керегі жоқ.

– Әйтсе де, сен киядан болжайды екенсің! Әңгіме сен туралы болып отыр, – деп күлді Кирай. Сосын тағы да шындап сөйлеп кетті:– Сенің қайткен күнде де баруың керек, Шандор, оларға тәжірибелі, сыналған он адам қажет және бұл адамдар дереу жіберілуі керек... Онда да бір пәленің

ұясын ашкан болу керек... Міне, істің жайы осылай. Енді түсінікті ме?

– Мен бригаданы тастап кетпеймін, – деп қарсыласты Шандор, бірақ фабрикадағыдай мақтаныш сезімі тағы да билеп кетті. Қарай гөр мұны. Сырткы істер министрлігі тәрізді маңызды жерге орналасу дейді! Сөйткенмен бригадасын қимай тағы да қобалжи қалды.

– Дегенмен, бұл қисынсыз екен, Кирай жолдас. Кісі жаңа орындағы қызметін жаңа ғана меңгере бастағанда, оны тағы да ауыстырар ма! Мен осы министрлікте құрмет значогін алдым және мен осы орында қалуым керек!

– Қымбатты Шандор, өзің ойлап карашы: саған мен не дейін? Сені үгіттеу керек пе? Меніңше, саған оның керегі жоқ.

Шандор үндемей қалды. Қайда жіберсе де бәрібір бас тартпайтыны оған бесенеден белгілі еді. Бірақ оның жүрегін бір сезім кернеп кетті. Бұдан жарты жыл бұрын осылай еткенде, ол ойланбастан-ақ, көне кетер еді ғой.

Ал қазір бәрі де бірыңғайлы болған кезде, бауыр басып қалған коллективтен бөлініп кету тіпті қиын болды.

– Ол жакка мен қашан баруым керек? – деді ол жайлап қана.

– Істеріңді Рожи Байкаға тапсыр. Ол біраз тәжірибелі болу керек. Тапсырысымен-ақ аялдамай аттан.

Кирай тұра келді де, Шандорды иығынан құшақтады.

– Есен бол, Мейсарош картым, табысты бола беруіне тілектеспін. Жаңа орнына барып қайтуым сөзсіз. Қырағы бол, ұятка қалып жүрме, байка! Маған берген уәдеңді ұмытпа... Ал көріскенше хош, жолдас!

Қыздармен айырылысу тіпті қиын болды. Екі қыз да көз жасын төгіп-төгіп жіберді. Шандордың да іші елжіреп, жылап жіберуге аз-ақ қалды. Ол өзін-өзі билеп алды да, қыздарды жұбата бастады.

– Ренжімеу керек. Қыздар, одан да коштасарда айтар сөзімді тыңдандар.

Ол қыздардың жанына отырып алды да, жайлап сөйлей бастады:

– Менің жаксы досым болды. Ол завкомның бастығы болатын. Мен өзіміздің осы комитетке келгім келмегенде

ол: «Мейсарош жолдас, біздің өміріміз, жұмысшылар мен коммунистердің өмірі – яғни өз табымызға қызмет ету деген сөз. Халыққа қызмет ету. Соны ұмытпа». – деген. Сөйтсем ол әбден дұрыс айтыпты. Мысалы, былтыр мені осында, комитетке жіберді. Ал қазір басқа бір орынға барғалы отырмын. Заводта мен өзімнің тапқан жаңалығымды қалдырып кеттім. Ал мұнда сендерді, өз бригадамды, бірыңғай боп қалған қызметімді қалдырайын деп отырмын. Сыртқы істер министрлігінде көп боламын ба, аз боламын ба, партия келешекте алдыма қандай міндеттер қоярын қазір кім білген.

Ол қыздардың жылап-жылап, қызарып кеткен жүздеріне қарады. «Бұлар өздерінің өмір жолдарын жаңа ғана бастады, бұларға әлі де көп нәрсеге үйрену керек-ау»–деп ойлады ол.

– Бұл өз бастарына да келмейді деп ойламандар. Мүмкін, сендерді бір қызметке тағайындар. Сендер ол орында тиісті талаптың бәрін атқарасыңдар, өздеріне жүктелген міндетті орындайсыңдар, ептеп көндіге бастайсыңдар. Сөйтіп өз үйіңіздей жайласып, үйреніп алғаннан кейін, мен сияқты сендерді де басқа орынға жіберіп, алдарына жаңа міндеттер қояр, –деп ол қыздарды еркелете құшақтап алды. – Бірақ осының бәріне біз өз міндетіміз деп мойынсұнуымыз керек. Асылында, бәріміз де бір ортақ істі атқарып жүрміз. Осыны ескеріп, сендер менің жаңа қызметке ауысқаныма сабыр етулеріңіз керек.

Шандор түрегелді де, бұлар бір-бірінің қолдарын қысысып хош айтысты.

– Ал міне, мен де кеттім... Біздің ісімізді аяқсыз тастамандар, қашанда сақ болыңдар. Хош жолдастар... бостандық!

Ференц Каринти

У

«Шрот» электромеханикалық заводының партия комитетінің секретары Фаркашич конструктор бюросына келіп кірді. Бас инженер Мартин жоқ екен, бюроның басқа қызметкерлері секретарьды көре салып, болатын жайсыз

әңгімеден жалтарып тұра жөнелісті. Бірақ Фаркашич инженерлердің біреуін тоқтатып қалды да:

– Турбогенератордың жайы қалай? – деп сұрады.

– Әзірше пәлендей деп кесіп айту қиын, – деді инженер күмілжіп. – Әлі есептеп болған жоқпыз. Сізге менен гөрі Мартин анығырақ айтар еді.

– Ал, сіз қалай ойлайсыз, барлық жұмысты октябрьдің біріне дейін бітіре алар ма екенбіз?

– Біз қолымыздан келгеннің бәрін де істейміз ғой. Егер тіпті жағдай... – деді де, сөзін аяқтамастан, ғапу өтініп, инженер түскі асына кетіп қалды.

Фаркашич бір былықтың боларын сезіп, заводта опасыз біреулердің әрекет жасап жүргеніне әбден көзі жетті.

Бірақ әлі күнге дейін осы қаскүнемдік пен зиянкестіктің ұясы із-түзін білдірмей келеді.

Заводтың директоры мәжіліс өткізіп жатқан болатын. Сөйткенмен Фаркашич оны бірер минутке коридорға шақырып алды да:

– Турбогенератор не болды? Кешегі сынаудың нәтижесі қандай? – деп сұрады.

– Байқайсың ба... – деп жымиды директор, бірақ оның топ-толық бетінде күлкі ізі дереу сөне қалды. – Істің бәрі роторға тіреліп тұр. Ротордың ұятқа қалдырып тұрғаны. Сірә, конструкциясында бір шикілік болу керек. Әйтсе де оқасы жоқ, істемей тынбаймыз.

«Ей, бозөкпем-ай!–деп ойлады Фаркашич,– сен де бұрын жұмысшы болдың-ау. Шырмаған екен сені, бауырым, шырмап алыпты...»

Ол қош айтыспастан төмендегі цехқа қарай тұра жөнелді. Жоғарыда, үлкен турбогенератордың үстін ашы түтін жамылып тұр. Цемент еденде топансудан бұрынғы жансыз кереметтей болып алып машина жатыр. Монтерлер жәшік-орындықтарға отырып алып, түскі астарын ішіп отыр.

Фаркашич турбогенераторды көзімен жағалай бір шолып өтті де, жылжымалы баскышпен жоғары көтеріліп, машинаның ішкі жағына үңіле түсті.

Бірақ ол ештеңесіне түсінбеді. Оның мамандығы клепальщик болатын. Ол бұл заводқа таяуда ғана келген. Бірақ

ол электромонтер болған күнде де, бірдеңе түсіне коюы екіталай еді. Бұл күрделі механизмнің конструкциясын бүкіл елде сауалы-ақ адам білетін. Фаркашич заводтағыларға бұрынғысындай салмақты болып көрінгенмен, іштей күйініп жүрді: «Алдайды, арандатады, терминологияны бұркеніп, судырлаған сөзбен сыр бермейді», – деп ойлайды ол күйіп-пісіп.

Фаркашич кайткенде де, электротехниканы үйренбек болып талай рет октады, бірақ мұршасы келмей-ақ койды.

– Азырақ ұйықтау керек, – деп күбірледі ол, онсыз да ұйқысыз өткізген түндерінің зардабынан қызарып кеткен көздеріне қарамастан.

– Машина октябрьдің біріне дейін дайын бола ма? – деді ол Шелетромош монтерге. Ол өз бригадасымен бірге генераторды жарты жылдан бері жөндеп жүрген болатын. Жалғыз бұл бригада ғана емес-ау! Генератордың неше түрлі тетіктерін жасап шығарушы адамдар мыңдап саналатын.

– Со-олай, әрине,– деді Шелетромош көже құйған тегештен бас көтермей, – уәде берген екенбіз, дайындаймыз... Бірақ быйылғы октябрьдің біріне дейін емес, келесі октябрьдің...

Фаркашич кып-кызыл болып кетті. «Ал осындай адамдармен социализм құрып көр,– деп ойлады ол. – Бар адамдардың өзін кайта тәрбиелей отырып, социализмді солармен құру керек дейді».

– Ал сынау калай өтті? – деді секретарь жүрексінген үмітпен.

– Көңілдегідей, – деп мыскылдай жауап берді Шелетромош,– нәтижесі ойлап жүргенімізден асып түсті. Жарты сағаттың ішінде бүкіл орамнан түк калмай жанып кетті.

Фаркашич каракошкыл бұлттан да бетер түнере калды. Ол Шелетромошты одактың ескі мүшесі, екпінді жұмыскер деп жүретін, бірақ мынадай жауабы үшін, тарпа бас салуға аз-ақ тұрды. Дегенмен ол өзін-өзі билеп алды, тіпті сыр да білдірген жок.

– Бұл бірінші окиға емес қой, – деді Фаркашич жайлап қана, – бірақ осында не гәп бар, калай деп ойлайсың?

Электромонтер темекісін тартып, біраз тұрып калды да:

– Меніңше, бұл – каскүнемдік. Мұны конструкторлық бюро жасап жүр, – деді.

– Ә, конструкторлық бюроның каскүнемдігін біле тұра, енді ғана айтып тұрсың ба?

– Қалайша енді ғана? Мен былтыр-ақ айткан болатынмын.

– Шелетромош жолдас, содан бері көзіңізді жұмып алғаныңыз жарамаған. Мейлі, конструктор бюросы бұлдіре берсін! Менің жұмысым канша? Мейлі, бәрі неге астан-кестен болмайды, маған келер-кетері жоқ демексің ғой, солай ғой? Бар болғаны турбогенератор құрастырылмас. Матра[1] электр орталығы салынбас. Деревнялар электр жарығынсыз қалар дейсің ғой! Бұны не деп атайтынын сен білемісің? Ұмытып қалсаң, есіңе салып-ақ жіберейін, – бұны зиянкестік, деп атайды.

Шелетромош жайлап түрегелді.

– Фаркашич, тыңдашы, мен қарапайым ғана монтермін! Жобалаушылар не айтса, соны істеймін. Және жаман да істемейтін тәріздімін. Ауыспалы қызыл ту да ауысуын қойып, ала жаздай бізде тұрақтап қалды. Менің бар жұмысым инженерлердің берген жоба сызықтары бойынша турбогенераторды құрастыру. Менің бұдан былайғы істейтінім де осы. Бас инженердің ішіне кім кіріп шыққан. Және бұл менің жұмысым да емес.

– Сен не ұсыныс айтар едің?

– Ұсыныс айтып қайтем.

Фаркашич қабағын шытты.

– Ертең мәжіліс өткіземіз, – деді ол жұлып алғандай. – Завод басшыларын, инженерлерді, проект бюросын, завкомды, екпінді жұмысшыларды, өндіріс жанашырларын және сенің бригадаңды түгел шақырамыз. Университеттік маман адамдарын да шақырамыз. Күн тәртібінде бір ғана мәселе болады. Ол – турбогенератор мәселесі.

– Тіпті жақсы! Мәжіліс аз боп жүр еді, не амал, жұрт сөйлеп бақсын, тыңдап көрелік, – деп Шелетромош иығын қозғап қойды.

Осы кезде есікке қарай тұра жөнелген Фаркашич монтердің соңғы сөздерін естіген де жоқ.

Кейбіреулер жуынып, киімдерін ауыстырып киюге де үлгірмей мәжіліске сатал-сатал комбинезондарымен келіпті. Заводтың директоры Берени мәжілісті ашық деп жариялап,

[1] Матра – Венгриядағы 1949 жылы жұмыска қосылған үлкен электроорталық.

заводқа көңіл бөліп, келгені үшін профессор Людвигке алғыс айтты да, бас инженер Мартинге сөз берді.

Мартин орнынан тұрып, көзілдірігін алып қойды да, күлімсіреген пішінмен баяндамасына кірісті. Мәжіліске келгендер жасыл шұғамен жабылған ұзын столды жағалай отырысты. Берени аузын ашпай есінеп отырды. Фаркашич өзінің тотыққан үлкен қолдарын тізесінің үстіне салып, баяндаманы зейін қойып тыңдап отырды. Шелетромош мойнын төмен салып, сигаретіне тесіліп қарады да отырды, профессор Людвиг блокнотына бірдеңелерді оқта-текте жазып қойып отырды.

Көп адам тартқан темекісінен зал лезде-ақ көк түтінге толып кетті. Мартин заводтағы жұмыс жайында сөйледі:

– 1947 жылы, кредиттік банкінің қарауында тұрған кезінде «Шрот» заводы Матра электр-орталығын салу үшін екі алып турбогенератор дайындауға мемлекеттік тапсырма алған болатын. Завод мұндай тапсырмаларды бірінші рет қана орындап отырған жоқ: бір кезде Банхида электр станциясына керекті жабдықтардың біразы біздің заводта дайындалған болатын. Соғысқа қарамастан, ескі жоба сызықтардың бәрі сақталып қалды. Бір кезде подшипник жасағанда қолданылған «Циприт Д» ерекше қоспасынан басқа, қажетті материалдардың барлығы да елдің өз ішінен табылды. Бұл қоспаны Нюрнбергтегі Симминс заводы дайындайтын. Ол қоспаның орнына басқа ештеңе қолдануға болмады.

Заводтың басшылары Нюрнбергке бірден хат жазды. Бірақ ол жақтан: «Бомбалау кезінде завод қирап қалғандықтан, қоспаны дайындай алмаймыз» деген жауап келді. «Циприт Д» подшипник дайындауға әбден пайдалы қоспа болғанмен, Венгрияда оның сырын ешкім біле қоймады. Расында да, ертеректе ол қоспаны басқа бірдеңемен ауыстырмақ болып көріпті, бірақ бәрінің де ойы жоққа шығыпты.

Осының салдарынан «Циприт Д»-сыз-ақ, жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жаңа құрылысты генератор жасау керек болды.

Атап айтуым керек, проекті бюросы жұмысты жаман істеген жоқ, екі айда генератордың жаңа конструкциясын жасап та шығарды. Бұл бұрынғы генераторлардан көп жағдайларда асып түспесе, кем түспейді деп үміттендік.

Сөйтіп, завод жаңа турбогенератор дайындауға кірісті. Бұл екі арада өндіріс орны мемлекет қарамағына көшті, жұмысты бригада болып істеу тәсілі қолданылды, еңбек жақсы өріс алды. Өткен қыста, генератор мерзімінен үш жеті бұрын дайын болып, сынауға берілді. Ток алғашқыда аздап, кейін молырақ жіберілді. Шамасы жарты сағаттан кейін біртүрлі күйік исі шықты. Ток жіберу де дереу тоқтатылды. Сөйтсек якордың орамы жанып кеткен екен. Комиссия құрылып, миллион форинт шығын болғанын есептеп шығарды. Бұл комиссия осы сәтсіздіктің себебін де ашпақ болды да: «Сәтсіздік, изоляциясының нашарлығынан болған» деген қорытындыға келді. Осыны ескеріп, біз турбогенераторды жөндеуге қайта кіріскен едік...

Мартин содан соң турбогенератордың жеті ай уақыт өткенде ғана барып тағы сыналғандығы туралы айтты. Бұл жолы сақтанып, сынау уақытында токты аздап жібердік. Бірақ қанша сақтанғанымызбен, кешке қарай ақау барлығы байқалды: біраз жердің бояуы түсіп, шатынап жарылып кетіпті, машинадан түтін будақтай бастады. Рас, бұл жолы алғашқыдай аса көп бүлінген жоқ, бірақ әлі күнге дейін себебін анықтаудың сәті түспей-ақ келеді.

– Мүмкін, бұның себебі әлі де изоляцияның нашарлығынан шығар, – деп қосып қойды Мартин. – Конструкциясын жасағанда жоғарырақ температураға шыдайтын етіп дайындау керек шығар... Міне, істің жайы осылай. Осы мәселелерді шешуге мәжілістің көмегі тисе, мен өте қуанар едім.

Залда отырғандар бір қозғалып қойды. Бас инженердің салмақты сөздері, келтірген дәлелдері баяндамашының адалдығы мен ақтығы оларды кәміл сендіргендей. Баяндамасын жұрттың ұйып тыңдап отырғанынан-ақ, Мартин мәжілістің ойдағыдай өтіп жатқанын ұға қойды.

– Құрметті жолдастар, – деді ол сөзін жалғастырып,– біздің заводта таралып жүрген, кісі күлерлік жалған айып туралы бірнеше сөз айтпақпын. Генератордың ішіне әлдекім бірдене тастап жіберіпті-міс мұнда бір қаскүнемдік, айта берсеңіз, зиянкестік те бар десіп жүр. Генераторды құрастырып жүрген жұмысшылар мұның мүлде қисынсыз екенін жақсы біледі. Мен заводта жиырма төрт жылдан бері істеп келемін, оның үстіне электротехникамен айналысып жүрген оқымыстымын. Тәжірибе менімше болжанбаған

жағдайларды алдын ала ескеріп, олардың құнын өндіріске күні бұрын енгізіп қоюды керек етеді.

Бас инженер көзілдірігін киіп, қағаздарын стол үстіне қойды да, мәжілістің немен тынарын енді жұртпен бірге бақылайын деген оймен орнына кеп отырды.

Мәжілісте отырғандардың көбі іштерінен «енді осымен аяқтаса да болар еді-ау, бәрібір бас инженердің айтқанынан артық не айтуға болады» деп ойлады. Директор профессор Людвигке сөз берді. Ол университетке кетуге асығып отырғандықтан, аялдай алмайтын болды. Жоба сызықтарымен көз жүгіртіп танысып өткеннен кейін, ол тек қана электроизоляциямен ғана емес, жылу изоляцияны да қолға алу керектігін айтты. Егер сумен салқындату арқылы генератордың бөліктерінің ысып кетпеуін игеріп алу қолдан келсе, бұл проблема өзінен-өзі-ақ шешіледі. Ол қазір көп сөйлеп жатпайтындығын, жаңағы айтқандарының жобасын жасап, таяу арада заводқа жіберілгендігін айтты. Лекциясы болғандықтан, ол мәжілістен кетіп қалуға мәжбүр болды.

Завком председателі Пирк жолдас та профессордың пікіріне қосылды. Ол да изоляцияны күшейту керек деді және осындай жағдайларда сумен салқындатудың заводта көптен бері қолданылып келе жатқанын ескертіп өтті. Ол қаскүнемдік бар дегенді өз басы топастық деп есептейтіндігін айтты.

Монтерлер бригадасының мүшесі Дирнер өктем сөйлеп:

– Жолдастар, мен қаскүнемдіктің болуын әбден мүмкін деп санаймын, өйткені біз қазіргі жағдайда жауларымыздың жаңа бір әрекетіне тап болып отырмыз. Империалистер нендей сұрқиялықтан болса да тайынбайды, олар бізге зиянкестік жасау үшін, қылдан тайып кеткенімізге дейін пайдаланып қалуға дайын. Бірақ олардың бұл жолы да күйрейтіні сөзсіз. Ал турбогенератордың конструкциясы жөнінде айтылғандарға қоса басқа айтарым жоқ, – деді.

Жұмысты өте жақсы істегені үшін былтырғы жылы сыйлық алған инженер Ференц сөйлер алдында тіпті қатты мазасызданды. Ол конструктор бюросын жауапкершіліктен арашалаған жоқ, бірақ мұндай конструкцияны жасарда жұмыс процесінде көптеген қиындықтардың кездесетінін ескеру керектігін тағы бір айтып өтті. Ол турбогенератордың конструкциясын жасаудың өзі тым тәуекел етушілік екенін

әлдеқашан ескерткен болатын. Қазір, дегенмен, айта қалғандай өзгерістер енгізуден кеш қалдық, сондықтан да конструкцияның изоляцияға байланысты негізгі ақауын ғана жөндеу керек. Егер бүкіл системаны қайта жөндейтін болсақ, тағы да көп шығынға ұшыраймыз. Ференц конструктор бюросында каскүнемдік бар деушілікті жоққа шығару керек, деді.

– Интеллигенция,– деді ол, – халыққа адал қызмет етеді. Егер опасыздардың бары рас болса, оларды әшкерелеп, өз орталарынан әлдеқашан қуып шыққан болар еді.

Бригадир Шелетромош сөз алды да, аз уақыт үнсіз тұрып қалды. Содан кейін сөз тізбектерін киюластыра алмаса да, желпініп, қыза сөйлеп кетті.

Зиянкестік деген не? Жұмыс істеп тұрған генераторға темір сынықтарын лақтырып жіберу ғана ма? Зиянкестік осы ғана деу топастық болар еді. Зиянкестік пен каскүнемдік адамның басында, санасында жасырынып жүр. Жау тым айлакер. Қазір уысыңнан жып беріп шығып кетеді де, басқа жерге барып шаяндай шағып жүргенін бір-ақ көресің. Каскүнемдік әрекетте ғана емес. Кімде-кім өзіне жүктелген істі орындамаса, нағыз каскүнем деп соны айтады. Білсін-білмессін, бар зейінді ұсақ-түйекке аударып жібереді. Қайткен күнде де біз каскүнемдік пен зиянкестіктен қорғана аламыз, біз жауларды да қолға түсіреміз. Мен бар болғаны монтермін, бірақ заводта бір былықтың барын осының бәрі үшін біреудің жауап беретіндігін жақсы білемін, сеземін. Мен әзірше бұлардың кім екенін білмеймін, бірақ осы генераторды жаны сүйе қоймаушылардың да бар екенін ашық айта аламын.

Шелетромоштан кейін сегіз адам сөйледі. Бірақ бұлардың бәрі жиналыстың назарын ұсақ-түйекке аударып жіберді де, бұл бос сөздер Фаркашичтің ішін пыстыра бастады. Секретарь өзінің ұп-ұзын бойымен шірене түрегеліп, отырғандарды көзімен бір шолып өтті де, кенет сөйлеп кетті:

– Жолдастар, мен көп сөйлеп жатпаймын. Меніңше, мәжіліс теріс бағытта өтіп жатыр. Біз тағы да әркайсымызды толғантқан жайларды айтып жатырмыз, ал бүгінгі шешпекші боп отырған іс жөнінде күрмеліп қалып отырмыз. Сөйлегендердің біразының көп ұсыныстары айналып-

үйіріліп келгенде изоляция мәселесіне ғана тоқталды, ал бізге бұл бұрыннан-ақ белгілі ғой. Алға басуымызға жол көрсетпесе, бұл мәжілісті шақырып керегі жоқ еді. Сөйлегендердің бірде-бірі негізгі проблеманы көтере алмады. Кейбір жолдастар қаскүнемдік пен зиянкестік жайында айтты. Менің көзқарасымша, бұл дұрыс қойылған мәселе емес. Егер біз бұл мәселе жайында жеткілікті дәлелге сүйенбесек, еш нәтиже шығара алмаймыз. Кейбір жолдастардың мұнда қаскүнемдік пен зиянкестік бар деген күдікті пікіріне құлақ аспаса да болады, өйткені олар ешқандай фактіге сүйенбеген...

Фаркашич соңғы сөздерді айтқан кезде, бас инженер мақұлдап басын изеді.

– Жолдастар, мен бұл мәселені басқаша қарағым келеді. Меніңше, сөйлеушілердің негізгі қателігі мынада: олардың ешқайсысы да заводтағы іске саяси баға бере алмады, яғни генераторды сынаудағы сәтсіздікке еліміздің, еңбекшілеріміздің ортақ мүддесі тұрғысынан емес, тар көлемдегі өндірістік тұрғыдан қарады. Бас инженер және одан кейін сөйлеуші жолдастар бұл проблеманы өте тар, өндірістік тұрғыдан қарады, оның үстіне тек бір ғана заводтың көлемінде алып қарады. Ал іс жүзінде турбогенератор жасау проблемасының мемлекеттік маңызы бар. Генератор екінші рет сыналғанда да жанып кетті, тапсырманы да мерзімінде екі рет орындай алмай отырмыз. Осының қанша зияны болды? Біріншіден, әзір үзілді-кесілді айту қиын, бірақ миллион сом шығын болғаны анық. Екіншіден, уақыттан ұтылдық: біз мыңдаған жұмыс сағатын басқа өткізіп алдық. Онымен қоймай еңсеміз түсіп кетті, өйткені біз жарыста артта қалып қойдық, завод бұрынғы даңқынан айырылып қалды. Бұл шығынның бәрі бір-ақ заводтың тұрғысынан болып отыр. Біз мемлекетке де зиян келтірдік, өйткені біздің қырсығымыздан Марта электр-орталығының құрылысы кешеуілдеп жатыр, бізбен байланысты заводтар бізге қарайлап отыр. Ең жаманы – біз деревняның электрленуін кешеуілдетіп отырмыз. Өздеріңіз білесіздер, бұл үлкен саяси қате. Жоспарды орындамау арқылы біз шаруалардың жұмысшы табына сенімін әлсіретеміз. Бұл империалистік реакцияның күшін нығайту деген сөз. Мен мұның бәрін саясатты жақсы білетіндігімді көрсету үшін айтып тұрғамын

жок, республикамыздағы құрылыстың табысты болуы біздің жұмысымызға байланысты екенін сіздер түсінсін деймін.

Бәрі де беріле тыңдады. Тіпті, Мартиннің маңдайынан шып-шып тер шыққан.

– Міне, жолдастар, – деп сөзін жалғастыра берді секретарь, – баяндамадан және жарыс сөздерден де барлық сәтсіздіктің себебі жаңа конструкцияда, мұндай күрделі істе қателесу болмай қоймайды, – дегенді естідіңіздер. Басқарақ айтсақ, конструкторлар, турбогенератордың мерзімінде дайын болмайтынын күні бұрын-ақ білген болып шығады. Ал, тіпті білмеген күннің өзінде, түсінуге міндетті. Өйткені олар осы істің мамандары. Біздің еңбекшілер партиясының жаңашыл қозғалысты өрістету үшін қаншама атсалысқандығы бәрімізге де мәлім. Біз, әрине, қашан да жаңалық енгізуге тырысамыз. Біз еңбекшілердің де өз ұсыныстарын айтуына жол береміз, бірақ бұл ұсыныстар өндірісті кері кетірмей, ілгері сүйрейтін болсын. Өндірісті дамытатын, жетілдіретін ұсыныс жаңалық болмақ. Егер бұл болмай, ол жаңалық өндірісті жақсартудың орнына кейін кетірсе, онда бұрынғы сыналған құралымыздың өзі жақсы. Мен инженер конструктор жолдастарға, ең алдымен бас инженер Мартинге мынадай сұрақ қояр едім: жаңа конструкция жасаған кезде мұндай қиыншылықтардың кездесетіндігін күні бұрын сезсеңіздер еліміздің құрылыс жұмыстарында турбогенератордың үлкен маңызы бар екенін біле тұра, ескі конструкцияны неге қолданбадыңдар, жаңа конструкция жасауға неге кірістіңіздер? Жоба сызықтарды бұрын тәжірибеде сыналған ескі конструкцияның үлгісімен неге жасамадыңыздар?

Мартин осы бір сәтке дейін партия комитеті секретарының сөзінің жатық шыққанына сүйсіне тыңдап отыр еді. Бірақ төтеннен айтылған мына сөзге таңырқаған ол қолын жазып, қабағын түйіп, томсара қалды. Ол орнынан атып тұрды да, дайындалмай-ақ дереу жауап беруге кірісті. Жеңіп шығатындығына шек келтірмеген ол әлсіз жаумен қылыштасқан сайысшы тәрізді түйрей бастады:

– Мен бүкіл конструктор бюросының атынан секретарь жолдаска жалынды алғыс айтамын. Ол біздің көз алдымызға үлкен келешектің суретін елестетті, генератор жасаудың саяси

маныздың ашып берді. Менің арнайы баяндамамнан кейін де, біздің гурбогенератордың жаңа конструкциясын жасауға неге кіріскенімізді ол кісі түсінбесе керек. Мұның бәріне «Циприт Д» ерекше қоспасының жоқ болуы себеп болғанын тағы да айтамын. Симменс заводы қоспа жасай алмағаннан кейін, басқа еш жерде қоспа дайындалмайтын болған соң, генераторды бұрынғыша жасауымыз жауапсыздық болып шығар еді. Мүмкін, Фаркашич жолдас менің сөздерімді түсінбей қалған болар. Егер ол электротехника саласынан жөнді ештеңе білмегендігінен, менің көзқарасымның дұрыстығына шүбәланса, конструктор бюросына сенсін. Бюро қызметкерлері аталған қоспасыз ескі жобаны қолдану сұркиялықпен бірдей деген қорытындыға келді. Өйткені бұрын да осы бағытта талпынулар болғанмен, бәрі де сәтсіз болып аяқталған. Сезімнің қорытындысында құнды пікірлер айтқаныңыз үшін тағы да алғыс айтамын.

Фаркашич орнынан тағы да тұрды.

– Мен бас инженердің осында айтқандарының растығына бұрын да күдіктенген жоқпын, – деді ол.– сіздердің Нюрнбергтен «Циприт Д» қоспасын ала алмағандарыңызға да сенемін. Бірақ жаңа конструкция жасауға дереу кірісе коюдың неге керек болғанын түсінбеймін.

Бас инженер Фаркашичті қашанда тегін айтыспайтын адам деп санайтын, ал қазір ол секретарьдің қалай қарай бет бұрғанын біле алмай, боска килігіп отыр.

– Олай болса мен амалсыздан үшінші рет қайталаймын: подшипник жасау үшін тек «Циприт Д» қоспасы ғана жарамды. Кезегі келіп тұрғанда айта кетейін: жаңа конструкция арзанға түседі деп үміттендік. Егер Фаркашич жолдас қаласа, мен бұл әбден анықталған мәселеге толық түсінік бере аламын.

– Жоқ, маған мұндай түсініктердің керегі жоқ,–деді Фаркашич, өзінің үп-үлкен басын төмен иіп, бірақ мен сіз өзіңіз айтып отырған жағдайларда жаңа конструкция жасауды қылмыс деп білем.

Шыдап отыра алмаған Мартин:

– Ғафу етіңіз, – деп орнынан атып түрегелгенде жинақы кейін қайрылған шашы желк етіп маңдайын жауып кетті, бірақ мен мүлде ештеңеге түсіне алмай тұрмын. Ескі

конструкция жарамаса, жанасы да сай келмейді. Осылай ғой. Сіз әрине, мені айыпқа бұйырмаңыз, бірақ мен мұндай жағдайда жұмыс істей алмаймын.

Завод жұмысшылары бас инженерлердің өзін-өзі билей алмай қалғанын бірнеше жылдан бері, алғаш рет көріп отыр. Оның костюмінен бастап тіпті өткір сөздеріне дейін еш міні болмайтын. Ол қазір тіпті Мартинге ұқсамай қалыпты.

Фаркашич жымиып та қойды. Ол бас инженер өз орнына отырғанша күтіп тұрды да, сол сабырлы калпында калуға тырысып, тағы да сөйлеп кетті:

– «Циприт Д» коспасын тауып алу үшін конструктор бюросының барлық шараларды колданбағандығын мойындауға тура келеді.

– Өзім бұған қарсы болсам да, біз коспаны Брюссельден де сұратып көрдік. Есіңізге алып коюыңызды сұраймын, –деп Фаркашичтің сөзін бөліп жіберді де, Мартин сол калпымен мойын бұрмастан отыра берді.

– Ал, Совет Одағынан сұратып байкадыңыз ба? – деп секретарь көтеріле сөйледі.

Бас инженердің жүзі әп-сәтте-ак өртеніп қызарып кетті.

– Бірақ совет өнеркәсібі... – деп катты бастаған инженер даусын кенет бәсеңдете койды да, тіпті оның не айтып тұрғанын айыру қиын болды. – Совет металлургиясы мұндай коспаларды дайындамайды ғой. Мен мұны басқалардан гөрі жақсырақ білермін.

– Бас инженер өзінің бұл мәліметтерін қайдан алып жүр екен? Соны білер ме еді? – деді Фаркашич қаткыл үнмен.

Мартин колын сәл жыбыр еткізді де, үндей алмай қалды.

– Совет Одағында мұндай коспалар шынымен-ақ дайындалмайды екен делік. Бірақ осының анығына жету конструкторлық бюроның міндеті емес пе еді?

– Я, я, айтуға оп-оңай, – деп серпіліп қалды Мартин. – Қырық жетінші жылдары осындай ұсыныспен басшыларға кіріп байкар ма едіңіз! Оның үстіне біз бұл коспаның кандай құрамнан тұратынын бәрібір біле алмас едік. Бұл баланың ойыншығы емес, патент кой.

– Үлгісін жіберіп алу керек еді, – деп секретарь дегенінен қайтпай тұрып алды.

– Сонда бұған канша каржы кетер еді?

– Ең көп болғанда төрт, не алты мың форинт кеткен

болар еді. Тіпті Совет Одағында бұл қоспаны жасамағанның өзінде, не бары алты-ақ мың форинт шығындар едік. Бірақ бұл басқаша болуы да мүмкін ғой, өйткені совет өнеркәсібі бұл қоспаны дайындаудың тәсілдерін біледі! Бұлай еткен күнде біз тек ақшалай миллиондаған форинт үнемдеген болар едік.

– Мен жауапкершілікті өз мойныма аламын,– деп айғайлап жіберді Мартин.– Бірақ менің сіз ойлағандай етіп істемегендігімді неліктен деп түсінер едіңіз, соны айтыңызшы? Мүмкін, жаңа конструкциялы генератор жасау үшін екі ай бойы әуреленуім алаңғасарлығымнан болған шығар? Мен осы соңғы жылдарда қыруар көп жұмыс аткардым. Сондықтан да маған бірденеден күдіктене карау тіпті... Бірақ бәрібір...

– Сіздің мына құлқыңызды қалай түсінетінімді сұрайсыз ба? Рұқсат етіңіз, айтып-ақ берейін: бас инженер Мартин, сіз совет өнеркәсібінің қуаты мен мүмкіндігіне сенбейсіз. Инженерлердің арасында да тап сіз сияқтылар аз емес. Сіздің құлқыңызды осылай деп қана түсінуге болады. Сіздің шүбәлана беруіңіз мынадан туған: сіз техниканы Гейдельбергте, Англияда және басқа буржуазиялық жоғарғы мектептерде үйрендіңіз. Міне, сондықтан да сіз сенбейсіз. Сіз бірнеше жыл ұдайымен у сорып келдіңіз, ал оны түкіріп тастауға дәрменсізсіз, өйткені сол усыз күнім не болады деп қорқасыз. Буржуазиялық ұстаздарыңыз сіздің көзіңізге шел каптатқан, оны сіз сылып тастай алмадыңыз. Сіз сондықтан да сенбейсіз. Сіз жиналыстарда Совет Одағын дәріптейсіз, ал іске келгенде батыс ғылымы мен техникасының алдында құлдық ұрып, құрдай жорғалайсыз. Ал Совет Одағының бұл саладағы табыстары туралы сөз болса, түк көрмегендей, ештене естімегендей бола қаласыз. Инженер жолдастар, сіздерге айтарым мынау-ақ: – көздеріңізді ашып, сергіңіздер! Заводымыздың директоры Берени жолдас, сіз де ұйқыңызды ашыңыз! Бұл мәселелермен айналысу сіздің міндетіңіз емей кімнің міндеті.

Тіпті бар мүлікті мемлекет меншігіне айналдыру кезінде сізді партия осындай жауапты орынға тәртіп орнату үшін қойып отыр ғой!

Зал іші құлаққа ұрған танадай жым-жырт бола қалыпты.

Берени орнынан тұрды. Маңдайынан моншақ-моншақ тер ағып тұр.

– Жолдастар, кателік жасағанымды мойындауға тиіспін. Ол қатемді мүмкіндігінше тез арада түзеуге тырысамын. Мәжіліс жабық деп жариялаймын.

Екі жұмадан соң, бригадир Шелетромош пен инженер Ференци Совет Одағына ұшып кетті. Оларға ССРО-ға бармай-ақ, қоспаның үлгісімен екі анализді жіберсе де болатын еді. Бірақ Совет Одағына бұл заводтан әлі ешкім бармағандықтан, мынау бір қолайлы жағдай болды.

Олар төрт жұманың ішінде барып қайтуға тиіс еді. Алғашқы үш жұмада Шелетромош пен Ференциден хабар-ошар болмады. Олар алып елге бейнебір із-түзсіз сіңіп кеткендей. Қалалар мен селолар, колхоздар мен заводтар конақтарды қолдан қолға тигізбеді. Ақыр-аяғында: «Бар екен... Тіпті жақсырағын таптық, Ференци, Шелетромош» деген қып-қысқа телеграмма келді.

Олар қайтарында теміржолмен келді. Ференци мен Шелетромош көп сыйлық әкелді. Бірақ олардың социализм елінен әкелген сыйлықтарының ішіндегі ең маңыздысы – алдынғы қатарлы совет техникасы туралы әңгімелер еді.

Пал Сабо

ИШТВАН ТАРДЫҢ МЕРЕКЕСІ

Партия үйінің жанымен созылған терек ағаштарының бұтақтарын жайқалтып, жолшыбай тасжолдың шаңын сыпырып үп еткен самал еседі. Иштван Тар жай басып үйге жақындай түсті де, ашық терезелерінің алдына кеп токтады. Ол бұл жерден алыста, бау-бақшалары сортаң даламен ұштасып жатқан киыр шетте тұратын. Соңғы кездерде Тар мұнда тым сирек келіп жүрді: бірде жер бөлісі кезінде, одан соң мүліктерін тізімге алған кезде болды. Ал бұл өлкеге соңғы рет қашан, не жұмыспен келгені тіпті есінде де жоқ. Партия үйі халыққа лық толы болатындығы ғана есінде қалыпты. Әйтсе де дәл қазір бұл жерде жан жоқ, мүлгіген тыныштық. Иштван Тар терезеден үй ішіне көз салды. Столдардың

жаны құлаққа ұрған танадай жым-жырт. Қабырғадан Ленин, Сталин және Ракоши өзіне қарап тұр.

Иштван Тар бір сәт іземтік білдіріп, сілейіп тұрып қалды да, бойын жинап алып, портреттерге қадалып қарай бастады. Оның кенеттен жүрегі қысылып, бірдеңе тамағына лық етіп келіп қалғандай болды...

Иштван Тарға үйдің қабырғалары ғайып болып, портреттегі образдарға жан бітіп, оларды қызыл жауынгерлер ескі дүниені ғажайып күшпен жаныштап жүрген, сұрапыл революция дауылының ортасында көргендей болады.

Бос залға қадала қараған Иштван Тардың көз алдынан Екатеринбург, Омскідей орыс қалалары бірінен соң бірі елестеп өтіп жатты. Кейбір қалалардың атын ол әлі ұмытқан жоқ, кейбіреулері естен алдақашан шығып кетіпті. Бірақ ол осы адамдарды бұл қалалардың қайсысынан болсын көріп тұрғандай. Ол Ленинді ұлы ұрыстарды басқарып жүргенде көрді. Ленин солдаттарға арнап сөз сөйлегенде, бір кезде қызыл әскер боп жүрген ол полктың сол жақ қанатында тұр еді... Ал Сталинді ол, рас көрген жоқ. Бірақ қай жерде қиын-қыстау кезең туса, қай жерде сұрапыл дауыл соқса, Сталин қашанда сол жерде болатынын ол жақсы білетін:

– Сталин... – бұл – сол бір күндерде қызыл әскер-венгерлердің сан рет қайталап айтқан есімі.

Көзге түрткісіз тас қараңғы түнде аяқ астынан сайрап жатқан жол табыла кеткенде қарт жауынгерді қандай сезім билесе, олар да Сталиннің есімін сондай сезіммен ауызға алатын.

Сталин есімі жел тербеген музыкалық аспаптың күйіндей естілетін.

Қарт Тар жан-жағына елегізіп қарап тұр. Оның өз сезімін біреуге айтып бергісі, жан дүниесіндегі күйді ақтарып шерткісі келеді... Бірақ төңіректе жан жоқ. Тасжолмен бір көлік өте шықты да, көзден таса болды... Міне, бақшаға қарай қолдарына гүл ұстаған екі жас қыз келе жатыр. Олар кіреберісте қарт адамға таңыркай қарап, қалт тұрып қалды. Иштван Тар жан сырын ақтаратын адам тапқандай, оларға қарап шақырғандай белгі береді! Осы бір кезде бұрыш жақтан ағаш атқа отырған кішкене бір бала көріне кетті.

– Ата, – дейді ол, – үйге барыңыз, сізді әкем күтіп отыр! Қарт Тар бұрылып немересіне қарайды. Тамаша бір ыстық

сезім оның жүрегін кернеп бара жаткандай; күні кеше ол ешкіммен байланысы жоқ, томаға-тұйық болып қалған адам еді, ал қазір бар дүние көз алдында жарқ етіп, жұрттың бәріне керемет бір нәрсе айтқысы келетін тәрізді.

– Мұнда кел, немерем! – дейді ол, кия басса бұл орыннан айырылып қалардай көрініп, терезе алдынан кетпей.

Жас бөбек жақындай түсіп, атасының жанына келді.

– Ол жақта не бар? – деді бөбек.

– Терезеден қарашы!

– Несі бар, қарасам қараймын... – ол терезенің жақтауынан ұстап, аяғының ұшымен көтеріліп ішке қарай үңіле бастады.

– Ол жақтан не көрдің,–деді карт.

– Ленин, Сталин, Ракошиді көріп тұрмын... Мен оларды жақсы білемін.

Тар карт қайран қалды. Қалайша! Тарихты қазіргі балаларға дейін біліп алған ба? Яғни, қазіргі балаларға дүние қайта құрыла бастаған елді, дәуірді біліп алу үшін қанды жорықтарды кешіп, мыңдаған километр сапар шегудің керегі жоқ па екен? Ол таңғалып, тіпті өзінен-өзі ұялды. Бірақ немереңнің алдында қысылып қалғаныңды қайтып білдірерсің!

– Көп білгенмен, бәрін бірдей білмейсің ғой. Мысалы, сен менің Ленинмен әңгімелескенімді білмейсің ғой,–деп карт ақырын жөтеліп алды, – Сталинді көрдің бе, ә!

Жас бөбек атасына таңырқай қарап тұр.

– Ал сөйтіп сөйлестіңдер ме!.. Қашан?

– Қашаны несі? Ым! Міне, сен білмейсің! Түк білмейсің! Ал тыңдап көр! Бір мың тоғыз жүз он жетінші жылы венгердің әскери тұтқындары митинг ашу үшін орыстың үлкен бір қаласына жиналған кезде бізге Ленин келді. Ол биікке көтеріліп, бізге қарап сөз сөйлеген.

Ол бізге Қызыл Армия қатарына енсеңдер орыс шаруалары сиякты сендер де жер аласыңдар деген. Ал үйге кеткісі келетіндер жүре берсін өйткені қазір еркін бостандық. Шіркін, Ленин осылай деп еді-ау!

Немересі таңданып:

– Баска ештене айтқан жоқ па? – деді.

– Неге айтпасын? Көп нәрсе жайында айтты.

Карт Тарға қазір Ленин сөздерін бұлжытпай айтып бергенге не жетсін. Бірақ бұл ертеде болғандықтан және

орыс тілін нашар білгендіктен қазір Лениннің сөйлегенінен басқасы есінде қалмапты. Лениннің есте қалған кейбір сөздері ашық терезені самал жанап өткеніндей жанға рахат таптыратын. Немересін одан сайын таңдандыра түсу үшін, карт мактанынқырап алудан да тайынбады:

– Мен Сталинді де көрдім!

– Ол да сонда болды ма? – деп таңданды немересі. Оның жас көңіліне күдік кіре бастағаны сезіліп қалды.

– Енді қалай деп ең? Әрине, болды!

Қарт Тар кәдімгі солдат шинелін киген Сталиннің бейнесін тап бір көріп тұрғандай әжім-әжім маңдайын жыра түсіп, шұқшия қалды.

Үйдің жанына жұрт жиналып қалды. Жұрт бақшаның сыртында, тас көшенің жиегінде тұрып Иштван Тардың сөздерін ықыласпен тыңдап қалыпты.

– Сіз сол жақта қалып қоймай үйіңізге неге қайтып келдіңіз? – деп айқайлады бір адам. Бұл кәрі де емес, жас та емес, кедейде емес, бай да емес, біреуге ашуланғандай немесе біреуге өкпелегендей болып сөйлейтін, басқа қылығымен емес, осынысымен белгілі болған біреу еді.

Иштван Тар жақтырмай жауап берді:

– Отаныңа қалайша қайтып келмессің? Әрине, Россиядан жеңіп шыққанымыздан кейін барып, жиырма үшінші жылы ғана оралдым.

– Е, жеңіп шыққан мынау екен ғой, хехе-хе... Ал олай болса, құдай ақына айтыңызшы, әйтеуір жеңіп шыққаннан кейін, несіне қайтып келдіңіз?

– Өйткені қайтып келу керек болды, – деді Тар карт ашуланып. Сөйтті де, қолын артына ұстап, әрнеге күдіктеніп отыратын адамды оқты көзімен атып бір карап қойды. Оның кеткісі келіп еді, бірақ Партия үйіне Варгене келе жатыр екен. Есікті ашып жатып, ол куанғаннан айқайлап жіберді.

– Қарай көр, Иштван Тар карт келіп қалыпты... Көрмегеніме көп болды ғой! Кіресің бе, Иштван? Кіре ғой, кіре ғой бірер минутке! – деп ол оған есікті шалқайта ашты.

Қарт қолдарына гүл ұстаған қыздарға, үйдің жанына жиналған жұртқа таңыркай карайды, жастардың көшеден естілген күлкісі мен көңілді, салтанатты шуылына құлақ түреді. Қарт Тар салтанатты бірдеңе болып жатқанын ұғады, бірақ не екенін түсінбейді.

– Мүмкін, партиялық бір мереке өткізгелі жүрген болар-сыздар? – деп сұрады Тар, табалдырықтан аттап кіріп жатып.

– Мереке екені рас, бірақ тек партиялық қана мереке емес. Қаламыздың, бүкіл еліміздің, тіпті бүкіл дүниежүзінің мерекесі, Тар ата. Неғып білмей қалдыңыз? – деп таңданады Варгане, коридорды ашатын екінші кілтті жанталасып іздеп тұрып.

– Әйтсе де, бүгін қандай мереке?.. – деп қайта сұрайды ол, Варгенеге еріп келе жатып.

– Өзің бір қызық адамсың ғой дейімін, Иштван! Қай жақтан едің сонша? Ертең ноябрьдің жетісі ғой, бұл соның мейрамы. Бұл күнді біз де мерекелейміз. Бізге де мерекелейтін күн туды!

Олар залға кірді де, Варгане орындықтарды жөндеп қоя бастады, ал карт көсемдердің портреттеріне оқта-текте бір қарап қойып, залдың ортасында ерсілі-қарсылы жүрді де қойды.

– Танып тұрсыз ба? – деді Варгане.

– Танымағанда ше! Бір кезде Ленинмен сөйлестім де ғой. Және... Сталинді де көрдім, деп күлімсіреп жауап беріп тұр Тар карт.

– Е, ие! Айтпақшы сен де қызыл әскер болып едің ғой.

– Болғанда қандай! Бізге Ленин келген кезде мен сол жақ қанатта тұрған болатынмын. Ленинның жанында – Сталин тұрған. Олар үндеместен біздің қасымыздан өтті де...– деп Тар карт мүдіріп қалды. Есік алдында партия комитетінің секретары тұрған.

– Я, я, айта беріңіз, әке. Мәселе қалай болып еді? – деді ол, бөлмеге кіре беріп.

Иштван Тардың орнына Варгане жауап берді:

– Көрдің бе, жолдас секретарь, сонау бір күндерде Иштван Тар да азаттық үшін күресіпті. Ал бар енді, Целехонек келіп тұр ғой. Ол менің Балинтімдей тимес.

– Ал Хортидің кезінде сіздің қызыл әскер болғаныңызды білмей-ақ қалғаны ма?

– Жоқ. Ха-ха... Он бірінші жылы әскерге алынғанымда-ақ мен барлық жайды түгел айта бермеу жақсы болатынын білген оқымысты едім. Мысал ретінде айтайын, мен бірде шығыс грек шіркеуіне жататындар үшін поп шақырмайтынын сезіп

калдым. Осы кезде мен бардым да, осы дінге жатамын деп айта салдым. Бір кезде рота командиріміздің маған: «Сенің кескініңде католик діниндегілердің ізгілік кейпі бар дейді ғой. Кәне, бері шыкшы...» – деп акырғаны әлі есімде. «Аға лейтенант мырза дедім мен оған, – кескін-келбет тек сырткы сипат кана деп кошеметпен айта алам!» Ха-ха. Акыры түк те болған жок... Бір күні біз үйге кайтпай тұрғанда, егер шетелде кімде-кім кызыл әскер болғанын мойнына алса, оңбайды дегенді естіп калдык. Менің полктас досым Балинт Варга байғұс олардың тырнағына осылай ілініп калған. Оны сол табан астында-ак... Ал, екеуміз жас күнімізде асыр салып бірге ойнап, бүкіл солдаттык өмірімізді бірге өткізген едік кой... Е-е жарыктык... дегенмен, жолдас, сіздер кандай мерекеге дайындалып жатырсыздар, соны айтыңызшы?

– Қандай мерекесі несі? Ертең революция мерекесі – жетінші ноябрь ғой. Міне, біз соған дайындалып жатырмыз. Бұдан соң жиырма бірінші декабрьде Сталин жолдастың жетпіс жаска толуына арналған тағы бір мереке болады.

– Сталиннің жетпіс жаска келіп калғаны ма!.. Ал мен көрген кезде ол тіптен жас еді ғой! – деп Тар ойлана сөйлеп, басын шайкап кояды. – Оны айтамын-ау, менің өзім де жетпіске келіп калдым ғой... Токтай тұрыңызшы, секретарь,– деді де Иштван Тар бір уакытта куанғаннан орнынан ұшып тұра келді. – Декабрьде жетпіс жаска толғанымды мен де мерекелемекпін! Тек мен жиырма тоғызы күні мерекелеймін. Тіпті құрдас екенбіз ғой! Егер жай карапайым тілмен айтканда, мен оның ағасы екенмін ғой, ә? Секретарь кағаздарын портфелінен алып, столға койды да, жәшікті ашып бірдеңені іздей бастады.

– Дұрыс. Сталин жолдас біздің бәріміздің де ағамыз. Тап сондыктан да біз коммунистер – бір семья сияктымыз. Карт жауынгер, біз сізді де зор куанышпен аға тұтамыз. Ал калада сіз сиякты карт жауынгерлер көп пе? – деп сұрады секретарь.

– Рас, онша көп емес. Бірак біз от пен суды кешіп өттік кой.

– Бұл дұрыс. Сіздерге көп нәрсені бастан кешуге тура келді. Жолдас Тар, сіз Партия үйіне, бізге неге келіп тұрмайсыз? Сіз бізге сол бір өткен күндер жайында айтар едіңіз, ал біздің жолдастар сіздің әңгімеңізді куана-куана тыңдар еді.

– Иә, сөйтсе де болар еді... бірақ мен сіздерге бөгет болып жүрмесем...

– Ол не дегеніңіз... Мен, тіпті, барлық карт жауынгерлерді жинап алып, демонстрацияда оларды өз алдына бір колонна етіп өткізсе, жақсы болар еді деп ойлап тұрмын. Халық сіздерді бір көрсін, сіздерге де халықтан жасырынып жүргендей тұк те жок. Сіз калай ойлайсыз, Варгане, олар шығар ма екен?

Варгане жауап беруге октала бергенде Тар карт оны бөліп кетті:

– Неге шыкпасын? Міндетті түрде шығады, мен оларды жақсы білемін ғой!

Иштван Тар өзін карт жауынгерлердің шағын колоннасын бастап, қаланың ол шетінен бұл шетіне қарай басын такаббарлыкпен жоғары көтеріліп келе жаткандай сезді. Жан-жакта музыка үні жаңғырып тұр. Ол үлкен бір қызыл туды көтеріп келе жатыр; тап карсыдан болмаса да сәл көлденеңдеп жел соғып тұр. Ол да болса алқызыл жалауды бірде сабына оралтып, біресе ту канатын жая түсіп, толқыта желбіретіп келеді. Барлық жерде какпалар мен терезелер ашыла қалыпты, таңыркаған жұрт көшеге карайды. «Қараңыздаршы, көріңіздерші, біздің карт жауынгерлер келе жатыр!» – деген дауыс тұс-тұстан естіліп жатыр.

Ал ол колына қызыл ту ұстап, ашыла калған какпалар мен терезелерді жанай өтіп, сүйсіне карап калған қыруар көздерді таңдандыра, біртүрлі бір мактаныш сезімімен жүріп келеді. Оның карсы алдынан барлық кедергілерді таптап өтіп, кең байтак даламен тарих көші аршындай адымдап келе жаткандай.

Айқын Нұрқатов еңбектерінің библиографиялық көрсеткіші

(Құрастырған Серік Негимов)

1) Кітаптары

1. Қазақ әдебиеті. Орта мектептің IX класына арналған оқулық. (Авторлармен бірлесіп жазылған). ҚазМемл. оқу-педагогика баспасы. 1952-1966 жылдар.

2. Венгер әңгімелері. Аударған Айқын Нұрқатов. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік Көркем баспасы. 1952. – 237 бет.

3. В.В.Маяковский – совет дәуірінің аса талантты ақыны. – Алматы: Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің мәдени-ағарту мәкемелері істерінің басқармасы. 1955. – 34 б.

4. Қазақстанның Россияға қосуылының прогрессивті маңызы. – Алматы: Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің мәдени-ағарту мекемелері істерінің басқармасы. 1956. – 60 б.

5. М.Әуезовтің творчествосы. (Қазақ орта мектептерінің әдебиет мұғалімдері үшін материал). – Алматы: Қазақ ССР Оқу министрлігінің мектептер басқармасы. 1956. – 80 б.

6. Сәбит Мұқановтың творчестволық жолы. – Алматы: Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің мәдени-ағарту мекемелері істерінің басқармасы. 1956. – 41 б.

7. Сәбит Мұқановтың өмірі мен творчествосы. (Қазақ орта мектептерінің әдебиет мұғалімдері үшін материал). – Алматы: Қазақ ССР Оқу министрлігінің мектептер басқармасы. 1956. – 77 б.

8. Орыс халқы – ежелгі досымыз. – Алматы: Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің мәдени-ағарту мекемелері істерінің басқармасы. 1957. – 120 б.

9. Маяковский және казак совет поэзиясы. (Педагогикалық институттарда сырттан оқитын студенттер үшін көмекші

құрал). – Алматы: Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің мәдени-ағарту мекемелері істерінің басқармасы, 1957. – 98 б.

10. Мұхтар Әуезов. Монографиялық очерк. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас. 1957. – 182 б.

11. Мухтар Ауэзов. (Критико-биографический очерк) // Москва: Советский писатель, 1958. – 131 б.

12. Мухтар Ауэзов. Критико-библиографический очерк. КазГосИздательство Худ.литературы. Алма-Ата, 1958. Перевод с казахского Н.Ровенского. 131 с.

13. Ғ.Мұстафиннің творчествосы. (Қазақ орта мектептерінің әдебиет мұғалімдері үшін материал). – Алматы: Қазақ ССР Оқу министрлігінің мектептер басқармасы, 1959. – 51 б.

14. Мухтар Ауэзов. М.: Издательство «Знание», 1960.

15. Венгров Н., Эфрос М. Дмитрий Фурманов. Роман. Аударған Айқын Нұркатов. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. – 228 бет.

16. Идея және образ. Сын-әдеби мақалалары. Алматы: Қазкөркемәдеббас, 1962. – 324 б.

17. Қазақ әдебиеті. IX сыныпқа арналған оқулық. (С.Қирабаев, З.Қабдоловпен бірлесіп жазған). – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу құралдары баспасы, 1962. – 132 б.

18. Қазақ әдебиеті. X сыныпқа арналған оқулық. (С.Қирабаевпен бірлесіп жазған). – Алматы: Қазмемокупедбас, 1964. – 132 б.

19. Тарас Шевченко және қазақ әдебиет. – Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1964. – 20 б.

20. Айтматов Шыңғыс. Шынарым менің, шырайлым менің. Повесть. Аударған: Айқын Нұркатов. 1964 жыл.

21. Айтматов Шыңғыс. Сыпайылық. Әңгіме. Аударған: Айқын Нұркатов. 1964 жыл.

22. Қазақ әдебиеті. X класқа арналған. (С. Қирабаевпен бірге). Алматы: Мектеп, 1964-1965.

23. Мұхтар Әуезов творчествосы. – Алматы: Жазушы, 1965. – 400 б.

24. Ғасыр перзенті. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 68 б.

25. Сын века. – Алма-Ата: Казахстан, 1965. – 60 стр.

26. Абайдың ақындық дәстүрі. (Монография). – Алматы: Жазушы, 1966. – 346 б.

27. Қазақ әдебиеті. Орта мектептің 9-класына арналған оқулық. Қ. Жұмалиев, С. Қирабаевпен бірлесіп жазылған).

4-басылымы. Алматы: Мектеп, 1966-1967; Тиражы 46000.
28. Қазақ совет әдебиеті. X класқа арналған. (Авторлармен бірігіп). Алматы: Мектеп, 1966-1985.
29. Жалғасқан дәстүр. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1980. – 312 б.
30.Айқын Нұрқатов. Шығармалар жинағы. 4 томдық. Алматы, 2010.

2) Мақалалары

1950 жыл

1. Америка империалистерін М.Горькийше әшкерелейік // Әдебиет және искусство. – 1950. № 4. 56-60 беттер.
2. Екі дастан // Әдебиет және искусство. – 1950. №9
3. Көсем суреті. Өлең // Әдебиет және искусство, 1950. №12, 35-бет.

1951 жыл

1. Қ.Аманжоловтың өлеңдеріндегі жат сарын // Лениншіл жас. – 1951, 16 қыркүйек.
2. Еңбек күйінің поэзиясы // Лениншіл жас. – 1951, 7 наурыз.
3. Әдебиет сынының большевиктік принциптілігі үшін // Лениншіл жас. – 1951, 9 желтоқсан.
4. А. Тоқмағамбетовтің жаңа өлеңдері // Әдебиет және искусство. – 1951, № 3.
Бұл – колхоз өмірінің шындығы емес // Социалистік Қазақстан. – 1951, 9 қыркүйек.
5. «Жексен» // Әдебиет және искусство. – 1951, №8, 75-77 беттер.
6. Маяковский шығармаларының аудармасы туралы // Әдебиет және искусство. – 1951, №11.
7. Поэзиялық шығармалардың аудармалары // Социалистік Қазақстан. – 1951, 9 желтоқсан.
8. Сәбиттің прозасы // Лениншіл жас. – 1951, 17 мамыр.
9. Совет шындығынан алыс адамдар // Әдебиет және искусство. – 1951, №9, 70-79 бттер.

10. Қырғыз жырлары // Лениншіл жас. 1951. 12 июль.

1952 жыл

1. Алғашқы сөз // Социалистік Қазақстан. – 1952. 28 желтоқсан.
2. О переводах произведений В.В.Маяковского // Казахстан. – 1952. №2. 91-96 с.
3. Бағалы кітап (С.Көбеевтің «Орындалған арман» атты романы туралы) // Халық мұғалімі. – 1952. № 3. 76-80 беттер.
4. Без вдохновения // Советский Казахстан. 1952. № 12. С. 98-102.
5. Бейбітшілік дауысы // Әдебиет және искусство. – 1952. №4.
6. Гогольдің қазақ әдебиетіне әсері // Әдебиет және искусство. – 1952. №3.
7. Гоголь және қазақ әдебиеті // Социалистік Қазақстан. – 1952. 4 наурыз.
8. Ленин бізбен бірге. Өлең // Әдебиет және искусство. 1952. №1. 7-бет.
9. Современная тема в казахской поэзии // Казахстан. – 1952. №4. С.89-93.
10. Таныс адамдар // Лениншіл жас. – 1952. 21 желтоқсан.
11. Шоқан Уәлиханов // Халық мұғалімі. – 1952. №10.
12. Жоржи Амаду // Пионер. 1952. №3. 20-22 беттер.
13. Бейбітшілік дауысы // Әдебиет және искусство. 1952. №4. 120-123 беттер.

1953 жыл

1. Адамгершілік және әділеттің жыршысы // Әдебиет және искусство. – 1953. № 12. 66-70 беттер.
2. Азамат мактанышы // Лениншіл жас. – 1953. 8 шілде.
3. Без вдохновения // Казахстан. – 1953. №6.
4. Без вдохновения // Совесткий Казахстан. 1953. К. 12. С.98-102.
5. В. Маяковскийдің казак совет поэзиясына әсері терең зерттелсін // Лениншіл жас. – 1953. 24 сәуір.
6.Владимир Маяковскийдің творчестволық жолы // Қазак-

стан мұғалімі. – 1953, 18 шілде.

7. Жауынгерлік сатираны өркендетейік // Лениншіл жас. – 1953, 23 октябрь.

8. Маяковский бейбітшілік үшін күресте // Социалистік Қазақстан. – 1953, 19 шілде.

9. Маяковский және казак совет поэзиясы // Әдебиет және искусство. – 1953, №7, 84-98 беттер.

10. Маяковский и казахская советская поэзия // Казахстанская правда. – 1953, 19 июля.

11. Низами Гянджеви // Пионер, 1953, №12, 16-бет.

12. Өмірді сүйген жүректен // Лениншіл жас. – 1953, 27 қыркүйек.

13. Советтік дәуірдің ұлы акыны // Халық мұғалімі. – 1953, №7, 27-32 беттер.Таңдамалы және талап // Әдебиет және искусство. – 1953, №7.

14. Ұлы гуманист // Әдебиет және искусство. – 1953, №6, 106-109 беттер.

15. Менің достарым // Пионер, 1953, №12, 23-бет.

1954 жыл

1. Абай – лирик // Лениншіл жас. – 1954, 5 қыркүйек.

2. Абай өнер-білім туралы // Қазакстан пионері. – 1954, 27 сәуір.

3. Абай творчествосындағы әшкерелеушілік сарын // Көкшетау правдасы. – 1954, 17 тамыз.

4. «Алтай жүрегі» // Лениншіл жас. – 1954, 26 мамыр.

5. А.Токмағамбетовтың жаңа өлеңдері // Әдебиет және искусство. – 1951, №3, 76-79 беттер.

6. Балаларға арналған шығармалар туралы // Халық мұғалімі. – 1954, № 2, 79-84 беттер.

7. Әдебиет сыны жайында // Әдебиет және искусство. – 1954. № 6, 112-118 беттер.

8.Есею кепілі // Көкшетау правдасы. – 1954, 8 маусым.

9. Жастардың акылшысы // Пионер. – 1954, №7, 7-8 беттер.

10. Жолдас ойы // Әдебиет және искусство. – 1954, №12, 111-119 беттер.

11. Кекті жыр // Социалистік Қазакстан. – 1954, 5

қыркүйек.

12. Лермонтов және Абай // Лениншіл жас. – 1954, 23 шілде, №85.

13. М.Ю. Лермонтов // Коммунизм таңы. – 1954, 15 октябрь, №183.

14. На подъеме // Советский Казахстан. – 1954, №6, С. 98-103.

15. Орыстың ұлы жазушысы (А.П. Чеховтың қайтыс болғанына 50 жыл) // Халық мұғалімі. – 1954, №7, 8-13 беттер.

16. Оянғандар туралы роман (Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романы туралы) // Лениншіл жас. – 1954, 28 ақпан.

17. Ұлы ақын // Қазақстан пионері. – 1954, 4 қыркүйек.

18. «Сенің өзенің» // Социалистік Қазақстан. – 1954, 24 наурыз. Ұнамды кейіпкер жайында // Социалистік Қазақстан. – 1954, 12 тамыз.

19. Болашакка жол // Әдебиет және искусство, 1954, №4, 113-121 беттер.

20. Жас ақындар дауысы // Көкшетау правдасы, 1954, 1 сентябрь, № 175.

1955 жыл

1. А.Н. Толстой // Коммунизм таңы. – 1955, 23 февраль, №39.

2. Айбарлы кару // Әдебиет және искусство. – 1955, № 4. 111-120 беттер.

3. Ақын жолы // Коммунизм таңы. – 1955, 13 шілде.

4. Алғашқы дауыс // Коммунизм таңы. – 1955, 27 наурыз.

5. Бағыт беруші ұлы идеялар // Қазақ әдебиеті. – 1955, 22 сәуір.

6. Владимир Маяковский // Сталин жолы, 1955, №4, 15 бет.

7. Жастық қуанышы // Лениншіл жас. – 1955, 25 қыркүйек, №115.

8. Идея және схема // Лениншіл жас. – 1955, 2 наурыз.

9. Қамал бұзған қаһарлы сөз // Қазақ әдебиеті. – 1955, 6 май, №18.

10. Қазақ совет әдебиетінің оқулығы жайында // Социалистік Қазақстан. – 1955, 13 қыркүйек.

11. Ұлы тұлға // Социалистік Қазақстан. – 1955, 10 август.

12. Шағын жанр жайында // Қазақ әдебиеті. – 1955. 3 маусым.

13. Шеберлік мектебі // Қазақстан мұғалімі. – 1955, 14 сәуір.

14. Школа мастерства // Учитель Казахстана. – 1955. 14 сәуір.

15. Шындық және шеберлік // Әдебиет және искусство. – 1955, №6, №7, №8.

16. Іздену жолында // Коммунизм таңы. – 1955. 20 қыркүйек.

17. Сапарғали Бегалин // Пионер. 1955, №12.

18. Қазақ совет әдебиетінің окулығы жайында // Социалистік Қазақстан. 1955, 13 сентябрь, №217.

19. Гуманист жазушы // Коммунизм таңы. 1955, 30 август.

1956 жыл

1. «Абай жолы» // Коммунизм таңы. – 1956, 2 қыркүйек.

2. Азат халық дауысы // Қазақ әдебиеті. – 1956. 27 сәуір.

3. Ақын мұрасы // Әдебиет және искусство. – 1956, № 16, 87-96 беттер.

4. Ақын мұрасы // Социалистік Қазақстан. – 1956, 4 қаңтар, №3.

5.Ақын туралы эпопея // Әдебиет және искусство. – 1956, № 11. 94-107 беттер.

6. Ақын туралы эпопея. (М. Әуезовтің «Абай» романы туралы) // Әдебиет және искусство. – 1956. – № 11, 94-104 беттер.

7. Әнуарбек Дүйсенбиевтің өлеңдері // Қазақ әдебиеті. – 1956, 24 ақпан.

8. Әдебиет сынының кейбір мәселелері // Әдебиет және искусство. 1956, № 1. 108-117 беттер.

9. Жазушы және герой // Әдебиет және искусство. – 1956, №5, 102-119 беттер.

10. Жазушы және кейіпкер // Әдебиет және искусство. 1956, №11.

11. Жазушы туралы очерк // Коммунизм таңы. – 1956, 10 қыркүйек.

12. Жаңа өмір таңы // Қазақ әдебиеті. – 1956, 27 шілде.

13. Жастар – әдебиетіміздің болашағы // Қазақ әдебиеті. – 1956. 10 ақпан.

14. Көркем әңгіме туралы бірер сөз // Лениншіл жас. – 1956. 15 шілде.

15. «Қарағанды» романы // Халық мұғалімі. – 1956. №4. 87-92 беттер.

16. Ұлы бейне // Қазақ әдебиеті. – 1956. 15 июнь.

17. Тың туралы әңгімелер // Социалистік Қазақстан. – 1956. 4 шілде.

18. Ы.Алтынсариннің таңдамалы шығармаларының жинағы // Қазақ әдебиеті. – 1956. 1 маусым.

19. Ұлы сыншы. озық ойшыл // Социалистік Қазақстан. 1956. 5 ақпан.

1957 жыл

1. Қазақтың тұңғыш эпопеясы // Лениншіл жас. 1957. 28 сентябрь.

2. Абай және оның дәуірі эпопеяда // Қазақтың тұңғыш эпопеясы. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы. 1957.

3. Ақын сапары // Коммунизм таңы. – 1957, 23 тамыз.

4. «Алтын отау» // Қазақ әдебиеті. – 1957, 18 қаңтар.

5. Әдебиет оқулықтары туралы // Коммунизм таңы. – 1957, 2 сәуір.

6. Әдебиет тарихын зерттеу жайында // Жұлдыз. – 1957. № 4. 102-107 беттер.

7. Кәнігі драматург // Коммунизм таңы. – 1957. 28 ақпан.

8. Көркемсөздің зергері // Пионер. – 1957, №7. 14-16 беттер.

9. Қазақтың тұңғыш эпопеясы // Лениншіл жас. – 1957. 28 қыркүйек.

10. Құрдас сөзі // Қазақ әдебиеті. – 1957, 25 желтоқсан.

11. Майталман лирик // Қазақ әдебиеті. – 1957, 23 тамыз.

12. М.Әуезовтің пьесалары // Жұлдыз. – 1957, №9.

13. Творчестволық өсуі жолында // Социалистік Қазақстан. – 1957. 8 қыркүйек.

14. Счастье художника // Казахстанская правда. – 1957. 28 сентябрь.

15. Шындық және шеберлік // Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері. Әдеби-сын мақалалар жинағы. Алматы: Қазақ

ССР ҒА баспасы, 1957, 151-227 беттер.

1958 жыл

1. Индия көріністері // Жұлдыз. – 1958, №9.
2. Көрікті де көбеген поэзия // Жұлдыз. – 1958, №12, 29-37 беттер.
3. Жемісті жол // Коммунизм таңы. – 1958, 2 шілде.
4. Аскақ дауысты ақын // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1958, № 7. 8-16 беттер.
5. Балғын дауыс // Қазақ әдебиеті. – 1958, 27 маусым.
6. Ерлік пен елдік куәсі // Жұлдыз, 1958, №2, 107-114 беттер.
7. Ерлік пен патриотизмнің жыршысы // Жұлдыз. – 1958, №8.
8. Жанр ерекшеліктері // Қазақ әдебиеті. – 1958, 14 ақпан.
9. Жанр табиғаты // Жұлдыз. – 1958, №8, 111-118 беттер.
10. Қазақ совет әдебиетіндегі халықтар достығының идеясы // Қазақстан коммунисі. – 1958, №11, 31-37 беттер.
11. Қаһарлы күндер, қаһарман жандар (Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романы туралы) // Жұлдыз. – 1958, №6, 87-92 беттер.
12. М.Ауэзов // Очерки истории казахской советской литературы. – Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР, 1958.
13. М.Әуезов // Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1958.
14. Өскелең жанр // Коммунизм таңы. – 1958, 21 караша.
15. «Самал» // Социалистік Қазақстан. – 1958, 10 маусым.
16. Шығыс тақырыбы қазақ әдебиетінде // Коммунизм таңы. – 1958, 7 қазан.

1959 жыл

1. Өсуден туған талап // Социалистік Қазақстан. – 1959, 5 наурыз.
2. «Сағат» // Социалистік Қазақстан. – 1959, 27 май.
3. Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференция // Қазақ ССР ҒА Хабаршысы. – 1959, №7, 21-31 беттер.

4. Ерлік жыршысы // Социалистік Қазақстан. – 1959, 6 тамыз.

5. Абайды қайта-қайта оқығанда. //Жұлдыз, 1959. № 8.

6. Ақан сері // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1959, № 6. 29-38 беттер.

7. Ақан сері // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Филология және искусство зерттеу сериясы. – 1959, № 3. 30-55 беттер.

8. Болашақты бағдарлаған съезд // Қазақ әдебиеті. – 1959, 14 август.

9. Жазушы туралы очерк // Қазақстан мұғалімі. – 1959, 4 маусым.

10. Жемісті жол // Қазақ тілі және әдебиеті. – 1959, №10, 81-92 беттер.

11. Ойлы да сырлы поэзия // Лениншіл жас. – 1959, 22 ноябрь.

12. Омар ақын 80 жаста // Социалистік Қазақстан. – 1959, 6 август, № 182.

13. Іс-әрекет пафосы (З.Шашкиннің «Тоқаш Бокин» туралы романы) // Қазақ әдебиеті. – 1959, 15 мамыр.

14. Суреткер бақыты // Лениншіл жас. – 1959, 23 сәуір.

15. Ұлы ғалымның үлкен мұрасы // Қазақ әдебиеті. – 1959, 25 қыркүйек.

16. Шабытты ақын // Жұлдыз. – 1959, №7.

17. Шығарма және оны өңдеу // Жұлдыз. – 1959, №6, 118-124 беттер.

18. Шындық үшін, шеберлік үшін // Қазақ әдебиеті. – 1959, 4 желтоқсан.

19. Абайды қайта-қайта оқығанда // Жұлдыз, 1959, №8, 115-120 беттер.

1960 жыл

1. Орыстың ұлы жазушысы // Қазақстан мектебі. – 1960, №11, 83-90 беттер.

2. Ақын-импровизатор // Коммунизм таңы. – 1960, 8 қазан.

3. Ала-құла аударма // Жұлдыз. – 1960, № 9.

4. Замандастар лебізі // Қазақ әдебиеті. – 1960, 29 қаңтар.

5. Ленин образы қазақ совет поэзиясында // Қазақстан мектебі. – 1960, №6, 60-67 беттер.

6. Мәңгілік мұра // Социалистік Қазақстан. – 1960, 10 та-

мыз.

7. Өмір шындығы (Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романы туралы) // Социалистік Қазақстан. – 1960, 15 мамыр.

8. Соны тақырып (Ж.Тілековтың «Жоңғар даласында» романы туралы) // Қазақ әдебиеті. – 1960, 20 мамыр.

9. Талап пен талғам // Қазақ әдебиеті. – 1960, 15 шілде.

10.Халық жазушысы // Лениншіл жас. – 1960, 13 караша.

11. Шабытты жыр // Коммунизм таңы. – 1960, 26 қазан.

1961 жыл

1. Өмір және поэзия // Жұлдыз. – 1961, №4.

2. Ғасыр перзенті // Жұлдыз. – 1961, №7.

3.Ұлы ғалымның мұрасы // Коммунизм таңы. – 1961, 24 қыркүйек.

4.Ұлы Кобзарь // Қазақстан мектебі. – 1961, № 3, 10-13 беттер.

5. Композиция және методология // Жұлдыз, 1961, №9, 134-139 беттер.

6. Бауырлас әдебиет // Социалистік Қазақстан, 1961, 10 март.

7. Қайта табысу // Қазақ әдебиеті, 1961, 30 август.

1962 жыл

1. Ерлік пен елдік жаршысы // Идея және образ. – Алматы: Қазкөркемәдеббас, 1962.

2. Жылдар-ойлар // Идея және образ. – Алматы: Қазкөркемәдеббас, 1962.

3. Жыр алыбы // Идея және образ. – Алматы: Қазкөркемәдеббас, 1962.

4. Зор сенім // Қазақстан мұғалімі. – 1962, 1 наурыз.

5. Махаббат хикаясы // Идея және образ. – Алматы: Қазкөркемәдеббас, 1962.

6. Сүйер ұлы халықтың // Мәдениет және тұрмыс. – 1962, №9, 14 бет.

7. Суреткер кемелдігі (Ғ.Мүсірепов 60 жаста) // Лениншіл жас. – 1962, 29 март.

8. Толыскан талант // Коммунизм таңы. – 1962. 28 караша.

9. Уақыт және поэзия // Идея және образ. – Алматы: Қазкөркемәдеббас, 1962.

10. Жастар творчествосы жайлы бірер сөз // Қазақстан коммунисі, 1962, №12, 39-43 беттер.

1963 жыл

1. Шындық үшін, шеберлік үшін // Жұлдыз, 1963, №9, 134-145 беттер.

2. Суреткер шыншылдығы (М.Әуезовтің «Өскен өркен» романы туралы) // Қазақ әдебиеті. – 1963, 22 февраль.

3. Ілияс Жансүгіровтың поэмалары // Қазақстан мектебі, 1963, №3, 77-80 беттер.

4. Коммунизмнің шабытты жыршысы // Қазақстан мектебі, 1963, №7.

5. Қазақ ақындарының дос жақыны. (Ғафур Ғұлям 60 жаста). //Лениншіл жас. 1963, 9 май.

6. Дәуір және суреткер // Жұлдыз, 1963, №7, 124-132 беттер.

7. Қазақ ақындарының достығы (Ғафур Ғұлям 60 жаста). //Лениншіл жас. 1963, 9 мамыр.

8. Ақындық мұрагері // Социалистік Қазақстан, 1963, 28 ноябрь.

9. Әдебиетіміздің басты тақырыбы – бүгінгі өмір // Қазақстан коммунисі, 1963, №6, 55-60 беттер.

10. Мәуелі дәстүр // Қазақ әдебиеті, 1963, 19 июнь.

1964 жыл

1. Қазіргі казақ романы (Әдебиетші-ғалым Е.В. Лизунованың «Қазіргі казақ романы» атты зерттеу-еңбегі жайында) // Социалистік Қазақстан. – 1964, 30 июнь.

2. Дос жүрегі // Жұлдыз, 1964, №12, 147-149 беттер.

3. Қазіргі казақ романы // Социалистік Қазақстан. – 1964, 30 июль, №75.

4. Уақыт және суреткер (Ғ.Мұстафиннің «Көзкөрген» романы туралы) // Қазақ әдебиеті. – 1964, 21 акпан.

5. Асау арна толқындары (Ғ.Слановтың «Асау арна» ро-

маны туралы) // Жетісу, 1964, 4 апрель.

6. Аңызға айналған өмір // Лениншіл жас, 1964, 29 сентябрь, №191.

7. Сайрап өткен бұлбұлдар (Ә.Рахымжановпен бірігіп) // Жұлдыз, 1964.

1965 жыл

1. Иса Байзақовтың творчествосы // Мұхтар Әуезовтің творчествосы. – Алматы: Жазушы, 1965.

2. Аңызға айналған өмір // Мұхтар Әуезов творчествосы. – Алматы: Жазушы, 1965.

3. Балалар поэзиясы жайында // Мұхтар Әуезов творчествосы. – Алматы: Жазушы, 1965.

4. Басты бағдар, ұлы ойлар // Мұхтар Әуезов творчествосы. – Алматы: Жазушы, 1965.

5. Білгенге маржан // Мұхтар Әуезов творчествосы. – Алматы: Жазушы, 1965.

6. Ғалым еңбегі // Мұхтар Әуезов творчествосы. – Алматы: Жазушы, 1965.

7. Ғафур Ғұлямнің поэзиясы // Мұхтар Әуезов творчествосы. – Алматы: Жазушы, 1965.

8. Дарынды драматург // Мұхтар Әуезов творчествосы. – Алматы: Жазушы, 1965.

9. Дәуір және суреткер // Мұхтар Әуезов творчествосы. – Алматы: Жазушы, 1965.

10. Ел өмірінің айнасы // Мұхтар Әуезов творчествосы. – Алматы: Жазушы, 1965.

11. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» // Жұлдыз. – 1965, №8, 144-155 беттер.

12. Суреткер шыншылдығы // Мұхтар Әуезов творчествосы. – Алматы: Жазушы, 1965.

13. Таңдамалы және талғампаздық // Әдебиет және искусство. – Алматы: Жазушы, 1965.

14. Творчестволық бастау // Мұхтар Әуезов творчествосы. – Алматы: Жазушы, 1965.

15. Жаңа өмірдің шабытты жыршысы // Қазақстан мектебі, №6, 67-72 беттер.

16. Ғылымның кия жолында // Қазақ әдебиеті, 1965, 5 февраль.

СОҢҒЫ СӨЗ ОРНЫНА



АЙҚЫН НҰРҚАТОВ МҰРАСЫ ХАҚЫНДА

Қазақтың сыншылдық-қоғамдық ойының тарихында білімпаз Айқын Нұрқатовтың ересен шығармашылық еңбегі, қанатты ой-пікірлері өзгеше бір жарқын да шұғылалы белес. Әдебиеттің өркендеуі – көркем ой мен ұлт тілінің дамуымен әрі рухани өрлеуге белгілі бір дәрежеде тегеурінді-серпінді қуат, жойқын ағын дарытатын сыншылдық оймен де төркіндес. Яғни «жазушының қайрағы – сыншы». (Смағұл Садуақасұлының анықтамасы). Ол – ұлттың ой-санасын оятады, намыстандырады. «Топшылауы дұрыс па, дәлелдері толық па, сипаттары күшті ме? деп, со жағынан тексерсек» (Ахмет Байтұрсынұлының дәйектемесі), онда «зергер зерттеушілік қабілеті» жоғары өрелі әдебиеттанушы, өрен сыншы Айқын Нұрқатовтың жігерлі де жемісті, толассыз да тапқыр, сүбелі де іргелі байымдаулары мен толғамдары сыншылық шеберлігімен, зерттеушілік өнегесімен, көркемдік түйіндеу дәрежесімен, ғылыми қисын-қағидаларға жетіктігімен, тұжырымдарының тереңдігімен, жүйелі әдеби салыстыруларымен, публицистикалық өткірлігімен, дүние тану парасатымен айрықшаланады.

Бас-аяғы, бар-жоғы он бес жылға жетер-жетпес уақыт ішінде көсем пікірлі сыншы, терең ойлы салиқалы әдебиеттанушы атануы, әлем әдебиетінің шығармашылық тәжірибесін, таңдаулы сипаттарын болмысына сіңіруі, зердесіне тоқуы, оқулық жазуы, тәржіма жасауы, Шал ақынның өлеңдерін хатқа түсіруі, ойшылдық пен сурет-

керліктің бейнесіндей Ұлы Абай мен кеменгер М.О. Әуезов қалдырған «қатпар-қатпар күрделі ойлардың қиюын тауып», төлтума үздік қасиеттерін жұтынтып жеткізуі, ұлт әдебиетіндегі кесек-кесек, түйдек-түйдек әдеби құбылыстарға, кырғын көркем шығармаларға, әдеби-сын, зерттеулерге мейлінше әділ баға, қымбат кеңес беруі – Айқын Нұрқатовтың біртуар сирек дарын екендігін дәлелдейді. «Сыншының ары таза болуы керек, алдында жатқан аноу – су ақ парактай» – деп М. Мақатаев жазғандай, қазақ әдебиеті тағдырын - өз тағдырым деп жанымен ұққан, ой, сезім, қиял, түйсік көзімен, «қыран көрегендікпен» қабылдаған сұңқардай сергек Айқын Нұрқатов «ар біліміне» жүгініп, ой көзімен үңіліп сөйлеген. Ол «Әдебиет сыны жайында» дейтін мақаласында:

«Бізде Ғылым академиясында, КазГУ, КазПИ, ЖенПИ-де ғылыми зерттеу жұмыстарымен шұғылданатын, лекция оқитын көптеген ғалымдар, білгір адамдар бар. Бірақ, өкініштісі сол – бұл жолдастар өздерінің сол білімін жұрттан қызғанады, аяйды, әдебиетімізге қимайды. Сондықтан да олар әдебиет сынына араласпайды. Біздінше, шындығында да, бұл жолдастардың бірсыпырасы сыр алдырып алармыз деп жасқанады, қорғалайды, ал енді біреулері «ештеңеге мұқтаж емеспіз, осы тыныш жүргенге, ешкімге тиіспегенге не жетсін!» деп ойлайтын сияқты. Қазақ әдебиетінің түрлі мәселелері жөнінде ондаған диссертациялар қорғалды.

Бірақ ғылыми атақ алған жолдастар сол еңбектерін кітап етіп бастырып шығару былай тұрсын, тіпті сол зерттеулерін мақала етіп те жарияламайды. Сонда мұндай диссертациялардың ғылымға, әдебиетке, сондай-ақ жұртшылыққа қандай пайдасы болғаны?! Біздіңше, ғалымдардың әдебиетке, әдебиет сынына араласуын талап ететін, сөйтіп олардың білімдерінің игілігін көретін уақыт жеткен сияқты». («Әдебиет және искусство», 1954, №6, 112-118 беттер).

Әдеби-теориялық қисындармен мұздай қаруланған Айқын Нұрқатов көркемөнер философиясы, жазушы лабораториясы, жанр мен стиль, идея және образ, дәстүр мен жаңашылдық, мазмұн мен пішін, тарихи шындық пен көркем шындық, композиция мен сюжет, пейзаж бен символ, портрет

пен кейіпкерлерге сөздік сипаттама тәрізді категориялар мен бейнелегіш-суреттегіш құралдардың көркемдік қызметін көрсету, тану, саралау барысында ұтымды ой-пікірлер өрбітеді. Бұған Абайдың ақындық дәстүрі мен М.О. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының ұлылығы мен тереңдігін талдап-тексерудегі ғылыми-теориялық топшылаулары мен тұрлаулы тұжырымдары куә.

А. Нұрқатовтың көл-көсір жазбаларын мейірлене оқисыз. «Өз көзіңмен көргендей, өз жанынмен сезінгендей» күйлі де көркем әсер бесігінде тербелесің. «Сөз естіліп те тұрсын, естігенің көзіне көрініп те тұрсын!» (Гиппократ) деген осы да. Дәуір шежіресі, замана көріністері, ел суреттері, ғасыр ойы, әдебиет айдынындағы ардақты құбылыстар тірілгендей, ұлт рухы, ұлылар оянғандай. Асылы келгенде, «арнаулы таусыншақ күнді» соншалықты мағыналы іске арнаған әдебиет пен адамдық «диханшысы» Айқын Нұрқатовтың қыруар әдеби-сын, зерттеу мақалаларын 1951-1965 жылдардағы «Әдебиет және искусство» («Жұлдыз»), «Халық мұғалімі», «Пионер», «Қазақ тілі және әдебиеті», «Қазақстан мектебі», «Қазақстан коммунисі» журналдары мен «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас», «Қазақстан мұғалімі» сияқты газеттерден жинақтап, ұсынып отырмыз.

Сонымен қатар Шоқан Уәлиханов турал «Ғасыр перзенті» (1965) кітабының толық нұсқасын және «Қазақ әдебиеті» (1952) оқулығындағы материалдарды енгіздік. Бұл ретте ҚР Ұлттық Мемлекеттік Кітап палатасы, ҚР Ұлттық кітапханасы, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Орталық ғылыми кітапханасы қызметкерлеріне мың да бір рахмет! Үздіксіз еңбектенген, ой толғаған, алуан-алуан күрделі тақырыптарды ұршықтай үйіріп әкеткен және де алтын қазықтай басты (мысалы, Абай мен Әуезов шығармашылығы) тақырыптарға оқтын-оқтын оралып, одан сайын байыта түсу максатында ішінара ұқсас ой мен сөйлем сарындары қайталанып отыратындығы бар.

Бұл – Айқынның «лағыл арманына» жеткізбеген тағдыр киянаты. Әдебиет дүниесіндегі ұлттық-рухани құндылықтарды барынша жете саралаған Айқын Нұрқатов «Мұхтар Әуезов творчествосы» деген еңбегінде (1965) былай деген болатын: «Әдетте көркем шығарма үшін ең зор,

ең қатал сыншы халық және уақыт дегеді. Сонымен бірге бұл ең әділ, ең тура сыншы екендігі де хақ». Өте-мөте шынайы, жанды сөз! XXI ғасыр төрінде Айқын Нұрқатовтың өз сокпағы, өз оқырманы, өз кеңістігі бар. Ендеше, енді ғ сөз тізгіні есті оқырмандардікі! «Халық қартаймайды, қара жер қаржаймайды» дегендей, Абай мен Әуезовтің ой-сезім дариясында аққуша жүзген ардақүрең қайраткер Айқын Нұрқатовтың бейнесі тұлғалана бермекші!

Серік Негимов,
Л. Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы.

МАЗМҰНЫ

Аудармалар

Шынғыс Айтматов
Сыпайшы *(әңгіме)* 5
Н. Венгров пен М.Эфрос
Дмитрий Фурманов (роман)
Бірінші бөлім
Середа 19
Жаңа мекенде 22
Ереуіл 26
Алғашқы ойлар 38
Бүлікшілік 46
Университет 55
Соғыс 64
Самодержавиенің құлауы 72
Ұмытылмас күндер 78

Екінші болім
Революциялық штаб 85
Майданға! 95
Чапаев дивизиясының комиссары 109
Колчакка карсы шайкастарда 119
Чапаевтың өлімі 128
Жетісуда 135
Қызыл ту ордені 147
Бейбіт еңбекте 151
Москвада 157
Тұңғыш кітап 165
Революция суреткері 176
«Бүлік» 182
«Әдебиет дегеннің өзі бір майдан!» 192
Қызмет үстіндегі каза 202
Венгер әңгімелері 212
Шандор Гергель. *Ер соңымнан!* 213
Иштван Карцаг. *Сашка* 229

Петер Вереш. *Янош Данко* 468
Лайот Мештархази. *Ферте көлінде* 967
Имре Варга. *Өмір қатал, бірақ тамаша* 991
Иштван Надь. *Жер жаңғағы* 1009
Дьердь Дери. *Жаңа қызмет* 1018
Ференц Каринти. *У* 1035
Пал Сабо. *«Иштван Тардың мерекесі»* 1058
Айқын Нұрқатов еңбектерінің библиографиялық көрсеткіші 1065
Соңғы сөз орнына
Айқын Нұрқатов мұрасы хақында 1079

Айкын НҰРҚАТОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

5 - том

Редакторы Ш.Ракымбекова
Суретшісі Е.Қожабаев
Корректоры Ш.Жамыкаева
Компьютерде беттеген Ж. Дәуренбекова

ИБ № 995

Басуға 26.08. 2013ж. кол қойылды. Пішімі 84х108 1/32.
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 20,0.
Көлемі 24,0 б.т. Таралымы: Мемлекеттік тапсырыс
есебінен 2000 дана + баспа есебінен 150 дана.
Тапсырыс № 1034.

"Ана тілі" баспасы ЖШС, 050009
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

ISBN 978-601-251-098-0

9 786012 510980

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
басылып шықты.

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru